

A2005
26264

Дин Кекелдаишор



Әбіл Қежібайұлы

ҚАЗАҚ КЛАССИКАСЫ

ӘБІШ КЕКІЛБАЙҰЛЫ

ОН ЕКІ ТОМДЫҚ
ШЫҒАРМАЛАР ЖИНАҒЫ

11

ТОМ

Алматы
ӘКЕ баспасы
1999

ББК 84 (5 Каз)
К 28

Басылымның жалпы
редакциясын басқарғандар:
Мереке Құлкенов
Темірхан Медетбек
Тілекқабыл Боранғалиұлы

К 28 **Кекілбайұлы Ә.**
Он екі томдық шығармалар жинағы.— Алматы:
«Өлке» баспасы.— Т. 11.—1999.— 464 бет.

К 4702250101

ББК 84 (5 Каз.)

ISBN 5-7667-6632-7

© «Өлке» баспасы, 1999 ж.
(Құрастыру. Алғы сөз, көркемдеу)

КӨҢІЛДЕГІ КӨП ДИДАР

ӨРІСІН ТАПҚАН ТАЛАНТ

Өзіне де, өзгеге де қатаң талап қоя білетін талғампаздығымен көрінген Тәкен Әлімқұлов соңғы жылдары әдеби баспасөзде тым сирек көрініп жүрді. Көркем творчестводағы талғампаздық ештеңе ұнамайтын, ештеңеге көңілі құламайтын, нені оқып, нені көрсе де ауызынан жылы сөз шықпайтын марғау кінәмшылдықтан атымен аулақ. Суреткерге тән талғампаздық — өзі өмірін арнаған өнер жолын өліп-өшіп сүю, қауымның назарына ұсынылатын әрбір сөздің құны төмендеп, қадірі түспеуіне қам жасау, өз жаның мен өз көкірегіңді аямай азаптап, оқушыңды рахатқа бөлеу — қысқасы, оқушы қауым алдындағы үлкен жауапкершілік. Тәкен Әлімқұлов соңғы жылдары аз көрінсе де саз көрінді. Оған жазушының жаңа кітабы «Сейтек» айқын айғақ.

«Сейтек» талантты жазушымыздың тағы бір жақсы табысы болғандығымен ғана емес, әдебиетте өз жол, өз соқпағын, өз өрісін ұзақ жылдар сарыла іздеген салихалы прозашының дегеніне жеткенін, өз өрісін сәтті тауып, өз өресін дәл мөлшерлегенін көрсете алғандығымен қуантады.

Әдетте тапшы талант талғампаз болмайды; ондайлардың жатса-тұрса ойлайтыны — барымен базар қылып, қатардан қалмаудың, кеуделеп болса да ілгеріден көріңудің қамы. Тәкен таланты тапшы болмаған соң да талғампаз. Оның еңбекшілдігі — бұрқыратып көп жазатындығы емес, не жазса да көп толғап, көп тебіренетіндігі.

Осынау кішкене кітап та — лапылдаған шабыт пен шын шебердің екі шұқып бір қараған ыждаһатты еңбегін телі емген туынды.

Тәкен Әлімқұлов осы бір жапырақ кітапта соншалықты таусылып таңдай қағатындай не тауып, не ашып жүр?

«Сейтектегі» Әлімқұлов — прозашының «Ақбоз аттағы»
Әлімқұлов — прозашыдан иесі озық, несі артық?

Әлімқұлов — прозашының басындағы эволюциялық өсуді айқынырақ тану үшін алдымен «Ақбоз атқа» тоқталуға тура келеді. «Ақбоз атта» Т. Әлімқұлов қоғамдық болмысты, әлеуметтік ортаны сыртқары алып суреттемей, сол болмыс, сол ортаның өкілінің психологиясына, рухани дүниесіне бойлау, әлеуметтік-тарихи шындықтың адам тағдыры мен адам санасындағы кескінін бейнелеу талабына бой ұрғанын танытып еді. Бұл жаңғыз Т. Әлімқұловқа ғана тән мінез емес, соңғы жылдардағы прозамызға түгел ортақ мінез-ді. Бірақ, бұл талапқа бой ұрғандардың бәр-бәрі ойлаған жерден шығып жатпайтын. «Ақбоз атты» да кемеліне келіп, шаршысына толған шығарма деуге аузымыз бармайды. Т. Әлімқұловтың алғашқы романында ізденіс үстіндегі, өмірдің өрелі-өрелі мәселелеріне жаны ауыратын жас адамның жан-дүниесіндегі рухани процесс көрсетілетін. Оның геройы өзінің тағатсыздығымен, маңайындағы болмыстың ең бір майда құбылысына дейін елеңдеп қарайтын елгезектігімен ұнайтын. Кейіпкердің мұндай елгезек, сезімтал мінезі авторға қазіргі қазақ ауылының өткені мен бүгіні, өскені мен өшкені, лирикасы мен драмасын молынан қамтуға қолайлы жағдай жасағанды. Бірақ, «Ақбоз атта» көп құбылыс қамтылғанмен, соның бәрі жеріне жете терең қамтылды деу әбестік болар еді. «Ақбоз атта» айтылатын этикалық, әлеуметтік, эстетикалық проблемалар сала-сала сараланып көрінгенмен, соның бәрі бір үлкен арнаға тоғысып, гармониялық үйлесім жасай алмап еді. Өйткені, сол құбылыстарды көріп, толғанатын кейіпкердің өзі ондай кемел биікке көтеріле қоймағанды. Роман қаһарманының төңірегін түйсінуі, ізденіс-толғанысы әлі де болса енжарлау кейіп танытатын. Оның естіген, білген, көрген құбылыстарындағы драматизм, қаһарманның сол құбылыстарға түйсінген реакциясындағы драматизмнен әлдеқайда басым жатады. Сөйтіп, кейіпкер көріп жүрген көп құбылыс, көп драма, көп проблема оның көкірегіне қызық шежіре боп орныққанмен, жүрегіне шер-шемен қиян-кескі арпалыс, азап болып дарымап еді. Бұның өзі қаһарман басындағы ізденісті жүйелі зерттеу, ақиқатты танып-білу жолындағы белсенді күрестен гөрі енжар бақылауға, самарқау фиксацияға, ал ізденіс үстіндегі қаһарманды өмірдің өзекті мәселелеріне өзегі күйетін өрелі күрескерден гөрі

көзі көргеннің бәрін жіпке тізіп жүрген әншейін сырт көз бақылаушыға айналдырып жіберген-ді.

Әдетте әдебиетте көрінетін жаңа проблема жаңа характер, жаңа адам арқылы көрінбесе, өмірлік соны шындық, соны характер шындығына айналмаса, көтеріліп отырған проблема, көрсетіліп отырған құбылыс мың жерден жаңа болса да, үйреншікті схемалардың орнына келген жаңа схема болып шығады.

Өмір құбылыстарына психологтің көзімен қарайтын суреткер ең алдымен сол құбылыстың барша озғыны мен тозғынын, кемелдігі мен келеңсіздігін көре білетін кейіпкерді табуы, тануы қажет.

«Ақбоз аттың» сыншылары Т. Әлімқұловқа оның бұл елеулі кемшілігін атап көрсете алмады. Т. Әлімқұлов оны өзі байқап, өзі таныды.

«Сейтектегі» повесть пен әңгімелердің көтерген проблемалары, бояу әлемі, өмірлік құбылысқа суреткерлік көзқарасы жағынан «Ақбоз аттан» атымен кереқар кетпеген; жазушы романда жеріне жеткізе алмаған жағдаяттарын әңгімелерінде дамытып, романда тек сұлбасы, бұлдыр жобасы көрінген көп мәселені жаңа кітабында басын аша, бояуын қанықтыра суреттеді.

Автор бұл жинағына да романындағы адам және қоғамдық болмыс, адам өмірінің мән-мақсаты, шын азаматтық бақыт пен шын азаматтық қасиет проблемаларын өзек еткен. Жазушы бұндай әлеуметтік мәселелердің өмірлік шешімін кез келген жұмыр басты пенденің басынан емес, көкірегінде азаматтық дерті мол, үлкен арман, үлкен мақсат жолында өмір кешетін суреткерлер тағдырынан іздейді.

Т. Әлімқұлов қаламына ілігетін адамдар қашанда кем қанағат, кем тағат жандар. Әлімқұлов геройлары көбіне-көп өмірден опа таппай жәбір-жапа көрген жаралы жандар көрінуі де мүмкін, бірақ ол тек ұшқары көзге ғана солай. Егер Т. Әлімқұлов геройларының жан-дүниесіне тереңірек үңілсек, атымен басқа қасиетті, басқа сипатты танимыз. Олар жеке басының бақыты мен бақ дәулетіне ашқарақтанған тоғышарлық эгоизмнен атымен аулақ. Адам және қоғам проблемасын тек қоғамдық ортаның адамға жасайтын, әлеуметтік, моральдық ықпалынан ғана іздесек, онда мұндай өрелі проблеманы тым үстірт, тым бір жақты қарастырған болар едік. Адамзат қоғамын сан жылдар бойы толғантып келе жатқан бұл проблема қоғамдық орта жасайтын қолайлы, қолайсыз ықпал мен

адам бойындағы азаматтық инициативаның гармониялық үйлесім жасай білуіне тікелей байланысты. Бұл үлкен әлеуметтік проблеманың жемісті шешілуінде әрбір адамның азаматтық өресі де аз қызмет атқармайды. Әр адамның өзінің азаматтық орнын, азаматтық парызын, өз өмірінің мән-маңызын түсіне білуі, үлкен азаматтық өреге көтерілуі оп-оңай жүзеге аса қоймайтын күрделі де шытырман процесс. Шын азаматтық бақыт пен шын азаматтық қасірет ең алдымен осы өмірлік проблеманың қалай шешілгеніне, байланысты. Көп ретте адам басындағы ең үлкен, ең мәнді, ең өзекті драматизм де осы арнада туындайды. Т. Әлімқұлов осынау өмірлік проблеманың драмалық, тіпті трагедиялық кескінін көрсетуден де тайсақтамайды. Ол бұл драманың қоғамға байланысты жерін де, адамға байланысты жерін де үлкен жітілікпен ашады.

Т. Әлімқұлов қаһарманы — пенде емес, адам. Пенде — қоғамдық ортаның қалыбында соғылып, қоғамдық ортаның ықпалында кетіп, ығына жығыла беретін, өз ырқы, өз еркі жоқ жан иесі. Адам қоғамдық ортаның құлқын тану үстінде оны жақсартып, жаңғыртуды көксейтін күрескер рухтың иесі, қоғамдық болмыстың бірден-бір саналы өзгертуші күші. Пенде не істесе де дәуірге, уақытқа арқа сүйейді; қылмыс екеш қылмысын да уақытқа, дәуірге артып ақталады. Олар еш уақытта өзінің азаматтық орнын, өз өмірінің азаматтық мән-маңызын ойлап басы қатпайды. Ал, адам үшін өмірдің мән-маңызы — азаматтық жауапкершілік. Азаматтық жауапкершілік адамнан қандай қиын жағдайда да, қандай қиын кезеңде де әділеттің басынан аттамауды, қиянаттың аяғына жығылмауды талап етеді. Т. Әлімқұлов тарихты адамдардың осындай қаһармандық күресінің шежіресі деп біледі. Ол шын адамдардың қашан да күрескер, қашан да азамат болғанын жырлайды. Сондықтан да ол бағзыдағы оқиғалардан бүгінгі күннің де өзек күйдірет дертін таниды.

Сейтек сарыны. Әлдеқашан өмір сүріп кеткен атақты күйшінің көкірегін жарып шыққан әуен оның бүгінгі ұрпағының да көңіліндегі көп жайды қозғайды. Баяғы күйші мен бүгінгі ақынның өмірі бір-біріне атымен ұқсамайды, ал рухани жан-дүниесі туыстас. Бүгінгі ақын өз көңіліндегі толғаныс-тебіреністі, өз көңіліндегі мүддені кешегі күйшінің сарынымен тексереді. Ол өз басындағы бақыт пен қасіретті соған қарап таниды. Ол бүгіннің

жетістігін оның кешегінің көксеген жерінен қаншалықты шыға алғанымен өлшейді. Автордың мұндай азаматтық, суреткерлік позициясына қосыла отыра «Сейтек сарыны» повесінің әлі де болса бір қайнауы ішіндегі шығарма екенін жасыра алмаймыз. Бұл повесте де «Ақбоз аттағыдай кейіпкердің жан дүниесіндегі толғаныс-тебіреністің драмалық кернеуі, оған әсер етуші өмірлік құбылысқа сай келмеуі байқалады. Повесть геройы тым бұлыңғыр; оның басындағы күйзеліс көп ретте объективтік жағдайлар мен ортадан гөрі оның өз басының әсіре шамшылдығынан сияқты боп көрінеді.

Біздіңше, Т. Әлімқұловтың жаңа кітаптағы үлкен табысы — «Сар жайлау», «Көк қаршыға», «Қара жаяу» сияқты көлемді әңгімелері. Бұл үш әңгіменің үшеуінде де сұлулыққа, өнерге деген құштарлық, сол жолдағы адал махаббат, аяусыз күрес сөз болады. Бір қарағанда Тәттімбет те, Ақан да, Біркімбай да өрелі күрестен аулақ, өнер қуып, ат баптап, құс баптап жүрген салқам сері жандар сияқты. Бірақ, автор осынау өнерге, сұлулыққа деген өліп-өшкен махаббаттан күресті көріп, табанды күрескер сезімді тап басып ашады. Т. Әлімқұловтың көрсетуінше, ылғи халықтың көңілінде, тоғышар тобырдың көз қырында жүретін өнер де — адамдардың үлкен әлеуметтік, адамгершілік мұраттар жолындағы күресінің бір көрінісі; өнерпаз өмірінің ылғи шатқалаңға шарпылып жүретінінің де бір сыры сонда.

Т. Әлімқұловтың «Сар жайлауы» мен «Көк қаршығасында» Тәттімбет пен Ақанның өмірлері егжей-тегжейлі толық қамтылмайды, бірақ екеуі де бұл әңгімелерден бар тұлға, бар сымбатымен көрінеді. Автор ұлы адамдар өмірінің оның бүкіл ұлылық сипаты түгел танылатындай ұрымтал тұсын жіті таба білген.

«Сар жайлау» — Тәттімбет басынан кешкен рухани өмірдің жиынтық қорытындысы. Мұнда творчество үстіндегі күйшіні көреміз. Творчество — Тәттімбет үшін көңіл көтеріп, ашу тарататын арзан машық емес. Творчество — азамат Тәттімбеттің өзі мен өмірі жайлы, елі мен заманы жайлы толғаныстарын сарапқа салатын таразы іспеттес. Тәттімбет басындағы творчестволық процесті көрсету үстінде автор ұлы күйшінің өмірін, ортасын, дәуірін де ұтымды бейнелейді. «Сар жайлау» күйі — атақты күйшінің өзіне-өзі қойған «Нені таптым, нені аштым?» деген сауалына қайтарған жауабы сияқты. Күйшінің бұл күйі қартайған жасын, тозған мекенін көріп,

басынан өткен жастық пен қолынан кеткен қонысына деген жоқтауы ғана емес, өзі сүрген өмір жайлы, өзі туған өлке, өзі сүйген халық жайлы ойы да. Сондықтан да бұл күйден ет-жүрегіңді елжіретер элегиямен қоса ойыңды сан тарапқа сабылтар кеменгер әуезді де танимыз. Т. Әлімқұлов осындай күй туған сәттегі Тәттімбет басындағы күдік пен үміт, арман мен аза, нала мен жігер сияқты шарпысқан сан қилы сезімдердің уытты драматизмін де шебер жеткізе білген. Тәттімбет бұл әңгімеде бір-ақ күй шығарады. Алайда, күйшінің тұлғасы оқушының көз алдында өсіп, көз алдында сомдалады. Жазушы күйшінің басындағы қат-қабат сезімдер мен ойларды көрсету арқылы оның тұңғық жан-дүниесін тереңдеп ашады. Тәттімбет сері де болған, сергелденді де көрген. Сондықтан да оның ойы байыпты, сезімі байсалды. Оның күйзелісінде де өткен-кеткенді жоқтап күңіренуден гөрі өткен-кеткенді ойлап тебірену басым.

«Көк қаршығадағы» Ақанның Тәттімбетпен тағдыры бірдей болғанмен, тартатын тауқыметі бөлекше. Бұл әңгімеде де творчество тақырыбы, творчество адамы. Екі әңгімеде де бір заман, бір тақырып, бір қоғамдық шындық. Тәттімбет жайлы әңгімеде күйдің туу шежіресі айтылса, Ақан жайлы әңгімеде атақты «Көк жендет» әнінің туу тарихы сөз болады. Бірақ, тақырыбы да, композициялық құрылымы да ұқсас осы екі әңгіме әр қайсысы әр тұрпатты дара сипат танытады. Өйткені, жазушы бір өмір шындығының әр қилы характердегі кескінін суреттейді. Сондықтан да мұнда әсіре ұқсастық, штамп, схема жоқ. Характер шындығының даралануы бір тақырып, бір өмірлік шындықтың әлденеше қабаты, әлденеше астары барын жарқыратып аша алыпты. Ақан да өнерпаз. Ақан да сері. Ақан да өз дәуір, өз ортасына риза емес. Бірақ, Тәттімбет махаббаты мен Тәттімбет күйінішінде көрегендік, жітілік басым болса, Ақан махаббаты мен Ақан күйінішінде лапылдаған құштарлық басым. Сондықтан да Тәттімбет басындағы драма Ақан тағдырында трагедияға айналады. Тәттімбет өз тұсының қатыгез шындығына тебірене-толғана қайғырса, Ақан әбден көңілі қалып, суынып, шығынып шеттеп кетеді. Ол ескі ауылдағы патуасыз тірлікке, өнбес өмірге қолын бір сілтеп, өзімен-өзі оңаша болғанды қалайды. Ақанның бұл қылығы да қарсылық. Өз ортасымен бұлай ат құйрығын үзісіп кету, бүкіл қоғамға байкот жасау кез келген кісінің қолынан келер іс емес. Бірақ, өнер адамы

қашанда көптің адамы. Адам қашанда адамдар ортасын аңсайды. Ақан да елсіз тауда елін аңсап елегізеді. Қара іздейді. Қоғамға сыртын беріп кеткенмен адамдармен сөйлесуге, сырласуға әлі де құштар; олармен әлі де байланысын үзгісі жоқ. Ақанның жанындай жақсы көретін Көкжендетін жат біреуге қалатуы да адамның сол қара аңсаған психологиясынан. Бірақ, Ақан аңсаған мұрат, Ақан көкейі тоғышар тобырмен ешқашан тіл табыспақ емес. Ақанның аяулысы Көкжендет те сол енжар тобырдың қолынан опат болады. Ақан енді қара көрмей кетсе де мынау кесел тобырмен жуыспауға біржола бел буады.

Т. Әлімқұлов Ақанның басындағы адамға тән қарашыл, көпшіл қасиет пен әділетсіздік атаулыға, тоғышарлық атаулыға атымен қас азаматтық мүдденің арасындағы драманы ашу үстінде Ақан трагедиясын да ашады. Ақан бәрібір ымыраға келмейді, бәрібір бас имейді. Ақан басындағы осынау шатқалаң трагедия оның рухани ұлылығын, ол істеген үлкен азаматтық ерлікті де жарқыратып жайып береді.

Т. Әлімқұлов Тәттімбет пен Ақан басындағы арпалысты суреттеуде сол дәуір, сол уақыттың шындығына қиянат жасамайды. Тәттімбет пен Ақан арпалысы таптық сипаттан туындап жатқан жоқ. Ақан жұрттан тек бай болған соң, дәулетті болған соң шығысып жүрген жоқ, ең алдымен олардың қара түнек тоғышарлығын көріп шығысып жүр.

Т. Әлімқұлов аталмыш әңгімелерінде сол тоғышар тобырдың түнек дүниесінің де көп шындығын аша білген. Тоғышар орта қашан да күрестің, батыл ой, батыл пікірдің, азат көңілдің жауы. Олар Ақанға сол үшін де жауығады. Олардың қолында ешкімге, ештеңеге көңілі құламайтын, жаны ашымайтын енжарлық та, көрмей кесіп-пішіп, білмей билік айтып отыратын ұшқарылық та, тобық шыламас таяздық та, өзіне дегенде өліп-тірілетін пысықайлық та, қалған жұрт үшін қабағын да қақпайтын қараулық та қатерлі қару. Олар күлегеш, олар үрегей. Тарихтағы талай заңсыздықтар да осындай тоғышар ортаға арқа сүйеу арқылы жүзеге асып келеді. Сондықтан да, әрбір азаматтық үлкен мүдденің ең бірінші жауы — тоғышарлық. Әрбір үлкен азаматқа ең алдымен тоғышарлықтың жауығатыны да сол себептен. Тоғышарлар Ақан сияқты асқақ жандарға неге өшігеді? Олардың көңілі қайткенде көншиді?

Бұл сауалдардың жауабын «Қара жаяудан» табамыз. Елден асқан атағы да, байлығы да жоқ кедей Біркімбай кенет көзге ілігеді, жұрттың бәрі соңына түседі. Сөйтсе, Біркімбайдың астында, бүкіл бір өңірді ауызына қаратқан ат бар екен. Ауыл пысықайлары сол атты тақымға басу үшін қолынан келген айла-амалдарын аямайды. Қатыгез қапас тоғышарлықтың ең алдымен жүгірер қаруы — қудалау, қорқыту, зорлық-зомбылық. Олар Біркімбайды байлармен байланысы бар, әйтепесе, әйгілі жүйрікке қайдан ие боп жүр деген зобалаң көтереді. Қалайда жүйрік аттан айырылғысы келмеген Біркімбай жүйрікті мініп қашып елден безіп тау-тасты сағалап кетеді. Жүйрік ат ындындарын құртқан белсенділер бәрібір соңынан қалмайды. Ақыры, атыста оқ тиеді. Пәлен ай қуғында жүрген Біркімбай ер-тоқымын арқалап елге қайтады. Енді оны ешкім қудаламайды. Өйткені, енді ол елден ерек көзге түсер ештеңесі жоқ көп қара жаяудың бірі. Тоғышар қауымға керегі де сол.

«Қара жаяуда» жазушы тоғышардың өліп-өшер махаббаты — әншейін, нәсіпқорлық, барша жақсылық бәрі менде болсын деген дүниеқоңыздық та, құштарлығы — көрсеқызарлық, бербасарлық екенін ұтымды ашқан.

Әдетте, әңгіме жанрының лирикалануын, оның адам басынан кешірген шырғалаң оқиғаларға емес, адам жанындағы үлкен рухани күйзеліс, тебіреніске құрылуын оның драмасыздануы, тартыссыздануы деп түсіну бар. Біздіңше, бұрын әңгіменің композициялық жүйесін оған өзек болған құбылыстың, оқиғаның хронологиялық логикасы айқындаса, енді сол оқиға, сол құбылыстың адам жанындағы психологиялық реакциясының логикасы айқындайтын болды. Бұның өзі әңгіменің тартыссыздануы емес, қайта оның сырт тартыс, сыртқы драмдан, ішкі тартыс, ішкі драмаға — адам жүрегіндегі драмаға бет бұруы деп түсіну керек.

Т. Әлімқұлов та адамның көңіл-күйін — оның дүниетанымының азаматтық серпінінің рухани өресінің айқын айнасы деп түсінеді. Біз «Ақбоз атта» көбіне-көп қаһарманның өмірдегі көп құбылыс, көп драманы көру, түйсіну процесін көрсек, мына жаңа кітапта сол көп құбылыс, көп драманың, көп проблеманың қаһарманның өз проблемасы, өз драмасына айналғанын танимыз. Ол енді қаһарманның рухани өресін өмірдегі қанша құбылысты көріп, қанша құбылысты түйсінгенінен емес,

өмірлік болмыстағы құбылыстардың қаһарман жанын қаншалықты толғандыра алғанымен, оның жан-дүниесіндегі рухани реакциясының драмалық кернеуімен өлшейтіні көрінді. Қазақ прозасында психологиялық жітіліктің тереңдей түсуінде Т. Әлімқұловтың соңғы әңгімелері елеусіз қалдыруға болмайтын сындарлы құбылыс.

Т. Әлімқұлов — лирик. Оның бояу әлемі аса жұмсақ, аса нұрлы. Бірақ, лиризм Т. Әлімқұлов әңгімелеріндегі драмалық кернеуді еш әлсіретпейді, қайта ол адам жанындағы шарпысқан шар тарап сезімдер мен ойлар қақтығысын — рухани драманы терең түсініп, нәзік жеткізуге, шығарманың гуманистік сипаты мен оптимистік үнін айқындай түсуге көп әсер еткен.

Т. Әлімқұловтың жаңа кітабы оның әлеуметтік өмірді, адам жанын жетік біліп, жіті зерттейтін азаматтық көрегендігі мен өмірдің күрделі құбылыстарын, адам жанының қат-қабат шындықтарын жеріне жеткізе тереңдеп көрсете алатын суреткерлік тегеурінін айқын таныта алған туынды. Талантты жазушымыз бұдан былай да ләйім осы өрелі биіктен көрінгей.

1964

ЖЫР МЕРЕЙІ

БІРІНШІ ЛИРИКАЛЫҚ ШЕГІНІС

Ол — геолог. Геология не асылды тек тұңғыықтан, тек тереңнен іздейді. Ол сонау атамзаманғы өткен күнді бүгінге қызмет еткізеді. Планетаның бұдан мыңдаған жыл бұрын басынан кешкен құбылыстарынан осы қазіргі қауымға, қазіргі ұрпаққа қажетті пайда табады. Геология материяны пайдалы, пайдасыз деп алалауды, біреуіне екі етек боп елбеңдеп, енді біреуіне танауын шүйіріп кердеңдеуді білмейді. Ол үшін бәрі де асыл, бәрі де керек-ті.

Ол — ақын. Әлгі геологияның тұңғыыққа тұқшиған, кеңістікті кеңнен шолған қасиеті поэзияның да түс мінезі екенін дәлелдеп берді. Поэзия болмыстай ересен, болмыстай тұңғыық. Поэзия мен болмыс екеуі мінездес. Оны аңғарып, оны жүзеге асыру санаулы саңлақтардың ғана қанжығасына бұйырған қазына. Осынау оқшау мінезді О. Сүлейменовтың өлеңдерін үңіле оқыған адам қалай да аңғарады.

Кеңістікті зерттейтін ғылымдардың болмысты бойлыққа, ендікке, тереңдікке, биіктікке бөлген өлшемдері аса даулы ұғымдар. Бірақ, олар материяның сырын тереңдеп ұғып, кемел меңгеруге керекті ұғымдар. Оған бой үйренді, қанымызға сіңді. Қашықтықты қадамдап, тереңдікті бұрғылап өлшейтін болдық.

Тап осы ұғымдардың адамзаттық ойдағы, оның ең бір кінәмшіл, ең бір кербез бөлігі поэзиядағы орнына көп ретте дауласып қаламыз. Әрқайсымыз әртүрлі ұғамыз. Ақынның ауқымы кең, ойы терең дегенде нені ұғып, нені аңғарарымызды білмей аңтарылып қалатын кезіміз де жоқ емес. Ғұлама қисыншылар қанша өзеурегенмен, олардың айтқанына көңіліміз ден қоя бермейді. Бұны да қапысыз дәлелдеуге тек ақын ғана керек екен. Асылы жыр төңірегінде көп нәрсеге ақын сендірмей тұрып, ақи-тақи илана қою атымен қиын.

Бақсақ, ақын үшін; ең зымыран тұңғыық та — жүрек, ең шырқау биіктік те — жүрек екен. Ақынның қоғамдық болмыстың тұңғыығына да, асқарына да бірдей ұмтылған

өзгеше еңбегінің жаңғыз-ақ өлшемі бар. Ол — оның адам жүрегіне қаншалықты жақындай алғаны.

Әрбір үлкен ақынның алдымен ұғып, алдымен игерер құпиясы да осы-ақ. Әрине, ұғу мен игерудің арасы да жер мен көктей ғой. Олжас Сүлейменов осыны әбден ұққан да, әбден игерген де ақын.

Ақынның қиын да ұзақ сапары бір жерден басталып, тап сол жерге қайта келіп тіреледі. Ол жердің аты да — жүрек. Сөйтіп, жырда жаңғыз-ақ адрес бар, ол — жүрек. Жыр жүректен шығып, жүрекке жетуі керек. Жыр сапарында да жүректен шыққанмен, жүрекке жете алмай жататын жүргіншілер болады.

Олжас жүрекке тез жеткізетін төте жолды жақсы біледі. Ол — ақиқат. Ақиқатты алып кеудесіне жүрекке төте жеткізбей, бұралаңға алып кететін бұралқы соқпақ атымен жоқ. Ақиқаттың аясы кең. Оған мынау кеңістіктің бетінде бардың бәрі сияды. Оған құдірет жетсе, ерен болмысты түгел сыйғызып алуға болады. Ал, болмыстың құшағындағы талай құпияны адамдардың жүрек қазынасына айналдыру — ақынның ең басты мақсаты.

Ақиқаттың мекені де — жүрек. Болмыстың, төңіректегі тіршіліктің қамын мол ойлап, мол толғайтын жүрек қана соны құпияларды көбірек ашып ақиқат ауылының қарасын бұрынғыдан да көбейте алады. Сондай үлкен жүрекке ие ақын — үлкен ақын. Ондай ақынның өлеңінен ақиқаттың бұрын өзіміз біліп, өзіміз түйсінбеген соны сырларын мол табатынымыз да сондықтан.

Олжас та осындай ақын. Ол болмысты жыр босағасынан бас-аяғын сүзіп, алалап енгізбейді. Болмыс оның ақындық ақ отауына таудың тасқын селіндей ағыл-тегіл ақтарыла кіреді. Бірақ, бұдан ақын жүрегін кез келген баса-көктейтін керуен сарай деп ұғуға тағы жол жоқ. Ақын тек, ақиқаттың аппақ нұрына шомылған нұрлы сыр, нұрлы шындықты ғана есігінен аттатады. Ақын жүрегін баурайтын ынт-шынтын сап ышқынтқан сүйінішпен арқасына аяздай батқан шын күйініш қана. Жалғанға оның есігі тарс жабық. Шын ақын мен өтірік өлеңнің арасында алабаған тұрар шекара да осы тұста. Шын алып жүрекке ие алапат ақынмен суырдың ініндей кішкене қуыс кеудесіне сыймай жүрген құт қара басының қапырық қайғысын күйттейтін күйкі ақынның ірге бөлісер тұсы да осы маңда. Ауқымы кең ақынды да осы төңіректе танимыз. Оның азаматтық тұлғағысын шырқауға шығандап шығар тұғыры да осы арада.

Әйтпесе, сыршыл болам, жүректі меңгерем деп тұлыпқа телмірген бейбақ інгендей өз басына өзі жоқтау айтып күңіреніп кететін ақындар арғы-бергіде көп болған.

Олжас — сыршыл. Ол, бірақ, сыршылдықтың тілі — күйректік, күңгірттік деп білмейді. Ол қасіретті де найзаның ұшында кеткен қаһарманның әлі кеппеген, шылқыған қызыл қан көйлегіндей қылып, алаулатып жырлайды. Ол нені айтса да, осы от жалын тілінен айрылмайды. Ғарышқа тұңғыш қарыштап шыққан совет адамының ерлігін жырлағанда да осы тіл, көне қыпшақтардың көнермеген тарихын әңгімелегенде де осы тіл.

Ақиқаттың алып тұрпатын көруге өресі жетпей, оның өкшесіндегі шаң-тозаңға шұқшиып бағатын өзінше «сақ» тоғышарға ақынның космостан көне тарихқа кеп бір-ақ қонғаны рухани құлдырау, аяқтан алдырту боп көрінуі де ғажап емес. Осы Олжас өткенді жырлауға неге әуес? Әу баста осыған өз басымыз да аз таңырқаған жоқпыз. Бұл ақын бояуды, әр алуан бояуды ұнататын ақын. Ол сонау өткеннің көз ұшында мұнартқан көк белдеріндегі жорық алауы мен найза жалауларынан соны сымбат көріп, экзотикалық алабажаққа әуестеніп жүрген шығар деп те көргенбіз. Бірақ, ақын онысын қоймады. Ол біздің ойымызда да жаңа белестерге маңытты. Бақсақ, біздің баяғы ұғымымызға кінәлі Олжас емес, өзіміз болып шықтық. Ақын мен уақыт оны үсті-үстіне дәлелдеумен келеді.

Ғылым шын тәнті жемістің сырын зерттегенде тек мәуесіне телмірмейді, алдымен соның түп жайған тамырына үңіледі. Біздің советтік поэзияға біздің уақытымыз тап осындай ерен міндетті жүктеп отыр. Шындап келгенде, оның мойнындағы ең бірінші парыздың өзі сол. Советтік поэзияның ең басты міндеті — жер бетіндегі жаңа қауым, жаңа құрылыстың заңдылығы мен артықшылығын дәлелдеу. Оны дәріпшілдікпен оп-оңай орындай салғысы келетіндер де аз емес. Ол — ең әлсіз, ең осал жол. Ақын ақиқаттың біздің жағымызда екенін айтуға емес, ашуға бұлтартпай мойындауға тиісті. Ал, бұл ақыннан болмысты тек аңғал ғашықтың алаңғасар көзімен емес, кемеңгер зерттеушінің жіті жанарымен үңілуді талап етеді. Олжас геологтік мінезін бұл тұста тағы танытты. Геология өткен тұстың біздің ежелгі бір ескірген соқпағымыз емес екенін, мекенімізді мекен еткен, тік тіреп басқан табанымызды бекемдеген барша тиянақ пен мығымдықтың, мықтылықтың тіреуін салған,

негізін қалаған сипатын ашып береді. Геологияға айтқызсаңыз, баяғы заман — бұл заманның асыраушысы. Біздің қазіргі керегіміз — баяғының түлегі, баяғының жемісі. Геология баяғының қойнынан бүгінгі көкке самғатар күш тауып береді.

Сөйтсек, баяғының бұл сипаты тек материалдық тіршіліктің төңірегімен ғана шектелмейді екен. Рухани дүние де ежелгі заманның бұл сипатын жатсынбайтын боп шықты. Адамзат қоғамының атамзаманнан бері сарғайған шежірелерді жиып-теріп, қызғыштай қорып келе жатқанының да мәні осында болса керек.

Олжас поэзиясы осыны дәлелдейді. Уақыт осыны құптайды.

Өткенге әртүрлі қарауға болады. Өткенге өскенді дәлелдеп қарау бар да, өшкенді дәлелдеп қарау бар. Тарихқа өткенде мынандай керемет едік деп қарайтын көз ұлтшылдықтың сырқаты. Ал, енді өткеннің бәрін қу тақырға жорып, қуратып қоятын бір көзқарас тағы бар. Ол адамзаттың ежелгі тарихын айналасы бес-алты ұлттың еншісіне беріп, өзгені шөміштен қысатын шовинистердің жанына майдай жағады. Тарихқа деген шын көзқарасқа бұлардың екеуі де атымен жат.

Олжас тарихты күйреген күмбездердің көне жұрты деп емес, адамзат бойынан ең бір асыл металды қорытып шыңдап келе жатқан ыстық домна деп таниды. Олжас тарихты мізбақпай мелшиген нүктелер деп емес, тынымсыз қозғалыс деп түсінеді. Ол өткенді шыбынсыз идилия емес, арпалыстың, күйреу мен жеңудің мекені, шыңдалу шынығудың қиын-қыстау жолы деп ұғады.

Ол одан ең алдымен күресті көріп, соны көкке көтереді. Ол сонау ежелгі қыпшақтардың көк найзасынан да жақсыға талпынған, жаманға ашынған күресті табады.

Ол адамзаттың қай бөлігі де әу бастан-ақ кемелге құлшынғанын, қай-қайсысынан да сол жолға жұмсарлық қажыр-қайрат, ақыл-парасат табылғанын дәлелдейді. Жауыздық пен зұлымдық атаулының, кесепат атаулының қай-қайсысы да сол бір өміршең өркендерді жөргегінде өшірмек боп жанталасқанын көрсетеді. Ал, шын әділдік сол қағажу көргендерді қатарға қосуға тиісті екендігін ұғындырады.

Олжас жыры осы орайда. Ол ұлттар достығы мықтының осалдықтыруы емес, әуелден бір өзекте жаратылған мәуелердің бірдей жетіліп, бірге құлпыруы

екенін ашып берді. Ол біздің ынтымағымызға тіл тигізіп бағатындардың қай-қайсысына да орынды жауап.

О. Сүлейменов ынтымақты ұлттардың бірін-бірі мүсіркеуі деп түсінбейді. Шын достық, шын интернационализм бір-бірінің арғы-бергісін жете білу, оны құрметтеу, тамырластықты тереңнен іздеу деп біледі. Бұл мінез оның алабама негрлеріне, арабтар өміріне, Россияға арналған өлеңдерінде жақсы бой көрсетті.

Тарих қанмен жазылып, қанмен түзетіледі. Оның қасіретті беттері өте көп. Ақынның ең бір сақ болар сәті де осы тұс. Ақынның бұл жердегі қызметі жер қойнауынан уран іздеген геологтар қызметіне тағы бір үндесіп кетеді. Уранның бойында құдіретті қуат та бар, құдіретті кесепат та бар. Міндет — соны ғарышқа шарықтауға қызмет еткізуде, кесепатын емес құдіретті қуатын ашуда. Тарихқа да осылай сақ қараған жөн. Олжас барынша сақ. Ол өткендердің өмір жолы арқылы бүгінгі адамдардың жеңістері мен жетістіктерінің заңдылығын, орындылығын дәлелдейді.

Олжас поэзиясының басты қаһарманы — жасампаздық.

Ол тарихтан болып кеткен ұжмақты іздемейді, сондай арманды заман жолында қан төккен, тер төккен күресті іздейді.

Ол үшін тарих — жойылу, күйреудің емес, жасарып жаңғырудың, жасампаздық, ыдыраудың емес, ынтымақтасудың шежіресі.

Батқанмен күн, атқанмен таң,
Батыс та жоқ, шығыс та жоқ.
Жер деген сөз тұрса, жаһан
Өтеді ылғи туыс боп.

(«Адамға табын, Жер, енді»)

Олжас бүгінгі күн тақырыбын күні бүгінгі көз алдында көлеңдеп тұрған көк желек қана деп емес, тамыры терең, діңгегі берік ата бәйтерек деп ұғады. Ол бүгінгі ой, бүгінгі сырды сол бәйтеректің сонау тамырынан өрбіп, өзегін бойлап, өрлеп келе жатқан шырын нәрінен іздейді.

Адамзат қоғамының алдын неше түрлі сыңаржақ қисын кес-кестеп тұрған қазіргідей сәтте ақыл-ой мінбесінен мұндай өлеңнің сөз алғаны әбден құба-құп. Өлең мен уақыттың тіл табысуы деп осыны айтады. Жүректен шығып, жүрекке жететін шын өлеңнің мінезі осылай келмек.

Олжас Сүлейменов тұңғыш кітабын «Арғымақтар» деп атаған-ды. Содан бері қияндағыны жақын қылатын ұшқыр сәйгүлік — Олжас творчествосында өлеңнен-өлеңге, кітаптан-кітапқа көшіп отыратын дәстүрлі поэтикалық тұлғаға айналды. Алғашқы кітапта арғымақтың арынын қызықтасақ, кейінгі кітаптардан арғымақ мініп, алыс сапарларға жол шеккен азамат ұлдың ойы мен сырына қаныға бастадық.

Олжастың арғымағы — ұшқырлықтың, алапат күштің, албырт жігердің ауызыңды аштырып, көзіңді жұмдыратын көркем келісімінің символы. Ол таусылмас, сарқылмас тіршіліктің өзіндей мәңгілік қозғалыстың — ескіден жаңаға, ежелгіден ертеңге, мимырт шабандықтан көз ілестірмес шапшаңдыққа ұмтылған тынымсыз уақыттың өз бейнесі тәрізді. Ендеше, ақын қайта-қайта алау қанды арғымақтың жалына жабысып, арынды шабысын жырласа, мелшиген меңіреу мешеулікті, көз алдыңыздан басқаға көңілі аумайтын кешелікті, отырғанынан жер ойылатын зіл бөксе бойкүйездікті емес, рухани сергектікті, ойдың ұшқырлығын, арманның өжеттігін, қысқасы, күрескерлікті жырлағаны.

Халықтық поэтика арғымақ атты мінсіз сұлулықтың үлгісіне баласа, Олжас елім деп еңіреген ерлердің қолқанаты болған жүйріктің бейнесін өрелі азаматтық идеалдардың символы қып көрсетеді. Арғымақ мінген азамат жабы ойлар мен жабығыңқы сезімдерге берілмей, асыл арман мен абзал күреске құлшынады.

Қыпшақтардың, ойхой, құба жондары-ай,
 Жер тарпыған пырағын айт, пырағын!
 Шар айнадай сауырына қомдап ай,
 Арғымақ жүр
 Көк шалғында — көк кілемге
 Сүртіп болат тұяғын.
 Берші менің тақымыма біреуін
 Жеті қиян жер түбіне асайын,
 Арғымақтай аласұрған жүрегім
 Тыпыршиды —
 Оны қалай басамын.
 Атылайын арғымақтың жалына
 Соңымда тек сақ-сақ күліп дос қалсын,
 Балғын шалғын айналып көк жалынға,
 Артыма ақ шаң нөкер болып топталсын.
 Шаппай тұлпар кісінемес атпын деп,
 Шабайықшы шаң қондырмай етіне,
 Шабайықшы көп жыл тыныш жаттың деп,
 Момын қырдың былш-былш ұрып бетіне.

Арғымақ ат ер-азаматты ереуіл сезімге бастайды. О. Сүлейменовтың албырт жырының асау арғымақтың жалына жабысып, айрылмайтыны да сондықтан. Ереуіл сезім... Адамзат қоғамының көп ғасырлық көне тарихының күре тамырын күні бүгінге дейін дуылдатқан қызу қан да сол. Ол тек ереуілді ғана емес, сабырлы кез, саябыр шақта да, көк найзалы шайқаста ғана емес, білек сыбана кірісетін бейбіт еңбекте де керек. Ол жоқ жерде адамның аяулы өмірі асыл мұраттар жолындағы кескекті күреске емес, әншейін күнделікті күйбең тірлікке айналып кетер еді. Онысын адамзаттың сан ғасырлық тарихында ошақтың күлінен басқа еш жұрнақ қалмас еді, ата менен ананың от шарпысқан қаны арқылы ұрпақтан-ұрпаққа ауысып отыратын не бір көкейтесті армандары адыра қалған жер ошақтың ақтық шоғындай әлдеқашан өшкен болар еді. Онда адамзат дүниесінің көп томдық көне тарихы да атымен болмас еді. Онда жырдың да көмейіне әлдеқашан қара тас тығылар еді. Ал енді жер аман тұрса, әлгі ереуіл сезімінің де аман болғаны. Өйткені кез келген от өзін тұтатқан шоқты көбейтеді.

Олжас поэзиясы оқушысын, ең алдымен, осындай ереуіл сезімімен, күрескерлік пафосымен еліктіріп әкеледі. Күрес — Олжас творчествосының басты тақырыбы, бас қаһарманы, өзекті идеясы, өрелі пафосы.

Олжас жырын оқығанда құлағыңызға арғымақ аттың дүрсілі келеді. Екі ауылдың ортасында ерігіп жүрген сылқым серінің тақымындағы аянбоздың желкілдек дүрлісі емес, ереуіл атқа ер салған ер-азаматтар тұлпарының жер тітіренткен дүрсілі, ырғағы.

Олжастың бір өлеңі бар. Қарт ата жанындай жақсы көретін жалғыз немересін асау жуасытуға үйретеді. Жас бала асаудың басына ие бола алмай, қайта-қайта топ-топ ұшып түсе береді. Қатыгез атасы оны мүсіркемейді, асауына қайта мінгізеді. Немересі қашан ат басына әлі жеткенше жан ашырлық байқатпайды, өжет ұлан асауды ақыры ырқына көндіргенде барып, мұртынан күледі. Бұл — Олжас жырының мәні.

Олжас творчествосының өзі — күрес, жалғандық пен жалтақтыққа, енжарлық пен ұмытшақтыққа, таяздық пен табансыздыққа, дүрегей дүмшелікке қарсы күрес. Ол өз творчествосында бұра сөйлеудің орнына тура сөйлеп, бүгіп сөйлеудің орнына біліп сөйлеп келеді.

Олжас поэзиясына өзек болған әйгілі өткен мен бүгін, Батыс пен Шығыс сияқты өзекті тақырыптар талай рет

жырланып, сан рет сөз болып жүргеніне қарамастан, әлгіндей ақиқаттың өзіндей турашыл, ақиқаттың өзіндей өткір талантпен жырланғанда, бұрын-соңды атымен сөз болмаған, алғаш рет жас қазақ ақынының аузынан шығып отырғандай соны естіледі. Өйткені, ақиқат қашан да соны.

Олжас бүгінгі ақиқатты кешегі тарихпен қорғайды, бүгінгі бұрыстықты даттау арқылы ертеңгі дұрыстықты жақтайды. Олай болатыны, өмірдің өзінде де солай, — кешегі өткен бүгінгі күннің сөзін сөйлеп жатса, ертеңгі шындық бағзыдан бергі баяндылықтан бас алып жатады. Ертеңгі істейтін ісіміздің, шегетін сапарымыздың дұрыстығы кешегі өткен жолымызды қаншалықты жете толғанып, жетік түсінгенімізге байланысты. Сондықтан да Олжас творчествосындағы өткен күн тақырыбы мен бүгінгі күн тақырыбының, тарих пен ертеңнің арасына айдан анық шек-шекара қою тіпті де мүмкін емес. Ақынның айтуынша, тарих шексіз қозғалыс, бірақ оның бойында елеусіз кезең, ескерусіз шындық болмауға тиісті. Адамзат тарихы қаншама ұзынсоңар, қаншама шетсіз-шексіз болса да, оны түгендеп біліп, түгесе түсініп отырмасқа қақымыз жоқ. Тарихтағы әрбір елеусіз, ескерусіз ақиқаттарды анықтағанымыз адамзаттың ежелден бері күресіп келе жатқан асқар таудай абзал мұраттарын қорғағанымыз болып табылады. Олжас ертедегіні жете білгендік, ертеңгіні шын сүйгендік, деп ұғады. Күллі одақ оқушыларын тамсантақан «Адамға табын, Жер, енді!» поэмасы ақынның өткен мен бүгіннің, ескі мен жаңаның тарихи төркінінің философиялық астарын, әлеуметтік мән-жайын терең түсініп, кемел көрсеткендігімен көзге түсті.

Бүгінгі адамзат қоғамының ең бір толғақты проблемаларына тебірене толғанатын ұлт ақыны өз творчествосында туған даласы мен туған халқының шынайы поэтикалық шежіресін жасай білді. Сан жылдардың сарғайған жылнамасы мен ежелгі құба даланың көне жүзіне осы заманның озық ойымен үңілген азамат ақын өз халқының тарихы — өзгелерден үстем болу жолындағы озбыр күрестің емес, басқалармен басы қатар, терезесі тең болу жолындағы ізгі күрестің шежіресі екенін танып айтты, тауып айтты.

Ол осы заманғы озық қоғамның идеялары мен идеалдарының ізгілігі мен дұрыстығын өз ұлтының ежелгі тарихына тереңдеп бойлау арқылы қапысыз дәлелдеп

шықты. Ұлт ақынының шын интернационалистік өреге көтерілуінің бірден-бір дұрыс жолы да осы болса керек. Бұл жағынан ол совет поэзиясындағы жеке дара жалқы құбылыс емес. Олжастың өз үні мен өз нақышы алыстан мен мұндалап тұратын өзгеше поэзияның біздің тұсымыздағы Расул Ғамзатов, Қайсын Кулиев, Давид Қугултинов сияқты әйгілі ақындардың творчествосымен сонау жеті қат тереңнен табысып жататын рухани тамырластығын тану онша қиын емес.

Интернационалдық мәдениет ұлттық мәдениеттің өз әрінен айрылып біткен әрі-сәрі шығармаларынан емес, ұлттық тарихтың, ұлттық тәжірибенің, ұлттық рухтың әрі мен нәрін, абзалы мен асылын өз бойына тоғыстыра білген шынайы ұлттық туындыларынан жасалады. Өйткені интернационалдық мәдениет барынша әр алуан, барынша әр сипатты әсем гүлдердің қиыннан қиюласып, жарастық тапқан көркем шоғыры. Тек әрлі, әдемі гүлдердің келісті келісімі ғана әсем гүлзар жасай алатыны кім-кімге де аян ғой. Олжас Сүлейменов творчествосы да совет поэзиясына өзіндік ұлттық бояуымен, өзіндік рухымен келіп қосылды.

Ол өз халқының бағзы тарихынан бүгінгі қандастарының ғана емес, күллі көп ұлтты отандастарының да рухани дүниесін байыта түсетін мәнді мазмұн таба білді. Ол жарқын болашақ орнатып жатқан замандастарының жан дүниесіне кейбір осы заманғы жалаң төс тоғышарлардың әулекі ұрандарынан гөрі бабаларымыздың ізгілік жолындағы қиян-кескі күресінің ежелгі рухының әлдеқайда абзалырақ әсер ететінін дәлелдеп берді. Ол халықтардың мақсаты мен мүддесі ортақтасқан уақытта, тарихтардың да тіл табыса алатынын растады.

Олжас жер ортасына келген ағалар санатынан алысырақ болса да, қазіргі қазақ жырының көш басында жүрген ақын. Қазіргі қазақ қауымының кемел рухын ондай жете түсініп, терең суреттеп жүрген ақын кемдекем. Оның Ленин комсомолының сыйлығына ие болуы күллі қазақ жырының, қазақ елінің мерейін өсірген оқиға.

Ол біздерге көл-көсір қуаныш әкелсе, Олжастың өзіне орасан парыз жүктейді. Ол — талмай шабу, танбай шабу, өзі жеткен биікті одан сайын биіктете беру. Ал Олжас жырының қазіргі жеткен биігі оңай асу емес, енді ол асудан да биігірек құзар шыңдарға қарай шығандай түсу — қиынның қиыны. Бірақ суреткер үшін одан басқа мұрат бар ма...

1964.

ШЫН СҮЙЕРІ ХАЛЫҚТЫҢ

Осынау жердің бетінде бәрімізге бөлекше қадірлі, бөлекше сүйікті бір адам бар. Ол күнде ертемен сары ала таңнан тұрып, ақ бас Алатаудың көгілдір бір бұйратының бауырайындағы шағын бағында тамылжыта сайраған сандуғашты тыңдайды; сосын күнде думан, күнде жиын болып жатқан қалаға келеді. Қаланың көл-көсір ырду-дырдуының ішінде құлағын үнге төсеп, үнсіз келе жатады. Көз алдында – өткен, бүгінгі, ертең. Өйткені, ол іс адамы: анау алма ағаштарын мәпелеп, газондарды қырқып жүрген бағбан сияқты, таң саз бере сыпырғышы сусылдап, көшені үнге толтыратын көше сыпырушы сияқты, анау аспанға кірпіш өрмелетіп бара жатқан краншы сияқты жұмыс адамы. Дегбірсіз тірлік оны күнде асықтырып, алдынан он-сан шаруаны қабаттастырып шығарып қояды. Суреткер, ғалым адам соның бәріне ойланып кіріседі, соның бәріне өз топшылауын, өз тұжырымын айтуы керек. Соның бәрінің де кешегіден озғын, бүгінгі ең зәру, ертең де қадірі түспейтін өміршеніс екенін біліп ап, кірісуі керек. Өйткені, ол мынау ызықығы, қым-қиғаш, думанды тірліктің алпыс жылын бастан өткерді. Адамның қоғамға, халыққа, заманға қаншалықты ересен пайда тигізе алатынын, өмірде өз орнын тапқан саналы азаматтың әр минуттың қаншалықты қадір-қасиеті барын бес саусағындай біліп болды. Сондықтан да ол сабырлы, сондықтан да ол күнделікті күйбеңге күйіп-піспейді, сондықтан да ол әрбір істі бастағанша, одан бітіргенше өліп-өшкен, асығып күткен, ұялшақ момын ғашықтай сыртқа сыр шашпай, іштен санамен сарғайып дегбірсізденеді. Осындай іс адамы, парасатты көреген адамның жүрісі әлі ширақ, көңілі әлі жүйрік, қара жерді мығым басады.

Қазір әрбір көзі ашық қазақ белгілі мөлшерде Ахмет Жұбановқа қалай да қарыздар. Өйткені, ол Махамбет пен Абайдың жырлары сияқты Құрманғазы мен Дәулеткерейдің, Тәттімбет пен Қазанғаптың, Сейтек пен Динаның, Ақан мен Мұхиттың, Біржан мен Мәдидің

күйінсіз, әнінсіз, мына тірлікті олқы, кеміс көріп елегізген, рухани жетімсіреген болар еді.

Онсыз ол бәрібір рухани мүгедек, күйкі кейіп танытар еді. Жер бетінде өз басыңның сорлы, бейшара екенінді күнде сезіп, күнде біліп жүріп тірлік ету қандай қиын болса, өзінді өсірген ел-жұрт пен өзінді жаратқан топырақтың қадір-қасиетін білмей өмір сүру де, бірдеңе тындыру да сондай қиын. Сондықтан да азаттықтың қызыл туының астына жиналып, іргелі елдердің шеруіне ілескен қазақ елінің ақындары Сәкен мен Ілияс сонау отызыншы жылдары «Көкшетау», «Құлагер», «Күйшіні» жазды; Мұхтар Әуезов өз халқының көп ғасырлық көрген тағдыр-талайының эпопеясын жазуға дәт қылды. Тап сол жылдары сонау Ақтөбе даласынан келген орта бойлы, бұйра бас бала жігіт қазақтың музыка техникумын ашуға, Қазақ филармониясын құрысуға ат салысты; Қазақтың халық аспаптар оркестрін ұйымдастыруды қолға алды. Етек-жеңі жиюсыз дарқан даламыздың пұшпақ-пұшпағында шашырап жүрген әнші, күйшімізге құлақ түріп, іздеу салды, басын қосты. Ғасырлар бойы басы бірігіп, бағыты түзелмей келген қазақ өнерпаздары тарихта тұңғыш рет тізе қосысып, жаңа бір үлкен мақсатқа бет түзеді. Сол үлкен шеруге әп дегенде бас болған қаршадай қазақ жігіті сол көш басылық орнынан әлі бір мызғыған емес. Уақыт шашын ағартты, жасын ұлғайтты, қарсы алдынан қара суық жел боп та қадалды; жол-жөнекей ауылдың жатып үрер күшігіндей қанжығасына да жармасты, бірақ, қайсар талантты алған бағытынан тайдыра алмады, асқақ басын идіре алмады. Ол бастаған істің өркен жаймағаны жоқ. Қазақ музыка мәдениеті қазір әлемнің аузына ілікті; ол ірге тасын қалаған музыкалық техникум бүгінде көп ұлтты кеңес өнеріне талай-талай саңлақ өнерпаздар қосқан іргелі өнер институты; ол алғаш ұйымдастырған музыкалық коллектив – Құрманғазы атындағы ұлт аспаптар оркестрі бүгінде күллі кеңес музыка мәдениетінің даңқын асырған айтулы коллектив, ол негізін қаласқан қазақ кәсіби музыкасы – қазір көп қырлы, көп салалы, үбірлі-шүбірлі үлкен ауыл. Сол үлкен ауылдың әр үйі, әр отауы Ахмет Қуанұлы Жұбановты туған әкесіндей көріп, перзенттік адал махаббатпен қалтқысыз сүйеді. Осынау саф талант саңлақты, сұңғыла білімпаз, көрнекті композитор, үлкен ұйымдастырушы асыл азаматқа тек қазақ көркемөнері ғана емес, шарықтап өскен салауатты

елдердің қайсысымен де терезе теңестіре алған, өскен, өрлеген күллі қазақ елі де борышты. Халық кең пейіл, халық дарқан, ол бірақ өзінің ең асыл қазынасы – халықтың махаббатын көрінген көк аттыға орынсыз төгіп-шаша бермейтін дарақы да емес. Халықтың А. Жұбановқа деген махаббаты – мерейі өскен ананың «сүйінерге жараған ұлына» деген сүйіспеншілігі.

Ахмет Жұбанов қазақтың тұңғыш профессионал музыканты, тұңғыш профессионал музыка педагогі, тұңғыш профессионал музыка зерттеушісі, тұңғыш профессионал дирижері, тұңғыш профессионал композиторы, тұңғыш өнер ғылымының докторы, тұңғыш профессоры, Қазақ ССР Ғылым академиясын құрысқан тұңғыш академиктердің бірі. Ол осынша асқарға әншейін пысықтықпен даңқ қуып өрмелеген жоқ.

Сонының жолы қашан да қиын болмақ. Ахмет Жұбанов атқарған көп істе талай қайратын қажытар, көңілін мойытар сәттер де болды. Ол бұрын бірін-бірі көрмек түгілі, алыстан аттарын да есітпеген, әр қия өлкеден, әр қия орындаушылық мектептен түлеген тамаша күйшілерді бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығаратын ынтымақшыл ұжымға жұмылдырды.

Қаршадай бала жігіт түкпір-түкпірден келіп жатқан қазақ күйшілерінен күн демей, түн демей домбыра тартқызып күй тыңдады. Сонда кейінің бояуы оңған, кейінің мойыны жіңішкерген қара домбыралардан бұрқыраған Құрманғазы, сылқ-сылқ Тәттімбет, майда қоңыр Дәулеткерей, күйінген Түркеш, кербез Қазанғап бой көрсетті.

Заманнан бергі жүйріктердің ел көкірегінде келген күйлерінен А. Жұбанов өз халқының көп ғасырлық көне тарихын, көпті көріп тозбаған, көпті көшіріп жоғалмаған ежелгі өміршең жұртының рухани дүниесін айна қатесіз тани білді. Сол күйлерді оркестрге түсіргенде әр дыбысты қалт жібермей, қағып алатын тақ-тақ шәкірттей естігеніне табынып қалмай, сол күйлердің ұқтырғанына да жүгіне білді. Сондықтан да, ол әр шығарманы оркестрге түсіргенде оны өзі естіген домбыраның үнімен емес, сол шығарманы тудырушы рух пен ұғынушы рухтың логикасының камертонына сап тексерді. Ол мұндай шынайы еркіндікті қазіргі кейбір композиторларымыздай ала сап өндей қойғыш ұшқалақ ұғыммен шатыстырған жоқ. Ол үшін күйлерді оркестрге түсіру – атымен соны құбылыс, өз спецификасы бар, кез

келгеннің қолынан келе бермейтұғын қиын іс. Ол халық композиторларының күйлері «консерватория бітірген ғұлама музыканттардың» үшкіріп-түшкіруін ғана күтіп тұрған, оңай илей салатын «шикізат» деп емес, бас-аяғы мүсінделген, бітіп тұрған, оркестрге түсірерде әр дирижерден өз интерпретациясын қажет ететін салиқалы шығарма деп түсінеді. Ол Құрманғазы, Дәулеткерей, Тәттімбеттің күйлері де баса-көктей жөнелуді көтермейтін Бетховен мен Бахтың, Шопеннің шығармаларындай саф туындылар деп санайды. Халық күйлерінен оркестрге түскен кейбір күйлерден сол мектептің қағидаларынан ауа жайылуды, халық композиторларының көкейінен шыққан кейбір шығармалардың жөндейміз деп жүнделіп кеткенін көріп жүрміз.

Дүниеге қазақтың тұңғыш оркестрі келді, сонымен бірге қазақтың тұңғыш профессионал дирижері келді. Ол халық композиторларының шығармаларына интерпретация жасау, оркестрге түсіру үстінде өз халқының рухани дүниесінің көп ғасырлық музыкалық шежіресін жасады. Ахмет Жұбановтың бұл саладағы ересен еңбегі ұлы Мұхтар Әуезовтың өз халқының көп томдық эпостық шежіресін жасағандағы жанқиярлық еңбегін еске түсіреді. Ахмет Жұбановтың қазақ музыкасының арғы-бергі көп жұмбағын шұқшия зерттеген еңбегі де, Әуезов айтқандай, жолаушылардың жұртында қалған көмескі шоқты үрлеп жалын шығарғандай күрделі еңбек. Ахмет Жұбанов қазақтың тұңғыш оркестрін құру үстінде өзінің талантты дирижер ғана емес, көреген зерттеуші де екенін танытты. Жұбанов жазған қазақтың алғашқы музыкалық әліппесі әлденеше кітаптық салиқалы зерттеулерге айналды. Сөйтіп, дүниеге қазақтың өнертану, музыкатану ғылымы, қазақ музыкасының тарихы пайда болды. Ахмет Жұбановтың бұл еңбегі даламыздың кен байлығын ақтарған Қаныш Сәтбаевтың, әдеби байлығымызды зерттеген Мұхтар Әуезовтың еңбегімен парапар халық мерейін көтерген іргелі еңбек.

А. Жұбанов өз халқының музыкалық қазынасын төкпей-шашпай жинақтау, зерттеу үстінде өзінің композиторлық үлкен талантын да танытты. Оның композитор Латиф Хамидимен бірге жазған «Абай» операсы қазақ мәдениетінің тарихына алтын әріппен жазылған. Музыкада Абайдай кемеңгердің сом тұлғасын жасау композитордан ұлы ақынның өзі көтерілген азаматтық, суреткерлік, ойшылдық биік деңгейді талап етеді. «Абай»

операсының табысты шығуына екі композитордың да қытайы бояудай айқын да анық талантымен қоса, А. Жұбановтың үлкен зерттеушілігі өткір де көреген ойы көп әсер етті. «Абай» операсы кер заманның талқысына түскен үлкен ойшыл азаматтың жан дүниесіндегі арпалыстың жеті қат сырын жетіп ашқан қуатымен құнды. А. Жұбановтың қаламынан туған жүздеген әндер, романстар, сюиталар қазақтың музыкалық қазынасының алыстан мен мұндалап тұрар асқар биігі.

А. Жұбановтың ең басты еңбегінің бірі – қазақтың музыка мәдениетіне сан ұрпақ музыканттар, дирижерлер, композиторлар, музыка зерттеуші ғалымдар тәрбиелеп қосқаны. Шын жүйріктің арқасы алды-артынан дүбір шықса ғана қозады. Музыка майданындағы алғашқы адымын педагог ретінде бастаған Ахмет Жұбанов өзім болып, өзім толсам болды, алды-артымнан ешкім шықпай, көзім тіріде сояудай сойқан елестеп, саяқ өткенім жақсы дейтін бедеу мінезден атымен аулақ. Ол өзінің алпыс жылдық алқалы тойына қаумаласқан қалың нөкер шәкірттерімен келіп отыр. Шын ұстаздың көсегесін көгертетін де сол мол түлек.

Қазір ол күллі саналы өміріне өзек боп келе жатқан бір іргелі тақырып үстінде еңбек етуде. Ол – Құрманғазы жайлы опера...

Оның қызмет орны – әлі күнге дейін республикамыздың музыка мәдениетінің бас штабы... Академияның бір жұпынылау бөлмесінде иін тіресіп бес стол тұр. Соның бірін ақ буырыл академик Ахмет Жұбанов иемденеді. Қасында – қазақ музыкасының көкейтесті мәселелерімен айналысып жатқан кешегі шәкірттері, бүгінгі әріптестері, музыка зерттеуші мамандар. Соның бір бұрышында өз станогында осы цехтың өз ісіне сұңғыла жетік кәрі шебер отыр. Ол өзінің көпті біліп, көпті білгізген қырау самай ақ шаңқан басын асқақ ұстайды. Бірақ, осынау шын мәніндегі халық артисі, халық азаматы Ахмет Жұбанов өзінің саналы өмірін арнаған ұлы өнер мен ұлы халықтың алдында бейнетқор басын ибамен иіп, тағзым етумен келеді.

Бүгінгідей торқалы той үстінде өзінің адал ұлы, асыл азаматына сол ұлы халықтың өзі құрметпен бас иеді.

МҰРАТЫНА ЖЕТКЕН АДАМ

Күн сайын кешкілік қара шаңырақ театрдың есігін ашқан жүздеген адам онымен туысып, достасып аттанады. Ол да күн сайын кешкілік сахнадан ала-көлеңке буалдыр залға көп туысым, көп жақыным, ата мекен, туған халқым отыр деп қарайды. Үлкен махаббат-мархабатпен үңіледі. Олардың дуылдап қол соққанын естігенде, өзінің ұзақ жыл бойы ынт-шынтың сап, жан-тәнімен еңбек еткен қызметінің зая кетпегенін, бұның жүрегін жарып, шыққан перзенттік сезімнің өз халқының көкірегіне еш әлсіремей сол от-жалын қалпында қонақтап жатқанын сезеді.

Міне, бүкіл есіл-дерті сол сүйікті өнердің соңында жүргенде жетпіске қалай жеткенін де сезбей қалыпты. Жүрісі тың, жүрегіннің дүрсілі де, баяғы Әміре досының даусындай еш ақаусыз аңқып тұрған сияқты. Күнде гримделгенде айнадан көріп жүр, бетінің де әжім өрмек құрып, айғыздап тастағаны шамалы, өңінен қан таймағандай, бойынан қайрат қашпағандай. Бірақ, жұрт жетпіске келдің, тойыңды тойлаймыз деп желпініп жүр.

Жетпіс... О, құрғыр, әрине, жиырма бес емес. Жетпіске келгенше тапқаны, жеткені көп. Бірақ, жоғалтқаны да аз ба? Әсіресе, осындайда күні кеше қасыңда жүріп, бүгін орнын сипалатып кеткен достарың есіңе түседі. Бәрі де күні кеше сияқты. Мына бір көшеде репетицияға асығып, Күләш кетіп бара жатушы еді. Бүгін енді көше сол Күләштің есімімен аталыпты. Күні кеше ғана Мұқан қаламынан бір сәт қолы босап, сейілге шыға қалғанда, актерларға ұшырасып қап, сонау Шекспир жайлы әңгіме қозғап тұрушы еді. Бүгін енді ол сол Мұхтар Әуезов атындағы театрдың артисі. Бұл сахнадан жаңа бір бейне жасап шыққанда қол қысып, құтты болсын айтқан көп жұрттың ішінде Қанышты да, Мұқанды да, Жұматты да, Әміре мен Исаны да танушы еді. Қазір қараса, сиреп қалған. Жетпіс шіркіннің кісіні кей кейде еріксіз күрсінтетіні де осыдан ғой. Ендеше, жетпісті тойлап не керек? Бүкіл халық боп жұмылғанына қарағанда керек болғаны ғой, сірә...

Сөйтіп, Сераған да жетпіске келді. Ол – қазақ театры өнерінің ірге тасын қалаушылардың бірі. Ол – тек театр өнерінің ғана емес, күллі қазақ совет мәдениетінің де ірге тасын қаласты. Сондықтан да оның жетпіске шыққаны – күллі қазақ халқы үшін, оның өрге басқан өскелең мәдениеті үшін үлкен мереке. Халық Қазақ ССР-ының халық артисі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Серәлі Қожамқұловтың жетпіс жасқа шығуын мерекелеумен бірге бұдан жарты ғасыр бұрын жаңа-жаңа қаз тұрған қазақ театр өнерінің бүгінде ата буыны, аға буыны, іні буыны, жеткіншегі бар төрт жағы төрт құбыла іргелі ауылға айналағанын мерекелейді. Осыдан жарты ғасыр бұрын ғана жәрмеңке мен аста, той мен бастанғыда ғана қылаң беріп, майлық-сулықта жүрген актерлық өнердің күллі ұлттық мақтанышқа, ұлттық театр өнеріне айналып, өскелең өмір мен ұшқыр уақыттың барған сайын аспандап бара жатқан биік талабына сай өрелі өнерге айналғанын тойлайды.

Серке – жетпіс жыл ұзақ өмірінің елу жылын сахнаға арнапты. Сахнада елу жыл. Қандай құрметті, қандай қиын өмір. Елу жылда – ел жаңа. Елу жыл бойы күнбе-күн сахнаға шығып, ентелеген халықтың көзін көп шындыққа жеткізіп, кеңіліне көп ой ұялатыпты. Кейбірінің көкірегінде көптен жүргенді дәл тауып, айызын қандырса, кейбіреуін бетінен отын шығара ұялтыпты. Осы елу жыл ішінде өзінің әріптес, кәсіптес достарына да, көрші қауымға да әй кәпір атанып көрмепті. Қандай құрметті өмір! Осы елу жыл ішінде күнбе-күн өзінің театрға жиналған жұрттың көкейінен шығып, көңілін марқайтатын суреткерлік соны сөзін, өз халқына азамат боп айтар соны ой, соны пікірін тауып келіпті. Актерлық өнер – жәй әншейін еріккен жұрттың көңілін көтеретін ермек емес, өзі жайлы, өмір жайлы, елі жайлы сан қилы толғақты ойлармен келген ойшыл қауымның ақылшысы, ұстазы да болуға тиіс. Елу жылда – адам да жаңа. Театр залына келген көруші де күнбе-күн жаңа. Олар жыл санап емес, күн санап ержете түседі, кемелденіп, кемеңгер тартады. Көруші залынан ең кемі жарты метр жоғары тұруға тиіс сахнадан сөйлейтін актер одан да тез кемелденуге тиісті. Қандай қиын өмір! Серке Қожамқұловтың суреткерлік еңбегінің үлкен азаматтық ерлік боп есептелетіні де сондықтан.

Өнерде шәкірттік сезімін жоғалтқан адам ұстаз да бола алмайды. Қанша саңлақ актер саналсаң да,

шымылдық ашыларда сұңғыла ұстаз алдында жауап беруге шыққан балауса шәкірттей тізең қалтырап тұруға тиіс. Ол да елу жыл бойына сол шәкірттік сезімнен бір елі ажырап көрген емес. Оның актерлік жауабына өмір – ұстаз да, халық – ұстаз да, уақыт – ұстаз да ылғи озат баға қойып келеді. Ресми мектептен аз оқыса да, өнер мектебінен көз майы таусылғанша көп оқыды, көп үйренді. Тек ол ғана емес, тұстас-тұрғыластары Қалибек пен Күләш та, Елубай мен Шара да, Құрманбек пен Қанабек те сөйтті. Қазақтың өнерпаз қауымының ұстаздары Жұмат пен Ахмет те солай етті. Қазақтың қазіргі көп салалы, көп жанрлы профессионалды өнері қазіргідей дәрежеге ата буынның саф алтындай саңылақ таланттарымен қоса, білуге, үйренуге деген үлкен ыждаһатының, жаңа мен жақсыға деген ерекше елгезектігінің арқасында жетті. Қазақ көркем өнерінің осынша тез өсіп, тез көркеюінің сыры да өнерді өркендетуші үш құбылыс – талант, үйренуге деген ыждаһат және қажырлы еңбектің қашан да жұп жазбай қатар адымдағанында.

Серке – қазақ көркемөнерінде сонау Абай, Құрманғазы, Ақан, Біржан, Дәулеткерей тұсынан кейінгі ондаған ересен талант қатар шығып, қатар маздаған аса бір тарихи кездің, ұлттың рухани түлеп, зор серпілген тұсының өкілі. Серке буыны қазақ халқының ғасырлар бойы жасаған көркемөнерін атымен жаңа арнаға салды, шын мәніндегі халықтық, ұлттық өнерге, халықтық, ұлттық мәдениетке айналдырды. Олар қазақ топырағындағы өнердің бұрыннан да кеңінен етек жайғанын онан сайын кемелдетіп, тозып-шашырай бастағанның басын құрап қайта жандандырды; барын нар етті, жоғын бар етті. Осы буынның арқасында қазақ халқының табиғатында болғанмен тіршілік салтында жоқ атымен соны өнерлер де туды. Ондай іргелі өнерді қанша шығандап шыққан ересен талант болғанмен бір ғана талант, бір ғана өнерпаз тудырып, өркендете алмайтын еді. Бұндай үлкен тарихи миссияны, Мұхтар Әуезовтың тілімен айтқанда, нағыз «атан жілікті» құдіретті таланттардың бүкіл бір буыны ғана атқарып шыға алатын еді. Осы ғасырдың бастапқы ширегінде қазақ халқы осындай құдіретті буын да тудырды. Олар қазақ халқының мәдениет тарихындағы үлкен тарихи миссияны абыроймен атқарып шыға алды. Олар қазақтың көп салалы, көп жанрлы профессионалды көркемөнерін дүниеге әкелді. Серке Қожамқұлов – қазақ мәдениет аспанында дара

туған жұлдыз емес, жарқырап шыққан жарық жұлдыздар шоғырының бір шырағы, нұрлы шырағы. Иә, ол көп таланттың бірі ғана. Ат жарыстырып, балуан күрестіріп қалған біздің халқымыз, әдетте, бәрін жығып, бәрінен озған дараны сүйеді. Сол дағдымен кейбіреулер арасында жазушы мен артистерді де бәйгеге шыққан жүйрік пен күреске түскен палуандай «пәлен мықты ма, жоқ пәлен мықты ма», деп қысыр дауға түсіп, бостан босқа қызарақтасып қалатын әдет бар. Олар өнердің бәйге де, күрес те емес, өнер екенін ұға бермейді. Тегінде, өнер дүниесі де гүл-бақша сияқты. Жалғыз гүл қанша әдемі болғанмен гүлзар бола алмайтыны, әдемі гүлзар бір өңкей гүлден емес, бір-біріне көрік қосатын әр алуан гүлден тұратынын әркім-ақ біледі. Серағаң да жәй әншейін көптің бірі емес, жоғарыда айтып кеткендей көркемөнер тарихында айрықша жарқырап көрінген құдіретті топтың бірі. Оның үлкен талант, үлкен артист болатын себебі де сол жарқыраған жарық жұлдыздар шоғырында да жарқырап көзге түсе алғандығында.

Әдетте, Серкенің аты аталса, күлкі қоса айтылады. Оны халық «күлкінің құдіреті» деп атайды. Күлкі құдіретін Серке өнерін көрген адам ғана жыға таниды. Күлкінің де күлкісі бар. Жоқтан өзгеге қолын шошаңдатып, әншейін ыржақай күлегештің сахнада бітірері шамалы. Күлу үшін – өмірде озғын тұру керек. Әйтпесе, кез-келген нәрседен үркіп, бетін шымшитын дарақы күлкі ілгері басуға емес, кері кетуге қызмет етеді. Ондай күлкі өмірдегі құнды мен құнарсызды, мәнді мен мәнсізді, ізгі мен ерсіні, жаңа мен ескіні ажырата алмайды. Күлкі – шабуын білмесең, өз тірсегіңді өзің қиып түсіретін нар кескен қылыш сияқты қатерлі қару. Көбелекті де зеңбірекпен атады дейтін ұсақ-түйек, парықсыз күлкі күліп тұрған адамның өзінің тобық шыламас таяз парасатын ғана әшкерелей алады. Серке Қожамқұлов – күлкінің парқын аса жіті білетін комик. Оның күлкісінің мақсаты – тек күлдіру ғана емес, күлдіру арқылы өмірдің қат-қабат шындығының талай сырын білдіру. Аты шулы Қарабайды-ақ алыңызшы. Қарабай – Серкенің комиктік талантының шырқау биіктерінің бірі. Қарабайды көріп отырып аз күлмейсіз, бірақ Қарабай – Серкенің күлгенінен күйінткені көп. Бүкіл бір заманның тіршілік келбетіндей болған Қарабай шындығын көріп отырып ет-жүрегіңізді қарс айырып қайғырасыз. Қарабайды аяп емес, қарабайшыл қара түнек

құбылыстардан аз қасірет тартпаған халқыңды аяп қайғырасыз. Тамаша талант осы бір қуыс кеуде жанды жеріне жете әшкерелеу арқылы көруші көңілін Қарабай сияқты жексұрын құбылыстан біржола түңілтуді мақсат тұтқан.

Серке Қожамқұлов Қарабай бейнесін жасау арқылы тек бір ғана характердің шындығын емес, адамдар жүрегінен әлі күнге аласталып болмаған бір үлкен әлеуметтік құбылыстың, індет психологияның шындығын жарқыратып жайып салады. Серкенің қолында күлкі сұңғыла хирургтың қолындағы пышақтай дертті жерді сылып түсумен қоса, сол дерттің неден өрбіп, неден өрлегенін де екжей-текжей біліп шығады. Серкенің күлкісі белгілі бір психология мен характерді ғана ашып қоймай, халқымыздың өткен өмірі мен бүгінгі өмірін де суреткердің өз көзімен көрсетуді қажет етіп тұрған әлеуметтік мәселелерді де шұқшия зерттейтін зерттеуші күлкі. Өнер өмір танудың, қоғам танудың көрнекі құралы ғана емес, өмір мен қоғамның талай, соны сырлары мен сипаттарын зерттеудің өзгеше бір жолы да ғой. Өмірдегі озғын мен тозғыны, өрелі мен өресізді, өткінші мен өмірлікті танып білуде комик талантының да атқаратын маңызы зор. Серке Қожамқұловтың комиктік таланты осынау өрелі жолда өрістеп келген өміршең талант. Серке Қожамқұлов күншуақ юмордан зәр кекесінге, мірдің оғындай мысқылдан біржола масқаралап шығар әжуаға оп-оңай көшіп, қырық құлпырып отыратын, күлкінің қай пернесін де дәл де анық басатын виртуоз комик. Оның күлкісі тек бір ғана сұсты әжуа, инедей қадалатын мысқыл ғана емес, оның күлкісіне қашан да шұғылалы юмор, тіпті жаныңды жадыратар лиризм тән. Осынау ересен комикке дүниенің бәрінен түңіліп, дүниедегі ештеңені аямайтын скептицизм мен цинизм атымен жат. Серке Қожамқұлов дидарындағы күлкіден әрқашан айналаға, адамдарға деген зор махаббатының, адамгершілік күшінің жеңісі мен адамзат келешегіне деген зор сенімнің, шын үлкен суреткерге тән үлкен гуманизмнің нұры шашырап тұрады. Сондықтан да әлгінде ғана өзәзілді, кессе қан шықпас саранды, дүниеқоңыз ашқарақты, зіркілдеген шолақ белсендіні, өз-өзінен қан жұтып, екі иығын жұлып жеп жүрген мансапқорды, дүниені қаран су алып жатса да қыңқ етпейтін салғырт-самарқау тонмойынды, аспанды абыстырып, қара жерді қабыстырып, үрит-соқпен жүретін алабүліктерді бейнелеп, сан қилы

кесепаттың неше бір кескінінде көрінген комиктің енді бірде ақылгөй атаның, ақ көйлек бауырдың, абзал-достың, қамқор әкенің ролінде ойнап жүргенін көресің. Қандай тұлға жасаса да Серке Қожамқұлов өз халқының психологиясын, өз тұсындағы шындықтың логикасын жеріне жете білетін терең ойлы, көреген суреткерлігімен көзге түседі.

Серке Қожамқұлов суреткерлік кескіні жайында сөз қылғанда мына бір жайды айтпай кетуге болмайды. Біз Қалибек Қуанышбаевтың актерлік творчествосынан актер палитрасынан Мұхтар Әуезов интонациясын, Әуезов бояуларын қандай айқын танитын болсақ, Сер-ағаң палитрасынан Бейімбет Майлин прозасының интонациясын, Бейімбет бояуын да сондай жыға танимыз. Біздіңше, бұл актер Қуанышбаев пен Қожамқұловтың, жазушы Әуезов пен Майлинге еліктегенінен болмаса керек, қазақ прозасындағы реализм негізін салушылар Әуезов пен Майлиннің қазақ сахнасындағы реализмнің көрнекті өкілдері Қуанышбаев пен Қожамқұлов сияқты бірдей суреткерлік көзқараста, бір өмірдің шындығында, туып өркендеген тұстас, тұрғылас, шоқтықтас суреткерлердің талант туыстығы болса керек.

Серке Қожамқұлов – өз заманының, өз халқының реалистік келбетінің сахналық кескінін жасауда орасан зор еңбек сіңірген сахна шебері. Ол өзінің ұзақ өмірін, туған өнерін өркендету жолында, өз өнері арқылы өз қауымының рухани әлемінің баюына, өскелең өмірмен бірге есейіп-ержетуіне, өз ұлтының, өз халқының, ғылым мен өнер, білім мен техника шарықтап өскен заманның кім-кіммен де терезесі тең тұратын іргелі халық болуына арнап, аямай еңбек сіңірген ардагер азамат. Азамат үшін өз өмірін әлгіндей өрелі мақсат жолында сарп етуден артық мұрат жоқ. Тамаша талант Қожамқұлов Серәлі ол мұратына жетті. Оның елі кең-байтақ жер шарына етек-жеңін кең жайып, келешекке ештеңеден жасқанбай, қарыштап нық адымдаған іргелі ел. Ал, өзі сондай іргелі елдің перзенті, өнерпаз азаматы.

Туған халқы мұндай ұлы тағы бір жетпіс жас жасаса да, оның тамаша талантына табынып, ерен жүйрік өнеріне қол соға береді.

ӨРТКЕ ТИГЕН ДАУЫЛДАЙ

Жалпақ әлемге жан дүниесін жайып салу – ақын адамның өзге жұмыр басты пенделерден жалғыз-ақ айырмасы. Бірақ, сол жалпақ әлемді аузына қарату үшін қанша рухани ерлік керек. Шын ақынның құзар шыңдай өр келетіні содан шығар.

Жалпақ әлемге қысылмай қарап, қымсынбай сөйлеу үшін қанша рухани байлық керек. Шын ақынның Атым-тайдай аңқылдақ жомарт келетіні содан шығар.

Ақындық – саф алтындай ілуде бір кездесетін сирек талант. Үлкен ақын – ел-ананың сан жылдап сарғая күтіп жүріп табатын сағынышты перзенті.

Сондықтан да, қазақ жырының Сарыарқадай салқар сахарасында Алатаудай Абайдан бергі көл-көсір жазықта көзге ілігер, көңіл шүйлігер қарауыл биіктер қадау-қадау. Солардың ішінде хан төбедей көкпен тайталасқан қайсар, қай жағынан қарасаң да қапысын тапқызбас тәкаппар биіктердің бірі – Қасым.

Өмір бойы алысып-жұлысып жүріп пысықайлықпен табылатын өтірік даңқ араға жыл түспей жатып, көшкен жұрттағы күл төккен төмпектей жермен-жексен шөгіп, жұтап шыға келеді. Қасым дүние ауғалы қанша жыл болды. Сол жылдарда аузымыздан ақынның аты түсті ме? Жоқ. Оның от жырларын оқыған жұрттың жанын лапылдатқан шоғы кеміді ме? Жоқ. Оқушы қауымның оның жырына деген құштарлығы азайды ма? Жоқ.

Ендеше әлгі айтқан әңгімеміздің рас болғаны. Қасым өзі ұзақ өмір сүрмесе де, өзегін жарып шыққан өлеңдеріне ұзақ өмір сыйлады.

Қасым оңды-солды боратып көп жазып, мол мұра қалдырмаса да, оқушысына көңілін толқытар, сезім балқытар мол әсер сыйлады.

Тапшы таланттан, таңқы дарыннан кемел суреткер шықпайтыны айна қатесіз ақиқат болса, ал үлкен дарын, мол қабілеттен үлкен суреткер шыға беруі тап әлгідей ақи-тақи кесіп айтардай күмәнсіз шындық емес екені тағы белгілі. Табиғат талантқа кенде жаратпаса да тау

қопарып тастай алмағандар әргі-бергіде көп болған, қазірде де жеткілікті.

Өнерді өмірлі ететін – шындық, шындыққа адал қызмет еткен таланттан ғана кемел суреткер шықпақ, шындыққа адал шығарма ғана ұзақ өмір сүрмек. Осы бір даусыз қағиданы жүзеге асыру үлкен таланттың өзіне де оңайға түспейді. Суреткерлік дарынмен қоса азаматтық ерлікті де қажет етеді. Қасымның асқан ақындық талантына азаматтық ержүректігі де сайма-сай болды.

Ол жиырмасыншы ғасырдың онсыз да күрделі әлеуметтік тарихының тым күрделірек тұсында өмір сүрді. Ол өз тұсының әлгіндей күрделі әлеуметтік шындығының алдында күмілжіп, күлбілтелеп сөйлеген жоқ. Заманының ең ұлы шындығын от пен оқтың ортасында қан төгіп жүріп қорғап қалған жауынгер ұрпақтың өкілі өз буынының рухани өмірбаянынан жалпақ әлемге, жалғасар ұрпаққа қымсынбай айтар көп сыр, көп жыр тапты.

Қай-қай ақынымыз да шоқтықты көрінген майдан жылдарындағы қазақ лирикасына көз салсақ, соның ең бір еңселісі Қасымның соғыс жылдарындағы творчествосы екен. Қ. Аманжолов ұлы майданға алғашқы күнінен ақырына дейін қатысты. Қан қасапқа кірердің алдындағы жүрек түршіккен талмау сәттен жеңістің желпінісіне дейінгі барша сезім құбылыстарын әсіреқызылсыз шынайы жырға түсіріп, өлім мен өмір, ерлік пен ездік туралы көкейкесті сырға айналдырған. Адам санасының адам табиғатына атымен жат алапат қырғын тұсындағы әр діріл, әр түйсігін Қасым жанары қалт жібермейді. Ол орасан зор рухани сын тұсындағы ой толғанысын, сезім арпалысын жалтақсыз жария айтады. Солдат жүрегіндегі әр діріл Қасым қаламынан жеңіс туралы шежіреге айналды.

Ақынның соғыс туралы жырларында қанды қырғыннан қаймыққан ездік те, от пен суға ойланбастан қойып кететін көзсіздік те жоқ, адамдық бақыттың әр бір қас қағым сәтін қадірлей білетін ойлы, парасатты, сезімтал жауынгердің өмір алдындағы үлкен рухани жауапкерлігі бар. Сондықтан да ол солдатты сан жылдап сабылтқан айқас пен шайқастың, ауыр азаптың рухани, моральдық астарын жеңіске жетпей тынбайтын ұлы күреске, жеңістен күдер үзбеген «ұлы күтіске» сайыды.

Күтудеміз! Асығып эшелондай
Өтіп жатыр зулап күн, шұбалып ай.
Күтудеміз тыпыршып, мың құбылып,
Қазір, қазір бар тілек болатындай.

Тұтылған күн дәл қазір шығатындай,
Талып жатқан досың ес жиятындай,
Ауыр азап үстінде қиналған жан
Рахат тауып, талықсып тынатындай...
Мейлі күтіп, шыдамай темір сынсын,
Мейлі көлдер суалсын, тас үгілсін,
Қасарысып біз күттік! Шыда, жүрек,
Бұл ақырғы ең ауыр болсын бір сын.

Осынау күн-түн қатып, көп күндік маршта келе жатып, сәл тыныс қып аялдама жасаған солдаттың ендік-кен жүрегiнiң жүйесiз дүрсiлiндей, айналасы жұп-жұмыр тегiс келе қоймаған кедiр-бұдыр қарапайым жолдар әрбiр солдаттың, сол жылдарды көрiп қалған еңкейген кәрiмiзден еңбектеген баламызға дейiнгi баршамыздың, бүкiл елiмiздiң жан күйi, жан сыры емес пе едi. Бүкiл елдiң жүрек шымыры, жүйке ширьығы ақын көкiрегiнен ақтарыла салған азғантай шумақтарға түп-түгел сиып кетiптi.

Ақындық талант дегеннiң өзi де бiр басының жалқы түйсiгiнен жалпының сыры мен мұңын көре алатын екiнiң бiрiнде бола бермейтiн ерекше рухани көрегендiк деседi. Ақын неғұрлым талантты болған сайын оның аузынан шыққан әрбiр сөзге жалпақ қауымның жапырыла құлайтыны да содан болса керек.

Қасым:

Түссем де отқа, суға тозар емен,
Солдаттың етiгiндей жаным сiрi, –

десе, оның растығына ол көрген қан кешудi көрген де, көрмеген де ойланбастан кепiлдiк бере алады.

Достар, қайда жүрсiңдер, қай майданда,
Мен де келе жатырмын малтып қанға.
Ең болмаса бiреуiң кездессең ед,
Ыстық, суық күндерде сағынғанда.
Күндер өттi – үңiлдiм, сендердi iздеп,
Айлар өттi – «бiлмеймiз, бiлмеймiз» деп,
Жылдар өттi – таппадым, қайдасыңдар?
Менi қуантсаңдаршы бiрiң кез кеп, –

десе, мұндай халды басынан кешкен де, кешпеген де ет жүрегi елжiреп қоя бередi.

Асылы, ақын таланты басынан өткен бiр ғана сәттiң әсерiнен барша адамзаттың рухани тәжiрибесiнiң қанша сыр, қанша қатпарын қопарып тастай алғанымен өлшенсе керек. Ақын тек сонда ғана өзiнiң жан сырымен күллi адамзаттың рухани тәжiрибесiн байыта алады, өзiнен

кейінгілердің жүрек тұңғиығына бастар ұланғайыр жолды сонда аша алады.

Қасымның асқақ шабыты адамдық болмыстың барша кескіні жарқырап көрінетін асқар ала биіктерден талай-талай шүйіген-ді. Өткен соғыстағы отандастарымыздың ерліктері жайындағы ілгері-кейінгі көп жазылған дастандардың ішінен «Ақын өлімі туралы аңыздың» аспандап дара шығып, бір туар боп биікте қалып қойғанының сыры да сонда болса керек.

Қасым майдан жылдарында шырқап шыққан рухани биігінен соғыстан кейін де сәл төмендеп көрген емес. Оның от пен оқтың ортасындағы қиын-қысталаңда шыңдалған өжет даусы бейбіт күндерде де айбынды, асқақ естілді.

Оның бұл тұстағы ең шоқтықты кітабы – «Нұрлы дүние». Нұрлы дүние – туған елдің бейбіт өмірінің поэтикалық бейнесі. Ажалмен бетпе-бет кездесіп келген майдангер бейбіт күннің әр сәтін бақытқа балайды.

Тіршіліктің тыпыршыған
Бір күніне не жетеді!..

Бірақ Қасым бейбіт күнгі өмірді май тоңғысыз жаймашуақ идиллия деп ұқпайды. Оның жасампаз еңбегін де, адамдардың жан дүниесіндегі рухани шыңдалуды да көзінен таса қалдырмайды. Ақынның қоңыр домбырасында автомат ұстап күстенген қолдардың бейбіт көктемде төккен тері де, бала қызығын, жар қызығын көрген қуанышы да күмбірлеген күй боп тебіренеді. Азаматтық ерліктің ең қиын сындарынан өтіп келген ақын жүрегі адамдардан ірілікті, рухани тұтастықты талап етеді. Майданда қорқақтық қандай рухани опасыздық болса, заманның тынышындағы сәл ұсақ мінез, күйкі құлық та тап сондай опасыздық болып табылмақшы. Тарихтағы алапат қиянат пен әділетсіздікті өз көзімен көріп, өз қолымен жеңгендердің марғау болуға, енжар болуға атымен қақысы жоқ. Қасым оқушысын рухани сергектікке шақырды.

Тартып сырын табиғаттың, тастардың
Бір нәрсені үйрендім.
Көктем келіп, күліп жатқан тастарды
Басуға мен имендім.
«Әттең, шіркін, берер ме еді сезімді?
Тас болғаны – жазғаны», –
Деп тұрғанда, бір есерсоқ өзімді
Басып кете жаздады.

Ақын лирикасындағы мұндай жаңа өжет пафос оның соғыстан кейінгі творчествосын да сол тұстағы көп шығармалардан көш бойы оқшаулап оздырып шықты.

Қасым нені айтса да, көкірегін көлегейлемей ашық айтты. Ол үшін көңілдегісін көмейге іркіп, ішке бүгіп қалатындай, секем алатындай көлденең көз дүниеде жоқ. Тіпті, сол жылдарда қоғамымызда орын алған, кейін орынды сыналған келеңсіз құбылыс – көсем мадақтауға арналған бір өлеңінің өзінде де:

Бетіне фәни дүние бір түкіріп,
Кетіпті талай адам көрге кіріп,
Мен де бір өр кеуделі бөбек едім
Кеп тұрмын алдыңызға қол қусырып, –

деп қайсар мінезін ашық аңғартып тастайды. Қасымның ол тұстағы өлеңдерінің бәрі бірдей мінсіз болмағанмен қай-қайсынынан да жаныңызда жатталып қалар серке сөздер секіріп шығады.

Қасым лирикасына мынауы интимдік, мынауы азаматтық деп шекара қою тіптен қиын. Оның аса бір интимдік өлеңі «Өзім туралысы» қазақ поэзиясындағы арғы-бергі азаматтық лирика шандоздарының қай-қайсысымен де иық таластыра шендес тұра алар таңдаулыларының бірі. Ақынның өз өмірбаяны мен туған жұртына айтар перзенттік сырындай осы бір өлең Қасымның хас асыл мінезін көз алдыңызға көлеңкесіз елестетіп, көңіліңізге ұмытпастай қып мәңгі ұялатумен бірге, қара жер басып жүрудің қасиеті мен қасіретін, мұраты мен мүддесін, уайымы мен үмітін таусып айтып, тапжылтпай мойындатады. Асқақ ақынның ақтарыла айтқан өр де өжет сырындағы трагедиялық әуен өлеңнің оптимистік пафосын бәсеңдетпейді, қайта оқушысын әр адамның кеп-келте өмірінің азаматтық мәні мен мақсатына терең үңіліп, тебіреніп ойлантатын.

Тоқтамас өмірімнің сағатындай
Жүрегім енді қанша соғар тынбай,
Тоқтар ма ақтық рет бір талпынып,
Мерт болған балапанның қанатындай...

Өмір сүйген ақын азаматтың ақтық демі таусылар сәттің өзін әзірейіл көргендей шошына суреттеп, күңірене күйзелмей, қаншалықты паң, қаншалықты парасатты бейнелейді.

Қасым өз өмірінің, не өмірден түйгенінің мынасын жұртқа айтуға болады, мынасын айтуға болмайды деп,

бөліп жарып жатпағандай. Ол сүйінішін де, күйінішін де қаймықпай айтып, жыр жолына көшіреді. Бірақ, тіпті аракідік жазылған өкпе-наз өлеңдерінің өзінде де кей ақындарда кездесетіндей, түтін сасыған күйкі көкіректің күмілжі сыры, төңірегіндегінің бәрін мошқаған керден нақақ, мардымсыған батпан көкірек көрінбейді, адалдық пен абзалдық, шынайылық пен пәктік лебі еседі, барша рухани келеңсіздік атаулыдан жоғары тұрған кемел азаматтың кесек мінезі бой көрсетеді.

Сондықтан да Қасым аузынан шыққан сөз бір адамның ғана емес, бүкіл бір ұрпақтың, бір тұстағы бүкіл бір халықтың жан сырындай жалынды естіледі. Ақынның өз өмірбаянынан алып жазған «Біздің дастаны» әр қазақтың көкейіндегісін көріп айтқан көреген жыр емес пе!

Биік бәйтеректің саясы да мол болатыны сияқты, үлкен таланттың да өз тұсындағыларға әсері мен өзінен кейінгілерге алғаны зор болса керек-ті. Қазақ поэзиясының, әсіресе лирикасының кейінгі он-он бес жыл ішіндегі ең үлкен табыстарының қай-қайсысы да Қасым атымен тығыз байланысты. Одан тек артындағы інілері ғана емес, бастас құрбылары да, тіпті алдындағы ағалары да өнеге алды.

Құя алман үгітілген балшық өлең,
Көңілімде көл жасаман тамшыменен,
Серінің семсеріндей сертке таққан
Өлеңнің өткірін бір алшы менен,

деп өзі айтқандай, өлеңдегі Қасым мінезі кең дүниеге кеудесін көлегейлемей сөйлейтін азаматтық батылдық, адамзат болмысының өрелі де өркесті сипаттарын тапжылтпай танитын суреткерлік, көрегендік, өжеттік пен өткірлік, сергектік, суреттің айқындығы мен сезім шынайылығы қазіргі қазақ лирикасына түгел тән ортақ мінез, ортақ қасиетке айналды

Өртке тиген дауылдай өлеңімді
Қасымның өзі емес деп кім айтасын! –

деп айтпап па еді ақын.

Қасым өлеңі тірі!

САРАБДАЛ СУРЕТКЕР

Қазақтың «Сарабдал» деген жалғыз ауыз сөзінің өзінде қаншалықты шалқар мағына, салауатты мән бар десеңізші. Ол өз бойына тегіннен-тегін лақ ете қалмайтын сөзге сараңдықты, ұрымтал мен ұтымдалды қапысыз танитын қырағы ақылды, санап айтып, қадап тигізетін мірдің оғындай өтімді пікірді, бұралаңы мен бұлтарысы көп өмір жолынын қай тұсында да көңіл бұйдасын тек арға ұстатқан рухани қайсарлықты, қысқасы, кез келгенде кездесе бермейтін кемел парасатты сипаттайтын түгел сыйғыза алады. Арғы тегі саралаудан, санадағы саралықтан өрбитін осы сөз ақиқаттың тілін тапқан кемел суреткер талантына анықтама болуға әбден жарайды.

Өйткені, шын суреткерді – ең алдымен, халықтың ғасырлар бойы бастан кешкендері мен көңілге түйгендерін бүгінгі уақыт елегінен өткізіп, келесі ұрпақтар сарабына ұсына алатын сарабдал ойға, сара парасатқа деген айрықша зәрулігі туғызады.

Қазіргі қазақ әдебиетінде еңбек етіп жүргендерден осындай өрелі қасиетке кімдер ие деген сауал естісек, ауызға алдымен оралар аз топта Ғабиден Мұстафинның есімі аталары әбден сөзсіз.

Көңіліндегі пікірі отыз тісіне ең кемі отыз күндей жол жүріп барып жететін Ғабиден Мұстафин мінезіндегі асқан ұстамдылық оның талантына да тән. Ол сараң жазғанмен, сара жазатын суреткер. Содан да болар, оның жарты ғасыр бойы жазғандарының арасынан қатыгез уақыттың қатаң сыны мен биік талабына иек артып, көп қиналмай санаттан шығарып тастардай көбелек гұмырлы жарты бет шығарма таба алмайсыз.

Әдебиеттегі алғашқы тәй-тәй! «Ер Шойынынан» бастап күні кешегі «Көз көргенімен» екі аралықтағы елу жыл бойғы еңбектері ішінде тек жалғыз Ғабиден Мұстафин ғана емес, жалпы қазақ прозасына біраз уақыт тән болған суреткерлік балаңдық байқалса байқалар, бірақ аптығып сөйлеп, асығыс айтылған азаматтық ойдың

шалалығын, байыпсыз пайымдауларды таба қояр ма екенсіз.

Оқушы қауым назарына ол ұсынған шығарманың әлеуметтік ауқымы қашан да кең көтерген мәселесі қашан да соны, көрсеткен өмірі қашан да өрелі келді. Тіпті сонау жиырмасыншы, отызыншы жылдарда жазылған алғашқы әңгімелерінің өзінде анық көзге түскен жаңа өмір есігін енді ашқан адамдар санасындағы әр дірілді қалт жібермей, дөп басқан суреткерлік көрегендік, дәл сол тақырыпта туған «Шығанақ» романында суреткерлік тереңдікке ұласты. Ол өз романында қарапайым қазақ шаруасына тән еңбек сүйгіштіктің, адалдықтың, ақпейілдіктің жаңа заман адамына тән қауым алдындағы үлкен азаматтық жауапкершілік сезімімен тым тереңнен тіл табысып жатқан сұлу гармониясын жеріне жеткізе көрсете алды. Ғабиден Мұстафин мүсіндеген Шығанақ бейнесі қазақ прозасының еңбек тақырыбындағы туындыларында көрінген жаңа тұрпатты еңбекші адам бейнелері галлереясының әлі күнге қақ төрінде, қадірлі биігінде тұр.

Ол еңбек адамының бойынан қажымас жігер, қайсар мінезбен қоса терең ақыл, кемел ойды да танып суреттейді, тауып суреттейді. Ондай өрелі сипат тек Шығанаққа ғана емес, «Миллионердегі» Жомарт пен Ахметке де тән. Ол тұстағы көп шығармалар бой алдырған тұрмыстық болмысты әсіре көтермелеп суреттеу «Миллионерде» де ұшырасқанмен ол тұстағы әдебиеттегі адамдардың рухани болмысын сырлап көрсетем деп, сырдаң көрсету Жомарт, Ахмет бейнелерінде ұшыраспайды. Ол екі образдағы кертартпа келеңсіздікке, қанатсыз қанағатқа бір мысқал жол бергісі келмейтін рухани максимализм пафосы совет әдебиетінің күні бүгінгі таңдаулы шығармаларына да әбден тән. Осының өзі-ақ Ғ. Мұстафинның өзі көтерген тақырып пен көрсеткен өмірді қашан да өтімді тақырыптың жалына жармасатын конъюнктураның көзімен емес, заман келбетін адам келбетінен іздеген суреткерлік зерттеуші зерде тұрғысынан пайымдағанына даусыз дәлел болғандай.

Композициялық құрылымында, тартыс өрмегінде белгілі схемалар сарыны бой көрсетіп қала тұра қазақ даласының индустриялану процесін қарапайым қыр қазақтарының тағдыр жолы, өмірге, дүниеге деген көзқарастары, түйсік-түсініктері арнасында нанымды көрсет-

кен. «Қарағанды» романы осы күнге дейін қазақ прозасындағы жұмысшы тақырыбында туған санаулы сәтті туындылар санатында саналады.

Өрелі өмірлік шындықты, күрделі адамдық болмысты қылықтан емес, құлықтан іздейтін сергек суреткердің өз талантының кемел тегеурінін қапысыз танытқан екі шығармасы – «Дауылдан кейін» мен «Көз көрген». Екеуі де екі дәуірдің «өлі арасындағы» қазақ ауылының рухани, әлеуметтік дидарын жан-жақты көрсетіп, тереңдеп ашқан салауатты шығармалар! Олар тек Ғ. Мұстафин творчествосында ғана емес, күллі қазақ прозасында көшелі реализмге тән сипат – әлеуметтік аңдау мен психологиялық талдаудың, тақырып пен характер шындығының қамшының қос өріміндей жік ажыратпай жымдаса алған терең үйлесімі қалыптасып, нығайғанын қапысыз таныта алды.

Бұрынғы шығармаларында заман келбетін, заман тудырған адам келбетін ашуда айтарлықтай шеберлік танытқан жазушы кейінгі екі романында тарих пен халық арасындағы диалектикалық байланыстың адамдардың рухани болмысындағы күрделі кескінін тереңдеп аша алатын суреткерлік жітілігімен қуантты.

Үлкен тарихи сын сағаттағы ұлт құлқын мысқалдап зерттеген бұл екі туынды туған әдебиетіміздегі халқымыздың халықтық болмысын таныта алатын таңдаулы шығармалар санатына әбден қосыла алады. Мұнда тек салихалы таланттарға ғана тән елге, халыққа деген елтең-селтеңсіз шынайы перзенттік махаббатты, халық болашағы алдындағы жауапкершілікті, сондай ұлы сезім тудыратын өз қауымын мен өз халқының әлеуметтік болмысы мен рухани дүниесінің қай түкпіріне де ет-жүрегі елжіреген ғашық ұлдың емес, тереңнен тебіренетін кемел азаматтың қиядағыны шалатын қырағы көзімен үңілетін зерттеушілік зердені, сарабдал суреткерлікті, ақиқат алдындағы адалдықты айқын көреміз... Ақиқат алдында адал емес суреткердің өнер алдында адал болуы еш мүмкін емес.

Ғ. Мұстафин өмірлік шындыққа қандай қырағы көз, сергек сезіммен үңілсе, сол өзі байқаған өмірлік шындықтың өнерлік болмысына да әлгіндей асқан жауапкершілікпен қарайды.

Сондықтан болар қазақ прозасында ізденіс, соныға құштарлық жағынан Ғ. Мұстафин суреткер қауымның қай буынының өкілдерімен де тайталаса алады. Өз

заманы мен өз замандастарының өмірін суреттеуде айрықша ыждаһат көрсеткен жазушы ол шығармаларының түрлік болмысының өзінде көрсеткен кезеңі айтқызбай-ақ мен мұндалап тұратын ұрымтал пішін іздеді. Бұл салада оның тапқаны да, қапы соққаны да аз емес. Алайда, ол соның қай-қайсысына да елден ерек көрінгісі келген суреткерлік эгоизммен емес, өмірден түйген өз пайымдауы алдындағы адалдықтан, суреткерлік қайсарлықпен барды.

Ғабиден Мұстафин қазақ әдебиетіндегі өзі ғана өсіп қоймай, әдебиетті де өсіре білген санаулы суреткерлердің бірі.

Тек өз шығармасына қатаң талап, үлкен жауапкершілікпен қарай алатын жазушы ғана күллі әдебиеттің жағдайына жаны ашып, болашағына қамқорлық жасай алады. Әйтпесе, күлді бадам шимай-шатпақты малданып, даңғазаны даңқ тұтатындардың оңай батагөйлігі әдебиетте дақпырт пен дарақыны көбейтпесе, дарындыны көбейтпейтіні көрмей жүрген жәйіт емес. Өзге түгілі өз қаламынан шыққан әр сөзді қырық қарап, бір шоқитын «қатал» Мұстафин қазір белгілілер мен танымалдар санатына қосылған талай-талай қаламгердің тұсауын кескен-ді.

Жетпіс – ата жасы. Ата адам ұрпағын ауызына қарататын кемел ақылдың жасы. Өнердегі өнеге – күні-түні құлағыңды жеп, миыңды ашытатын қытымыр ақыл-гөйлік емес. Өнердегі өнегелі жан бір ауыз сөз айтып, жақ ашпаған күннің өзінде сол бір үнсіз сабырлылығымен де ақыл ұқтырып, тәлім танытып жатуы әбден мүмкін. Ол тек сарабдал ақыл, кемел парасат, қайсар рухқа ие, ақиқат пен өнер алдында ақырына дейін адал өрелі өнерпазға ғана тән мінез. Ғабиден Мұстафин дәл сондай бірегей суреткер.

ОРМАН КЕЗІП, ОЛЖАЛЫ ОРАЛҒАН ОРАЛХАН

Осы бір қатырма қапты қапсағай кітаптың алғашқы бетін аштыңыз-ақ, толықсып тұрған тамаша табиғаттың пейіш қойнауына енесіз де кетесіз. Жалғыз аттыға ғана аяқ жорасы бар тау соқпағы барған сайын қалыңға бойлап, етек пен баурайдағы сүренді өмірден шеттете түседі. Қия бір пұшпақта қиямет дәмін тірілей татып жатқан қияңқы шалдың домбыраға қосқан:

«Тегімді менің сұрасаң,
Қалың найман нуынан,
Жырымды менің сұрасаң,
Сары алтынның буынан, оу-оу, буынан»,—

әні де бүгінде екiнiң бiрiнiң аузынан шыға бермейдi. Тарғыл таста соқпағы үзiлiп, оққа жолығар, тұғырдан қалып, тұқым бермес күйге жеткен айғыр бұғының айхай дәуренiн жоқтап алас ұрған күйiнiштi сәттерiн де бүгiнде екiнiң бiрi көре бермейдi. Ызақор жiгiттердiң жек көрген кiсiлерiнiң шаңырағын ортасына түсiрiп, үйiн өртеп кеткен шамырықты жәйiттерiн естiмегелi де көп боп барады. Тастан тасқа секiрген тағы асауды матап қойып, қарағайдай мүйiзiн аралап кесiп жатқанды, онымен қоймай, тоқал мүйiздiң орнынан шапшып атқан қызыл қанға сақалдарын малып, сiмiрiп жатқандарды оқығанда қай-қайсымыз да шiмiркенiп отырамыз. Ал, ендi қара нөсер астында, жел жығып кеткен қостың орнында панасыз қалған төрт баланы текеметпен қымтап қойып, қарағай түбiнде толғатып жатқан қойшы әйел туралы оқығанда «апырай, мынау қай тұс, қай заман?» деп iштен байбаламдағандар да аз болмаса керек-тi.

Алайда, Оралхан Бөкеев оқушысын Алтайдың не бiр терең жыныс-жықпылдарына бойлата түседi. Және онысымен де қоймай, екi сөзiнiң бiрiнде «табиғаттың арда төлi, атақты Алтайым» деп емiренiп қояды. Туған өлкесiн сүймейтiн адамнан суреткер шықпақшы емес. Алғаш рет аңанды танып, алғаш рет көкжиекке көзiң түскен жердi, мейлi сусыған құмнан басқа түгi жоқ шөлде ту, мейлi

жел өтінде, су бетінде көк мұзда ту – бәрібір емешегінді үзіп сүймеске әдің жоқ. Ал, енді Бөкеев суреттеп отырған өңірдің табиғатына таңғалмау, тамсанбау әсте мүмкін емес. Әлгі көп айтылатын пейішіңнің өзі осындай-ақ болар деп қалатындайсыз. Мынандай маужыр табиғаттың ортасындағы өмір тек бір ғана бақыттан тұратындай, ондай аяда тек періштелер ғана өмір сүретіндей боп көрінеді. Алайда, жазушы тап әлгіндей тамсана суреттеп отырған өлкесінде өңге көріністер жоқтай, жаңағы бір оқшау жәйттерді көлеңдетіп көз алдыға тосады. Қайтып таңғалмас екенсің деп әдейі істейтіндей. Үйреншікті өмірдің көзқанықты көріністерін былай жиып қойып, қайдағы бір шанда-шанда шаң беріп қалар тосын мен сиректі тізіп-ақ бағады.

Жас прозашының бұл мінезін сан саққа жүгірткісі келетіндерге тілге тиек толып жатыр. Ол суреттеп отырған болмыс кез келген өңірден кездесе бермейтін «экзотикаға» ұқсауы да мүмкін. Ал, енді сондай сирек көріністер мен сирек мінездер жайлы сезімнің шарпитын серпінді әңгімелердің әлдеқандай бір күні өтіп бара жатқан құбылыстар мен өтешек дәурен туралы күңіреністей боп естілуі де кәдік. Осының бәрін оп-оңай түрлеп-түстеп, ай таңбалағысы келетіндер болса, әлгінің «провинциализм» не «көнені көксеу», «бастауға бас ұру» сияқты кезекті айдар-атақты таға салу да тап онша қиынға түспейтін түрі бар.

Жазушының ә дегеннен ашылып сала беретін, есілме тынысты, оқтын-оқтын егіліп-төгіліп кетіп отыратын лирикалық шалқымалары, бояудағы қанықтық пен анықтыққа деген ала бөтен жомарттығы, өзі тауып алған сирек характердің сыны мен сымбатына деген бөлекше ықылас-ілтисатын жасырмай айтып отыратын жария позициясы – бәрі ә дегеннен көңілге қашатын әлгіндей өзәзіл секемдердің отына май құя түсетіндей.

«Қайдасың, қасқа құлынымға» енген шығармалардың қай-қайсысын да әлгіндей екі ұдай сезімнің үстінде отырып оқисыз. Бірақ, кітапты түгелдеп оқып шыққан соң жаңағы өткінші әсер бірте-бірте сейіледі де, оның жаңсақ екеніне көзіңіз қапысыз жетеді.

Мұнда осы заманғы орыс прозасы мен туысқан ұлттар прозасындағы табиғатты, табиғат ортасында өтетін шаруа өмірін айырықша ыстық ықыласпен емірене жазу тенденциясы анық байқалғанмен «деревня тақырыбындағы» шығармаларда ара-тұра бой беріп қалып отыратын табиғат қойынындағы, қыстақ пен деревнядағы өмірді

шынайы рухани гармонияның бірден-бір үлгісі қып көрсету, қала мен қырды бір-біріне қарсы қою, табиғат ортасында өскен жандардың тал бойынан ешқандай мін көрмеу сияқты сыңаржақ мінездер атымен байқалмайды. Жас жазушы ауыл адамдары мен ауыл өмірін халықтың көп ғасырлық рухани тәжірибесінің барынша жарқырап көрінетін бай аясы ретінде суреттейді. Бұл ретте О. Бөкеевтің прозасы армянның Грант Матевосян, абхаздың Джума Ахуба сияқты талантты жазушыларының кейінгі шығармаларымен көбірек үндесетін тәрізді. Мұнда да әлгі аталған жазушылардай өз халқының рухани әлпетіне туған ұлдың қалтқысыз сүйіспеншілігімен зер салу бар; мұнда да өз халқының рухани тәжірибесінің күллі адамзаттың биік рухани мұраттарымен тереңнен табысатын өрелі, өзекті байланыстарды тап басып тану бар; мұнда да ұлттық характерді халық бастан кешкен ғасырлар бойғы алуан сипатты тарихи, әлеуметтік, рухани тәжірибенің тереңде қордаланған магмадай сом жиынтығы деп ұғу бар; оның бүгінгі жаңа әлеуметтік болмысқа байланысты жаңаша өзгеріп, жаңаша құбылуын зер сала зерттеу бар. Бұл ретте «Өліарадағы» кітапты көп оқитын қойшының: «Ал дүние, мынау өмір тек әдеміліктен ғана тұрмаса керек. Құбылыстың, болмыстың нағыз ащы шындығы мен тірлігі, қарапайым адамның күйініш-сүйініші аз жазылған...» қай-қай заманда да қораш жазылған... Меніңше, менің дүниедегі ең пайғамбар жазушым – өз ана тілінде жазып-ақ әлеми аспанға көтерілу – өз ұлтының жілікті де сіңірлі дәстүрі мен керемет қасиетін, кесепат мінезін тарамыстап, қайып суреттеу. Өйткені, менің ұлтым арқылы-ақ жалпы адамдық қадерихалдерді паш етуге болады ғой, өйткені, олар да – адам! Өйткені, мен өзге халықтың классиктері өз тілінде тудырған шығармаларды жатсынып, жатырқамай оқып отырмын», – деген ой толғамы автордың өзі суреттеп отырған шындық пен адамдарға деген көзқарасынан да хабар бергендей.

О. Бөкеев қаншама бір қиян, шет пұшпақта жатқан өңірдің адамдарын жазып отырғанмен біздің бүгінгі өмірдің адамдарын, оның жан-дүниесіндегі бүгінгі күрделі толғаныстарды көрсетеді. Өзі айтқандай, ол бүгінгі күннің әлеуметтік проблемаларына өз ұлтының бай рухани тәжірибесінің тереңінен, өзі қапысыз жақсы білетін ұлттық характерлердің қалтқысыз шындығы тұрғысынан қол созады.

Кітапқа енген шығармалардың дені дерлік бір ғана өзекке – адамдардың жан дүниесіндегі үлкен рухани

ізденістерге, ертеңге қалдырмай, шешімін бүгін таппай болмайтын күрделі күйзелістерге, бүкіл өмірдің мәні мен мағынасын таудағы нәсердің найзағайындай оқыс жарқыратып, түгел ашып беретін шиырыққан шамырықты сәттерге құрылыпты. Ондай өрелі рухани ізденіс, серпінді драматизм, кесек характер мен аршынды әрекеттер бар жерде қайдағы бір рухани провинциализм туралы әңгіме болуы мүмкін де емес. О. Бөкеев кейіпкерлері өмір жолына енді аяқ басқан жас болсын, мейлі ажал аузында тұрған қаусаған кәрі болсын, мейлі әлгіндей өрелі ізденістерімен, елгезектігімен, айырықша сезімталдығымен, арлылығымен осы заманның азаматтарына тән рухани сипаттардың бәріне де ие. Әсіресе, О. Бөкеев кейіпкерлеріне тән өмірдің рухани жарасымына, ой мен әрекет, сезім мен тіршілік арасындағы кемел келісімге, жарастықты бақытқа деген ала бөтен құштарлықты айырықша бөліп айту керек. Мұндай рухани максимализм осы заман адамдарының бәр-бәріне емес, оның ішінде де өрелілеріне ғана тән биік қасиет.

Сондықтан да, жай тоғышардың кірпігін де қақпастан жайбарақат қабылдай салар, жабулы казан жабуымен деп, көрсе де көрмеген, білсе де білмеген боп жасыра салар күйкі хәлдер О. Бөкеевтің күлбілтені білмейтін кейіпкерлері үшін жан шыдатпас қасіретке, өзек күйдірер драмаға айналады. Олардың жағдайына түсінбеу, қосыла қиналып, қосыла күйзелмеу еш мүмкін емес.

Автор өмірден аса бір жітілікпен көре білген әлгіндей шынайы характерлер басындағы күйзелістердің рухани кескінін, әлеуметтік уытын қапысыз ашуда, ондай ситуацияның барша драматургиялық мүмкіндіктерін жеріне жеткізе пайдалануда әр шығармасында әр қилы мінез танытқан. Бұл ретте біз кітаптағы повестер мен әңгімелердің ішінен автордың өзі тапқан материалдың барша көркемдік-идеялық мүмкіндіктерін сарқып пайдаланып, қапысыз мүсіндей, шешімдей білген шығармаларының санатына «Қайдасың, қасқа құлыным» мен «Өліараны» жатқызамыз. Бұл екі шығарманы Бөкеев прозашының бүгін таңдағы суреткерлік әлуетін түгелдеп таныта алатын туындылар деп білеміз.

Поэтикалық асқақ леппен балладалық сипатта жазылған «Қайдасың, қасқа құлыным» повесінде қаладағылым соңында жүрген жігіттің туған ауылына кеп өткізген бірер күні ғана сөз болады. Өз өлкесіне, сол өлкенің адамдарына көзсіз ғашық ақынжанды жігіт өзі бұрын аңдамаған үлкен рухани драманың үстінен шығады, сол арқылы өзі бұрын да жақсы білем деп ойлайтын

үш адамды жаңа қырларынан көреді, бұл жолы оларды біржолата қапысыз таниды. Сол арқылы пенде басындағы күйбең тіршілікті адам басындағы өрелі өмірге көтеретін рухани мазмұнның жай-жапсарына да қанығады. Повестің идеялық-көркемдік концепциясын барынша айшықты ашуда Сарқынды образының атқарып тұрған қызметі орасан зор. Өзі сал, өзі сері, өзі батыр, парық пен парасатқа да табиғат сараңдық жасамаған.

Осынша қажыр, осынша қайратпен, осынша көрік, осынша ақылмен бақытты болмаудан асқан не қасірет бар? Ажал алдындағы Сарқындының ашынған сәті, жарық күнге деген ашқарақтығы мен ол қалпы көрге кірсе, бауыры суық қара жердің өзін қызыл шоқ қып күйдіріп жіберетіндей күйігі мен өкінішін автор көзбен көріп, қолмен ұстағандай нанымды жеткізе алған. Сарқынды өмірден өкінішпен өтеді. Бақыт көрмегеніне, бақытқа ұмтылмағанына, өз бақытын өзі тонатқанына опық жеп өледі. Осынша бақытсыздығына айыпты да бір өзі. Шонжар тұқымның еркебұлан мырзасы тарих аударып әкеткен бақ пен дәрежені заманнан көрмей, адамдардан көріп, айналасына іші жылымай, өмірбақи көңіліне сыз жиып, қуыс кеуде күн кешеді. Тарихи тауқыметтің әділетсіздігіне түтіндеген соқыр ыза адамдарға деген астыртын жеккөрінішке айналады. Оның көкірегінде қордаланып жатқан бітеу жара түптеп келгенде қоғамға да, төңірегіндегі адамдарға да адам айтарлықтай зардап келтіре алмайды; қайта оның өзін барша адамдық бақыттан жұрдай қып тонап, ақыры құртып тынады. Өмірінің тұл өткенін өлім алдында ғана түсінеді. Сүйтсе, адамды шын бақытты ететін өзгелерге деген адал қызмет пен абзал мейірім екен. Соқыр эгоизм, орынсыз өр көкіректік Сарқынды табиғатындағы күш пен жігерді, ақыл мен парасатты өзіне де, өзгелерге де шарапат қып бұйыртпай, арам өлтірді. Осынау әрі аянышты, әрі қорқынышты тағдыр повестің басты кейіпкері жас жігітке өз әкесі Бөкеннің рухани болмысын да барынша терең түсіндіріп береді. Сарқындының қасында ажар жағынан да, ақыл жағынан да, қайрат жағынан да әлдеқайда қораш, еш сипатымен жарқырап көзге түспейтін қатардағы қарапайым Бөкеннің өз өмірінде жеткені де, бітіргені де көп. Атқа да мініп көрген, бастық та, бағынышты да боп көрген осы бір адам талайлардан алғыс та алды, талайлардан орынсыз қамшы да жеді. Бірақ, Сарқынды секілді алас ұрып қиналмай, шүкірлікпен көз жұматындай көшелі ғұмыр кешті. Өйткені, ол қолынан аз келсін, көп келсін, бәрін өзгелерге, адамдарға

жұмсады. Бұрын да әкесін перзенттік махаббатпен ет бауыры елжіреп сүйетін жігіт енді бұдан былай үлкен азамат ретінде де құрмет тұтатын болды.

Адамдар әділ болса, өмір әрқашан әділ. Әңгіме кейіпкері бала кезінде Сарқындының қатыгездігінен айырылып қалған аяулы қасқа құлынын таба алмағанмен, өз телісін тапты. Қияңқы Сарқындының талай жыл өз тұяғым деп иеленіп жүрген Қаршығасы, түптеп келгенде, одан өнген тұқым болмай шықты. Қаршыға – Бөкеннің баласы екен. Сүйтіп тал бойында талай жақсы қасиеті бола тұра, өз әулеті, өз тегіне тән ғасырлар бойғы қараулық пен қатыгездік үрдістен аса алмаған Сарқынды, шынында да, сарқынды боп шықты. Адам нәсілін, жер бетіне баяндатып тұрған бірден-бір күш – мейірім мен рахым ғана өз жалғасын тауып, өніп-өсіп жатқан болды.

Бұндай финал повестің идеялық-көркемдік концепциясын айқындай түсуге, шығарманың оптимистік үнін күшейте түсуге көп үлес қосып тұр.

«Өліара» – көркемдік мүсінделуі жағынан да, көтерген проблемасы жағынан да, аталмыш повестпен тереңнен тамырласып жатқан туынды. Онда да адамның өз өмірінің мән-мағынасын түгел түсініп болған тұсындағы өжет әрекеті көрсетіледі. Қойшы да Сарқынды шалдай өз өмірінде әлдебір қуыстың барған сайын ұлғайып бара жатқанын көптен аңғарғанмен, оған көзін біржола жеткізе алмай жүрген. Бір кездегі озат оқушы, ақынжанды жас өз көкірегіндегі ізгі құштарлықтың соңына түспей, жігерсіздік жасады. Өзінің рухани талабының алдында опасыздық жасады. Сол ақыры қапы соқтырды. Қаншама еңбекқұмар, қаншама адал, табанды, өзгелерге рахымды, әділ, кең болғанмен, о да, түптен келгенде, Сарқынды құсап өмірден өз орнын, өз бақытын таба алмады. Егер Сарқындыны бақытсыз еткен орынсыз қайсарлығы, қараулығы, өркөкіректігі болса, Қойшыны бақытсыз етіп жүрген орынсыз төзімділік, көкейіндегі көксеген мақсатының жолына бел шешіп шығуға тәуекелі тұрмаған жігерсіздік, тіршілік ағынына бой асыра алмаған ықтама психология. Табиғатынан дарынды, табиғатынан ақынжанды, табиғатынан сезімтал, кітапты көп оқитын көзі ашық жігіт өз бойындағы озық сана мен орынсыз момын, орынсыз нәті жуас, көнбіс характердің арасындағы екіұдай кереғарлықтың тайталасына түсіп, сүлесоқ күн кешіп келе жатады. Тіпті, орындалмай қалған арманының өтеуі қайтқандай да болады. Үлкен ұлы өзі сияқты суретшілікке деген жақсы талабы мен икемін аңғартып тастады. Енді соны өсіріп, соны жетіл-

дiрмек. Оны үлкен медет тұтып қуанғанмен, өзінің бақытсыздығына біржола көзі жетіп, мойынұсынып та алған түрі бар-ды. Бірақ, орынсыз ашқарақтық, орынсыз баққұмарлық шынайы азаматтық бақыт үшін қандай қиянат болса, орынсыз жігерсіздік пен рухани қауқарсыздық, орынсыз көңтері көнбістік те дәл сондай қиянат. Екеуі да адамның азаматтық бақыт жолындағы аршынды күресін мәнсіздендіріп жібереді. Қойшы да өз өмірінің, өз тіршілігінің мәнін жоғалтып алуға айналыпты. Ең азы төрт баламның адал анасы деп жүрген әйелі де бұның басын аяқ асты қылып апты. Түз боранында бір жағынан қойларымен арпалысып, бір жағынан айдалада панасыз қалған балаларына бас-көз боп жүре, мезгілсіз толғақ қысқан әйелінің екі елі қасынан шықпай қиналып жүргенде әкелген қуанышы – өзгенің баласы боп шықты. Бір кезде бұнымен бірге оқыған, нашар үлгерсе де, ебін тауып жоғары білімді маманның дипломын қолға түсірген, құрдас қылып, бұның үйіне ат құрғатпай келіп тұратын зоотехник жігіт көптен бұның төсегіне ортақтасып жүреді екен. Тірі күйік хәлге тап болған қойшы жігіт бәрінен безіп кетеді.

Жазушы сол арқылы жігерсіздіктің, күрескер рухтан ада бос белбеу құлықсыздықтың қаншалықты қатерлі рухани дерт екенін орынды да ұтымды аша алған. Қандай заманда да өз бақыты жолында күресе білмейтін адамның өз өмірін мазмұнды, мағыналы ете алуы еш мүмкін емес. О. Бөкеевтің Қойшысы да содан опық жеді. Оқушы «Өліараның» кейіпкерінің қой баққанына емес, өз арманын, өз бақытын қорғай алмағанына күйінеді. Бұл повестің жігерсіздікке қарсы шығып, әр адамды өз өмірінің мағыналы-мәнді болуы жолындағы өрелі рухани күреске, жауапкершілікке шақыратын өжет пафосы кітаптың әлеуметтік мазмұнын биіктете түскен.

Адамды өз бақытын өзі жұтатпауға, төңірекке сергек қарап, қай қылық, қай әрекетінде де әділ болуға шақыратын «Кербұғы» мен «Табиғат – өмір – адам» да – «Қайдасың, қасқа құлыным» мен «Өліара» көтерген өмір жайлы өрелі әңгімеге өз үлестерін қосып тұрған сәтті туындылар.

Қысқасы, орманшыдай сергек, аңшыдай қырағы анық талант Оралхан Бөкеев бұл жолы «аспан төсін арда емген» Алтайдың нуынан олжалы оралыпты. Сай-сүйегінді сырқыратып, ет жүрегінді езілтетін нәзік сырлармен, ордалы ойлармен оралыпты.

1973.

ӨРГЕ БАСТАР ӨНЕГЕ

Мен Өмірбек Арысланұлының заңғар тұлғасына ұзақ уақыт алыстан көз сүзіп жүрдім. Қырау қабақ Талғар мен Найзағай шың Найзақараны аңғармау қандай мүмкін болмаса, жиырманшы ғасырдың екінші жартысындағы қазақ зиялыларының арасынан Өмекеңдей көксенгірді жыға танымау, таусыла таңғалмау, айырықша бағаламау қолдан келмейтін кеудемсоқтық болар еді. Біреу оған аузын ашып, көзін жұмып қайран қалар, біреу ол дегенде Қорасанға қой айтып тілегін тілер, біреу сыртынан сыпсыңдап, ізін пышақтар. Бірақ, соның бәрі де – оның елден ерек жаратылған бір туар болмысын ерекше бағалағандықтың көріністері еді. Мақтау мен масаттану – әлгіндей даусыз мойындаудың күнге беті де, күндеу мен қызғаныш – көлеңке беті екендігі аян. Мен білетін Өмекең өзгелерді не өліп-өшіп сүйінуге, не өліп-өшіп күйінуге мәжбүр етпей қоймайтын тым шідер үзген шын сүлей еді.

Біздің жақын жуысып, сіңісе білісіп кетуіміз ұлттық тарихымыздың келеңді кезеңіне тап келді. Ел дегенде жанын, халық дегенде қасық қанын аямайтын қалтқысыз патриот, қайсар азаматтығына үш дүркін депутат болып, парламентте тізе қосысып, қызметтес болған жылдарда көзім әбден жетті. Ол тәуелсіздігімізді сақтап қалу жолында қолдан келетін нәрседен де, қолдан келмейтін нәрседен де тайынбауға бар еді.

Жанқиярлық – оның адамдық табиғаты мен азаматтық болмысының ең басты сипаты болатын. Ғылымда жанқиярлық жасап, қазақ зиялыларының қолы сирек жеткен салада әлем мойындаған әйгілі мектеп жасақтады. Шығыс дүниесінде инженерлік істің кең өрістеп, терең сіңісуіне ондай ынты-шынтын салған тұлғалар арғы-бергіде кем де кем. Ұлтымыздың жеткіншек ұрпақтарын әлемдік бәсекенің аяусыз додасына алдын-ала әзірлеп, алдын-ала шыңдау шаруасын кешегі тоқырау заманының өзінде бірінші болып қолға алған сол еді. Біздің нағыз ұлттық университетіміз Өмірбек Жолдасбековтың тұсында және оның аянбай сіңірген қажыр-қайратының

арқасында ғана дүниеге келді десек, артық айтқандық болмас. Тек сол кезде ғана ол қарапайым жоғарғы мектептен ұлттық санамыз бен ұлттық зердеміздің қырандардың қияға салған ұясындай аса биік, аса мәртебелі Ордасына айналды. Өмірбек Арысланұлының бойындағы әрдайым жанартаудай лапылдап жататын күш-жігер, терең білік, ұйымдастырушылық талантты мейлінше ықтимал пайдалана алғанымызда өтпелі заманда ғылым мен білімнің жолында жолықпай қалмас талай асуы дәл қазіргідей тауқыметті көрінбеуі де ғажап емес еді.

Иә, ол алға түскенде асқардың өзі аласарып, ауырдың өзі жеңілейіп, асаудың өзі жуасып сала беретін қасиеті бар еді.

Иә, оның жанындай сүйетін туған халқына сіңірер еңбегі, тәуелсіз елінің көгеріп-көркеюіне қосар үлесі әлі де аса көп еді.

Шүкір ететініміз: бағалай білсек, сол асқар таудай армандарынан жүзеге асырып үлгергенінің өзі де ұланғайыр. Оның көрсеткен тағлымы – жиырмамыншы ғасырдың екінші жартысында қанатын қаққан қазақ зиялыларының көпшілігінің көкірегіне мәңгілік қонақтап қалды. Оның шәкірттері қазақ даласының қиыр-қиырында, әр ауыл, әр шаңырағында жаңа ғасыр мен жаңа мыңжылдықтағы ұлттық болмысымыздың іргетасын қаласып жатыр.

Өмірбек Жолдасбеков – жиырма бірінші ғасыр мен үшінші мыңжылдықта қазақ азаматының алдынан шығар терең зерделілік пен іскерлік алғырлықтың, азаматтық қайсарлық пен күрескерлік табандылықтың, ізденімпаздық пен дәйектіліктің мейлінше қатал талабына жиырмамыншы ғасырда жүріп-ақ ойдағыдай жауап бере алған айтулы саңлақ еді. Талай ғасыр есесі кетіп, тауы шағылған қазақ руханиятының талантымен тау жыға алған тарланы еді. Қазақ рухының нағыз Геркулесі еді. Оның қалдырған мұрасы әрідегі әл Фараби мен берідегі Қаныш Сәтбаевтар асқақтатқан асқар биіктер сенгірін аласартпай жалғастырып, оның көрсеткен өнегесі келешек ұрпақтар алар асқар асуларға қарай қаймықпай қанат қағар арман құсы боп алға самғай бермек.

Тамыз, 1999 жыл.

ҚАДІРЛІ ХАСЕН АҒА!

Сіз қойған сауалдар менің әлі жеткілікті ойлана қоймаған жәйіттерім болып шықты. Біз әлі кейінге көз тастауынан ілгері «өңмеңдеуі» көбірек «тоқты» буынбыз ғой, содан ба, сіздің ұсынысыңыз, қапелімде, біраз ыңғайсыздау көрініп еді. Алайда, әдебиет ғылымы тек дайын шығарманы ғана қорек етпей, кейде қаламгердің өзіне де осылай төтен «килігіп» тұруға қақысы барлығын ескеріп, жауап жазуды мақұл таптым.

Қазір баспасөзде жиірек жазылатын Жетібай мұнай кенінің 30-35 шақырым терістігінде арқадан айсберг сықылды тағаша иілген ақ шаңқан шыңдар, күнгеіден текше-текше шағылдар қоршаған оймақтай ғана ой бар. Шыңның етегі – айнадай жалтыраған аппақ сор, құмның етегі – ну құрақ. Сор мен құрақтың арасы бір бетіне ши, бір бетіне бидайық өсетін тепсең. Сол тепсеңде, біреу құмның күн шығыс, екіншісі күн батыс құйрығында, үшіншісі дәл бел ортада Басқұдық, Мырзайыр, Егіз деп аталатын үш құдық бар. Ежелгі суаттар. Өткен ғасырдың жетпісінші жылдары Хиуа жорығына қатысқан Кавказ отрядының басшысы, бас штаб полковнигі Н. Ломакиннің жазуынша бұл үш құдықтан екі мыңнан астам жылқы суаруға болатын көрінеді. Көне жазбаларға қарағанда, арғы-бергіде бұл құдықтан ат суарған жаңғыз Ломакин болмаса керек. Әлгі дәл бел ортадағы құдықтың атымен бүкіл тығырық ой Мырзайыр аталады.

Мен 1939 жылы 6 декабрьде сол Мырзайыр аталатын құдықтан жүз қадамдай күн батыс бетте көне жұртта киіз үйде туыппын. Келер жылы жазда Таушық деген жерде ашылып жатқан көмір кеніне көшіппіз. Әкем Сталинград шайқасында қаза тапты. Оны ақырғы рет 1943 жылы 19 ноябрьде кешкі елең-алаңда барлауға аттанғалы жатқанында көрген ауылдас досы, құрдасы Құлбасов Қайыр әлі тірі. Біз 1949 жылы туған ауылымыз Оңдыға қайта көшіп келдік. Өзім туған Мырзайырды сонда көрдім.

Азамат, қаламгер ретінде рухани қалыптасуыма айырықша ықпал еткен екі күш деп туған өлкем мен өткен соғысты есептеймін.

Мен өсіп ер жеткен ауылдың аты: қалмақша – Оңды, түрікпенше – Қызылтам. Ауылдың дәл алдындағы кебір жал – Ноғай төбе. Күн батысында – Күйік төбе. Күн шығысында – Үлкен Қырғын, Кіші Қырғын. Бұлақтары – Шоң, Оңды, Дойдан, Қызылтам, Қойлан, Қойжақ, Үңеже... Сәскелік жерлердегі қара жолдар – Қарауыл Күмбет, Ақ Үйік. Желкеде – Жезді, Көкбұлақ, Бескемпір, Барыс, Шағала...

Топонимдік атаулардың өзі талай сырды шертіп тұрғой. Арғы каспилер, гуздер, аландар тұсында не болғанын білмеймін, өлкені қалмақтар, ноғайлар билеген тұста хан ордасы осы тұщы бұлағы мол Оңды маңында болыпты дейтін тиіп-қашты мәліметтер бар, бергі кезеңдерде де мұндай қолайлы қоныс құр жатпапты.

Оны Қаратау бойы түрікмендерінің басшысы Әжнияз бек қоныстаныпты. Кейін өлкені қазақтар алғанда бұл қоныс менің алтыншы атам Тағанның қолына көшіпті. Тағанның әкесі Қожаназар Жаңаев өз заманында ықпалды кісі болса керек. Өйткені, оның бір баласы байбақты руының биі, атақты Сырым Датовтың туған атасы Шоланның қызына үйленсе, екінші ұлы Таған «Қазақ энциклопедиясына» Есенқұлов Есет деген атпен кірген кіші жүз қазақтарының қалмақтармен шайқасында айырықша көзге түскен Есек батырдың қызына үйленіпті. Орыс ориенталистері көп жазған Сырым Датовтың Жем бойында өткен асына жиендері біздің аталарымыз да белсене атсалысыпты. Ал, менің атам Тағанды түрікмен бегі Әжнияз өкіл бала тұтқан. Соның арқасында Кетік қамалының қасындағы Қаракөз, Қаңға бұлақтарын, Қаратау бойындағы Шоң, Оңды, Дойдан, Қызылтам бұлақтарын біздің аталарымыз иемденіпті. Бұны полковник Н. Ломакин жазбалары да растайды. Онда аталмыш бұлақтар әлменбет биі Өтек Көпжасаровтың қол астында деп көрсетілген. Өтек Көпжасаров – Таған Қожаназаровтың туған немересі, менің төртінші атам.

Сол біздің ата қоныс, кейін колхоз орталығы болған Қызылтам маңының топырағы қып-қызыл-тұғын. Қызыл төмпектерді сәл шұқып қалсаң – үйіліп жатқан күпкүрең қыш кірпіш... Оңды-солды шашылып жатқан фарфор, құмыра сынықтары. Бұл жердің «Қызылтам» атануы да тегін болмаса керек. Біздің ауылдағы ескі бейіт

те қызық еді. Оған қойылған ескерткіштер де қызық еді. Тастан қашалған, өне бойын қына басып кеткен арыстан мүсіндеріне мініп ап, қылыштасып ойнаушы ек. Ежелгі мүсіншілер қай арыстанның қай жынысты екенін бейнелеуді де ұмытпапты. Оларда қазір не қалғанын, қаншасының жел мүжіп, тозаңға айналғанын, қаншасының бізден кейінгі тентектерден жәбір көріп қирап біткенін анық білмеймін. Іздеген кісі әлі де жұрнағын таба алатынына сенімім кәміл.

Жалпы біздің жақтың қай бейітінде де жиюлы көне кітаптар, ескі сауыт, найза, қылыш, құрал-сайман қалдықтары көп болушы еді.

Осындай «арыстанды» ауылда өскен мен бала кезімде көп нәрсеге қызығушы едім. Сондай әуейліктің салдарынан кейде кен қараған экспедицияларға ілесіп айлап, апталап «жоғалып» кетіп те жүрдім. Академик И. И. Бок, ғалым геологтар А. Г. Каримов, Д. Хайрутдинов, Ю. Ф. Мячиндер – менің бала күнгі достарым. Олар мен мектепте оқып жүргенде көпке дейін Алматыдан, Воркутадан, Ташкенттен хат жазып тұрды. Геолог бол деп үгіттейтін.

Елуінші жылдары шағын топты бастап Маңғыстаудың архитектуралық ескерткіштерін зерттеуге белгілі сәулетші ғалым М. Меңдіқұлов барды. Ол кісінің есінде бар-жоғын білмеймін. Бірер күн оларға да ергенмін. Сонда ол ағай маған геолог емес, не архитектор, не археолог бол деп ақыл айтқан. Солардың әсерімен геология кітаптарымен, Маңғыстау жайлы әдебиеттермен әуестендім. Соның нәтижесінде көкірегіме түйіп үлгергендерімді «Жұлдызға» өткен жылы жарияланған «Ұйқыдағы арудың оянуы» дейтін историографиялық очеркімде ортаға салдым.

Келе-келе әлгіндей армандарымды әдебиетке деген құмарлығым жеңіп кетті. Бірақ, бала күнгі арман өлкенің өткенін білуге құштарлыққа, ал ол жалпы тарихқа деген ықластылыққа жетеледі. Мен кейде тарихи тақырыпқа үйірлігімнің бір себебі осында ма деп қаламын.

Соғыс тұсында жетімдер мен жесірлер, кәрі құртандар мен мүгедектер арасында өткен жыртық өкпе балалық шақ арманшылдықпен қоса адамдарды түсінуге деген ыждаһатқа, әсершілдікке, сезімталдыққа баулыған секілді. Бала кезімде көрген кісілерім шетінен жақсы адамдар еді. Олардың арасынан мен қазір қазақ прозасында көп жазылып жүрген қамшысынан қан тамған

басқармалар мен бригадирлердің, бармақ басты, көз қыстысы көп қайнағалар мен келіндердің ешқайсысын көре алмаппын. Әкемнің қаза тапқанын естірткенде, жіліншігім сынып, шыбын жаным көзіме көрінгенде, жалаң аяқ қар кешіп, бір жаз, бір қыс мешел боп отырып қалғанымда, атан-түйеден жығылып, жылан шағып, шаян шағып, қызылша шығып, қарамық шығып, көк жөтел тиіп, талай рет өлім аузынан қалғанымда асты-үстіме түскен аяулы жандардың аялы алақандарының маңдайымда әлі күнге кетпей тұрған ыстық табы маған ол кездердегі адамдардың ғана емес, қазіргі адамдардың да кейбір кедір-бұдырын көрсем де кесіп-пішіп үзілді-кесілді баға беруден тартынтып тұрады. Мен адамдардан, әсіресе, аға ұрпақ өкілдерінен көп жақсылық көрдім. Азғантай өмірімде адамдар істеген талай-талай рухани ерліктерге, мәрттікке куә болдым. Олардың алдында менің өтелмеген азаматтық, қаламгерлік қарызым өте көп.

Сүйтіп, менің қораштау творчестволық жолымда екінші бір тақырып сүрлеуі осылай басталды.

Біз әлі жер ортасына жете қоймасақ та, қиын да қызық тарихи кезеңде өмір сүріп отырмыз. Ол біздің ертерек есеюімізге әсер етіп қана қоймай, байыпты, байсалды еңбек етуге міндеттейді. Біздің көрген, естіген, оқыған бір деректің төңірегінде ғана айналсоқтап қалмай, оны тарихи перспектива арнасында жан-жақты қарастырып, кең толғап, кемел зерттемеске қақымыз жоқ. Біз адамдар бастан кешкен, адамзат бастан кешкен талай тарихи, әлеуметтік, саяси, рухани сындардың шет жағасын көре қалдық. Ендеше соншалықты күрделі де шытырман адамдық болмысты тыңғылықты зерттеп, шынайы көрсетпеске қақымыз жоқ. Біз күллі адамзат күн сайын алқалы жиын шақырып сұхбаттасар келелі кезеңде ер жеттік. Ондай ұлы мәслихатқа өз халқымыздың да белсене араласқанына куә боп отырмыз. Ендеше, оның әлем алдында айтар әңгімесінің мәнді де мәнерлі болғанын ойламасқа, саяси, әлеуметтік теңдік алған жұртыңның осы заманғы цивилизация биігінен, өзгелермен иықтас шынайы рухани теңдік биігінен көрінуін ойламасқа қақымыз жоқ. Демек, әуелден-ақ салымы ауыр біздің буынның суреткерлік талабына да оңай бақыт жазылмаған. Кейбір замандастарымның аузынан анда-санда шығып қап жүретін «біздің жасымызда пәленшекендер пәлен бопты, түген бопты, біз неге

сондай болмадық» дейтін бопсаны тіптен мақұлдай алмаймын. Біз алдымызға заман қойған, туған мәдениетіміздің диалектикалық өсіп-жетілуі логикасы жүктеп отырған өрелі талаптар деңгейінен әлі шыға алмай жүрміз. Сондықтанда жұрт бізге өкпелемесе, біздің жұртқа өкпелер ретіміз жоқ.

Мен бір семьяда еркек кіндіктен жалғыз боп өстім. Кішкентайымда қыздармен қуыршақты көп ойнап ем. Содан ба, жанр таңдауда да, тақырып таңдауда да бірден жағаға жармаспай, именшектік жасап, өзімді өзім осы кезге дейін сынау-барлаудан өткізіп келемін. Бірақ, прозаға, әлеуметтік-адамгершілік тақырыбына біржолата ат байлап қалар сыңайым бар-ау деймін. Жазатын материалым өткен заманға да, осы заманға да, қазақ тарихына да, жалпы адамзат тарихына да бірдей қатысты болуы әбден мүмкін. Алайда, шығармама қандай материалды арқау етсем де күні бүгін сіз бен бізді шындап толғандырып жүрген шымбайға бататын проблемалар төңірегінде, еңбектенуді айырықша мақсат тұтамын.

Біз тал шаңырақтың астында туып, тал бесікте жатқандардың соңымыз. Көшпелі тұрмыспен әлі түгел қоштасып та үлгергеніміз жоқ. Әр көктем сайын көгал дөңдерге қаздай тізіліп қатар қонған ақ шаңқан ауылдар түсімізден шықпайды. Әлгі күнге уызды сағынамыз, міне салып құйғытып шаба жөнелер тайды, көре салып қуа жөнелер қозыны сағынамыз. Ориенталистер өткен ғасырда-ақ көзі құрып кетпей тұрып қағазға түсіріп үлгеруге асыққан этногеографиялық жағдаяттарды өз басымыздан толығымен өткердік. Енді тарих өз тағдырында жартылай патрихальдық тұрмыспен коммунистік үрдісті бірдей тоғыстырған біздей ұрпақты тумамайды. Біз өз буынымыздың рухани тәжірибесін қас-терлей білуге, оның бір тамшысын зая қылмай, көркем бейнеге көшіре білуге тиістіміз. Біздің тарихи тақырыппен бүгінгі күн тақырыбында қатар еңбектенуіміз әбден заңды деп білемін. Қажет десеңіз, ол біздің буын үшін тарихи парыз.

Тек біздердің ғана көріп, естіп білгеніміздің өзі-ақ халқымыздың саяси салымы әр заманда әр қилы болғанымен оның күллі адамзатты толғандырған әлеуметтік, моральдық, тіпті дүниетанымдық ізденістерден ешқашан қағыс қалмағанына, оның жан дүниесіндегі рухани ізденіс бір сәт те толас тауып көрмегеніне көзімізді айқын жеткізеді. Біздің халқымыздың рухани

өмірінде саяси проблемалардан гөрі адамгершілік проблемалары үстемірек орын алған сияқты. Қазақстан «азамат» деген ұғымында ел алдындағы, өзгелер алдындағы парыз бен қызметтің үлесі басымырақ. Сондықтан да мен ұлттық характерлердің әсіресе этикалық-моральдық мазмұнына көбірек ден қоюға тырысамын. Мен «Дала балладалары» деп аталатын повестер циклінде осы ұғымды жеткізуге тырыстым. Өткен ғасырлар материалындағы «Аңыздың ақырында» да бүгінгі күн тіршілігінен алынған әңгіме-повестерде де адам арының азамат қалыптастырғыш, қоғам қалыптастырғыш жасампаз күші мен пендешіліктің күйретуші күшін пайымдап көруге талпындым.

Бақыт жолындағы күрес төңірегіндегі кереқар ұғымдар, адам бақытының адамгершілік құны, шынайы бақыт пен эгоистік ашқарақтық – менің бүгінгі таңда айырықша құнттап жүрген тақырыбым. Бұған дейінгі жазып келгенім де, жазбағым да осы төңіректен өрбиді.

Адамзаттың ежелгі мұраттары қоғамның әлеуметтік дамуы программасының нақты міндеттері болып белгіленген тұста өмір сүріп отырған біздің замандастарымыз үшін адамгершілік, мораль, этика проблемалары орасан зор саяси маңызға, революциялық сипатқа ие болды. Сондықтанда мен адамгершілік проблемаларын осы заманғы тақырыптың бірден бір әлеуметтік өзегі деп білемін.

Мен әдебиетте іскер адамды да, қарапайым адамды да емес, рухани күшті адамды көрсетуді жақтаймын. Мен үшін рухани күштілік – ар тазалығы, сезім шынайылығы, мұрат тұрлаулылығы. Арлы адам – ең күшті адам. Өйткені, ол өткінші бақыттың, өткінші қайғының ырқына мойын ұсынбайды. Сондықтанда оның тағдыры қиын болуы, ауыр болуы мүмкін, өкінішті болуы мүмкін емес.

Осы заманғы әдебиет рухани максимализм пафосын барынша күшейтпейінше өзінің гуманистік мүддесіне жете алмайды. Қазіргі цивилизацияның көптеген техникалық жетістіктеріне адамзат жеткілікті әлеуметтік, саяси, рухани әзірлікпен келген жоқ. Сондықтанда, адамның бақытты болуына барша әлеуметтік, саяси, экономикалық жағдай жасап бағатын қоғамның өзінде де кез келген жұмыр басты пенденің бақытты бола бермеуі мүмкін. Ол үшін әркімге өрелі тарихи жауапкершілік сезімі, рухани инициатива керек. Ондай сипат әдебиет пен өнердің қатысынсыз қалыптасуы еш мүмкін емес.

Қазіргі гуманистік әдебиет адамдарды рухани енжарлықтан, жалқаулықтан, көрсе қызарлықтан, ләззатқұмарлықтан, баққұмарлықтан, даңққұмарлықтан сақтай білуге тиісті.

Индивидуалистік психологияның күйретуші күші кісіні кісі қанайтын қоғамдық қатынасты құртумен бірге құрыған жоқ. Гуманистік мораль үшін кешегі кісі еңбегін қанап байлық асырғысы келетін озбыр индивидуализм мен бүгінгі жұрттың бәрінен озып, бәрінен артық тұруға ұмтылатын оспадарсыз эгоизмнің арасында ешқандай айырмашылық жоқ.

Мен өз басым әдебиеттің негізгі міндеті әшкерелеу де, дәріптеу де, ақыл айту да, алдарқату да емес, адамдарды, адамдық тіршілікті әуелі өзің жете түсініп, сосын оқушыңды жете түсіндіріп, оның өзін-өзі рухани шыңдай білуіне түрткі болу деп ұғамын.

Қазіргі ғылыми-техникалық прогрестің еңбекті жеңілдетуін өмірді жеңілдету деп ұғатын шалағай түсінік суреткерден әлеуметтік көзқараста мейлінше табандылықты, өмірді зерттеп білуде мейлінше ұшқырлықты, өмірлік шындықты жеткізе бейнелеуде мейлінше тапқырлықты талап ететіні белгілі.

Бұл жолда қазіргі қазақ қаламгеріне бір ғана ұлттық тәжірибемен шектелу өте-мөте аздық етеді. Сондықтанда, менің көркемдік жолындағы ізденістерде ұстанатын қағидам, орысша айтқанда – ни чем не пренебрегать, ни чем не злоупотреблять!

Әдебиет мойынындағы парыздың күшеюі қаламгердің қарақан басына қойылатын талаптарды да күшейтері хақ. Кім-кімнің де өзін тайға басқан таңбадай ап-анық біле қоюы, білген күнде де сол білген қалпында айта қоюы екіталай ғой.

Мен, неге екені белгісіз, қоғам алдында адалдығы суреткерлік батылдығымен үйлесім таба алатын, оқушы алдында көзге түсуден гөрі көңілден шығуға тырысатын, қаламдастары алдында озып кеттім дейтін де, қалып кеттім дейтін де қаңқусыз, қақ-соқсыз, өзінің жұрт алдындағы қадірін білетін, бірақ соны айтуға қолы да тимейтін, аузы да босамайтын, арғымақпын деп адыраңдамайтын да, тұғырмын деп өз тұяғын өзі қажап тұғжыңдамайтын да орнықты қаламгерлерге ішім бұрады да тұрады.

Творчество адамына баққұмарлықтан басқа барша қанағатсыздықты, қорқақтықтан басқа барша тағатсыз-

дықты, ішмерез қараулық пен күншілдіктен басқа барша менменшілдікті, көлгірліктен басқа барша көңілшектікті, басбұзарлықтан басқа барша даңғойлықты кешіре білгеннен ешкімнің ештеңесі кетпейді деп түсінемін.

Ал, кешіре алмайтыным – қоғамдық, партиялық, ұлттық ұлы қағидаларды, қасиетті ұрандарды бір басының мерейін асыру үшін оңды-солды желеулетіп бағатын «ішкі рыноктағы» идеологиялық алыпсатарлық, бүгін батыр, ертең пақыр, бүгін қызыл, ертең боз, өзгелерді желкелеп жүріп өзім жұрттан таяқ жеп келем деп екі етегін көл қылатын, бақытқа шолпып отырып бақытсыз боп монтанситын, Мұқанша айтқанда, «жылап жүріп зорлық қылатын», өзі қос үйді қоса қондырмай отырып, басқаларға шырық бұзар деп жабысатын рухани сайқалдық.

Мен ешқашан бірыңғай творчестволық қызметпен шұғылданып көрген жоқпын. Өндірістен қол үзбей дегендейін, белгілі бір мекемеде қызмет істей жүріп жазу қаламгерге әлеуметтік өмірді, әлеуметтік мүдделер тартысын жақын көріп, тыңғылықты зерттей жүруге жағдай жасайтыны даусыз. Ал, уақыт жағынан қолайсыздық көрсетері, сірә, түсінікті. Менің жазатын уақытым – жұмыстан кейінгі екі-үш сағат пен жыл сайынғы кезекті демалысым. Содан ба, әлде басқа да себептері бар ма, анық айта алмаймын, әзірге жарық көрген еңбегім: бір өлеңдер кітабы, бір сын кітабы, бір роман, алты шағын повесть, бірнеше әңгіме, очерк, сапарнамалар. Бұдан басқа Мопасанның «Өмір», «Пьер мен Жан» романдарын, Шекспирдің «Король Лир», Ибсеннің «Үрей», М. Кәрімнің «Ай тұтылған түн» трагедияларын, Карл Гоццидің «Турандот ханшайым», Макс Фриштің «Дон Жуанның думаны» комедияларын, Л. Толстойдың, И. Буниннің, Ш. Айтматовтың жекелеген әңгіме-повестерін қазақшаладым. Лев Толстойдың «Соғыс пен бейбітшілігін» аударуға қатыстым. Биыл жаңа әңгімелер мен повестер кітабын жазып біттім. Жекелеген шығармаларым орыс, неміс, поляк, венгер тілдеріне аударылып басылды.

Ал, жоспар... Жоспардың қашан да мол болатын әдеті ғой. Оны қашан орындалғанша ауызға алуым ертелік етеді.

Сіз қойған сауалдарға менің айтар жауабым әзірге осындай.

Құрметпен Әбіш КЕКІЛБАЕВ

2 апрель, 1977 жыл.

ҚҰДІРЕТ

Жүз елу жыл. Қуыс өзек жанға көп көрінетін бір жарым ғасыр былайғы ғалам үшін бар болғаны қас-қағым ғана сәт. Сонда адамзаттың Толстойды білгеніне жүз елу жыл әлі тола қоймағанын ойлағанда қайтып таң қалмасыз. Егер дүние бір кезде күн көзінсіз өмір сүріпті десе сене қояр ма едіңіз. Сол сияқты қазіргі адамзат мәдениетін де «Соғыс пен бейбітшіліксіз», «Анна Каренинасыз», «Арылусыз», «Хажы Мұратсыз», «Крейцер сонатасынсыз», алып жазушының қаламынан туған әрқайсысы бір-бір әлемге барабар ұлы шығармаларынсыз көзге елестете алу мүмкін бе, сірә!

Жер асты қозғалыстарының әлде бір сиқыр құдіретімен ғайыптан пайда болып, кейін кең әлемнің төрінде мәңгі бақи орнап қалатын ақар-шақар асқар шыңдар сияқты адамзат алдындағы қадір-қасиеті тек бір ғана ғұмырдың ауқымымен өлшенбейтін елден ерек ересен тұлғалар жұмыр бастылар арасында да ұшырасады. Ондай сирек туатын адамның өнегелі өмірі бақилығы мен баяндылығы жағынан өлмес-өшпес табиғаттың өзімен ғана бәсекеге түсе алады. Адамның рухани өмірінің табиғи өмірінен қадірін асырып, тіршіліктің барша мән-мағынасын бір өзі иемденіп кететіндігі сондықтан. Күн мен түнге, ерте мен кешке, ыстық пен суыққа, аштық пен тоқтыққа бірдей тәуелді табиғи өмір таусылмай да сарқылмай тұра алмайды. Ал рухани өмір қысқа адым, келте ғұмыр табиғи өмірдің көкірегiнен жаралғанмен уақыт өрісінде өз бағытын өзі тауып, өз тағдырына ие болады.

Толстой дүние салғалы табаны күректей алпыс сегіз жыл өтті. Ол екі ортада мынау жер бетінде неше мың пенде дүниеге келіп, дүниеден кетпеді! Арасында ауыздарымен құс тістеп Ай асты ғаламды айран-асыр қалдырғандары да толып жатыр. Толстой олардың ешқайсысын білмейді, ал олар ше... Күніне қанша мың пенде онымен сұхбаттасып жатады! Күніне қанша мың адам оның кеменгер ақылынан емін-еркін сусындап, кемел мінезіне тәнті болады! Жер бетінде көлеңкесі де жоқ осы бір қайсар парасат иесін күніне қанша мың

жүрек жан-тәнімен беріле сүйеді десеңізші! Күніне қанша мың адамның жанарындағы жарқын нұрда Толстой ақыл-ойының оты мен уыты, күніне қанша мың адамның жанарындағы кіреукеде, олардың тек өз тағдырларының ғана емес, данышпан суреткерлердің қаламынан жаралып, адамзат қоғамының өлмес-өшпес мәңгілік мүшелеріне айналған Пьер Безуховтың, Қажымұраттың, Наташа Ростованың, Константин Левиннің, Анна Каренинаның, Катюша Маслованың, Платон Каратаевтың, Герасимнің, төрт аяқты тағдыр иесі Холстомердің кейде бұлтты, кейде шуақты аяулы өмірлерінің көлеңкесі де мөлдіреп тұнып тұрады десеңізші! Біз күн көзінің шапағатты сәулесінен жасарып-жаңғырып жатқан жайсаң табиғаттың жаңалықтарын елеп-ескере бермейтініміз сияқты кемел ақыл иесінің көкірегін жарып шыққан көркем сөздің адамның жан дүниесіне қандай өзгеріс орнатып жатқанын да бәр-бәр уақытта байқай қоймаймыз. Әйтпесе, Лев Толстой жер бетіндегі тірліктің әліппесін енді ашқан талай ұрпақты Адамның әлеуметтік өмірі атты, Адамның жан дүниесі атты шексіз ғарыштың не бір шырқау биіктеріне самғатқанын кім білмейді дейсіз. Толстой қадамы қызметке кіріскелі бергі ғасырдан астам уақыт ішінде жұмыр жердің қай пұшпағында қай күні қай кісі істеп жатқан ізгілік атаулының бәріне де Толстой сөзінің, Толстой өнегесінің қатысы бар. Адамның адам, адамзаттың адамзат атануына Лев Толстойдай үлес қосқан кісі кемде кем.

Шын құдірет! Ақылға сыймастай құдірет! Толстой шығармаларын оқып отырып, осынша кереметтің өзіңіз сияқты жұмыр басты жан иесінің қолынан қалай келгеніне таң қаласыз. Өзіңіздің де сондай керемет қолынан келе алатын адам деп аталатын айрықша нәсілден өніп-өрбігеніңізге мақтанасыз. Кемел ақыл иесі шақырып отырған қиянатсыз қоғам, кесапатсыз өмір, ізгілікті адамзаттың қиялы емес шындық екеніне кәміл иланасыз. Толстойды оқығанда адам адамнан басқа ештеңеге де таңқалмайды, адамнан басқа ештеңеге де сенбейді.

Ұлы жазушының ұлағатты творчествосымен дидарласқан кісі бастан кешпей қоймайтын, ауызбен айтып жеткізе алмайтын, осы бір сиқырлы халді мынау жұмыр жердің үстіндегі тіршілік орынында тұрса, әлі де талай-талай миллиардтаған жандар өз бастарынан өткерерлері хақ.

Ұлы өнеге, ұлы өмір, ұлы өнердің уақытқа мойын ұсынбайтындығына Толстойдан артық мысал табу қиын болар.

Адамзаттың рухани өмірінің осынша құдіретінің сырын жапан түзде жалғыз өзі ойға батып пұшайман болған ақын қалай ғана дәл түсінген!

Өлді деуге сия ма, айтыңдаршы,
Өлмейтұғын артында сөз қалдырған...

Түлкі тымақты қазақтың аузынан ақыл иесі жандардың бәрі-бәрі қалтқысыз мойындайтын сара ақиқат саф алтындай домалап түсе қалыпты.

Баяғы Гомер мен күні кешегі Толстой арасындағы адамзат маңдайына біткен тіптен санаулы данышпандардың кереметтігін бұдан артық түптеп, түбегейлеп түсіндіріп беру мүмкін бе өзі?! Самала астанадағы салихалы қауым айтып үлгере алмай жатқан ақиқат салхар сахараның бір қиырында күңірене күн кешкен ақынның көкірегіне кеп түнепті.

Қазақ аулының түндігінің астында ойға батқан ақын қазақтың жас ұрпағы «Салтыков пен Толстойға» ұмтылмай, шен-шекпенге ұмтылады деп күйінеді. Ол қылышын жалаңдатып қышқыра келетін жезмұрт урядниктердің айқайынан қорқып қалған қос үрей сахарада отырып, арттағы ұрпаққа өз маңындағы жақсылар мен жайсаңдарды емес, жер түбіндегі Толстойды өнеге қылып тартады. Сөйтіп, ол кезде қолына әлі кітап ұстай қоймаған қазақ жұрты адамзаттың ең ұлы жазушысына деген ыстық лебізін өзінің ең кемеңгер ұлының аузымен көзінің тірісінде-ақ айтып үлгеріпті.

Таңданарлық жәйт! Бірақ, бұл адамзат аталатын қауымның рухани тұтастығының құдіреті! Қазір жер бетінде екінің бірі білетін осынау ақиқаттың күллі адамзатқа ортақ қағидаға айналғанына онша көп уақыт бола қойған жоқ. Бұрын біреу білгенмен біреу біле бермейтін мұндай әлемдік шындықтарды даусыз ақиқат етіп мойындату үшін де төтен ерлік, елден ерек ерен таланттар керекті. Адамзаттың өз данышпандарын құрақ ұша құрметтейтіндігі де сондықтан-ды.

Бұрын шетсіз-шексіз көрінетін жұмыр жердің алапат ғарыштың төсіндегі жүрек секілді жұдырықтай ғана нәрсе екенін көзбен көріп, көңілмен ұққанымыз сәуір аспанына шығандап шығып қайтқан Гагарин ерлігінен кейін ғана емес пе?! Сосын-ақ адам санасы бұрынғыдай

емес жер тағдырын өз тағдырындай көріп, көбірек ойлап, көбірек қамдай бастаған жоқ па?!

Ғасырлар бойы бірін-бірі білмей-көрмей, білсе де шала-шарпы құлақтанып келе жатқан көп ұлт, көп нәсілдің бір-біріне атымен ұқсамайтын кереғар, әр ұдай, әртекті, ала-құла әлеміш дүние емес, бір табиғат, бір өзек, бір мүдде, бір нәсіл – адамзат екенін айқын ұғуда да рухани әлемнің ғарыштық шырқауларына самғап көтеріле алатындай алапат талант керек. Сондай құдірет дарыған санаулы саңлақтардың бірі – Лев Толстой.

Ол өзі көтерілген рухани ғарышқа күллі адамзатты да бірге самғатты. Оның әйгілі «Соғыс пен бейбітшілік» романы адамзат аспанында тек Толстой ғана көріп, тек Толстой ғана ашқан бір өзі бүтін бір галактика.

Бұрын-соңды әдебиетте бүтін бір тарихи оқиғаға, бүтін бір тарихи кезеңге, заманға, бүтін бір ұлтқа лайық не керемет туындылар туған-ақ шығар; бірақ бөлінбес біртұтас күллі адамзаттың өзіне лайық ұлы шығармалар шығанда бір-ақ қылаң беретін. Сондай сиректің бірі – «Соғыс пен бейбітшілік».

Осынау әйгілі шығарма күллі адамзатқа тарихи дамудың бар сырын көзбен көріп, қолмен ұстатқандай қылып жарқыратып жайып салды. Тарих, тарихи оқиға, тарихи адам, тарихи даму... Осынау ұғымдардың ұлы түйіні – халық. Тарих үшін халықтан құдіретті күш жоқ. Тарихтың қозғаушы күші – әйгілі көсемнің сұңғыла ақылы да, әйгілі билеушінің көрген саясаты да, әйгілі қолбасшының көзсіз ерлігі де емес, халықтың өміршең мүддесі мен соның жолындағы жанқиярлық күресі. Бұл әлеуметтік аксиоманы Лев Толстойға дейін ешбір суреткер тап бұлайша жеріне жеткізіп көркемдік шындыққа айналдыра алған емес-ті.

Ұлы суреткер өз эпопеясында тек бір ғана мемлекеттің тарихында маңызды орын алатын, тек бір ғана ұлттың басын оздыратын, тек бір ғана дәуірдің күрделі әлеуметтік шындығын қамтитын оқиғаның жай-жапсарын суреттеп қоймай, күллі адамзат қоғамының басындағы бақ пен маңдайындағы сорды ашып берді.

Адамзаттың арғы-бергі тарихында 1812 жылғы Отан соғысы сынды ірі оқиғалар талай-талай ұшырасқан шығар. Олар туралы талай-талай шығармалар жазылған шығар. Оларға талай ұрпақ таңдай қағып тамсанған да шығар. Бірақ, олардың ешқайсысы «Соғыс пен бейбітшілік» сияқты барша адам нәсілінің әлеуметтік санасын

есейтіп, рухани дүниесін шыңдаған нағыз күллі адамзаттық университетке айнала қоймапты.

Лев Толстой 1812 жылғы Отан соғысындағы жеңістің себептерін ашуда буржуазия тарихшылары концепцияларының да, ұлттық эгоизмнің де тар ауқымынан биік тұра білді. Ол ұлы жеңістің түпкі сырын француздардың орыстардан гөрі шалағай соғысқанынан, Франция маршалдарының Россия генералитетінен гөрі талантсыз болғандығынан, император Наполеонның император Александрдан гөрі таяз саясатшы екендігінен емес, шайқасушы екі жақты ұқсастырып отырған мақсат-мүдделердің әлеуметтік төркіндерін іздеді. Француз әскері қолындағы билікті жержүзілік масштабқа ұлғайтқысы келіп, ұлттық эгоизм мен «революцияшыл» демагогияны қару еткен Наполеон авантюрасының құрбаны болса, орыс әскері өз елінің тәуілсіздігі мен тарихи тағдыры үшін күресетін халықтық мүдде жолында шайқасқа шығып жеңіске жетеді. Эгоистік мүдде халықтық мүдденің, саяси авантюра тарихи даму логикасының алдында тізе бүгуге мәжбүр болады.

Сөйтіп, Лев Толстой ол кезде адамзаттың саяси өмірінде әлі жұрттың бәрі құлақ асар әлеуметтік шындыққа, қоғамдық ойда әрі даусыз дәлелденген ортақ ақиқатқа айнала қоймаған халықтың, халық мүддесінің тарихи дамудағы шешуші қызметі жолындағы қағиданы өзінің суреткерлік асқан талантының арқасында бұлтартқызбас көркемдік шындыққа айналдырады. Жазушының бұл концепциясы оған дейін ешбір суреткер өз творчествосында дәл бұлайша шырқап шыға алмаған әлеуметтік биік, үлкен азаматтық ерлік еді. Дүниежүзілік әдебиетте «Соғыс пен бейбітшіліктің» алатын ерекше орыны мен Лев Толстой талантының ересен ұлылығы да, міне осында болса керек.

Жазушының өз концепциясын характерлер арқылы емес, тарихи даму жолында қалыптаса бастаған екі көзқарастың қақтығысы, идеялар қақтығысы арқылы ашады. Эпопеяда бір-бірінің жағасына жармасып, тобықтан қағып жатқандар атымен ұшыраспайды десе де болғандай. Романист екі мемлекет арасындағы дипломатиялық тартысты, орыс штабында орын алған мансапқорлық дүрдараздықты өзекті тартыс арнасына айналдырмай үлкен тарихи оқиғаның тағдырын шешуде негізгі себеп бола алмайтын қосалқы жағдаяттар санатында қарастырады да, ал өз кейіпкерлерінің тарихи дамудың

объективті сипатын тану жолындағы шытырман ізденістерінің шиыр шырғаландарын көз жазбай жіті бақылап отырады.

Суреткер Платон Каратаевтың, Тушиннің, Денисовтың қалың бұқараның өз қойнында жаралып, өз құшағында өскен шынайы халықтық бітімдерін тамсана, сүйсіне бейнелесе, табиғатында әділетшіл Пьер Безуховтың жылтырақ та жымысқы дворяндық дүниесінен қарапайым халықтық болмысқа дейінгі қиын да күрделі жолын ерекше ыстық ықыласпен суреттейді. Оның көрсетуінде, Кутузовтың да ұлылығы елден ерек әскери талантында емес, штаби қитұрқылықтардан гөрі халықтың, әскердің көңіл-күйін жіті сезіне алатын айрықша сезімталдығында, әр сөз, әр қимылынан біз мұндалап тұратын халықтық пәтуа мен халықтық парасатта. Бұл ретте ол романда Наполеонның бірден-бір рухани антиподы болып көрінеді. Шығармада бір идеялық тенденцияның басында тұрған француз императорының рухани қарсыласы ретінде орыс патшасы емес, халық өкілдерінің суреттелуі тарихи дамудың объективті заңдылықтарын терең түсінген суреткер талантының шынайы демократтық табиғатын танытады.

Халық тұрмысы мен халық мінезін бейнелегендегі ақындық пафос сарай маңын, зиялы қауымды, штабты көрсеткенде байсалды да байыпты зерттеуші пафосқа ауысады. Тушин мен Каратаев бейнесінде ептеп қылау беретін дәріпшілдік Александр мен Наполеонды былай қойғанда тіпті Кутузов бейнесінің өзінде де атымен ұшыраспайды.

Капиталистік құрылыстың алтын әшекейі сүртіліп, ар жағынан қызарып мысы көріне бастаған тұста өмір сүрген реалист суреткер бір басының экономикалық мүддесі мен әлеуметтік мүддесін былайғы дүниенің бәрінен үстем санайтын бейдауа эгоизмді қару еткен буржуазиялық психологияның кісі шошынарлық рухани кесепатын елден бұрын сезіп, елдің ең алдымен ашына айыптады. Толстой суреттеуіндегі Наполеон – буржуазиялық эгоистік психологияның шеннен шыға асқынған құбылысы. «Қарапайымдық, ізгілік пен шындық жоқ жерде ұлылық та жоқ», – дейді француз императорының тұлға тұрпатындағы сырт жылтыраққа, мінезіндегі әуірімдікке, қимыл-әрекетіндегі бәр-бәр уақытта ақылға сия қоймайтын тосындыққа бола, оны өз-әулие көріп, данышпан тұтатын рухани ездiк пен атын шығару үшін

жер өртеуге бар даңқ құмарлыққа бірдей ашынған кеменгер жазушы. Ол Наполеон басындағы рухани сайқалдық пен экстремизмнің күллі адамзаттың басына қауып төндіргелі тұрған ең үлкен рухани кесепат екенін бірден таниды. Ұлы гуманистің рухани экстремизмге мұншалық шүйлігуінің нағыз көрегендік болғанын адамзаттың кейінгі тарихы айқын дәлелдеп берді. Данышпан жазушының бұл ғибраты планета аспанында фашизмнің, империализмнің, нәсілшілдіктің, экспансионизмнің жи-ренішті бықсығы әлі арылмай тұрған біздің тұсымызда бүгінгі ұрпақ үшін айрықша маңызға ие болып отыр.

Лев Толстой буржуазиялық мінез-құлықтың қалың жыныстарынан өсіп-өрбіген рухани бейбастақтық тек психология шеңберімен ғана шектелмей, саясатқа да ауыз саларын, ал ол адамгершілік пен гуманизм өзегіне құрт боп түсіп, күллі тіршілік тағдырын екіталай етерін жер түбінен көре білді. Ол орыс жауынгерлерінің жан-қиярлық ерлігіне сүйсіне отыра соғысты қызықтаудан, соғысты жырлаудан атымен аулақ. Эпопеяның жүздеген беттерін алып жатқан орасан баталия бір-ақ мақсатты – «адам табиғаты мен адам ақыл-ойына атымен жат», соғыс деп аталатын сұмдық құбылыстың жексұрындығын же-ріне жеткізе әшкерелеуді көздейді. Толстойға дейінгі әдебиетте антимилиитаристік пафос дәл мұншалық шиыр-шық атып көрген емес-ті.

Гуманист жазушы соғысты дүниедегі ең қымбат нәрсе – адам өмірін аяқ асты қылып, адам тағдырын тәлкекке, жер үсті тіршілікті мәнсіздік пен мағынасыз-дықтың жиынтығына, адам санасын творчестводан, адам тәнін сұлулықтан айырып, кездейсоқ қатыгездіктің бейшара құрбандығына айналдырғысы келетіндігі үшін жек көрді.

«Мен адамның бойында тек зор моральдық күш қана емес, сонымен қатар орасан қажыр-қайрат та бар екендігіне, бірақ осынау күшке кісінің өзін ғана сүйюі сияқты өте бір жексұрын тұзақ салынғанына, барша әлсіздік пен сорлылықтың содан өрбитініне кәміл сене-мін. Адам сол тұзақтан қалай құтылып шықты-ақ, солай ол ешкімге, ештеңеге жеңдіртпейтін керемет құдіретке айналары сөзсіз», – дейді ол.

Толстойдың бұл концепциясы тек «Соғыс пен бейбіт-шілікте» ғана емес, күллі творчествосында адам туралы күрделі шындықты мейлінше дәл, мейлінше кең қамтып ашуына жағдай жасады.

Тарихтың бірден-бір қозғаушы күші халық деп ұққан жазушы халық тағдырын ешқашан адам тағдырынан бөле жара қараған емес. Ол тарихи қозғалыстың, әлеуметтік сыр-сипатының ең бір тұңғыық терең астарлары ашылатын ая – адам тағдыры деп түсінеді. Сондықтан да, тіптен жержүзілік оқиғаларды жан-жақты қамтып жатқан «Соғыс пен бейбітшілік» сынды эпикалық туындыда ұшырасатын жүздеген кейіпкердің ешбірінің тағдырын ат үсті бейнелемей, қай-қайсысының да басындағы хал-ахуалды егжей-тегжейлі зерттей суреттейді. Әдебиет әдебиет болғалы оның адам танытқыштық қабілетін Лев Толстойдай шыңдаған суреткер кемде-кем-ақ шығар. Ол адам мен адам, адам мен қоғам, қоғам мен адамзат арасындағы көзге көрінбейтін миллиондаған нервтердің ешқайсысын мүлт жәбермей дәл суреттеудің теңдесі жоқ асқан үлгісін көрсетіп берді; мыңдаған адамдардың алуан-алуан тағдырлары мен әрекеттері арқылы бір дәуірдің тұтас сом суретін жасауға да, санаулы ғана кейіпкерлердің жандүниесін үңгі қазу арқылы бүкіл бір кезеңнің шытырман келбетінің күрделі шындығын жарқырата жайып салуға да бірдей ұста екендігін танытты. Алғаш рет Лев Толстой романының авторлық баяндауларында ұшырасқан «адамның ішкі қызметі», «жан диалектикасы», «кең тынысты роман» сынды ұғымдар кейін тек әдебиет танудың терминологиясына кіріп қана қойған жоқ, жиырмасыншы ғасыр прозасының басты-басты даму бағыттарын белгілеп берді. Қазір әдеби-сын мақалаларында оңды-солды ұшырасатын бұл терминдер әу баста әдебиеттану ғылымынан емес, прозадан, Лев Толстойдың «Соғыс пен бейбітшілігі» мен «Анна Каренинасынан» келгенін бәр-бәр уақытта ескере де бермейміз.

Лев Толстой өз творчествосы арқылы әдебиеттің қоғам танытқыштық, адамтанытқыштық мүмкіндіктерін молайтып, оны күннен-күнге күрделіленіп бара жатқан әлеуметтік, рухани болмыстың ешбір иірімін қағыс жібермейтіндей сергектік пен асқан шеберлікке ие етті. Осы заманғы творчестволық процесте кейде жілік-жілік боп бөлшектеніп жүретін интеллектуализм, әлеуметтік талдау мен психологиялық талдау, философия мен тұрмыс көріністері Толстой шығармаларында сегіз таспа қамшының өріміндей жігін білдіртпей жымдасып жатады. Тек әдебиетке ғана емес, осы заманғы көркем-өнердің қай түрлеріне де қатынасы бар «ішкі монолог»,

«сезім ағымы», «монтаж», «қосақ монтаж», «баяндаудың субъективтендірілуі», «композиция еркіндігі», ассоциациялы композиция тағы басқа жаңа көркемдік әдістердің қай-қайсысының да түп төркіні Толстой творчествосынан табылады.

Ол әдеби көркемдіктің мұншалықты жетілген технологиясын адамзат қоғамының әлеуметтік, моральдық шыңдалуына қызмет еткізуді мақсат тұтты; әрбір шынайы талант өз құдіреті өзін қызықтауға, өнерді қызықтауға емес, адамдардың «адамгершілігін өсіруге», «сүйсінуге тұратын нәрсеге сүйсінтіп», «жек көруге тұратын нәрсені жек көргізіп», ылғи кемелденіп отыруына жұмсауға тиісті деп үйретті.

Өз творчествосында да бұл қағидасынан бір сәт айнып көрмепті. Оның романнан, драмадан, повестен, әңгімеден, публицистика мен эсседен, хаттар мен күнделіктен, ертегілер мен тұспал хикаялардан тұратын көп қырлы творчестволық мұрасының ортақ мазмұны — адамның өз мойнындағы өзімшілдік тұзағынан арылып шығып, ешкімге, ештеңеге жеңдіртпес керемет күшке айналу жолындағы күресі. «Соғыс пен бейбітшілікте» осы күрестің күллі европалық картинасы жасалса, «Арылуда», «Анна Каренинада», «Қажымұратта» бұл күрестің таза орыс топырағындағы болмысы көрінді. Ол «Анна Каренина» мен «Қажымұратта» әлгідей күресте мерт болған аяулы тағдырларға әрі қайғырып, әрі сүйсінсе, «Арылуда» сондай тайталаста тізе бүкпей шыққан ерлік пен өжеттікті көріп қуанады. Сергек суреткер өз жанын баурап алған рухани ізгілік жолында басын пидаға шалуға пейіл Анна Каренина, Катюша Масловалардың азапты тағдырларын рухани ерлікке балай бейнелейді де, өз басындағы аз күн қызық пен жолжөнекей ләззаттың күйтінен жоғары көтеріле алмаған сылқым Вронскийдің рухани сайқалдығын жирене, өз қылмысын сезініп, жаңа шешімге бел буған Нехлюдов әрекетін үміт арта суреттейді.

Адам тағдырына немқұрайдылықты адамзат тағдырына деген енжарлық деп ұққан ұлы суреткер басқалардың басындағы сор мен азапты көріп-біліп, жанашырлық жасауда ұлттық, нәсілдік, қауымдық шеқ-шекараның бәрін батыл мансұқтай білді. Бұл ретте Лев Толстойдың «Қажымұраты» адамзаттың рухани ұлылығының айқын айғағы болып табылса керек. Капиталистік қанау мен отаршылдық езгінің асқынған заманында өмір сүрген

жазушы басқаның мүддесін баса көктеу атаулының бәрін адамзаттың маңдайына баттаса жағылған ең зор масқара деп санады. «Әрқайсысы өз орынында ғана әдемі көрінетін», «табиғат гүлдерін» жапыра жайпап, бір қомағай уысқа күштеп тығуға тырысатын озбырлық атаулыға қарсы шығып, өз өмірін, өз тағдырын «ақырына дейін арпалыса қорғап», «өліспей беріспеген өр өскіндерді» дәріптеді. «Бұл адам деген неткен қатыгез, неткен озбыр мақұлық еді, ол өз қорегі үшін қанша өскінді, қанша ғұмырды түбірімен отап, құртып бағуда», – деген жазушы сөзі тек Қажымұрат тағдырына деген аяныш қана емес, өз ұлты, өз табы, өз қауымы үшін басқалардың тағдырын баса көктей жөнелетін эгоизмнің кесепатына айтылған лағынет еді!

Адам мен адамзаттың әлеуметтік болмысының егжей-тегжейіне сұңғыла жетік суреткер Толстой қиянатты көре бер де, көне бер дейтін уағызшы Толстойға атымен қосыла алмайды. Ол «өзімнен басқа бұл бомаса, күл болсын» дейтін эгоистік мораль әлеуметтік, экономикалық қайшылықтарға толы қанаушы қоғамда қандай қорқынышты кесепатқа айналатынын соншалықты терең, соншалықты жан-жақты ашып берді. Толстой прозасы мен Толстой драматургиясы адамгершілікке үш қайнаса сорпасы қосылмайтын эгоистік мораль жүрген жерде шындық болуы, әділет болуы, демек шын мағынасындағы адам мен адамзат болуы еш мүмкін еместігін ұқтырады.

Осынау сергек те шыншыл реализм, шынайы гуманизм мен қалтқысыз демократизм Лев Толстойдың орыс тарихы мен орыс өмірінен алынған шығармаларын барша адамзаттың әлеуметтік болмысын жарқыратып жайып салған күллі әлемдік көркем құбылысқа айналдырды. Жер жүзіндегі барлық ұлт, барлық нәсіл оны жатсынбай, жақын тұтып, оның ұланғайыр творчестволық мұрасын өз шындығым, өз жан сырым, өз қазынам деп қабылдады.

Мұндай ыстық ықыластың түпкі сыры – данышпан суреткердің барша адамзатқа ортақ ақиқаттарды ұлттық болмыстан, өміршең идеяларды өткінші дәуір шындығынан құм арасынан алтын тергендей асқан зор қырағылықпен іздеп таба білгендігінде, өзі тапқан ақиқаттың бәрін адамға, оның әлеуметтік көрегендігі мен рухани кемелділігінің арта түсуіне қалтқысыз қызмет еткізе алғандығында.

Ол көркем творчествоның ең биік мұраты адамзатты күллі әлеуметтік кесепат атаулыдан құтқарып қалудың қамын қамдап, мұңын мұңдай білу деп ұқты. Ол үшін ең алдымен, адамды, адам санасы мен адам құлқын азғындықтан аман сақтай білу керек деп түсінді. Толстойдың ойынша, адамды құтқаратын оның өзін-өзі шыңдай түсуді көздеген дәйекті рухани қызметі. Сондықтан, оның шығармаларының қай-қайсысы да моральдық дағдарыстарға ұшырап, әлеуметтік өмірдің тығырығына тірелген ақыл иесі жандардың азапқа толы рухани ізденістеріне құрылады. Оларда қиян-кескі, шым-шытырық оқиғалар жоқ та, қиын тағдырлар жеткілікті-ақ: шарт та шұрт шайқастар аз да, миыңды зеңітіп, жүрегінді сыздатар сезім сергелдеңі мен ой арпалысы өте мол, Лев Толстойдың қай-қай шығармасы да, қай-қай кейіпкері де әрдайым өзіңді өзің сын тезіне сап, белді бекем буып, берік шешім қабылдай алатын рухани белсенділікке шақырады.

Бұл, әрине, Лев Толстой замандастарының бастарындағы келеңсіздіктерден құтылуға тым аздық ететін еді. Ол тұстағы рухани дағдарыстардан арылу үшін, ең алдымен, сол дағдарыстардың әлеуметтік төркіні – кісіні кісі қанайтын қоғамдық қатынасты түбірімен жою керек еді. Оны ұлы жазушы барлық уақытта жеріне жеткізіп түсіне алмады.

Алайда, Лев Толстой творчествосында мейлінше жарқырап көрінген рухани максимализм пафосы қоғамдық өмірдегі өрелі өзгерістерге байланысты өз маңызын жоғалтпайды, қайта бұрынғыдан да күшейте түседі. Әлеуметтік прогрестің позициялары беки түскен сайын жан-жақты жетілген биік парасатты азамат тәрбиелеу қоғамдық дамудың ең өзекті міндетіне айналмақшы. Әлеуметтік дамуда қоғамның рухани потенциалының атқарар қызметінің арта түсуі әр адамды бір кезде ұлы гуманист жазушы уағыздаған белсенді рухани ізденіске, өзінің де, қоғамының да мерейін асырар биік парасат, кемел адамгершілік және азаматтық үлкен жауапкершілікке шақырады.

Қазір күллі адамзат Лев Толстойдың қаламынан шыққан әрбір жолды қырық қайтара оқып шығады. Бүгінде жер бетіндегі тіл атаулыны түгел дерлік меңгерген ұлы орыс жазушысы әр алуан ұрпақтың, ұлттардың, құрлықтардың өкілдерімен күні-түні сұхбаттасады да жатады. Осы заманғы қауым данышпан жазушының әлі түгел тәптештеліп, түгел тәртіпке түсіріліп үлгермеген

өмірдің өзіндей онша қырнап-жоңылмаған кедір-бұдыр тіліне ақиқат іздеген сананың шырғалаңындай күрделі де шым-шытырық ұзын сонар сөйлемдеріне қай кездегіден гөрі де жетігірек түсініп, көп мән, көп мағына табуда. Өйткені, адамзат өз мойныныңдағы «өзін ғана сүю сияқты өте бір жексұрын тұзақтан» құтылып, «барша, әлсіздік пен сорлылықтан арылып», өз бойындағы зор моральдық күшті де орасан қажыр қайратты да ізгілік жолына жұмсап, шын мағынасында «ешкімге, ештеңеге жеңдіртпейтін керемет құдіретке» айналуға қай кездегіден де молырақ мүмкіндікке ие болып отыр. Адамзаттың бір бөлігі ұлы суреткер арманын жүзеге асыруға білек сыбанып кірісіп кетсе, екінші бөлігі оның болмай қоймайтын тарихи заңдылық екенін түпкілікті мойындай бастады. Жерді мекендеуші ақыл иелері өзі мен ортасын жетілдіру, жақсартып, жаңарту жолында ешқашан дәл қазіргідей жаппай бас қатыра ойланып, дәл қазіргідей жаппай күресіп, дәл қазіргідей жаппай өрелі рухани ізденіске түсіп көрмеген шығар. Мұндай игі істе Толстойдан артық сенімді, Толстойдан артық пәрменді одақтас табу еш мүмкін емес. Сондықтан да Толстой ықпалының аясына барған сайын жаңа адамдар, саналы азаматтың салихалы ізденістерін бастаған жаңа ұрпақтар, рухани қайта түлеу мен дербес тарихи тағдырға, саяси тәуелсіздікке ие болған жаңа ұлттар көптеп ілігуде.

Олар Толстойға, ең алдымен, адамға деген зор сенімі мен ыстық ықыласына бола құштар. Жазушы күллі адамзатты өзінің әрбір мүшесінің, әрбір жеке пенденің барша мұратына жетуіне мейлінше күш салуға шақырса, әрбір жеке пендені өзін-өзі қапысыз шыңдау арқылы күллі адамзаттың барша мұратына жетіп, бақытты болашақ орнатуына белсене ат салысуға үндейді. Бұл ретте ол әрбір адамды тек жеке тағдыр иесі ғана деп емес, күллі адамзат тағдырының заңды қожасы деп таниды. Адамға деген мұндай гуманистік көзқарас оның жасампаздық рухын тірілтіп, жарқын болашақ жолында табанды күреске шабыттандырады.

Адам мен адамзаттың армандары ешқашан аласармақшы емес.

Ендеше Лев Толстой, оның ұлағаты творчествосы адамгершілік мұраттардың асқар биіктеріне талмай ұмтылған ұрпақтар шеруінде әрдайым көш басынан табылмақ.

Кемеңгер суреткердің құдіреттілігі де, міне, осында.

ӨНЕГЕЛІ ӨМІР, ӨМІРШЕҢ ӨНЕР

Сексен жыл! Бар болғаны сексен-ақ жыл! Бір ғасырды шаршысына толтыру үшін өмі де жиырма жыл керек. Бірақ сол сексен жылдың өзіне қанша ғасырдың тақиясына тар келмейтіндей салқар мазмұн сиып тұр!

Аға тойында айтылар лебізді мұндай есеп-қисаппен бастауымыз тіпті де тегін емес.

Естеріңізде бар шығар: Ғабеннің бір әңгімесінде тәуліктің жиырма төрт сағаттан тұратынын алғаш естіген қыр қазақтары күлдіреп күйіндей зулап өтіп жатқан жым-жылас уақыты да есептеуге болатынына жағаларын ұстап, бастары шайқал айран-асыр қалатын. Ал біз бүгінде бабаларымыздың бір кезде осыған да таңғалғанына таң қаламыз.

Шынында да, есептесек уақытты есептейік! Көрер жарығымыз бек тездірар шаруамыздың мөлшерін қадағаламағанда негі қалағалаймыз?!

Дүниедегі барлық нәрсемен құбылысты таразыға тартып, өлшеп-сінеп қоймаса, бастары ауыратын біздің тұстастарымыз адамның әлеуметтік мәні бар қаракетіне бір тәулікте, ең аз дегенде, 12-13 сағат қана ауысатынын анықтай отыр. Негі аз! Бірақ, сол аздың өзіне жармасар қаншама шаруа бар?! Оның қаншасы шабан көлік бек марамсыз істерге жем болады?! Қаншасы мәжіліс столы мен дастархан басына, кінәмшіл қауым мен бопсашыла досқаранның көңілін аулауға кетеді?! Қандай обан!

Жазушының жазу столының еңісіне тиер уақыт тіптен жартымсыз. Сол тіптен жартымсыз уақыттың өзі ойлаған, ісінді ойлағандай тездірартындай адам уақыт боп бұйырмағы тағы да еті тездір. Өйткені, ол адамның бір басына, оның тәуекелі мен маңызына тағы тәуекелді емес. Оған адаммен қол ұмсынса қолға, бұл ойлағандай, ойға алған шаруаның ойлағандай кетіме тұрару үшін адамның көңілі күйді мен тездірары салты салты да бір ыңғайдан шығып отыра жазды. Ғабеннің адамның қас-қабағын аңдып, тездірары тездірары шығармасы.

жаңа түскен келіндей иіліп-бүгіліп тұрар жібек мінез талап ету айтар ауыз түгілі естір құлақтың иманы түршігер күпірлік болар еді. Ал адамға келсек... Заманның аңғарын алыстан болжап, соған орай іс тыңдырмақ, тыңдырғанда да, ертең: «Мен қайтейін, ол кезде заман солай еді ғой», – деп барша табансыздығың мен тайыздығыңды, жаңсақтығың мен жалтақтығыңды өтіп кеткен уақытқа жауып салып, өзің сүттен ақ, судан таза боп көрінгің келіп көлгірсіп тұрмайтындай адал тыңдырмақ кез-келгеннің талайына тап келе бермес абырой...

Заманның қанасынан сырт жаралып, сырт туатын ешкім болмаса да, кісі біткеннің бәр-бәрінің есімі өз дәуірімен бірге аталар бір ұғым, бір құбылыс боп кете бермейтіндігі де сондықтан.

Ал біздің Ғабен бүгінге дейін бір өзі бір дәуір деуге тұрарлық мағыналы ғұмырды – адам рухының оң мен солды түгел танып болмаған меңіреу түнек кезінен сананың самаладай жарық ең шырқау биігіне көтерілгенге дейінгі қызғылықты да сындарлы жолын бастан кешіріп отыр.

Ол жоғарыда айтылған аңғал кейіпкерлерінің көкірегіне уақыт жайлы алғаш саңлау жүгірген кезде жиырма-лардағы жігіт екен.

Соған қарағанда, ұланғайыр қазақ жерінің теріскей пұшпағындағы Елтіңжал ауылында және бір «ат әкелер» жарыққа келгенде адамзаттың жаңа ғасырдың, жиырма-сыншы ғасырдың, табалдырығынан аттағанына екінші жыл болып бара жатқанын әлі сезіп үлгіре қоймаған қазақ тек сол бесікке жаңа түскен қызыл шақа ғана болмаса керек. Көзге көрініп, қолға ұстатпайтын жұлмыр уақыт түгілі маңырап кіріп, маңырап шығып жатқан қорадағы қойының санын жөндеп білмей, басынан өтіп бара жатқан баянсыз дәуренді «шай қайнатым», «сүт пісіріммен», әрі асқанда, оқтың-оқтың бір соғып, дүрліктіріп кетіп отыратын «қоянның жұты», «ұлудың жұтымен» межелеп отырған ескі ауылда қарын шашын алдырған сол қазақтың өмір жолы бір кездегідей тек сұңғыланың сұңғыласы, ғұламаның ғұламасы ғана емес, бүгінде келген жұмыр басты пендені толғандыратын: «Заман адам үшін не жасай алады? Адам заман үшін не жасай алады?» деген өзекті сауалға айдан анық жауап бере алғандай.

Заман және адам... Заман және тарих... Мұндай қойқосақ түсіп тіркесе айтылар ұғымдар төңірегіндегі толғаныс кез келген той-томалақтың тақиясына сыя бермейді. Ал, бірақ бүкіл бір ұлттың қазіргі рухани өмірінің маңдайға ұстар кемел қайраткерінің мүшел тойы үстінде бұл мәселелер ауызға ілікпесе, ол да батырға байғазы қып баланың телпегін кигізгендей сөлекеттік болар еді.

Қазір бір кісінің өмір жолын, ол түгілі ғұмыр жер мен ұланғайыр ғаламның ғұмыр жасын базардағы жылқының тісін санағандай түгендеп шығып, түгелдей шолу анау айтқан қиын шаруа болмай қалды. Ғұлама ғасырымыз ашқан тағы бір ғаламат жаңалыққа жүгінсек: біздің ғалам жаратылғалы 10 миллиардтан астам жыл өткен. Бірақ, сондай ұлан асыр уақыт тарих деген атауға ұзақ уақыт ие бола алмады. Тарих деген ұғымның туы жарық жалғанды құрап тұрған, кеңістік, уақыт, әрекетке адам санасы араласқалы бері ғана. Жер бетіне ойлай алатын адам пайда болғалы да қырық мыңдай жыл өтті. Сол қырық мың жылдық саналы тіршілігінен адам жадында тарих боп жатталып қалғаны соңғы бес мың жыл ғана. Сол бес мың жылдың ішіндегі өзгерістер адамзаттың тарихи творчествосы саналып, оған әр халықтың бұрын қосқан өз үлгесін бағалай-баптай білуі тарихи сана, ал қосар өз үлесін пайымдай білуі тарихи жауапкершілік аталмақ.

Он миллиард жыл және қырық мың жыл. Адам санасы жас құбылыс еді. Қырық мың жыл және бес мың жыл. Адамзаттың тарихи санасы неткен келте! Ал кейбір халықтардың тарихи санасы одан да келте!

Бұдан сексен жыл бұрын Елтіңжалда өткен шілдеханадағы мәжіліске осы тұрғыдан көз жіберіп көрейікші. Сонда ұл сүйіп, ұлы мәслихатқа жиналғандар не мәшһурат қылды екен. Өткендерін айтса, көп болса, жеті атаға дейінгі жерді анық қамтып, одан арғыны пайғамбарлар мен сахаббарлар хақындағы хикаяларға тіреген шығар. Бүгіндерін айтса, көрші болыстарда не болып жатқанымен, одан асса, Қызылжар базарында жылқының қанша тұратынымен шектелген шығар. Келешекті айтса, туажақ көктемнің сылайын барлап, әрі асқанда, жас нәресте ертең ер жеткенде қай ауылға құда түскен жөн екендігіне тон пішкен шығар. Сонда қазақ даласының қай пұшпағындағы ақсақал-қарасақалдар-

дың қай-қайсысынан да кем сұңғыла, кем кәріқұлақ, кем сөзуар емес Елтіңжал қариялары айтар әңгіменің ұзын-ырғасы, қалай көлбетсең де, әрі кеткенде, сол екі жүз жылдың сілемін түгендеп шыға алар еді. Бес мың жыл және екі жүз жыл. Қандай жұпыны, қандай тапшы! Самиян сахарадағы қоңыр үзік ауыл адамзаттың арғы тарихынан да, сол кездегі тірлігінен де, келешекке артқан үміттерінен де қанша жерге қол үзіп жырақ қалған!

Соны ойлағанда, көз алдына бір көңілсіздеу көрініс келеді. Ұлан-асыр уақыт кеңістігінде адамзаттың қызылды-жасыл ұлы шеруінен бөлініп қалған шашыраңқы шолақ көштер мынау Бақанастың Балқашында, сонау Шыңғыстау мен Баянтаудың бөктерінде, Есіл бойы шұбарлары мен Ойыл-Темір, Кеңгір-Нұра адырларында біреуі құмға малтығып, біреуінің табанынан тас батып, біреуі тұманнан адасып, біреуі сағымнан алжасып, бет алды құла дүзге жөңкіліп жүр. Жолдарын тосып, жөндерін сұрасаң, арадағы халқын емес, берідегі бабасын айтады. Бірін-бірі танып жарымауға айналған осынау шолақ көштердің басын құрап, замананың өрге тартқан ұлы аңғарымен ілгері басқан адамзат шеруіне апарып тіркеп, оның да шаңына тұншықтырып, соңында ілбітпей, төстерін самалға аймалатар алдына шығару сол кездегі ат мініп, бұйда ұстаған баба ұрпаққа емес, көшжөнекей кебежелерден мойыны қылқиған бала ұрпаққа енші болып тиді. Бүгінде терезесі тең азат халықтардың салихалы санатында сыйлы орын иемденген жұртымыздың кем-кетігінің түгенделуі ғана емес, ылдидан салып төске озуы, тайпалық сананың тар ауқымынан шығып, кемел ұлттық санаға қолы жетіп, адамзаттық ой-пікір биігіне көтерілуі, басқалармен бірдей тарихи санаға ғана емес, адамзат авангардында жүрер тарихи жауапкершілікке ие болуы, ортағасырлық мешеуліктен кемелденген өркениет дәуіріне өтуі жаңа ғасырдың алдыңғы он жылдықтарында ат жалынан тартып мінердей естияр жасқа жеткен осы буынның өмір жолымен сәйкес келді. Бір ғана ұрпақтың өмір жолын қамтитындай қысқа мерзім ішінде біздің халқымыз өзінің тарихи дамуының ең күрделі, ең мазмұнды дәуірін бастан кешіп отыр.

Қазақтар жазу үрдісін былайғы адамзаттан бес мың жыл кейін, кітап басуды 600 жыл кейін меңгерді. Оның үстіне әрбір жеті жыл сайын адамзат ақыл-ойы білген

информация көлемін екі еседей ұлғайтып, жедел қарқынмен дамып келе жатқан қазіргі цивилизацияның аяқ алысын қосыңыз. Соған қарамастан, айналасы алпыс жылда қазақ қауымы өзінің мыңдаған жылға мешеулігін жеңе білумен қоса осы заманғы цивилизацияның әлгіндей көз ілеспес шапшаңдықпен алға тартқан ұлы бәйгесінде алдыңғы лекте келеді.

Мұндай жедел дамуды жүзеге асыру үшін қолайлы саяси-экономикалық жағдаймен қоса, халықтың орасан зор жасампаз қуаты, рухани ыждаһаты мен жігері керек еді. Халықтың ондай творчестволық потенциалы нақты тарихи тұлғалар арқылы жүзеге асады. Мұндай тарихи парызды ойдағыдай атқарып шыққан да жоғарыда айтылып отырған аға ұрпақ. Заман тудырар ұрпақ бар да, заманды жасасар ұрпақ бар. Олар – бұның соңғысы. Халқымыздың саяси-әлеуметтік мерейінің өсіп, ғылымның жетіліп, мәдениетінің көркеюіне әліге дейін көш басында солар келеді.

Қай халықтың да қай кездегі тарихында болмасын, өз қауымының жаппай сауатсыздықтан ғарышты зерттейтін зерек зердеге көтерілгенге дейінгі рухани дамуында көш басшылық еткен бұндай ұрпақ кемде кем шығар.

Бүгінгі күні күллі республика жұртшылығы боп торқалы той өткізіп отырған Ғабит Мүсіреповпен заманас буынның біздің жаңа дәуірлеуімізде иеленетін меншікті салмағы мен орны, міне, осындай.

Ғабит Мүсірепов әлгі айтулы буынға тән азаматтық тұлғауды, тарихи жауапкершілікті, қоғамшылдықты мейлінше мол, мейлінше айқын, мейлінше табаңды танытып келе жатқан бірегей тұлға.

Оның суреткерлігі ескі қазақ ауылында базарға айдалатын жылқыларға «дөстеберен» жазып беруге жетерліктей машықтан тек ұлттық әдебиетіміздің ғана емес, көп ұлтты совет әдебиетінің ең таңдаулы шеберлерінің бірі атанған биік деңгейге дейін кемелденді.

Оның білімпаздығы ескі мектептің бірер класы мен ауыл шаруашылығы оқу орны студенттігінен осы заманғы іргелі ғылым академиясының академиктігіне дейін өсті.

Оның әлеуметтік белсенділігі ауылдың көзі ашық азаматынан республика ауқымын былай қойып, бүкіл-одақтық, халықаралық масштабтағы ірі мәдениет, қоғам қайраткеріне дейін биіктеді.

Бұның әр қайсысы бір-бір кемел азаматтың өмір жолына салихалы мазмұн болғандай. Бұның әр қайсысы бір-бір Монбланды бағындырғанға барабар төтен ерлік, қиын жеңіс.

Ал бір өзі әлі үш бірдей Монбланды бағындырардай асқан ерлік тек дәуірлеу кезеңдерінің кемел қайраткерлерінде ғана кездескен сирек құбылыс. Екі ғасыр тоғысынан басталған жаңа тарихи мерзімде біздің халқымыз, шынында да, бағзының Дәуірлеу кезеңіне барабар ерекше қауырт өркендеу кезеңін бастан кешіріп келеді. Оған сол кезең тарих сахнасына шығарған қайраткерлеріміздің азаматтық болмысының өзі айқын куә. Дәуірлеу кезеңі қайраткерлеріне айрықша алғырлық, жан-жақты талант, белсенді күрескер мінезбен қоса ерекше бір терең тарихи интуиция тән болып келер еді. Олар тек бүгін ғана емес, келешек жүктеп отырған парызды да алыстан болжап, уақытан оза қайрат қылатын. Сондықтан да олардың бойынан барлаушыларға тән батылдық пен қолбасшыға тән байыптылық бірдей табылар-ды. Біз жоғарыда сөз қылып өткен аға буынның қай саладағы өкілдерін алып қарасаңыз да, олардың бойынан халқының ғасырлар бойғы рухани тәжірибесіне қаяу түсірмеген адалдықты, бабаларының қолына түсе қоймаған адамзаттық ортақ цивилизация қазыналарын тез игерген алғырлықты, шапшаң дамып жатқан дәуіріміздің қай жаңалығына да алдымен ұмтылған елгезектікті молынан ұшырастырасыз. Оларға әлеуметтік енжарлық, рухани дәйексіздік, ұзақ еліктеп, ұзақ солықтайтын дәрменсіздік атымен жат. Олар тек жеке адамның қалыптасу, жетілу, кемелдену жолына ғана емес, күллі ұлттық дамуға таңғаларлықтай соны серпін, жедел қарқын бітіргендей. Бұл, әрине, жасампаз уақыттың творчестволық сипатын терең ұғып, қапысыз меңгерген қарымды қайраткерлерге тән сипат.

Суреткер Мүсірепов творчествосының эстетикалық болмысына көз салсаңыз, балаң әдебиеттердің қай-қайсысында да ұшырасатын жер бауырлаған натурализмге, «тұрмыс көрінісін тәптіштейтін» қарабайырлыққа бой алдырмаған. Прозасын алыңыз мейлі, драматургиясын алаңыз мейлі, не поэтикалық шабытты, не сыпайы әжуаны табасыз. Әйтеуір, барға келіскен, жоқтан күдер үзген жабы көңіл мен жадау бояу кезікпейді. Бұл не? Әрине, суреткер талантының өзге ешкіммен шатыс-

тыруға болмайтын тайға таңба басқандай айқын өзіндік сипаты. Бірақ, ол сипат та дәуір мінезін дөп басып, жіті танудан туған ерекшелік. Өмірдің өзі барды қанағат тұтпай, жоқты бар ғып жатса, ондай шындықтан туындайтын өнерде өзгеріске толы кезеңге тән мешеуді келеке етер уытты ирония мен жаңаға шақырар отты поэтикалық леп неге басым түсіп жатпасын! Мүсірепов талантының барлаушыларға тән байқампаздығы сонда, ол ылғи жаңа көктемнің алғашқы бүріндей көсегелі құбылыстарға назар аударады. «Талпақ танау» – ғасырлар бойғы психология мен тұрмыстық үрдістер инерциясына енді-енді күмән келтіре бастаған қазақ ауылының рухани шежіресі. «Қазақ солдаты» – ауыл жөргегінен жаңа заман өткелектері ерте айырған қазақ бозбаласының алғаш рет ата кегін қуып, ру намысын жыртпай, көп ұлтты Отан мүддесі үшін күрескен жауынгерлік жолы. «Оянған өлке» – самарқау сахарадағы бұйығы тірлікке ата-баба көрмек түгілі, естімеген жаңа кәсіптер мен жаңа қарым-қатынастың алғаш желі тартуының тарихы. «Ұлпан» – ескі ауылда заман аңғарын алыстан болжап, соған орай қарекеттенуге алғаш талпынғандардың қайғылы хикаясы. Көрдіңіз бе, бәрі де «алғашқылар» мен «тұңғыштар» туралы. Бәрі де өз тұсында әлі кеңінен етек жая қоймаған сирек соны құбылыстар жайында. Бұл шығармалардың қай-қайсысы да көнені мансұқтап, жаңаны дәріптеуді өзек етеді. Сондықтан да, олардағы ирония мен поэтикалық интонация автордың өзі суреттеп отырған құбылыстардың әлеуметтік астарына деген азаматтық позициясының айрықша анықтығы мен айрықша белсенділігін мәшһүр еткендей. Мүсірепов талантының байыптылығы сонда, ол жаңаны жырлай отыра, бұрынғының бойындағы өміршең мен өтпеліні дәл саралай біледі. «Ұлпандағы» Есенейді жаңаға талпындырып жүрген құлағына құдай сыбырлап кеткен төтен пайғамбарлық емес, қашаннан халық қамын қамдап қалған көзқарақты азаматқа тән елдарлық пен жауапкершілік. «Болашаққа аманаттағы» Сырымды хандық үрдістен «жаңа қауымдық» үрдіске көшуге үндеттіріп жүрген де халық бойындағы қандай езгі мен қандай өктемдік тұсында да біржолата өшіп кетпеген азаттық сүйген арман, асау аңсар.

Мүсірепов қандай жаңа құбылысты, қандай жаңа адамды жазсын мейлі, оның түп төркінін халықтың өз

бойынан табады; қандай өрелі проблема көтерсін мейлі, халықтың өз көкірегінен іздейді. Айды аспанға бір шығару үшін қайдағы бір дүдәмалға ұрынбайды. Халқын жақсы көргеннің жөні осы екен деп, ол жайында қайдағы жоқты қиыстырмай, әуелі оның бойындағы шыннан бар абзал мен асылды мұқият зерттеп, мұқият танытады. Халқын жақсы көргеннің жөні осы екен деп жауырды жаба тоқымайды. Оның бойындағы өркен жайғалы тұрған, сонымен қоса, көсеге көгертпейтін кеселді де мүлтіксіз танып, бұлтақсыз әшкерелейді. Ол өткен заман өмірінен жазсын мейлі, осы заман өмірінен жазсын мейлі халықтың жақсыға талпынған жаңашыл ықыласы тұрғысынан жазады.

Мүсірепов суреткерлігін сүйекті етіп тұрған да: ол көтеретін проблемалардың әлеуметтік салмағы, ол суреттейтін кейіпкерлердің азаматтық кемелділігі, ол ұсынар ойдың тарихи пайымдылығы. Оның қай шығармасына да өзек болып келе жатқан: бүкіл бір халыққа тән тұтас болмыс пен бүкіл бір дәуірге тән соны құбылыс.

Өмірлік шындықты көп таптаурын болмаған таңсық қырынан танып, терең зерттеп, кесек қамтитын қай-қай суреттердің де жаңашыл болмасқа жағдайы жоқ. Мүсірепов жаңашылдығы көп қырлы, көп сырлы құбылыс. Ұлттық әдебиетіміздің профессионалдық дәрежеге жетуі сынды революцияға барабар жаңашылдықты бастап бергендердің, соны табандылықпен ілгері дамытқандардың және дамытып келе жатқандардың бірі, бірі болғанда да, бірегейі – Мүсірепов. Кәсіби әдебиеттің фольклорлық әдебиеттен ең басты айырмашылығы – жанр алуандығы, стиль алуандығы, дәуірлік шындықты дәл жеткізудегі психологизм тереңдігі, идеялық мазмұнның қоғамның диалектикалық дамуымен тығыз байланыстылығы.

Біздің жас жазба әдебиетімізде осы бес сипаттың бесеуінің де мықтап орнығуына Мүсіреповтің қосқан үлесі өз алдына бір төбе. Бұрын жекелеген талпыныстар ғана болмаса, жүйелі жосығы түспеген ұлттық прозамыздың, роман, повесть, әңгіме очерк, публицистика – барлық жанрына белсене де, жемісті де ат салысты. Бұрын сұлбасы да болмаған комедия, трагедия, әлеуметтік драма, киносценарий, опера либреттосы сынды соны жанрларға алғашқылардың бірі болып қалам

тартты. Ұлттық театрымыздың барлық ірі жеңістері, ең алдымен, Мұхтар Әуезов пен Ғабит Мүсірепов есімімен тығыз байланысты. Ұлттық кино өнеріміз өзінің азынаулақ төл табыстары үшін қазақ қаламгерлері арасынан Ғабит Мүсіреповке айрықша қарыздар. Сильдік алуандыққа келгенде, бұл салада да Мүсіреповтей ізденімпаз суреткер кемде-кем. Ол үйренуде де, ізденуде де көп өнеге көрсетіп келе жатыр. Оның қай ізденісі де дәуірлік шындық пен адамдық шындықты неғұрлым жан-жақты қамтып, терең жеткізуге бағышталған. Прозамыздағы психологиялық талдау мен әлеуметтік талдаудың деталь мәнділігі мен композициялық ракурстар ұрымталдығының, образ қанықтығы мен концепциялық қарымдылықтың үлес салмағының арта түсуінде аға қаламгерлеріміздің атқарып келе жатқан қызметі ерекше. Бір өкініштісі, айтулы шебердің осындай елгезектігі біздерден кейінгі іні қаламгерлерден сирек кездеседі. Көбіміздің шығармаларымызды оқып отырғанда, әдеби творчествоның таза суреткерлік лабораториясында, әр жанрдың поэтикасы мен даму тенденциясында, біздің тұсымыздағы отандық, әлемдік творчестволық процесте ешқандай өзгеріс, ешқандай жаңа нышан жоқтай, баяғы бір ескі машықтарды жиі ұшырастырамыз. Мұндай түр салғырттығының ар жағында мазмұн жадағайлығы, ойдағы бойкүйездік жатқаны жанға батады. Ойдағы соны серпілістің түрден өз көрінісін таба алмай тұра алмайтындығына Мүсірепов ізденістері даусыз дәлел болғандай.

Ғабит Мүсірепов – қазақ совет әдебиеті дамуына ізденімпаз экспериментатор ретінде ғана емес, батыл да терең теоретик, сыншы ретінде де үлкен үлес қосып келеді. Ұлттық әдебиетіміздің социалистік реализм эстетикасы мен осы заманғы көркем творчество жетістіктерін ойдағыдай игеруіне суреткер Мүсіреповпен қоса, сыншы Мүсірепов, ғалым Мүсірепов те тынбай ат салысып жүр.

Ғалым Мүсіреповтің мектебі – халық парасаты мен тарихи күрестерге толы өз дәуірінің өзекті идеялық, саяси, рухани ізденістері. Мектептің бермегенін өмірден алған, ұстаздың айтпағанын өз ыждаһатынан тапқан Мүсірепов интеллект кемелділігі Шекспир, Лев Толстой, Горький сынды «университет бітірмеген» ой алыптары шыққан рухани биікті еске түсіреді. Әдетте, надандықтың мектеп көрмеген сауатсыздық, мектеп көрсе де,

көкірегіне ештеңе қонбайтын топастық мектеп көргенмен, жеңіл-желпіден әрі аса алмаған шала сауаттылық сияқты үш сипаты болатындай, білімділіктің де үш түрі, үш деңгейі бар тәрізді. Тұсында ойдағыдай білім алып, бірақ одан әрі қарай тұяқ серіппей, «олай болмайды, былай болады» деп отырып алатын білімдісіну өнерде үйреншіктіден аса алмайтын консерваторлыққа, ғылымда белгіліні қайталайтын догматизмге ұрындырады. Білімге құштарлықтың жөні осы екен деп, көрінгенге жүгіріп, көрінгенге жүгініп, өзіндік пікір түйіп, өзіндік позиция таба алмаған, оқығаны көп болғанмен, тоқығаны жоқ білгішсіну өнерде эклектикаға, ғылымда дилетантизмге жол ашады. Біз секілді өз мектебі мен өз интеллигенциясы кейін қалыптасқан жұрттарда білімділіктің осы екі түрі жиірек кездесуі әбден заңды да. Бірақ, мұндай білімділік – өмірден алары бар да, қосары жоқ қысыр білім. Ал оқи да, тоқи да білетін, талғап оқумен қоса, талдап оқитын, білгенін кітаптағымен емес, өмірдегімен салғастырып саралайтын үздіксіз ізденіс үстіндегі шынайы білімдарлық өнерде творчестволық даралыққа, ғылымда ешкімді қайталамайтын жаңалыққа бастайды. Ғ. Мүсірепов интеллекті осы үшінші топқа, өнердің де, ақыл-ойдың да көсегесін көгертер топқа жатады. Оның ғылыми ойы да, сыншылық ойы да – қасаңдыққа жаны қас жаңашылдығымен, ұршықтай үйірілген диалектикалық шалымдылығымен таңғалтып келе жатқан батыл да байыпты ой. Оның өміршіл де, өміршең де болатындығы сондықтан. Ол кеш дамып, тез жетілген мәдениетіміздің қандай сын кезеңінде болмасын, мүмкіндігінше, ең дұрыс, ең жемісті позициядан шыға білді. Мүсірепов-сыншының жаңашылдықты жасқаған, батылдықты тойтарған, бейбастықты қостаған, дарақылықтың шашбауын көтерген, кейін пайда болғанның сонысын көріп, кемісін көрмей әсірелікке бой алдырған, бұрыннан бардың көнелігін көріп, өнегелілігін ұқпай солақайлыққа ұрынған жері жоқ. Сексен жасап отырған әйгілі сөз шеберінің тауып айтқан, батып айтқан, батыл айтқан жерлері аз болмаса керек. Оның бәрін санап жату сөзуарлық, айтпай кету көзжұмбайлық болар еді. Басқасын былай қойғанда, атақты «Абай жолы» турасында әркім әрқилы лебіз білдіріп жатқан тұста, қазақ қаламгерлерінің арасынан әдебиетімізге бұрын-соңды болмаған ұлы шығарма келгенін алғаш рет ашып айтқан

сыншы Мүсірепов екен. Бұл қандай батылдық болғаны, сірә, белгілі. Ал әлгі сөзінде ол әйгілі эпопеяның әлеуметтік, эстетикалық табиғатына қандай тереңдеп бойлай алған десеңізші! Одан бері талай заман өтті. Әдебиет майданына талай жас қауым, жаңа ұрпақ келіп қосылды. Солардың бәрі әдебиетіміздің маңдайға ұстар туындысы жайында жақ ашпай қалған жоқ. Бірақ сонау кездегі Мүсірепов танымы мен талдауына көп ештеңе қосып жарымаппыз.

Мүсірепов – қоғам қайраткері, Мүсірепов – мәдениет қайраткері туралы әңгіме де, міне, осы арадан өрбісе керек. Мүсірепов буынының қоғам тарихы мен халық тарихының қандай сын кезеңінде қалыптасып жетілгенін кім-кім де жақсы біледі. Сол асқаралы шаруалардың бәрі жаймашуақ жайбарақат жағдайда емес, кескілескен идеологиялық күрес үстінде жүзеге асты. Сауатсыз ауылдан шығып, шытырман тап күресінің күрделі интегралы мен дифференциалына бірден жетіле қою кім-кімге де оңай шаруа емес еді. Талайлар тауқыметі мол тап күресінен басын ала қашқан тоғышарлыққа, немесе күрес дегеннің жөні осы екен деп, шаш ал десе, бас алған ұрдажықтыққа ұрынды. Мүсірепов сол екі кеселдің екеуіне де бой алдырмапты. Бұл Мүсірепов қайраткерлігінің жәй әншейін белсенділік емес, терең дүниетанымды, таптық күрестің көп жылдық идеялық қазынасын тез игеріп, тез меңгерген болмысты, азаматтық зерені арқау еткен саналы күрескерлік екенінен айқын хабар бергендей.

Халық тағдыры мен қоғам тағдыры сынға түсер кезеңде сахнаға шыққан қай қайраткерден де қоғамдық даму табиғатын талдап түсінер терең білік, тарихи процестің алды-артын бірдей шолып отыра алар биік парасат, әр ісін мен әр сөзінің тек бүгінгі әсерін ғана емес, ертеңгі салдар-нәтижесін алдын-ала түйсігіп-түсіне алар сергек жауапкершілік, заманның көңілін аулаймын деп адамға, адамның көңілін аулаймын деп заманға қиянат жасамайтын қылаусыз әділдік, дәуірге қызмет етудің орынына кемдікүн дәурендеп қалуды күйттейтін күйкілікке жол бермейтін саф адамгершілік табың мен халқың алдындағы қалтқысыз адалдық талап етілері белгілі. Мүсірепов – салихалы азамат сынға түсер сол емтихандардың қай-қайсысынан да сүрінбей өтті.

Азаматтық белсенділік – ол тек елдің ең алдымен білегін түрініп шыға келетін елгезектік емес, ол – бүгінгі күн пәрменінен ертеңгі келешектің көкейтесті мүддесін тапжылтпай танып барып қайратқа жүгініп, әрекетке жүгіретін қапысыз көрегендік. Мұндай өресі биік күресте сара ақылмен қоса салқын сабыр да таптырмас қару. Мүсірепов өз ғұмырында күрес сахнасынан бір елі жырақ тұрып көрген жоқ. Бірақ, қай сәтте де өзгелердің дау-дамайының дүбіріне жүгірмей, өз жүрегінің діріліне көбірек құлақ асуды қағида тұтты. Сабырлы күрескерлік деп те соны айтса керек. Ол – табандылықты «айттым бітті, кестім үзілді» деп отырып алар қасарыспалық деп, жалындылықты жағаласа кетер жанжал құмарлық деп, өрлікті өзеуреу, ерлікті егес деп ұғынбай, ұтымдыны алыстан болжап, ұрымталдан ұтылап қимылдау деп ұғатын кәнігі палуандар сынды қапысын таптырмайтын қырағы сайыскер. Бұл, әсіресе, суреткерлерге, ең алдымен, қажет қасиет. Өйткені, қашан да халық атынан, тап атынан, қауым атынан сөйлейтін қаламгер әрдайым өзін тек қағаз қаралаушы нан табармын деп емес, жаңалықтың жаршысы, жақсылықтың жақтасы қайраткермін деп сезінбесе, сөзін де, өзін де сыйламағаны. Өйткені, әлеуметтік творчество, көркем творчество, ғылыми творчество, рухани творчество – қашан да қиянатпен, тоғышарлықпен, топастықпен күрес. Сондықтан да, адамзаттың ізгілік жолындағы күресі арсеналынан көркем творчество ешқашан сыртқары қала алмайды. Күндердің күндерінде әскери қарусыздану жүзеге асар. Бірақ, әділеттің басынан аттатқызатын, адамгершілікті аяқ асты ететін идеялық қарусыздануға, демек, парықсыздану мен арсыздануға жол беріп қойып, қол қусырып қарап отыруға әдебиет пен өнердің ешқашан, ешқандай хақысы жоқ. Ендеше, сезімі сергек суреткер адамгершілікке келер әр қиянатқа адамзатқа төнер ең сұрапыл қауыптан ашынғанындай серпіле қарсы шығуы керек. Мүсіреповтің сүйекті туындыларын былай қойғанда жол жазбаларының өзінде кешелік пен кердендікке, қараулық пен дүниеқоңыздыққа, тоқтықтан асқынған тоң мойындық пен рухани «күптілікке» атой салып ереуілдеп тұрған максималистік пафос бет шарпиды. Ондай уыты болмаса бүгінгі көркем сөздің – автордың иінін жақсартып, бетіне шырай жүгірткеннен басқа бітірері шамалы. Олай болса, творчествоны күрес

деп ұғатынымыз секілді күресті де творчество деп ұққанымыз жөн. Күрес сияқты күрделі өнерде де өнеге керек. Ондай өнегелі ұстаздардың бірі – бүгінгі той иесі.

Ол осынша абыройға бір басының жұрттан озғанын күйттеген өзімшіл ыждаһатымен емес, Отаны мен заманының, туған тілі мен әдебиетінің мерейін өсіруге еткен ерекше еңбегімен жетті. Ол қазақтың көп салалы, көп жанрлы мәдениетінің жазушы өнері керек болған жерінің бәріне араласты, бәріне ат салысты. Замана ағымынан, дәуір талабынан ешқашан кеш қалып, кем түсіп көрген жоқ. Әрдайым өз халқының рухани мүддесінен шыға білді.

Рухани майданда оза шауып қызмет қылуға даусыз талант, дана білікпен қоса асқан кісілік те керек. Мүсірепов өнері кісілігіне, кісілігі өнеріне сай. Ол заманында ащыны да, тұшыны да аз естімеген, жақсыны да, жаманды да аз көрмеген адам. Бірақ, оның ащыдан тұншығып, тұщыдан ұшынып кеткен жері болды, жақсы дегенде еліріп, жаман дегенге көміліп қалған жері болды дегенді естіген де, көрген де емеспіз. Ол өзінен жасы үлкен, еңбегі үлкен, өнері үлкен ағаларымен де, кеш келіп, кейін жетілген інілерімен де сырдесте пікірлес бола білген адам. Үлкеннің алдында балаң, кішінің алдында надан көрінбеудің жаңғыз-ақ жолы – өзіңді өзің үзбей шыңдап отыратын үздіксіз рухани ізденіс, тоқмейілсуді білмейтін табанды еңбек. Өз қадіріңді білуің үшін өзгенің қадірін, өзгенің қадірін білуің үшін өз қадіріңді түсініп қапысыз қастерлей білген лазым. Табиғат көкірегіне өнер дарытқан адамға кердеңдік те, кесірлік те, жалтақтық та жараспайды. Оның «өнердегі өзін» сыйлағандықтан емес, «өзіндегі өнерді» сыйлағандықтан да инабатты болмасқа қақысы жоқ. Өзін қадірлеткенмен өнерін қадірлете алмай, өнерін қадірлеткенмен өзін қадірлете алмай жататын кереқарлықтың түп төркіні де осы – талант пен кісіліктің айқұшақ қауып аймаласа қалмайтынында. Халық көзіндегі адамға ірі сөйлеп ұсақ қарекеттенуге де, ұсақ сөйлеп ірі қарекеттенуге де болмайды. Алдыңғысы өзінің қадірін түсірсе, соңғысы өнерінің қадірін түсіреді.

Біз аға буынның өнерлерінің кесектігіне мінездерінің кесектігі жарасатынын сүйсіне айтқымыз келеді.

Бірақ, бұдан олар шетінен пайғамбардың ауызынан жаңа түсе қалғандай өңшең періште екен деген де сөз тумаса керек. Олар ондай емес. Ондай болуға

жағдайлары да болған жоқ. Өйткені, олар жас кәсіби әдебиетімізді өздері құрып, өздері қалыптастырды. Қалыптасу үстіндегі құбылыстың қай-қайсысында да бірі жетсе, бірі жетпей жататыны, сірә, белгілі. Қазақ әдебиетіндегі кәсібиліктің жетілуінде де даулы, талас тудырар жәйіттер көп болды. Оның бәрі принциптілікті талап етті. Сондай қызу күрес үстінде өскен ұрпақ, әрине, бірін бірі ылғи арқадан қағып, маңдайдан сипап отыра алмайды. Алайда, олар қанша таласқанмен, «сен анаусың, мен мынауын» деп ат құйрықтарын үзіспей нақты шығармалар, нақты тенденциялар төңірегінде таласты. Олардың қай таласының астарына үңілсең де, бәрібір қоғам талабына, дәуір талабына барып саяды. Әліге дейін әдебиет сапасы жайындағы творчестволық процестегі кейбір жағымсыз құбылыстар мен құлықтар жайындағы толғақты әңгімелерді інілерден гөрі ағалар көбірек көтеріп жүр. Олардың азаматтық темпераменті әлі күнге жалындаған жас жеткіншектерінен басым түспесе, кем түсіп жатқан жоқ.

Бүгінгі тойда қазақ зиялыларының алғашқы буынының асыл көзіндей боп қалған қадірмен ағаның қызғылықты да қасиетті өмір жолының өнегелік сипаттарына баса көңіл бөлуді айырықша мақсат тұттық.

Мүсірепов өмірі – өнегелі өмір. Өнегелі болатыны күрескер өмір. Биік мұраттар жолындағы мәмлесіз күресті өзек еткен өмір.

Мүсірепов өнері – өміршең өнер. Өміршең болатыны – шыншыл өнер. Шындықты мұрат тұтқан өмір де, өнер де – ең алдымен, ел игілігі, ел мерейі.

Мүсіреповке бүгінгі қоғам, бүгінгі қауым тарапынан көрсетіліп жатқан шексіз құрметтің де түп себебі осында.

Ғабең бүгін Махамбет пен Шоқанға, Біржан мен Ақанға, Тұрар мен Сәкенге көке болатындай, Абай, Құрманғазы, Мұхтар, Қаныш, Сәбит, Ахметтерге аға болатындай, арғы-бергіден тек Сыпыра, Бұқар, Жамбыл, Кенендерге ғана жеделдес інілігі бар көсем жасқа жетіп отыр. Бір қарағанда, ол – біздің ортамызға сонау ұлы Абайдың оң жақ қапталынан осы қазір тұрып келіп отырғандай көрмегені, білмегені жоқ көнекөз шежіре. Енді бір қарасаңыз – әдебиет табалдырығынан әлгінде ғана аттаған ең кенже буынның өкіліндей, жаңалық десең, алдымен ұмтылып тұрған албырт та қунақ, талғампаз да ізденімпаз.

Мүсірепов тойы – елдің тойы. Өрге тартқан өскелен мәдениетіміздің тағы бір сеңгірге көтеріліп, көш түгендесуі, мерей түнгендесуі. Алдағы аға ұрпақ пен арттағы іні ұрпақтың жария сұхбаты.

Кемел жасына да, кемеңгер жасына да абыройлы жеткен суреткер ағаның бұған дейінгі де, бұдан кейінгі де дәуірлердің алдында ары таза, мерейі жоғары.

Ал, іні буын...

Іні буынның ет жүрегін мұндайда тек көлкөсір қуаныш қана емес, алдағы ұрпақтар қалдырар рухани мирас пен болашақтың алдындағы шексіз жауапкершілік тебіrentсе ләзім. Қазақ мәдениетінің ағалар құрып, жүзінен асырып берген қызылды-жасыл өрмегінің қылышы қолымызға тигенде, арқауын босатып, төсегін селкеулеп алмас па екенбіз, алдағылар бастап берген айшықты өрнектен жаңылысып, күлдібадамға ұрынып жүрмеспе екенбіз деген уәйім тебіrentсе ләзім.

Алда айбынтар ағалардың баршылығы, сонда сүйсінтер інілердің молдығы – біздің туған мәдениетіміздің мерейінің ортаймайтындығының, мерекесінің тарқамайтындығының, көсегесінің көгере бермегінің кепілі. Мұндайда «тіл-ауыз тасқа» деп, шүкіршілік айтып жатпаушы ма еді...

Бүгін де сол үрдіс ойға оралады.

ӨЛМЕС ӨНЕГЕ

Осындайда ойыңа қай-қайдағы оралатын әдеті.

Ту дегенде түкірігі жерге түспейтін бір шоқ желке шонжардың «Кейбір адам сүйгіш ақ қанатты періште-сініп пәлденгіш қияли немелердің қырғыздарды (қазақтарды) да оқытып, европалық жұрттардың деңгейіне жеткізбек әурелеріне тіпті де қосыла алмаймын. Ең дұрысы – оларды мәңгі-бақи егін салу дегенді білмейтін, ешқандай ғылым, ешқандай кәсіп дегендердің тұмсықтарына исі де бармайтын көшіп-қонған көп малшы қалпында қалдыру керек», – деп кергігені күні кеше сияқты емес пе еді?

Көп болса, арада алпыс-жетпіс-ақ жыл өткен шығар.

Енді міне...

Әлгі «кеше» нәсіл адамзат білетін барша мамандықтың бәрін де жетік меңгеріп қана қоймай, өнер мен ғылымның қай саласынан да аттары әлемге аян айтулы азаматтар шығарып, бір айда солардың бірнешеуінің мүшел тойларын жарыстыра өткізіп, мәре-сәре болатын дәуренге де жетті.

Жә, ендігі гәп – осыны оңды-солды айтып, аузымызды толтырып, қампия сөйлеп, құр мақтанға беріле бермей, әлгі ардақтарымыздың әрқайсысының шын қадірін қаныға біліп, солар шығарған мерейлі биіктен бұдан былай да көріне білуге қам жасап бағуда болса керек.

Білгенде де, тек өзің білгенге мәз болмай, «балаңның баласының баласы тастаған жеті ұрпағың жете білсін» демекші, алдымыздағы ардақ буынның жиған-терген рухани мұрасын артымыздағы боздақ буынға да сол қалпында бұлжытпай жеткізе білуде болып тұр.

Өйткені, ұрпақтың ұрпаққа қалдырар ең асыл мұрасы – өзі бастан кешкендерден түйген азды-көпті рухани тәжірибесі. Одан қол үзген қауым – өзінің келешегінен күдер үзген қауым. Сондықтан да өзінің тарихи көкжиегіне үмітпен қарайтын әр қоғам, әр халық өмір жолын енді бастаған жас ұрпақтың өз отандастары көздің қарашығындай сақтап келген рухани қазынаны өз балаларына қаншалық терең сіңіріп жатқанына айрықша

мән береді. Өткеннің қалдырған қазынасына енжар қарау немесе оны дұрыс пайымдап, дұрыстап бойға сіңіре алмау не өзінді өзін қомсынып, қалайда басқа біреу боп көрінуге тырысып, тыраштанып бағатын рухани әуейлікке, не дүниедегі бар жақсыны тек өз үй, өз ауыл, өз жұртыңның төңірегінен ғана тауып, одан әріректегіге шекелей қарайтын рухани даңғойлыққа ұрындырары сөзсіз. Бұл екі мінездің екеуі де не халықтың, не оның өнерінің көсегесін көгертпейді. Біріншісі – көрінгеннің бойындағы сәл жылтыраққа көзін сатам деп жүріп, өзінің әу бастағы етене қасиет, ежелгі ерекшеліктерін ұмытып, ұры түспей тоналып, былайғы жұртқа өзіндік ештеңесі жоқ, айдай жұрттың алдына біреудің шапанын жамылып шыққан жарымес біреудей, бейқасиет көрінуге ұрындырса, екіншісі өз буына өзі пісіп, қалған дүниемен шаруасы болмай, ақыр аяғында айдалада жалғыз үй жұртта қалдырып, санды бір-ақ соқтыратын мешеулікке әкеп соқтырып, тұралатып тастауы мүмкін. Шама келсе мұндай екі дерттің екеуінен де бойыңды аулақ ұстап, өткеннің өсиетін бүгіннің қасиетімен, бұрынғының мұң-зарын ертеңнің ынтызарымен тоғыстыра алар терең парасат қана қауым мен өнерді тұйыққа тірелтпей, ылғи да ілгері тартар дамудың даңғыл жолына бастайды.

Егер біз өткен ізімізге осы тұрғыдан, үңілер болсақ, ондай төл мәдениетіміздің ешқандай әлекей-күлекейсіз-ақ, ажарын асырам деп, бір көршісінің сырғасын, бір көршінің шолпысын тағынтып, абысынның қамзолын, құдағидың желеңін жамылтып, көлденең жамау-жасқау жапсырмай-ақ, құр әншейін кеңірдек білеп «анауымыз да бар, мынауымыз да бар» – деп айту үшін ойдан-қырдан оңай олжа, оңай бедел жиыстырып, жоқты бар, барды жоқ деп дәлелдеп тапсынбай-ақ, әу бастан-ақ салтанатты, салихалы мәдениет екеніне көзіміз бірден жетер еді. Тек оның ондай үйдей қасиетін танып-білуге ыждаһатымыз бен зеректігіміз жетсе болғаны. Ұлы мен данышпанның бағзы ғасырлар мен жеті қиян жер шетінде жатуы шарт емес. Егер ондай алыс заманнан да ардақ тұтарлықтай асыл жұрнақ көптеп табылып жатса, тіптен құба-құп. Бірақ, кеңірдекті тым әрірекке созып, оның бер жағында да өздерінен-өздері көзге ұрып тұрған не сүлейлерімізді түгендеп көре біліп, бірін анда, бірін мында тартқыламай түгел мойындап, түгел құрметтей білейік. Сонда ғана туған жұртымыздың рухани ордасының

ешкімнің алдында қорына қоймастай ажарлы да базарлы екенін айғақтай аламыз.

Біз өз мәдениетіміздің мұндай ажары мен мұндай базары үшін Абай мен Құрманғазы, Шоқан мен Махамбет, Мұхтар мен Жамбыл, Қаныш пен Бауыржан сынды алыптармен қоса, біздің еліміз бен мәдениетіміздің кенеттен көсіле шалқып шыға келген кең өріске алғаш аяқ басқан жаңа рухани көш басшыларымыз Сәкен Сейфуллинге, Ілияс Жансүгіровке, Бейімбет Майлинге ерекше қарыздармыз.

Иә, бұл үш азаматтың халық алдындағы, тарих алдындағы еңсесі тіптен биік. Ықылым заманалар кеңістігінде ырғала көшіп, жырғала қонып, талай таласып, талай адасып аузы күйген жұрт атымен өзгеше жаңа заманның қырқасына көтерілгенде де алдынан самсап шыға келген сан соқпақтың қайсысы көлденең, қайсысы көсем сорап екенін айыра алмай аңтарылар тұсында, ілгері шығып бұйда ұстаған бұл үшеу ел тілегін қайырлы қадам, мерейлі бағытқа бастады. Үшеуінің тарихтың жаңа бір асқар асуына беттеген жұртына ұқтырғаны: өткеннің өкпе-бопсасын күйттеген күңкіл әңгімелерге алаңдап, ертеңгі еншіңнен қағылма. Бұрынғыдай бір-біріне түйіле қарамай, иіле қарайтын меймандос халықтардың жаңа одақ, жаңа қауымынан лайықты орын ала біл.

Ал, бұл – үлкен азаматтық, үлкен ақылгөйлік. Өйткені, елді де, ерді де барша кесапат атаулының бәрінен сол сияқты әлін білмей әлек болудан сақтандыру да – әрбір адал суреткер, адал ақылгөйдің парызы. Біздің ұлағатты Үшеуіміз алдарындағы Абай ағалары секілді өз халқының ұлттық санасының әулекілік атаулыдан, әсіренкілік атаулыдан айрықша аман болуын көздеді. Ол ниеттерінің соншалықты дұрыс болғанын өмір өзі көрсетіп берді. Бүгінгі дүниеде өз халқына шындап жақсылық тілейтін азамат оны өзге жұрттармен әділ мұраттар жолында тілек қосыса ілуге, тізе қосыса білуге, тіл табыса білуге шынайы интернационализмге үйретуге тиісті. Ол тек сонда ғана шын патриот, шын гуманист атанбақшы. Жаңа әдебиетіміздің үш көшбасшысы әп дегеннен осындай көсем мінезбен көрінді. Талай жерде тауы шағылған жұртты жаңа дәуірдің биік талабына бағыттау шын теңдікке, шын бостандыққа, шын еркіндікке баулу, өзін шындап, бойындағы күш-қабілетті түгел жарқырата көрсете білуге үйрету оңай шаруа

емес-ті. Мұншалық батпан жүкті жаңа қаз тұрған жаңа қазақ кәсіби әдебиеті өз мойнына алды. Өйткені, оның сүйенген үш дінгегі, үш бәйтерегі, үлгі алатын үш өнегесі бар еді.

Біздің бүгінгі жаңа сипатты ұлтымызды да, оның жаңа сипатты жарқын мәдениетін де ол Үшеуінсіз көзге елестете алмайтынымыз да сондықтан.

Ол Үшеуін тағдыр табыстырып, өздері ынты-шынтымен сенген, өзгелерді де дәл солай сендіруге күш жігерін аямаған ұлы мұраттар туыстырды.

Бірақ, Үшеуі бірінен бірі өткен үш асыл құбылыс еді. Үшеуінің өзіндік бет, өзіндік бітімі тым айқын, тым әралуан еді.

Біз бүгін өлмес талантына мейлінше тәнті болып отырған Бейімбет Майлиннің суреткерлік таланты да айрықша айшықты, айрықша аруақты еді.

Басқасын былай қойғанда, оның реалистік прозада ұлы Толстой эстетикасы мен ұлы Чехов поэтикасынан кейін біржола қалыптасқан заманды адам арқылы, адамды мінез арқылы, мінезді іс-әрекет арқылы танытып, жан-жақты ашып көрсете білуді мұрат санайтын қағиданы бірден терең түсініп, бірден берік тұтынғанына қайран қалмасқа болмайды. Бұл – біздің ол кездегі балаң проза түгілі ежелгі дәстүрлері бар кәнігі ұлттық прозалардың өзі кейіндеп ұстанып келе жатқан кемел биік. Соны қазақ қаламгері бірден жете ұғынып, творчестволық ғұмырының аяғына дейін ауытқымай берік тұтыныпты. Ол өз туысындағы барша қауым бастан кешіп отырған орасан зор тарихи оқиғаларды ең төменгі қатардағы пенделердің санасында болып жатқан түбірлі өзгерістер арқылы зерттейді. Оның шығармаларының негізгі арқауы – кешегі екі бірдей қанауға ұшырап, езілген жалшының өзін тануы. «Есіктегі малаймын» деп емес, «ел қатарлы адаммын» деп сезінуі. Өз намысын жыртып, белсенді әрекетке көшуі. Сырттай қарағанда, ешқандай фабулалық байланысы жоқ, әркімнің басындағы әр оқиғадан жазылған әр алуан эпизодтар сол кездегі қазақ қырындағы ежелгі әлеуметтік үрдістердің күні жетіп күйреп, жаңа таптық жіктелудің бірте-бірте күш алып, тереңдей түсуінің шежіресін шертеді. «Шұғаның белгісіндей» мұңды хикаядан басталған Майлин новеллистикасында оптимистік сарын орнығады. Сөйтіп, өмірдің есігінен өнердің төріне бір-ақ шыққан сан алуан кейіпкер заман шындығын жан-жақты ашып, қазақ

әдебиетінде бұрын-соңды сөз болмаған жаңа бір әлеуметтік ахуалдарды толғайды. Сол бейнелердің арасында қазақ кедейінің үстіне түйе шөгерсе де мыңқ етпес көнбістіктен таптық күреске бел шешіп араласуына дейінгі рухани эволюциясын ұтымды жеткізетін Мырқымбайдың орны тіптен ерекше. Ол өз бойына шаруа күйттеп, еңбек ететін бейнетқор адамның бойындағы ақжарқындық, адалдық, соңының соңынан ере кетуге әрдайым әзір елгезектік сынды жақсы мінездерді түгел тоғыстырған. Егер бізде де ең танымал әдеби кейіпкерлерге ескерткіш соғатын күн тұса, жол осы даланың аңқылдаған адал жігітіне алдымен тиері сөзсіз. Өткен ғасыр гуманистері ерекше еміреніп жазған шаруаларға тән кіршіксіз пәк сезім Майлиннің осы бір кейіпкерінің де шоқтығын асырып тұрған саф қасиет. Қазақ қаламгері осы бір қызық та күрделі әлеуметтік-моральдық құбылысты бейнелеуде теңдесі жоқ зергерлік танытумен қоса оның бұрын ешкім байқап, сөз етпеген жаңа қырларын ашатын үлкен зерделілік те танытты. Ол суреттеген аңғалдық, ол суреттеген пәктіктің бойында «былтыр да тайлақ, биыл да тайлақ» дегендей өспейтін де өшпейтін рухани мешеулік жоқ, қайта жаңаға талпынып, биікке ұмтылған сәби қиялындай албырт құштарлық, аңғырт арман-шындық бар. Соны суреткер еліге суреттеп, төгіле жырлайды. Майлин кітаптарынан жалғыз Мырқымбай емес, жаңаға талпынған жарлы-жақыбайдың небір сойын табуға болады. Майлин кітаптарының бір-біріне ұқсамайтын әралуан кейіпкерлерге әсіресе, бай екендігі соншама, кейде солардың саны сол кездегі қыр халқының санынан дәу де болса қалыса қоймас деп ойлайсың. Осы бір қай баурайы да ызғындай ел-жұртқа толы әдебиет Кавказының (көп кейіпкерлі, биік шынды Майлин творчествосына расында да тек осындай теңеу ғана лайық) Эльбрусы мен Қазбегі – екі діңгек биігі – Мырқымбай мен Раушан.

Біздің ғасырдың бастапқы кезіндегі қазақ әдебиетінің қыр әйелінің қиын тағдырына ерекше ден қойғаны белгілі. Бірақ, ұлт тарихындағы сын кезеңді азаттық аңсағандардың жеңімпаз күресін әлеуметтік прогресте адал еңбек адамдары алатын үлкен орынды езілгендердің ең шер-шемен тобы – әйелдер тағдыры арқылы бейнелеуді бірінші боп қолға алған Бейімбет Майлин еді. Бұл ретте ауыл әйелінің санасындағы әр құбылыс оның азамат боп қалыптасып, дәуірдің тартыс-таласына

араласудағы әр бұлталаң, әр бұлтарыс ақ көкірегі аңғал жандардың сезіміндегі діріл – бәрін байқап, бәрін көргіш, бәрін зерттеп, бәрін түсінгіш Майлин зердесінен еш қағыс қала алмаған. Біздің әдебиетімізде осынша адал, осынша қырағы шыншыл таланттың суреткерлік куәгерлігі арқасында рулық патриархалдық қоғамнан социализмге бірден аттап өтіп, тарих өткелегінен төтелеп жол тартқан халықтың қиын күйзелістер мен дағдарыстарды да бастан кешкен күрделі есею жолының небір шыңырау сырларына тереңдеп бойлай алған кең құлашты эпопея туды. Біз бұл арада аузымыздан жаңылып отырған жоқпыз. Б. Майлиннің көп томдардан тұратын қомақты дүниелер жазбағаны кім-кімге де белгілі. Оның творчествосында сан жағынан прозаның ірі түрлерінен шағын түрлері басымырақ түсетіні де шын. Бірақ, оның екі қоғамдық формация тоғысындағы қазақ өмірінің қырық құрақ көріністерін емес, тұтас бір салауатты сом суретін, кең қарымды панорамасын жасап шыққаны және рас. Осынау сан алуан повестер мен пьесалардың, әңгімелер мен очерктердің, фельетондар мен мысалдардың, публицистикалық мақалалар мен драмалық интермедиялардың жиынтығынан тұратын көп бөлімді, көп жанрлы, көп қырлы кесек тарихи монумент езілген жұрттардың да шынайы экономикалық, мәдени-әлеуметтік кемелдікке қолдары жете алатынына шүбәсіз сендіріп береді.

Қас-қағымда өте шығып жатқан сияқты көрінетін ағымдағы тіршіліктің ала-құла дүрмегінен бір адамның жеке басындағы халдың күллі заманалық өзгерістермен, бір ғана тұрмыстық эпизодтың жалпы тарихи дамумен тереңнен табысып жатқан түп-тамыр байланысын тап басып, дәл ұстай алатын сара суреткерлік зерде ғана өнімді жазушының ұлан-ғайыр творчествосына бет-бетіне шашыратып жібермей, бір уысқа ұйыстырған тұтастыққа, көл дария салқар мазмұндылық пен тылсым тереңдікке ие етіп отыр. Майлин шығармаларына тән тарихи дамуды өз қалпында жіті бейнелейтін историзмнің де, қандай кесапатты көрсетсе де, тарихи дамудың жеңімпаз күшін жеріне жеткізе аша алатын әлеуметтік оптимизмнің де түп сыры осында. Алайда, мұндай оптимизм келте ғұмырлы жұмыр басты тіршілік иесіне байланысты болмыста болмай қалмайтын драматизмді жоққа шығармайды. Тарихтың қашан да драмаға үйір тұратыны белгілі. Өйткені, оның арқауы әр сипатты

оқиғалардың ию-қию тізбегінен емес, белгілі бір әлеуметтік мұраттарға ұмтылған саяси күштердің қашан да ымырасыз саналы күресінен түзіледі. Майлин, міне, осындай күрес атмосферасын көзбен көріп, қолмен ұстатқандай нақты жеткізуге ұста. Бұл ретте ол шытырман сюжетке емес, белгілі бір әлеуметтік күрестер ситуациясы сахнаға шығарған қаһармандардың басындағы сын халді мүлтіксіз дөп бейнелейтін суреткерлік мергендікке көбірек зер салады. Майлиннің өз тұсындағы тұрмыстың күнделікті күйбеңіне осылай жіті мән бере қарайтын байыптылығы біздің бүгінгі күн тақырыбын игерудегі ең басты кемшілігімізді де ашып бергендей.

Біздің айтылмыш салада жолымыздың бола бермейтіндігінің негізгі сыры да суреттеп отырған оқиғамыздың қазіргі тарихи процеспен қаншалықты терең байланыста екенін ашып бере алмауымызда, адамдардың жан-күйіне жіті үңілмей, оқиға қуалап кететіндігімізде тәрізді. Содан келеді де, не суреттеп отырған ситуацияның идеялық-философиялық астарына тереңдеп ене алмай, тұрмыстық жәйттерді тәптіштеп кетеміз. Не керісінше, ақылға қонатындай тәп-тәуір концепциялық пиғылымызды нанымды характер шындығы, нанымды тұрмыстық детальдар арқылы жеткізе алмай жалаң схемашылдыққа ұрынамыз. Ақыр аяғында оқушы назарына ұсынып отырған кейіпкеріміз не сенімсіз, не көңілге қонымсыз боп шығады.

Бұл арада қазіргі қазақ қаламгерлері көп айтқанмен, көп ыждаһаттай қоймай жүрген екі игі қасиетті – суреткердің белсенді азаматтық позициясы мен дәуірлік шындықты тек теориялық тұрғыдан емес, дәл өмірдегі бар қалпында, рас қалпында жіті пайымдап, жетік білер зерттеушілік зердесін айтпай өте алмаймыз.

Б. Майлин өзінің тамаша творчествосы арқылы суреткердің әлеуметтік өресін айқындайтын бұл екі ұғымның өзара сабақтастығын, белсенді азаматтық позициясы жоқ кісінің өмірді бетінен қалқымаса, тереңдеп зерттемей ұшқары түсініктермен қанағаттанатын адамдарда ешқандай позиция болмайтындығын даусыз дәлелдеп берді.

Сондықтан да, біздер бүгінгі қазақ қаламгерлері, жасымыз бар, жасамысымыз бар, Б. Майлиннің тек беллетристикалық, драматургиялық мұраларына ғана емес, публицистикалық мұраларына да үзбей үңіліп отырсақ, қандай ғанибет болар еді! Таптық шайқастардың шаршы

алқасында жүрген суреткер кең байтақ республикамыздың түкпір-түкпірінде болып жатқан сүйікті оқиғаларға да, күйікті оқиғаларға да бірдей лебіз қосып отырыпты. Мәселен, Үстірт үстіндегі Белеулі керуенсарайының мүсәпір хәлі халық тарихының жұрнақтарын көздің қарашығындай сақтау керектігі туралы жалынды мақала жаздырды. Ал Жөлек базарында көрші отырған екі ауылдың әпербақандарының алауыздығынан тұтанған жанжалды естіп, жазушы кейбір пысықайлардың қара басының қамы үшін бағзыдағы бабалардың аруағында тыныш жатқызбай, ұлт дәрежесіне жетіп, уыздай ұйый бастаған халқымыздың ынтымағына қол салып, қайдағы бір жершілдік, рушылдық, жікшілдік дерттерді оятқысы келетінін ашына айыптап, отты да уытты фельетон-памфлет туғызған-ды. Бәрін айт та бірін айт – өткір тілді өрен таланттың қаламы ұшынан ұшынып туған, кімді болса да, бірден әрі оңшылдық шылығына, әрі солшылдық шылығына шалдыққан деп айыптауға әрқашан да жаланып тұратын бір ғана Арыстанбайдың Мұқышының өзі неге тұрады?

Жазушының мұндай дер кезінде дәл атылған оқтай жалынды мақалаларын санап тауысудың өзі қиын. Гәп онда емес, басқада: осындай уыт, осындай ыждаһаттың мына біздерде жетпей жатқандығында. Әйтпесе, бір кезде Майлин жазған сұрқылтайлардан бүгін де түгел арылып біте қойған жоқпыз ғой. Мансапқорлар мен жанжалқорлардың, лай судан балық аулаған пайдакүнемдер мен кісі мен кісінің арасына қақпан құрып, тұзақ тосқан арапшылардың талайы не көрші пәтерде тұрады, не көрші столда бірге отырады. Ондай «бейбіт қатар өмір сүру» біздің де көсегемізді көгертіп жатқаны шамалы. Оның үстіне, олар Б. Майлин заманындағы әлдеқайда аққаптал болып алған. Ондай немелерге керек жерінде іскер, елгезек, еңбексүйгіш, білімпаз, талап қойғыш, тіпті ақиқаттың жолында басын тігуге әзір әділдік қуушы болып көріну түкке тұрмайды. Олар қаншама қырық құбылып баққанмен арғы төркіндері біреу-ақ. Ол әріде Шоқан мен Абайдың, беріде Сәкен, Ілияс, Бейімбеттердің іргесіне ши жүгіртіп, тыныш отырғызбаған «пасықтық». Оның бүгінгі аты – айла мен бедел, арамдықпен дәулет жиып, дау қуып, даңқ асырып жүрген мерез тоғышарлық. Ол кез келген жерде біздің биік адамгершілік мұраттарымызды мұқатуға, оларды берік ұстанып, адал жүргендерден ұпай асырып,

«тақырға отырғызып» кетуге тырысып бағады. Ондайлармен табанды күреске шығу – тарихи жағдайдың өзі біздің адамгершілік тазалығын тапжылтпай қорғай білуді талап етіп отырған қазіргі кезең үшін ең бір өзекті парыз. Амал не, біздің бүгінгі күн тақырыбындағы шығармаларымыздың әлеуметтік темпераменті мұндай күрестің өр талабына үйлесе алмай жатыр. Бүгінгі беллетристика, бүгінгі драматургия, тіпті бүгінгі публицистикамыздың өзінің әлеуметтік мәселелерді көтерудегі азусыздығын суреткерлеріміздің өмірді зерттеп білудегі керенаулығы мен дүниетанымдық тайыздығының салдары деп қана білген жөн.

Ашығын айтсақ, әдебиет төңірегінiң дау-дамайында соншалықты қызу қанды қаламдас ағайынның қоғам болып тебіреніп отырған толғақты мәселелерге келгенде адам таңқалатындай бейқам, адам таңқалатындай енжар бола қалатындарына қайтып қынжылмассың.

Бейімбет Майлиннің өнегесі өзгеше бір сыр танытады. Шығармаларында кемшілік атаулыға атымен кешірімсіз, соншалықты өр, соншалықты ымырасыз жазушы өмірде сондай кішіпейіл, сондай мейірбан, сондай рахымды жан болыпты. Ол және оның ұлы замандастары өздерінің жұптары жазылмаған баянды достықтарымен, бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарған мызғымас ынтымақтарымен дарынды адамдардың ауыздары бірікпейді, екі қошқардың басы бір табаққа симайды секілді бәз-баяғы бәдік әңгімелерді атымен жоққа шығарады. Оның үстіне олар өз жұртының шын мәніндегі рухани көсемдері ретінде жалпыға ортақ мүдделер жолында соншалықты ымырасыз болғандарымен, бірінен бірі бақ асырам деп тайталаспағандары белгілі. Олар үлкен мүдделер жолындағы күресте жұптарын жазбай бірге көрінді. Бұл – олардың бізге қалдырған тағы бір өнегелі үрдісі, ізгі рухани мұрасы еді.

Ол дәстүрді біздің де көздің қарашығындай сақтай білгеніміз жөн. Өйткені, біздің рухани мәдениетіміздің ертеңі, өзінің кемел биігіне келіп отырған өскелең қоғамда өркендеп жатқан халқымыздың тілі, ары, жүрегі болып отырған төл әдебиетіміздің келешегі, оның әлеуметтік асқақ дауысының әлсіремей, шыңдала, шыныға түсуі қазіргі белсене еңбек етіп жатқан қаламгер ұрпақтың творчестволық шама-шарқына ғана емес, адамгершілік келбетіне, әлеуметтік дүниетаным өресіне де тікелей тәуелді.

Ендеше, біздің алдымызда да оңай сын тұрған жоқ. Алдағы аға буындар алып берген абыройдан айрылып қалмау, кейінгі жеткіншек буындар артып отырған үлкен дәмені ақтау, өзімізді-өзіміз қызықтап кетпей, туған мәдениетіміздің көкейкесті мүдделерін ұмытып кетпеу – тап анау айтқан оңай шаруа емес. Оның үстіне жарық дүниенің тағдыры жұмыр басты пенденің ар-ұжданына қарап қалған заманда сөз тізгініне қол созу қан майданға бергісіз қиын сын. Олай болса, бүгінгі әдебиетке де тұрлаулы әлеуметтік көзқарас, бағалаудағы әділдік пен пікірдегі адалдық қай кездегіден де керекірек.

Бұл ретте де Бейімбет Майлин – бізге теңдесі жоқ өнеге. Ол бар болғаны біржарым жыл-ақ партада отырған. Соған қарамастан өз бетінше ізденіп, реалистік прозаның үлкен мәдениетін меңгерді. Әдебиеттің барлық жанрында бірдей жемісті еңбек етті. Ыждаһатсыз, кем талап, ештеңеге қызықпайтын енжар кісінің қолынан оның ешбірі де келмес еді. Бірақ, сөйте тұра баққұмарлыққа бармапты. Бұл жолда ешкімнің ала жібін аттамапты. Өзінен кейінгінің талабын жасқап, өзінен ілгерінің талантын жоққа шығармапты. Ол мұның бәрін тәуекелі жетпегендіктен емес, адамгершілік ар-ожданы жібермегендіктен істемеген.

Осыншалық аяулы адам жер бетінде бар болғаны қырық төрт қана қар басыпты.

Иә, Бейімбет Майлиннің өнері өлімге мойын ұсына алмады. Өйткені, ол езілгендердің еңсесін көтеруге, жасығандардың жанын ширатуға, алданғандардың көзін ашуға, әділдік пен шындыққа қызмет етті.

Иә, Бейімбет Майлиннің қиянатқа мойын ұсынуы мүмкін емес. Ол өле-өлгенінше арманы мен сенімін сатқан жоқ, адал азамат, ақ жүрек суреткердің асқақ позициясының туын жыққан жоқ.

Ондай адамдарға өлім не істей алушы еді!

Мінекей, қазір де ол өзінің ар-ұжданының лебізіндегі әрбір шыншыл сөйлемінен бізге елжірей тіл қатып, жер бетіндегі адамдық тіршіліктің, азаматтық болмыстың жәй-жапсарынан көл-көсір шежіре шертіп бағуда.

АҚИЫҚ АҚЫН

Ілияс Жансүгіровтің туғанына 90 жыл

Қайсы бір жылы ақ қырау ала қыста Нарынқол бардым. Сонда, ешқандай әсірелеусіз айтқанда, аузымды ашып, көзімді жұмып қатты таңғалғаным бар. Иә... Күнгеіне ертегінің арқыраған ақ бозындай аспанға атылып Хантәңірді қаңтарып қойған өлкенің көзі барды емірентпеуі, жүрегі барды тебірентпеуі еш мүмкін емес екен. Қапелімде оны кәдімгі күнде-күнде топырағын бұрқ-бұрқ басып жүрген қара жердің бір пұшпағы дегенге сене қойғың келмейді. Оған қалай таңданбайсың, тамсанбайсың!

Оның үстіне, апырмай, ақын қалай дәл айтқан! Жанжағыңның бәрі расында да, «аспанның төсін арда емген» асқарлар. Анау – расында да шоңқиып малды ауылдың төбетіндей төрде төс табандап жатқан Лабасы. Сонау – расында да сол маңайдың төресіндей сымпиып тұрған Текестің көкке өрлеген тік қиясы. Мынау – расында да, «етекте төбелтаздың төбесіндей» жарқырап жатқан Тұзкөл. Қайда қарасаң да – расында да «қартадай қатпар-қатпар қарағайлы қаптал». Расында да – «бауырынан сүт сорғалаған құт мекен». Расында да – «нағыз мақтайтын ертедегі Иран бағының» өзі!

Мен Нарынқолдан артыма қайта-қайта жалтақтап, қайта-қайта таңдай қағып тамсанып аттандым.

Келдім де, Ілияс ақынның кітабына қайта үңілдім. Үңілдім де қайтадан таңдай қақтым. Нарынқолда әр қия, әр шатқалға тамсанбай қарауың қандай мүмкін болмаса, арқалы ақынның ауызынан ақтарылып төгіле салған «Жетісу суреттерінің» әр жолын таңданбай, табынбай оқуың тап сондай мүмкін емес екен.

Бір кезде осынау тек інжу-маржаннан тізілген асыл алқадай жыр жолдарын оқи отырып, қиялдан да асып түсердей әдемі Жетісу табиғатына қайран қалып ем, енді міне, сондай жырға айналған өлкені аралап көріп, осыншама сұлулықты қаз-қалпында мөлдіретіп жеткізе

алған ақынның суреткерлік құдіретіне айран-асыр қалып келемін.

Құдірет ақын, Құдірет суреткер!

Ілияс Жансүгіров туралы ойлансаң, аузыңа осы бір сөздер еріксіз ілігеді.

Іргелі суреткер әуелі таңғалтады, сосын толғантады. Онсыз шығарма өнерге айнала алмайды. Шығарма құдіреті деген не? Ақындық құдіреті деген не? Әлімсақтан бас қатырып келе жатқан осы сауалдар тек текті талант, текті шығармаға жолыққанда ғана жолыңды кес-кестеп, қиялыңды қырық саққа жүгіртеді.

Ілияс Жансүгіров ауызға алынғанда дүние жаратылғалы талай басты ауыртып келе жатқан әлгі сауалдарың ойға оралмауы еш мүмкін емес.

Таланттың үлкендігі күрделі болмысты күрке тауық сойғандай жайратып, ұшалап, мүшелеп алақаныңа салып беретіндігінде емес, сол ұлы болмыстың күрделі екендігін одан сайын ұқтыра, одан сайын тамсандыра түсетіндігінде болса керек. Дүниеге деген жайдақ көз-қарасыңды парасаттандыра, жадау көңіліңді жасандыра түсетіндігінде болса керек.

Ілияс жырлаған мынау өлкені көріп барып, Ілияс талантының құдіретіне таңғалатыныңның да, Ілияс жырын оқып барып, жұмыр жердің бетіндегі тамсанбай сөйлесең, аузың қисайып кететіндей мынау таңғажайып өлкенің табиғатына таңғалатыныңның да сыры осында болса керек. Сондағы екі әсеріңнің – жырды оқығандағы әсеріңнің де, сол жырға айналған өлкені өз көзіңмен көргендегі әсеріңнің де бір жерден шығып, бірдей тебіrentетіндігінде болса керек. Әдетте реализм кемелдігі де суреткердің белгілі бір құбылысты өмірдің өзіндегідей айнытпай дәл көшіріп бере алатындығымен емес, сол құбылысты басынан кешірген адам өмірдің өзінде қандай тебіреніп, қандай теңселетін болса, сол құбылыс жайлы шығарманы оқыған адамды дәл сондай тебіrentіп, дәл сондай теңселтіп жібере алатындай пәрменділігімен өлшенсе керек. Бұндай пәрменділікке суреткердің суреткері ғана ие бола алады. Әсіресе реалистік дәстүрге, реализм эстетикасына кеш қол созған әдебиеттің өкілі үшін бұл қиынның қиыны. Ал Жансүгіров бұндай асқаралы суреткерлік биікке көтерілген тұста қазақтың реалистік әдебиеті енді-енді қаз тұрып келе жатты. Кейбір ақындардың жалынды сөйлеймін деп төсін сабалап кететіндігі, жаңашыл болам

деп әсіре қызылға ұрынып, саясатшыл болам деп көптің аузында жүрген ұрандарды көпірте қайталап кететіндігі де сондықтан-ды. Ондай келеңсіздіктерден өзі әлдеқашан арылып, аспандап биікке шығып алған Ілияс Жансүгіров, әрине, әлгіндей-әлгіндей «өлең шіркіннің ішек-қарынын ақтарып», «сөз сорлыны қуалап кеткен», «жаңалық құмарлыққа» да, сөз өнерінде көне қыстаудан ірге ажыратпай көң сасып отырған үйреншіктікке де, үйірлікке де бірдей күле қарады. Асқақ дауыс ақын үшін тәйтiк келiншектің әлемiш көйлегiндей жасанды «жаңашыл» жылтырақ та, «өзiмiздiкiнен айрылмаймыз» дегендi желеулеткен өңезi алынбаған күбiнiң түбiндей күлiмсi көмескi «дәстүршiлдiк» те ұлт отауын тiгiп жатқан «байтақ ел, байсалды өлке Қазақстанның» дәуiрлеп дәуренi озып тұрған жаңа болмысын жеткiзе алмайтын әлжуаздық көрiндi. Оның бәрiн «өлеңнiң өнерiнен өзiн көрмей, шөлікеп шұқанақты қазбалаған» тапшы таланттың әуресi санады. Өз көкiрегiндегi жаңаша маздаған от көңiлдiң тегеурiнiн таныта аларлықтай соны серпiн iздедi. Iздедi де, тапты.

Жансүгіров жаңашылдығы тек қана бiр ақынның шоқтығын аспандатып қоймай, бүкiл ұлттық поэзияны жаңа тарихи белеске көтердi. Бұл ретте ол ұлы сыншы Белинский айтқандай, халықтық поэзияның деңгейiнен асып, шын мәнiндегi ұлттық поэзияның биiгiне жоғарылады. Ұлы демократ сыншының халықтық әдебиет деп халық өмiрiн қалың бұқараға түсiнiктi дәрежеде шыншыл бейнелеген әдебиеттi ұққанын, ал ұлттық әдебиет деп белгiлi бiр халықтың барлық әлеуметтiк қатпар-қабатын тарихи шындыққа сәйкес жан-жақты көрсете алатын және халықтың рухани санасын жаңа әлеуметтiк биiктерге бастауға септiгi тиетiн әдебиеттi ұққанын жақсы бiлемiз. Ондай шығармалардың қатарына қоғамның төменгi, орта, жоғарғы қауымдарының қайсысын бейнелегенде де шындықтан ауытқымаған, өз бойына европалық бiлiмдi сiңiре алған «жаңа орыс рухын» мейлiнше терең жеткiзе алған А. Пушкин, Н. Гоголь, А. Грибоедов, М. Лермонтов творчествосын жатқызған-ды. Демек, әдебиет ондай ұлттық құбылыс дәрежесiне халық өзiнiң тарихи дамуында жаңа биiкке көтерiлiп, өзiн бiртұтас ұлт санап, адамзаттың рухани шыңдалуына өз үлесiн қоса бастаған жағдайда ғана жете алады.

Жансүгіров творчествосына осы тұрғыдан үңілер болсақ, оның төл әдебиетіміздің есейіп, ер жетуіндегі әлгіндей ерекше орнын қапысыз аңғарар едік.

Жансүгіров қалам ұстаған тұс тілі бір, тегі бір, тарихи тағдыры бір, мәдени-шаруашылық дәстүрлері бір қазақ халқының шар тарабы территориялық бүтіндікке, ұлттық масштабтағы ынтымақ пен берекеге енді-енді қолы жете ме деп дәметіп отырған кез еді. Бірақ, ол кезде қазақ халқының ғасырлар бойы жасаған рухани мол мұрасы әлі ортақ қазына, ортақ мерейге айналып үлгере алмай жатқан-ды. Басқасын былай қойғанда, Абай жырлары мен Құрманғазы күйлерінің өзі қазақ даласының пұшпақ-пұшпағына әлі түгел тарай қойған жоқ-ты. Демек, ол кезде қазақтың ұлттық ақыны болу үшін әлгіндей рухани ынтымақты жеделдете аларлықтай азаматтық серпін, суреткерлік тегеурін керек еді. Ол серпін халық басындағы ондай тарихи кезеңге себепші болып отырған жаңа шындықты, жаңа әлеуметтік факторларды жан-жақты ашып көрсетуді талап етері сөзсіз. Ондай өрелі міндет әдебиет өзі бейнелер жаңа әлеуметтік шындықты жарқырата бейнелей алатын жаңа эстетикалық сапаға ие болған күнде ғана жүзеге асатыны түсінікті. Ал әлгіндей жаңа эстетикалық сапа тек ұлттық көркем ойдың тәжірибесімен ғана шектелмей, күллі адамзаттық көркем ойдың қол жеткен табыстарын жемісті игеру арқылы ғана қамтамасыз етілмекші.

Міне, Жансүгіров буынының алдында осындай бірінен-бірі өрбіп жатқан қарлы қаратау проблемалар тұрды. Ондай проблемаларды кез-келген дарын, кез-келген талант шеше алмақшы емес. Оны тек теріскей мұзды мұхиттан тұңғыш жол ашқан құрыш құрсау мұз жарғыш кемелердей қуатты да батыл алып таланттар ғана іске асырмақшы.

Ілияс Жансүгіров – ұлттық көркем ойымыздағы дәл сондай соныдан із барлап, тыңнан жол тартқан алып тұлғалардың, көсем тұлғалардың бірі. Мұндай тұлғалар әдетте өзінен бұрынғылардың жинақтаған тәжірибесін саралауда да, өз тұсындағы дамуға белсене атсалысуда да, келешекті батыл барлай білуде де өзі тектес өзгелерден көш алға түсіп отырады.

Жансүгіров талантының елден еректігі – халқының ғасырлар бойы жасап келген ұланғайыр поэтикалық

мұрасынан ештеңені қағажау қалдырмай түгел сіңіріп, терең меңгере білгендігінде. Біз оның творчествосынан халықтық поэманың сонау Сыпыра жыраудан күні кешегі Кененге дейінгі даму жолында сұрыпталған түрлік үлгілердің әуен ырғақ алуандығын, сөз қолданудағы ұтқырлықтарды, бейнелегіш тәсілдерді молынан ұштастырамыз.

Жансүгіров талантының тағы бір артықшылығы төл әдебиетіміздегі өз тұсындағы барша соны бағыттардың бірде-бірін қалт жібермей, бәріне де өз үлесін қоса білгендігінде. Біз Жансүгіров творчествосынан сол тұстағы қазақ поэзиясының барша тақырыптық, мазмұндық, түрлік ізденістерін түгел таба аламыз. Бәрінде де оның ізденістері эксперимент дәрежесінде қалып қоймай, түбегейлі эстетикалық нәтижеге жетіп, толыққанды көркем туындыға айналып отырған. Бәрінде де өз тұстастарының соңында қалмай, қақ жарып, қақ маңдайдан көрініп отырған.

Жансүгіров талантының тағы бір озық сипаты ол өз тұстастарының арасында әлемдік әдебиеттің, орыс классикасының және өз тұсындағы көп ұлтты Кеңес одағы ақындарының творчестволық жеңістерін ерекше алғырлықпен зерттеп, ерекше жемісті үйрене білгендігі. Біздіңше, Жансүгіров қазақ мәдениетінің тарихында тек талантты аудармаларының өзімен-ақ қомақты орынға ие болар еді. Ол жасаған аудармалар әлі күнге дейін қазақ аударма өнерінің ең озық нұсқалары болып табылады.

Ақын және қоғам, жаңа идеология жаршысы болып отырған суреткерге тек барды ғана игеріп қоймай, соны поэтика жасау керектігін жақсы ұқты. Ол мұндай соны поэтика, соны эстетикалық арсеналды ұлттық тіл мен ұлттық материал арнасында өрбіте білді. Сол арқылы ұлттық көркемдік танымды, ұлттық көркем ойды шынықтырып шыңдады.

Жансүгіров осындай суреткерлік кемелдігін ең алдымен өз дәуірінің әлеуметтік шындығын жан-жақты терең ашып көрсетуге жұмсады. Бұл тұрғыда ол тақырып алалаушылыққа да, жанр алалаушылыққа да ұрынбады. Ақындық темпераменті асқақ, көсіле шалқып, көмілте көмкеретін дарқан дарын иесі халық бастан кешіріп отырған кезеңдік болмысты мейлінше нақты, санқилы әлеуметтік өзгерістерге ұшырап жатқан қазақ кедейінің жан дүниесіндегі, мінез-құлқындағы құбылыс-

тарды мейлінше боямасыз көрестуге ыңғайлы тұрмыстық детальдардан да бойын аулақ салған жоқ. Құз қиядан құйыла құлдырап, етектегі елбең боздың арасынан жүгірген аңды дәл ілген құрыш тұяқ қырандай әлеуметтік астарға ие мінез-құлықтарды дәл байқап, дәл бейнелей білді. Жаңа өмірде тұрмыс отауының табалдырығын аттаған жас келіннің бетін жалынды жырмен өзі ашты. Дүниеге келген жас бөбекті жыр бесігіне өзі бөледі. Тіпті жаңа үрдіске бет түзеп, ескі үрдістен безініп шығып: «Ауыр-ылас, кір-қолаң ауыртып еді мазаны ап: арылта жуып сабындап, аламын бәрін тазалап», – деп білегін сыбанып, сабын қайнатқан жеңгелердің былғауышын бірге былғасып: «Сақырла, қазан, былғауыш, сағыздай сабын оралсын, сабыннан ырым етуші ек, оралсаң ісім оңалсын», деп бірге әндетті. Ақынды тек өзі қоршаған ортадағы «көк кіндігі», «жер түндігі» Гималайлар ғана тебірентіп қоймай, «қарынсау қара тегештей, қара қоңыр» саптыаяқтар да «қабаққа біткен қайыңның беріші еді, безі еді; өтіндей ақ аюдың әкемнен қалған көз еді», деп емірентеді. Найза мен қылыштан өзгені назарға іліп көрмеген қазақ поэзиясы үшін бұл тым соны құбылыс. Жансүгіровке дейін жортуыл мен шайқас болса бір сәрі, «қырт-қырт орып орағы», «сыңғыр-сыңғыр шалғы» тартқанды, пішен шапқанды, қызыл кешіп, қырман басқанды кім шын жүректен толғана жырлап көрген?! Бұл ретте қазақ ақыны әлем әдебиетіндегі демократияшыл дәстүрлердің ең үздік үлгілерінің дәрежесіне көтеріле алды. Ол халық өмірінің барша тұсын, барша маусымын, барша қалтарысын қалдырмай жырға қосты.

Жансүгіров өз тұсындағы өзгелер жазып жатқан қай тақырыпқа қалам сілтесін мейлі, басқалардың ығында кетпей, өзіндік дара сөзін, өзіндік жаңа сөзін айтты. Шамасы, ол тұста «Оқимын» деп өлең жазбаған ақын кемде-кем шығар. Бірақ, Ілиястың «Оқимынының» жөні бөлектеу сияқты. Мұнда сол тұстағы бұл тақырыптас өлеңдердегі жиі ұшырасатын кеуде қаққан уәдешілдік жоқ. Алыс қалаға, бөтен ортаға білім қуып бара жатқан балаң жастың туған ауылын, тума-туыстарын, туған ортасын қимаған қылаусыз сезімі бар. Қимай тұра, қинала тұра тәуекелге бел буған өр талабы бар. Сол кездегі дәуір сипатын көлеңдетіп көз алдына тартатын сан қилы адам мінездері бар. Басқасын былай қойғанда,

мына бір: «Ашамайлап тай байлап, тай терлетсем бай-байлап, азырақ ағат іс қылсам, әуліккен әкем айғайлап; қозыда ұйықтап қалғанда, ат бауырына алғанда, айырған анам қой-қойлап; азапқа мені айдаушы ең, ұзақ күн өзін дойбы ойнап; жүре алман, әке, той-тойлап: әзірге, әке-ау, аман бол, «жол болсын» айт, оқимын» – деген жалғыз-ақ шумақта қаншама қалтқысыз шындық жатыр!

Ілияс Жансүгіров талантының ерендігінің ең басты сыры да осы қалтқысыз шыншылдығында, «жаңаны қостағанның жөні осылай болады екен» деп қаңбақ қуған тентектей даурығып, далаңдай жөнелмей, «ескіні мансұқтағанның жөні осы екен» деп өз қызығынан өзі жерініп, өз бетін өзі жыртып, жер-кекті лағынаттай жөнелмей, «өзіміздікін мақтаныш еткеннің жөні осы екен» деп, өз қиялына өзі алданып, жоқты бардай, барды дардай етем деп тыраштана жөнелмей, заманы мен халқының болмысына байыппен көз салып, пайыммен ой түйіп, шын зәру мен шын дәруді қапысыз саралап танитын, терең парасаттылығында.

Бұл бір таптың басындағы бақытты екінші тап тартып алып, бір қоғамдық формацияны екінші қоғамдық формация алмастырып жатқан алмағайып заманда екінші бірінің басынан ұшыраса бермейтін ұстамдылық. Ондай тұста үйреншіктіден айрылмаймын деп ескінің етегінен ұстап ап жер табандап жатып алатын кертартпалық та, жаңаны жақтаймын деп тұрпайы социологияға, әпербақандыққа ұрынтатын ұшқарылық та жиі ұшырасып бағады. Аталмыш кезеңде қазақ әдебиетінде де бұл әлеуметтік реакцияның екі бағытының екеуі де айтарлықтай орын алды. Ілияс Жансүгіров ондай әсіреңкіліктің екеуінен де бойын аулақ ұстай білді.

Оның сыры да төңірегіндегі әлеуметтік болмысты өз халқы мен өз табының тарихи болашағы тұрғысынан қарап таныған кемел азаматтық парасатында.

Ілияс жырының негізгі пафосы – өз халқына, өз өлкесіне махаббат, өз халқының бағын ашып отырған заманға махаббат, өз халқын бақытты, өз заманын баянды ете түсетін әлеуметтік жаңғыру, түлеуге құштарлық.

Ілияс жырының өзегі – шынайы презенттік махаббат. Ол ақынға әлгіндей тарих талқысының тұсында жөн бағыт сілтей білді. Ол өз халқының өзгелерден артық тұрғанын да, кем тұрғанын да емес, тең тұрғанын

көздеді. Сондықтан да өз халқының күрделі әлеуметтік болмысын адал танып, әділ бағалай білді. Оның бойындағы бар кемшінді жасырған жоқ, рас қасиеттерді мақтаныш тұтты. Ол осыншама алып талант иесі бола тұра өз халқына рухани әке болуға ұмтылмай, қалтқысыз ұл, адал перзент болып қала білді. Сол себепті де өтпелі кезеңде тұрған халқы туралы жазып отырған ақынның бойынан өгей ұлдарға тән өз халқын өзі жөнді-жөнсіз көкке көтермелеп сөйлейтін рухани көлгірліктен де, өгей әкелерге тән өз халқын өзі отырса опақ, тұрса сопақ қып, кемсітіп, кекетіп бағатын рухани қазымырлықтан да тырнақтай нышан таба алмайсыз.

Жансүгіров – адамзат қоғамының сан проблемалары ашық талқыға түскен тарихи кезеңнің ақыны. Ондай тұстағы көркем творчествоның реалистік эстетикаға тән өмірлік шындықты типтік жағдайдағы типті бейнелердің іс-әрекетін типтік тұрғыда көркем бейнелейтін суреткерлік жолымен қоса ашық публицистикаға да батыл бой ұратыны белгілі. Өз тұсындағы поэзияның мұндай мінезінен Ілияс Жансүгіров те қашқақтаған жоқ. Бірақ ол трибундықтың жөні осы екен деп, өз тыңдаушысын өзі тілдеу, ақыру, зекіру сынды астамдыққа, даңғаза айқай, құрғақ уағызға ұрынбады. Бұл ретте де ол Маяковский бастаған трибундық бағыт өнегесін ұлттық поэзиямыздағы ежелден бар толғаушылық дәстүрмен, Абай, Сұлтанмахмұттарға тән халық тағдырын ойлағанда қиналып-тебіреніп сөйлейтін ойшылдық үлгімен терең қабыстыра білді. Сол арқылы қазақ әдебиетіндегі философиялық-публицистикалық поэманың теңдесі жоқ үлгісі болып табылатын «Дала» атты дархан дастанды туғызды. Советтік Қазақстанның он жылдығына арналған бұл поэма – қазақ поэзиясының азаматтық дауысын асқақтатып, ондағы халықтық сипаттардың мықтап орнығуына шешуші үлес қосқан айтулы шығарма.

«Дала» поэмасы ақын творчествосындағы жаңа бір бағыттың бастамасы болды. «Халқымның қандайлығын айқындаған... Ақында сөз қалмасын айтылмаған», – деп ақынның өзі жырлағандай, одақтас елдердің санатына қосылып, өз отауын тіккен қазақ жұртының адамзаттың азаттық жолындағы күресіне қосқан үлесі мен жаңа азат қоғамдағы алатын орны жайындағы толғаныс І. Жансүгіров творчествосының басты арқауының біріне айналды. Ақиқатын айтсақ, қазақ әдебиетіндегі тарихи

тақырыптағы ізденістердің ең алғашқы көш басшысы болғандардың бірі де – Ілияс Жансүгіров. Бұл оның жаңа қазақ ұлтының тарихи санасын қалыптастырып жетілдіруде алатын үлкен орнын айқындай түседі. І. Жансүгіровтың тарихи дастандары – халықтың өткен жолына қоғамдық дамудың объективті заңдылықтарын терең түсініп, тарихи тұрғыдан үңіле білудің үздік үлгісі. «Алғанда халқым тауып күткен бақытын, қалайша қарыштамай күйбең қақтым», – дейтін ақын «Құлагер», «Күй», «Күйші», «Көбік шашқан», «Исатай-Махамбет» поэмаларында жаңа әлеуметтік ортада рухани дамуға ие болған жаңа көзқарасты, адамның өз халқының өткені мен келешегі туралы кең ауқымды ойларын жаңа қуат, жаңа сарынмен жырлай білді. Ол шығармалар қазақ тарихының көптеген күмілжі беттерін жарқыратып жайып салумен қоса, халықтың рухани өміршеңдігі жайында салиқалы сыр шерте білді. Халықты экономикалық езгіге, әлеуметтік ізгі мұраттар жолындағы әділ күрестен ешқашан да алшақтата алмайсың! Жансүгіровтың тарихи поэмаларының негізгі пафосы осыған саяды.

Талғар таудың тарғыл тасына қонақтаған тарлан бүркіттей алғыр ақын кең байтақ қазақ даласының өткенін жырласын мейлі, бүгінін жырласын мейлі біртұтас ұлт, біртұтас мемлекет болған халық пен өлкенің қай бұрышындағы оқиғаны да ешбір алаламай бірдей толғанып, бірдей тебіреніп, тұтас жырлады. Оның жомарт таланты ежелден бергі шеменді еңіреткен Матайдағы қобызшы Молықбай шалды да, Ерейменнің бауырында пырағынан айрылып бебеу қаққан Ақанды да, Жем бойында жебелей жүріп жыр айтып, күй шерткен Қашаған мен Құрманғазыны да, Нарын бойынан назырқап аттанған Исатай мен Махамбетті де, Хан ордада қыл тұзаққа түскендей қылғынған, аты беймәлім Сары үйсін күйшіні де бірдей тебірене жырлайды. Өйткені бәрінің шері бір шер, бәрінің сыры бір сыр. Атырау мен Алтай арасындағы далиған далада бірдей азап, бірдей тауқымет кешкен бір қазақтың шері мен сыры.

Азаттық пен тәуелсіздікке, тұтастық пен ірлікке қол созып отырған халықтың кешегісін де, бүгінін де бөлшектемей бүтін қарастырған І. Жансүгіровтың бұл творчестволық ерлігі – қазақ ұлтының жаңа тарихи санасының тез ержетіп, тез көтерілген үлкен рухани биігі еді.

I. Жансүгіров өзінің тарихи шығармаларында ұлттық материалды ұлттық проблемалар ауқымымен шектеп қоймай, күллі адамзаттық дамудың өзекті проблемаларымен ұштастыра білді. Бұл жолда тек өзге мәдениеттердің озық үлгілеріне еліктеу, солықтау аздық етеді, ең алдымен сол озық үлгі мен өз дәстүрінің арасындағы терең байланыстарды қапысыз саралай білу керек деп ұқты. Мұндай тыңғылықты ізденіс оған ана тіліміздің игерілмей жатқан мол көркемдік мүмкіндіктерін ашуға, ұлттық материалымыздың күллі адамзаттың құлағын елеңдете алатындай мәнді астарларын ақтаруға жағдай жасады. Ана тіліміздің реалистік көркем ойға тән икемділігін шыңдауда, ұлттық материалымыздың тұрмыстық қабаттарымен шектелмей әлеуметтік, философиялық тұңғықтарына үңілуде I. Жансүгіров көрегендік пен көсемдік танытып, артына өлмес өнеге қалдырды. Орыс тілінің тереңдегі інжу-маржандарын аршып алуда, орыс тіршілігінің адамзатқа тағлым боларлық астарларына бойлауда ұлы Пушкин қандай теңдесі жоқ еңбек етсе, біздің төл шындығымыздың асылы мен ақығын анықтауда, туған тіліміздің кәусәр көзін кеңейтіп, айдынын шалқар мұхит қып шалқытуға дәл сондай еңбек еткендердің санаулы тобының санатында Ілияс Жансүгіров ерекше орынға ие.

Ұлттық көркем ойдың алдында тұрған келелі тарихи міндеттерді осылай терең түсінгендігінің арқасында ол өз шығармаларында атымен жаңа әлеуметтік жағдайда шапшаң қарқынмен жетіліп жатқан халқының салқар мазмұнды рухани шежіресін жасап, жас қазақ жазба әдебиетінің бұрын-соңды қол жетпеген соны профессионалдық биікке жедел самғауына шешуші ықпал етті. Оның қыр тұрмысының барша қыры мен сырын жан-жақты терең ашқан, ешқандай көпірме-көтермесіз «қазақ өмірінің энциклопедиясы» деуге тұрарлық кең құлашты «Құлагер» поэтикалық полотнасы, философиялық ойының ауқымдылығы мен әлеуметтік-психологиялық талдауының тереңдігі жағынан күні бүгінге дейін қазақ поэмасы, романы, драмасының талайын шаңына дәл ілестірмей келе жатқан шаңқанбоз «Күйші» поэмасы көп ұлтты кеңес қоғамының рухани қазынасының шаршы төрінен орын алатын, тек қана бір қаламгердің елден ерек талантын көрсетіп қоймай, бүкіл ұлттық көркем ойымыздың қуаты мен даму қарқынын таныта

алатындай мерейлі биіктеріміз болып табылады. Бұл ретте, аталмыш шығармалар – ұлттық әдебиетіміздің кітапханасының атақты «Абай жолы» эпопеясы тұрған ең биік сөресіне жайғасар жайсаң туындылары.

Айтулы ақынымыздың салихалы творчествосы ұлы суреткерді тек табиғат қана туғызып қоймай, нақты қоғамдық-тарихи шындық шыңдайтынына көзімізді тағы да жеткізе түседі.

Жансүгіровтың творчестволық ғұмыры айналасы жиырма жылға да жетпеді. Осынша аз ғұмырдың ішінде ол қазақ әдебиетінің классигіне дейін шарықтап өсті. Арқалы қазақ ақыны республикалық жазушы ұйымын өз қолынан құрып, өз қолынан қаз тұрғызды. Сол арқылы ұлттық әдебиетіміздің бүгінгідей қарышты дамуына қарқын бітіріп, кең өріс ашып берді.

Ілияс ақынның шоқтықты творчествосы төл әдебиетіміздің өткен жолы, алған асуы болып емес, оның дәйім ілгері тартқан керуенін ылғи биіктерге шақырып тұрар арманды асқар шыңы болып қала бермекші.

АҚИҚАТ АЙДЫНЫНДАҒЫ АҚ ШАҒАЛА

Ұлы суреткер Антон Павлович Чеховтың
туғанына 125 жыл

Жасырақ кезімде көздерін көре қалған екі ауылдас кәрияның есіме түсіп отырғаны.

Екеуі түйдей құрдас еді. Ел ішінде екеуі де сондай қадірлі еді. Екеуінің де алдын ешкім кесіп өтпейтін. Біреуін, қартайып кеткен кезінің өзінде, көрерге көз керек-тұғын. Жаратушының өзі оны әлденеге қатты риза болып, көңілі марқайып отырған күні жарық дүниеге әкелген бе деп қалғандайсыз. Келбет десеңіз келбетті, тұлға десеңіз тұлғаны, қайрат десеңіз қайратты аямай-ақ үйіп-төгіп бағыпты. Ал енді тіл дегеніңіз ақ алмастай... Қиып түседі. Енді аша берген аузыңызды қалай қайта жауып ала қойғаныңызды өзіңіз де байқай алмай қаласыз. Отырысы, тұрысы, жүрісі, киім киісі, тіпті қамшысын қалай сілтеп, шақшасының тығынын қалай ағытатынының өзі талайдың аузының суын ағызған қырғын-қызық әңгіме-тұғын. Жас кезінде оңды келіншектердің төсегінен, салихалы кезінде сыйлы үйлердің төрінен елден бұрын шыға келетін өтімділігі де аңғарылмай қалмайтын. Сондықтан одан әр тұста әр қилы жәбір көргендер де аз болмаса керек. Бірақ, соған қарамастан, оның шашбауын көтерушілер шаш-етектен еді. Біреулері оның жұрттан асқан келбетіне тамсанып, екіншілері ауыздылығынан айбынып, үшіншілері әншейін желөкпе дақпыртқа елігіп әз-әулие тұтатын. Тіпті баяғы бір кездері оған бола келісті атынан, әдемі өрілген қамшысынан, ажарлы әйелінен айырылып қала жаздағандардың өздері бүгін кеп, араларына ештеңе болмағандай, онымен бір табақтас болуға, тізелес отыруға тырысып, тыраштанып-ақ бағар-ды.

Түптеп келгенде, жұрт оның істеп жүргендерінің бәрі жөн, бәрі дұрыс болғандығынан емес, олай істеу өздерінің қолдарынан келе қоймайтындығынан сыйлайтын. Бұл сонау үңгірдегі ата-бабаларымыздың күшке, күштіге табынуға мәжбүр болған заманынан өлмей-өшпей келе

жатқан жексұрын мінез, жегі құбылыс. Ондай құлықтың түп-төркінін аңғарып, оның дегеніне берілуді намыс көретіндер әлгі біз айтып отырған «азуы алты қарыс» айбынды қарияның маңайына көп жолай қоймайтын. Ал бағзыдағы бигологиялық инстинкті бүгіндері кеп «күш атасын танымас» дейтін философиялық қағидаға айналдырып, оны дүниедегі ең үлкен данышпандық санайтындар оның қасында бөгелектеген тай-құнандай бас шұлғудан жалықпайтыны айтпаса да түсінікті.

Екінші қарияда ондай көзге ұрып тұрған оқшау қасиеттің бір де бірі жоқ-ты. Бірақ, жұрт одан да шырқ айналып шықпайтұғын. Бірденеден тарықса, бірденеден ақыл таппай аңтарылса, екі етек боп далақтап соған жетіп барар еді. Ондайда ақсақал өзінің әлгі «азуы алты қарыс құрдасындай естіген құлақты елең еткізбей қоймайтын төтен бір тұжырымды қынаптан суырған қылыштай жалт еткізіп айта салмас еді. Өзіңмен бірге: «Апыр-ай, ә!» – деп біраз толғанып отырар еді де, «бұны былай істесек, қайтер еді!», «Жоқ, әлде бүйткен дұрыс па екен!», «Мүмкін, екеуі де емес былай еткен жөн шығар», – деп бірнеше шешімді жарыстыра көлденең тосып, онсыз да шаршап барған шақшадай басыңа біраз жаңа шаруа тауып берер еді. Сондайда әлгі алдыңғы әңгіме болған қариядан: «Пәленшекемнен кеңес сұрап ем, былай ет деді. Солай етпесем болмас», – деген нық тапсырмамен оралсаң, соңғысынан: «Пәленшекеме барып сөйлесіп ем. Бұны былай еткеніміз жөн секілді», – деген пәтуамен қайтатынсың. Соңғысының ақылын ол айтпағандай, өзің тапқандай, өзіңнің көзің жеткендей сезінетінсің.

Чехов жайлы ойларды қайдағы бір ауылдағы қашанғы бір сүйегі құрап қалған қариялардан бастауымыз, тіпті де тегін емес.

Көркем өнер жұмыр басты екі аяқты нәсілдің өзін қоршаған ортаны танып түйсігуінің бір жолы болумен қоса, сол өзі танып-түйсінгенді екінші біреудің сезімі мен рухына, ақылы мен парасатына сол қалпында жеткізіп, сол арқылы оның да санасына, тек санасы ғана емес, құлқы мен қылығына, қамы мен қаракетіне белгілі бір мөлшерде ықпал жасаудың тәсілі екені баршаға мәлім. Ал адам санасының өсу эволюциясының өз шырғаландары тағы жеткілікті. Ол әуелі не көрсе де, я шошынды, я таңғалды. Сосын барып: «Бұл не өзі?» – деп ойланды. Ойланып барып қарекетке көшті. Сондықтанда

ол екінші бір өзі секілді пенденің назарын өзіне аудару үшін, не өзінің көңілінде жүрген құбылысқа аудару үшін, оны ең алдымен әлгіндей бір таңғалдырып алуға тырысты. Бағзы бабалардың таным диалектикасының осы бір мінезінің ұзағырақ ірге тепкен жері де – көркем өнерпаздық. Өйткені, көркем шығарманың әлеуметтік беделінің өзі де сол кез келген кісі назар аударма бермейтін құбылысқа назар аударатын ерекше елгезектігінде еді. Ондай өзі назар аударған құбылысты өзгелерге де тамсандыра, таңдай қақтыра әсерлі жеткізе алатындығында еді. Суреткерліктің өнер саналатыны, өнерді шеберлік тудыратыны, шеберлік екінші бірінің қолынан келмейтіндігі, сол себепті де, көркем өнер көп жағдайда соншалықты бір сиқырлы құбылыс болып көрінетіндігі кім-кімге де белгілі. Сондықтан да өнер адамдарының елден ерек характерлер мен ел естімеген оқиғаларға ерекше үйір келетін әдеті. Кейінгі кездері үйреншікті күнделікті болмыстың көп көзге іліге бермейтін, іліксе таңғалдырмай қоймайтын соны қорларын табуға бой ұра бастады. Шарль Бодлердің «Әдемілік қалай да таңғалдырмай қоймайтын елден еректік» – деп өзеурейтіні де осыдан. Өз көкірегіндегі идеяны оқушы көкірегіне қондыру үшін ақын әуелі оны өлеңнің соны ырғақ, соны әуезімен, теңеулерінің ел естімеген батылдығымен, прозаик – сөз етіп отырған ситуацияның шытырман қызықтығымен не шығармасының бұрын соңды кездесе қоймаған соны композициялық құрылымымен қайран қалдыруға тырысады. Сөйтіп, оны өз ықпалына көндіреді. Сосын өз ыңғайына көшкен иі жұмсақ санаға өз идеясын сіңіріп бағады.

Чехов өзіне дейінгі әдебиетте кеңінен етек алған суреткер мен оқушы арасындағы мұндай кіріптарлыққа үзілді-кесілді қарсы шықты.

«Барлық ұлы данышпан біткен әкіреңдеген генералдар секілді өктем де озбыр келеді. Ондай жер тәңірлердің өйткен философиясын сайтан алсын!», – деп ызаланған-ды ол Лев Толстойдың «Крейцер сонатасына» жазған соңғы сөзін оқып шығып.

Бұл тамаша суреткердің өзінің данышпан қаламдасына деген бір сәттік реніші ғана емес, көзі жұмылғанша кісі қызығарлықтай ерекше бір дәйектілікпен берік тұтынған суреткерлік кредосы еді.

Чехов өз оқушысын алдымен әлгіндей «рухани кіріптарлықтан» құтқарып алуға тырысты. Оқушыға: «Мен

айтпасам, бұны саған білу қайда?» – дейтіндей кергіп сөйлеспей, әлгі біз сөз еткен екінші қариядай, оны да өз қабырғасымен кеңесуге итермелеп, еліктіре әңгімелесуді мақсұт тұтты. Оны өз суреткерлігінің құдіретіне таңғалдырып қана қоймай, өз көкірегінде де сондай суреткерлік отын тұтатуды гуманистік әдебиеттің бірден бір парызы деп білді.

Сондықтан да ол реалистік прозаның поэтикасында түбірлі бетбұрыс жасады.

Чеховқа дейінгі прозада шығарманың идеялық концепциясын өрбітуде негізгі жүк авторлық баяндауға түсер еді де, авторлық позиция тым өктем көрінер-ді. Тіпті психологиялық талдаудың не бір үздік үлгілерін жасаған Толстой мен Достоевскийлердің өздерінде де шығарма идеясын өрбітуде автордың айырықша мүдделілігі, оның өз құштарлығы мен өз құлқы жер түбінен мен мұндалап тұратын-ды. Сондықтан ол кезде прозалық шығарманың тексттік бітімін құрайтын авторлық баяндау, суреттеу, диалог, ішкі монолог секілді элементтердің ара-жігі тайға басқан таңбадай айқын сараланып, беп-белгілі боп жатушы еді. Чехов проза текстін ондай авторлық өктемдіктен атымен арылтты. Шығармада кейіпкер нені көріп, нені сезінсе, сол ғана суреттеліп, сол ғана баяндалатын болды. Сөйтіп, баяндаушы мен кейіпкер бір субъектіге, бір тұлғаға айналды. Бұл оған дейінгі прозада дара-дара тұратын авторлық баяндау мен суреттеудің, автор сөзі мен кейіпкер сөзінің ара-жігін жымдастырып кіріктіріп жіберді. Бұндай тәсіл бұрын Толстой, Достоевскийлерде де ұшырасатын. Бірақ, олар мұндай тәсілді кейіпкердің ішкі дүниесіне тереңірек үңілуді талап ететін жекелеген тұстарда ғана пайдаланатын. Ал Чехов келе-келе өз шығармасын бастан-аяқ осы тәсілмен жазуға көшті.

Мұндай поэтика шығарма фабуласына, кейіпкеріне, өмірлік факт пен көркемдік фактіге, деген дәстүрлі көзқарастарды түбірімен өзгертуге мәжбүр етті. «Көркемдік факт – сұрыпталған өмірлік факт», – деген үйреншікті формуланың Чехов күл-талқанын шығарды. Ондай алдын-ала сұрыпталып, алдын-ала қиыстырылған көркемдік структура, шындап келгенде, оқушыға өмірді таныту емес, оған автордың жеке басында қалыптасқан қағиданы зорлап таңудың жолы болып шығар еді. Чехов өмірді өз келбетінде, қаз қалпында көрсетіп, өмірлік идеяны алдын ала сараланған жүйелі қалпында емес,

болмыстың өзінде қалай туып, қалай өрбитін диалектикалық қалпында танытуға ұмтылды. Кейіпкердің рухани ізденісінің нәтижесін емес, сол ізденістің азапты жолын, шытырманы мен шырғалаңы мол өрбу процесін бейнелеуді мақсұт тұтты. Өмірлік факт пен кейіпкер жан-дүниесіне деген мұндай көзқарас фабуланың селкеусіз өрбіп, Чехов шығармаларында эпизодтар алдын-ала белгілі бір идеяға бағындырылып сұрыпталмай, өмірде ұшырасатын эмперикалық қалпындағы оқиғалар тізбегі ретінде қарастырылады. Чехов бастапқы кезіндегі оқиғаның ширақтығына, фабуланың серпінділігіне деген бөлекше құмарлығынан айнып, оның орнына суреттеудің екжей-тегжейлігі мен дәлдігін, кейіпкер санасындағы метаморфозалардың байыпты да нақты жетуін баса күйттейтінді шығарды.

Чеховтың мұндай поэтикасы оның өмірге деген әлеуметтік көзқарасынан туындап жатқан-ды. Өмір тек естіген құлақты елең еткізбей қоймайтын төтен оқиғалардан тұрмайды ғой! Қоғам тек өңшең шідер үзген жүйріктер мен аузымен құс тістеген сұңғылалардан түзілмейді ғой! Ендеше, әдебиет те тек айырықша ситуациялар мен айырықша кейіпкерлерді ғана бейнелеп қоймауға тиісті. Онда ел не бөлекше бақытты, не бөлекше бақытсыз ерекше жандардың басындағы ешкімге ұқсамайтын, күнде-күнде ұшыраса бермейтін тым сирек, тым оқшау халдердің коллекциясына айналар еді, өмірді тек бір қырынан, қызықты қырынан зерттеп, ол жайында үстірт ұғымдар мен тайыз көзқарастар қалыптастырар еді. Ел қатарлы тіршілік етіп жатқан қарапайым жандар әдебиет туындыларынан орын таппай адамзаттың рухани сахнасынан атымен тысқары қалар еді. Чехов әдебиеттен әр кімнің өз басындағы хәлді көріп, сол үйреншікті тіршілігінің ар жағында жатқан үйдей әлеуметтік проблемаларды мықтап сезінуіне түрткі болуды талап етті. Сондықтанда ол күллі адамзатты толғандыратын күрделі проблемаларды елден ерек кейіпкерлердің басындағы елден ерекше жағдаяттардан іздемей, кәдуілгі күнделікті күйбең тіршіліктің бүгешігесін терең қамтып, жан-жақты көрсету арқылы қозғауды қатты ыждаһаттады. Бұл жолда қолға оралғы, аяққа тұсау болатын әдеби канондар мен нормалардың бәрін мансұқтап, ал септігі тиетін барша жаңалық атаулының бәрін мақұлдады.

О ретте, Чехов – адамзаттың көркемдік танымы мен эстетикалық көзқарастарына бүкіл бір кезеңдік өзгерістер енгізген үлкен реформатор.

Жалпы алғанда, қашан, қандай жағдайда шыққаны белгісіз қайдағы бір қасан қағидаларға бас шұлғи бермеу, өмірдің өзекті дамуымен жанаспайтын догматикалық шарттылықтардың алдында кіріптар болмау, адам санасына тұсау, адам қарекетіне бөгесін болатын барша рухани кедергілердің бәріне мойын ұсынбау – Чехов поэтикасының түп қазық принципі болумен қоса, Чехов творчествосының да басты пафосы.

«Құндақтағы адам». Бұл – Чеховтың бір ғана әңгімесінің емес, күллі шығармашылығының өзекті тақырыбы. Бұл – сол тұстағы орыс қоғамының, қажет десеңіз, бүкіл адамзаттың басындағы әлеуметтік, рухани ахуалдың қырағы суреткер дәл ұстаған жиынтық кескіндемесі.

Құндақ және адам – Чехов шығармаларының басты объектісі. Провинциялық мектепте көне грек тілін оқытатын Беликов өзін қоршаған табиғи ортаның кездейсоқ атмосфералық өзгерістерінен басына қол шатыр ұстап, аяғына резина кебіс киіп сақтанады, ал әлеуметтік ортаның ауа-райындағы өзгерістерінен әркім-ақ білетін қасан қағидалар мен әлдеқашан кесіліп-пішілген тәр мен тәртіптің, ережелік жіктеме шектеулердің тар ауқымына тығылып қорғанады. Мұндай тіршілік оны өз басына өзі ие азаматқа айналдырмай, тірілей қуыршаққа, көзге көрінбейтін өктемдік иелерінің екі ауыз қарсы тілге келмейтін құлақ кесті құлына, оңай қол жаулығына айналдырады. Ондай қуыршақ, расында да, құндақсыз өмір сүре алмайды. Провинциялық түкпірге тосыннан тап болған бейтаныс Коваленконың ауызынан шыққан тосын сөздер Беликовтың бағзыдан бері жанына майдай жағып келген жайлы құндағын құлпаршалап күлге лақтырғандай болды. Құндағынан айырылған қуыршақтың құрымай тынбайтыны, сірә, белгілі. Беликов те әлгіндей рухани соққыға шыдай алмай кенеттен жан тапсырды. Тіршілігінде соншалықты сиықсыз, соншалықты сүйкімсіз Беликов табытта жатқанда шығарып салуға барғандарға өмірдегісінен әлдеқайда келісті боп көрінеді. Чехов бұл детальге мән беріп отыр. Өйткені, табыт та құндақтың бір түрі ғой. Бейшара Беликов шын құндағын енді тапты ғой! Егер табыт – құндақтың бір түрі болса, қуыршақ та – өліктің бір түрі, өлі дүниенің жұрнағы. Ендеше, қуыршақтың дәрежесінде құндақ-

таулы жүріп өмір сүріп, бақытты болу еш мүмкін емес. Беликов та қолына қонғалы тұрған бақытты өзі мансұқ етті. Үйреншікті тіршілігімен айырылып қалам ба деп қорыққан ол көңілі құлап тұрған Варенькаға үйленуге жүрексінеді.

Чеховтың ұғымындағы құндақ – адамды өз ықпалынан шығармай уысында ұстайтын үйреншікті дағды. «Біздің қалада, қайдағы бір қапырық тар қапаста тұратынымыз, қайдағы бір түкке қажеті жоқ қағаздарды шимайлап, винт ойнайтынымыз – құндақ емей немене? Ал енді бүкіл өмірімізді қайдағы бір еңбек етуді білмей еріккен елтең-селтең делқұлылар мен сайранпаз әйелдердің арасында өткізіп, қайдағы бір қиямпұрыс әңгіме айтып, қысыр сөздерді тыңдайтынымыз – құндақ емей немене?» – деп күйінеді осы бір бейшара кепті баяндап берген әңгімеші.

Иә, дүниедегі ең қатерлі кесепат – үйреншікті дағдының дегенінен аса алмау.

Чеховтың көрсетуінше, дүниедегі ең жексұрын нәрсе – үйреншікті дағдыға айналған қиянат емес, сондай қиянатқа қыңқ етпейтін үйреншікті дағдыға айналған көнбістік. Ондай бейшаралыққа жаның аши қоймайды. Чехов та өз кейіпкерлеріне көп ретте жанашырлық сездірмейді. Чиновник Червяковқа кенеттен мерт тапқызған генерал Бризжаловтың қатыгездігі емес, өзінің шектен асқан мәймөңкелігі. Генерал оның театрдағы кездейсоқ ерсі қылығына оның өзіндей боп қатты мән берген жоқ. Сондықтан оның әлгіндей ағаттығын алғаш келгенде-ақ кешіре салды. Бірақ, оған құлақкесті құл болып қалған Червяков қанағаттанбады. Егер сол арада генерал жер-жебіріне жетіп балағаттаса, оның бүйтіп өле қалмауы да мүмкін еді. Өйткені, өзінен дәрежесі үлкен ұлықтың ұрысқан-сөккенін Червяковтай «заты малай» зәрезап жандар жәбір санамайды. Оны өлтірген – дәрежесі үлкен ұлықтың ұрысқанын көрген қорлық емес, сондай дәрежелі ұлыққа өзінің шыннан да шексіз құрметпен қарайтынын ұғындыра алмаған өкініші.

Тағы да бір әдеби сүйекке сіңген тас қалыптың тас-талқаны шықты. Тағы да бір қуыршақ күйреді.

Бірақ, ескеретін бір нәрсе: Беликов – рухани құндаққа оранған өлексе қуыршақ болса, Червяков – рухани қуыршақты ораған өлексе құндақ.

Міне, осындай өз еркімен кіріптар бола салу, өз еркімен жағдайға құл бола салу, өз еркімен малайға айнала

салу – Чехов шығармаларында мен мұндалап тұрар ызалы уыттың басты себебі. Базардағы жұртты табанына сап таптап өтуге бар астам надзирательдің кенет генералдың өзін емес, адасып кеткен күшігін көріп, оның аяғын жалауға дейін баратын рухани жалдаптығына қалай ызаланбассың, қалай төбе шашың тік тұрмас!?

Сөйтсе, құлдық психология тек көнтерілі көнбістікпен, жалбаң қаққан жалпылдақ ауыз, жылмаң көз жағымпаздықпен, күле кіріп, күңірене шығатын екі жүзділікпен шектелмейді екен. Ол пендені әуелі мәймөңке малайға, келе-келе нағыз найсап пиғыл екі аяқты хайуанға айналдырады екен!

Оған Чеховтың «Мұжықтарын» оқысаңыз әбден көзіңіз жетеді. Кезінде әдебиет әлемінде ызы-қиқы шу туғызған бұл шығарма – Чехов творчествосының әлеуметтік болмысын мейлінше жарқыратып жайып салған шоқтықты шығарма. Лев Толстой: «Чехов жүз жиырма мың орыс шаруаларының тек қараңғы жақтарын ғана қазбалап бағыпты. Егер орыс шаруалары, шындығында да, осындай болса, онда біз әлдеқашан жойылып кеткен болар ек», – деп ашуланған бұл повесте орыс қауымының талай нәрсеге көзін ашып берді. Шын патриот өз халқын жегідей жеп жатқан рухани мерездерге ашынбай отыра алмайды. Халқым жаманатты болмасын деп оның тарихи тағдыры мен болашағына кесепаты тиетін әлеуметтік келеңсіздіктерді көрсе де көрмегенсіп, жауырды жаба тоқу, шын мәнінде, өз қауымыңның алдында рухани сатқындық боп саналса лазым. Сахалин аралына барып, каторга шындығын көзімен көріп келген Чехов бүкіл елдің, түптеп келгенде, «Сахалинге айналып бара жатқанын» ашына жазды. Оны ашындырған тек бүкіл тіршіліктің шын тамұққа айналып кеткендігі ғана емес, жұрттың сондай тамұққа әбден көндігіп көнтері боп алғандығы еді. Ол ол ма, кейбіреулер басындағы құлдықпен кіріптарлықты қорлық санамай, бақыт пен мерей санай бастағаны кемел суреткер қаламынан соншалықты шынайы кескін тапты. Москвадағы «Славян базары» ресторанының малайы Николай Чикильдеев кенет дертке ұшырап деревнясына оралады. Емделем деп келген неме құсадан өліп кетеді. Оған дүниедегі нағыз жұмақ ресторандағы жалшылық өмірі болып көрінеді. Бүйтіп қорлықтан ләззат алатын жалғыз Чикильдеев қана емес екен. Чикильдеев малайлықты өз өмірінің мәні мен мағынасы деп тапса, жезөкше Клавдия Абрамовна да өз

кәсібін дүниедегі ең бір қасиетті мамандық санайды. Жезөкшелік оның ырзық айыратын кәсібі ғана емес, жанының ләззат табатын «рухани мүддесіне» айналады. «Инабатты мейманды қабылдап, ізетпен бабын таба білу оның басты парызы, тіпті бақыты мен мақтанышы секілді еді... Күн ашықта Клавдия Абрамовна өзін салихалы ханым сезініп, басын жоғары ұстап, шалқақ басып кіші Бронная мен Тверьскойдың қиылысына серуенге шығады». Басқа түссе, баспақшы деп бәріне көне беру ақыры, міне, рухани құлдыраудың осындай шыңырау түбінен бір-ақ әкеп шығаратынын Чеховтай жеріне жеткізе ашып берген суреткер кем де кем. Ол «Мұжықтарда» шаруаның, даяшының, малайдың, жезөкшенің тағдырын қамшының өріміндей қатарластыра қарастырып, қатарластыра өрбіте отырып, оқушыға көнбіс кіріптарлықтың рухани малайлыққа, ал рухани малайлықтың өз кезегінде рухани жезөкшелікке ұрындырмайтынбайтынын ұғындырады.

Әділетсіздік құлақкесті құлдықты өрбітсе, құлақкесті құлдық әділетсіздікті одан әрі өршіте түседі. Сондықтанда Чехов дүниедегі барша кесепаттың басы – кімге болса да, көне беретін, неге болса да, төзе беретін құлақкесті құлдық деп білді. Құлдық жүрген жерде, ол асқындататын қиянат жүрген жерде ешкімнің бақытты болуы мүмкін емес. Қиянат етек алып тұрған тұста өмір сүріп, өз мерейінді өсіруге тырысу – түптеп келгенде, зорлықтың сойылын соғу болып табылады. Қиянатты ортада өмір сүріп отырып, бақытты болу – қылмыс. Ондай ортада тек адамгершіліктен жұрдай арсыздықтың ғана көсегесі көгермекші.

Чехов шығармаларының қай-қайсысы да рухани енжарлыққа қарсы атой салады. «Маған бір ой келді: расында да, бұл өмірде қаншама өзіне өзі дән риза бақытты жандар бар! Олар неткен өктем күшке айналған! Осы өмірге көз жүгіртіп көріңізші: күштілердің уайым-қайғысыз дарақылығы мен арсыздығынан, әлсіздердің арамдықтан атымен жұрдай найсаптығы мен надандығынан басқа нені байқай аласыз, қайда қарасаңыз да – тар қапас, азғындық, маскүнемдік, көлгірлік, өтірік пен өсектен басқа не табасыз. Сөйте тұра үй біткен, көше біткен неткен жым-жырт, неткен тыптыныш; қалада тұратын елу мың жаннан ашына айқайлап, наразылығын ашық айтқан, қорлыққа шыдай алмай, шыңғырып жатқан бір де біреуі жоқ. Біздің

көретініміз: өңшен бір базардан азық-түлік тасып, күндіз сылқия ішіп-жеп, түнде тылпия ұйқы соғып, қайдағы бір қысыр әңгімелерді қоздатып, қатын алып, қартайып, өлген-жіткенін молаға қарай сүйрелеп мәре-сәре боп жүрген, дәнеңеден хабары жоқ бейқам жұрт; біз азапқа тұншығып, сырты бүтін, іші түтін қапа боп жүрген шын мұңлықтарды көрмейміз де, елемейміз де; бізден көз таса көлгір шымылдықтардың ар жағында қандай сұмдықтар болып жатқанын білмейміз де, сезбейміз де... Кім біліпті, керегі де дәл осындай жым-жырттық шығар; бәлкім, бақыттылардың бай болып, барша мұраттарына жетіп жататындары да бақытсыздардың өз азабын үнсіз көтеріп, өз қайғысына үнсіз төзетіндігінде шығар... Мұндай меңіреу үнсіздік етек алмайынша, ешкімге бақытты болу еш мүмкін емес шығар...» – деп толғанады «Қарлыған» деген әңгіменің кейіпкері.

Ал «Құндақтаулы адам» деген әңгіменің кейіпкері:

«Беттері бүлк етпей өтірік соғып, сол өтірікке төзгенін үшін сені сыртыңнан ақмақ санап жер-жебіріңе жетіп жатқандарды көріп, әңгімелерін есту, жәбіріне көніп, кемсіткеніне шыдау, адал да арлы адамдарды жақтайтындығыңды ашық айта алмай, өзіңді-өзің алдап, күңірене жүре күлген боп көріну, осының бәрін қайдағы бір үзім нанға бола, жылы баспанаң мен көк тиынға керегі жоқ болмашы шен-шекпенге бола істеу – жоқ, бүйтіп өмір сүру еш мүмкін емес!» – деп ширығады.

Көнбістік – көлгірлік. Көлгірлік – шындықтың аяғындағы тұсау. Шындық жоқ жерде әділдік жоқ. Чехов стилінің қарапайымдығы, шығармаларында суреттелетін тұрмыстық халдердің табиғилығы суреткер санасындағы өз ортасына деген осындай наразылықтан өрбіп жатыр. Ол жасандылықты, уағызшылдықты, жылтырағанның бәрін алған, батпансығандардың бәрін данышпан санаған рухани кемтарлықты ит етінен жек көрді. Өмірдегі не бір қаны тамшылаған шындықтар қайдағы бір жалған намыстың сойылын соққан рухани көлгірліктің тасында қалып қояды. Не бір шын құрмет, шынайы ықлас, нағыз махаббатқа лайық абзал жандар өзін өзі көтермелеп, өзін өзі қолдан қолға өткізіп, өзін өзі саудаға салып жүрген рухани жалдаптардың құрбандығына айналады. «Ваня ағайдағы» Войницкийді, Астровты, Соняны алыңыз-шы. Пьесадағы... түнек дүниеде бұл үшеуіндей жарық жұлдыз жандардың барлығы таңданарлық-ақ құбылыс. Өмірде біреу бақытты болуға

тиісті болса, сол үшеуі бақытты болуға лайық-ақ. Бірақ, үшеуінің де жолы болып жүрген жоқ. Жолы болып жүрген – даңғаза даңқ иесі профессор Серебряков. Бірақ, ол да өз өміріне риза емес. Өз тіршілігінің мәнсіздігін сезініп риза болмай жүрген жоқ, басындағы бар бақытты қомсынып риза болмай жүр.

Чехов драматургиясы Чехов поэтикасының демократтық, гуманистік сипатын аша түсті. Чехов қаламы сахнаға да шытырман оқиғаны, шырғалаң тартысты шығарған жоқ, кәдуілгі күнделікті күйбең тіршілікті өз қалпында алып шықты. Кейіпкерлер бір-біріне тұзақ құрмайды. Бірге отырып шәй ішеді, серуендейді, сырласады, пікір таластырады. Соның өзінде адамдардың ағымындағы тұрмыстық тіршілігінің қаншалықты қайшылықтарға толы екендігі ашылады. Үйреншікті тіршіліктің үйдей драматизмі біреулердің қажырын қайрап, екінші біреулердің жігерін мұқатып жатады.

Басқалар алған оқиғаларының айырықша тосындығымен таңғалдырса, Чехов өзі суреттеп отырған болмыстың қарабайыр қарапайымдығымен таңғалдырады. Замандастары оның кейбір шығармаларынан, әсіресе, сахналық туындыларынан дәстүрлі мағынадағы сюжетті де таба алмай таңырқады. Ондайларға жазушы: «Ешқандай сюжеттің керегі жоқ. Өмірде сюжет жоқ, ондағының бәрі – тереңдік тайыздықпен, ұлылық бейшаралықпен, қасіретті күлкілілікпен мидай араласып кеткен. Сіздер, мырзалар, баяғы бір көне ұғымының ұйқысынан елі ояна алмай, қасаң қағидалардың тұтқынынан әлі құтыла алмай, қоштаса алмай жүрсіздер. Жаңа түрлер іздеу керек», – деп тойтарыс берді.

Расында да, Чеховтың стилі де, поэтикасы да, өмірлік материалдың көркемдік шешіміне деген көзқарасы да атымен соны, атымен жаңа еді. Оның жазған әңгімелеріндей әңгімені оған дейін ешкім жазған жоқ. Оның жазған повестеріндей повесті оған дейін ешкім жазған жоқ. Оның жазған пьесаларындай пьесаларды оған дейін ешкім жазған жоқ. Бірақ, Чехов поэтикасы Чеховтан кейінгі әлемдік проза мен әлемдік драматургияның өзекті қағидасына, өрісті сипатына айналды.

Чеховтың өз тұстастарына біраз уақыт тым салқын қанды, тым бейтарап жазушы боп көрінуінің себебі де оның ұстанған суреткерлік кредосының атымен сонылығында еді. Ол өз тұсындағы жексұрын болмыс пен бейшара жандардың басындағы хәлге оқушысын

Гогольдей түңілтіп, Салтыков-Щедриндей жиренткен жоқ. Ол өмірдегі нағыз трагедияны ызалы иронияға, нағыз драманы қырғын комедияға айналдыра салғанмен, мерез атаулыны әшкере қылғанмен іс бітпейді, ең алдымен әр пенде өз көкірегінен құлақ кесті құлдықты, көнтерілі көнбестікті қуып шығуы керек, заман мен адам сонда ғана түзеледі деп түсінеді. Сондықтан да ол оқушысын өз тұсындағы күрделі шындықтың қалың ортасына қолынан жетектеп апарып кіргізіп жіберіп, өзіне пікір түйгізді. Күнделікті үйреншікті деп салғырт көз салатын самарқау тіршіліктің қалтарыс-қалтарысына тереңдеп үңілтті. Соның нәтижесінде соны ой түйіп, маңайындағы болмысқа басқаша көзқараспен қарай бастаған жандардың бейнелері Чехов шығармаларына көктемнің майса самалындай оптимистік леп бітірді. Ол өз тұсындағы әлеуметтік өмірдің мерездерін батыл аша білуімен қоса, сол тұстағы орыс қауымының санасындағы рухани ояну, түлеуді де жіті көрсете білді. Оған дейінгі әдебиеттегі айырықша жігерлі, айырықша күрескер, айырықша сұңғыла кейіпкерлердің орынына сырт кейпінде, қимыл-әрекетінде ешқандай ерекшелік жоқ, өзінше адал, өзінше әділ болуға тырысатын, сондықтанда төңірегіндегі жамандық пен жалғанды аңғармай тұра алмайтын қарапайым сергек сезімді кейіпкерлер келді. Бұл орыс әдебиетінің одан әрі демократияшылдана түсуіне түрткі болды. «Тіл пәнінің мұғаліміндегі» Никитин кенет қайын жұртының жан дүниесіндегі қасаңдықты аңғарып, өз басындағы бақыттың әділеттігіне күмәндана бастайды. «Ит ерткен әйелдің» кейіпкері өмірінде алғаш рет шынайы махаббаттың демін татқан соң барып, төңірегіндегі адамдардың ең бір қалтқысыз пәк сезімдері мен ықластарын жұрт көзінен жасырып ұстап, ал қайдағы бір миыңа қонбайтын даңғаза қағидаларды мейлінше дабырайтып бағатындарына қайран қалады. «Алтыншы палатадағы» доктор Рагин өмірдегі бейтарап позиция түптеп келгенде қиянаттың қолтығына дым бүрку болып шығумен қоса, адамның өзін күйретпейтынбайтынына көзі жетіп, ақыры өзі «қасірет палатасынан» барып бір-ақ шығады. Дүниедегі барлық құбылысты тиынға шағып, не «пайдаға», не «шығынға» жоритын табытшы Ронза «Адамның өмір сүргенінің қыпқызыл шығынға ұшыратып, өлгеннің пайдаға шығатынына» көзі қанша жетіп отырса да, «адамға бір-ақ рет

берілетін өмірдің неге мұнша «пайдасыз» өтетініне түсіне алмай басын қатырады.

Жоқ, адамның өзі құндаққа сиғанмен, қалыпқа үйренгенмен, арының тар қалыпқа сиып, қасаң дағдының тар ауқымына көне беруі еш мүмкін емес.

Чеховтың өмірінің соңғы жылдарындағы туындыларының басты пафосы осы.

Ол ортаның, қоғамдық дағдының адамдарға тигізетін ықпалын жіліктей зерттеумен қоса, адамдардың ондай ықпалға қарсы тұрып, ондай кіріптарлықты талқандап бұзып шығуға тиісті екендігін ұғындырады.

Оның идеалы – бақыт емес, ізгілік... Ізгілікке азаттық аңсаған асаулық қана жеткізе алады. Адамдық табиғат бір басының ғана бақытын аңсаған эгоистік мүддеден рухани ләззат табуы еш мүмкін емес. Ол тек өзгелерге де ізгілік жасап, игі іс тындырғанынан ғана рахат ала алады.

Чехов суреткерлігінің гуманистік сипатының түп-төркіні де осында: адамдардың өзін қоршаған ортаның қыры мен сырын әділ көрсетіп, әділ тануына, жалған мен өтіріктің, жасаң мен жаңаның, келеңсіздік пен кемелдіктің ара жігін айна-қатесіз дәл ажыратуға көмектестіндігінде: адамды рухани ізгілікке, рухани кемелділікке үндейтіндігінде.

Ендеше, мұндай өнердің көсегесі әр бір жаңа ұрпақпен бірге жаңғырып, әр бір келешек күнмен бірге көгере бермекші.

Өйткені, ақиқат жолындағы айқас, әділдік жолындағы күрес ешқашан толас таппақшы емес.

Сондықтанда Чехов шығармасы бүгінгідей күрделі әлеуметтік шайқастар заманында да бұрынғысынша соны, бұрынғысынша зәру көрініп, жер бетіндегі әр бір ізгі ниетті жанның көңілінен шығуда.

Ол өмірге, қоғамға, заманға, адамға деген жаңа моральдық, әлеуметтік көзқарас пен өрелі қағидаларды өз қолдарымен жүзеге асырып, ең ізгі, ең ежелгі гуманистік идеалдарға өз тағдырларымен тарихи шындыққа айналдырып жатқан бүгінгі оқырмандар үшін айырықша ыстық, айырықша қасиетті.

ҚАЛТҚЫСЫЗ СЫР, ҚАЙСАР ЖАН

Бүгінде жер бетінен жойылып кеткен әлде бір қарағай үйдің терезесі терістікке қараған әлде бір бөлменің күңгірт бұрышында менің төсегім тұрар еді. Кәдімгі елуінші жылдардың аяқ шамасындағы студент жатақханасының жұпыны бөлмесіндегі жұпыны төсек. Қасында баттастырып қоңыр түске боялған жұпыны тумбочка. Үстінде – кексе кісінің ұстарамен тықырлатып жаңа қырылған иегіндей көк сұр тысты Достоевский томы. Әлде «Залал мен зауал». Әлде «Жәбірленгендер мен жапа шеккендер». Анық есімде жоқ.

Оннан астам темір керуеттің арасынан әзер орын тапқан ұзынша столдың үстінде тозған кебістей тайпиған жайпақ күл салғыш. Оның ернеуіне таласа-тармаса иек сүйескен темекі тұқылдары. Ерте тұрып сабақтарына кеткен бөлмелестерімнің «түнгі жұмыстарының» жұрнақтары.

Маңған күлгенін, Достоевскийге күлгенін, жоқ мынау бір итаяққа жарыса бас қойысқан ұялас күшіктердей түзілісе қалған мыж-мыж темекі тұқылдарына күлгенін біле алмадым, біреу оқыс мырс ете қалды.

Жалт қарадым. Табалдырықтың алдында қою бұйра шашы желкесіне түскен, қапсағай қоңырқай жігіт тұр. Орта бойлы. Үстінде – шыбық-шыбық сұр көйлек. Жеңін қарынан асырып шиыршықтап түріп апты. Омырау түймесіне күнге киетін мүйіз көзілдірік іліп қойыпты. Бір қолында – құндақты домбыра. Мінезінде арсы-күрсілік жоқ сияқты. Төрге озып, домбырасын менің тумбочкама сүйеді. Сосын анадайдағы столдың үстіндегі сіріңке қорапшасын алып, темекі тұтатты. Жәй басып, баппен қимылдайды. Бет ауызы да байсалды. Тұла бойы тұнған сабыр сияқты. Езуінде – сәнқой офицердің етігіндей қырық бунақ «Беломор». Жапан даладағы жалғыз үйдің мұржасындай емін-еркін будақтайды. Көкшіл түтін көлкештеп көз алдын көрсетпейді. Сөйтсем, бар гәп сонда екен. Қысыңқы көздің қиығында езуіндегі темекі тұқылының ұшындағы қызыл шоқтан да өткірірек бір о жар ұшқын маздап тұр. Аң-таң жүзімді көріп, бір жымсиып қойды. Қолын беріп амандасты. Жөнін айтты.

Мен бұрын газеттерден өлеңін оқып жүретін Жұме-кен Нәжімеденов ақын сияқты еді. Мынау домбыра ұстаған артиске келіңкірейді. Сыр алдырмауға тырысып, келген шаруасын тыңдадым.

– Осындай екенсің ғой, – дейді темекісін сорып жатып бір жымып қойып.

Шамасы, біреулерден мен жайында бірдеңе естіген.

Шамасы, менің сиқым мен солардың айтқаны бір жерден шықса керек. Жаңағы кірмей жатып мырс еткені де содан болар.

– Қолың бос болса, көшеге шығып қайтпаймыз ба?

Екеуіміз сыртқа шықтық. Лық толы автобусқа таласа-тармаса отырып, қаланың теріскей шетіне беттедік. Едәуір жүріп автобустан түстік. Әлде бір сайлардан өтіп, әлде бір жарларға тырмыстық. Жаңа салынып біткені, жоқ, жартылай салынып жатқаны есімде жоқ – бір үйдің көлеңкесіне жете беріп кідірдік. Жұмекеннен де өткен қоңырқай, Жұмекеннен де өткен қапсағай бір жігіт ақсия күліп алдымыздан шықты. Оның соңынан еріп үйге беттедік. Шағын шаршы бөлменің ортасындағы үстіне клеенка дастархан жапқан жозының қасында біреуі жіңішке, қара торы, біреуі қыпша бел, ақ сары екі келіншек тұр. Екеуінің қолында да сәби. Екеуінің арасында лапылдап жанып тұрған бір плитка, бұрқылдап қайнап, лық-лық жұпар иіс шашып тұрған бір тас құман. Мені жатақханамнан ертіп әкеліп жымсия күліп тұрған қапсағай қара қоңыр жігіт ақсары келіншектің, бізді осы арадан қарсы алып ақсия күліп тұрған қапсағай қара-қоңыр жігіт жіңішке қара торы келіншектің қасына барып отырды. Келіншектердің қолындағы екі бұлдіршін шешелерінің қолынан сырғып түсіп, екі қоңырқай жігіттердің тізелеріне жармасты. Мен төрге жайғастым.

Кездесіп отырғанымыз осы ғана болса да, бірден шүйіркелесіп кеттік. Әсіресе әлгі ақсия күлетін қоңырқай жігіт ақ жарқын неме екен. Жарқылдай күліп, жадырай сөйледі. Өзі – геолог. Түз кезіп, жол жүргенде көргендерін ақтарыла айтады. Ал мен не тауып айтып жатқанымды өзім де білмеймін. Әйтеуір ауызымда тыным жоқ. Шамасы, ол кезде түн ортасы ауғанша жатып ап кітап оқып, түс ауғанша жатып ап ұйқы соғатын неме екі жігіт, екі келіншек – тегін тыңдаушылар табылған соң тегін «лекция» оқи жөнелетін болсам керек.

Мені жатақханамнан ертіп алып шыққан қоңырқай әңгімеге араласпайды. Оқтын-оқтын папирос ұстаған

қолының білегіне тұмсығын басып мырс-мырс күліп қояды. Оның сырына кейінірек түсіндім. Бір нәрсеге қатты риза болса, не әлдекімнің айтқан сөзі өз ойынан шықса, осылай қолының үстіне тұмсығын басып, желкесін бүлкілдетіп, мәз болып күліп алады екен. Ал егер керісінше бір нәрсеге қатты күйінсе, не біреудің парықсыз сөзін естіп шамырықса, бәз-баяғы жәй басып, жәй қимылдаған қалпынан айырылмай, екі қолын екі жаққа жайып жіберіп, мойнын қисайтып, басын шайқайды екен. Оның қатты қуанып, қатты ашынғандағы қылар қайранының бар сиқы осы.

Не де болса, ол әңгімеге килікпейді. Темекісін бұрқ-бұрқ сорып, бүлк-бүлк күліп тыңдайды да отырады. Дөңгелек жозының сауырындағы бар дәмді бір ретке келтірген соң, жата қап әлгі үндемес қоңырқайға жармасамыз.

«Домбыра тартшы!» дейміз. Ол мырс-мырс күліп, қолын папиросынан ажырата қоймайды. Біраз жалындырыңқырап барып домбыраға қол созады. Солақай бұралатын домбырасын әрі-бері тексеріп бағады. Сосын тағы бір мырс етіп қойып, иегін сол жақ иығына асып алып, күй бастайды. Бала кезінде сексеуілдің шырпысын сындырып, шахтаға түсіп, қайла ұстап қалған қатқыл қолдың саусақтары сояудай-сояудай. Бірақ сол сояу саусақтардың ұшына іліккен дыбыстар неткен нәзік! Нағыз сары майдан қыл суырғандай бипаз әуен. Кейбір күйшілердің бет-аузынан, қолының қимылынан көз ала алмайсың. Олардан ажырап қалсаң, күйдің де желісінен жаңылысып кетердейсің. Ал мынау үндемес күйшіні тыңдағанда алдында кім отырғанымен ісің болмайды. Ол өзімен-өзі. Сен өзіңмен-өзіңсің. Екеуің де құрдымға сіңіп, ауаға айналып кеткендейсің. Айналаңда қалықтап күй ғана тұрады. Ол сені мынау жалпақ жарық дүниемен бетпе-бет жалғыз қалдырғандай. Талай нәрсені ұмытып, талай нәрсені ойға аласың. Құдды бір күн бойы қапырықтар көшені кезіп келе жатып, кенет жапыраққа мөлтендеп шық тұнып тұрған салқын сая баққа сүңгіп кеткендейсің. Неткен рахат әлем! Салқын саз, сабырлы саз.

Үндемес домбырашының күйлері бірінен бірі өтеді: Баламайсаңның күйі «Дүние ғайып», Мәменнің күйі «Қайғылы қара», «Ақшолпан», Абылдың өзі аттас күйі мен «Нар атуы», Құрманғазының «Кішкентайы», Қазанғаптың «Кекілі» мен «Домалатпайы», Сейтектің «Заманайы» мен Динаның «Он алтыншы жылы», Дәулеткерейдің «Жігері» мен «Салық өлгені» ... Өңшен бір

өзегіңді суырған күбірткелі күйлер... Соның бәрі мынау үндемес күйшінің көкірегіне тұна берген, тұна берген! Енді, міне, тау жақпарынан шапшып шыққан кәусар бұлақтай көңіліңнің көк жиегін көл-көсір созып, шалқар мұхитқа айналдырып барады.

Ол кездегі әдебиетші жастардың жақсы үрдісі болатын. Бір-бірімен жиі қатысып, жиі сырласатын. Әуелі табылғанын дастарханына жайып салатын. Сосын білетін өнерін ортаға салатын. Ең соңында қойын дәптерлерін суырып алып жыр оқитын. Артынан ду-ду пікір алысып, таң атқанша таласатын.

Сол үрдіспен біздің де кезегіміз жырға тіреледі. Үндемес домбырашы домбырасын құндағына салып, қабырғаға сүйейді. Маржандай қып түсінікті жазылған қол жазбасын менің алдыма ысырып, өзі түрегеліп кетеді. Өзгелерге ұқсап өзеуреп өлең оқып жату дегенді білмейді. Бетіне баршаға аян бір таныс қаланың суреті салынған шағын қобдишаның қақпағын ашып, ішінен папирос суырады. Папиросты тіске қыстырып, қобдишаны бір қолына, сіріңкені екінші қолына ұстап, анадайда бипаз басып, бөлме кезіп жүреді.

Қолжазбаға үңіліп сен отырасың. Құлағыңда әлгі бір қоңыр әуен. Әлі бебеулеп тұр. Олар алаңдатып мынау жырды ұғынтпай, мынау өлеңдер алаңдатып әлгі әуендерді ұмыттырып жібере ме деп қорқасың. Жоқ, өйтпейді... Күй мен жыр көп ұзамай бір әлемге айналады. Мынау үндемес ақын мынау өлеңдерді жазғанда әлгі бір әуендерді естіп отырып жазғандай. Ал мынау өлеңдер әлгі бір күйлерді қайталап шертіп тұрғандай. Сол баяғы шалқар көлдей мөлдірей тұнған кәусар әлемге қайтадан күмп бересің. Қолжазбаны қай заматта оқып бітіргеніңді білмей де қаласың. Көз алдында көк түтінін будақтатып ол жүреді. «Ал қалай екен?» дегендей саған қарайды. Сынап қарамайды, сыр тарта қарайды. Қысыңқы көздердің арасында алмастың сынығындай қайсар ұшқын бар. Ол сенің ішіндегіні айтқызбай біліп тұрғандай. Өзі де көкірегін көлкештемей, риясыз жайып сап тұрғандай. Көлгірсуді білмейтін қалтқысыздық. Оның көзінің қиығындағы жалт-жалт жанып шыға келетін өжет ұшқынының аты да сол – қалтқысыздық. Мен алғаш оның осынау қалтқысыз қайсар жанарымен, қайсар жырымен сонау елуінші жылдардың аяғында жаңа ғана пәтер алған жас геолог пен оның үйінде пәтерде тұратын консерватория студентінің бірігіп жайған шағын да болса

көлкөсір, жұпыны болса да жомарт дастарханның басында осылай таныстым.

Содан бері оның жырын қашан оқысам да, сол баяғы көлгірсуді білмейтін қалтқысыздықпен ұшырасатынмын.

Мен оны содан бері қашан көрсем де, көзінен сол баяғы қалтқысыз шындықты сезгендей болатынмын.

Міне ол мені емхана фойэсінде қарсы алып тұр. Таныс біреулерден менің анализ тапсырып жүргенімді естіпті. Жақында операция жасатып шыққандар жаттығып жатқан залдан шығып, тосып тұр екен. Мені көргенде көзіндегі әдеттегі қуақы ұшқын ояна қоймады. Әлденеге толқып, әлденеге қынжылып тұр. Бұрын-соңды мұндайын байқамағанмын. Мен оған жаттығудың пайдасын, ол маған режим мен диетаның пайдасын марапаттап, бір-бірімізге басу айтқан боламыз. Ол тұрып қалды. Мен жүріп кеттім. Біраздан кейін артыма бұрылдым. Ол мені самолетке отырғызып сап тұрған кісідей, соңымнан телміре қарап қалыпты. Арамызда ұзақ ауырып тұрған адамның бұғанасындай арса-арса ұзын шұбақ баспалдақ жатты. Бұл екеуміздің соңғы жолығысқанмыз екен..

Артынан бір апта өтер-өтпесте, түс қыза бере жұмыста отырған бізге телефон сымы сұмдық хабарды жеткізгенде менің көз алдыма сондағы оның телміре қараған тұнжыр жанары келе қалды. Тұнжыр болса да, қайсар көзқарас. Ішіндегісін риясыз ақтарып салған қалтқысыз көзқарас.

Кейін қолыма осы қолжазба түскенде де көз алдыма сол емхана баспалдағының қасындағы соңғы жолығысымыз түсті. Мұнда да сол әр жолды оқып, әр бетті ақтарған сайын көз алдында сол көлгірсуді білмес қалтқысыз көзқарас оралады.

Бұл кітап – ақын Жұмекен Нәжімеденовтың қысқа да болса мәнді ғұмырнамасының ақырғы параға болып табылады.

Өзі тартқан күйдей, өзі жазған жырдай түп-тұнық сабыр мен тұңғиық сырдан тұратын жайсаң жан аз ғана дәурен сүргізетін мынау дүниенің қай қалтарысына да қапысыз үңіліп, қай құпиясын да қапысыз түсініп, қай құбыласын да қалтқысыз түйсіне беріпті. Жақпар-жақпар жалпақ дүниемен бетпе-бет жалғыз қалудан ешқашан тайсалып көрмепті. Сол қайсарлық, сол қалтқысыздық көкірекке сыр болып тұнып, көңілден жыр болып ақтарылыпты. Сыр мен жырдың осындай дамылсыз алмасуы мен арбасуы жұдырықтай жүрекке оңай

тимесе керек. Талайды сезіп, талайға төзіп келген жұдырықтай бұлшық ет ақырында жанар тау боп атылып, жыр дүиесін жайратып кетті. Бір атылғанда екі атылды. Біреуіне шыдаған шыбын жан екіншісіне шыдай алмады. Айналасы бір жаз бен бір күзде екі айналып соққан екі дүмпудің арасында дүниеге жаңа бір кітап туды. Ол – міне қолдарыңызда.

Жанар таулар атылғанда жер қойнына талайдан бері тығылып келген, не бір тұңғиық тереңде жатқан асыл қазына жер бетіне қалқып өзі шығып, ағыл-тегіл сел боп ақтарылады деуші еді. Мынау кітап та – дәл сондай сел нөсер шабыттың жемісі. Әлденеше апта төсекпен төсек боп тырп етпей жатқан ақын жастықтан басын көтерген бойда қолына қалам алып столға отырды. Оны қағаздан күніне екі-үш мәрте жасалатын серуен мен дәрі беруге келген дәрігерлер ғана ажыратты. Қалған уақытының бәрінде қаламын қолынан түсірген жоқ. Ол бұрын да елтең-селтеңге еліге бермейтін еңбекқұмар жан еді. Ал бұл жолғы жұмысқа берілгенін көрген жұрт аңыз қылып айтады. Ауруханада бір палатада болғандар: «Қойсаңшы, демалсаңшы», – деп қанша айтса да, ақын бір жымып қойып, қағазына қайта емінеді екен.

Ақын сонша неге асықты?

Бәріміздің көкірегімізде тұрған бұл сұраққа жауапты тағдырдың өзі берді ғой.

Асыққаны қандай жөн болған... Әйтпесе, мынау қолыңыздағы кітап дүниеге келер ме еді, келмес пе еді...

Ал келмеген күнде, ол тек ақын Жүмекен Нәжімеденовтың творчествосы үшін ғана емес, күллі қазақ поэзиясы үшін орыны толмас олқылық болар еді...

Иә, бұл бір ерекше кітап...

Мен өз басым қазақ поэзиясының керуенін көптен көз жазбай бақылап, қадағалап оқып отыратындардың бірімін. Ондағы әр «түйенің» аяқ алысы мен әр «теңнің» ішінде не жататыны көп ретте маған айтқызбай-ақ белгілі боп тұратын да жайы бар. Бір қатарының жырын оқып: «иә, бұндайды тек осыдан ғана күтуге болады», дейсің. Екінші біреулерін оқып: «Апырай, бұдан бұндайды күте қойған жоқ едім», дейсің. Үшінші біреулеріне: «бұдан бұдан артық не күтуге болады!» дейсің.

Ал Жүмекен Нәжімеденов бұндай үш топтың үшеуіне де жатпайды. Ол кітаптан кітапқа ауысқан сайын, аренаға әр шыққан сайын снарядына жаңа бір қосымша гир қосып отыратын штангист сынды: Апырмай, бұл

жолы қайтер екен – деп қаралай қыпылықтатып отырады.

Оның қолындағы снаряд – кәдімгі біз бен сіз бастан кешіп отырған, біз бен сізге дейін де мың-мың талайлардың күлкісін қашырып, біз бен сізден кейін де мың-мың талайлардың ұйқысын бұзатын күнделікті қарабайыр тіршіліктің қашан да қарапайым, қашан да елеусіз, сондықтан да үйреншікті, сондықтан да шытырман, сондықтан да күрделі шындықтары. Жүмекен Нәжімеденов қаламы жылмағай қағаздың жылпос сауырын әр түрткен сайын көптен бергі көнбіс көлігіндей тақым басты боп қалған үйреншікті тіршілік бұған дейін байқала қоймаған қай мінезін танытып, қандай сырын аңғартар екенсің деп елеңдейсің де отырасың.

Сондықтан да Нәжімеденов кітаптарын таңғалмай оқу мүмкін емес. Басқасын былай қойғанда, тұсау кесер Балаусаның өзі қаншалықты соны еді! Ол кезде қазақ лирикасы сұлулықты үлбіреген «үр қыздарынан» ғана іздейтін «кітабилықтан» әлдеқашан құтылғанмен, «мәнді мен маңыздыны» жалпақ жұрт тегіс айтып жүрген «жалпыға мәлімнен» ғана қозғайтын «әдебиетшілдіктен» әлі арылып болған жоқ-ты. Сондай кезде атын біреу біліп, біреу білмейтін жас ақын күнде көзіміз көріп жүрген, сондықтан да кісі таңқалатындай ештеңесі жоқ қой деп жұпыны санайтын қасымыздағы тіршіліктен қаншама сұлулық, қаншама мәнділік тауып беріп еді. «Күй кітабын» құрайтын күйлердің ұзын-ырғасының бәрін білеміз. Олардың тууы жайындағы аңыздар да көптен құлағымызда. Бірақ, Нәжімеденов қасақана сол бәріміз білетіннің бәрін аттап өтіп, әр күйдің астарында жатқан «жеңілдігі шабыттай, ауырлығы табыттай» құпия сырларды ашады. «Күй кітабы» – қазақ поэзиясының әуенділігін танытудағы қыруар жаңалығын былай қойғанда төл әдебиетіміздің философиялық пайымдылығын тереңдете түскен санаулы шығармалардың бірі. Ал, «Жоқ, ұмытуға болмайды» ше?!

Үйреншіктіден үйдей трагедия табудың бұдан асқан үлгісі болуы мүмкін бе? Адамзат әлі құтыла алмай отырған соғыс сияқты әлеуметтік кесепаттың антигуманистік сипатын ашуда бұл кітаптың қазақ әдебиетінде алар орны ерекше. Мұнда да ақын ең ірі әлеуметтік проблемаларды ең байырғы тұрмыстық детальдерден өрбітеді. Бухенвальд пен Освенцим, Майденек пен Хиросима жұрнақтарын көргендегі төбе құйқанды шымыр-

лататын соғыс тақсыретін өз ауыл, өз аулаңнан, өз төр, өз әулетіңнен тауып береді. Сөйтіп күллі адамзаттық проблеманы өз тағдыр, өз драмаға айналдырып, өз өмір, өз тіршілігіңнен күллі адамзаттық проблема тауып алады.

Мазмұнда шындыққа адал қаламгердің түрде жаңашыл болмасқа шарасы жоқ екен. Жүмекеннің кітаптан кітапқа ауысқанда тек тақырыбы ғана өзгеріп отырмай, түрі де өзгеріп отырады. Бір ғана «Күй кітабынан» қанша строфикалық, эвфониялық сонылықтар ұшырастыруға болады. Ақын музыкалық формаларға тән қалыпты өлшемдерге қандай дәл, қандай табиғи сөздік баламалар, өлеңдік баламалар тауып бере алған десеңізші! Құрманғазы туралы цикл Құрманғазы күйлерінің тілімен, Тәттімбет туралы цикл Тәттімбет күйлерінің тілімен сөйлемей ме?!

Сөздегі әуен мен әуезге осынша ұғымтал ақын сөздегі сурет бен бояуды айнытпай танып, айнытпай бейнелеуде де соншама ұста. «Балаусадағы», «Сыбызғы сырындағы», «Жеті-бояудағы» мінез калорист Жүмекен «Өз көзіммен» мен «Жарық пен жылуда», «Шуақта» сызық пен сәулені, жарық пен көлеңкені қалай шебер ойнатады!

Қазақ сөзінің мінезіне мұншама жетік ақын арқасы қозса, домбыраны башпайымен тартатын әулекіліктен атымен аулақ. Ол ешқашан өзін қызықтап, өнерін қызықтап көрген емес. Сондықтан да ол «мына тақырып менің оңтайыма келеді», «мына тақырып менің оңтайыма келмейді», «мына сөзді ұнатам», «мына сөзді ит етінен жек көрем» деп, емешегін үзіп еміренуді білмейтін, желінсау саулықтай алыстан жер тарпып, кірпиязсуды ғадет етпеді. Сөйтсе отыра тақырыптық диапозонымды кеңітем деп көрінген тақырыптың жалына бір жармаспайды. Нені жазса да, қапысыз қопарып, қапысыз қағып жазады. Айызын қандырып жазады. Суреткерлік қайсарлық деп өз кеудесін өзі төмпештеуді емес, ең алдымен осыны, бүкпесіз сыр мен жалтақсыз сөзді ұғады.

Сондықтан да Жүмекеннің қолына түскенде не бір можантопай тұрмыстық детальдың өзі алтынның сынығындай саф поэзияға айналып шыға келеді. Әйгілі Чеховтың Короленкомен бір сырласқанда кез келген нәрседен әңгіме тудыра алатынын, қажет десе, столының үстінде жатқан күл салғыштан да бір әңгіме шығарып бере алатынын айтқанын бәріміз де білеміз. Оның бос мақтан емес, рас екеніне тарихтың өзі куә. Өмірлік материалдың мәніне бойлап, мәйегін аршудағы мұндай еркіндікке кез

келген суреткердің қолы жете бермейді. Қазақ поэзиясында «шөңге де өлең, шөп те өлең» деп, не болса содан өлең құрайтындар, құдайға шүкір, толып жатыр. Ал «шөңгеден» де, «шөптен» де шын мәніндегі поэзия тауып, шын мәніндегі шедевр тудыра алатын ақындар кем де кем. Біздіңше, Чеховтың Короленкоға айтқан әлгі сөзін біздің поэзияда айтуға құқы барлар екеу болса, бірі – Жүмекен, біреу болса, өзі – Жүмекен.

Мұндай ой маған алғаш рет оның «Ашық аспан» атты кітабын оқығанда оралған-ды. Мына «Менің топырағым-ды» оқығанда ол ойым одан сайын беки түсті.

Айталық, «Қақпа алдындағы қартта» адам таңғалардай не тұр? Ал, ауылдан бір шал баласының қолына қалаға келіпті делік. Ал, өткен-кеткенмен амандассам да, ермек қой деп қақпа алдында отырыпты делік. Ал, бетіне жәй қараған кісіге амандасқан екен деп жайраң қағыпты делік. Сөйтсек, көзі мүкіс, құлағы тосаң екен делік.

Басқалар жазса, ыржақай анекдоттың ар жақ-бер жағынан аса алмайтын жағдай. Ал Жүмекен жазғанда осы бір әрі күлкілі, әрі мұңды оқиға тек көк қақпаның алдындағы қарияның ғана емес, баршамыздың өзегімізді күйдірер күйікті хәлге айналып шыға келеді. Өзімен амандасқан адамды ғана адам санап, айдай астанада тұрып, «адамы аз ел екен» деп ренжитін аңқау кәрия жайындағы бұл балладаны тебіренбей оқуың еш мүмкін емес. Автор саған уағыз айтып, басыңды ауыртып жатпайды. Шындықтың ащы тілі шымбайыңнан бір тістеп, күйзелтеді де қояды. Өнерге одан асқан әсер, одан асқан ықпалдың не қажеті бар?! «Менің топырағымда» осылай сезіміңді сергелдеңге түсіріп, намысыңды қозғай, ойыңды он саққа жүгіртпейтін бір де бір өлең жоқ десек, асыра айтқан болмас едік.

Біз әдетте поэзияның азаматтық үні деген мәселені біржақты түсінеміз. Ал сол сенің қалғып кеткен санаңды селк еткізіп оятып, бұған дейін мән бермей келген құбылысыңа мән бергізіп, айналаңа бұдан былай сергек қарауға, серпіле қарауға мәжбүр етіп жатса, ол қайтып азаматтық поэзия бола алмайды?! Болғанда қандай!

Оған Ж. Нәжімеденов жырлары көзіңді жеткізе түседі. Ол азаматтық үнге, тақырып актуальдылығына партиямыздың XXVI съезінде орынды ескертілген «спекулятивтік» көзқарастан атымен аулақ. Тақырып сатудың, өткір боп көрінудің сан қилы шалығына ұрынбайды. Кейбіреулер қазір баршамыздың аузымызда

айқайлап айтылып жүрген айдай қағидаларды қағып алып, ұйқасқа түсіруді актуальдылық, ал қайсыбіреулердің көзтасада бұқпақтап бықсытып жүретін күбір-сыбырын ұйқасқа түсіруді өткірлік көреді. Ал Ж. Нәжімеденов бұлайша актуальды, бұлайша өткір болып көрінуге ешқашан тырысқан емес.

Ол бір кітабының атын «Өз көзіммен» деп атаған-ды. Онысы тегіннен тегін емес-ті. Қайда болса да, неге болса да, тек өз көзімен үңілу, не туралы болса да, кім туралы болса да, тек өз көкірегіндегі сөзді айту – Жұмекен ақынның қашан көз жұмғанша қалтқысыз ұстанған қағидасы. Оның поэзиясына қайсарлық бітіретін де осы мінезі.

Айту қиын мұндайды.

Айтпау қиын одан да, – деп ақынның өзі айтқандай, ол оңай айтылар гәпқа, оңай шешілер түйінге жүгірмейді. Өйткені, оп-оңай айтыла салар гәпті сыр деп, оп-оңай шешіле салар түйінді пікір деп ұқпайды. Әдебиеттің міндеті – адам жанын шындап қинайтын мәселелер жайында шындап қиналған ар мен сезімнің айтарына құлақ түру, сол қиынды оңайлайтпай, сол күрделіні тұрпайыландырмай нәзік жеткізу. Сонда ғана лирика тіршілік драматизмін қалтқысыз ұстай алады. Сонда ғана өлең адамзат тіршілігінің қырық жықпыл әлеуметтік болмысына терең бойлай алады. Сонда ғана ақын сөзі арқанды шымырлатып, төбе шашыңды тік тұрғызады. Өйткені, шындық айтылса, тек солай ғана айтылады. Сондықтан да ақын шындықты өз творчествосының әрі басты тақырыбы, әрі басты қаһарманы қылып алады. Өлең тағдырын, өнер тағдырын, ел тағдырын, жер тағдырын ең алдымен шындықпен өзектестіре қарайды. Өйткені, Отан-ананың, заман-ананың, ел-ананың, жер-ананың, тіл-ананың көсегесін баққұмарлық та емес, қалтқысыз шындық пен қалтқысыз еңбек қана көгерте алады. Онысыз тіршілік арыңның қамын күйттеген өмірге емес, қарынның қамын күйттеген күнкөріске айналады. Өмірді күнкөріспен шатыстыру, мұратты есеппен, еңбекті айла-амалмен, адалдықты көлгірлікпен, махаббатты жәреукелікпен шатыстыруға ұрындырады. Тоғышарлық деген әлеуметтік індет те осыдан өрбиді.

Тоғышарлық тақырыбына келгенде нәзік суреткер, биязы лирик Жұмекен Нәжімеденовтың даусы қатқыл, тілі ащы боп жүре береді. Ол ауылдан келген аңқау шалдың сәлемші таппай қақпа алдында қаңтарылуында қала тірлігі мен дала тірлігінің арасындағы айырмашы-

лықтан емес, өзінен басқада шаруасы жоқ тоғышарлықтан көреді. «Қазақы» кітаптарға мұрнын шүйіріп, «ана тілінен» екілік алатындықтың себебін де қоғам мен заман талабынан емес, қайткенде нанды көп тауып, қайткенде атымды молырақ шығарам деп әккілігін әңгілікпен жасырғысы келетін әсіреңкі тоғышарлықтан табады. Бір күннің базары үшін мың жылдың ажарын отап кететін серуенқұмарлықтың төркінін де заманнан емес, адамнан іздеп, тоғышарлықтың тойымсыздығын айыптайды. Жүмекен Нәжімеденов қаладағы болсын, даладағы болсын, бүгінгіден болсын, баяғыдағы болсын, тоғышарлық көрсе, зығырданы қайнайды. Ол үшін дүниедегі ең үлкен әділетсіздік – «кейбір арам өңештерден де адал нанның өтетіні». Ол үшін әділетсіздікпен күресудің кепілі – өз бойындағы адамгершілікті сақтай білу. Өз адамгершілігін сақтай алған адам ғана өзгенің қайғысына қараса алады, әлсіз кәріге, айласыз балаға, тілсіз табиғатқа – жалпақ әлем мен жарық дүниеге қорған бола алады. Өзінің арын құрметтей алмаған адам өзгенің жанын арашалай алмайды. Ақын атақты Бауыржанның батырлығын да ар алдындағы адалдықтан, кішкентай Гренаданың ұлылығын да әлсіз басымен күштінің, аз басымен көптің алдында бас ұрмаған қайсарлықтан іздейді. Ақын творчествосына тән мұндай рухани максимализм пафосы біздің қоғамның моральдік кодексімен тереңнен үндеседі. Адамның бақытты болуына неғұрлым жақсы жағдай жасалып, оған көп бостандық берілген сайын, оның қылығы мен құлығы үшін жауапкершілігі әлдеқайда арта түспегі шарт. Гуманистік творчествоның парызы – адамды әділетсіздік тұсында күреске, қатер тұсында ерлікке, әділдік тұсында жауапкершілікке шақыру болса керек. Жүмекен Нәжімеденов осыны жете түсінген.

Бұтақтарым биікте,

Тамырларым тереңде, – деп жырлаған ақын оқушысының сезімін адамгершіліктің биік мұраттарына сілтеп, санасын өмірдің терең сырларымен сусындатады.

Мұндай тереңнен нәр, биіктен нұр емген жыр бәйтерегі ешқашан солмақшы емес.

Осыншама ғұмырлы өлеңдер жазған ақынның өз ғұмыры келте болғаны ғана өкінішті.

Ол елуге енді келетін еді.

Екінің бірі жетіп жатырған елу ғой...

ӨЛМЕС, ӨШПЕС, ӨЖЕТ ЖЫР

Одан бері де дәл бір жарым ғасыр уақыт өтіпті. Мойкадағы он екінші үйдің ауласына бейуақытта әлде бір жақтан ауылдан келе жатқан сауыт күйменің сымп етіп кіріп кетуі-ақ мұң екен, әншейінде ештеңеге елең ете қоймайтын астам астана аяқ астынан абыр-сабыр болды да қалды. Қазынаның көк ала түтіні бықсыған қапырық кеңсесінен ақ патшаның ақ мәрмәр самала сарайына дейінгі қуыс атаулының пәлен күн қатарынан айтқаны да, естігені де бір сөз: «Пушкин өліпті!»

Жә, Пушкин болса қайтеді екен?! Көрмей-білмей жүрген Пушкиндері ме еді?!

Онсыз да: «Мені Россияда әрі талантты, әрі сезімтал қылып жарату қай сайтанның қиялынан туған іс екен?», – деп, қырық оттың ортасына түсіп, қаралай күйіп-пісіп өлуге айналған ол бейбақтың ойда жоқта опат тапқанында күллі астана осынша дүрлігетіндей не бар?

Біз әншейінде дүниедегі не кереметті тындыратын «құдай емес, бірақ құдайдан былай да емес» бөлекше жандар деп ұғамыз. Осы ұғыммен былайғы жұртқа ұқсамай бөлектеніп тұруға, бөлекше көрінуге тырысып, өз өкшемізді өзіміз көтеріп, тыраштанып бағамыз.

Ал, шын ұлы, шын данышпандардың қай-қайсысының да өмір жолына сұғына кіріп, шұқшия үңілсек, көретініміз де, ұғатынымыз да біреу-ақ: олардың да мына өздеріміз секілді қуыс өзек жан болғандары, біз секілді қуанып, біз секілді күйзелгендері...

Бірақ, таң қалатын нәрсе бұл да емес, таң қалатын нәрсе басқада: сол кейбір өздеріміз секілді жұмыр басты пенделердің күнделікті тіршілікті, тіршіліктің күнделікті өзіміз көріп жүрген күйбеңіне дәл өздерімізге ұқсап күйіп-пісіп жүріп-ақ, былайғыларымыздың қай-қайсысының да қолынан келмейтін ерекше істер тындырып кететіндігінде.

Ұлылық деп ұлағаттап жататын құбылыстарымыздың бар сыры, бар сиқыры осы.

Бірақ, бұған қайтіп таңғалмассыз!

Әсіресе, Пушкинге қайтіп таңғалмассыз!

Оның тұла бойы толы жұмбақ. Әсіресе, өлімі жұмбақ. Көзі енді жұмылып, бетін топырақ енді жапқан сонау азалы февраль күндерінде ақынның жан досы князь Вяземский: «Бұл оқиғадағы көп нәрсе басқа түгілі біздің өзімізге құпия күйінде қалып барады», – деп жазды. Ал, арада қырық төрт жыл өткен соң дәл осындай ойды ұлы Достоевский де қайталайды: «Пушкин әбден күш-қуаты толысқан дер кезінде дүние салды. Және қайсы бір ұлы құпиясын өзімен бірге табытына салып ала кетті. Енді, міне, біз сол құпиясын өзі жоқта аша бастадық».

Ұлы романистің айтып отырған құпиясы ақынның өлімінің жай-жапсары болса, оның ашыла бастағаны рас. Данышпан ақынның замандастары мен артындағы ізбасарларының көңіліне күдік алса да, күмілжіп айта алмай тұрғандарын уақыт өзі ашып, өзі анықтап берді: Пушкинді туғызған уақыт оны өз қолынан өлтірді де...

Пушкин заманының негізгі кескіні – озбырлық. Ол өзіне қарсы шыққандардың қай-қайсысы секілді ұлы ақынның да түбіне жетіп тынды. Пушкиннің нағыз жендеттері: «Ақындар не даңққа, не сұлуға таласқан қызғаныштың қолынан мерт таппақшы», – деген ескі қисынды жамылып, жалдама жендеттің тасасында бұғып қалуға тырысты. Бірақ, көлгірлік жамылатын көлегей шапан қашанда селдір ғой: оның ар жағындағы қолтыққа тағылған айбалтаны танып алу қашанда қиын емес. Әйтеуір біздің бүгінгі замандастарымыз үшін Пушкин өлімінде тұрған пәлендей жұмбақ жоқ. Ал бірақ Пушкин атты рухани құбылыстың өзі тылсым, әрі таңғажайып құпия. Оның бойында біз танып, біз түсініп үлгермеген сырлар әлі көп.

Біз бұл арада, тұсында талай ауызды сарсытқан ақын бойындағы «бөтен қанның» жай-жапсарын, ұлы Петр ағзамның шетел сапарынан қайдағы бір эпиопты ертіп әкелуінен басталатын көп хикыматты қайта қаузап, қайта күпсітіп жатудан аулақпыз. Біздің білетініміз – өзінің күллі дүниеге бас игізетін орасан зор рухани беделі үшін орыс әдебиеті ұлы Пушкинге қандай қарыздар болса, ұлы Пушкин де өзінің әлем әдебиетінде әлі күнге қайталанып көрмеген елден ерек таланты үшін өзін туған орыс халқына, өзі нәр алған орыс тарихына, өзін түлеткен орыс шындығына дәл сондай қарыздар. Біздің білетініміз: Пушкин – батыстың да, шығыстың да рухани өмірін дүр сілкіндірер ұлы идеялар мен ұлы қозғалыстарды өрбіткен пәрменді уақыттың ұлы.

Сондықтан да оның бағзыдағы Сағди мен өз замандасы Байронға бірдей қол созып, бірдей жүгінуі тіпті де тегін емес. Екеуіне де ұмсындырып отырған – елден ерек көрінуге тырысқан әдеби әуейілік те немесе өз талантының төркінін іздеген әсіре әуесқойлық та емес, өз заманының оған ана сүтімен бірге емізген, кіріптарлық атаулыға мойын ұсынбауға шақырған азаттыққұмар асау рухы. Тар заманды жыр етіп Еркіндікті Мархабат пақырларға тілегенім, – деп өзі айтқандай, ол қай ғасыр, қай құрлықтан да, қай жұрт, қай ұрпақтан да өзімен пікірлес, ниеттес ұғымтал ой-сана іздеді. Өз заманының қасаң қағидаларына мойын ұсына қоймаған қайсар рухты Сағдидан тауып еді, оның әлдеқашан сүйегі құраған бейтаныс шығыс ақыны екеніне қарамастан, өзіне етене жақын рухани ағайын тұтты. Дәл сондай өр сезім, асау арманды жан-жағындағы мықтыға құлдық ұрып, мығымнан сескене басқан көнтеріліктен безініп, лорд басымен ереуілшілдер арасына кеткен Байроннан тауып еді, оны өзіне өнеге, рухани ұстаз тұтты. Пушкиннің бар ғасыр, бар құрлық, бар жұрт, бар ұрпаққа түгел түсінікті, түгел жақын, түгел сүйікті ақын болуының сыры да осы, – адамзат әлі құмарынан шыға түгел сусындап үлгере қоймаған азаттық пен еркіндікті жырлап, адамзаттың әлі күнге көкірегін қыз-қыз қайна-тып келе жатқан қызыл құрт дерт – кіріптарлық пен тәуелділікке қарсы аянбай атой салғандығында шығар.

Ол бұнысы үшін өткен заман зерттеушілері айтқандай, өзі көрген құқайға ғана емес, ең алдымен, өзін туғызған алмағайып заман, аласапыран уақытқа қарыздар.

Және бір таңғалатын нәрсе – бүкіл ақындық болмысы күміс қоңыраудың үніндей күй-әуезден, көздің жауын алатындай сиқыр сұлулық пен өңкей жарасымнан тұратын Пушкин әлем әдебиетіне кейін екі ғасыр бойына бірден-бір өзек болған, әлі де қанша ғасыр азық болатыны белгісіз адам мен қоғам арасындағы екіұдайлық, адам мен қоғам арасындағы дисгармония тақырыбын алғаш рет ашып берген автор. Орыс әдебиетіндегі атышулы «басы артық жандар» галереясының Пушкиннен басталуы да тегіннен тегін емес. Ол Пушкиннің өз дәуіріндегі дәуірлеп тұрғандармен тіл табыса алмаған, дәлірек айтқанда, тіл табысқысы келмеген рухани қайсарлығынан өрбиді. Пушкин творчествосының шексіз мұхит салқар мазмұны да, Пушкин

тағдырының айрықша трагедиялық сипаты да міне, тек осыдан туындайды.

Пушкин творчествосы мен Пушкин тағдырының өзектес жатуында да тарихи мән бар.

Пушкин күллі Европа қауымы, тіпті күллі адамзат өзінің жарқын бір үмітінен көрер көзге айырылып, соған сенер-сенбесін, келісер-келіспесін білмеген әрі-сәрі заманда дүниеге келді.

Пушкин де өзінің ұлы замандасы Байрон секілді өз творчествосына рухани нәрді дегеніне жете алмай орта жолда арманда кеткен Француз революциясының асқақ идеяларынан алған-ды. Ол революцияның қайғылы нәтижелері біреулерді әлеуметтік прогрестен атымен күдер үздірген сары уайымға салдырса, екінші біреулерді жаңа серпіліске, жаңа шайқасқа шақырды.

Пушкин де Байрон сияқты соңғы санатқа қосылды. Орыс декабристерінің Байронды қандай тәңір тұтса, өз отандастарының поэзия аспанына жарқырай көтерілген жаңа жұлдызға дәл солай зор үмітпен қарауында да осындай үлкен мән бар-ды.

Орыс ақыны Европадағы революциялық ситуацияның дағдарысынан кейінгі бостандықшыл күрескер рухтың бастан кешер дән данай халын бірден түсінді. Ол осынау қайғылы тағдырмен келіскендерді емес, келіспегендерді жырға қосуды творчестволық парыз тұтынды. Әуелі Пушкин творчествосында, кейін бүкіл орыс әдебиетінде басы артық жандар тақырыбы осылай пайда болды. Романтик ақын «Кавказ тұтқынында» асыл мұратынан айырылып, арманы қырқылған жанның немқұрайдылыққа ұрынып, ерте қартайып, ерте сөнетінінің мұңлы шежіресін шертсе, «Цыгандарда» мақсатынан айырылған күрескер рух эгоистік өркөкіректікке, ал ол өзгерлерге зорлық-зомбылық жасайтын астамдыққа жалғасатынын көрсетіп берді. Мұндай сергелдең халден тек күрес қана құтқара алатынын ұғындырып, халық кегі, халық ызасы жолында арпалысып жүрген «Ағайынды қарақшыларды» дәріптейді.

Пушкиннің «Күнгей поэмалары» Россиядағы декабристер көтерілісіне дейінгі саяси-әлеуметтік атмосфераны романтикалық сарында шынайы жеткізе білді. Орыстың халық аңызы, інжіл аңызы, шығыс аңызы, кавказ халықтары аңызы негіздеріне орайлас жазылған бұл поэмалар озбырлыққа мойын ұсынбайтын тәуелсіз рухты мадақтап, батыс елдерінде өз-өзінен бықсып сөне

бастаған революцияшыл рухты қайта үрлеп, қайта тұтатқандай еді. Сондықтан да халық арасында ауыздан-ауызға, қолдан-қолға тарап жүрген бұл дастандар патша сарайына ұнамады. Лицейді бітіре сала мемлекеттік істермен шұғылданудың орнына, тақ мінген озбырларды шайқалтпақ болып шабытқа мінгені үшін Бірінші Александрдың қаһарына ұшырап, күнгеіге жер аударылған ақынның әлгіндей әуіпірім күрескер рухы ол жоқта өрши түспесе, өше қоймағанын аңғарған өкімет енді оны қайтадан терістікке, нағашысы Ганнибалдардың ата-қонысы, Михайловское селосына жер аударды.

Михайловское – ұлы ақынды таза романтикалық сарыннан реалистік әдіске, күллі адамзаттық жалпылама проблемалардан таза орыс өмірінің қаны шылқыған шынайы шындығына біржолата көшірген айтулы кезең болды. Ол өз творчествосындағы көнбіс тобырға ұқсамай тағдыр тәлкегіне қарсы тұрудан тайынбайтын ержүрек қаһармандарды біржақты әсіре дәріптейтін лепірме сарынға енді сын көзімен қарай бастады. Мәселен, Наполеон өліміне байланысты жазылған өлеңінде «жеңістер дандайсытқан ерке құдіреттің» қаһармандығы көнбіс халық бұқарасының ашу-кегінің қасында әншейін эгоистік даңғойлық екенін қолмен қойғандай нақты ашып бере алды. Елден ерек жандардың елден ерек даңққа, елден ерек махаббатқа, басқалардың бәрін өз мүддесі жолында құрбандыққа шалып жіберуге бар елден ерек артықша құқы туралы үйреншікті ұғым «Цыгандардағы» Алеко бейнесі арқылы дәлелді де дәйекті мансұқталады.

Бұл кезеңде Пушкиннің эпикасы түгілі лирикасы арманның зеңгір көгінен шындықтың сыз топырағына бір-ақ қонып, оған дейін орыс әдебиетінде атымен болмаған өміршіл шығармалар тудырды. Ақынның тәтті әуезге айрықша сезімтал құлағы бұл жолы сонау алыс Гвадхалкивир бойындағы эфир құйып тұрған түнгі зефирде шертілген махаббат серенадасын емес, кешен қалған жолаушыдай бей уақытта терезені қағып тұрған тозған төбенің ыс сабанының сыбдырын да жіті естіп, дәл жеткізеді. Өмірдің өзіндегідей дәл көріп, дәл жеткізу ендігі жерде ақынның суреткерлік қағидасына айналады. Бұл ретте ажуалық негізде жазылған «Граф Нулин» атты хикая-дастанның жөні бөлекше. Бұл жолы эпикалық поэзия сахнасында жиын-той емес, қабаған ит пен сүзеген текенің тайталасын қызықтаған еріккеннің

ермегі, айлы түнде аймаласқан ару махаббат емес, аңнан басқа алаң таппай іші пысқан помещиктің дәл өзіндей марғау тірліктен әбден мезі болған бәйбішесінің көзін ала беріп, тілі өткір, жүзі жылы, жүрісі сұйық қызметші әйел Парашамен қойындасқан «көлденең хикаясы» көтерілді. Бұл не? Асыл арманның сарқылуы ма? Арманшыл рухтың қажуы ма? Шарқ ұрған шабыттың тұралап, тежеусіз қаламның дағдарысы ма? Жоқ, бәрі де емес! Өміршіл өнердің бұдан әрі өзін-өзі алдай алмай, қалған жұрттың да көзін айналадағы шындыққа айқара ашып беруге тиісті жаңа дәуір, жаңа талапқа кез келгені.

Тағы бір таңғалатын нәрсе: ұлы ақын аталмыш поэмасын аяқтаған 13–14 декабрь күндері күллі Россияның көз алдына ащы шындықты айна қатесіз ашып берген айтулы оқиға өтті. Сенат алаңына шыққан декабристер аяусыз жанышталды. Ақын көкірегін көптен жылытып келе жатқан бір үміт тағы үзілді. Бұл тұстағы Пушкин лирикасында өкініш пен ыза, өр үміт пен тәуекел кезек алмасып, тайталас түсіп жатады. Ол – қилы кезеңге тап болған бір ғана ақынның емес, күллі Россияның көңіл күйінің көрінісі еді. Жеңіске жеткен озбырлық өнерден де нақтылықты, дәлірек айтқанда еш жалтармай-жалтақтамай, тек өңмеңдеген өктемнің ғана сөзін сөйлейтін, сөйлегенде де тек жақтап сөйлейтін бір-жақтылықты, қысқасы қошеметшілдікті талап етті. Айдаудан қайтқан ақынға патша «халық тәрбиесі» жайындағы ойларын жазып беруді тапсырды. Ол Пушкиннің «саяси жағының қаншалықты сенімді екенін» анықтаудың амалы еді. Ақын падиша үмітін ақтамады. Ол декабризм трагедиясы туралы не ойлайтынын еш бүкпесіз айтып берді.

Ал, бұдан кейін ақ патшаға жағып көр! Пушкин «өзіне жасалған жақсылықтың қадірін» білмеді. Бірінші Николайдың тентек ақынды Сенат алаңына шыққан пейілдері сияқты тентіретіп жіберуге әбден мүмкіндігі бар еді. Ол үшін ақын сөзінің ереуілшілердің аузынан түспегенінің өзі-ақ жеткілікті еді. Ондай жағдайда ол да «сонау Сібір түкпірінде» кен қазып, не өзінің лицейде бірге оқыған досы В. Д. Волховскийдің кебін киіп, полковник Ф. Ф. Бергтің экспедициясына еріп, қазақ даласында, Үстірт үстінде әуе айналып жерге түсердей өрт-жалын аптапта әр құдыққа бір түнеп, әр қойшыдан бір саптыаяқ шалап ішіп, салпақтап жүрер еді.

Жоқ, өзін оқыған монарх, бірінші Петр бабасы сынды ағартушы падиша санайтын Бірінші Николай ереуілшілерді аяусыз жазалап, сырттағы қауымға да, іштегі қауымға да біршама шіркеулі боп қалған бетін аузы дуалы дүлдүл ақынның қаламының шарапатымен қайтадан ақтап алудан да кет әрі емес еді. Бірақ, Пушкин оны істесе Пушкин бола ма?! Жалпы, бұл арада да ойланатын біраз гәп бар. Расында да, осы Пушкиннің лицейде бірге оқыған парталасы князь А. М. Горчаковқа ұқсап канцлер боп кетпегенмен, көп министрлік пен көп департаменттің бірінде жұртты аузына қаратқан бір ресми шонжар болып отырып алуға қабілеті де, тектілігі де әбден жететін еді ғой. Ал, өйтіп мойнына қызмет шылбырын ілмеген күнде де бір кезде өзіне ағынан жарылып ақ батасын берген «ақылгөй қария» Державинге ұқсап қашан көзі жұмылғанша жақсылармен жақсы қарым-қатынасын бұзбай, төрден орын алып, жан-жағындағылардың бәріне дуалы ауыз боп көрініп, ақылды да, абыройлы әзиз жан атанып, жайына жүріп, жайбарақат ұйықтауына жағдайы әбден бар еді ғой! Пушкиннің өзінен ондай қылық табылып жатса, патша сарайы тарапынан жадырай қарсы алар жақсы ықылас табылатыны даусыз-тұғын. Тіпті бәрін қойып, жылы-жылы сөйлесең, жылан інінен шығадының кебіне басып, орайы келген жердің бәрінде де алтын тәжді ағзамның атына ауыздан-ауызға көшіп жүретін ұрымтал қошаметті оңды-солды қардай боратып, одан қолы босағанда императрица мен оның шашбауын көтеретін бикештердің көңілін аулап, сайран салып жүру Пушкиндей айтқыр да тапқыр жезтаңдай ақынға тап анау айтқан қиын шаруа емес-тұғын. Олай еткен күнде, оның мақаламыздың бас жағында айтылған тауқыметтің бірін де тартпасы тағы белгілі.

Бірақ, гәптің үлкені де оның атақтылар мен лауазымдылардың аузын алуға ұмтылған «фигляриншілдіктен» гөрі наразылар мен налығандардың назарын жықпай, дәйім солардың жағына шығып, солармен пейілдес болуды көздеген «байроншылдықты» қалап алғандығында ғой...

Өз тұсындағы өзімен өрелес империялардың ешқайсысын менсінбегендей сонау жер түбіндегі Рим империясын өнеге тұтып, зиялы қауымда ежелгі Римге тән лауазымдар мен титулдарға жүгініп, архитектура мен өнерде ежелгі Римге тән классицизмді ұстануға

тырысқан патша сарайына поэзияда да жаңа Гораций керек-ақ еді... Оның да басқаны қойып, тек нұр сипатты падишаларды мадақтағаны тіптен ғанибет болар еді. Алайда біраз жыл астанадан алысқа талай қағажу көріп, талай нәрседен ой түйіп, тәубесіне келді ме деген айтулы ақынның, неге екені түсініксіз, тірі падишадан гөрі әлдеқашан сүйегі курап қалған өлі падиша бірінші Петрге бүйрегі бұрды да тұрды. Біресе «Полтаваны» жазды, біресе «Мыс салт аттыны» жазды. Екеуін де бастан-аяқ тәж иесі мен тақ иесінің ақылы мен айбынын марапаттауға арнамай, қайдағы бір жолдан килігетін көлденең көк атты кейіпкерлердің басындағы жағдаяттардың жай-жапсарын қуалап кетті. Екеуінде де өкімет пен өктемдік бар жердегі жарастықты емес, қайшылықты, гармонияны емес, дисгармонияны қазбалады. «Полтавада» алдыңғы қатарға жеңімпаз падиша емес, ләззат үшін досын, мансап үшін елін сатқан Мазепаға қызыққан аңғал сұлу Марияның қайғылы махаббаты, «Мыс салт аттыда» ұлы империя мен ұлы астананың негізін қалап, шексіз биліктің асау айғырын тізгіндей ұстаған тегеурінді падиша емес, сондай шексіз биліктің тегеурінді пәрменіне шыдай алмай ақылынан алжасқан бейшара чиновниктің аянышты тағдыры шықты. Екеуінде де ертегінің кейіпкерлеріндей бай болып, барша мұраттарына жетіп отырған бақытты жандардың басындағы базарлы ахуал көрінбей, жігерлері құм болып, жерге қарап қалған мұңлықтардың күңіреністері мен күйзелістері тәптештелді. Және де екеуінде де басқа қырсық, басқа зұлмат таусылып қалғандай, өктем билік пен озбыр өкіметтің тіріге бақыт, өліге абырой алып бермейтін тажал сипаты сөз болады. Бірінде дегеніне жете алмаған билікқұрмарлықтың баста тұрған бақытты қалай тәрк еткені баяндалса, екіншісінде дегеніне жеткен өктемдіктің өзгелердің өлі-тірісінде еш шаруасы болмай, жолындағының бәрін талап, жаншып кете баратын шектен тыс әупірімділігі мен астамдығына деген ашу-ыза бой көрсетеді. Қиямпұрыс ақынның тәж бен тақта ала алмай жүрген өші бардай, патша сарайынан жазатын басқа ештеңе табылмайтындай, қайдағы бір озбырлықтың, сатқындықтың, билік жолында қырқысқан тартысталастың төңірегінен шырқ айналып шыға алмай-ақ қойғаны. «Полтавадағы» ештеңе емес екен, ал енді «Борис Годуновтағы» шиқыман төбе құйқанды шымырлатады. Автор ақ сүйек басымен қайдағы бір қара

тобырға іш тартады. Бір озбырдан өліп-талып енді құтылып отырып, екінші озбырға қайта тап болатын зіркілдеген боярлардың айтқаны келіп, атқаны тиетін бағзы зобалаңға қайта ұшырайтын көп мүскіннің мұңын мұндап, қабырғасы қайысады. Сондағы айтпағы не, меңзегені кім? Неге осы ол жазған шығармаларда тәж бен тақ адамды адам қалпынан айырып, қайдағы бір қанқұйлы хайуандыққа дейін апармай тынбайды?! Билікке ұмтылған Мазепа күні кешегі жан досының қаршадай қызының басын айналдырып, азғындыққа бір батады, ал ол аз болғандай ақыр аяғында Отанын сатады. Билікке ұмтылған Годунов өзі таққа отыру үшін патшазада нәрестенің қанын төгеді, оның өзінің түбіне жетуге тырысқан жалған Дмитрий ойдағысын орындап шығу үшін жарық жалғанның көзіне түгел топырақ шашуға бар. Қысқасы «арсыз болмай атақ жоқ, алдамшы болмай бақ қайда!». Қысқасы, шексіз билік, өктем өкімет әншейінде ақылдымып жүрген талай тақуаны апыл тартқандай ес-түстен айырып есірік қылып жібереді. Әйтеуір тақ деп аталатын тақымға бір түссе, айтқанына көндіріп, айдағанына жүргізбей қоймайтын әзәзіл тақтайдың істетпейтіні жоқ, өз жолында қиянаттың қай түрінен де тайындырмайды, нақақтың обалы, жораның абыройы, ел-жұрттың келешегі – бәрін де естен шығартады.

Міне, Пушкинге айтқызсаңыз, тәж бен тақтың сыры мен сиқы осы! Ал, енді осыдан кейін оны қай тақ мінген, қай тәж киген жақтыра қоятын еді?!

Ұлы ақын зорлықты күш деп ұғынып келген ескі ұғымды күйрететін, оның шын мәніндегі, дүниедегінің бәрін қадыр мен қасиеттен айыратын мерез аурудай осалдық екенін ашып берді. Ізгілік пен әділдікті жеп жатқан жегі – осалдық. Ол осалдықтың аты – бір басының бағын оздыруды ойлаған эгоизм. Бұл концепцияны ол әсіресе атышулы «Кішкентай трагедияларында» жеріне жеткізе аша алды. Бұған дейінгі эпикалық шығармаларында көбіне-көп ел басынан өткен елеулі оқиғаларға, халық тағдырына мейлінше зер салған ақын енді адам жанына, адам жанындағы күйреу мең құлдырауға жіті үңіледі. Сараңдықты құдірет санайтын барон Филипп адамға тән аяушылықтан атымен ада. Ол жұрттың қанын теспей сорып, күллі дүниені өз уысында ұстауға пейіл. Баюдың да арзымсыз ұрғашының ашқарақ нәпсісіндей ешқашан ындыны қанбайтын арсыздық

екенін мұншама шегіне жеткізіп көрсеткен жинақтау-бейне әлем әдебиетінде некен-саяқ. «Өзімнен басқа ел жұрттың көзіне түсер ешкім болмасын», – деп, өзінен әлдеқайда талантты Моцарттың обалына қалатын Сальвери ше?.. Жайнаңкөз келіншектермен көз тасадағы ләззатқа көңілі бітпей, тірі күйеуді былай қойып, көрдегі өлік-күйеуді қабірінен сүйреп әкеп, босағаға мөлітіп қойып, соның көзінше әйелін иемденуді аңсайтын астам Дон жуан ше? Ертең елдің бәрі обадан қырылып қалғалы тұрғанда тән тоятын іздеп жалаңдап бағатын Вильсингам ше?.. Олар тәж бен тақ иемденсе, не болар еді?! Ал, енді алтын тақтың астында отырып, арсыз нәпсісіне тиырым таба алмағандарды күнде бәріміз бастан кешіп жүрген бірде олай, бірде былай соқталаң тіршілікке сол қалыптарында солаң еткізіп, араластырып жіберсек, не болар еді?! Дүниедегі қалтыратар қаншама тиран қолдың қысқалығынан әншейін ұры-қарылықтан әрі аса алмай жүр? Ал ойда жоқта бағы жүріп кеткен қаншама ұры-қары дүниенің төбесінен түкіріп, адамдарды адамға тән қасиеттен айырып, ай асты тіршіліктің ойран-ботқасын шығарып жүр?..

Адамдар өз басындағы эгоизмді жеңе алмай тұрып, адамзат дүниедегі әділетсіздікті жеңе алмайды – ұлы ақынның ұғындырар ең басты ұлағаты.

Мұндай ащы шындықты еш көлегейлемей жарқ еткізіп жайып салу Пушкинге де оңайға түскен жоқ Сондықтан да ол бұл шығармаларын өз аузынан «рухани ерлігім» деп санады.

Оның ең басты рухани ерлігі – әрине, «Евгений Онегин». Оны «орыс өмірінің энциклопедиясы» деген Белинскийге дау айту орынсыз. Ұлы ақынның өз талантының ұлттық табиғатын мейлінше жарқыратып ашқан шығармасы екені рас. Алайда әлемдік әдебиетте теңдесі жоқ бұл туындының қайталанбас маңызы өз тұсындағы өмір шындығын қанын сорғалатып қаз-қалпында жеткізе алғандығымен ғана шектелмейді. Бір кезде Наполеонды күйретіп дүние жүзі алдында абыройын бір асырып, сол арқылы бостандық сүйгіш идеяларға да бой ұрып бір желпініп қалған орыс қоғамының ойда-жоқта озбырлықтың таяғына өзі сүйкеніп, маңдайын тасқа соғып, енді не істерін білмей есеңгіреп қалған дағдарыс кезеңінің рухани трагедиясы туғызған талай шырғалаң сұраққа жауап тауып бере алатындай бұл шығарманың әлеуметтің астары қатпар-қатпар. Оны өлеңмен жа-

зылған романның фабулалық желісінен де, ақынның өзі «әншейін мылжың әңгіме» деп әзілдеген лирикалық шегіністерден де бірдей іздеген жөн. Сырт қарағанда роман фабуласы ақынның бұған дейін де талай жазған тақырыбына ұқсайды. Бұнда да сол дегені болмай сергелдеңге түскен өркөкірек қаһарман. Бұнда да сол табиғаттың өзіндей пәк бейшара қыздың кінәратсыз махаббаты. Бұнда да сол қуанышты бас қосу емес, өкінішті қоштасу. Бірақ, соның бәрі бұл романда алғаш рет айтылып отырғандай атымен соны естіледі. Өйткені, мұнда ақын әлгінің бәрін бұрынғыдай романтикалық сарында дәріптей суреттемей, реалистік тұрғыдан зерттей жіліктейді. Сонда күллі Россияның басындағы рухани халдың көрінбеген көлкеші, ашылмаған астары қалмайды. Онегин тағдыры – асау арманды қуалаған албырт жанның әуре сарсаңы емес, бойындағы бар үміт, бар аңсарынан түгел айырылып, тірідей тоналған жанның құрқаңқа тіршілігі. Оның бүкіл өмірі – орыс қоғамын әлеуметтік мақсат-мүддеден ада еткен самодержавиялық озбырлыққа ұғынықты айтылған ұрымтал айыптау. Онегин ахуалы – декабристер жанышталып, революционерлердің Герцен, Огарев бастаған жаңа ұрпағы елі тарих сахнасына шықпай тұрған тығырық тұстағы Россияның ахуалы. Енді қайтпек керек? Тарихтың өзі көлденең тосқан бұл сауалға салқын ойлы Онегин де, албырт сезімді Ленский де емес, тағдыр талқысына үнсіз төзіп, үнсіз көтерген Татьяна жауап береді. Ол кездегі орыс қоғамына мезгілінен бұрын отқа түсетін асығыс албырттық та, дүниедегінің бәрінен күдер үзген салғырт-самарқаулық та емес, бәрін де көріп, бәріне де төзіп бағатын, бірақ көкірегіндегі асыл арман мен бойындағы қымбат қасиетті төгіп-шашпай сақтай біліп, қорландыра-қордаландыра түсетін қайсар шыдам, салихалы сабыр керек еді. Сондықтан да ұлы ақын өзінің ең басты шығармасында асқақ идеал ретінде арпалыс деп алас ұрған жалынды Ленскийді де емес, озбыр да опасыз дүниеден сырт айналған тәкаббар Онегинді де емес, қайда апарсаң да табиғи тазалығынан, қарапайым қалпынан бір танбайтын, өз көкірегін өртеп жатқан уыз сезімге де, өзгеге берген уәдеге де бірдей адал Татьянаны алға тосады. «Евгений Онегин» жазылған заманда бұдан асқан әлеуметтік оптимизм болуы еш қисынға келмес еді.

Сөз жоқ, «Евгений Онегин» – тек суреткерлік байсалдылықтың ғана емес, азаматтық қайсарлықтың да

бір көрінісі. Жұрттың бәрі жаңа монархты дәріптеп, жағын сауып жатқан кезде дағдарыстағы қоғамның рухани күйзелісін көрсету үшін де қаншама жүрек жұтқандық керек екендігі айтпасақ та түсінікті.

«Евгений Онегинде» орыс шындығының қарапайым прозасына әбден бой үйретіп алған Пушкин енді нағыз прозаның өзіне де шындап кірісті. Бұл оған өз дәуірінің шындығын бұрынғыдан да жан-жақты, бұрынғыдан да терең қамтуға мүмкіндік берді. Ол әлеуметтік иерархияның ең төменгі сатыларында тұрған қарапайым жандардың басындағы қарапайым ахуалдарды айырықша ықыласпен суреттейді. Сөйтіп, орыстың реалистік лирикасының, реалистік поэмасының, реалистік романының негізін салған әйгілі суреткер енді оның шын мәніндегі гуманистік, шын мәніндегі демократияшыл прозасының да негізін қалап, ғасырлар бойы тозбайтын үздік үлгілерін жасады. Өзі айтқандай, ол осы тұста жәдігөй жазғыштардың «бит базарына» айналған әдеби қауымға лай тасқындардың ығында кетпей, орыстың Еділ дариядай ен байтақ, кәусар сөзінің арнасын молайтып, айдынын ұлғайтар жаңа тақырыптарға құлаш сермеді. Бір кезде өз жалғасын Гогольден табатын «бекетші», Салтыков-Щедринге барып тірейтін «Горбхино селосының тарихы», Чеховпен әуендестіретін «Табытшы», Купринмен үндестіретін «Боран» мен «Атыс», Достоевскиймен орайластырар «Қарғаның мәткесі» сынды шедеврлерді былай қойғанда, ұлы Толстойдың кең қарымды, мол ауқымды, алуан бояулы қалам сілтесіне лайық «Дубровский» мен «Капитан қызы» дүниеге келді. Сөйтіп, Пушкин болашақта әлемдік ақыл-ойдың бірден-бір тәлімгері болатын әйгілі орыс прозасының тақырыптық, стильдік, идеялық-концепциялық диапозонын да бір өзі белгілеп берді.

Оның бұл ерлігі де тек эстетикалық қана емес, орасан зор саяси-әлеуметтік маңызға ие. Еркін ойшыл райынан қайтып, абсолютті монархпен шырайын енді түзейді деп жүрген ақын қара сөзге бой ұрғасын баяғы ереуілшіл әуеніне қайта басты. Озбыр да топас крепостник Троекуровқа ерегісіп атқа мінген ақ ниетті ержүрек қарақшы Владимир Дубровский сынды қиялдан туған кейіпкерін аспанға көтеріп дәріптегені аз болғандай, орыс тарихының астын үстіне шығарып кете жаздаған кәдімгі нақты адам, патша сарайының ежелгі жауы «Емелька Пугачев» бұзықтың өшкен атын қайта тірілтіп,

ұмытылған істерін қайтадан еске сала бастады. Соның өмірінен материал жинаймын деп, қыстың көзі қырауда жер түбіндегі Орынборға салпақтайды. «Кешірерсің – мен сені Пугачевқа бола тастап барам», – деп көзінен бір елі таса қылғысы келмейтін айтулы сұлу әйелін де сол ниетінің жолына қиып, оның көркем бейнесін жасауға бар ынты-шынтын салды. Және ол жұрт айтып жүргендей басбұзар біреу болмай, алдына барған ақ сүйек офицердің өзін мейірімімен баурап алатын парасатты падиша боп шыққан. Бұзықтардың падишасын соншалықты төбесіне көтере отырып, кәдімгі өзімен замандас император ағзамды аузына да алмайды. Наполеонды күйретіп, Парижды алған жеңімпаз Александрдың құрметіне қойылған мәрмәр бағанның ашылуына бармай, үйде жатып баяғыдағы Гораций мен Державинге еліктеп, «Ескерткіш» деген өлең жазады. Онысында бұрынғы ақындарға ұқсап марқұм императорды мадақтаудың орнына, өзін өзі мақтап жер-көкке сыймайды.

Бұл не? Ақылдан алжасу ма? Әлде астамшылық па?

Астамшылық болса, оны басқа көтере алғанмен, патша көтере ала ма?!

Әрине, көтермейді. Аяр патша асауға тұсау, аңқауға тұзақты оңай тапты. Бір ауық хаттарға сөз берейік:

«25 февраль, 1833 жыл. Зиялы қауымға араласып, табанымнан таусылып жүрмін. Әйеліме деген жұрттың ықыласы айырықша үлкен. Бұның бәрі қыруар ақша табуды қажет етеді. Ақша табу үшін еңбектену керек. Еңбектену үшін оңаша бір жерге безіп кетпей болмайды».

«8 октябрь, 1833 жыл. Сәулешім, сен мені өйтіп қорқытпа. Жұрттың бәріне қылымсып біттім дегенің не сөз? Олай болса, ештеңе жазып үлгермей жатып, қайтып барам да, ақшасыздықтан аштан қатамыз. Одан да мені алаңдатпай, жайыңа жүр».

«11 октябрь, 1833 жыл. Маған кедергі келтірме, қайдағыны айтып қорқытпа, аман бол, балаларға қара, патшамен де, княжна Любаның күйеуімен де көңілдесіп қойма».

«6 ноябрь, 1833 жыл. Сыпайылап айтқан кеңесіме түсін. Жұртқа қылымсудың түбі жақсылыққа әкелмейді. Оның да өзінше қызығы бар сияқты көрінгенмен, жас әйелдің үй-ішіндегі татулықтан, былайғы жұрттың ізет-ілтипатынан жұрдай айырып, тездетіп түбіне жететін тек сол ғана. Сондықтан сенің жұртқа ұнағаныңа мәз болуыңның жөні жоқ».

«24 ноябрь, 1833 жыл. Үйге келсем, бәрі орнында сияқты. Әйелім балға кеткен екен, артынан барып алып келдім».

«Март, 1834 жыл... Январь айынан бері камеро-юнкермін... Патша ағзам мені камер-юнкер қылғанда атағымды ойлағанмен, жасыма мән бермеген шығар, менің шамыма тиім деп ойлады дейсің бе...»

«18 май, 1834 жыл... Менің хаттарымның біреуі полицияның қолына түсіпті... Біздің екеуміздің арамызда не болуы мүмкін екенін ешкім білмеуге тиіс... Семья өмірінің өз құпиясы болуға тиісті.»

«29 май, 1834 жыл... Қауымға араласпаймын, фраккиюден жалығыппын... Сен рұқсат етсең, отставкаға шығып, камер-юнкер мундирін қайтып беріп, уһ деп бірдем алғаным жөн болар еді...»

«8 шюнь, 1834 жыл... Менің қызметке кірмеуім керек екен... Олар маған енді не істегілері келсе де, қолдарынан ешкім айырып ала алмайтын құлақ кесті құлдарындай қарайды. Өйтіп жиіркенішті болғаннан, қуғында жүргеннің өзі жеңіл еді...»

«14 шюль, 1834 жыл... Жуырда қараптан-қарап көңілімді қаяу шалды да, отставкаға кетем деп арыз бердім. Бірақ, ол үшін Жуковскийден естіместі естідім, Бенкендорф сызданып бір қарағанда зәрем зәр түбіне кетті». Енді Ғайсадан да, құдайдан да бар тілейтінім: мені отставкаға жібермесе екен...»

«3 шюль, 1834 жыл... Құлдық ұрып өтінемін, граф, менің анадағы арызымды кідірте тұрыңыз. Жақсылықты білмеген кісәпір болғаннан гөрі ұшқалақ мінез мүсәпір болып көрінген дұрыс шығар деп ойлаймын».

«17 ноябрь, 1836 жыл. Мен Ж. Геккерн мырзаны сайысқа шақырдым, ол ешқандай жай-жапсарын сұрамастан ұсынысымды бірден қабыл алды...»

«21 ноябрь, 1836 жыл... 4 ноябрь күні таңертең менің және әйелімнің арын қорлайтын үш дана домалақ хат алдым... Қағазына, сөз саптасына қарап, оның жоғарғы қауымға жататынын, шетел адамының, дипломаттың қолынан шыққанын бірден түсіндім... Дәл сол күні менің атыма жазылған дәл сол хаттың бір-бір данасын менен басқа жеті-сегіз адам алыпты...»

«27 январь, 1836 жыл. Мейірімді ханым Александра Осиповна, бүгін сіздің шақыруыңызға барудың еш мүмкіндігі болмай тұрғанына қатты күйзелемін».

Ақыры немен біткені белгілі... «Ақын өлді! – құл боп арға, ұшты оққа, улады өсек. Кек ала алмай кетті арманда, асқақ басын жерге төсеп...»

Тәкаббар ақыннан өш алуға тырысқан жоғарғы қауым оның жанындай жақсы көретін аңқау да албырт әйелінің соңынан сүмеңдеген сүмелектерді шұбыртып, соны сылтауратып қаралай ғайбаттап, жұрт алдында арын төкті. Оған ақын қайдан шыдасын!

Иә, пенде Пушкин Александра Осиповна Ишимоваға кешірім сұрап хат жөнелткен күні өзін тәлкек еткен озбырларымен шешуші жекпе-жекке шығып, мерт болды. Ал ақын Пушкин адамзат нәсілінің ар-ұжданын аяққа басқандарға қарсы сонау он сегіз жасында: «Озбыр біткен қалтыраңдар! Қаһарға мін, қайрат жина, қорлық көрген кіл мүскін!» – деп жар шашқан күні-ақ шабуылға шыққан. Содан бері оның өжет музасы талай басылған көкіректі өрге сүйреп, талай қажыған жігерге қайрат берді. Күн шуағындай нұрлы шабыт талай түнек көңілге жеңіске жетпей қоймайтын нық сенімнің шұғылалы сәулесін жүгіртті. Азаттыққа талпынғандардың арманын шыңдап, азаттық алғандарды асыл мұраттарға жетектеді.

Оның дауысы дәл бүгінде адамдарды еркіндік пен арлылыққа халықтарды «дау-дамайды ұмытып, бір үйлі жандай» тату-тәтті бейбіт те әділ бақытты өмірге үндеп саңқылдап тұр.

1987

ӨНЕРДІҢ ӨРЕН ЖҮЙРІГІ

Асанәлі Әшімов хақында

Біздің қазақта «өрмек жүзінен ауыпты» деген сөз бар. Ондай сөз әдетте өрмектің тоқылған жерінің мөлшері тоқылмаған жерінен асып түскен тұста ауызға алынады. Әлбетте оған екі езулері құлақтарына жеткенше мәз болысып қуанысады.

Қуанудың да жөні бар сияқты. Кеше ғана жерге шұқынып тұқшаңдаған тоқтышақтардың арқасында ербиіп тұрған ебіл-себіл түк ызғыған ұршықтың үйірілгеніне ілесіп келептеулі жіпке айналғанына, енді оның көргеннің көзінің жауын алатын көрікті бұйым, келісті іс болып біткелі тұрғанына, соның бәріне тәуекел еткен қайсар ыждаһаттың көп ұзамай дегеніне жеткелі тұрғанына қайтып қуанбассың?!

Жоқты барға, барды зорға айналдырып жатқан тынымсыз тіршіліктің сиқыр күшіне қайтып таңғалмассың?!

Тынымсыз тіршіліктің мігірсіз қозғалысы да сол құрулы тұрған өрмекке келіңкірейді.

Артыңа бұрылсаң — бастаған ісіңнің де берекесі келіп, іс болып бітіп келе жатқанын көрсең, алдына қарасаң — әлі де қол қусырып қарап отырып қалмай, діттеген жеріңнен барып шығатыныңды сезсең, одан асқан бақыт бар дейсің бе?

Біреулерге қара ала, біреулерге қызыл ала, біреулерге сары ала боп құрылғанымен, адам ғұмыры да бір өрге тартылған өрмек қой?!

Қара ала боп құрылса, бала-шағаңның үстіне лыпа, ауызына мәпақа байтаба боп шығар.

Қызыл ала, сары ала боп құрылса, досыңның көзін қыздырар, дұшпаныңның жүрегін сыздырар төріңнің көркі боп шығар.

Не де болса екі қолыңды ербеңдетіп бос отырғызбас, әлсін-әлі алды-артыңа көзіңді бір салдырып, көңіліңді де қош етер өз ермегіңнің болғанына не жетсін?

Тағдыр тек бейнетіңе бағыт, зейнетіңе шабыт бұйыр-тпай, өмір бақи құр әуре қып жүн сабатып қойғанынан сақтасын?!

Мен бұның бәрін неге айтып тұрмын?! Осынау Ұланғайыр залды ұлан-асыр толтырған мына баршаңыз түгел жақсы біліп, түгел жақсы көретін, бұл залдың сыртында тап осындай он мыңдаған, жүз мыңдаған залдарды лық толтырар алуан пішінді, алуан ныспылы қауымның егде буынын түгел ырза, кенже буынын түгел ынтызар етіп келе жатқан Асанәлі Әшімов бүгін елуге шығыпты дегенге айтып тұрмын.

Неге екенін қайдам, ауызыңа елу іліксе, көңілінде жүз тұратын бір әдет пайда болды ғой.

Содан ба екен — елуге келгендерге қалай да жүзге жет деп жалбарына тілеп жатқанымыз.

Бірақ, соған қарамастан, жүзге жеткендермен не бір дастарханның басында, не бір фонтанның қасында бірге отырып көрген жеріміз жоқ. Анда-санда газеттен оқытынымыз бар.

Онда да әлгі жүз жасаған жандары сірі жарықтықтар ту сонау Қап тауының я күнгеі, я теріскей бір қапта-лында өмір кешіп жатады деп естиміз. Қап тауының атын бала кезімізден тек ертегіден естіп қалғандығымыздан ба екен, қай ретте әлгі гәптен де «ертегі емес пе екен» деп, көңілімізге секем алып қалатынымыз рас.

Жә... Жүз жасағандар қанша жасағанын өздері білер... Ал біздің Асанәлі Әшімовтың елу жасағаны әбден ақиқат. Өйткені бүгінгінің әйелі түгілі еркегінің жасын кішірейтпесе, үлкейте қоюы еш мүмкін емес. Әсіресе, ондай-ондай артист дейтін ағайындардың әуестігі жоғын әуелден жақсы білеміз. Ендеше, Асанәлі Әшімов қалыптан-тайып елу бірге келіп қойып жүрмесе, тап елуге келгеніне күмәнданудың еш қисыны келмейтін сияқты.

Ал, елу дегенің әлгі айтылған атышулы «жүз» дегеннің тең жартысы емес пе еді?!

Олай болса, екiнiң бiрiне қиып жатқан жүзді Әшімовтен аяймыз ба?!

Онда, кәнеки, «жүзге жетсін» деп бір қол соғып қоялық та!

Жарайды, бұл тілегіміз орындала қалған күнде де, Асанәлі Әшімовтың соның бүгін тең жартысын артқа салып отырған жайы бар.

Ендеше, бүгін Асанәлі Әшімовтың өрмегі де жүзінен ауады.

Бұған жата қалып қуана ма, жоқ отыра қалып ойлана ма — онысын Асанәлі Әшімовтың өзі біледі.

Қуанамын десе, қуанатын да реті жеткілікті.

Ойланамын десе, онысының да оғаш көрінер ештеңесі жоқ.

Қуанамын десе, қуанатын да реті барлығы...

Сонау ит арқасы қиян Сарысудың аяғындағы бәрімізге таныс тезек жиып, қи жаққан қиян ауылда туып, қозы қуып, баспақ мініп өскен тілік өкше, жалақ бет бала көргенін істеп, не зоотехник, не тракторшы болып кетсе, бүгіндері оны біреуіміз танығанмен, біреуіміз тани алмай арманда қалар едік. Ал енді көрмегенін істеп, не атомшы физик, не космонавт боламын деп ауаланса, онысынан не шығара алатынын кім білетінін былай қойғанда, оның жымыңдаған көзі мен жылтыраған сақал-мұртын сахнадан жүзбе-жүз, көшеден бетпестік көрмек түгілі кино мен телевизияның экранынан анда-санда ұшырастыра алмай мұң боламыз ғой. «Көжесінің қатығы жоқ, көңілі құртқа шабады», — демекші, клуб түгілі, қызыл бұрышы жоқ пұшпақта туа тұра, қиялына басқа емес, театр түскені қандай ғанибет болған!

Егер тағдыр Сарысудың сарбалақ адырларынан келген бұйра шаш баланы Алматының Құрманғазы атындағы өнер институтының табалдырығынан шығармағанда, Асанәлі Әшімовтың қанша ұтылатынын кім білген, ал қазақ театр өнері, кино өнері сөз жоқ ұтылар еді.

Қазір қазақ сахнасын Асанәлі Әшімовсіз елестету қиын.

Ал қазақ экранын Асанәлі Әшімовсіз елестету атымен мүмкін емес.

Оның есімі ғана емес, кескінін қазіргі дүниенің төрт бұрышы түгел біледі.

Осы бір кең маңдай, толқын шаш, құм жағалап өскен қияқтай қара сақал, қиғаш мұрт жадыраң жүз Батыс пен Шығыстың, Теріскей мен түстіктің талай қаласы мен қыстағының көшесінде ғана емес, талай бойжеткеннің төсегінің басында жаңа ғана жып етіп терезеден секіріп түскен бозбала жігіттей әлденеден дәметіп, не әлденеден дәметтіріп жымия қарап тұрғаны. Ай асты әлемнің талай пендесінің құлағында тек «Әшімов» деген сөз ғана емес, «қазақ» деген сөз шалынғанда, көз алдына әлгі бір келісті кескін келе қалатын сияқты. Бір кезде тек біздің сүйкімді Майра Шәкеновна ханымның көзіне оттай басылып, көкірегіне шоқтай қадалатынды шығарды. Бір кезде оны көрсе, тек Сағижан ғана мәз болған болса, қазір оны

көшеден емес, экраннан көргеннің өзінде әлемнің бар баласы бір шуылдап қалады.

Расында да, бүгінде Асанәлі Әшімовтей кеңінен танымал актер кем де кем. Осының өзі-ақ оның талантының қаншалықты салауатты, өнерінің қаншалықты салихалы екендігін айтқызбай-ақ аңғартатындай.

Бірақ, үлкен таланттың басына да бақыт жолы болғыш аушыға жолыққан сар сазандай салаң етіп бірден түсе қалмайды.

Атымен белгісіз Әшімовтің қандай болғанын өзінен басқа ешкім білмейді. Ал біздің біреу білсе де, біреу білмейтін Әшімовті де көре қалғанымыз бар.

Оның творчестволық жолының алғашқы жылдары киностудия қабырғасында өтті. Ол тұстағы қазақ фильмдерінің қай-қайсысының да афишасынан Әшімовты көретінсің. Әлдебір қыздың қолын қысып, әлдебір келіншектің белінен құшып, сызылып-мызылып тұратын сол бір сыпайы жігітті осы күнгі арыстан жал, арлан көз, адуын темперамент иесі Асанәлі Әшімов дегенге сенгің де келмейді.

Кім біліпті, сол әу бастағы сүрлеуімен сөмпеңдей берсе, қайдағы бір сулы көз қыздар мен булы көз келіншектердің құшағынан пенсияға бір-ақ аттанып жүрер ме еді, қайтер еді, егер өзінің «экрандағы тағдырына» өз көңілі толмаған жас актер сонау 1964 жылы жамырай қараған көп көрерменнің көз сұғымен бетпе-бет шайқасқа түсетін театр сахнасынан тұрақты мекен тебуге біржола тәуекел етпесе...

Театрда да Әшімовтың бірден жарқ ете қалған ештеңесі жоқ. Көпке дейін көз тасалау көлеңкеде жүрген жайы бар.

Жаңылмасақ, Асанәлінің үлкен актерлық жолының тұсауын кескен СССР-дің Кіші театрынан келіп, әуезовтіктердің сахнасына Қалтай Мұхамеджановтың «Жат елдесін» қойған профессор Новохижин сияқты еді.

Сахнаға дәйім жалтақтай басып кіріп, талтақтай басып шығып бара жататын маскүнем жігіттің көкірегін өртеп бара жатқан көк запыран шарап емес, ту сонау терең құрдымда тұншыққан мәңгі арылмас, мәңгі айықпас азап екенін сығымдап ашып, ақыр аяғында лақылдата төгетін шерменде ақындықтың, рухани далбасалықтың трагедиясын мұншалықты жеріне жеткізе білген актерлық еңбектер бізде кемде-кем-тұғын. Мұндай тоқсан иірім дағдарыс тағдырды тінте зерттеп,

зерделей жеткізіп бере білген жас актердің жұлдызы сосын-ақ жарқырап сала берді.

Асанда шерменде өкініш пен өлермен ызаны шебер мазмұндаған Әшімов Ахтановтың «Боранында» оған қырық қайнаса сорпасы қосылмайтын, қай тасқынның тұсында да қалқып судың бетіне шығатын, қай толқынның бетіне де басқаның иығын жаншып, басып суға тұншықтырып барып шығатын, жұрт үстінен күн көріп, жораның үстінен бақ асырған қараулықты қапысыз сомдады. Ол ойнаған Қасболат осылай боп ойда қалыпты.

Желек салғанның білегінен сипап, желең кигеннің жеңінен тартып жүруге ғана қауқары жететіндей бозөкпе кейіпкерлерді көп ойнаған Асанәлінің тап мұнандай төтен самғауларына жұрт таңғалып үлгермей жатып, жас актер тағы бір сахналық «рекорд» жасады. Ол — Макс Фриш комедиясындағы Дон-Жуанның белгісі. Асанәлі Әшімов бір терезеден екінші терезеге қарғып, бір төсектен екінші төсекке ырғып, бір құшақтан екінші құшаққа күмп беріп жүрген ләззатқұмар еркетотай еркектің ғана емес, бал деп ұрттағанның бәрі у боп шығып, уыз сезімін былғап алған соң, аяр дүниеге қарсы аярлық жолымен күреске шыққан ызалы жанның күрделі күйзелісінен көлкөсір сыр шертті. Бұл дүниеде шындықтан басқа сұраусыз, адалдықтан басқа аяусыз ештеңе жоқ екен. Аяр болсаң ақылды, сұм болсаң ер, жылпос болсаң жампоз, әумесер болсаң әулие тұтып жатқан әзәзіл дүниеде алданғысы келгендердің ауыздарын ашқызып, арбалғысы келгендердің абыройын шашқызып жүрген сүлей жігіттің қай сөзі мен қылығына да қаралай қыбың қанып, «қап, бәлем, өз обалдары өздеріне» деп отырасың. Дұрыстықтың белден басылып, бұрыстықтың мейманасы тасып тұрған жерде қорланған ар мен тапталған намыстың тап осылай да ереуілдейтін реті болады. Табаныңда жанышталып жатқан жыланның да қашан жаны шығып кеткенше жиралаңдап жататыны бар емес пе?

Кейде күлкі де сондай жандәрмен ызадан шығады. Әшімовтың Дон-Жуаны да парықсыз ортада көп парықсыздың бірі боп асып тасудан емес, жел етек ұрғашының елп етпе нәпсісіндей арзандап кеткен парықсыз дүниенің патуасыздығына шамырқанудан шыққан күлкі.

Өз бойындағы актерлық шеберлікті, азаматтық темпераменті әбден жарқырата жайып салған тарлан суреткерге сахна мен экран жарыса құшақ ашты.

Қазақ киносының «Қыз Жібектей» кезеңдік туындысының бел омыртқасындай Бекежан бейнесін енді Әшімов ойнамағанда кім ойнайды?! Әшімовтың Бекежаны зұлым емес даңғой, есерлігі бар болса да, ер. Қыз Жібекке деген махаббатында да шек жоқ. Бірақ, бақыттың табағына екі мықтының басы қашан сиған?! Әшімов өз кейіпкерінің сыртқы тағдырымен қоса, ішкі драмасын да өзектестіре өреді. «Сия алмай жүрсек екен-ау, сиыспай жүрміз ғой» — деген фильм өзегіне Әшімов орындаған Бекежан «Сиыспай жүрсек екен-ау, сиыстырмай жүр ғой», — деген ойланбасыңа болмайтын, тоқтамасыңа қоймайтын жаңа бір сарын қосқандай.

Әшімовтың атын әлемге танытқан экрандық Чадьяров бейнесінің дүниеге келуіне актер орындаған аталмыш рольдердің бәрі де өз үлесін қосқан. Соларды орындау үстінде қалыптасқан жалын құштарлық, мұқалмас жігер, сарабдал сабыр — бәрі-бәрі шынайы қаһарман, ойшыл азамат барлаушының сом бейнесін мінсіз мүсіндеуге мүмкіндік жасаған.

Сахна мен экранда Әшімов жасаған образдар ондап саналады. Олар Әшімовтың актерлік тағдырының Алатаудың ұзыншабақ жотасындай көлкөсір де көркем екендігін танытқандай. Бірақ көлбей сұлаған Алатаудың да анадайдан айбын шақырып андап-андап тұрған Талғары мен Найзақарасы бар екендігі секілді. Әшімовтың актерлік Алатауының асқаралы биіктері әлгі аталғандар сияқты. Солардың ішінде Жоңғар Алатауындай бөлектеніп бір бүйрек жатқаны «Қан мен тердегі» Еламан. Бұл кейіпкердің Әшімовтың өзге қаһармандарына қарағанда иі жұмсақтау, көрген қорлығы да молдау. Мұнда олардағыдай шапшыған асау темперамент, жалт-жұлт қимыл, арсы-күрсі әрекет жоқ. Сарқылмас сабыр, таусылмас төзім, шашылмас парасаттың жиынтық бейнесіндей. Ұзақ жыл жер ауып келген Еламанның көңілі босап кеткенін білдірмеу үшін бөркін көзіне түсіріп жіберетін бір ғана деталь адамның мазмұны аршындай басқан адымымен де, құлаштай созған қарымымен да емес, жүрегіне қандай мұң жия білгенімен, көңіліне қандай ой түйе білгенінен өлшенетінін аңғартқандай.

Бұл Әшімовтың актерлық қарымының сан қырлы, мол сырлы екендігін айғақтайды. Актер ондай молдыққа, ондай масштабтылыққа суреткерлік кемелдігінің биіктігімен көтеріле алса керек.

Әдетте алуан қырлы адам тағдырларын зерттеп, алуан түрлі әлеуметтік сырлар аңғарған актер, болмыстың адам бейнесі сынды бір көрінісін ғана зерделеумен шектелгісі келмей, шығарма сынды тұтас бір құбылысын таразылап көруге бой ұрады. Әшімовтың кейінгі жылдардағы режиссураға келісінде де осындай бір заңдылық болса керек. «Аждаһа жылында» жақсы байқалған бұл қабілеттің сындарлы көрінген бір тұсы — Шоқан Уәлиханов жайлы телесериал. Бұл туынды А. Әшімовтың телевизиялық фильм сынды соны жанрдың поэтикалық мүмкіндіктерін жан-жақты меңгеріп алғандығымен қоса ұлттық тарихымыздың ең бір талмау тұсындай рухани құбылыстың көкжиегін кеңнен шолып, идеялық-философиялық тереңдігіне қаймықпай құлаш ұра білгендігіне көзімізді жеткізе түсті. Бұл — қазақ кино өнерінің соңғы жылдардағы ең елеулі туындысы десек, асыра айтқан болмаспыз.

Осының бәрі, әне, бүгін бір сөзіміз құлағына жақса да, бір сөзіміз құлағына жақпай, бірақ онысын байқатпай, күлімсіреп ортамызда отырған Асанәлі Әшімовтың қазақтың ұлттық сахна, кино өнерінің, тек қазақ өнері ғана емес, көп ұлтты совет көркем өнерінің мерейлі төрінен орын алғандығының куәсі. Қаздаңдап қасында жүрген сабаз қалтасына пенсионерлік кітапша салмай тұрып-ақ талтаңдап тарихтан бір-ақ шықты деген осы.

Оған тек ол ғана емес, баршамыз қуанамыз. Сондықтанда бүгінгідей мерекелі күні мерейі тассын деп осының бәрін көзінен тізіп айтамыз.

Бұл Асанәлі Әшімовтің әлгі айтқанындай жата қалып қуанам десе, қуанатын реттерінің жеткілікті екендігінің айғағы.

Ал енді отыра қалып ойланамын десе, оның да қисыны келіп тұрған сияқты.

Кәрібоз қартайғанда жорға шықты демекші, Әшімов биыл осы қара шаңырақтың бар билігін бір өзінің қолына алды.

Дәлірек айтсақ, өнерлес достары оған осындай зор сенім көрсетті.

Сенім көрсетілген жерде, жауапкершілік жүктеледі. Жауапкершілік жүрген жерде ойланбай болмайды. Әсіресе Асанәлі Әшімовке ойланбай болмайды.

Қанша дегенмен, бүкіл бір ұлттық өнердің көш басын бермей келген әйгілі ұжымның тізгінін ұстау қандай батырдың да жүрегін қобалжытатын жауапкершілік.

Оның үстіне ол жауапкершілік бүкіл қоғамымыздың барша болмысының ой-қыры қайта қаралып, қайтадан сарапқа салынып жатқан тұста беріліп отыр.

Жасарып-жаңғырып жатқан дүниенің талай сырына тереңірек қанығу үшін қазіргі жасампаз ұрпақ, жаңартушы ұрпақ өзінен бұрынғылардың бастарынан өткізгендеріне үңіледі, өзгелердің басында болып жатқандарға үңіледі. Оны білу үшін көшеле кетіп бара жатқан кез келгенді тоқтатып қойып жәй-күй сұрамайды, кітапқа үңіледі, не театрға келіп, сахна төріне үңіледі. Сонда қазіргі ой үстінде жүрген, терең тебіреніс үстінде жүрген замандасымыздың көкірегін қозғап, көңілін тербей алатындай тегеурінді қай жаңалығымыз бар?

Жоқ болса, оны қайдан іздеп, қайдан табамыз? Жазатындармен, жазушылармен қолын ербеңдетпей, иығын селтеңдетпей, көсіліп сөйлесе ала алар көшелі режиссерлар тобы жасақталды. Бір халықтың театры мен әдебиеті бір-бірімен қашанғы тілмаш жалдап тілдесіп, делдал арқылы ділдаласады. Тіке байланысқа шықпас па?

Шықса, төл әдебиетіміздің жазылмағандарын былай қойғанда, жазылғандарымен түгел танысып үлгере алдық па, жоқ па? Соның бәрі еленіп, соның бәрі ескеріліп пе екен? Өткір шығармалар, ойлы шығармалар драматургияда жоқ болса, прозада бар шығар, поэзияда бар шығар. Оған көздеріңіз түсті ме? Бар болса, сол барды сахналандырудың жолын таптыңыздар ма?

Тіпті ұлттық репертуарымызда бардың өзінің барша идеялық, эстетикалық нәрін таңқы желін саулықтың өзінен жарты шелек сүт алмай қоймайтын аққаптал сауыншыдай әбден иітіп, әбден жебеп, әбден қақтап, әбден сарқып сауа алдық па? Уызына не мағызына жете алдық па, жоқ көк суландырып бетінен қалқып жүрміз бе? Бардың өзін қыз бен жігіттің арасындағы қылтыңсылтыңнан әріге ұзата алмай, сюжеттің ғана сіңірін созып, одан өрбитін концепциялық жүйені соны ізге сала алмай, шиыр шиырлап жүргеннен саумыз ба?

Көп ұлтты Отанымыздың бүгінгі драматургиясының сүбелісі мен сүйектісін уақытысында өз сахнамызда сөйлете алып жатырмыз ба?

Пәлен орденіміз бар дейміз, академиялық театр дейміз, пәленіміздің одақтық, түгеніміздің республикалық атағы бар дейміз. Оның бәріне қуана қол соғамыз. Бірақ, сондай шоқ кеуде шонжар театрларға лайық

Медеямыз қайсы, Эдип патшамыз қайсы, Макбетіміз қайсы, Гамлетіміз қайсы? Кориоланымыз қайсы? Клеопатрамыз қайсы? Қайсы? Қайсы? Қайсы?

Жоқ па? Ендеше, әлемдік классиканың ең сүлей емтихандарын тапсырмай тұрып, қалай кеуде қағып, қалай иық кереміз?

Немене ондай Эверестерге құлаш созуға режиссерларымыздың шамасы келмей жатыр ма, әлде актерларымыздың шамасы келмей жатыр ма?

Қайдам, әй, қайдам...

Талай Макбетті бесікке түспей жатып тұншықтырып, талай Гамлетті бойға бітпей жатып түсік тастаттық па деп қорқам...

Жарайды, аларымызды алып болдық дейік, ал берерімізді беріп болдық па?

Жетпістен асқан ата буынның сақалына жармаспай-ақ қоялық.

Алпыстан асқан, не оған жақындаған аға буын берерін беріп болды ма?

Ыдырыстың армандаған қанша рөлі ойналып, қанша рөлі ойналмады?

Фариданың қанша арманы орындалып, қанша арманы орындалмады?

Кеше ғана арамыздан абайсыз аттанған ұлы актер Әнуар Молдабеков өзінің сахнадағы жұлдызды сағатын бастан кешіріп үлгерді ме, жоқ па?

Жанартаудай жалын талант иесі Нұрмахан Жантуринның бетіне бүгінде ұялмай-қызармай тура қарауға дәтіміз қалай шыдамақ?

Хадишаның, Бикеннің, Шолпанның көкірегінде қанша арман кетіп барады?

Талай талант ағытылар уақытында ағытылмай қалған аш құрсақ тайлақтай уызына жарымай, шер көкірек шерменде күйінде қалып келе жатқан жоқ па екен?

Айдаладағы Аралдың, іргеміздегі Балқаштың тартылғанына тарынғанымыз дұрыс-ау! Ал ендеше, қасымыздағы әріптесіміздің көкірегіндегі көлдарияның босқа рәсуа болып жатқанына неге күйінбейміз?

Шөптің басына өнгеннің есебі бар, төрт аяқтының соңына ергеннің есебі бар, ал біз бен сіздің көкірегіміздегі сыздап жатқан мен қайнап жатқанның неге есебі жоқ?

Оларды кім байқап, кім абайлап, кім аялайды?

Олар тек бізге ғана қажет пе? Ел-жұртқа керегі жоқ па?

Халық, халық деп ауыз ауыртқанда жақсымыз, неге ғана сол халық жалғыз атқа аяқ артқан жалба шекпен жарлы Қара қасқа атты Қамбардай жалғыз шешеннің ғана ауызына қарап, жалғыз таланттың ғана арқасынан қағуға тиісті?

Неге оның маңдайына көп жұлдыз, неге оның құшағына көп дарын симайды?

Бұған кінәлі кім? Уақыт па, халық па, қоғам ба?

Жоқ, өзіміз. Болған қыз төркінін танымайды, — деп, басымызға азғантай бақ қонса, төңірегімізге көзіміз түспейді, қолымызға азғантай билік тисе, айналамыздағының жалын шайнап, тірсегін тістелеп бітеміз.

Халық дегеннен шығады... Ал, сол халықтың атын білеміз, санын білеміз, одан қанша академик, қанша министр шыққанын білеміз. Басқа несін білеміз? Тіл үйренеміз деп, театрға келсең, актердың бәрі ана бір жылдардағы ат үстіндегі бригадирлердей шетінен әкіреңдеп сөйлейді... Басқаны былай қойғанда, біздің ғашықтарымыздың өзі сахнада бажылдаса сұхбаттасып, бақырыса сүйісетінді шығарды. Жә, тілінің өзіне осындай шорқақ болғасын, ол халықтың әдет-ғұрпына, мінез-құлқына қайдан жетік болайық. Кейбір спектакльдердегі баяғының батырларының жүріс-тұрысы қазіргінің тракторшыларының жүріс-тұрысына көбірек ұқсайды. Ерең-серең аяқ басқанына, елтең-селтең қылығына қарап отырып, «бұл шіркіндер қазір рок-н-рол билеп жөнелмесе жарар еді», — деп қаралай зәрең кетеді. Киім екеш киімнің өзін ойымызға не келсе, солай құбылтатын болдық. Халық бейнесін жасағанда жоқты ойлап табудан атымен аулақ, барлы бойлап тануға мейлінше құштар болған жөн еді.

Жә, мүшел тойында сөйленер сөздің леп белгісі көп, сұрау белгісі атымен жоқ болмағы шарт болатын. Бірақ, Асанәлі Әшімов елуге баяғыдан бері уақыт жетпей жүріп, қазіргідей қайта құру кезеңінде келген, бастық болуға баяғыдан бері зауқы соқпай жүріп, қазіргідей барлық іске басқаша қарап, басқаша кірісіп жатқан тұста болған өзінен көрсін!

Оның үстіне біздің халықтық өнеріміздің, заманалық өнеріміздің жай-жапсарына Асанәлі Әшімовтей атанжілік азаматтар ойланып-толғанбағанда кім ойланып-толғанады?

Ондай-ондай өзекті өртеп бітуге айналған мәселелерді Асанәлі Әшімовтей айтса аузы дуалы, барса беті

ажарлы, созса қолы ұзын азаматтарымыз шешпегенде кім шешеді?

Азамат, сені сақтадым
Бір ісіме керек, —

деп Махамбет ақын айтқанындай, Асанәлі Әшімов, сен де халқыңның, қоғамыңның, Отаныңның жұлдыз қып маңдайыма ұстаймын десе, оған жарайтын, бедел қып алдыма ұстаймын десе, оған жарайтын бір перзентсің.

Бірақ маңдайларына ұстайды екен деп жылтырағаннан басқа ештеңені білмейтін жәй әншейін моншақ боп кетуге болмайтынын біз айтпасақ та білетін ақылыңа сенеміз.

Алдарына ұстайды екен деп өзінен басқаға өзегін ашпайтын даңкеуде өзімшіл боп кетуге жол бермейтін парқыңа сенеміз.

Сен көріп жатқан қадір-құрмет қазір де жеткілікті, көретінің де мол.

Сен алып жатқан абырой-атақ қазір де жеткілікті, алатының да мол.

Бірақ, соның бәрінен берік ат, биік ат, баянды ат — Азамат. Сол атыңды ардақтап бақ!

Бар бол, Азамат!

Қажыма, талма, қарыштай бер!

1987

МӘҢГІЛІКПЕН ҮНДЕСТІК

Шыңғыс Айтматов алпыста

Аласапыран кетердей болса қауып,
Алатауға қараймын ауық-ауық.

Қойын гәптерден.

Шындық пен шығарма, кейіпкер мен автор, өмір мен өнер... Осы бір егіз ұғымдар төңірегіндегі пікір таласы қай кезде де толас тауып көрмепті. Тіркес жүрер осынау егіз сөздердің арасында қандай белгі тұру керек? Плюс пе, минус пе, жоқ тепе-теңдік пе? Әлде бұлар бір-бірімен шендестіруге келмейтін, «шек», «мөлшерді» білмейтін, шеннен шыққан шалғай мәнді шәлкес ұғымдар ма? Ол сауалдарға әркім әлі жеткенше өзінше жауап беріп жатыр. Бірақ, соның бәрі жалпыны тегіс иландырып, жарық жалғанды түгел мойындатып жүр ме? Тек солай болса ғана, әлгі бір қыршаңқы сауалдарды қоятын қиқар көкіректердің бар қышуы қанатындай. Біз білетін рухани көкжиекте ондай-ондай ойсырата ойландырар гәптерді толғайтын дуалы ауыздар тек кітап қоймаларының ең түбі қырқылған қыртысты томдардың ішінде жатса керек еді. Тап ат шаптырып барып, қолын алып, амандасып қайтардай тақау маңдарда тірі жүрмесе керек еді.

Содан да ма екен, Айтматовты оқығандағы таңғалуыммен, өмірде көргендегі таңғалауымның жөні екі басқа.

Басын аша кетер бір мәселе — өз басым әлі Айтматовты таңғалмай оқып, Айтматовпен әлі таңғалмай ұшырасып көрген емеспін.

Және бір қызығы — әр жолғы таңғалуымның сыры әр басқа. Одан бірақ, Айтматовты жұрттың алдына әр шыққан сайын әлдекімдердің ауыздарын аштырам деп қайдағы бір қыршаңқы мен қитұрқыға ұрынып, шала бүлініп бітетін көп шәлдүріш рухани жонглерлердің бірі екен деп қалмаған жөн. Оның мәні ең басты таңғалатын қасиеті де — таңғалтуға тырыспайтыны, тырысса да, байқатпайтыны. Қайдан байқатпасын? Әуелден тапал өкшесін қанша көтергенмен құрықтай ұзын, әуелден

тайыз қанша күпілдегенмен мұхиттай көлкөсір бола алмайды ғой. Шамасы, әу бастағы жаратылысының өзінде көзге ұрып тұратын көлденең мінезден гөрі байқатпай туысып, айтқызбай ұғысып кете баратын етене жұғымдылық басым болса керек. Бірақ, кім көрінгенге етекбастылық жасата қоятын жайдақтығы тағы көрінбейді. Қысқасы, Айтматовтың да адам... Адам басымен пайғамбарлардың басын қатырған бақилық гәптерді толғап жүргендігі үшін де жұрт оған осынша өліп-өшетін болса керек. Бірақ, оның пайғамбарлық сөздері де пенденің шертер үй арасы гәптеріндей жатық, бақилық толғаныстары да пәнилік уәйімдей ұғымды естіледі. Ол, ең алдымен, осы кекіреймейтін кемеңгерлігімен, жайдақтанбайтын жайбарақаттылығымен, қарадүрсінсіз қарапайымдылығымен табынтады. Аунақшыған дүниенің қайтсем астына кетіп қалмай, үстінде жүрем дегізерліктей талай сергелдеңін бастан кешіп келе жатып, сабырын шашпай, төзімін төкпей, абыройын адаламай, дәйім таразының қай басына да орнықты жатып, талқының қай қанатынан да мығым көрініп, мынау абырсабыр тіршілікте де айнымас ақиқат, бұлжымас қағида, баянды пәтуа бар екендігін дәл Айтматовтай дәлелдей алып келе жатқандар әлі кем де кем-ау! Не ұшқырлық танытам деп, елдің ең алдымен елпілдеп, көзсіз көбелектей отқа түсіп кетіп жатырғаны. Не байсалды болам деп, қай қобалжудың тұсында да төсегінен бір аунап түскеннен басқа қамданбай, ақсақ қойдай түстен кейін маңырап, көшкен ауылдың жұртында күлге шөгіп, омақасынан түсіп омырайып отырғаны. Не қайткенде қапы кетпеймін деп, өзі түгілі көлеңкесінің әр адымын өлшеп, қаралай пұшайман боп, қан құсып тұрғаны. Не қай толқынның да астына қалмай, бетінде қалқып жүрем деп, маңына жуығандарды бірінен соң бірін қаралай су түбіне жіберіп, қара басының қамы үшін оң мен солға қырғидай тиіп, ойран салып біткені... Әй, айта беретін несі бар! Талайларды талай тұстарда көріп келе жатырмыз ғой. Сондағы байқағанмыз жайбарақат заманда той-думанның төріне ұмтылып, табаққа таласпауға ақылы жететіндер қысталаңда қылышқа, арбаланда зорлыққа, сойқандық тұсында сойылға ұмтыла қоймайды екен... Ал, жайшылықта жанындағының көңіліне қарамайтындардың қиыншылықта қасындағылардың бастарын да қиып жүре берер түрі бар екен. Бірақ, соның бәр-бәрін бәр-бәріміз біліп жатпаймыз ғой. Өйткені,

төменнен жоғарыға, жалқыдан жалпыға жететін хабардың бәрі аяғы ұзындар мен ауызы жылдамдар арқылы жетіп жатыр ғой. Көзапара ақтың қара, қараның ақ, дананың надан, наданның дана, адалдың арам, арамның адал болып кете баратындығы да сондықтан шығар. Бірақ, әлі сабасына түсіп болмаған өтпелі кезеңдерде көп нәрсені қозғайтын да, бөгейтін де ар мен ұят секілді. Ақиқаттың көміліп қалмауына, қиянаттың айдыны асып кетпеуіне әр дайым бас-көз боп, быж-шыж боп жүретін де сол екеуі. Әрине, даму бар жерде, өзгеріс бар. Күллі өмір өзгеріп жатқанда, жұмыс басты адамдар да өзгерер... Бірақ, сол өзгерістің бар-жоғын анықтау үшін де баянды бірдеңе болу керек қой. Ықлым замандар өтсе де, аспанның жерге түсіп кетпейтіндігі, жердің көкке ұшып кетпейтіндігі сияқты тұрақты заңдылықтар болмаса, мына тірліктің тек сәні ғана жұтаңданып қоймай, мәні де тұлдырланып кетер еді. Сондықтан бәр-бәрін ұшқыр аттай самғап көзден бір-бір ұшып жоғалып жатқан бұлаң құйрық уақыттың жалына түйіп жөнелте бергенше, сол дүниеғапыл дырдууда да бұлқынып көкірегімізде жататын жүрекке медет болар бірдеңе ұстап қалуымыз керек емес пе?! Өмірді сол үшін сүріп, дүниені сол үшін өзгертіп жатқан жоқпыз ба? Жамандықтан жақсылыққа, ескіліктен жаңалыққа, тозғыннан озғынға ұмтылып жатқан жоқпыз ба? Әйтеуір, өз басым қазіргі әлеуметтік-экономикалық өзгерістердің ең басты мақсаты — тіршілікті қайта құлпырту деп түсінем. Ал өмірді көңіл құлпыртса, көңілді өмір құлпыртады. Осынау бір-бірімен қоян-қолтық қабысып бірге жүрер тұтас ұғымның жігін ашып, бір бүтіннен екі жарты жасайтын қиянат пен екі жартыдан бір бүтін жасаймын деп босқа арам тер болатын зорлықтан балалаған ғой бір кезде бүгін ашылып жатқан көп қылмыс, бүгін әшкереленіп жатқан көп кесапат... Соның бәрінің енді қайтіп беті аулақ болу үшін бұл дүниеде тек жарасым мен жарастыққа ұмтылу керек шығар. Ол үшін ненің уақытша, ненің мәңгілік екенін, бүгінгінің қайткенде мәңгілікке ұласатынын, қайткенде кесірлі кешегінің соңынан кететінін пайымдай білгеніміз абзал.

Қазір біз кешегі жазылғанға да, бүгінгі жазылатынға да осы тұрғыдан үңілеміз. Қайсысын да өмір өзгерткенімен, көңіл орнықтыруға қаншалықты қызмет ете алатындығымен бағалаймыз. Өмірден жұбаныш ізде-

генмен өнерден жұбаныш іздемейміз. Одан іздейтініміз — ақиқат. Көңілдегі қорғасындай балқып, теңіздей толқып тұрған көп сауалдың басын дұрыс арнаға бастайтын пәтуа.

Бүгін алпыс дейтін ақар-шақар шыңның басына шығып тұрған Айтматов өткен жолы мен бітірген істері жайында не ойлайтынын өзі білсін. Ал біз оның тындырғандарына да әлгі тұрғыдан үңілеміз. Үңілеміз де... Жә, бұл тап анау айтқан оңай шаруа емес. Біз біреудің өзін сыйлап, біреудің тура қарамай, қымсына сипап, қинала сөйлегенімізбен дүниені дүр сілкіндіріп жатқан жаңғыртудың өкпек желі талай қымтаулының іргесін түріп, талай бүркеулінің бетін ашар түрі бар. Талайлардың есіктегі басы төрге шыға бермегенмен, талайлардың төрдегі басының есікке ығысар сыңайы байқалады. Кімнің кім екені енді анықталады. Күпсіткендеріміздің көбі күшігендей шөмиіп, дабырайтқандарымыздың дені дағарадай шашылып шыға келуі әбден мүмкін. Сондай қағып-сілку, елеп-екшеу тұсында талантты дегендеріміздің де талайының жарты малдан жұтап, жарты абыройдан айырылып шыға келмесіне кім кепіл?!

Иә, дәл қазір мүшел той өткізіп, өткен-кеткенінді есеп шотқа салғызып, мерей таба қоюың қиын кезең...

Мұндай ащы ақиқатты тек Айтматовтардың тойлары тұсында айтпасаң, басқалардың көбінің белі шойырылып, бұғанасы омырылып қалып жүруі кәдік.

Ал, Айтматов... Айтматовқа керегінің өзі осы. Айтматовтың шын салмағы тарихтың дәл осындай қатал таразысына салғанда ғана анықталар еді. Әйтпесе, оны да мұқабасы жылтырақ, омырауы жылтырақ, орыны ылғи жоғары да, ал шын қадірі... осы жүрген көбіміздің аржақ-бержағымыздағы «дігәлдар» мен «шондардың», «кәттәлар» мен «мықтылардың» бірі секілді көріп жүре берер ме ек, қайтер ек.

Бүгін келіп ойлансақ, Айтматовтың «мықты» да емес, «кәтта» да емес, нағыз ұлылығына көзіміз ақи-тақи жете түскендей.

Ол бәріміз естіп жүрген ұрандар мен ұғымдардың бәріне де үн қосыпты, ешқайсысынан да қалыс қалмапты. Бірақ, соның бәрін өзінше ұғып, соның бәрінің тұсында өзінше әрекет қылыпты.

Уақытпен үндестік... Бұл сөз қайсымыздың ауызымыздан шықпады? Қайсымыздың көкейімізде тұрмады?

Көбіміз оны уақытпен көңілместік деп түсіндік. Сондықтан да бүгін талайымыз қуанудың орынына құлазып қалып жатырмыз. Сөйтсек, уақытпен үндестікті, ең алдымен, дүниедегінің бәрі өзгермей тұрмайтынын ескертуден бастауымыз керек екен. Оған талантпен қоса парасат керек.

Парасатты талант. Талант парасатты...

Қазіргідей тұстың мықтап ұғындырарының бірі осы ма деп қалам. Әйтпесе, уақытпен үндесем деп, баянсызбен көңілдесіп кетіп не пәтуа таппақсың? Уақытпен үндестікті уақытшамен үндестік деп түсініп, кітап соңынан кітап боратқандар бала-шағасына нәпақа тапқанмен, халқына не айтты, қауымына не айтты? Мойындатпаса, таластыра алатындай не айтты? Ұғындыра алмаса, күмәндандыратындай не айтты?

Әдебиеттің міндеті сергелдең жүректі басу болғанмен, бейқам жүректі ояту ғой...

Осы реттен келгенде, көбіміздің шимайымыз онсыз да ештеңеге көзі анық жетпей тұрған және ол үшін алаң болып бас ауыртып жатпаған аңғал халықты алдарқата түсетін «бәлду-бәлду бәрі өтірік» пе?— әлде онсыз да ұйқылы-ояу, шала мас жұртты одан сайын мүлгіте түсетіндей «әлди-әлди» жұбату ма?— әйтеуір сезімді сергелдеңге түсірмейтін, рухты ізденіске бастамайтын, ойыңды ойран қып, қиялыңды қырық саққа жүгіртпейтін қыжылы аз қыжылым бірдеңелер болмаса, не дарақы бос күпілдек болмаса етті... Ләйім, олай болмағай...

Қалғандарын қайдам, әйтеуір Айтматовтың жөні бөлек. Ол әу бастан-ақ ел көріп жатқанды көргенмен, ел айтпай жатқанды айтуды арнайы мақсат еткендей. Бұл жағынан келгенде, ол — бір кезде отқа өртелетін Галилей мен Брунодай тоғышарлық шарифатының шаңырағын ортаға түсіретін дін бұзар, еретик...

Басқасын былай қойғанда, туған жеңгесінің көлденең көк аттымен көңілместігін жырға қосады деген не сұмдық? Қорқаудың қолында, ашқарақтың астында болып, жамбасын жат төсекке аунатқан сілімтір ұрғашыны періштедей төбесіне көтерген сілімтік еркекті марапаттайды деген не масқара? Біреудің сүттей ұйып отырған ошағын ойрандап, оны Қазанның қара қаласын шауып алған Қобыландының дастанындай хиссаға айналдырып, әркімнің ауызына тосады деген не шеннен шыққандық? Пәлі, сол да сөз бе екен?! Отанын қорғаудан қашып, іннен інге кіріп жүрген опасыз еркегін өліп-өшіп

сүйетін әйелді мүсіркеушілікті не деп түсінесіз? Отаншылдық па, жоқ от басының амандығын ғана мұрат тұтқан қотаншылдық па?! Соның көбін бөлек-бөлек мадақтағаны аз болғандай, енді кеп бәрін бір не салсаң да көтере берер тұғжым еркек пен тұғысым аттың басына үйіп-төгіп, көз жасын көлдетіп отырып, шежіре шерткені ше? Оның жазған майданында да осындай көз жасын көлдетіп жүрген біреулер. Оның жазған тылында да осындай көз жасын көлдетіп жүрген біреулер. Немене, сонда біз көз жасымызды көлдете жүріп жауды жеңіп, көз жасымызды көлдете жүріп бейбітшілік орнаттық па? Сонда біздің тарихымызда көлкөсір көз жасынан басқа ештеңе жоқ па? Осының бәрін бастан кешіріп жүрген кәдімгі осы өзіміздің совет қырғызы ма?..

Таныс дауыстар, таныс даулар, таныс қисындар. Айтматовтан басқамыздың атымыздың басын тежеткізіп, көшімізді көлденең бұрып әкетуге пәрмені әбден жететін ызғарлы айыптаулар.

Айтматовтың бұндайларды естігені әбден рас. Ал бұндайларды жазғаны — әрі рас, әрі рас емес. Расы — оның шығармаларының фабулалық төсегінде әлгіндей оқиғалардың бары шын. Рас емесі — Айтматов сол оқиғалардан әлгі тоғышарлар айтып отырғандай ғана мән-мағына тапса, ешқашан Айтматов бола алмас еді. Ол көзі түскен шындықтың тек бетіндегі тезисінің ғана ығында кетпей, астындағы антитезисіне де мықтап ден қойды. Кейде тезистік тек әншейін хабарлама ғана боп шығып, бар гәп, бар мағына астындағы антитезисінде жатуы да мүмкін ғой. Ақиқат іздеген суреткер оны қайтып ескермейді? Суреткер жұртты күлдіру үшін де, жылату үшін де жазбайды, не тебіренту, не жиренту үшін жазады. Тебіренте отырып жирентеді, жиренте отырып тебірентеді. Сол арқылы ізгілікке құлшынтады. Ақыл айтып ауызын ауыртпайды, ой айтып басыңды қатырмайды. Ақылыңды айран, ойыңды ойран ете отырып, жаныңды тамұққа салады... Сонда жаннаттың қадірін, жақсылықтың қадірін, адалдық пен ізгіліктің қадірін өзің біле бересің. Сондықтан да, Айтматов өз көз шоласындағы шындықтан тек драма мен трагедия іздеді. Өйткені, әдебиеттің міндеті де — өз дәуірінің драмасы мен трагедиясын ашу, сол арқылы жаны тазарып, жақсылыққа талпынатын замандасына рухани сырлас бола білу, оны тарихтың одан да қатал сындарының тұсында өзі естіп білген қателіктер мен қиыншылықтарға

ұрындырмауға қам жасау. Ал өмірдің шын драмасы мен шын трагедиясы кейбір өмірлік болмыстың ойдан қиыстырудың мүмкін емес парадокске айналып кететіндігінде. Сондықтанда Айтматов өзі жарастырып отырған ситуацияның парадокске айналардай шиыршық ата дамуынан қорықпайды.

Бұл ретте суреткерді тек өз дәуірінің жыршысы деп түсіну, оның өзін де, оқушысын да, рухани көлгірлікке итермелеу. Сондықтан да, кейде әдебиетке «неге олай, неге бұлай емес», деп килігетіндердің ертең «неге өйтесің, неге бүйтпейсің» деп шүйлігетіндер болып шыға келуі әбден мүмкін. Өйткені, олар өмірдің өзімен шаруасы болмай, ел жайындағы үйреншікті ұғымдардың бұзылмауын құнттайды. Сондай көзқарастың етек алуынан да өмірдегі мойымаушылық пен мардымсыздыққа ұрындық. Шындыққа сенбей, қисынға сену — рухани мүгедектікке ұрындырды. Оның бір сатысы — көнбістік. Оған алға ұмтылған үміт пен асқарға талпынған арманның төзуі мүмкін емес. «Ақ кеме». Уыз үмітті жас сәби атасы. Момынның мыңқ етпей көтеріп кеткен қиянатына қорланып, суға кетеді. Көне берсек, талай ұрпағымызды тұңғиыққа жіберіп, болашақта бір жола сап болуымыз мүмкін. Міне,— бала көзімен баяндалар ертегінің ұқтырары. Ал, өзің ғана алданып қоймай, өзгелердің де алдануын талап ету, жалғанды шындық, алданышты жұбаныш деп ұғу оң мен солды айыра алмайтын мәңгүрттікке ұрындырады екен. Қайдан шыққаныңды білмесең, қайда барарыңды білмейсің. Кімнен туғаныңды білмесең, кімді өлтіргеніңді білмессің. Қайда көмілеріңді білмесең, қайда өркендеп, қайда өрбірінді білмейсің. Кеңді тарға айналдырсаң, ғаламды абақтыға, болашақты тамұққа айналдырарсың. «Боранды бекет!». «Ғасырдан ұзақ бір күн». Өз атыңды өмір бақи жаңылмастай есте ұстанар тағы бір ақиқат. Иә, ақиқат көп. Бірақ, ақиқаттың бәрі де мәңгілік ақиқат емес секілді. Ақиқаттың міндетін уақытша атқарып жүрген көп қисын, көп қағида әділетке даусыз өтірік пен шылғи жалғаннан асқан қиянат көрсетті. Сенбегеннен қиянат көргеннен сеніп тұрып қиянат көрген жаман екен. Сенбей тұрып қиянат көрсең, жалған атаулыға бұрынғыдан бетер зығырданың қайнай түседі. Ал сеніп тұрып аузың күйсе, сенім атаулыға, ендігәрі бірдеңеге сену атаулыға жүрегің дауаламауы мүмкін. Өйтіп біреуге алдатқанша, біліп тұрып өзің әдейі алданғанды

дұрыс көруің ықтимал. Күші асқанның зорлығымен мәңгүрт болғанша, өз еркінмен мәңгүрт бол — ауызы күйгендердің ақырғы келер тұжырымы. Тіпті өмірлік кредосы. Ал содан кейін жалған мен шынның, әділет пен қиянаттың, дерт пен денсаулықтың, тазалық пен ластықтың, дін мен сенімнің, аң мен адамның, өмір мен өлімнің ара жігін айырып көр?! Қайсысын даттай алмақсың?! Қайсысын жақтай алмақсың?! Адам істей алмағанды аң істейді. Өйткені, аң істей алмағанды адам істейді. Аң төзбегенге адам төзеді. Ал адам төзгенге аң төзе алмайды. Өйткені, адам аң да болып өмір сүре алады, ал аң адам боп сүре алмайды. Өйткені, адам бір кезде аң да болып көріпті-міс. Ал аң жайында ондай лақаптар болғанмен, ғылыми тұжырымдар жоқ. Сондықтан, адам үшін аңға айналу — кер кету. Ол кері кетсе де, өмір сүре алады. Ал аң үшін кер кету — бұл дүниеден көзін құртып жоғалу. Оның басқа шегінер жолы жоқ. Өйткені, кері кетпей, ер жетіп, ілгері басу аңдар түгілі адамдардың да қолынан келмей жатыр. Олар сөз апиынға уланып мәңгүрт болғанша, шын апиынға уланып мәңгүрт болып, адамдықты тастап, хаюуандыққа көшті. Ал, аң үшін алданыш қылар сөз апиын да, шын апиын да жоқ. Ол тек шын аязда, шын қиындықтар қыспағында тірлік етеді. Ал қиындық пен тіршілік — аң үшін басы қосылмас екі аждаһа. Бірін бірі жалмамай тынбайды. Ал қиындық пен алданыш, қиянат пен жалғандық майлы қасықтай. Ол екеуі қоян-қолтық бірге де жүре береді. Ондай тірлік тек адамдардың ғана қолынан келеді. «Жан тәсілім». «Жан пида». «Алша мойыным талша». Қилы-қилы қисынға сеніп алша мойыны талша болған адамзат. Қырғыз да емес, қазақ та емес, күллі адамзат. Әйтпесе, Ш. Айтматовтың соңғы романы шыққан кезде шыннан апшып қалған тұстарымыз да бар. «Сөзден мәңгүрт болғандардың бары рас. Удан мәңгүрт болғандардың да бары рас».

Кесапат плантациялар мен қиямет полигондардың да бары рас. Бірақ, соған бола күллі адам нәсілінің ең делқұлыларына тән екі індетті көздерімізді бақырайтып қойып бізге таңғаны несі екен?»— деп апшыдық. Ондай жинақтауларды суреткер не шартты кеңістік пен шартты уақыт аясында, не өзіне етене кеңістік пен етене уақыт аясында өрбітетін еді. Мәселен, Томас Манн фашизм сынды жаңа індеттің өрбуін бұл дертке шалдыққан көршілес европа халықтарының ешбіріне телімей, неміс

ұлты мен неміс мемлекеті топырағында көрсеткен-ді. «Соның бәрін бізден кем білмейтін Айтматов неге бізге қайта-қайта сүйкенеді?»— деп көңілге күмән да алдық. Бірақ, соның бәрі бекершілік екен. Тоғышарлықтан туындайтын кесепаттардың шын масштабы мен шын кескінінен бейхабарлықтан туындайтын жәй әншейін желбуаздық екен. Өмір одан да сорақысын көрсетті. Көздің де, көңілдің де томағасы алынды. Намыстанғанмен, насырыңды қашанғы алақаныңмен жауып, көлегейлеп отырасың. Көлденеңге көрсетпесең де, өзін көрмейсің бе? Өз мініңді өзін білмей, қайтып мінсіз болмақсың. Мықты болсаң, өз кемісіңді өзін көр, өз кемшіңді өзін түзе. Өз арыңды арлаудың жаңғыз жолы — сол. Әйтпесе, жоғыңды бар деп ұғып, барыңды жоқ деп ұғып, далақтап жүре беру — сен байқамағанды жұртқа байқатып, өз арыңды өзін төге беру. Оның үстіне, күллі адамзат ауызы күйіп күйзеліп отырған дерттердің ешқайсысы бізде жоқ дегенге кім сенеді? Жұрттың бәрінен ақылдымысың, бәрінен білімдімісің, бәрінен еңбекқормысың? Жоқ, әлде адамзат армандаған асыл мұраттардың бәрін қалтқысыз орындай алдың ба? Дәл осындай қиқар сауалдар қиғаштап алдыңнан шыға келгенде, амалсыз шегінуге мәжбүр боласың екен.

Шегінесің, ойланасың, енді, қайтпек керек? Ал, күллі адамзаттың басына түсіп тұрған қай кесепаттан болсын, біздің де құлантаза сау емес екендігімізді мойындадық. Ол ақиқат екен. Ақиқаттың ойлантуы мүмкін, бірақ барлық кесір мен кесепаттан бәрібір арашалап қала алмайды ғой. Сонда, немене, бар кесірді қайталап санап, бар қиянатты қайтадан тізбелеп, қол қусырып қарап отыра береміз бе? Жоқ, қарекетке көшеміз бе? Ол үшін де ойлану-толғану керек. Тағы да дұрыс жол таңдауымыз керек. Тапсақ, оның дұрыстығына жұртты сендіруіміз керек. Демек, тағы да сенімге жүгінуіміз керек. Адамзатты тағы да жақсылыққа құлшындыратын жаңа сенімдер таба аламыз ба? Дүниеде дұрыс қисындардың бола алатынына қайтадан сендіре аламыз ба? Сендіре алсақ, кімге сендіре аламыз? Пайғамбарлардың біріне-бірін талақ еткізіп, дінге деген сенімді жойдық. Бір көсемнен соң бір көсемнің қылмыстары ашылып, саясатқа да сенімді азайттық. Танымдық жаңалықтарды жиып қойып, тек пайданы ғана күйттетіп ғылымға сенімді құлдыраттық. Енді кімге, неге сендіре аламыз? Енді тек ештеңеге сенбей тұрып, ештеңені өзгерте

алмайтындығымызға ғана сендіре аламыз. Демек, уағызға емес, уайымға ұйыта аламыз. Уайым арқылы ақиқатқа қанықтырып, уайым арқылы армандауды үйрете аламыз. Айтматовтың соңғы романындағы осы пафосты біреулер жаңа дін іздеушілік, жаңа пайғамбар іздеушілік деп түсіндіруге тырысты. Жоқ, олай емес. Тойынбаушылық пен торығушылықтың, үсті-үстіне алдану мен арбалудан сенім атаулыдан шаршап-шайлыққан санамызды ләззат пен тоят аңсаған азғындықтан, арман мен мұрат қуалайтын адамдыққа қайта бастайтын жол іздеу. Адамгершілік мұраттарына ұмтылуды аман алып қалу. Осы заманғы гедонистік мифке таза гуманистік концепцияны қарсы қою. Сол арқылы саналы арылу мен саналы алдануға саналы түрде ақиқат іздеуді қарсы қою. Бұл ретте Айтматовтың өмірге жаңаша ойланып қарау концепциясы қоғамдық болмысты жаңаша ойланып қайта құру концепциясымен үндеседі. Бұл — бірақ уақытпен үндесу емес, мәңгілікпен үндесу. Мәңгілікпен үндесе білген өнердің ғана көсегесі көгереді. Саясат та соған ұмтылса, дегеніне жете алатын шығар.

Егер бүгінгідей дүниедегінің бәрі қайтадан тезге түсіп, таразыға тартылып жатқан тұста да Айтматовты ұлы деуге айылымызды жимасақ, оның әншейін жүзінің таныстығы, тілінің түсініктілігімен емес, қазіргі көркем ойдағы әлгіндей бетбұрыстық көш басшысы болғандығында. Оны тек өзі ұстанып қоймай, көп ұлтты мемлекет пен жер шары көлемінде өзгелерді де кеңінен иландыра бастағандығында. «Ыстықкөл форумы» қозғалысы соның айғағы. Қарудан сөздің, биліктен ойдың үстем түсуі концепциясы қазіргі даму жағдайында адамды азғындықтан, адамзатты қырғыннан аман сақтап қалудың бірден бір алғы шарты ретінде ұсынылып отыр. Айтматов айтылғанда адамзат ақыл ойындағы осындай бір жаңа бағыт бірге еске түседі. Демек, Айтматов — қазір тек ұлттық, аймақтық, отандық рухани лидер емес, күллі адамзаттық, күллі планеталық рухани лидер. Біздің Айтматов: Қырғыздың Айтматовы. Қазақтың Айтматовы. Кеңестер Одағының Айтматовы. Адамзаттың Айтматовы. Өткен елу жылдығы тұсында көтерме қолпаштай естілетін бұл ұғымдар біздің күндерімізде құлаққа тым үйреншікті естіледі. Демек, шындығында да солай екендігіне көзіміздің әбден жеткендігі.

Төрт-бес жыл бұрын Берлинде бір топ сыншылармен сұхбаттасқаным бар. Көп қойылған сұрақ: «Маркеске

қалай қарайсың?», «Айтматовқа қалай қарайсың?» Әрине, бұл екеуін неге қосақтап отырғандары түсінікті. Екеуі қазіргі рухани ізденістегі ең басты екі тенденцияның жыршылары. Маркес және оның Латын Америкасындағы әріптестері «каудильошылдықты», Айтматов «мәңгүрттікті» бүгінгі саяси-философиялық ойға тұрақты ұғым қып қосты. Алдыңғысы — әсіре өктемдіктің философиясы. Соңғысы — құлақ кесті құлдықтың философиясы. Екеуі де менің творчестволық ізденістерімнің басты арналары. Ол жайындағы ойларымды жинақтай келіп, мен сонда мынаны айттым: «Алматыда тұрып, Алатауға көзім түспеуі қандай мүмкін болмаса, біздің дәуірімізде қолыма қалам ұстап отырып, Айтматов не жазып жатыр екен, қалай жазып жатыр екен деп алаңдамауым сондай мүмкін емес».

Шындығы да, солай ғой! Егер біз Алматыда жүріп, Өкеев пен Шамшиевтің фильмдерін, Қасымбеков пен Байджиевтің прозасы мен драматургиясын, Ералиев, Әбілқасымов поэзиясын «әуелі өздерінің талантының, сосын Шықаңның шапағатының арқасы», — деп ұғатын болсақ, шетте де біздің баршамыздың азын-аулақ жетістіктерімізді Айтматовтың ұлы шеруіне апарып теліді. Расында да солай шығар. Көктегі күн нұрының тамырындағы қанның құрылымына әсер етпеуі қалай мүмкін болмаса, өз ауаңмен тыныстап, өзің көргеннен дүние тамсанарлық ой түйіп жатқан ұлы рухтың сенің санана өзіңе білдіріп те, білдірмей де әсер ете беруі сондай күмәнсіз ғой. Оның үстіне, Шықаңның жанына қара жолатпайтын мінезі жоқ. «Менен басқа да жұрттың барын білдіріп, ауызымызды босқа ауыртып қайтемін, Шекспир мен Пушкинді айтсам, болды емес пе?», — дейтін іш қақпай есепті әзір ол кісіден байқамадық. Басқаны былай қойғанда, қазақ әдебиетінде Мұхтар Әуезов пен Мұхтар Шақановқа дейінгі елеулі қаламгерлеріміздің қайсысы оның жанарынан қағыс қалыпты?! Айтматовтың бір өзі біздің әдебиетімізде қанша адамға пейіл көрсетсе, біз (әрине Әуезовтен басқамыз) бәріміз жабылып жүріп, қырғыз әдебиетінде сонша адамға лебіз білдіріп үлгермеппіз. «Жақсыдан шарапат» деген қағиданы «Жақсыдан ғана шарапат» деген ұғыммен алмастырып алғанға ұқсайсыз.

Сөйте тұра, мен Айтматовтың дүрмекшіл еместігіне таңғаламын. Алматыға көп келетін Шықаң көбіне бала-шағасын ғана ертіп келеді. Кейінгі жылдары тек бір

өзі жалғыз келетінді шығарып жүр. Соған қарағанда, табақтас жиып, қарулас жиып, қол жиып әлек болмайтын секілді. Айтматов болып алғасын дүрмексіз де айбынды көрінеді ғой. Қанжығалас жиғанда да дәл өзіндей үзеңгілесті қайдан табады?! Тәйірі жалпыға ортақ жақсыға ұяттыны алыстатып, ұятсызды жақындатып, жұрт екі ортаға жол байлау жасайтын қалың дүрмектің керегі не? Саяси лидерлердің өздері бас тартып жатқан бұл үрдісті рухани лидер басымен Айтматов неге қолдасын! Дегенмен, кейінгі бір жолы жалғыз өзін қарсы алып, жалғыз өзін шығарып салып тұрып: «Шықа, жалғыздықтан ішіңіз пыспай ма?»— дей жаздап, тілімді тістей қойдым. Тоқтадым да ойландым. Сөйтсем, жаңағы бір ойлар келді. Жалпының адамы екенін танытудың одан да басқа жолдары бар ғой. Оны былтыр қайта құру қауырт басталған кезде көрдік емес пе?! Қалғанымыз өткен-кеткенді қазбалап, біреудің қалың қалтасын, біреудің туыс-жекжатын сөз етіп жатқанымызда, ол ең өзекті мәселемізді басқалармен табыстырса да, басқалармен шатыстырмайтын ең басты сыйпатымыз — тіліміздің жоғалып, ең басты рухани қазынамыз — тіліміздің сарқылып қалмауы жолында елдің ең алдымен сөз бастады емес пе?! Бұл жолы да уақыт пәрменіне үн қоса отырып, дүрмектің әуенімен кетпей, әңгімені салихалы арнаға бұрып берді ғой.

Адамзаттың Айтматовы тұғырына тұрды. Оның мәңгілік көкірегіне құлақ тосудан туған туындылары мәңгілік ғұмырларына ие болды, ал біздің ағамыз Айтматовтың самайын қырау шалыпты, тұңғиық көздерінің кәусары бұрынғыдан да тұна түсіпті, «болдым, толдым» деген кісіге ұқсамайды, көкірегінде әлі де алаң, әлі де арман бар секілді. Ол маған болашақ жайында бір сауал қойып, жауабын тоспады. Ал, мен көкірегімдегі көп сауалды алдына көлденең тартып, басын қатырғым келмеді. Не де болса, алаңы басылып, арманына жете берсе екен деп тіледім. Ол ұзын жолдың бойында жалпақ машинаның ішінде жалғыз кетіп бара жатты. Мынау жалпақ дүниенің өзінде де ол...

Жә, қазіргідей сауалы көп кезеңдегі кей әңгіменің ертең де уақыт барын сездіретіндей болып, көп нүктемен тоқтағаны жөн шығар...

1988

АЛДА ТАҒЫ АСҚАР ТАУДАЙ ПАРЫЗ ТҰР

Алматының, сол кездегі сауықшылы-ай! Қазіргідей жалтырап жатпайтын астананың талай тұрғынының талай кебісінің табанын театрға баратын жол тоздырған шығар. Ал енді театр гардеробына пальто өткізетін кезек қазіргі колбаса сатып алатын кезектен сынық сүйем де кем болмайтын. Осындай думаншыл қауымды одан сайын желпілдеткен талай-талай кештер болатын. Ол кездегі тірі Мұхтар Әуезов пен Ғабит Мүсіреповтің жаңа пьесалары қойылып, Қалыбек Қуанышбаев, Шәкен Айманов, Серке Қожамқұлов, Елубай Өмірзақовтар ойнайтын күндері театр ауызы-мұрнынан шыққаншалық толатынын айтпасақ та белгілі. Сондай-сондай саңлақтар тұрғанда жүрегі дауалап, пьеса жазып және оған жаңағы ағаларының «премьераларындағыдай» қара құрым халық жиналатын жас авторлар болды деуге сене қою да қиын. Дегенмен, ондай оқиғалар да болмай тұрмайтын. Мәселен «Бөлтірік бөрік астында» деген жарнама алғаш ілінген кезде дәл солай болды. Залда отырғандар алақандары қызарғанша қол соғып, сыртқа шығып алған соң: «Бұл қай күлкі?» деп кеңірдектері жыртылғанша таласа бастаған жұртқа ұлы Мұхтар Әуезов «Лениншіл жас» газетінің бетінде «Біз бұл күлкіге дән ризамыз!»— деп басу айтқаны де есімізде. Қазақ театры мен драматургиясын өз қолынан қатар қосқан классиктің сахнаға алғашқы қолүздігін шығарып отырған тұма авторды дәл бұлай таусыла мақтағаны біреуге жаққанмен, біреуге жаға қоймайтын оғаш жомарттық көрінетіні де біз білмейтін жәйт емес. Алайда, ондай кесек турай алмаса, «кем кетсе кетсін, бірақ артық кетпесін»,— деп таңдайына таразы орнатып, көмейіне безбен байлап, қалт-құлт етіп отырса, Әуезов Әуезов бола алар ма еді?!

Сонымен аяғындағы ала тұсауын алтын қайшымен кестірген жаңа автор, жас драматург өнерпаз қауымға осылай думандата кірді. Енді жұрт оның сахнадағы шығармасын ғана емес, көшедегі өзін көргенде де,

төбелері көкке жеткендей бір мәз-мейрам боп қалатын мінез шығарды. «Қазақ әдебиетіндегі» «Бүйенбайдың пұшпағының» өзі бір кенелтіп тастайтын «Қалтай жазыптыны» былай қойғанда, «Қалтай айтыптының» өзі талай ішекті түйілдіріп, талай көзден жас ағызатын.

Жә, басы Әуезов болып, жұрттың бәрінің осынша қарқ болуының сыры неде?

Ол кезде талай жылдардан бері көздегі түнек томағаны түре алмай, ауыздың шойын қақпағы ашылмай, көңілдің тот топсасы мызғымай, қай әңгіменің де шынына емес, қисынына ғана иланып, қасаң тартып қалған қалың оқырман мен көрермен үшін тосын да соны сезілер талай қасиет әлгі айтылған шығармада мол ұшырасты. Басқаны айтпағанда, өмірдің дәл өзіндегідей ешқандай ерекше қасиеті жоқ адамдарды дәл сол қалпында сахнаға шығарып, дәл сол қалпында сөйлетіп, дәл сол қалпында күлдіру мен күйзелтудің өзі де оңай шаруа емес-тұғын. Әйел үстіне әйел алғанның талай фельетонға арқау болған арнайы фабуласынан дәл мұндай әлеуметтік мазмұн, идеялық өткірлік табу үшін талай нәрсеге іштей қынжылып қана қоймай, қиналып толғанған азаматтық қыжыл керек еді. Жас автордан соның екеуі де табылды. Қалтқысыз шындықты қалтақ-құлтақсыз батылдық одан сайын құлпыртып жіберді. Ал енді көп жылдың шаңтозаңына белшеден батқан күңгірт дүниені жұмақтай көріп, өзін-өзі алдап жүрген сүмелек жанбағыстың ақ сөйлеп, адал жүрген тұралама туралығынан өзін сырттай қызықтап, іштей мүсіркемей қабылдамауын, оң қол мен солды айырып болмастай ойран-ботқа дүниеде даңғойдың дана, дарақының сұңғыла, айлакер, дүмбілездің жер түбіндегіні біліп отыратын желмір саналып, санатқа кіріп жататынына зығырданың қайнап отырып күлмеуің, күліп отырып түңілмеуің еш мүмкін емес еді. «Бөлтірік бөрік астында» бастап берген рухани күйкілік тақырыбын «Құдағи келіпті» мен «Қуырдақ дайын» жалғастырды. Талай жыл сындарлы саналып келген сиықсыздықтың, дұрыс саналып келген бұрыстың, әділет саналып келген қиянаттың шын болмысын айыру үшін үлкен суреткерлікпен қоса, терең ойшылдық та керек еді. Көріп отырғанда өзге біреу боп елестеп, күлкілі көрінетін сол бір бейшара жандар оңаша қалғанда дәл өзіндей сезіліп күйзелтетін, өзгенің басындағы зобалаң деп жүргенің өзіңнің басыңнан да табылып күңіrentетіні бар. Қиянат дүниесінде дұрыс жүріп бағың тасуы қандай мүмкін

болмаса, бағы тасып жүргендердің не қылмыскер, не қиянатшыл болмауы да сондай мүмкін емес еді.

Қалтай Мұхамеджанов комедияларының бірте-бірте трагикомедияға, зілсіз юмордың зілшеке сарказмға айналуының сыры да сонда болса керек. Бөріктердің астында жортып жүрген талай жампоз бөлтірік емес, азуын талайдың бас сүйегі қажап, ауызын талайдың қаны уылтқан көк бөрінің өзі еді. Драматургтің сонау алпысыншы жылдары жазылып, сахнаға шықпай, тартпаға түскен, «Біз де періште емеспіз» атты драмасы комедия да емес, трагикомедия да емес, трагедияның өзі боп шықты.

Қиянаттың біздің ортамызда қыстап қоймай, жайлап жатып алуының соры жоғарыдағылардың бөрінің жендет, жанымыздағылардың бәрі сыртымыздан қыбыр-жыбырларымен дымдарымызды құртып жүрген жымысқы, төмендегілеріміздің төбелерінен тоқпақтап жатсаң да, бөрібір, мыңғырына дыңғыр етпейтін маубастар болғандығынан ғана емес.

Өздеріміздің де ылғи өз буымызға өзіміз тұншығып, өз тілімізді өзіміз тістеп, өз қолымызды өзіміз байлап, құлақ кесті құл болып, көк өгіздей көнбіс болып бәки бергеніміздің қырсығы еді. Бұның бәрі — кез келген көз көрмек түгілі айтып берсең, ақылыңа сиғыза алмай, әуре болатын ала бөтен дүние еді.

Сондықтан да Қ. Мұхамеджановтың Ш. Айтматовпен бірігіп жазған «Көктөбедегі кездесуі» ауылымыздан сырлас таба алмай, алыстарды аралап, дүниені түгел шарлап кетті. Бұл туынды біле білген кісіге, теңдесі жоқ ерлік-тұғын. Қазір екінің бірі айтып жүрген небір ащы шындықты аталмыш екі автор бұдан жиырма жылдай бұрын айылдарын жимай тұрып айтқан-ды. Уақыттан оза қимылдап, дәуір аңғарын алыстан аңғару осындай-ақ болатын шығар!

Жолбарыс аулаған аңшының қанжығасы күнде қандана бермесі хақ. Қ. Мұхамеджановтың талай жыл табан серіппей жатып алуында да бір гәп болса керек. Көрерменіне әуелден айтпасты айтып, әбден дәндетіп алған уытты драматург жоқтан өзгеге бола ауыз ауыртқысы келмеген шығар. Кеше ғана экраннан түйені көрсе үйін тонағандай, есекті көрсе, әкесін өлтіргендей жек көріп, «гүлденген өмірімізге күл шашып отырсың» деп күстаналайтын, сәл сын, сәл ажуаны «қара таңдақ» санап қақшаңдайтын талай білгіш бұл күндері ақиқаттың мұңын мұңдап, «ақ таңдақтардың» жоқшысы бола

қапты. Жұрттың бәрі жабыла мақтап жатқанды мақтау кез-келгеннің қолынан келеді. Мықты болсаң, мақтамай көр! Жұрттың бәрі жабыла даттап жатқанды даттау да кез-келгеннің қолынан келеді. Мықты болсаң, даттамай көр! Жұрт істеп жатқанды істеп арам тер болу — тоғышардың ісі. Суреткерлік өнер кісіге кез-келгеннің айтқанын айтып ауыз ауырту үшін, кез-келгеннің істегенін істеп жан ауырту үшін берілмеген. Сондықтан да шындыққа жаны ауыратын шынайы суреткерлер бір тұстарда тым-тырыс қалса, оған таңғалмаған жөн, түсінген жөн. Кеше өзеурегендер бүгін де өзеуреп, кеше өжеңдегендер бүгін де қағанақтары қарқ, сағанақтары сарқ боп жатса, онда тұрған түсінетін ештеңе жоқ, түңілу керек. Заманға таңғалмай, адамға таңғалу керек. Заман кешегісін бүгін қайталамай жақсарып-жаңғырып жатқанда, адам кешегісін бүгін қайталап тұрса — ондай адамнан опа да, тұрлау да іздеп бос арам тер болмаған жөн. Әсіресе, сөйте жүріп те өздерін ел ұстайтын естиярлармыз деп күдірейетін- дерден күдерді үзе берген жөн. Ал суреткерлік ең алдымен азаматтық тұрлаулықтың ісі. Бізге қазір сондай тұрлаулы өнер, тұрлаулы суреткер қай кездегіден гөрі де қажеттірек...

Қ. Мұхамеджанов драматургиясының өзегін көптен қыжылдатып келе жатқан жалғыз-ақ сауал бар-ды. Ол әлгі «Көктөбедегі кездесудің» кейіпкерлері айта беретін әйгілі сұрақ-ты: «Қайткенде адам қалады адам болып?»..

Бұл сауалдың жан қинайтын кезі өтті ме? Жоқ. Өтпеген сияқты. Кеше тек елден ала бөтен арлыларды ғана санына қыл бұрау салғанда шыңғыртатын бұл сауал қазір жер бетіндегі жұмыр бастылардың барлығының да шымбайына батып, күндіз күлкілерін, түнде ұйқыларын бұзса керек еді.

Бұндай тұста шындық үшін шыңғыратын жан, әділет үшін басын отқа тігетін ар қол қусырып қарап отыра алмайды. Азамат болса, айтады. Суреткер болса, егжей-тегжейіне де елеп-екшеп көрсетеді. Бірақ, дұрысты айтып, шындықты көрсетеді.

Бірақ, өзің әділетті болудың, өзің шынды айтудың қиындығын былай қойғанда, сол шындық пен сол әділетке өзгелерді ұйыта қоюың оңай шаруа емес. Айтқанына сенбей тұрғандықтан самарқаулық танытпайды емес, сен айтқан шындықтан өзіне түсер пайда көрмей тұрғандықтан селт етпейді. Бәрінен де, әділеттің

сөзін сөйлейді деп жүргеніміздің кімнің тарысы піссе, соның тауығы боп шыға келетін әккі, шындық шымбайына батады деп жүргеніміздің кімнің аузынан көбік көп шашыраса, соның соңынан тұра жүгіретін әулекі бола салатыны жан қинайды. Егер осыған дейін орын алып келген ондай қиянатқа бүгін кеп тапсына қиналып жатқанымыз рас болса, ең алдымен осындай әлеуметтік көлгірлік пен не болса соған сенетін рухани әулекіліктен жиренейік. Өйткені, әккілік жүрген жерде шын пәтуаның, әулекілік жүрген жерде шын парасаттың көсегесі көгере қоюы неғайбыл.

Ал ондай пәтуалы іске бел байлап, парасатты сөзге бас тігетіндей суреткерлеріміз кем де кем.

Сондай салихалы санаттан табыла ма деп жүрген қадірмендеріміздің бірі — Қалтай Мұхамеджанов алпыстан аяқ асырып отыр. «Ойнасақ та, біраз жерге шаптық»,— деген осы. Енді алдағы жол арттағыдан көп болмас, бірақ алдағы парыз арттағыдан әлдеқайда ауыр.

Біз Қал-ағанды қалған ғұмырда тек сондай қиындықтардан да тайсалмайтын қия шыңдардан ғана көргіміз келеді. Өйткені, өнердегі оразасын шындықтың шымбайға батар шырыл сөзін сөйлеп, адалдықтың арын арлап ашып, көңілімізді күпті қылған өзі ғой!

Жас құтты, жол ұзақ болғай!

Желтоқсан, 1988 жыл.

САРДАР немесе ЫДЫРЫС НОҒАЙБАЕВ туралы сөз

Әлеумет, бүгін мынау шаршы төрде, шадыман жұртының ортасында оның Өзі отырса, қандай ғанибет болар еді...

Бірақ, жазмышқа дауа бар ма?! Өзі жайғасар төрді суреті иеленіп, өзі естір сөзді жамағаты, үрім-бұтағы, туған жұрты, елінің ірілі-кішілі қуанышы мен ренішін бірдей елеп, бірдей ескеріп жүретін естияр қауым — Мына Сіздер тыңдамақшысыздар.

Оған да шүкіршілік. Шүкіршілік болғанда қандай?!

Алшаңдап арада жүргенде, көлбеңдеген көз тірісінде қай ат жалынан тартып мінер азамат ақ түйенің қарынан жарғызып елуі мен алпысын атап өтпей жатыр?! Ал ақ жамылып, топырақ астына кірген соң, тірліктегісінен де асырып, дүйім жұртын дүбірлетіп, мерейтойын тойлату — санаттағылардың емес, шын саңлақтардың ғана сыбағасы. Өлшеулі ғұмырдың өлшемсіз тарихқа ұласқандығы.

Иә, бұдан былай біз оны өз арамыздан емес, тарихтан табамыз.

Жақсымызды көрсе, жармаса кететін сұғанақ қол, сұқты көз уақыт Оны көз таныс дос-жардан, құда-жек-жаттан, дәмдес-дастархандастардан, әр сөзін қалт жібермей тыңдап, әр қимылын көз айырмай қадағалап отыратын тілеулес көрермен қауымнан айырғанымен, мәңгі өспек, мәңгі өнбек туған жұртымен, оның бүгінгі, болашақ ұрпақтарымен, өнер деп, мәдениет деп аталатын көлжазира тұңғиық мұхиттай өз-өзінен өніп, өз-өзінен шалқып жататын салқар дүниемен бұрынғыдан бетер етене табыстырып, мәңгі ажырамастай қып біржола тоғыстырып жібергенін өзі де байқай алмай қалған шығар.

Күні кеше Алатаудың Найзақара шыңындай асқақ қарағанымен, күрек тісі ақсиып, күле сөйлеп, күндей жарқырап арамызда жүрген айтулы азамат, абзал дос, асыл аға, асқан суреткер Ыдырыс Ноғайбаевқа бұдан

былай сізбен, бізбен бірге өтетін тағдыр емес, туған халқымен, сүйген өнерімен қалтқысыз еңбек еткен мәдениетімен, жаманды мансұқтап, жақсыны ұлықтап, дәйім алға баса беретін жалпы адам нәсілімен мәңгі пікірлес, мәңгі пейілдер ететін тарлан тарих қожа.

Тарих — енді оның таусылмас ғұмыры, жығылмас тұғыры. Ол деңгейлес азамат, ол деңгейлес өнерпаз театр сахнасынан, өнер сахнасынан, тіпті тірлік сахнасынан кеткенмен, тарих сахнасынан кетпейді, қайта жыл ауысқан сайын, ұрпақ ауысқан сайын айбындап, тұлғаланып, беки, орныға түседі.

Біз оның көзі тірісінде тамаша талантының әрбір соны қырын танытатын, танытқан, тамсандырған әрбір жаңа ойынына мәре-сәре болып қуанып, орынымыздан тұрып қол соққан болсақ, бүгін де оның өміршең талантына, даусыз дарынына, қалтқысыз еңбегіне қара жүзді ажалдың өзі ештеңе ете алмағандығына, қайта арамыздағы асыл азаматты абзал армандарымыздың асқар шыңы қып биіктеткеніне, күнде көріп жүрген замандасымыздың талай жаңа ұрпағымыздың арманына арман, қиялына қиял, жігеріне жігер қосатын тарихи тұлғаға айналғанына орынымыздан тұрып, мақтана да, масаттана да қол соққанымыз дұрыс сияқты.

Мақтанып, масаттанатынымыз — ол біздің замандасымыз, біздің тағдырласымыз. Ол осы жиында отырғандардың кейбірінің көз алдында туып, көбінің көз алдында ер жетті, кемелденді... Біз көрген қиындықтарды көріп, біз тартқан тауқыметтерді тартты. Елмен бірдей бейнет шеге жүріп, елден асырып еңбек етті. Абыздай аруақты, аңыздай ғажайып Сер-ағамызбен, Қожамқұловпен, бір үйде тұрып, оның баласымен бір аулада ойнап жүрген Ыдырыс, енді, міне, көзі тірісінде сол ұлы Серкемен бір сахнада ойнап, сол ұлы Серкемен бір ұлттың рухани киеханасының-пантеонның қақ төрінен қатар орын иемденді. Қандай шұғыл кемелдену, қандай биік шырқау! Бұны біз, оны қанша жақсы көргенімізбен, кеше ортамызда жүргенінде емес, бүгін опырайған орынын сипалап қалғанда түсініп, түйсігіп тұрмыз. Менің бұны тірісіне де ешкімнің бетіне жел болып келуге тырыспаған жайсаң ағамыздың тойында арнайы тоқтала айтуымның мәні бар. Қазіргідей әр қайсымыздың жеке басымыз түгілі халық, қоғам деп аталатын жалпақ болмысымыздың өзінің ертеңінің әлде қайтып кетері белгісіз алмағайып кезеңінде төңірегімізге, бір-бірімізге бұрынғыдан

гөрі байыптырақ, байсалдырақ көз тастап, бір-бірімізді маңызды да мәнді істер істеуге шақырумен қоса, бір-біріміздің істеген және істеп жатқан шаруаларымызға жітірек үңіліп, жетігірек ұғынып, әділ бағалауға тырысуымыздың қажеттігіне айырықша назар аударту үшін әдейі айтып тұрмын.

Әйтпесе, кеше бүгінгіні алға тосып, бұрынғыны сызып тастауға тырысқанымыз секілді бүгін өткендегілерді алға тосып, қазіргіні сызып тастауға тырыспаушылықтың салқыны да байқалмай қалып жүрген жоқ. Тарихи мәнді істерді бағзылардағылардан ғана іздеп, күні кешегілер мен күні бүгінгілердің тіршілік-қарекетінен күйкі пенделіктен басқа ештеңе көре қоймау әдетке айналып бара жатқан сыңайы бар. Біздіңше, бұндай құлықтың ар жағында ешқандай алып бара жатқан азаматтық батылдық, әлеуметтік қайсарлық та, жаппай шырқау биікке ұмсынған шынайы жаңашылдық та емес, сол баяғы бүгін таңда қалай қарай маңырау үрдіс болса, солай қарай ойланбай маңырап, қалай қарай жамырау үрдіс болса, солай қарай ойланбай жамырайтын үйреншікті пақыраналық тұрған тәрізді. Ентелегенді ер, өңмендегенді өр санайтын көңілшек көптің көзін арбап, көңілін алдарқатуды көздейтін рухани көзбояушылық тұрған тәрізді. Баяғыдағы біз көрмегендер болмаса, кешегі көре қалғандарымыз бен бүгінгі көріп жүргендеріміздің бәрі жәй әншейін өзіміз құралпы қуыс өзек жандар екен деп көңіл жұбатуға оңтай тұратын пенделік пиғылдың ығын табуға бағышталған... құлық тұрған тәрізді.

Пенделік дегеннің тап пәлендей апшитын да ештеңесі болмас. Періште боп жаратылған жан иесін пенде қып шығаратын, шырқ айналып келгенде, мардымсыз тіршіліктің мазасыз қақ-сұғы шығар. Бес күн тірлігінді неге ойлайсың деп жазғырудың да жөні болмас. Кейбіреудің сол бес күн тірліктің қамымен ғана кетіп, тірілей аты өшіп жатқаны да рас болар. Алайда, кейде сол адам пақырдың сол бес күн тірліктің қамымен жүріп-ақ, ұрттағы ұрпағы түгілі күллі жұртына ғасырлар бойы мерей бола алатындай ізгіліктер мен игіліктер жасап үлгеретінін де ешкім жоққа шығара қоймас. Ол қандай даусыз шындық болса, жарлы елде, жақыбай қоғамда, кім болса, соған иланып, не болса, соған елігетін елпекбай қауымда, талантты, есті боп туғандардың да тап айдарларынан жел есе бермейтіндігі де сондай даусыз шындық. Көппен көрген ұлы той деп, үйреншікті сүрлеумен жөңкіле

берсе, табиғат берген талантының обалына қалады. Ал алабөтен қиқарланып, қара сумен теріс ақса, екі айналып келмейтін мына дүниедегі азғантай көрер жарығының обалына қалады. Сондай екі оттың ортасында жүріп-ақ, бұрысқа бұлтармай, ақиқатты айта алған әр сөз, әр сөйлемді маңдайымызға қанша тигізіп, қастерлесек те, артықтық етпес еді. Құдайға шүкір, ондай салауатты азамат, пәтуалы еңбек қазақ мәдениетінде қай кезде де табылған.

Әсіресе, күні кешегі көпшілігіміз төрде отырып шен тағу түгілі, есікте отырып нан табу үшін-ақ көмейдегі тіліміз бен төсектегі жұбымыздың өзіне сескене қарап, қуаланды боп қалған құландай өз қағымыздан өзіміз жеріне бастаған кезеңде аштан өліп, көштен қалса да, өз мәдениетін, өз өнерін, өз тілін өзгелермен бірдей дамытуға өмірін сарп қылып, ұмыт тарихымызға үңіліп, тоналған мұраларымыздың тозығын іздеп, тереңге көмілген шерменде мұңдарымызды шертіп, нан тауып, ырзық айыруға дәті шыдау қандай ерлік десеңізші! Ол мына бүгінгі жаппай жариялылық заманында жұрттың бәрі жүрегіне жүн байлап алған тұста жиын тастамай «тілім», «елім», «жұртым» деп жыртыла айқайлаудан әлдеқайда қиын, әлдеқайда салихалы әлеуметтік белсенділік, азаматтық ерлік болғандығы ешқандай дәлелдеуді қажет етпесе керек.

Ендеше, Ыдырыс Ноғайбаев та тап сондай ердің ері бола білген азамат. Ол да өз қауымымен өзі боп сырласып, өзі боп мұңдаса алатын халықшыл талант, халықшыл табиғат таныта алды. Сондықтанда ол арғы-бергі ағаларын былай қойғанда, бір жылдары туып, бір жылдары танылып, бір жылдары қатар көз жұмған рухани тетелестері: ақындар Мұқағали Мақатаев, Жүмекен Нәжімеденов, Төлеген Айбергенов, актерлер Нұрмұқан Жантөрин, Кененбай Қожабеков, Әнуар Молдабеков, композитор Сыдық Мұхамеджанов, ғалым Мұрат Айтхожинмен бірге халқымыздың көпғасырлық дидарнамасын жасай алатын алыптар шоғырының қатарынан орын иемденді.

Біз бұған неге масаттанбаймыз? Сыпыра мен Бұқардың, Абай мен Махамбеттің, Мағжан мен Жүсіпбектің, Ахмет пен Құдайбергеннің, Мұқтар мен Қаныштың, Қалыбек пен Шәкеннің санатына іліге алатындай саңлақтардың біздің дәм-тұздастарымыздың арасынан да шыға бастағанына қалай мақтанбаймыз!?

Иә, бәріміз де жұмыр басты пендеміз. Қай-қайсымыздың да көкірегімізге бір аяқ ас сияр. Оны жақсы білеміз. Кейде тіпті содан басқа ештеңе білмейміз бе деп қорқамын. Әйтпесе, мынау Адам ата, Хауа анадан бергі барша аруақты тітірентіп, арғы-бергі абырой-ұпайымыздың бәрін түгендеп, қайтадан ес кіріп, қайтадан етек жиып жатқан тұста әуелі Абай, Шәкәрім, Мағжанды, сосын Төлеген, Мұқағали, Жұмекенді, араларына жыр түсірмей, қатар оқысақ, немесе әуелі Құрманғазы мен Ақанды, сосын Мұқан мен Сыдықты, араларына саз түсірмей, қатар тыңдасақ, кейінгі кезде кейбіреулердің, баяғы алыптарымыздың соңы бақа-шаян болып кетті, кейінгі ғасырда халқымыздың құлағы құрғақ үгіттен сарсып, қайдағы-жайдағы қоқыр-соқырды ғана рухани талшық етті дейтін тұжырымның бәр-бәр ретте орынды бола бермейтінін аңғарар едік. Иә, дәуірдің зәруін өтейміз деп, етегімізге сүрініп, елден бұрын үн қосуға тырысып талай бос әуре болғанымыз да рас. Ол сол өзін тудырған кезеңнің шекарасынан шыға алмай, түлеген жыланның түгіндей кез келген бұтаның басына ілініп қалғаны да рас. Бірақ, сан салалы өнеріміздегі сан сипатты суреткерлеріміздің бар еңбегі, бар ізденісі өз халқының бойына жұқпайтын рухани түсік боп, өтпелі уақытпен бірге біржола өрем қапты дейтін болсақ, түптеп келгенде, жекелеген кісілерге ғана емес, күллі жұртымызға өзіміз қиянат жасаған болып шығар едік. Өзге тараптағы басқаның басындағы бақ пен астындағы тақты сыпырып алу үшін кешегінің бәрін сыпыра жоққа шығаратын рухани барымташылықтан өнер атырабының аулақ тұра тұрғаны дұрыс. Жасырып-жаңғыру үшін өзінен бұрынғының ауызы-мұрынын қан қылу тіпті де шарт еместігін тарих талай рет дәлелдеп берген. Бабалар айтқандай, өлі риза болмай, тірі байымайтынын, ағаның назары жығылғаннан, інінің базары тасымайтындығын, алдыңғының ынсапсыздығы артқыны имансыз ететінін, үлкеннің жолын кескеннің көрінбей қаларын, кішінің жолын кескеннің көмілмей қаларын бір сәт те естен шығармайтын тұс — қазіргідей өтпелі кезең, өлара кезең.

Олай болса, обал мен сауапты қазір ойламағанда қашан ойлаймыз?!

Кешегілердің еңбегін елемесек, бүгінгілердің көңіліне қарамасақ, ертеңгілерді қайдан қарқ қыламыз?!

Осы реттен келгенде, бұл кеште айырықша назар тоқтатын бір мәселе бар. Егер кейінгі жетпіс жылда қазақ

рухани дүниесінде ешқандай ілгерілеу болмаса, бүгінде әлденеше буын дүлділдері ұлттық мақтанышымызға айналып отырған қазақ театр өнерін қайда қоямыз?! Әлде ол біздің тума өнерімізге жатпай ма? Адамзат мәдениетінің арғы-бергісінен аз-кем хабары бар адам сахна өнерінің әуелден де, қай халықтың болмасын, тұрмыс-салт мәдениетімен аралас жүретінін жақсы біледі. Ондай нышандар қазақ тұрмысында да аз емес. Басқасын былай қойғанда, айтыс, отырмақ, билер жүгінісі, той, ас, жиын үрдістері, нағашылы-жиен, жезделі-балдызды, жеңгелі-қайнылы тәжікелерден сахна өнерінің сан жұрнағын тауып алуға болады. Бірақ, оның халықтың әр сипатты, әр мақсатты жымдастырып, біріктіріп, кіріктіріп жіберетін синкретті құйма өнерінің құрамынан бөлініп, өз алдына дербестеніп шығуы біреулерде мыңдаған жылдар, екінші біреулерде жүздеген жылдар, ал бізде, бар болғаны ондаған жылдар бұрын ғана жүзеге асты.

Мұндай шындықты мойындағаннан біз аласарып қалмаймыз. Мұндай хәл біз секілді талай халықтың басында бар.

Бір қызығы, қаз тұруы, қалыптасуы қоғамдағы идеялық басыбайлықтың, әлеуметтік етекбастылықтың, өнердегі рухани жәреукелік пен алыпсатарлықтың әбден асқынған кезіне тап келсе де, қазақ театр өнері тез дамып, тез арада тек қана бір ұлттың, бір республиканың ауқымымен шектелмейтін кеңінен танымал құбылысқа айналды.

Оның сыры неде?

Жаңа өнердің дені құнарлы топыраққа түсті. Талай ғасырдан бері сахна назарына ілікпей, тың жатқан ұлттық болмыс көрерменнің көзін баурап, көңілін тербейтіндей көптеген соны сипат, соны мазмұнға ие еді. Оның үстіне, заман қанша тараң болғанмен, тәжірибе қанша балаң болғанмен, қазақ театры күш атасын танымас дегізерліктей творчестволық әулетті әп дегеннен байқата келді. Өз басым ерен батырларға қазақ эпосы қандай бай болса, ерен таланттарға қазақ сахнасы сондай бай деп білемін. Арғыларын былай қойғанда, күні кеше арамыздан кеткен Әнуар, Кененбай, Нұрмұқан, Ыдырыстардың өздері неге тұрады?!

Қайсарлық пен жігерді, алғырлық пен тереңдікті бір бойына жиып ап, қайда барса да, абыройымызды асырып, атағымызды шығарған, Қазанды аларда, қамал бұзып, алдымен кіріп, қазына бөлісерде, қалтарысқа ығысып,

өзегін ел деп үзсе де, өгей, жанын жалпақ жұртым деп қинаса да, жат санала беріп, ел шетінде мерт болған Ер Тарғындай ортамызда жүріп-ақ, оқшаулықтан, оқшауланғаннан опат болған есіл Нұрмұқандар енді бүкіл ел болып, мойынымызға бұршақ салып тілесек те, екі айналып туа қоймас!..

Күлімсіреген көзінен далаға тән кеңдік пен мейірім түгел төгілгендей, күмбірлеген көмейінен Асанқайғы, Сыпыра жырау, жиренше мен Бұқар жарыса үн қатқандай, сөз саптасында ғана емес, көз тастасында кемел ақыл, терең парасат тұнып тұрған қайран Кененбайлар уақыттың жымысқы жетегінде көзден бір-бір ұшып бара жатқан уыз болмысымыздың енді оралмас тұтас бір дәуірі, тұтас бір дәурені шығар!..

Асфаһани қылыштай қайда шапсаң да, өтетін, жібек баулы ақ сұңқардай қай биікке сілтесең де, жететін, адам дүниесінің ол бейнелей алмас құрылуы, адам жанының ол бойлай алмас иірімі жоқтай, әмбебап, туа шандоз, туа хақ Әнуарлар тек қазақ театрының ойда жоқта ұшып кетіп жүрген бағы болмаса, нетсін...

Әр қайсысы бір-бір халықтың тұтас өнеріне алтын бола алатындай алып тұлғалар емес пе еді?!

Міне, Ыдырыс өнер майданына кімдермен бірге келіп, кімдермен бірге кетті.

Көздері арамыздан кеткендерімен, өздері қазақ сахнасының, қазақ рухының қақ төрінде төрт Гималай боп мәңгі орнап қалды.

Тарихтың өзімізге деген мұндай ағыл-тегіл сақилығын орынымен пайдалана алсақ, біздің маңдайымыз мұнша тайқы болар ма еді?!

Ал, маңдай ашылу үшін тәуекелшіл талап керек. Ал, тәуекел үшін көлденең көптің сұқты көзі мен суық сөзі емес, қошеметшіл пейілі керек. Әбубәкір Кердерінің: «Жігітке ерлік те оңай, билік те оңай, әгәрки қабырғалы болса халқы»,— дейтіні де сондықтан. Баяғыда халық малының, жанының молдығымен қабырғалы болса, қазір оң мен солының қапысыз айыратын ақылының саралығымен, ауызының түгелдігімен қабырғалы бола алады. Ондай халық маңдайына қанша талантты, қанша парасатты азамат бітсе де көпсінбейді. Бәрін де орынын тауып қызықтап, орынын тауып құрметтей біледі. Сорлатқанда, сол халықтың орынына кейбір көлденең көп ауыз пәтуа айтып, барды жалғыз, көпті аз қып көрсетіп, бірінің жалын біріне тістетеді. Сорлатқанда біз

қай заманда да азамат таба алмай емес, бар азаматтарымыздың бастарын қоса алмай, оларды орынымен жұмсап, орынымен қызықтай алмай, өз сыбағамыздан өзіміз қағылып, өз қолымызды өзіміз кесіп, өз жолымызды өзіміз байлап келеміз. Тап осы жолы ес кіріп, етек жиып жатқанымыз рас болса, ең алдымен, тап осыдан арылайық. Әйтпесе, бұдан асқан сор жоқ. Ел үшін де, ер үшін де. Тәуекелсіз қауым тәуелсіз, алауыз қауым азат бола алмайтындығы да сондықтан. Өнерде де тап солай. Өйткені, өнерді де жалқының тәуекелі мен жалпының ынтымағы өркендетеді.

Ендеше, ендігі жерде замана оңғарылсын, бағыт түзелсін, халық қатарға кірсін, қай істе де көшіміз көлікті болсын десек, әуелі барымызды бағалай білейік. Ағайынның көңілін сол арқылы тауып, халықтың басын сол арқылы қосайық. Ол үшін талант көп болған сайын құлпыра түсетін өнеріміздің қай саласында да, әсіресе, сахна өнерінде бір күркенің төрі өзіме тиді екен деп қалғандарды шөміштен қысуға, бір аттың тізгіні өзіме тиді екен деп, қалғандарды құр тақым қалдыруға құмар болмайық. Ел тілегі бір-бірімізге көзіміз дұрыс болғанда ғана түгенделеді. Жә, ол өз алдына мәселе.

Бұл арадағы айтпағым — Ыдырыс «бәрі менікі болсын»,— деп бәлсінбеген, «менің қасымда сен кімсің»— деп нәнсінбеген кісі. Өжендесіп, өлімін сатқан жерін көрген емеспін. Ол бұйырғанына ғана қанағат қылды.

Соның өзінде де, халқының көңілінен шығып, тарихының төріне ілігіп үлгерді.

Ал, бұл Ыдырыс үшін оңай шаруа емес еді. Ол сахнаға шыққанда қазақ театрының негізін салғандар түгел тірі еді. Олар шетінен уақыттың өзі тудырған, заманалар саф алтындай саралап әкеп жеткізген саңлақ таланттар еді. Оның үстіне, жаңа дәуірде әлденеше жас буын кеп қосылып үлгерген-ді. Олардың ішінде де тізгін үзіп тұрғандар аз емес-тұғын.

Ыдырыс сондай өңкей самалалармен нұр таластыра жүріп, көзге ілікті.

Ыдырыс сондай асқар шыңдармен бой таластыра жүріп, көңілге ілікті. Оның сахнаға келгеннен бастап, кеткеніне дейін көмескі тартқан кезі болған емес. Әлгіндей әлуетті сахнадағы мұндай даусыз даралық тек жақсы мектеп көріп, қапысыз шыңдалған, табиғатынан кемел жаратылған бір туар таланттардың ғана қолынан келеді. Әйтпесе, қазір сахна мен экраннан қолы таңқы

табиғаттың, алды жайдақ педагогтың, көзі шорқақ режиссердың домбалдауымен батыр боп ойнап жүрген пақырды, сұлу боп ойнап жүрген су мұрынды аз кездестірмейміз ғой. Ал, Ыдырысқа келгенде, құдайға шүкір, табиғат тарыла қоймапты. Бой десеніз, бой қандай! Сой десеніз, сой қандай! Әсіресе Ыдырыстың мінезінің байлығын айтсаңызшы. Содан да болар біздің сахнаның барлық сардары боп Ыдырыс ойнаған. Сахналық тіршілігінде оның бойынан қытыңқы ештеңе көрген емеспіз. Оның жүріс-тұрысында, қимыл-қозғалысында, аңқылдай сөйлеп, саңқылдай күлгенінде ағыл-тегіл адамшылық ақтарылып-төгіліп жатқандай еді... «Ой, түбің түскір», — деп, сүйкене сөйлейтін Есен — актер Ыдырыс Ноғайбаев кейіпкерлерінің түп тамыр моделіндей. Аңғалдық, аңғарттық — актер Ыдырыс Ноғайбаев кейіпкерлерінің негізгі сипаты. Аңғалдық, аңғырттық — Ноғайбаев кейіпкерлері басындағы күлкілі, драмалық, тіпті трагедиялық ахуалдық негізгі өзегі. Өйткені, аңғалдық, аңғырттық — дүниеге, адамдарға деген қаяусыз сенімнің көрінісі. Ал, төңірегіне сенбейтін кісі — алдымен өзіне сенбейтін кісі. Өзіне сенбейтін кісі төңірегіндегілердің бойынан ешқандай жақсы сипат, жақсы қасиет көрмейді. Себебі, олар төңірегінен дұшпаннан басқа ештеңе іздемейді. Сондықтанда оның қолынан адамшылық, аяушылық келмейді. Сондықтанда, адамшылығы жоқ кісіге біткен қара күш төңірегіне қандай сор болса, ондай кісіге біткен билік, ақыл, өнер-қабілет те төңірегі үшін тап сондай сор. Оның бәрі өзінен асқанның бәрін құздан құлатуға, немесе өзінен басқа ешкімді өрге бастырмай, матап-тұсап қоюға жұмсалады. Алабөтен өзімшілдіктің ар жағында тіпті де алабөтен күншілік жатпайды, қайта жанға байқаттырғысы келмейтін ала бөтен әлсіздік жатады. Өлімін сатқан өзімшілдік өлмеші сорлылықтың белгісі. Өзіне сенетіндер бейқам келеді. Бейқамдық пен аңғалдық — аузы күйе қоймаған адамшылық. Әлемдік театр әзір адам жайындағы шындықты адамшылықтан бөле-жара қарастырып көрген жоқ. Сондықтан ол адамшылығы жоқ ақылдың ештеңеге тоқтауды білмейтін, тек қана теріс бұлтарудан тұратын қырық бұлтақ айласында, адамшылығы жоқ біліктің арам мен адалдық, обал мен сауаптың арасына айырма қойып жатпайтын өзімшіл есебіне, адамшылығы жоқ жігердің өліспей-беріспеуді, қандай жолмен болса

да дегеніне жетуге тырысуды ғана білетін найсаптықтары мен арамзалықтарына құрылған шырғалаңдарына өз төрін ұсынып көрген жоқ. Замана амалы сай келмей жатқан құлықтар дағдарысы, арманына заманы сай келмей жатқан рух күйзелісі немесе бәрібір айтқанына көндіріп, айдағанына жүргізбей қоймайтын замана өктемдігінің тепкісіндегі қуыршақ пенделердің шерменде хәлі — міне, бүгінгі адамзат білетін театр дейсіз бе, абсурдтық театр дейсіз бе — бәрібір арғы түбі адамшылықтан тартатын тауқыметтерге саяды. Ондай тауқыметтердің екінші аты — тағдыр тәлкегі. Ал, тағдыр — пенденің туғанынан өлгеніне дейін бастан кешіргендерінің жайдақ тізбесі емес. Жарық дүниеге келген жан иесінің жақсылыққа жетем деп жүріп шегетін тауқыметтері. Өзін ойлап тартатын тауқыметтері... Елін ойлап тартатын тауқыметтері... Еврипид пен Шекспир, Чехов пен Ибсен, Әуезов пен Айтматов... Құлық құнарлылығын, мінез жүйелілігін, тағдыр тұрлаулығын талап ететін драматургия. Бұған дейін үстем болып келгенімен, бұдан былай да үстем бола бермеуі мүмкін драматургия. Өйткені, ол драматургия тіршілікте пенделермен қоса періштелердің де, ездерімен қоса ерлердің де, шалалармен қоса даналардың да болуын, қатар өмір сүріп, қана қоймай, бір-бірімен алысуын, алысқанда да, бірі өліп, бірі қалғанша, бірі жеңіліп, бірі жеңгенше, жеңгенде де ізгіліктің жеңуін, бұл жолы жеңбесе, ең болмаса, келесі жолы жеңетініне сендіруін талап ететін драматургия. Тұрағы бар дүниедегі ұяты бар адамдардың арасындағы жүйелі қарым-қатынастың заңдылығынан туындаған драматургия. Адамдық болмысты Лобачевский мен Эйнштейнге дейінгі математиканың тұрғысынан өлшеп-пішетін драматургия. Бөлшектердің емес, бүтіндердің не өршу, не өшу бағытындағы құбылуларын жинақтайтын тұтастық математикасы сынды тұрлаулы тұлғалардың ізгілікті мұраттар жолындағы табанды тайталастарының жүрісі ақылға қонатындай не сәтті, не сәтсіз нәтижелерін кескіндейтін драматургия. Ал бізді қоршаған рухани кеңістікте бүтіндерден гөрі бөлшектер, тұрлаулылардан гөрі тұрлаусыздар көбейіп кетсе ше... Ал олар өспей де, өшпей де, өршімей де, әлсіремей де, әйтеуір бар болу, әйтеуір жоғалып кетпеу жолында бүтіннен бөлшекке ұсақтап, бөлшектен қайтадан бүтін болам деп тірнектеп жиынтықталып, мігірсіз құбылып, мігірсіз тайталасса

ше?.. Бүтін сыртқы дүмпуге шыдай алмай быт-шыт бөлшектенгенмен, быт-шыт бөлшектер сыртқы дүмпуден бәрібір қайта бүтінге айнала алмаса ше? Жиынтықтың бәрібір бүтін бола алмайтыны секілді барлық тайталастың нәтижесі жеңіспен бітпесе ше? Сондай жүйесіздіктің салдарынан бірде періште боп көрінген бірде пері боп, ал бірде пері боп көрінген бірде періште боп көрініп жатса ше? Бұл не? Өң бе, түс пе? Тағдыр ма, тәлкек пе? Соның бәріне шұқшия үңілетін сана ма, сандырақ па? Әлде ондай-ондай зерттеуге, зерделеуге жатпай ма? Ал бұндай дәнденай соқталаң бұрынғыдай некен саяқ жалқының емес, бастан аяқ жалпысының басындағы жағдай болса, қайтпекпіз?!

Бұл — әлі жазылмаған драма, жарыққа келмеген спектакль, бірақ өнерде болмағанмен, өмірде әлдеқашан орын теуіп болған ахуал. Құдайға шүкір, Ноғайбаев ондай драматургияға келмей, ондай театрды көрмей тұрып, арадан кетті.

Сондықтан да, ол жасаған бейнелер тұтастығымен, мақсаттылығымен, я сүйсіну арқылы я жиренту арқылы ұялатар ғибраттылығымен баурайтын.

Расын айтсақ, Ноғайбаев кейіпкерлері сүйсінтеді, ызаландырады, аятады, бірақ, жирентпейді. Өйткені, Ноғайбаев ойнаған оңбағанның өзінің обалы бардай көрінеді. Актердің өз бойындағы имандылық, аңғалдық, ақпейілділік, бала аюдың қорбаңындай, қолапайсыз сүйкімділік, ол ойнаған қай кейіпкерге де көрермен тарапынан жақсы ықлас, жанашырлық шақырмай қоймайды. Өйткені, оның қай кейіпкері де — аңғалдықтың құрбаны. Демек, адамшылығының жоқтығынан емес, адамшылығының молдығынан немесе сол мол адамшылығының қызығын өзі көре алмаудан бейнет шегіп жүрген адам. Оның Егор Булычевын мақсатсыз тағдыр, оның Отеллосын опасыз орта алдап кетсе, Есені мен Көтібарына өздерінің әңгүдіктігі опық жегізеді. Тіпті ол ойнаған Фархад пен Қобыланды да романтикалық трагедияларға лайық елден ерекше қасиеттерімен емес, өз бастарындағы ахуалды жұрт түсінгеннен, жұрт қабылдағаннан басқарақ түсініп, басқарақ қабылдайтындықтарымен ерекшеленеді. Ешкімнің қолынан келмейтін ерекше іс тындырғандарымен емес, тығырыққа тірелген қайрансыз жұрт пен қаяусыз махаббат жолында қолынан келгеннің бәрін істемей тынбайтын кәдуілгі иі

жұмсақ, жүрегі жұқа, қайырымды жанның үйреншікті кісілігі, үйреншікті адамгершілігімен баурап алады. Ноғайбаевтың қалыпқа симайтын адамдық, азаматтық болмаса қандай да драматургиялық модельді болмасын мінез-құлық жағынан айта қаларлықтай өзгертіп, рух жағынан айта қаларлықтай ірілендіріп, ізгілендіріп жібереді. Тағдырдың тәлкегіне ұшырап, екі қилы дүрбелен кешіп жүрген Қален мен Құрбанның бойынан қанша мұң, қанша қасірет, қанша өкініш тапқаныңызбен мысқылдай ыза таба алмайсыз. Ол жасаған күлкілі бейнелер де, қасіретті бейнелер де, қаһарман бейнелер де ешқандай әсірелеуге бой алдырмайды, адамдық қалыптың, нанымды мінез, нанымды құлық пен қылық ауқымынан алшақ кетпейді. Ноғайбаев жасаған бейнелер таусыла тебірентеді, сарқыла қайғырады, ақтарыла қуанады, бірақ біреуге зәр төге өшікпейді. Тағдырға болмаса, адамға налымайды. Бұл арада Ноғайбаевтың актерлық даралық сипатымен қоса аржағы ұлттық психологиядан өрбитін тексттік құлқы да анық байқалады. Басқалардан келетін қысастық пен қауыпқа ағайын-тумасы, рулы елі, күллі қауымы болып тойтарыс беретін қазақ жұрты кейде кісіден келетін қиянатты да тәңірдің жазуындай, тағдырының салымындай қабылдайды. Ондай қиянаттың түп-төркінін көлденең көздер көріп отырғанмен, өзі көрмейді. Сондықтанда, оны былайғы жұрттан гөрі басқаша қабылдап, басқаша түсінеді. Оның жендетінің өзі құрбандай, жексұрынының өзі мүсәпірдей, перісінің өзі періштедей көрінетіндігі де сондықтан.

Басқасы басқа, ол жасаған Қарабайды-ақ алыңызшы. Ыдырыстың Қарабайында кісі тіксінерліктей не бар? Сақилықтың да, сараңдықтың да жөніне шорқақ жетесіз шал. Баюдың жолы — қытыңқылық, алданбаудың жолы — қытымырлық деп аңғал түсініп, қаралай алданып, қаралай тоналып жүрген мүсәпір хәл. Көрермен оған емес, оны мұрындықсыз-ноқтасыз жетелеп алған Жантыққа, әлгіндей мүскін пақырды өз ауылының базарын, өз баласының бағын тәрік етуге дейін итермелейтін ит мінезді барлық пен байлыққа ызаланып отырады.

Ноғайбаев ойындағы қаралай жарқырап тұратын шуақ мейірім Шекспирдің Петруччио мен Бекингемти, Әуезовтың Абайын, Айтматовтың Данияры мен Сыбанқұлын, Чеховтың Астровын психологиялық жағынан дәл кескінделген, философиялық жағынан терең жинақтал-

ған сом тұлғаларға айналдырды. Қашан да сахнаға күн көтеріп келе жатқандай жадырай кіретін Ноғайбаев жасаған бейнелердің ірі болмауы, ұнамды болмауы еш мүмкін еместей. Ол актердің кескін-келбетінің, тұлғатұрпатының ірілігінен емес, жан дүниесінің ауқымынан, адамдық сүйкімінің молдығынан.

Бұл жағынан келгенде, Ыдырыс Ноғайбаев — әрі таза ұлттық құбылыс, әрі таза заманалық құбылыс.

Заманалық құбылыс болатыны, оның бойында ұлттық болмысымыздың жиырмасыншы ғасырға да жетіп, жаңа серпін, жаңа сипат алған көп қасиеті дендей көрінсе, ұлттық құбылыс болатыны сондай төл болмысымыздың жиырмасыншы ғасырмен бірге кетіп бара жатқан, біраздан кейін орынын сипалатып қалдыруы мүмкін ең бір ежелгі қасиеттері де дәл солай молынан ұшырасатындығы. Кейде, тіпті ол бұл жағынан сондай түс мінез, түс иісіміздің соңы сияқтанып көрінетін.

Ол — өктемдікке ұласпайтын ерлігі, дарақылыққа ұласпайтын дарқандығы, жайдақтыққа ұласпайтын жайдарылығы, ынжықтыққа ұласпайтын нысаптылығы, қарабайырлыққа ұласпайтын қарапайымдылығы. Қазақша айтқанда, тектілігі. Орынсыз бақырып-шақырам деп кердеріден кейіншектікке, орынсыз кәуілдеймін деп сырттандықтан көптікке ауысып кетпестей тектілік шекарасына бекемдігі. Тек бір ғана ашу жүрген жерде қайсарлық, тек бір ғана айла жүрген жерде ақыл, бір ғана өрекпу жүрген жерде ерлік, бір ғана тымпиған тымырсықтық жүрген жерде тереңдік жүрмесі белгілі. Демек ондайларға тектілік те, ірілік те ірге жуытпайды. Ал, соңғы екеуі мықтап дарымаған актер ұлттық сахнамыздың белгілі бір мінез, белгілі бір қулықты бейнелейтін нысаналы кейіпкері бола алғанымен, жиынтық болмысымыздың қыр-сырын жан-жақты жайып сала алар орталық қаһарманы бола алмайды. Ендеше, ол ұлттық құлқымыздың тек бір сипатын аша алатын халықтық актер бола алғанымен, күллі заманалық ахуалын аша алатын ұлттық актер, заманалық тұлға бола алмайды.

Ал, Ноғайбаев қазақ сахнасының уығын шашпай, шаңырағын шайқалтпай ұстап тұра алатындай ұлттық, заманалық сипаттардың бәріне де ие кіндік тұлға бола алды. Оны жоғарыда мен тізіп өткен сан сипатты бейнелерді табысты жасап шыққандығымен-ақ дәлелдеуге болады. Алайда, мен бір бейнені — Ыдырыс

жасаған Қоспанды айырықша атағым келеді. Осы бір рқасына не артсаң да, мыңқ етпей, тарта беретін нар сігіт жиырмасыншы ғасырда қазақтың басына түскен андай зор, қандай зобалаңнан да құр қалмапты. Бәріне е төтей біліпті, төзе біліпті. Оған қалай тап болғаны елгісіз кер заман да, қайдан шыққаны белгісіз кесір заң а, төтен шапқан озбыр жау да, төбедең түскен содыр астық та зорлық-зомбылықты жасаудай-ақ жасап ағыпты. Білдіріп те, білдірмей де тонапты. Дос боп өрінген қас, бақ боп көрінген сор, қоштау боп көрінген юшқау, қолдау боп көрінген зорлау — міне, Қоспанның ағдыры. Соның бәріне шыдапты. Жетесіздіктен емес, кетеліліктен шыдапты. Жақсы атақ алам, биік абырой абам деп шыдамапты. Жаман атым шықпасын, аз быройымнан айырылмайын деп шыдапты. Өзім кетпегенге балам жетер, өзім көрмегенді ұрпағым көрер деп шыдапты. Жау шапқанда, ұрпақ үшін өлімге бас іксе, жау кеткенде, ұрпақ үшін бейнетке бас тігіпті. Занымен күш бермейтін молды, әлімен күш бермейтін орды уақытпен одақтас боп қана жеңе аласың. Жалғыз мен малсыздың сабыр мен төзімнен басқа тіреуі жоқ. Сондықтан да, үндемей жүріп ұрандап, кіжінбей жүріп жүресіпті. Түптің түбінде, уақыт төзімнің жағына, сана абырдың жағына шығатынын біліпті.

Ыдырыс бейнелеген Қоспан тағдыры — бір халықтың бір ғасырлық тарихы. Ол әлеуметтік маңызы мен тарихы мәні жағынан бағзыдағы Қобыланды мен кешегі Абайдың қатарына қонақтап, өз халқының бүкіл бір заманалық тұлға-тұрпатын мүсіндейді.

Дәл мұндай заманалық рухани кескіндемені тұрмұқан рух қайсарлығымен, Кененбай пайым тереңдігімен, Әнуар алапат құштарлық қуатымен сомдаса, Ыдырыс кісі таңғаларлықтай сезім тұрлауымен, пейіл комарттығымен сомдайды.

Ноғайбаев тарих биігіне талант табиғатымен, дарын дарқандығымен, сол екеуіне масаттанып, омалып қалмайтын мазасыз ізденіспен самғай білді.

Ол топшысынан оқ тиіп, томп етіп жерге түскен жоқ. Халық махаббатының зеңгір көгіне биіктей-биіктей барыш жүйесіне бір жола көшкен зымыран кемедей жер бетінде жасап жатқан жұртына, өніп-өркендеп жатқан ұрпағына биіктен тілеулес боп, биіктен мейірлене қарап тұрғандай.

Көктөбенің басындағы жәдігерлік — халық рухының аспанына түбегейлі самғап ғайып боларында өкшесі тиген ақырғы жұқанадай...

Көктөбе демекші, халайық... Сіздерге қалай екенін қайдам, кейде маған осы Алматы бөтен қала сияқтанып кетеді. Терегі таныс, желегі таныс, күнгейде көлденең сұлап жатқан көк сеңгірі таныс. Бірақ, күнде-күнде көріп жүрген көз таныс көшелерден, көз таныс алаңдардан, көз таныс баулардан күні кеше ғана күнде-күнде көріп жүрген көз таныс азаматтарыңды көре алмайсың. Көбі қаздай тізілген Көктөбенің басына көшіп алған. Көшедегі көзіңе оттай басылар тұрғыластардан гөрі Көктөбенің басында көзіңе оттай басылар құлпытастар көбейіп барады.

Тәубе ететініміз, қала орынында, халық орынында.

Тәубе ететініміз, төріміз шырақсыз, еріміз тұяқсыз емес.

Тәубе ететініміз, кеше жалқының аузынан шығар құпия бүгін жалпының аузындағы пәтуаға айналып келеді.

Кешегі кетіп қалған Ыдырыстардың да, бүгінгі қалып қойған біздердің де талай жылғы тілегеніміз осы емес пе еді?! Ел түлеп, тілек түгенделгені емес пе еді?!

Сол тілектердің әзір бірі орындалса, бірі орындала қойған жоқ.

Сол дәмелердің біреуінің соңына түсуге тәуекеліміз жетсе, біреуінің соңына түсуге тәуекеліміз жетпей жатыр.

Өйткені, күллі қоғамның өзі қатпаған теңіздің үстіндегідей қалтаң-құлтаң алмағайып хәл кешуде.

Өтпеліден арылып, өміршеңді орнықтыру үшін де ой мен сезімнің мехнатты еңбегі, ыждаһатты ізденісі керек. Әсіресе, өткен өкініші, кеткен есесі өте-мөте көп мына біздерге өте-мөте керегірек.

Тек сонда ғана қай-қайсымыз да: «тоты құс түсті көбелек жаз сайларда гулемек; бәйшешек салмақ, күйремек; көбелек өлмек, сиремек; адамзатқа не керек; сүмек, сезбек, кейімек, харекет қылмақ, жүгірмек, ақылмен ойлап сөйлемек; әркімді заман сүйремек, заманды қай жан билемек?, заманға жаман күйлемек, замана оны илемек»,— деп Абай айтқандай, заманға күйлеп кететін көбелек мінезден тезірек айығар едік.

Тек сонда ғана үлкенді-кішіміз қандай қиямет дағдарыстардан тұрса да, қандай дүрбелең сілкіністердің ешқайсысы да, түптеп келгенде, мәңгілік құбылыс емес,

қыс пен көктемнің өларасындай өткінші құбылыс екенін аңғарып, жылт ете қалған келелі күн шуаққа алданып, өріске ерте шығып, отамалыға ұшырап, оталып қалмауға тырысар едік.

Табиғаттағы өлара ғарыштағы жылу-қуат алмасу заңдылығына тәуелді. Мерзімі жеткенде туады, мерзімі жеткенде тынады.

Қоғамдағы өлара — тарихи құбылыс. Адамдардың мінез-құлқындағы құбылмалы өзгерістерге байланысты. Олардың құбылуының пәтуалы, пәтуасыз, объективті, субъективті себептері мол. Қайсысының басым түсуіне байланысты не дер кезінде салихалы арнаға түседі, не бір іліктен соң бір ілік тауып, өрши, ушыға түседі.

Не де болса, дүниеге келетін сәбидің бойға бітер кездегі толғағы мен жарыққа шығар кездегі талғағы мейлінше келте болса, лазым. Әйтпесе, тым ұзақ талғақ пен толғақтың нәтижесінде қол-аяғы балғадай торсық шеке ұл сүюдің орынына, кейін қашып құтыла алмайтын қайдағы бір құбыжыққа тап болуымыз да мүмкін ғой.

Ендеше, қазіргідей өтпелі кезеңде, күрт бетбұрыстар тұсында әлгіндей-әлгіндей беті әрмен кесепаттарға жолықпауымыз үшін тәуекел мен парасаттың, жігер мен сабырдың, арман мен ақылдың қол ұстасып бірге жүргені жөн еді. Өйткені, көңіл сабасына түспей, өмір сабасына түспейді. Онсыз арман тәрк, адам ғарып болмақ... Сондықтан да бұл күндері театр сахнасынан гөрі өмір сахнасына Ыдырыс кейіпкерлерінің парасаты, Ыдырыс кейіпкерлерінің ыждаһаты, Ыдырыс кейіпкерлерінің төзімі мен сабыры керегірек сияқты.

Олай болатыны, арман арналанып үлгергенімен, заман арналанып үлгерген жоқ. Мұндайда байыбын тауып іс қылып, бағытын тауып, алға баспасақ, не тағы да қаралай сабағымыздан қуарып, не тағы да ыссылай сұғынамыз деп, маңдайымызды тасқа ұрып алуымыз ғажап емес. Жүрек пен бас, қол мен ақыл қатар қиналып, қатар қимылдайтын кезең келді. Сонда ғана еңбегіміз еш, қарекетіміз кеш болмайтын шығар.

Сонда ғана қай істе де еліміздің риза болып, тіріміздің мерейі тасатын күнге тезірек жетерміз.

Ләйім, аузымызды жақсылыққа жазғай!

1991 жылы сәуір айында
М. О. Әуезов атындағы академиялық театрда
өткен мүшелтойда сөйленген сөз.

АТЫ ДА, ЗАТЫ ДА АСҚАР ЕДІ...

АЙНАЛАЙЫН АСҚАР БАУЫРЫМ!

Қашан да қабырғанды қаусатып кететін Ажалдың бұл жолғы зорлығы тым асып тұр. Арамыздан тек бір шаңырақ, бір әулеттің ғана емес, күллі ұлт, күллі әлеуметтің асқар тауын құлатып, Өзің кетіп барасың. Арасаттан оралмаған әкенің шайқалған шаңырағын қайта тіктеп, жер қауып қала жаздаған жесірдің көлдеткен көз жасын қайта құрғатып, құлыншақтай қарындастың тұлымшағын желбіретіп, қолынан жетектеп, астана есігін енді аттаған жас өспірім кезінде-ақ, күллі қазақ қауымының рухани ордасының қақ төрінен ойып тұрып өз орныңды алып ең. Атаң да табақтас, ағаң да дастархандас бола алмаған жақсы-жайсаңды аузыңа қаратып, тізелес отырып, терезеңді тең ұстап, тебіренің мәслихат құрып ең. Жүзіңнен іні түгілі аға именіп, сөзіңнен шала түгілі дана қаймығушы еді. Жарық жалғанның бәр қырын қапысыз танып, бәр сырына қапысыз қанып туған туғұлама басыңмен қай ортаның қай мәжілісіне түссең де, көз біткенді телміртіп, көңіл біткенді емірентіп жүре беруші ең. Көкірегіңе даңғыл, көмейіңе бұлбұл орнап туғандай елден ерек дара болмысыңнан тайсалмайтын маңдай, таңғалмайтын таңдай жоқ еді.

Бәлкім, біздің ғасырымызда, біздің топырағымыз бен біздің нәсілімізден сенен білімді, сенен шешен, сенен турашыл, сенен қайсар, сенен мәрт азамат енді туса, туар. Бірақ, бұрын тумағанына біз кепіл. Әуелден де асып туған асылдықтың қасиеті қанша болса, қасіреті де сонша екенін басқа білмесе де, Сен білесің. Сондықтан да төбеңе аласа төнсе, еңкеймей, биік төнсе, шалқаймай, өмір жолын алшаң басып, асқақ жүріп тауыстың. Өйткені, Асқар деген сенің атың ғана емес, затың да еді. Атыңа сын, затыңа мін жуытпай, өзіңнің де, сөзіңнің де бәсін биік ұстадың.

Анда-санда бір туатын, бір туса да ірі туатын Аршлан талантыңның сирек төлдерін қолымызға айбына алушы едік. Хиуадан шауып, қисынын тауып жатқан ой иірімі мен сезім үйіріміне, сөз кестесі мен пікір дестесіне, жолбарыстың жонын шымшылап ойнағандай жүрек жұтқан

қайсар шыншылдыққа, тереңнен суырып айтатын, таңдайды қуырып айтатын азаматтық уытқа, ешқашан ешкімге, ештеңеге ұқсатпай, елден ерек мүсінделген бітім-пішімге айызымыз қана рахаттанушы ек. Сонда жазғаның қандай тағлым болса, жазбағаның да дәл сондай тағлым екеніне көзіміз әбден жетуші еді. Қаламыңнан жаратылған сол сиректің бәрі де асылдар санатынан орын алып, алыстарға жететініне сеніміміз кәміл. Өзіңе өзің сонша қатал, тіпті сонша қатыгез басыңмен өзгелерге сонша мейірбан, сонша сахи ең. Өнеріміздің қай саласындағы да өз тұсындағы жасық пен жаманның ешқайсысына зәредей де қатысың болған емес, ал жақсы мен асылының бәріне де сенің сіңірген еңбегің зор. Талайына қолма қол ат салыстың, талайына ақыл қостың. Сондықтанда сен өз заманыңдағы өнер дүниесінің сарабал қазысы, салихалы ақылгөйі бола білдің. Қиын кезде әділет пен азаттық, парасат пен шындық жолындағы күрестің тауқыметі мен азабын татудай-ақ татып, көксегенге енді жеттік пе деген кезеңде, жемісінен ауыз да тие алмай, таң машһарға ерте аттанып бара жатқаның жанға батады. Пайғамбар әулетінің асыл тұяғы-ау, ең болмаса, пайғамбар жасына жетіп кетпедің бе?!

Қаршадайдан бірге өсіп, бұл тағдырдың наласы мен нақағын да бірге естіп, жаласы мен шатағына да бірге үйітілген қанды көйлек досым-ау, жастасым-ау, бастасым-ау, бұл дүниеде төбеңе көтеріп ардақтайтының да, сыйлайтының да, қызығатының да, қимайтының да көп еді ғой... Қайда асықтың? Жақсы мен жаманның, асыл мен жасықтың шын парқын айыра алар дәурен туса, енді туады деп отыр ек қой.

Неге асықтың? Көптен күткен үміттеріңнің төбесі енді қылтиып, соңына ерткен тұяқтарыңның буыны енді бекіп, көмейдің тығыны енді ағытылып, көкіректің селі енді ақтарылып келе жатқан кезде аяусыз ажалдың, қап, қапыңды тауып кеткені-ай...

Айта берсе, өкініш көп. Байыптай білсек, шүкірлік те жетерлік. Артыңда бітірген ісің, көп көңілінен шыққан үлгі-өнеген, үздік өнерің, өсірген әулетің қалды. Қадірің өткен қауым, қасиетінді ұлықтар халқың қалды.

Екі дүниеде не нұрың шалқып, мерейің тасып, жатқан жерің жәннат боп, артқа тастаған ұрпағың мен мұраңның ғұмыры мәңгілік боп, көзің жоқта да атың ауыздан түспей, абыройың аса бергей!

Солай болады да. Алтынның азбағы, асылдың тозбағы, жайсаңның жаттан шығып, ұмытылмағы тіпті де мүмкін емес.

САНДУҒАШ ӘН, САНДУҒАШ ҒҰМЫР

*1992 жылы Роза Бағыланованың мерейтойында
сөйленген сөз*

Қаумалаған қалың әлеуметтің мына бас қосуы әбден-ақ жарастықты. Жақсысын ұлықтамау, жайсаңын қызықтамау — өз ырысын өзі тепкендік, өз тілеуін өзі кескендік болар еді. Жамырасып табысып, жадырасып тарасар бір той болса, ол осы — бүгінгі той. Әннің тойы, сәннің тойы. Ән болып шырқалып, сән болып шырайланған халықтың мәннің тойы. Ел көңілінің ешқашан жүдемес ерке назының, ел көкірегіннің ешқашан суымас ыстық ықыласының тойы.

Не керемет, не ғажап, не сұмдық, не масқараның бәріне куә болып, естімегені де, көрмегені де, таңырқамағаны да, тамсанбағаны да, шошымағаны да, шоршымағаны да, опындырмағаны да, опық жегізбегені де қалмай көп нәрседен безер боп, безбүйректеніп алған біздің ғасырдың да соңғы елу жылында бұрынғы қадірін түсірмей, бұрынғы бәсін кемітпей, жан біткенді еріксіз тебірентіп, жүрек біткенді еріксіз елжіретіп келе жатқан қадау-қадау құбылыстар бар. Аспандағы күннің нұрындай, кәусар бұлақ суындай, саналы даланың саумал ауасындай сол сиректер санатында аяулы ару, асыл азамат, ардақ адам, асқан талант Роза Бағланова талмай шырқап келе жатқан тамылжыған әндер де бар.

Елу жыл бойы елдің алдында. Елу жыл бойы елдің көзінде. Елу жыл бойы елдің көкірегінде. Неткен ғұмыры ұзақ абырой! Неткен ғұмыры ұзақ бақыт! Неткен ғұмыры ұзақ махаббат! Ол үшін елден ерек талант, елден ерен еңбек, елден ерек ерлік керек шығар. Осы үшеуінің біреуінен-ақ аямай үлес ала алған пенде ұшпаққа шыға алар еді. Роза Тәжібайқызынан жомарт табиғат жомарттығын еш аямапты. Үшеуін де беріпті. Бердім деп беріпті. Сондықтан да ол бір ғұмырында тек өз жұртын ғана емес, күллі адам нәсіліне бірдей тәнті, тек өз замандастарын ғана емес, екі дүниедегілердің бәрін бірдей риза ете алып отыр.

Олай дейтініміз, шартарапты түгел аралаған әншінің шаршы дүниеде бара алмаса, бара алмаған пұшпақтары бар шығар. Бірақ, оның көмейінен күміс төккендей күмбір әуенінің, жақұт төккендей жарқын әуезінің жетпей қалған жері, естілмеген елі жоқ шығар. Ол әуен, ол әуезді естіген адамның тамсанбауы, қайта-қайта естуге ынтықпауы еш мүмкін емес.

Екі дүниедегілердің бірдей риза болатындығының әлденеше себебі бар. Ғұмыр жеткізбеген жерде арман жеткізеді деп, тағдыр бұйыртпағанды тарих бұйыртады деп кім ойлаған. Қазақ даласы сүлей таланттарға, дүлей дарындарға қашан да кенде болмаған. Бірақ, соның көбі өз өлкесі мен өз замандастарына ғана таныла алды. Қалған дүниені былай қойғанда, өз ұлтының ортақ мақтанышына айнала алмай өкініште кетті. Талантының шама-шарқы жетпегендіктен емес, тағдыр талайының шама-шарқы жетпегендіктен солай болды. Сол бір мұңлық әндер мен мұңлық таланттардың талайының өлгенін тірілтіп, өшкенін жандырған Роза Бағланованың асқан орындаушылық өнері еді. Ол өткен дүниенің көмескі көне мүліктерінің арасынан талай інжуді, талай маржандарды жарқыратып ашып берді.

Екі дүниедегілердің бірдей риза болатындығының тағы бір себебі: өнер қарлығашы қаршадай бойжеткеннің алғашқы сахнасы — қан майданның ортасы, алғашқы тыңдаушылары — сол бойда жаңбырша жауып тұрған оқтың астына аттанғалы отырған жауынгерлер болды. Талай боздақ үшін сол соңғы естіген әндері болды. Сондай мыңдаған боздақтың соңғы жүздескен туған елі — Роза, соңғы естіген туған жұрт лебізі — Роза үні болды. Талайымыздың атамызбен, әкемізбен, ағамызбен біз болып, артта қалған туған ел, туған жер болып, Роза бақылдасып, Роза қоштасты. «Тауда болар тарғыл тас, тарықса шығар көзден жас, тар қолтықтан оқ тисе, шығады сүйеп қарындас», — деген ғой. Татар дәмі сарқылып, көрер жарығы таусылып тұрған талай боздақтың тарыққан көңілдеріне ақтық нұр, талықсыған бойларына ақтық қуат дарыта алған ұрпақ ол дүниеде мәңгілік риза болса, қалған ұрпақ, біз бұл дүниеде Роза әндеріне мәңгілік қарыздармыз.

Тек осы еңбегінің өзімен-ақ Роза Тәжібайқызы қазақ ұлтының рухани әлемінде ұлы тұлға боп қалары анық. Алайда өнерімен де, өмірімен де өз халқымен тағдырлас, тамырлас жаратылған тума талантқа қарыздар болар

ретіміз тек бір бұл емес. Қазіргі жер басып жүрген қазақ нәсілінің кейінгі жарты ғасыр ішінде Роза әнінсіз, Роза үнінсіз кешкен сағаты болса болар, Роза әнінсіз, Роза үнінсіз кешкен күні болған жоқ. Ол тағдырымыздың талай жадырау сәтінде ажарымыз, жабырқау сәтінде базарымыз бола білді. Талай шаңырақтың тойы, талай ортаның думаны, талай пенденің қуанышы Роза әнінсіз, Роза үнінсіз өткен емес. Розаның көзін көрген күннің бәрі көктем, Розаның үні естілген жердің бәрі пейіш. Халық перзенті, ел мерейі, өнер жұлдызы Роза Бағланова бұрын біреу біліп, біреу білмейтін қазақ жұртын жарық жалғанның бәріне паш етті. Бұрын біреу түсініп, біреу түсінбейтін қазақ әнін жарық жалғанның бәріне түсінікті, бәріне сүйікті етті. Сол үшін де Роза көкейінен шыққан әр үнге, Роза үні естілген әр күнге мың-мың рахмет айтып, мың-мың тағзым етсек айып па?! Өйткені көк тұңғиығынан селдеткен күннің нұрына, жер тұңғиығынан селдеткен судың нәріне кім баға бере алады?! Тамсанып, таңдай қаға, таңданғанымыздың өзі жеткілікті емес пе?! Ендеше, аспандағы күнге табынғандай Розаның үніне табынып, жер нәріне тамсанғанымыздай, әніне де тамсанып таңдай қаққанымыздың өзі дұрыс.

Әлі де шырқап, биікке самғай бер, жүректерден түлеп ұшып, жүректерге барып қонатын Сандуғаш Ән. Сандуғаш Ғұмыр!

ЖАНЫ ЖОМАРТ, ІСІ МӘРТ

Ел болсақ, ес жидық деген осы. Ел қорғаны бола білген көзі жоқ ерлердің аруағын әспеттеуге, елге жоқшы бола алатын көзі тірі азаматтардың тілегін бірге тілесуге үйреніп келеміз. Өз басым ұлан-байтақ өлкеміздің талай жерінде бола жүре талай замандастарым жайында жақсы лебіздер естіп, төбем көкке жетіп қалды. Жұрттың, әсіресе, көп мақтайтыны — Шерхан Мұртаза. «Шерхан дұрыс айтты», «Шерхандар дұрыс жазып жатыр»,— деген пікірді жиі естимін. Естіген сайын — «Тәубә! Тәубә!»— деп қоямын.

Олай дейтінім: ұзақ уақыт жетекте жүріп қалған көшіміз бұдан былай өз бұйдасына өзі ие болып, өз жөнін өзі таппақшы. Мұндайда, Махамбет айтқандай, артар жүкке шыдайтын, тартар бейнетке төтейтін кәтепті қара нарлар керек. Көп болса, тіптен дұрыс. Сондай нарлардың бар болғаны қандай ғанибет! Бар нарларын қауымының қапысыз тани білгені қандай тамаша! Әйтпесе, бір-бірімізді көре жүріп, көрмегенсуден, біле жүріп, білмегенсуден ер бағын да, ел бағын да байлап алған тұстарымыз аз емес. Оған, бірақ, жалқымыз да, жалпымыз да емес, әрдайым біреудің қолындағы тақ-тұқ шарапатқа таласып өскен таңқы-тараң қалпымыз жазықты еді. Етек-жеңіміз енді жазылып, аяқ-жөніміз енді кеңітін тұста оқшау қамды қойып, ортақ қамның жолында өнегелі іс көрсетудің орнына, әуелден астауға таласып үйренгендіктен, көлге жапсаң да, кимелесіп, бір-біріне су ішкізбейтін шөлдің жылқысындай жоқтан өзгеге кіржіңдесіп, бір-бірімізге тіс көрсетуге тырыссақ, шын масқара сол болар еді. Мұндайда қауым құлқын қалыптастырар қоғамдық пікір тұтқасын ұстап отырған азаматтарымыздың мойнындағы парыз, әсіресе, үлкен.

Шерхан Мұртазаны жұрт, ең алдымен, сол парызды, адал атқарып келе жатқандығы үшін ардақтайды. Ол тек бүгін ғана бұлай болып отырған жоқ. Әуелден де солай еді. Алпысыншы жылдар басындағы азғантай шуақ тұсында әуелі «Жұлдыздың» қойнауында кемді-күн ауыздары көкке тиіп, мәз-мәйрам болып қалған жас

буын әдебиетшілер, артынан заман қайта қатайып кетіп, маңдайлары тасқа тигендей болғанда, Шерхан басқарып отырған «Лениншіл жастан» пана тауып еді. Сол кезде қалтарыс жүріп-ақ, қалыптасып үлгерген ұлтжанды естиярлық, әлеуметтік батылдық Шерхан қызмет бабымен қайда көшсе, сонда бірге көшіп, біресе енді-енді қаз тұра бастаған «Жалынға», біресе талай жерде ауызы күйсе де, шым-шымдап шындық айтып отыруға үйреніп алған «Жұлдыз» бен «Қазақ әдебиетіне» барып қонақтап еді.

Өз басым қазақ қоғамдық пікірі баяғы екі ғасыр тоғысынан бермен қарай қалғып жатты, тек кейінгі жылдары ғана селт етті дейтін ұғымға қосыла алмаймын. Өйтіп, талай буын қаламгерлердің талай жерде жандарын шүберекке түйіп отырып жазған, айтқан, шырылдаған шындықтары мен батыл ойларының обалдарына қалар жәйім жоқ. Ол кезде мұндай тәуекелге қазіргідей екінің бірі емес, нағыз егеудің сынықтары ғана бара алатын.

Шерхан Мұртаза да сол сойдантұғын. Бірақ, оның «Жарға біткен жантақты жаннан безген нар жейді»— дейтіндей жанкешті батылдығы бірден бағалана қойған жоқ-ты. Ел тарихының ең даулы, ең күрделі тұстарына елден бұрын қалам сілтегені үшін мақталудың орнына датталған кезі де болды. Ыңғайпаздығы аздықтарынан қырға алынып жүрген таланттарға тар кезеңде пейіл танытқаны үшін өзі де суық қабаққа ілініп қалып жүрді. Өз басының кемшіні үшін болса бір жөн ғой, әрісі арыстасына, берісі аймақтасына бола, қаралай күйдіретін найсап нақақтың өртіне де талай шыжғырылды. Адал мен әділ шегер көресінің бәрін де басынан өткерді. Бәлкім, етек-жеңінің кең болуының айрықша бір себебі де осы өзі көрген құқайды өзгеге көрсеткісі келмейтіндігінен шығар. Бұл — нағыз рухани мәрттік. Қазіргідей есеп айырысып, жаға жыртасып қалуға оңтайлы алмағайып кезеңде айрықша зәру, айрықша керек қасиет. Әйтпесе, кеше өздері тышқан мұрнын қанатуға қауқарлары жетпей жүріп, бүгін әркімге соқтығып, батырсына тындар, жау кеткесін қылышын босқа шапқанымен қоймай, досқа шауып, шала бүлінетіндер, тірімізді қойып, өліміздің ара-жігін айырып, баяғы бықсықты қайта үрлейтіндер әлі бар. Ондай-ондай рухани мүсәпірлікке бой алдырып, ар қуатын кезеңде дау қуып кеткен қауымдардың бастары да өспейтініне, бақтары да тасымайтынына көзіміз әбден жететіндей уақыт болды. Заманның тарында не болып, не қойса да, заманның

кеңінде өз қолыңды өзің бәрібір кесе алмайсың. Бір-біріңнің ізіңді шабақтап жүріп, ортақ мақсатқа бәрібір жете алмайсың?! Баяғыда бірін-бірі байлап-матап әкеліп отырған ағайын екі елдің екі батырына уәж айтқан бір кеменгер: «Атаңның құнын кешетін, ағаңның қолын шешетін, ертеңгі елдікті айтпай, кешегі ездікті айта беретіндердің тілін кесетін кез келді»,— деген екен. Сол уәж бүгінгі бізге де айтылып тұрғандай. Жасымыз бар, жасамысымыз бар, жазатынымыз бар, жазбайтынымыз бар — ойласақ, тек қайткенде ел болатынымызды айтайық. Өйткені, азаттыққа жету қандай қиын болса, азаттыққа үйрену де сондай қиын. Азаттыққа үйрену — ең алдымен, ынтымаққа үйрену. Себебі: қандай да қауым болмасын, азаттық алғанда бір-бірімен кетісу үшін алмай, бір-бірімен бекісу үшін алады. Ендеше, күллі ел болып, тездетіп тәуелсіз құлық, тәуелсіз парық, тәуелсіз әрекет қалыптастырудың қамына кіріскеніміз мақұл.

Осындай жолда қаламгер ретінде де, қайраткер ретінде де аянбай еңбек етіп келе жатқан атпал азаматымыздың, айтулы суреткеріміздің алпысқа толып отырған күні оған ұзақ ғұмыр, алда да талабына дәт, ісіне сәт тілегеніміз лазым деп білемін.

1992.

ЖЫР СҰЛТАНЫ ТУРАЛЫ СӨЗ

*Қазақтың Абай атындағы Академиялық театрында
ақын Сұлтанмахмұт Торайғыровтың 100 жылдық
мүшел тойында сөйленген сөз*

Иә, сол бір жылғы жан біткенді жадыратып, тән біткенді балбыратып, жасарып-жаңғырып жатқан жаратылыс атаулыны түгел шаршысына толтырып шалқытқан мамыр айының дәл жиырма бірінші жұлдызында кемеліне келіп, кенеле құлпырып тұрған керемет өлкедегі бір шаңырақтың астында болған осы бір оқиғаны көрген түгілі естіген жанның ет-жүрегі езілмеуі еш мүмкін емес еді. Қасиетті Сары Арқаның қақ төрінде қадым замандардан бері бұрала басқан бұла бойжеткеннің бұрымындай бұлаң қағып, бұлқына аққан Шідерті бойына шілдің жұмыртқасындай шашырай төгілген ағайын ортасында қызметте жүргенде аяқ астынан төсекке алып ұрған ауыр дерттен қатты қалжырап, біраздан бері оң жақта сартап болып, сұлқ жатқан құр сұлде әбден сылдырап, қалған қаңқасын кенет көрпе астынан көтеріп ап, жан-жағына шаншыла қарады. Көптен көлбей жығылған талықсы кірпіктердің тасасында жалбыз басып, бітеліп қала жаздаған қайнардай тарс жұмық жатқан қос жанар ойда жоқта шоқтай маздап, үрпиісе қалған үй ішіндегілердің ешқайсысына кідірмей не көкте, не жерде екені белгісіз, кеңістіктің әлде бір нүктесіне қадала кетті. Қырылдай шыққан әлжуаз үн: «Апырай, енді бір-екі жыл тұрғыза тұрсаң ғой», — деді де, кілт мүдіріп, күрт үзіліп жүре берді.

Әлгі бір жантәсілім лебізді әр кім әр саққа жорыды. Әрине, мынау құрт-құмырсқа, бақа-шаянға дейін мәзмейрам масайрай өніп-өрбіп жатқан жарық дүниеден татқанынан тартқаны, сүйінгенінен күйінгені көп болып, бармағын тістеген қалпы қыршынынан қиылып бара жатқан есіл боздақтың өйтіп өксік атардай өкініші аз емес еді. Алайда, жанға тән, ғұмырға ғұзыр көзапараға қиянат жасап, талай нәрседен әлдеқашаннан бері-ақ баз кешіп, жар қызығы мен бала қызығынан өз күдерін өзі

үзген-ді. Айттырулы қалыңдығының да обалына қалмайын деп, сырлас құрбының сыйластық қалпынан әрі асырмай, тек көңіл жалғасып келген-ді. Демек, жаны алқымға келгенде жан айқайын шығарған бұл гәп болмаса керек-ті. Атақ шығарып, бақ асырудың да жолына түсіп, өлімін сатып көрген емес-ті. Басқасын былай қойғанда, атасы қазақты аузына қаратқан от тілді, орақ ауызды бабалары Шоң мен Торайғырдың жолын қуып, қолына қамшы ұстап, билік құрса да, талайдан талайы ілгері боп, басқалардан басы озары даусыз еді. Бірақ, ауылдас жарлы-жұтаңға жақсылығы тие ме деп, Шорман тұқымының біреуіне ісі түсіп барып, оң қабақ көрмеген соң: «Шоң, Шорман едік, бір-бірімізге қорған едік; Шоңның, Торайғырдың көк жапырақтары бұтағына келіп қонған едік; онымызға қарай сіз де: «кім келіп, кім кетпеген ауыл едік» деп, бауырлығыңды білдірмей, арқаңның жауырлығын білдірдің; Шоң, Шорманға бастамасаң да, ілтипатыңнан тастамағаныңа рахмет, хош»,— деп, қол алысып жүре бергені, былай шыға серіктерінің алдында: «мұнан былай малға басым имеске, рия тонын кимеске, кісі құрметін сүймеске, өз ісіме тимеске, кісі тіліне ермеске, «қазақшылыққа» енбеске, аштан өлсем, адамға намысымды бермеске, май тамызса тілінен, еш адамға сенбеске, өз ақылымнан басқаға құлағымды кессе де, көнбеске кәміл уағда етілді»,— деп ант-су ішкені бар еді. Тірісінде тапжылтпай ұстап келген сол антынан фәниден бақиға ауып бара жатып айнуы, аяқ астынан осалдық жеңіп, ағайынға шағынуы ақылға симас еді. Әлде жастайынан көңілін арбап, көз майын сарыққан ала қағаз бен көкіректегі талай шерменде шерін жеңілейткен улы сияны қимады ма екен? Бұның да реті бар. Бірақ, енді екі жыл тұрғанда да күн сайын өз-өзінен қордаланып жатар ойды бәрібір сарып тауса алмасына басқа түсінбесе де, ол түсінетіндей еді ғой. Ендеше, ол және бір-екі жыл тұра тұруға соншама неге құштар болды? «Жасамаймын еңбектің жемісін көзбен көрем деп, жасаймын бір қолғабыс кейінгіге берем»,— деп өткен ақынның әлгі мінезін фәнидің баянсыздығына бола назалануға да, қадірін танып үлгере қоймаған халқына айтқан ақырғы бопсаға жорудың да еш реті келмейді. Қайсар рух иесі қасындағы мен қатарындағыға қадірін бұлдамас болар. Жүз жылда есімін алғаш рет әспеттеуге қолы әзер жетіп отырған кейінгі ұрпақ бізге де ол тап сол кездің өзінен сағын тіктеп, салмағын салған шығар. Ендеше, көз

жұмар алдында көкірегін қарс айырып айтқан әлгі өкініш адамға емес заманға, тағдырына емес тарихқа бағышталған болса керек. Оған түсінсек, енді түсіне алармыз. Онда да араға жетпіс үш жыл салып барып, әзер түсінгелі тұрмыз.

Иә, ол мына дүниеге таң қалуға емес, таң қалдыруға келгендей, тым ерекше тылсым, жұмбақ тұлға еді...

Расында да, қайтып таңғалмайсыз?!.. Өзіңіз ойлап көріңізші... «Аспанмен тілдескен асқар шың, тік жартас, түпсіз құз, таудың ұшар басынан, етегіне дейін сыңсыған сыпсың қарағай, ақ қайың, барғын, мойыл, қиядан ойға, ойдан орманға сүңгіп, сыбдырлап, бұраңдаған бұйра бұлақ, шөккен алыптай асқар Баянның оң қолтығында айнадай жарқыраған Сабындыкөл, сол қолтығында түндей түнерген Шойындыкөл, жамбасында тас аралды, көк құрақты Торайғыр көлі, жаз болса, көкорай шалғын, көк балауса, жасыл жапырақ, гүл, жеміс, тау іші ығыжығы аң, бұта толған жыршы құс... Міне, сол зәулім жаратылыстың бауырында бала Махмұт балдырғандай бала шағын өткізді»,— деп Жүсіпбек Аймауытов тамсана жазғандай, оның туған аймағы пейішке бергісіз ғажайып өлке-тұғын. Сол пейіштен дүниеге келген ақын перзент те: Аузынан мәйегі шығып, уызға бөккен, жайлауда туған ақ көпештей болып, маңқиып отырушы еді»,— деп, көзін көре қалған жеңгелері еске алғандай, нағыз періштедей сүйкімді бөбек болып өсіпті.

Ал, сол пейіште туған періште ақынның жырларын ашып қараңыз-шы. Әлгіндей үлбіреген әдемі дүниені таба аласыз ба? Маңайына маңқия қарайтын ақ көпеш баланың он төрт жасында қолына алғаш қалам алғанда ауызына: Секілді өмір қысқа, жарты тұтам, надандар деп ойлап жүр өмірді ұтам,— деген сөз түсіпті. Көзіне де тамылжыған табиғат ілікпей, қайдағы бір «жібек торғын жапқанмен» «жүндеген түйедей боп қара қайысы» көрініп тұрған сырт настық пен «мұрыны сасық сиырдай судан жеріп» жан біткенді менсінбей «тұмсығын шүйірген» іш найсаптық, бәрін де «ұрып жығып, малмен алған, қара көңіл, топас ой» «қыжыр мінездер» шалыныпты. Неге олай? Жанына жолап кеткенге азуын ала жүгіретін туа біткен қырыстық пен ештеңеге көңілі бітпейтін сүйекке сіңген қазымырлық па? Олай десең, он алтыға толар-толмасында: «жан сәуле, кеуде күйген, жүрек жалын!» Кеудем от, жүрегімнің байқа хәлін?! Дауасы

ауыр дерттің — жалғыз сенсің, қолың бер, кетсін қайғы, сөнсін жалын!»,— деп неге үздігеді?!

Жоқ, ол бұл дүниеге бәрінен жеріген, бәрінен суынған салқын ақылмен емес, ғашық, бәріне құштар нағыз періште сезіммен туған-ды. Бірақ, сол әу баста асқақ арман арқалай келген ақын көңіл маңайынан арзымсыз мінез, аяр қылық, бәтуасыз шындық көрді. Тіпті төңірегіндегілердің неге мәз болып, нені медет тұтатынына түсінбеді. Көріп жүргені — көңілге азап болмаса, ләззат дарыта алмас дозақы құлық, тозақы тірлік еді. Ызалы жүректен ызғарлы сөз шығары белгілі. Ол да нәнсінген надандықтың, пәлсінген пенделіктің, бажылдақ пақырлықтың, тапсынған тасырлықтың сөзін сөйлемей, апшыған адамгершіліктің, арланған азаматтықтың сөзін сөйледі. Күйкі дүниенің күйінген күлдіргі емес, күйдіргі сөйледі. «Ызалы жүрек, долы қол — не жазып кетсе, жайы сол»,— деп ұстазы Абай айтқандай, тұсы мен тұстастарының көңілін аулай сөйлемей, қауымның қамын қамдай, заманның алдын барлай сөйледі.

Таң қалатын нәрсе бұл емес еді. Талантты дегендердің, сұңғыла дегендердің өзі талай тауқыметті бастан кешіріп, талай жерде маңдайы тасқа тиіп барып, көзі жететін тапжылтпас ақиқатты он алты жасар бала бесіктен белі шықпай жатып, қайдан ұғып; «жан қайда әділетті іздейтұғын, адамшылық атақты көздейтұғын, тірлік пен өлген күнді бірдей ойлап, екі жәйден күдерді үзбейтұғын»,— деп күңіреніп жүр? Әуелі бір дүниенің ләззатын түгел татып үлгермей жатып, екі дүниенің абыройын бірдей ойлау тегін кісі түсіне алмас ұғым, ұстана алмас мұрат-тұғын. Қашан қыр-сырға қаныққан соң емес, қай-қай құбылыстың да болмашы шетін көрер-көрместе-ақ бүкіл болмысын түгел танып, түгел түйсігу кез келген кемел таланттың емес, ілуде бір жолығар кемеңгер таланттың ғана қолынан келер шаруа еді. Көкіректе көріпкелі бар дара тұлғалар, дана тұлғалар ғана замана сыңайын алыстан аңғарып, сол әлі алыс болмысқа тезірек жетуге асығатын-ды. Жақын жайлаудың шүйлілігіне қызығып, жайбарақат жайылып қалған жабы тұғырдан тұлпар шықпайтыны сияқты оңай ләззат, оңай баққа тоғайып, тоқмейілсіп пәлденген пендеден де кемел азамат, кемеңгер қайраткер шықпасы түсінікті. Аяғы жүйрік пырақты талай ағаттықтан сақтандырып, сейіс суытып, сейіс баптайтыны сияқты ақылы жүйрік азамат тек өзін-өзі ғана сақтандырып, тек өзін-өзі ғана

сабаға салып, тек өзін-өзі ғана баптай алмақшы. Сұлтанмахмұттың да өз қасындағы пейішті, өз басындағы нәсіп пен дәрежені қызықтап кетпей, елінің басындағы тозақ пен елінің тағдырындағы кесір-кесапатты ойлап жер-көкке сия алмауында да осындай бір алабөтен тектілік, осындай бір айырықша рухани ақсүйектік жатырған сияқты. Тағы да сол он алты жасында жазылған бір өлең: «бір адам көп жасады жер бетінде, мекендеп жақсы жайды ел шетінде; зорлықшыл арам ойлы, ұры болды, құралған арамдықтан дәулеті де; нашарды зар жылатқан жалғызын жеп, тірлікте ойламаған «өлемін» деп, жалғанды жалпағынан басып өтті, «жазғанын көрге барып көремін» деп, сол сорлы ауырып жатыр өлейін деп, қимайтын аманатын берейін деп; таусып ап желдей ескен аз өмірді, қойнына суық көрдің енейін деп; өлді ол мезгілінде ажал жетті, өлшеулі дүниеден демі бітті, оранып үш қары бөз басқа түк жоқ, сақтанбай тірлігінде көрге кетті; Жатты ол қараңғыда зәресі ұшып, тірлікте молда айтқаны еске түсіп, дейтұғын: «имансыздарға періштелер көрсетер көр азабын тәнді қысып», қозғалып, шамасы жоқ тұратындай, созылды қараңғылық таң атырмай; «Қайда жүр періштесі сұрайтұғын, кешікті-ау, бұлар қайда,— деп,— апырмай». Сонымен әлденеше жылдар өтті, тән шіріп, топырақ боп, тозып бітті. Шыбын жан айналсоқтап сасық көрде «періште келеді» деп босқа күтті. Ал енді молда қайда, сөзі қайда, беретін ұжмақ, дозақ анау жайда, білмеймін анығын да, танығын да, бас қатты шешемін деп, жоқты ойда». Ақылыңды айран, ойыңды ойран етер тәпсіл. Бір кезде Асанқайғыға жел мая мінгізіп жер кездіріп, Қорқытқа ажалдан қашып құтылар айла таба алмай, көр қаздырып жүрген де осындай рухани максимализм ғой. Бақ пен дәулеттің әлеуметтік нарқы. Іс пен әрекеттің адамгершілік парқы. Дала фәлсәфасының үйреншікті тақырыбы, өзекті арнасы. Егер бұл дүниедей абзалдығың ол дүниеде бағаланып, жұмақ бұйырып жатса, нұр үстіне нұр. Егер бұл дүниедегі кәззаптық ескеріліп, ол дүниеде тозақ бұйырып жатса, ол да мың асқанға бір тосқан, залалға зауал, шырқ айналып келгенде, әділеттің барлығы. Ал егер жасаған жақсылығыңның шуағы, жамандығыңның жазасы болмаса ше?! Онда өмір деп аталатын күйкі күйбеңде қандай мән қалады? Әділет пен қиянат ескерілмес жерде азап та жоқ, тозақ та жоқ. Пері де жоқ, періште де жоқ.

Бұйырғанын жеп, тигенін киіп, тап болғанға көніп жүре беретін пенде ғана бар. Бұндай анық, танықтың айырмасы шамалы дүниенің арзымы қанша? Ондай дүниеде шеккен азаптың қасіреті, көрген бақыттың қасиеті бола ма? Бұл — Сұлтанмахмұтты бала жастан қинаған батпан сауал. Ол осы сауалдың жауабын ғана ақиқат деп танымақшы болды. Сондықтан рахат емес, ақиқат іздеп шар тарапты түгел шарлайды. Троицк барады, Томск ауады. Қызылтал мен Керекуді былай қойып, Семей мен Өскеменнің қоғамдық өміріне араласады. Алтай асады. Қытай басады... Ел шетіндегі Шыңғыстай мен ел ортасындағы Шыңғыстаудың да дәмін татады. Молла, медресе, курс, мектеп... білім іздеп шарқ ұрады, журналистік, мұғалімдік, саяси қызмет... Өзін емес, елін қарқ қылам деп, басын тауға да ұрады, тасқа да ұрады, Ғайса, Мұхамбет, Платон, Руссо, Фурье, Пушкин, Лермонтов, Некрасов, Толстой, Надсон, Блок, Абай, Тоқай, Маркс, Энгельс, Ленин, Бакунин, Плеханов — адасқақ ақын көңілдің шарлап қайтқан рухани шартарабы. Бөкейханов, Байтұрсынов, Дулатов, Шәкәрім, Ермеков, ерлі-зайыпты Құлжановтар, ағайынды Сәтпаевтар, туысқандары Аймауытов, Көпеев, Аймановтар, алыстағы Қажымұқан, Сералиндер — күнде-күнде бір тұрып, бірге жүрмесе де, күн бе күн өз ой, өз пікірін салыстырып, салғастырып отыратын рухани нысаналары.

Тек осының өзінен-ақ оның жанындағы рухани ізденістер өрісінің қаншалықты кең, қарқынының қаншалықты мігірсіз, мазмұнының қаншалықты күрделі болғанын аңғару қиын емес.

Шындықтың ауылын іздеп жолға шыққан албырт шәкірт бірте-бірте әлеуметтік болмыс деп аталатын ию-қию джунглидің ну жынысына сұғына енген сұңғыла зерттеушіге айналады, сұғынған сайын іздеген сүрлеуінің бұралаңы жиілеп, бұлтара түседі... Тапқан жауабынан гөрі жанын қинаған сауалы көбейе түседі. Жан қайда әділетті іздейтұғын?.. Оқудағы мақсат не?.. Көңілім, неге жасисың?.. Бұлар кім?.. Нешелер көз жас төгілді?.. Қызық қандай адамды қыздыратын?.. Неге жасаймын?.. Осы да әділдік пе?.. Кезек қашан келеді?.. Ғайса кім?.. Өң бе, түс пе?.. Кім жазықты?.. Ойыңды опырып, сананды сапырып кетер қорғасын сауалдар... Сұрқай тіршілікке ақыл аспанынан сорғалай жауған бомбалар... Дүниенің астын үстіне шығаратын тегеурінді дүмпулер... Ол аласапыранға алдымен осындай сауал-

дарға бола бас қатыратын абзал жүректер мен асыл көкіректер ұшырайды. Сұлтанмахмұтты да көктей солдырған жұлын құрттар да міне, осындай күн-түн миды үңгіп, мігірсіз қойылып жататын мың-мың сұрақтар еді. Соның біріне де селт етпей, тапқанды ішіп, табылғанды киіп, бұйырған жарықты тауысып шығуға да болады. Бірақ, ол ақынға айтқызсаңыз, бүйіріңнің бұлтиғанынан басқа уайымың жоқ мал өмір. Әлгіндей сұрақты төбеден түскендей қып, өзің қоймай, өзге қойса, қиыннан жалтарып, оңайына жалпайып, тірлік кешуге де болады. Бірақ, ол ақынға айтқызсаңыз, жанын қинамай жаратылып, жанын қинамай жоғала салатын маймыл өмір. Ал адам болу деген, ең алдымен, төңірегіндегі кереметті көріп, таңғалу емес, келеңсіздіктерді көріп қиналу, одан арылар амал іздеп аңтарылу. Ар деген нәрсенің өзі де сондай қиын сауалдарды өзгеге қоймай, өзіне қою үшін берілген. Ақындық өнер де солардың сөзін сөйлеп, ардың жоқшысы болар қолғанат. Содан жалтарып, төтен сауалдан айламен сытылып кетуге тырысатын рухани алаяқтық — перілік, төтен сауалға тура жауап беруге тырысатын рухани адалдық — періштелік, тырысып қана қоймай, жауап таппай тынбайтын рухани жанқиярлық — пайғамбарлық.

Сұлтанмахмұт осы ең соңғы биікке көтерілген бірегей тұлға... Жанын жегідей жеген жебір сауалдарға жауап іздеп жүріп, басқа қызықтың бәрін ұмытқан нағыз періштелер. «Дүниедегі қызықтың, бәрі де арам мен үшін, дауасы жоқ бұзықпын, талпынбаймын ем үшін; тосқаным — қабір құшағы, қашан ол келіп құшады; ойланып һәм шарланбай, құтылған жоқ менен ой, ешбіреуін малданбай, семді, қатты тұла бой; болсам деген үміттің, бәрінен бездім, ұмыттым», — деп сөйлеуге қазақ топырағында тек Сұлтанмахмұттың ғана қақысы бар. Бірақ, бұл ләззат, бақыт атаулыдан баз кешкен диуаналық емес, көптің бабы табылар ортақ бақыттың сырын таппай тұрып, өзінің ғана бабы табылар оңаша бақытты қызықтауды арсыздық көріп, ақиқат іздеп шарқ ұрған нағыз пайғамбарларға тән адалдық, нағыз пайғамбарларға тән жанқиярлық еді.

Құлдық атаулыға жаны қас абзал азамат Сұлтанмахмұттың тап мұндай он екі мың ғаламды жаратқан жаппар хақтың өзімен жарыса айтылатын астам атақтан ат тонын ала қашатыны даусыз. Алайда, пайғамбарлардың да арғы түбі адам нәсілінен екенін ұмытпалық.

Олар да әуелі өз уағызына күллі адамзатты ұйытамыз деп ойлаған жоқ. Басына хикмат бұлты төнген қауымдарын ғана қатерден құтқарып, түзік жолға салуға ниеттенген-ді. Пенденің құлқын түзеу арқылы күллі дүниені түзеуге болады деп сенді. Ендеше, қолына қаламды, өз сөздерімен айтқанда, «бұзылған қанымызды түзеп, қарайған көңілімізді жуып, жанымызға пайда, дертімізге шипа» табу үшін алған асқан талантқа ақылмандықтың ең биік дәрежесін қиғандықта тұрған ешқандай күпірлік жоқ деп білеміз. Ал егер Сұлтанмахмұт алдына ондай асқаралы міндет қоймаған, көзінің көргенін, көңілінің көргенін, көңілінің түйгенін мұрнынан тізген көп сөз құрастырушының бірі десеніз, онда Өлеңге дес беріңіз: «Мен балаң жарық күнде сәуле құған, алуға күнді барып, белді буған, жұлдыз болып көрмеймін елдің бетін, болмасам толған айдай балқып туған». Немесе: «Қараңғы қазақ көгіне өрмелеп шығып күн болам, қараңғылықтың көгіне күн болмағанда кім болам, мұздаған елдің жүрегін жылытуға мен кіремін». Немесе: «А, дүние, берсе қанат тәңірі маған, ерік алып, ұшып кетсем, көкке таман, жер-күннің аймағынан үстін шығып, әлемге көз жіберсем, сол арадан; бойымнан ірілік оты сонда сөніп, планет һәм жасаған елді көріп, тозаңдай басқа әлем қатарында айтар едім елеусіз жерді көріп; «қандай мән бұл адамның өмірінде, дәм татқызар үміт не көңілінде; туысында еріксіз жердің құрты және еріксіз аһ ұрып сөнуінде; әлемге өмір шашқан күні мынау, жердегі көрінбеген сыры мынау, бар-жоғының тозаңдай елені жоқ, адам тұрсын, жерінің түрі мынау; неменеге мақтандық көкірек керіп, өзімізге сонша артық мағына беріп, барша әлем жаралған адам үшін» деп, қалайша адасып, жүрдік сеніп?» Гагарин орбитаға шықпастан жарты ғасыр бұрын бұл өлеңнің ғарышты игеру тақырыбына арналмағаны айтпаса да түсінікті. Бірақ, ғарышкердің көктен оралып келіп, таңғалып айтқан планетамыздың тым құрдым, тым нәзік тағдырын қазақ ақыны жарты ғасыр бұрын жерден жарты елі өкше көтермей тұрып-ақ байқап, қолмен қойғандай, дәл басып айтып кетіпті. Сонда оны айтқызып тұрған қандай құдірет? Аспанға шапшыған асау қиялдың шалығы ма? Әлде жер үсті тіршіліктің жегідей жеп бара жатқан уайымы ма? Әрине, соңғысы. Өйткені, бұл жолдар жер бетінде бар болғаны жиырма жеті жыл өмір сүріп, әдебиетте жиырма жеті жыл көшпей-қонбай еңбек еткен

көшелі суреткерлеріміз де қалдыра алмаған мол мұра тастап, екі роман, алты-жеті поэма, жүз ондай өлең, көптеген мақала, очерк, әңгіме, көсемсөз жазған, соның ішінде «Қайғыны», «Жарқынбайды», «Айтысты», «Таныстыруды», «Қамар сұлуды», «Кім жазықтыны», «Адасқан өмір» мен «Кедейді» тудырған автордың аузынан шығып отыр. Солардың қай-қайсысын, әсіресе, соңғы екеуін оқыған кісі мұндай шығармалардың әншейін қиял қуған, жер үсті хикматтарды жер-жебіріне жете зерттеп білмеген адамның қаламынан шықпайтынын айтпай-ақ ұққан болар еді. Тек жеті қат жер түбі мен алты қат аспан арасындағы барша құбылысты тап бұлай бажайлап білу құдайдың ғана емес, адамның да қолынан келеді екен-ау деп таңғалар еді. Жарық дүниеге аз күнге келіп-кеткен көлденең жолаушының көрген-түйгенінен гөрі жер мен көкті жаратқан жаппар хақтың өзінің ағынан жарылып ақтарылып айтқан сырындай бірден ұйытып алар ағыл-тегіл шындық пен айна-қатесіз ақиқатқа амалсыз тамсанар еді. Расында да, адамның Өзін өзі тануының шырғалаң одиссеясын «Адасқан өмір» мен «Кедейден» шынайы жеткізген, жетім қозы емген желіндей, аямай қақтап сорып, сығып, сарқып, әбден тауысып жеткізген терең шығармалар төл әдебиет түгілі әлемдік әдебиетте некен-саяқ. Басқаларды былай қойғанда, дәл осындай мақсатпен жазылған «Тәңір тәлкегі», «Фаустың» өзінде дайын фабулалар, танымал мифологемдер, талай рет сыннан өткен сюжеттік, зерделік құрылымдар пайдаланылса, қазақ ақыны ешқандай қосалқы тәсілдерге жүгірмей, тек бір пенденің жөргекке түскенінен көр түбінде қурап, шіріп, қайтадан топыраққа айналып кеткеніне дейінгі барлық процесті ештеңені мүлт жібермей, дәл тізіп, дәл сипаттап, сол арқылы тек адамдық болмыстың ғана емес, жалпы әлемдік болмыстың егжей-тегжейлі панорамасын жасап, сол болмысты ұстап тұрған заңдылықтардың ерекше бір математикалық дәлдікпен зерделенген философиялық кескіндемесін түзеді. Құдды, бір оның зейіні рентген сәулесіне, лазерь ұшқынына айналып кеткеніндей, еш қалтарысты қағыс қалдырмай, көптен бері басы балпы, аяғы салпы боп шашалып қалған далалық әлеуметтік болмыстың бас-аяғын қайта түгендеп шығады. Қой шеті мен кеніш түбі, тал бесік пен тар лахат, жесірдің төсегі мен сылқымның құшағы, түз бен шаһар, тау мен дала, қиял мен шындық, обал мен сауап, мүсәпірлік пен

кісәпірлік, жуандық пен жылпостық,— жер үсті кеңістіктегі көріністер мен құбылыстардан еленбей қалған ештеңе жоқ. Бірақ, бірінен бірі туып, бірінен бірі өрбіп, бірінен бірі дамып, бірімен бірі жалғасып жатқан дүние. Белгілі ғасырдың белгілі кезеңінде белгілі өңірдің белгілі қауымының басындағы ахуал әуелі таза табиғи аймақтық аяда, содан тап-таза табиғи халықтық аяда, одан дәл сондай шынайы ұлттық аяда, одан да күрделі күллі адамзаттық аяда, одан ел мен жер, жер мен көк, адам мен қоғам, заман мен тарих мидай араласып кеткен жалпы әлемдік болмыстық аяда кескінделеді. Бірінен бірі сатылап өрбіп, сатылай биіктеп бара жатқан сарабдал ойшылдықты тек қана әсердің күші, пайымның күші, зейіннің күші деп тану шындыққа қиянат болар еді.

Бұл — нағыз адам жаратып, адам танытушы, әлем жаратып, әлем танытушы жаппар хақтың өзімен жарысқандай жанкешті жұмыс. Бір басты оздырып, бір көкіректі масайратып, бір көңілді желпінту үшін мұндай тауқыметтің мыңнан бірі де жетерлік еді. Жоқ, бір пенденің, тіпті саналы азаматтың, тіпті сұңғыла таланттың тек қана таза өнерпаздық құштарлығы мен ыждаһаты тап осындай ақылға сыймастай жанқиярлыққа бара алады дегенге сену қиын. Әрине, ондай жанқиярлық, расында да, өз тағдырының сырына қанығам деп жүріп, барша тарихтың сырына, жанын қинаған жақсы мен жаманның ара-жігін ашамын деп жүріп, күллі әлемдік болмыстың құрылым-түзіліміне қаныға алар ғажайып түйсік, ғаламат сезім, алапат рух иелерінің ғана қолынан келеді. Ал олар кез-келген аптада, көрінген көшеде туа бермейді. Тұтас бір қауымдарды, тұтас бір нәсілдерді сарылтып, сағынтып барып туады. Олардың өзі де қиындығы жағынан ақылың жетпестей, жауаптылығы жағынан не жаның, не арың садақаға шалынып кетердей рухани қиямет-қайымға желіккеннен де, мақтан үшін де, мансап үшін де бармайды, тек өзі үшін емес, күллі елі үшін қиналып, қоңыр тоқтыдай құдай жолына басын шалудан басқа амал қалмайтындай тығырық сәттерде ғана барады. Өйткені, әуелден де жұмақ үшін жаратылғандай кең жүріп, кең тұрғанды ұнататын екі аяқты нәсіл тектен текке жанын қинамайды. Ал, өнер, соның ішінде ақындық өнер жанның жегін ауырлату үшін емес, жеңілдетуге арналған.

Оны да әлгіндей өз етін өзі жейтін бейнетке тек елім деп еңіреген жүрек итермелейді. Қауымның не болары,

не бордай тозары беймағлұм боп тұрған талқыдағы тағдыры итермелейді.

Сұлтанмахмұт та тап осындай себеппен тап әлгіндей жанкештілікке барып жүр. Ол: «Лағнат бұлты шатырлап, жай түсіп неге қатпаймын; жер жарылып сатырлап, түбіне неге батпаймын; ит, құсқа бас игізген, көкейімді күйгізген, дүниеден ләззат таппаймын»,— деп тек бір басына күн туғаннан күйзеліп жүрген жоқ. Өйтетіні: «анау қырда татар тұр, басқалармен қатар тұр, мынау ойда қазақ тұр, қастарында азап тұр; ұйқысы көп, ояуы аз, бұл не деген ғажап тұр? Бұл ұйқысын ашпаса, надандықтан қашпаса, басқаларға мазақ тұр». Өйтетіні, қазақ өз халінің осынша мүшкіл екенін өзі білмейді. Білсе, неге бұлай, неден бұлай болғанын білмейді. Мұнша азып, мұнша тозуларының сырын өзгеден көреді, өзінен көрмейді. Бір-бірінен көреді, білімсіздіктерінен көрмейді. Сондықтан да, ақынның білетін жалғыз жауы — надандық, жалғыз кесепаты — надандық. Ел құтқарудың жалғыз жолы — талай ғасырдан бері туырылып тұрған надандықты серпілту деп түсінеді. Сондықтан да, әлгіндей дүние сырын тәптіштейтін тәпсіл поэмалар жазады. Өйткені, оның ойынша, өлең деген — «көңілді түзейтін машина». Сол арқылы біреулерді табалап, біреулерді дәріптеуден аулақ. Бар мақсаты: адасқанға жол сілтеу, жаңылғанға жөн сілтеу. Кесір мен қиянат үшін кім жазықты? Оған айтқызсаңыз: бәрі жазықты — тойымсыз байлық та, төзімсіз кедейлік те, момынның мүсәпірлігі де, озбырдың кісәпірлігі де. Өйткені, бәрі де бір-ақ түбірден — надандықтан өрбіп жатыр. Надандық деген — ештеңені білмеу, ештеңені сезбеу емес, заманның өзгеріп кеткенін аңғармау, үйреншікті ізбен далақтап шаба беру. Бай да далақтап жүр, жарлы да далақтап жүр. «Далақтап шапқан бай ұлы тоқтаса, көзі жас екен». Ол жасты қалай сүртіп, қалай құрғатуға болады? Топ-топ боп төбелесіп те, жақ-жақ боп жағаласып та заманды түзей алмайсыз. Заманды адамды түзеп түзетесің. Әркім өзін-өзі түзей алса ғана күллі ел түзеледі. Тығырықтан шығудың одан басқа жолы жоқ. Сондықтан да Сұлтанмахмұт: «жақсылық көрсем — өзімнен, жамандық көрсем — өзімнен; тағдыр қылды деулерді шығарамын сөзімнен, өзім қылдым деулерді таса қылман көзімнен; жазалы емес құдай да, күн мен жұлдыз һәм ай да; жұмақ күткіш наданның орны дозақ әр қайда; «теңгерер

соңыра»,— деген сөз тек жұбатқыш бір айла»,— деген тұжырымға келеді.

Бар тілегі елінің үстінде, бар аңсары халқының болашағында болып, мігірсіз күрес, тынымсыз ізденіспен өткен ақын мазасыз өмір жолын: «қарағай да қайғырып, суылдайды заманға, иесінен айырылып, кездескен берік қамалға, ақ қайың да дірілдеп, әлденені күткендей, қайғылы үнмен күбірлеп, сөйлейді тіл біткендей, дауылға әлсіз қара ағаш, күдерін үзбес өмірден; бұтасыз түбі жалаңаш, тас топыраққа көмілген; шоғырлы біткен сом терек, жыл сайын қажып кемиді; қуарып қызыл гүл шешек, өлімге өзін теліді; жаңа өспірім жас шілік, жер тұлғасы болады, бақытты тұрмыс тіршілік бір кезде соған қонады»,— деген жолдармен тәмамдалады. Өлең сөзіне өзек болған осы ұлағатты тақырыпты көсемсөзінде де жалғастырады. Өйткені, Сұлтанмахмұт заманы — күллі адамзаттың алдынан үш тарау жол шығып, дағдарып тұрған тұсы еді. Барша адамзаттың бай тәжірибесін бір өзі иемденіп, жаңа өркениет жасап алып, табиғи мүмкіндіктер үстемдігінен біржолата құтылып, жер-жаһанның жылы-жұмсағын қанжығасына өңгере бастаған Батыс Европа қалған дүниенің ол білетінді білмей, баяғы таз қалпында қала беруін қалады. Халықаралық өзіндік сипатын сақтағансып, оларды бірөңкей ата кәсіптерімен шұғылдануларына жағдай жасағансып, жаңалықтан шет қақпай ұстауға тырысты. Бұның аржағында қандай құлта жатқанын түсінгісі келмеген хадимшіл Машырақ үйреншікті үрдісшілдікті әспеттеді. Жәдишіл Мағұрып жаңа өркениетті озбыр отаршылдықтың бодауына беріп қоюға қарсы болып, өнегені үйренбеушілдікке шақырды. Іргедегі Ресей бар тәжірибенің бәрін мойындамай, атымен соны бағытта өрістеуді дәріптеді. Бұл үш ағым қазақ даласында да көрініс берді. Уақытша азаттықты пайдаланып, біреулер қайтадан көң сасыған көне жұртқа көшіп алуға үндеді. Өзгеден үйренсе, жаңасын үйренбей, көнесін үйренді. Ата кәсіпті қуып, ата жолын ұстап отырмыз деп мадиықтанды. Бірақ, шөп басындағыны үзіп жеп өзек жалғаған терімшілік, қолға түскен тағыны қорек еткен аңшылық, айдаған малының шетінен сойып жеп азық айырған малшылық жер басып жүрген барлық нәсілдің бәрінің де бір кездегі ата кәсібі екенін, соған қарамастан бүгінде тропикадағы пигмейлерден тасқа терімші, қар жастанып, мұз төсенген лапландтар мен тұңғыстардан басқа аңшы, жалаң аяқ құм кешкен

бәдәуилер мен туарегтерден басқа көшпенді қалмағанын ешқайсысы ескергісі келмеді. Атамекенінің бетіндегіні өндіріп, өңдеп, қажетіне жарату ата кәсіп болғанда, астындағыны өндіріп, өңдеп, қажетіне асыру неге ата кәсіп болмайтынын ешкім айтып бере алмады. Доңғалақ, қыш күйдіру, ұршық, темір ауыздық, бұғалық, тор ау, қақпан күллі адамзатқа ортақ болғанда, станок пен машина, будың күші мен судың күшінің күллі адамзатқа қалайша ортақ бола алмайтынын түсінгілері де, түсіндіргілері де келмеді. Мұндай жолмен қазақшылдықты көксегендердің уағызын Сұлтанмахмұт «қатын ойбай» санады. Әлгіндей үрдісшілдік — мешелдікке ұштасқан кеселдік еді. Ал енді барлық нәрседе де өзгенің жолымен жүрмей, өз сүрлеуімізді табамыз деген өзімбілемдікке түсіп, басқалардың баяғы да түзеп алған қателіктерінің бәрін бүгін қайтадан қайталап шығу — Сұлтанмахмұттың тілімен айтқанда, «көре-біле тұра отқа түскендік» болар еді. Ақын жедел даму үшін дайын үлгілерді өз жағдайыңа икемдей білетін жәдишілдікке шақырды. Бұл арада алыстағы жапон жұртын өнеге тұтты. Отаршылдық көрмеген азат халық озат тәжірибені өз еркімен үйреніп, тез жетілді. Ал мимырт даму азаттықтың көсегесін көгертпейді. Жедел даму жоқ жерде кемел мәдениетті елдердің алдындағы тікелей не жанама кіріптарлықтан шамалыда құтыла алмаймыз. Ақын айтқандай: «міне, көршіміз Русь жұртында бізден гөрі өнердің ер жеткендігінен тапқан пайдамыз: Русьтің не қыл дегеніне де көніп тұру болатын». Ондай кіріптарлықтан тез арылудың амалы, ақынға айтқызсаңыз, «озат мәдениеттердің көп жылда жеткен жеріне аз жылда жетіп алу», бұл үшін «олардың мыңдаған жылдар ішінде, жүздеген буындардың еңбегі мен салулы даяр жолдарын» пайдалану білу.

Біздіңше, ақынды ажал алдында абыржытқан тап осы жағдай сияқты. Өйткені, ол шектеулі сағатының жеткенін біліп жатты. Біле алмай бара жатқаны: мынандай алмағайып кезеңде оң мен солын әлі түгел танып болмаған, тоғыз жолдың торабында тұрған аңқау халқының қандай бағытқа бет алғаны еді.

Амал не, біз ақын сілтеген жолдан, ақын көксеген бағыттан тағы да адасып кеттік. Өтірік пен шынды айыра алмай, бір-біріміздің жағамызға жармасып жүріп, бөгденің шылауында кеттік. Қайтадан отаршылдық кебін кидік. Қайтадан кеңге шықпай, көңге оралдық. Жалпы-

мыз шетте қалып, жалқымыз ғана топқа кірдік. Өз жерімізде өркендеп жатқан өркениетке не алыстан көз саттық, не ішіне ене алмай, есік-терезесінен сығалап жүргенімізге мәз болдық. Сөйтіп, жетпіс жыл бойы соныдан жол табамыз деп жүріп, сол аяғы тоғыз жолдың торабынан қайта кеп шықтық. Тағы да жол айырығында тұрмыз. Тағы да тағдырымыз талқы үстінде. Бір кезде Сұлтанмахмұтты алаңдатқан кеу-кеу, сол кездегі «байбаламшылдық» пен «ойбайшылдық» қазір де естіліп қалып жүр. Үрдісшілдік пен өркениетшілдік, жедел даму мен мимырт даму, кімнен қандай өнеге алу — тағы да талас тудырып жатыр. Бірақ, бұл жолы бетімізбен лағып кетуге ешқандай қақымыз жоқ. Аузымыздың күйгенін былай қойғанда, көңіліміздің түйгені де жетерлік. Өсер ел өнегелі ұлдарын әке тұтады. Ондай ұлдар, құдайға шүкір, бізде де баршылық. Бір кезде Сұлтанмахмұт қазақ жұртының арғы-бергі аузы дуалыларын сарапқа салып отырып, Абайдың жолы бір бөлек деп еді. Шамасы, бұны ұлы ақынмен нағашы жағынан табысатын қан туыстығынан емес, зар заманда запыран жұтқан жан туыстығынан айтқан болар. Өйткені, өз мінін өзі түзей алмас, өз осалдығын өзі жеңе алмас қауым өзгенің озбырлығын да жеңе алмады. Шындықтың ала жібін аттамайтын әділ көзқарасы жағынан, халқының қамын ішінен қан жылап отырып ойлайтын адал махаббаты жағынан, онсыз да көп адасқан аңғал қауымды әр саққа бір далақтатпай, тура бағытқа, жемісті жолға бастай алар көсем пікірлігі жағынан, ұлттық ойлау жүйемізді басқалармен тайталаса алар рухани естиярлыққа көтеріп берген ұстаздығы жағынан Сұлтанмахмұт Абайға ерекше жақын тұр, ерекше етене тұр. Ендеше, қазақ рухының кеңістігінде Абай екеуінің орны бір төбе.

Кәні, халайық, сондай ардағымызды, баршамыз үшін шыбындай жанын шүберекке түйіп, тығырықтан шығар жол іздеген рухани әкеміздің, асыл ұстазымыздың, өнегелі көсеміміздің, абзал ақын — нағыз Жыр Сұлтанының өсиеттерін ерекше қастерлейтінімізді білдіріп, ең болмаса, бір ғасырда бір рет есімімізге алып, орнымыздан тұрып, өлмес аруағы, өшпес даңқы алдында шексіз риза сезіммен бас иелік.

Рахмет. Ықыластарыңызға Алла разы болсын.

1993 жыл.

КҮЙ-ҚҰДІРЕТ

(Қос шалқыма)

Оның күйлерін балқып тыңдамау еш мүмкін емес.

Ол туралы шалқып сөйлемеу еш мүмкін емес.

Мүмкін еместі мүмкін қылатындай мен де Құдай емеспін, не Құрманғазы емеспін.

Құрманғазыны ойласаң, ойыңа алдымен Жаратқан Жапар Хақтың өзі түсетіні де содан шығар.

Құдайдың өзі кешкей... Құдайдай Адамды дүниеге әкелу де тек Құдайдың ғана қолынан келетін іс шығар...

Ал, алғашқы ызыңынан-ақ ақыл-естен тандырып, бар сезім, бар жігеріңді бір өзіне баурап алар сиқыр сазды адам көкірегінен шыққан дегенге аузың бармайды.

Бұл тек Құдіреттің ғана қолынан келер іс шығар.

Содан да ма екен, ол туған топырақты, бұйрат-бұйрат құмдар мен жалақ-жалақ сорлардан аяқ алып жүргісіз жадау өлкеде тек соның күйлерінен ғана нәр тауып жадыраған жамағайынның алдында тіл қатқанда да, аузыма «Құдірет» деген сөз түсті.

Астана халықтың ұланасыр ұлы жиынында лебіз білдіргенде де аузыма сол «Құдірет» деген сөз түсті.

Ол сөзді де аузыма Құдай салған шығар.

Құдайдың ғана қолынан келетін дархандықпен телегей теңіз боп мол жаратылған дархан дарынның әсері салған шығар.

Не де болса, сол бір өлі аруақ тіріліп, ортамызға келгендей, омырауымызды ашып, күллі Ел боп елжіреген екі жиында бағзыдағы Баба аруақ пен бүгінгі Ұлан ұрпақтың алдында риясыз көңілмен ортаға салған жүрек жарды екі лебізімізді осы арада бірге ұсынғанды жөн көрдім.

Ғасырлар керуеніне ілесіп, Мәңгілік төріне біржола көшіп кеткен Ұлы жолаушының біз ырзық теріп жүрген кеңістікке әдейі тастап кеткендей Күй қоржынын ақтарып көргендегі ағыл-тегіл қуанышымыз бен ойран-асыр таңғалысымызды қаз-қалпында жеткізуге тырыстым.

Күй туралы тек сөйлей алмайсың, тебіреніп қана сөйлей аласың.

Күйші туралы ерніңнің ұшымен епсектеп сөйлей алмайсың, ет-бауырың езіліп, еміреніп қана сөйлей алмақшысың.

Бұл кітап — қазақтың рухани өміріндегі ұланасыр тойдай ұлы оқиға ғой.

Ұлы тойлардың той бастары шалқымаға айналмайтын ба еді?!

Бұл кітаптың да беташары шалқыма болсын. Бір емес, екі шалқыма болсын.

Біреуі оны перзент сүйіп, ерні тұшыған Ене өлке — Атырауда айтылып еді.

Екіншісі оны пайғамбардай пір тұтқан Алаш атты Астана қауымның Ата төрі — Алматыда ауыздан шыққан-ды.

Ендеше, күй мұхитының жағасына кеп, қоңыр лепке кеуде тосқандай, осы бір қос шалқымаға бір сәт құлақ тос, тыңдарман ағайын.

Сонымен:

Бірінші шалқыма

*1993 жыл, 19 тамыз, Атырау қаласының
Махамбет Өтемісұлы атындағы облыстық драма
театрындағы салтанатты жиында айтылған сөз*

КҮЙ-ҚҰДІРЕТ

Құрманғазының 175 жылдығына орай

Әлеумет, әмбемізге аян бір гәп: біз өзіне-өзі көп сұқтана қоймайтын халықпыз. Құдайдың өзі бергенін өзіміз көпсінбейік деп, кебежеміздің түбін қақпаймыз, күбіміздің түбін сарықпаймыз, баламыздың басын, көгеніміздің бұршағын санамаймыз. «Ағайын бір өліде, бір тіріде», — деп, жан-жағымызды да жанымыз қысылғанда барып, зорға түгендейміз. Ақыл қосардай естіміз бен қайрат қосардай күштімізді де басымызға іс түскенде барып іздейміз. Таба алсақ — сонда барып қуанамыз. Таба алмасақ — сонда барып мұңаямыз. Көзден аяп, кимей жүрген асылымыздың қадірін тозып кеткен соң, сөзден аяп, айтпай жүрген ардағымыздың қадірін дәу-

рені озып кеткен соң барып, кеш біліп, қапы соғып жатамыз. Асылымызға назар әрінің барында, ардағымызға назар әлінің барында керек екенін уақытында аңғара бермейміз. Жақсылыққа деген ықылас азайған жерде, жақсы болсам деген ыждаһат та азаяды. Ықылас пен ыждаһат азайған соң, ырыс та азаяды. Одан елдің несібесі кеміп, еңсесі түседі. Өйткені, қуана білмегенге құт қонбайды, бағалай білмегенге бақ тұрмайды, табына білмейтін қауымнан пайғамбар қашады, бағына білмейтін халыққа патша құтаймайды. Ел содан барып азады. Жер содан барып тозады.

Ондайдың беті әрмен... Бірақ, қазір де басымызға іс түспегенмен сын түсіп тұрған кезең. Қабырғалы ел болам деген халық қалған адамзатпен қауымдасып, қатарға кіруі керек. Қатарға кірем деген ел де жиынға бара жатқан жігіттей ғой. Жұрт алдында жер болып қалмау үшін үстіндегі киіміне, астындағы атына, соңындағы нөкеріне айрықша мән беруге мәжбүр. Тосынға тосырқай қарайтын кәнігі көптің аяқ басқаныңнан: «Дәулетің мен дәрменің қандай?», ауыз ашқаныңнан: «Арғы-бергіңде кімің болып, кімің қойған?»— деген іш сауалдарына жауап іздеп отырары белгілі.

Содан да ма екен, бұрын өзгедегі болмаса, өзіндегіні көзге іле бермейтін, бөтенеге болмаса, етенеге емешегін үзе қоймайтын біздің ұстамды нәсіл де тәуелсіздік алғалы арғы-бергіні, өткен-кеткенді бажайлап түгендеп, күні кешеге дейінгі опырайып олқы тұрған рухани Олимпіміздің басындағы қара-құранды біршама молайтып тастаған түрі байқалады. Қуанарлық құбылыс. Бетімізден жарылғағай. Бірақ өткендегі абырой-атағымыз бен бүгіндегі парасат-парқымыз бірдей сыналатын мұндай шаруаны мейлінше мұқият, мейлінше талғампаз атқаруымыз жөн болатыны түсінікті. Әйтпесе, көзі жоқтардың да көңілдерін аулаудың жөні осы екен деп жаппай марапатқа ұрынсақ, өз жалымызды өзіміз биіктетеміз деп жүріп, аласартып алуымыз да ғажап емес.

Ел еңсесін көтеріп, халық қабырғасын жауып, қауым қанатын батыл жайып кету үшін кейде жоқтан бар, бардан нар жасауға тура келсе, тура келетін де шығар. Алайда, тағдыр мен тарих бізді ондай мүшкіл де мүскін хәлден әлдеқашан құтқарған. Ешқандай жамап-жасқаусыз-ақ бағзы мен бүгін талайымызға бұйыртқан шын ақықтарымыз бен шын ақиықтарымызды таза танып, таза бағалап шыға алсақ та, ешкімнен кенде, ешкімнен

қораш көрінбес едік. Оны қазіргідей оң-солымызды танып, өшкеніміз жанып, өлгеніміз тіріліп жатқан тұста «тәубе» дей отырып, зор қанағатпен айта аламыз.

Егер біз халық-қазақтың дүние жаратылып, су аққалы бергідегі несібесіне бұйырған асыл мен қымбатын түгендесек, самсатып мойынға не омырауға тағар көп әшекейінің арасына тізбей, самаладай маздатып, маңдайына қадар дарасына лайықтылардың, егер біз қауым-қазақтың дүние жаратылып, су аққалы бергідегі бесігіне бұйырған аруақтысы мен ардақтысын түгендесек, әншейін ауыз толтырып айтар мақтанышым, көңіл толтырып айтар жұбанышым деп қана санамай, құдайдан соңғы қуатым, иманмен бірдей ұятым деп ұлағат тұтып, көкірегін тосып, пір қылып құшар, төбесін тосып, тұқылып тұтар данасына лайықтылардың бірі ғана емес, бірегейі — бүгін күллі ұлтымыз болып ұлықтап жатқан ұлы Құрманғазы бабамыз екені даусыз.

Шүбәңіз болса, бір сәт көзіңізді жұмыңыз да, бір кезде Құрманғазы саусақтары оятқан әуен мен әуезге құлақ түріңіз... Сан сағаттар бойына санаңызды шайқалтып, ақылыңызды арбап, сезіміңізді сергелдеңге түсіріп, теңселткенше тебірентіп, еңіреткенше емірентіп жатқан мың-миллион үн-толқындар табаныңызбен тік басып жерде тұрғаныңызды ұмыттырып, көбігін сапырған көк долы мұхиттың төрінен бір-ақ шыққандай хәл кешкізбесе, бізге серт. Қапелімде, мына дүниеге біз білетін төрт мұхиттың үстіне жаңа мұхит, бесінші мұхит — Күй мұхиты қосылған ба деп қаласыз. Ол суы бес құрлықтың үшеуінің жағасын шайып, буы бес құрлықтың бесеуінің де төріне жетіп, тоңын жібітіп, мұзын ерітіп, ызғарын қуып, ыстығын жұмсартып жататын атақты Атланттай шарапат толқынына бөлейді. Адамдық болмыстың ол ерітпес мұзы, ол теңселтпес құзы жоқ сияқты. Бұл құдірет болмағанда, не құдірет болады?! Тәңірі мен табиғаттың қолынан шыққан барша құбылыспен барша көрініске, барша қылығы мен барша құлығына, солардың бәрі судай сапырылысып, бірде бір-бірімен атысып-шабысып, бірде бір-бірімен аймаласыптабысып жатқан ию-қию дүниенің бар сәт, бар ахуалына көзіңмен көре алмайтын, қолыңмен ұстай алмайтын, сылдыр-сұйық, тұлдыр-тылсым, ең азы су екеш суға да, бу екеш буға да ұқсамайтын, тек құлағыңның жарғағы мен санаңның саңлауы ғана аңғара алатын әуедегі әлдебір болмашы дірілдер арқылы дәл балама, дәл

кейіптеме тауып беріп тұрған сол бір сиқыр күшті керемет демегенде не дерсіз?! Сөз жетпесті білгізіп, көз жетпесті көргізіп, ұғым ұстай алмасты ұқтырып, түйсік қармай алмасты түсіндіріп тұрған бұл ғаламатқа тамсанбағанда, неге таңғалып, неге таңдай қағамыз?!

Осынша дүлей, осынша сиқырды бір көкірекке сыйғызып, басқаны қойып, жаппар хақтың өзімен бәсекеге түсіп, оның баяғыда бір орнатқан дүниесін сағат сайын қайта жаратып, қайта жаңғыртып, әр жаңғыртқан сайын оны құдайдың өзі танымай қалатындай қып қырық құбылатын Құрманғазыға табынбағанда, кімге табынамыз?!

Егер ол құба түздегі құлан өрісті қазағың түгілі шаршы әлемнің шартарабында әр қилы тағдыр, әр қилы тіршілік кешіп, сан алуан ахуал мен сан-сапат тауқыметті бастан кешірген барша адамзаттың барлық нәсілінің бәрінің де құлағын ұйытып, бәрінің де басындағы намыспен жігерді, бәрінің де ар-ұжданындағы асқаралы ақиқат пен жанындағы асқақ арман, жалын сырды түгел қамтып, түгел жеткізе алса, қамтығанда да жұмыр басты, жұлын арқауы адамзаттың әлдеқашан көргені түгілі әлі көрмегенін де, түсінгені түгілі әрі түйсінбегенін де төкпей-шашпай түгел жайып салса, жеткізгенде де жүрегіңе шық ете қалатын шыны майдай шынайы жеткізсе, бұған жағамызды ұстамағанда қайда жағамызды ұстаймыз?! Бұған масаттанбағанда қайда масаттанамыз?!

Бірақ, көрмес түйені де көрмес деген ғой. Кейбіреулер кешеге дейін Құрманғазының өзін бір ыңғай, бір әуен, жадағай да жайдақ сазгер деп түсіндіргісі келді. Басқамызды қойып, халқымыздың тоқсан тарау күйшілік өнерін қақ жарып екіге бөліп, «ана жақтың күйі, мына жақтың күйі» деп әрі тарт-бері тартқа салудан тайынбағандар жарыса қатар ағуға, жарыса қатар тасуға тиісті асыл арналарымыздың біреулерін қолдан сарқылтуға, біреулерін қолдан шалқытуға құмарланды. Сондайдың салдарынан бір кезде күллі қазақ сазын әлемнің құлағына танымал еткен атақты орындаушылық мектептің, дүниежүзілік бәйгенің алдын бермеген атақты өнер ұжымының етегі елпі, жеңі желпі боп кете жаздады. Рухани экологиямызды аздырып-тоздыратын мұндай апаттарды біреу сырттан әкеп, не жоғарыдан әкеп таңбайды, өкінішке орай, өнерпаз қауым, білімпаз қауым әлі де арыла алмай келе жатқан өзімізді өзіміз өгейсітетін, өзіміздікін өзімізге көп көретін ескі қасіретімізден — етекпен тартпа іштарлығымыздан өніп-өрбиді. Бірақ,

ондай тайыз ниет, тарпаң пиғылдардың айтқаны болып, айдағаны келе беруі мүмкін емес еді. Еділдің суын шелектеп шашып, Жайықтың суын ожаулап төгіп, түгел сарқып шығу қандай мүмкін болмаса, Құрманғазының асқартаудай абыройын қысыр қаңқумен аласартамын деу сондай мүмкін емес шаруа еді. Ондай одырандардан тек бір аймақ ағайын білетін көзі тірісінде де қыңа қоймағанда, берісі исі алаш, әрісі исі адамзат түгел біліп болған әлемет Құрманғазы қанатын қомдап, әлемдік даңқтың мәңгілік алтын тұғырына біржола қонып алған соң, қайдан қыңа қойсын?! Қыңбады да... Қыңбайды да...

Ондай-ондай түтін пиғыл, тымырсық ниет тоғышарлар заманында не десе, о десін, еңсегей тұлға Еліміз, қара ормандай Халқымыз — исі қазақ, обалы не керек, құдайды ұмытып кете жаздағанымен, Құрманғазыны ұмытып кете алмады. Өз қағынан өзі қаралай жерініп, пайғамбардан бейхабар, машайықтан мақұрым, алланың өзінің аты аузымызға бірде оралып, бірде оралмай жүргенінде де, Құрманғазының күйінсіз таңымыз атып, күніміз батқан жоқ десек, асыра айтқан болмаспыз. Өйткені, оның артында қалған телегей-теңіз мол мұра ешқашан жойылмауға, жоғалмауға, құбылса да құрымауға тиісті адамдық болмыс, адамдық тіршіліктің барша ахуалының бәрі де алған деміңмен, тасыған қаныңмен әуендес, жүрегіңнің лүпілі мен тамырыңның дірілі ырғақтас әуез тауып бере алады.

Оған көзімізді жеткізгіміз келсе, тағы да күйге құлақ тосайықшы.

Жанымыз жадырап, жанарымыз жайнап, көлдете төгілген көлкөсір рахат пен айнала қоршап, айнала арбап тұрған сиқыр сұлулыққа тәнті болғанда, «Балқаймақ» боп балқып, «Айжан қыз» боп қалқымас па едік...

Жаратылыс пен жарық дүниенің шалқар көлдей мейір-ықыласына елтіп, тәубеңе келіп, озмыш дүниеден орныңды тауып беріп тұрған жазмыш тағдырдың жазуына өз-өзіңмен пейіл болғанда, «Алатау» болып еміреніп, «Қызыл қайын» болып тебіренбес пе едік...

Одан да гөрі мерейленіп, мейманан таси бастағанда «Балбырауын» болып балбырап, «Байжұма» болып алабұртып, «Терісқақпай» болып теңселе айналып, өз күйрығын өзі теуіп ойнаған уыз нәсіп құлындай күйқылжыта құлдыр қағып, күйғыта жөнелмес пе едің?!

Алақаны бар тіршіліктің шапалағы да бар. Қуанышы бар дүниенің өкініші де бар. Қапын кетіп, қамыға бас-

тасаң — «Қайран шешем» боп бебеулеп, «Ақсақ киік» боп аласұрмас па едің?!..

Өкініштен өзегің өртеніп, шерменділіктен шекен шыңылдай жөнелсе — «Бекер келдім» деп безіл қағып, «Не кричи, не шуми» боп өз-өзіңмен долырмас па едің?!..

Одан да қайран таба алмай, ширыққан жүйке жидігенде — «Бозқаңғыр» боп босап, «Бозшолақ» атты боқ дүние боп, өзіңді-өзің кекеп-мошқамас па едің...

Бір сәт қайтадан салыңқы денені жазылып, солыңқы жүзің жылынып, түнектен сәуле, тығырықтан жол іздеп елегізгенде — «Ертең кетем» деп еліріп, «Түрмеден қашқан» боп төгілмес пе едің...

Тәуекелге бел байлап, талабыңды өрге айдап, қайрат жинау үшін ашуыңды шақырып, айбарыңды қоздатқанда «Саранжап» боп себелеп, «Төремұрат» болып төпелей жөнелмес пе едің...

Дегеніңе жетіп, дәуренің туып, айбының асып, айдының шалқығанда — «Серпер» болып серпіліп, «Адай» болып алаулап, «Сары Арқа» боп жалауламай, қалай шыдап тұра аларсың?!

Алыс-жұлыстан, сапырылыс-сабылыстан мезі боп, байыз тауып, бекершілік дүниенің байыбына бойлағанда — «Бас ақжелеңге» басып бойыңды, «Итогке» салып ойыңды жиып, «Демалысты» шертіп деміңді алып, «Манатауды» шертіп мауқыңды басар едің ғой...

Ал енді соның бәрі де көзден бұл-бұл ұшып, қасіреттің қара бұлты торлап, қара жамылып, қан жұтардай күн туса — «Ақбай» болып аңырап, «Кісен ашқан» болып кеміріліп, «Көбік шашқан» болып жемірілуден басқа не қалады?!

Жә, Құрманғазының көкірегінен төгіле ақтарылып жатқан әуен мен әуездің қыры мен сырын түгендеп шығам деуіміз де бекер әурешілік. Күннің нұрының шұғыласын санап, желдің гуілінің сарынын саралап шығам дегендей есек дәме, ерсі машақат...

Мынау жұмыр жердің үстіндегі миллиондаған жұмырбастылардың жүрегінің түкпірінде жан тебіренгерлік қанша сыр болса, Құрманғазының күйлерінде де тап сонша қыр бар. Өйткені, ол бір өзінің ғұмырында күллі адамзат баласының басында болатын тірілей тамұққа кіргеннен басқа тауқыметтің бәрін де көріп үлгерді, тірілей жұмаққа кіргеннен басқа рахат пен ләззаттың, абырой мен даңқтың, ерлік пен ерліктің, мейір мен пейілдің бәрінің де дәмін татып үлгерді. Сондықтан да,

оның бал бармақтарының астынан төбе-құйқанды шымырлатып, қабырғанды бір-бірлеп қарш-қарш сөккендей, әбден мұқалтып та бұралтып кетердей ауыр аза, өн бойыңды жидітіп, өзегіңді тіліп түсер ащы ыза, шыбын жаныңды құрсаудай қысып, матаудай мытып жіберердей тегеурінді намыс пен кек, асып-тасқан алапат жігер мен шабыт, шалқар дария шаттық пен қуаныш, телегей-теңіз мейір мен пейіл бет-бетіне ала қашпай, бір жүрекке сыйып, бір жүйкені тербете алардай шынайы үйлесіммен төгіледі. Құрманғазыны мың сеңгірдің басын тоғыстырған асқар тауға, мың-мың дарияның аяғы барып құятын алып мұхитқа ұқсатып тұрған да осы қасиеті. Оның соншалықты жіліктей өрбітіп, жеріне жеткізе дамытқан әуендік-әуездік әр саласы, үйір-үйір әр тақырыптық желісі әлемдік сазгерлік өнерде әрқайсысы бір-бір мектеп иеленіп, әрқайсысы бір-бір данышпанның атын шығарып тұрған өрелі биіктер, өнікті арналар Құрманғазының азалы күйлері. Құрманғазының шат-шадыман күйлері. Құрманғазының жігер шақырар саздары, Құрманғазының сабыр шақырар саздары. Құрманғазының ой тұтатар әуендері. Құрманғазының сезім тұтатар әуендері. Қайқайсысы да әлемдік музыканың өз сарындарындағы шектен шығып, шеннен озған үлгілерімен емін-еркін жарысып та, жарасып та кете алар еді. Құрманғазы бірде Бахпен үндесіп аза бойыңды, қаза қып, төбе құйқанды шымырлатса, бірде Бетховенше сілтеп дауыл сапырады, бірде Моцартша мөлдіреп, жүрегінді қыдықтаса, бірде Паганиндей мынау шым-шытырық дүниенің ең бір қым-қуыт қозғалыстарының ырғақ-ызыңын тірілтіп, домбыра ішегі түгілі, адамның құлағына тосын, бейтаныс, соны үндер мен әуендер өрбітеді. Қашанғы дүниенің ең ежелгі әуездеріне енді тәй-тәй басқан жаңа дүниенің әлі біреу аңғарып, біреу аңғара қоймаған екпіні мен серпіні қамшының өріміндей айқұшақ қауып, қабысып жатады.

Мұндай көп қырлылық пен көпсырлылықтың ең басты себебі құдіреті күшті табиғаттың дәл өзіндей пәрменді талантқа күллі тарихты еске салар күрмеуі мол күрделі тағдыр сыйлағанында деп білеміз. Екіншіден, мың сеңгірлі, мың өзекті Құрманғазы болмысының әлгіндей мол ауқымы мен шытырман бітімін түсіну үшін оның өмір сүрген дәуіріне, сол кезеңнің шырғалаң рухани ахуалына жүгінеміз.

Құрманғазы шығармашылығында күллі әлемдік сазгерліктің ең басты бастауларының бәрінің жүруі далада туған данышпанның барша данышпан замандастарының бәрімен дәмдес, бәрінен хабардар болғандығынан емес. Қажет десеңіз, олар дүниеде Құрманғазының барын, Құрманғазы олардың барын атымен білмей кетті. Сауатты Абай әлемдік әдебиеттің бетін ашып көрсе, сауатсыз Құрманғазы әлемдік музыканың шетін де естіп көрген жоқ. Бұның бәрін оның құлағына, қазақша айтқанда «құдай сыбырлады». Дәлірек айтқанда, тағдыр мен тарих «сыбырлады». Ұлы күйшінің бір кісілік ғұмырында оның екі құрлық, екі үрдіс тоғысында тірлік кешкен көшпенді халқы қалған адамзаттың әлденеше ғасырдың ішінде басынан өткерген барша өткелектері мен тартқан барша тауқыметтерінің бәрін өткеріп, бәрін тартып шықты.

Құрманғазыдай ерен талант, ерек зерделер бір ғұмырда бірнеше буынның ғұмырын өз басынан өткеріп, өз жүрегімен сезе алады. Өз көрешегін көріп қана қоймай, бабалар жадымен бағзыны пысықтап, балалар қиялымен болашақты болжап үлгереді. Сөйтіп, бір кісінің ғұмыры, уақыт жағынан, бір халықтың, кейде тіпті күллі адамзат нәсілінің бірнеше ғасырлық тарихи кеңістігіне айналып кетеді. Бұл тұрғыдан келгенде, Құрманғазы ести қалған, Құрманғазы көре қалған тарихи кезеңде қазақ жұрты сонау Талмуд пен Інжіл заманына қайта оралғандай болып еді. «Бақасы қойдай шулаған, балығы тайдай тулаған», «жатып қалған түйесі жардай атан болатын» ата қонысынан ауа көшіп, барған жерінен бақ таппай, сор тауып, ескі жұртқа еңіреп қайтып, қайда барса да, сыртқы ықпалдың дүмпуінен құтыла алмай, қауымның аузы екі жарылып, біреулері өліспей беріспеуге, біреулері өсер ұрпақ, келер күннің жолын кеспей, замананың алдын алып, ыңғайына көшуге үндеп, сергелден хәл кешкен халықтың дәнденай дәурені — Құрманғазы күйлерінің әрі тін, әрі төсегі еді. Олардың қай-қайсысында да зар мен ыза, мұң мен жігер, үміт пен күдік үзбей алысып, үзбей шарпысып жататындығы да сондықтан еді. Ақ пен қара, ізгілік пен зұлымдық, бостандық пен озбырлықтың мігірсіз шайқасының ырғағын өз тамырының дірілі, өз жүрегінің лүпілі етіп алған сазгер итжығыс күштердің біреуін қолдан басым түсіріп, біреуін қолдан бесік түсірмей, тісі шықырлаған **Ызаның** да, тірсегі майысқан **Зардың** да жағына шықпай, бір

жығылып, бір тұрса да, белін бере қоймаған Жігердің жанынан табылады. Сол арқылы тарих бар жерде тартыс, өмір бар жерде күрес, ақиқат бар жерде айтыс тоқтамайтынын біліп, тіршілік иесінің екі көзінде қымбат екі қолғанаты, екі тірегі — намыс пен жігер екенін зерделі зердеге жеткізіп-ақ бағады.

Бұл ретте ол өзімен тұстас әдебиетпен, өзімен тұстас сазгерлікпен әрі үндеседі, әрі үндеспейді.

Құрманғазы дәуірінің көркем сөздегі басым сипаты — зар заман тақырыбы еді. Махамбеттің ереуіл жырлары аракідік жарыспа сипатқа ғана ие болған-ды. Ал күйзеліспен қоса ізденісті, үреймен қоса үмітті өзек еткен Абай дәстүрі әлі аршындап кете алмай жатқан-ды. Он тоғызыншы ғасыр әдебиетінде, демек, қоғамдық ойында үшеуі үш тұста кезеңдік бағыт, үшеуі үш тұста кезеңдік мектеп болған бұл үш сарын Құрманғазы шығармашылығында бастан-аяқ қатар өрбіп, қатар дамиды. Оның сай-сүйегінді сырқыратып, қабырғанды қайыстырар азалы сөздері зар заман сырларының шерменде әуенімен, жігерінді жанып, намысыңды қайрар серіппелі серпер саздары ереуіл әдебиеттің өжет уытымен, уайыммен қоса қуанышты да бейнелейтін ой-толғам саздары ағартушы кезең әдебиетінің парасат-пайымымен тереңнен қабысса, ал «Адай» мен «Сарыарқаны» апафеоз шалқымаларының әдеби баламасын атымен таба алмайсыз. Оның үстіне әлгі үш сарын Құрманғазы күйлерінде кейде әрқайсысы әр арна боп, әр бөлек ақса, кейде бір шығармада тоғысып, бір ой, бір тақырыпты айдындандыра түседі. Егілтіп, езілтіп отырған зарлы саз кенет ышқынған ызаға ұласып, артынша-ақ алабұртқан адуын жігерге жалғасады. Керісінше, жаратылыс пен жарық дүниенің аз-кем рахаты мен ләззатына елжірей елтіп отырған бейжай ахуалдың түкпірінде де терең тебіреніс, ауыр күрсініс жатады. Ал адуындаған асқақ арынның аржағынан кенет екі иықты жұлып жердей ыза мен намыс от боп шарпиды. Таусыла қамырығып, таусыла қуанатын рухани максимализм жыршысы Құрманғазы, бір қызығы, біржола күйреуіктікке де, біржола тоқмейілсуге де ұрынбайды. Екі ұдай дүниенің әрі тарт та, бері тарт екі ағымының екеуіне де елікпей, қатал тағдырдың қай салғанын да қаймықпай көріп алуға тәуекел ететін қайсар рухты қалайша шебер жеткізіп, қалайша шебер дарыта алатынына қайран қалмасқа болмайды.

Бұл жағынан келгенде, ол өз заманының көркем ойындағы адам таңғаларлықтай айрықша бітімді ерек тұлға.

Рас, ол кезде де әлемдік саздың небір сүлейлерімен тайталас түсе алар дәулескер күйшілер қазақ топырағында да аз емес еді. Олар өз бейім, өз әуені тұрғысынан келгенде, Құрманғазымен де шендесе алар еді. Олардың біреулері Құрманғазымен зарлылық жағынан, екіншілері — ойшылдық жағынан, үшіншілері — ойнақылық жағынан емін-еркін жарысқа түсе алатынына дау жоқ. Бірақ, мол ауқымдылық пен көп қырлылық жағынан, әрі өжет, әрі мұңды, әрі ойнақы, әрі ойшыл, әрі сері, әрі пері, әрі дана, әрі бала бола білуі жағынан Құрманғазымен ешкім де додаға бірге түсе алмас еді. Тек өз басы мен өз ортасының ғана немесе өз заманы мен өз қоғамының ғана емес, күллі адамдық, адамзаттық тағдыр-талайдың ең жұлынды, ең талма, ең өзекті арнасында Құрманғазыдай өртеніп, өртеніп, өртеніп толғану біреді қойып, бар елде тек ілуде біреулердің ғана қолынан келер дарабоздық еді. Оның орнын бұлайша ерекшелеу өлі-тірінің ешқайсысының шамына тимесе керек. Бұл арада небір ығай мен сығай сазгерлері бар неміс, орыс, итальян тыңдаушыларының өз ұлттық музыкасынан ең алдымен Бетховенді, Чайковскийді, Вердиді, Шопенді атайтындары оларын қалған ұлы отандастарын кембағаландыру деп түсінбейтіндері бізге де өнеге болуға тиісті.

Өйткені, өнердің қай саласында да ұлттық болмыс пен ұлттық рухтың әркім әр қырынан қамтып, әр алуан сипаттамаларын жасай алған сан алуан саңлақтары болумен қоса, сол болмыс, сол бір рухтың ең бір толық, ең бір жан-жақты, ең бір толайым тұлғасын қапысыз сомдай алған бірегей саңлақтары да болады. Олар ұлттық өнердің белгілі бір саласының ең етене үлгісіне, ең тиянақ тұлғасына айналады.

Егер біз мәселеге осы қырынан келсек, арғы-бергідегі қазақ әдебиетінің сондай етене үлгісі, орталық тұлғасы, тиянақ тіреуі, рухани ілгері басуымыз бен кері кетуімізді анықтап берер бірден-бір нысана нышаны деп ұлы Абайды ғана айта алар едік. Ал ұлтымыздың арғы-бергі сазгерлік өнеріндегі дәл сондай етене үлгі, орталық тұлға, тиянақ тірек, бірден-бір нысана нышан Құрманғазы десек, ақиқаттан алшақ, әділеттен жаңсақ кетпейміз деп білеміз. Ол екеуінің біреуі — ұлттық рухымызды оймен суарып, **парасатымызды** қапысыз сомдаған

Сөз-Құдіретіміз де, екіншісі — ұлттық рухымызды сезіммен суарып, жігерімізді қапысыз шыңдаған Күй-Құдіретіміз.

Мұндай дінгек тұлғалар тек өнеріміздің ғана емес, қазіргідей алмағайып хәл кешіп жатқан қауымымыздың да рухани ізденістерінде темірқазықтай адастырмас нысана, алжастырмас бағыт-бағдар бола алар еді. Әсіресе, қандай болғанымызбен қоса, қандай болмағымызды да қайтадан пайымдап, қайтадан анықтауда ұлттық болмысымыз бен ұлттық рухымызды Құрманғазы сомдаған кесек бітімнің, бір жағынан дәйектемелік, екінші жағынан, өнегелілік маңызы өте зор.

Ұлы сазгер үннен сомдаған ұлттық бітіміміз ол замандағы өзгелер кесіп-пішкен кескіндемелерді былай қойғанда, бұл заманда кейде өзіміз жайлы өзіміз айтып жүрген тұспалдардан атымен алшақ жатыр. Құрманғазы бірде-бір ісіміз алға баспай қойған кер заманның өзінде тілеуі кесіліп, тірегі қырқылған, өз уайымына өзі уланып, өз деміне өзі тұншыққан мұңлық қауымның емес, қай тараптың сұсына да қаймықпай қарап, қай тараптың нұрына да омырауын ашып, елдеспекпен елдесуге, белдеспекпен белдесуге пейіл, қиыннан тосылып, қиядан тайқымайтын дархан да өжет, қайсар да салқам салауатты халықтың салихалы бейнесін жасады. Мұндай әуездік кескіндеме тек қазақтармен шектелмей, күллі шығыс жұрттарының туа біткен енжарлығы, рухани әлжуаздығы, әлеуметтік бойкүйездігі жайындағы үйреншікті қаңқулардың күлін көкке ұшырады. Құрманғазыдағыдай асқақ рух, сергек сезім, тегеурінді жігер мен нар тәуекел әр дыбыстан атойлап тұрған от-жалын сарындар әлемдік музыканың өзінде некен-саяқ кездеседі. Тіпті сан ғасырлар жалпақ дүниені билеп-төстеп, шалқалай басқан шадыман елдердің музыкасында да дәл мұндай ерлік, дәл мұндай асқақтық жоқ. Олай болуы заңды да. Ондай өжеттік, ондай асқақтық азаттық аңсап, бостандықты сусаған халықтарға керек-тұғын.

Шетін дүниеде шетінеп кетпей, өткеліктің өтінде тұрған қаз басқан мемлекет, қағілез қауымдарға да сын кезең, сын сағаттарда осындай серпінді сезім, қайсар рух керек.

Біз де қазір дәл сондай ахуалдамыз. Екі ұдай дүние. Екі ұдай кезең. Тәй-тәй басқан тәуелсіздік. Кеше бөркін аспанға атқандар бүгін бүгежектеп күмілжи береді. Кеше даурығып, кеудесін соққандар бүгін сары уайымды судай

сапырады. Жаңадан жол іздеуден гөрі көне сүрлеулерге көбірек сүйрелейді. Анау бізге қонбайды. Мынау бізге болмайды. Сонау бізді сорлатады. Әйтеуір, ауыздарын ашса, қазақтың алдынан қаран суды қаптатып бағатындар көбейіп барады. Оларға айтқызсаңыз — он миллион халықтың қалған адамзатпен бірге өз бағын өзі сынап көргенінен гөрі, не атамзаманғы, не кешегі қарағай бесікке қайта жатып, қайтадан құндақталғаны қолайлырақ. Ау, сонда бұл қазаққа өз күнін өзі көру үшін тағы не керек? Әлем мойындаған дербестігі бар. Бұрын-соңды қолына түспеген дәреже-мәртебе түсті. Бұрын-соңды жетпеген санына жетті. Бұрын қарауына бірде көшіп, бірде қайта шығып кетіп жүрген жер-суы түгелдей өз билігінде. Қонса қонысқа, көшсе өріске кенде қылмаған кең даласының асты қат-қат қазына болып шықты. Ұқсата алса, ырзық-несібесі жетілікті сияқты. Ау, сонда бұдан да қолайлы, бұдан да артықша жағдай талап ететіндей біздің қазақ, немене, құдайдың құдасы ма еді, әлде қарын бөлесі ме еді?! Жұрттың тәуекелі тұрғанға оның тәуекелі неге тұрмайды?! Қалған жұрттың қолынан келіп жатқан оның қолынан неге келмейді? Біреуіміз ұрыншақ, біреуіміз сұрамсақ, біреуіміз жыламсақ бола бермей, ұлт болып ұйып, тарихтың қолымызға өзі әкеп беріп отырған мүскіндігін іс қылып шығару жолында белді неге бекем бұмаймыз?! Бұдан жаманымызда да тойға барған ел емес пе едік?! Өтпелі кезеңнің өткінші қиындықтарын айтып, өз жігерімізді өзіміз жасытып, соншама неге гөй-гөйлей береміз?! Қызыл қарын жас баланың қамы үшін небір кер замандардың кезінде отқа түсуге де, суға түсуге де пейіл болған кешегі қара шалдардың қажыр-қайраты қайда? Солардың қашқан елдің кебежесімен, босқан елдің керегесімен қалқалап, аман сақтап алып қалған елдігі мен есендігін тәуелсіздік туының астында аман сақтап қала алмай, бізге не көрініпті?!

Тарихтың ұлы сынағының алдында тіземіз бұлай қалтыраса, біреуіміз қаралай су болған жігерсіз жасыққа, біреуіміз қаннен қаперсіз даңғой дарақыға айналсақ, кешегі бабаларға, ертеңгі ұрпаққа не бетімізді айтамыз?!..

Жоқ, намыс пен жігер бізге бүгін қай кездегіден де қажеттірек. Біреудің сыбағасына көз аларту үшін емес, өз сыбағамыздан айырылып қалмау үшін керек. Ешкімнен бейқам, ешкімнен бейдәрмен, ешкімнен бейқарекет,

ешкімнен бейқабілет көрінбеу үшін керек. Бабаларымыз баяғыда алған абырой бізге бүгін медет болғанмен, дәулет бола алмайды. Өз абыройымызды өзіміз тауып, өз ырзығымызды өзіміз айыруымыз керек. Бір кезде Бұқар бабамыз «білегінің күші алтын, найзасының ұшы алтын» деп мадақтаған ұлы күйшінің отандастарына енді көзсіз ерлікпен емес, еселі еңбекпен, білектің күшімен емес, біліктің күшімен алатын атақ-абырой тиімдірек. Оған, құдайға шүкір, есіле аққан Еділ мен көсіле аққан Жайықтың, батыста көлбеген Атырау мен шығыста көлбеген Аралдың арасын алып жатқан айтулы атақоныстың ғасырлап жиған табиғи байлығы да, рухани байлығы да мол мүмкіндік бере алады. Тәуелсіз мемлекетіміздің қалған дүниенің алдында алдымен көрсетер бет-жүздігі де — осы өлкенің қазынасы. Сол мол дәулеттің шетінен ырзық айырушылар ғана болып қалмай, бірден-бір игерушілері болу үшін де Махамбет пен Құрманғазы, Қашаған мен Мұрат жырлаған нар тәуекел мен намыс-жігер керек шығар. Күйші бабамыз бір кезде «жігіттің жүрген жері қанды майдан, шыққан жоқ атқан аңым терең сайдан, сан бейбақ менен соң да қалжа жер-ау, дәл мұндай ұл табатын қатын қайдан?!», — деп, мына біздердің намысымызды қайрау үшін айтып кеткендей.

Ұлы бабамыздай бола алдық дей алмағанмен, бола аламыз, болғымыз келеді деуге әбден қақылымыз.

Ұлы бабалар өз заманында еселерін жібермесе, алғаш рет тәуелсіздік туын көтеріп отырған бүгінгі ұрпақ та өз кезеңінде еселерін жібере қоймас. Алыптарды тапқан алтын құрсақ, алыптар жатқан алтын бесік бұдан былай да құр тұра қоймас. Әлемге Фараби мен Иасауиды, Қорқыт пен Жүсіп Баласағұнды, Жалаири мен Шоқанды, Абай мен Құрманғазыны берген нәсілден әлі де кие қаша қоймаған шығар. Сонда халқымыздың жарқын болашағын жасайтын жаңа буын, жаңа ұрпақтың да бесігін ерлік пен ерліктің, намыс пен жігердің әуені тербетер. Сан ұрпақтың санасын жалын болып лаулатып, от болып маздатқан мың көкірек, мың көмей Құрманғазы күйлері оларға да мынау жарық дүниенің талай тылсым құпиясын ашып, талай тұңғық сырларына қанықтырар. Ұлылар тек ұлылыққа баулиды ғой. Ұлы Құрманғазы да бізді ұлы ел, ұлағатты қауым болуға үндей бермек.

Енді...

Екінші шалқыма

1993 жылғы 15 қыркүйектегі

Қазақтың Абай атындағы мемлекеттік
академиялық опера және балет театрындағы
салтанатты мәжілісте сөйленген сөз

Қадірмен қауым!

Күні кеше ғана бәрі анық, бәрі айқын, бәрі орны-орнында тұрған орнықты дүниеде өмір сүріп жатқандай едік. Сөйтсек, көрмей жүргеніміз де, білмей жүргеніміз де көп екен. Тіпті ашылмаған жаңалық іздеп жер-көкті шарлаудың да еш қажеті болмай шықты. Әркім өзі мен өз төңірегіне байыптырақ көз салса, көп белгісіздіктер теңдеуіндей бас қатырар өңкей дүдәмал, күдік-күмән күмілжі дүниеде күн өткізіп келгенін аңғарар еді. Қапелімде, мұндай шындықты мойындау — шырт ұйқыдан шошып оянғанында өңшең қорқау ортасында жатқанында бір-ақ көргендей қорқынышты жағдай екені де рас. Содан да болар: дүние әлі дүрбелен: адам абыржулы, қоғам қобалжулы. Өз тізгінін осындай кезеңде өз қолына қауым да біразға дейін топан суы тұсындағы Нұхы пайғамбарым кемесіндей қалтылдақ хәл кешуге тура келер түрі бар. Шалқыған телегей, шамалыда басыла ма, жоқ па, басылса, оған мынау бір кемеде жан сақтағандар түп-түгел, аман-есен жете ала ма, жоқ па, жетсе, қиын күнде олар бір-біріне илігіскенмен, қиындықтан құтылғасын қайтадан шүйлігісіп кете ме, жоқ па — бәрі беймағлұм, демек, бәрі де уайым. Тап осылай айнала атойлаған үміт пен үрей ортасында шыбын жанды шүберекке түйіп, нар тәуекелден айырылмай жүру үшін кез-келген адам, әдетте, өзіне рухани медетті ең алдымен өз бойынан іздейді. Әйтпесе, қырық құбылған дүниенің ауанымен кетіп, қырық құйқылжи берсе, құрдымның түбінен бір-ақ шығуы да мүмкін. Қоғам да адам сияқты. Тәуелсіздікке тәу еткен қауым да сын кезеңде медет болар рухани тіректі ең алдымен өз бойынан іздегені жөн болса керек. Біздің кейінгі жылдары бас шалып, ата-бабаға ас беруіміз, олар өткен жолды пысықтап, олар бітірген істі жаңаша пайымдауымыз — өзгелерге сес көрсеткеніміз емес, өзімізге дем бергеніміз, бүгінгі қиындықтардан дұрыс жол табуды бұрынғылар тәжірибесінде де тиісінше дес бергеніміз сияқты.

Бәлкім, баяғыда Зере әжемiздiң ұлы Абайға: «ой да көп, уайым да көп, ойлай берсең, ой да жоқ, уайым да жоқ, тойлай берсең», — деп ескерткенiн ара-тұра ұмытып кетiп, мұндай шаруалар тұсында салихалы ойшылдықтан гөрі сауық-сайран тойшылдыққа көбiрек ден қойып алып жүрсек, ол да түзелмейтiндей қате емес.

Бiрақ, дәл қзiргi өтiп жатқан айтулы оқиғалар мен тарихи тұлғаларға бағышталған рәсiмдер — халқымыздың рухани түлеуiндегi, тәуелсiз мемлекетiмiздiң қалыптасуындағы айта қаларлықтай кезендiк оқиғалар екендiгiне ешкiмнiң тарапынан ешқандай күмән тумаса керек.

Тiптi басқасын былай қойғанда, жаппай қызылшеке боп жағаласып-жармасып жатқан әлеуметтiк әулекiлiк пен алауыздықтар тұсында өлiнiң үрейiн, тiрiнiң көңiлiн түгендесiп, қауым болып қаумаласып, басымыз қосылып, бiрге жүргенiмiздiң өзi неге тұрады!

Бiз әлдеқашан өтiп кеттi, өшiп кеттi деп, жер астына тiрiлей көмiлiп қалған ұлттық болмысымызды қайта қаузап, тiрiлтiп жатсақ, бiр кездегi жер дауы мен жесiр дауын, барымта мен қарымтаны, әлiмжеттiк пен дүр-дараздықты емес, елге еткен ерлiктi, қауым ұстаған кiсiлiктi, өркен өсiрер өнеге-құрметтi, бiр-бiрiмiзге деген ықыластық пен ынтымақтастықты тiрiлтудi мақсат етiп отырмыз. Бабаларымыздың бiзден де биiк мерейге сол арқылы жеткенiн, бiзден де қиын өткелектерден сол арқылы өткенiн ұғынуға ұмтылып отырмыз.

Құдайға шүкiр, халқымыздың көпғасырлық тарихы мен көпқырлы тағдыры бiздiң бүгiнгi тығырықтан күйзелмей шығуға септiгi тиетiндей өнеге-iстер мен өнеге-тұлғаларды молынан тауып бере алады екен. Тек барды бар қалпында, нарды нар қалпында қарастырып, қалтқысыз бағалай бiлсек болғаны. Әйтпесе, кешегi маңқа кеуде мәңгүрттiктiң орнын бүгiн кеп даңкөкiрек даңғойлық пен ұшқарылық жайласа, тарихи санамыз жетiле түсудiң орнына одан әрмен кетiле түсуi ықтимал. Өткендi танудағы тыңғылықтылық пен тиянақтылық ертеңге жасар қадамдарымыздың жаңылыссыз-жансақсыз дәл де нық шығуына жәрдемдесерi сөзсiз.

Ол үшiн адамға адамша қарап, адамды адамша бағалап үйренген ләзiм. Қазiргi замандасымыздың iс-әрекетiн тек оның орнында өзiм болсам қайтер едiм деген тұрғыдан қарастырсақ қана дұрыс түсiне аламыз. Баба-

ларды бағалағанда да сол тұрғыдан келген жөн. Ешкім де бұл дүниеге аяғы салбырап аспаннан түскен жоқ. Әр қайсысы әр атаның мейірінен, әр ананың пейілінен жаралғанымен, бәрі де жанды түгілі жансызға да үстемдік ететін уақыт пен кеңістікке тәуелді. Ең алдымен өзі өмір сүріп жүрген уақыт пен кеңістіктің көгеніне көгенделеді. Егер біз осы бір мәжбүрлікті дұрыс пайымдап, дұрыс мойындай алсақ қана өзгелердің тағдырын, бітіргені мен бітірмегенін қылдай қиянатсыз әділ бағалай алмақпыз.

Егер бүгін аты ұлықталып отырған Құрманғазы бабамызға да осы тұрғыдан келер болсақ, таңғалмай, тамсанбай сөйлеу еш мүмкін емес.

Бұрынғы зерттеушілерге сенсек, ұлы күйшінің мұндай елден ерек өнерін оның өз басынан кешірген елден ерек тағдырының жай-жапсарымен түсіндіруге болатын секілді еді.

Ал кейінгі зерттеушілерге дес берсек, ол бұрын айтылып келгендей, Үркіт те аспаған, Сары Арқаны да баспаған, «Самарқанды да сапырмаған», Алатауды да көрмеген. Сыр бойын да кезбеген. Жиделіде туыпты. Нарын құмда жүріпті. Шығыста — Орынбор, Маңғыстау, Үстірттен, батыста — Еділ, Сақмар, Текеден әрі бармапты. Біреумен бату, біреумен тату тұрыпты. Ауыздыға сөзін, азулыға есесін жібере қоймапты. Ұсталыпты да, тұтылыпты да. Қашып-пысып құтылыпты да. Жаппай ереуіл атқа ер салған өлкеде тап бұл онша таңсық бола қоймаса керек. Қысқасы, күйші өз тұсында күллі қазақ даласында екiнiң бiрi өткен өткелектердiң бәрiнен өтiптi. Бірақ, ел көрмегенді көріп, ел бастан кешпегенді кешкен ештеңесі жоқ секілді. Тіпті қыр арқасында жалы да болмаған сияқты. Сақалы да тап беліне түсе қоймаған сияқты.

Жә, солай-ақ болсын. Гәп, екiнiң бiрi кешпеген тағдырда ма екен? Екiнiң бiрi кешкен тағдырды кеше жүрiп, екiнiң бiрi ұқпағанды ұғып, екiнiң бiрi тындырмағанды тындырған елден ерек дарын мен елден ерек сұңғылалықта емес пе?!

Бұл жағынан келгенде, Құрманғазы тек сұңғыла емес, теңдесі жоқ сұңғыла. Елден алабөтен ұзақ ғұмыр сүрмесе де, елден алабөтен қызық дәурен көрмесе де, күллі адамзат нәсілі бастан кешкен, кешіркөк ахуалдың бәрін қаз-қалпында мөлдіретіп жеткізе алған телегей

теңіз мол мұра қалдырды. Адам түсіндіргішті, заман түсіндіргішті жағынан, тіпті барша болмыс пен тіршілікті алақанындағы нәрседей жарқыратып жайып салуы жағынан әлемдік ақыл-ойдың көм томдық кітапхана-сымен пәрмендес мұндай мол қазына бір адамның көкірегінен шыққанына қайран қалмасқа болмайды. Бәлкім, содан да шығар, ара-тұра: «осынша күйді Құрманғазының бір өзі шығара қойды ма екен, бүкіл бір аймақтың тапқан-таянғанын бір кісіге теліп жүрген жоқпыз ба?»— дейтін сыпсың да естіліп қалып жатады.

Олай дейін десеңіз, Құрманғазы — малдың басы да, жанның басы да есептеулі, қағазға түскен қаттаулы кезеңнің түлегі, басқан әр ізі, айтқан әр сөзі қадағаланған адам. Асқар таудай абырой түгілі соқыр тайын қимайтын ағайын әлгіндей әңгіменің жаны болса, көзінің тірісінде-ақ байбаламдап салар еді ғой. Оған өз ортасында талай сөз ергенмен, тап мұндай сөз ермеген.

Ал егер оның күйлерін жинаушылар мен зерттеушілерге сенбесек, **біріншіден** — Құрманғазы мұрасы көре қалғандардың көздері тірі кезде-ақ жинақталып үлгерген; **екіншіден** — мұндай іспен бір емес, бірнеше кісі, әлденеше ұлттың, әлденеше ұрпақтың өкілдері шұғылданған; олар бір-бірінің ондай көзапара шикілігін тауып алса, әлдеқашан айтпас па еді; **үшіншіден** — Құрманғазы — бір өлкедегі бір саңлақ емес, ол туған өлкеде аттарын дүйім жұрт білетін дәулескер күйшілер мен сазгерлер одан бұрын да, оның тұсында да, одан кейін де көп болған; бір ғана Әбілхайыр хан әулетінен Дәулеткерей, Сейтек, Мұхит, Дина, Науша, Лұқпан, Жантөре, Түркештер шықты; олардың тап ешкімге еселерін жібере қоймасы, айтпаса да түсінікті секілді; бұларды былай қойғанда, Құрманғазыдан бұрын танылған Асан қайғы, Қазтуған, Абыл, Байжұма, Баламайсаң, Соқыр Ещан, Ұзақ, Махамбет, Құрманғазымен тұстас не кейін шыққан Боғда, Қауен, Мәмен, Сарымалай, Әлікей, Құлшар, Ерғали, Есбай, Есір, Арал, Өскенбай, Қазанғаптардың күйлері ол кезде де, қазір де ешкімге телінбей, өз аттарымен аталып-түстеліп тартылып келеді; **төртіншіден** — Құрманғазының күйлерін ел арасына таратқан да, бізге жеткізген де жоғарыда аттары аталған жеделдестері мен солардың шәкірттері ғой; ендеше ондай өздері де шашаларына шаң жұқтырмас жүйріктер Құрманғазының күйлеріндей нағыз ақық күйлерді кім шығарғаны

әуелден дүйім жұртқа кеңінен белгілі болмаса, әлдеқашан сүйегі қурап қалған айдаладағы басқа біреудің қанжығасына оп-оңай өңгеріп қоя берер ме еді?!.. Оның үстіне, күй дегенің көгендегі көк лақ емес қой. Кімнің көкірегінен түлеп, кімнің қолынан шыққанын өзі-ақ айтып тұрмай ма?!

Бұл жағынан келгенде, жанрлары мен тақырыбы қаншама әр алуан болғанымен, Құрманғазы күйлерінің бір жүрек, бір көкіректен өрбігені бесенеден белгілі болып тұрады. Олардағыдай тау жығардай таусыла шайқалар, теңізді төңкерердей теңселе күйзелер жүрек, сарқыла сыр төгіп, сапырылыса мұң төгер көкірек, қақырай қамырығып, шатынай шамырығатын жүйке, таудан жөңкілген селдей боп, алабұртқан алапат құштарлық, нөсерлете себелейтін нөпір үн мен қырда ойнаған киіктің қырық құйқылжыған дүсіріндей құбылмалы ырғақ тек Құрманғазыға тән. Тап ондай жарық жалғанның қай құбылысы мен қай ахуалын да, жұмыр басты пенденің сезім түгілі қиялың қармай алмастай ию-қию қылық-құлығын оп-оңай күй тіліне көшіріп, көкірегінде сәл түйсігі бар кез-келген көңілі қалаған уағында, қалаған жағына көкдөнендей жетелеп ала қайқаяр, қалтқысыз ұйыта алар тәңірі талантты ұлттық сазгерлік түгілі, әлемдік сазгерлікте басқа біреумен шатастырып алу үшін нағыз иіс алмастың өзі болуың керек шығар. Оның бұндай шаршы топта алдына жан салмай дара келер шаңқобыздығын жеделдестері де, тұстастары да түгел мойындаған. Көздерінің тірісінде-ақ Дәулеткерейді «Күйдің бапасы (папасы)», ал Құрманғазыны «Күйдің атасы» атандырып жүрген де солар-ды. Алыстағы Тоқа, Қожеке, Тәттімбеттер болмаса, жуық маңдағы домбыра ұстағандар басы Дәулеткерей боп, Құрманғазының алдынан өтпеген. Солардың бәрінің бар кезінде Динаның басқалардан емес, Құрманғазыдан бата алуы тегіннен-тегін болмаса керек. Ендеше, Құрманғазыдан қалған шетінен ақық, шетінен асыл мол мұраның негізгі себебін басқа ешкімнен де, ештеңеден де емес, Алатауға біткен асқарлықтай, Атырауға біткен шалқарлықтай, далаға біткен дархандықтай шексіз дарын, шеннен шыққан талантты бір кісіге қия салған құдіретті күшті құдай-екеңнің Құрманғазыға дегенде қолының айрықша ашықтығы ұстап кеткен көңілшектігінен көруіміз керек.

Түптеп келгенде, таңғалатын нәрсе бұл емес. Таңғалатын нәрсе басқа: дәл Құрманғазыдай асып-тасып төгіліп, бұлқан-талқан сөгілу үшін әуелі шаршысына тола шалқып, артынан сондай дәуреннен ойда жоқта айырылып, ойран-ботқасы шыға қамырығып-шамырығытындай байбатша ғұмыр кешу керек сияқты. Ал біз білетін күйші өйтіп болып-толып та, шайқап-төгіп те көрген жоқ секілді еді. Ендеше, оған тап мұнша теңселтер мұң мен тепсінген ыза қайдан бітіп жүр? Әлде кешегі бір жылдары әдетке айналғандай, соның бәрін сол тұстағы әлдебір әлдекімсінген әулекі байшыкеш пен оның әумесер шабарманының қорлық-зорлығына апарып саямыз ба? Олай етейін десек, дойырдың бабын домбырадан кем білмейтін, қиқар тілін қылыштай жалаңдатқан от ауыз, орақ азу, нағыз жаубасар Құрманғазы ондай-ондайларға қақсаған қара шанаққа шағынбай-ақ, есесін жібере қояр түрі жоқ сияқты еді. Бәлкім ауыл-үйдің итірқылжыңынан туындайтын ондай өткінші ыза онсыз да кеуде кернеп тұрған мұң мен шердің лақ етіп атқарылуына түрткі болса, болған да шығар, бірақ әлгіндей ордалы дерттің әу бастағы орнығуына қоздап-қордалануына түп төркін, түбегей себеп бола алмаса керек-ті. Шындап ойлағанды шын шытырманға салар шын қитұрқы, міне, осы арада жатқан сияқты.

Жалпы, осы Құрманғазы, қаншама елден ерек дарын дегенімізбен, өзі туған кезеңде тумаса, өзі өмір сүрген ортада тірлік кешпесе де, тіпті әлгі Савичев айтқандай, европалық білім алған күннің өзінде де, тап бүгін біз білетін Құрманғазыдай айрықша құбылыс, замандылық тұлға бола алар ма еді?!

Оның сырына, суреткер тағдырын тек бастан кешкен күйзелістері мен жеке басының биопсихикалық сипаттамалары тұрғысынан ғана қарастырып қоймай, ол тағдырды тұтас бір әлеуметтік-эстетикалық құбылыс қылып қалыптастырған тарихи кеңістік пен тарихи уақытты жан-жақты зерделетіп барып қанығуға болатын шығар. Бұл арада: «Егер ақынды шындап түсінгіңіз келсе, туған жерін барып көр»,— дейтін қашанғы қағида ойға оралады. Біздіңше, көз ашқан жермен қоса көз жұмған жерін де көрген жөн. Сонда ғана оның тағдырының халқының тағдырымен қаншалықты қабысып, қаншалықты қабыспайтынын кеңірек пайымдауға болар еді. Егер суреткер өз тұсының өзекті шындығына дөп түскен

болса, сөз жоқ, үлкен талант. Ал егер ол өз тұсының ахуалы арқылы халқы мен күллі адамзат өткен өткелектердің өзекті арнасына тереңдеп бойлай алса, соның нәтижесінде өтешектің жетегінде кетпей, келешекке ынталанар рухани дәйек тауып бере алса, нағыз ұлы талант екені даусыз.

Жарықтық Құрманғазы бабамыздың шығармаларының күллі адамзаттық мән-маңызы мен ұланғайыр тарихи ауқымына оған топырақ бұйырған мекенге әлденеше рет бара жүре көзіміз жете түскендей болды.

Өзегінен су, жиегінен ел арылып көрмеген ежелгі Еділдің аяғы. Андыздаған атырау. Сала-саланың ара-арасы тоқымдай-тоқымдай қара жер. Не арал, не түбек. Солардың бірінде қоян жонындай бұлтиған қоңыр төбеде жұпыны төмпек жатыр. Құлпытасын көргенде көзіңіз атыздай болады: ай астында басқа пұшпақ қалмағандай, мынау арыстанның аузына, зымыстанның түбіне жетіп жығылуға неге ынтық болды екен? Жазмыштың жазуы ма? Жоқ, жазмышыңызға да құлақ асқысы келмей, осқырынған ортеке көңілдің ең ақырғы қиқарлығы ма?!

Қапелімде, жауап таба алмай, боталаған көзіңізді құлпытастан төңірекке аударсаңыз, Құрманғазы көкірегіндегі таусылмас қыжылдың қайдан қоздайтынын, ол ұстаған қара шанақтың неге боздайтынын аңғарғандай боласыз... Ол маңайдың әр бұтасы тарих пен тағдырдың қаншалықты тұрақсыз, қаншалықты тұрлаусыз екендігінен сыр шертіп тұрғандай. Бағзы бабаларымыз әуелі күнгейден теріскейге қашқан мұзға ілесіп, аң қуалап, кейін шығыстан батысқа, батыстан шығысқа жауған жаңбырға ілесіп, мал қуалап, әрлі-берлі жөңкіген тұсынан бермен қарайғы қос аяқты нәсіл қарекеттерінің қалай құбылып, қалай бұлтарғанын түгелдей оймен сезіп шығу үшін алысқа ат сабылтпай-ақ, қос құрлықты қоса айқарған осы араға келсеңіз де жеткілікті екен. Тіпті ең ежелгі пайғамбар Заратуштра осы маңайда туыпты-мыс. Күнге табынудың орман мен дала, шалғын мен шаңдық бетпе-бет шарпысқан бұл аймақтан шығуы тегіннен-тегін болмаса керек. Заратуштра үмбеттерінің бір парасы Еділді кесіп өтіп, күнгей аунады. Бір парасы Жайықты кесіп өтіп, шығыс ауып, құз басына мал жайып, мұз етегінен мал суарып жүрген көшпенділерге қосылып, жарық пен жылу иесі Көктәңірге тануды шығарды.

Аспанға ізет тұспалы асаны, жер мен көктің бірлігінің тұспалы ашаны, шарапат шапағын әспеттейтін әйкөнені көтеріп, қайтадан Еділ-Жайықты кесіп өтіп, батыста Балтыққа жетіп, күнгедей Балқаннан асып, алтын дулығалы Рим императорына әйкөнені сүйгізіп, ашаға маңдайын тигізіп, тізе бүктірді. Сосын-ақ бұл өлке жер кіндігіне айналды. Дін біткен осында жетуге асықты. Хазар хандығы тұсында 790 жылы иудей діні, болгар хандығы тұсында 966 жыл ислам кеп ірге тепті. Днепр де Еділден қалғысы келмей, исламға талпынды. Бірақ, Ольга патшайым дүние ауып, баласы Владимир 966 жылы мұсылман елшілігінің меселін қайтарып, 998 жылы Византия дінін қабылдады. Бірақ, сонау Әділ (Аттила) заманынан бері бұл аймақта әбден етек жайған азиялық дәуірлеу бәрібір тоқтамады. Киіздей ұйысқан Бату қолы оны тағы да үш ғасырға ұзартып берді. Бірақ, ай астында мәңгілік не бар? Әлемдік шаруашылықтың бірден-бір нәрі жер үстіндегі қоныс болғанда малының басы өскен салт атты Шығыс басым түссе, әлемдік шаруашылықтың негізгі нәрі жер астындағы кеніш болғанда жанының басы өскен темір доңғалақты Батыс басым түсті. Қазанға шапқан Тайбурылдың тұяғынан түскен қасқа жолдың бойымен енді шығысқа зіркілдеген зеңбіректер жылжыды. Қонысқа ұмтылған шығыстық дәуірлеу тұсында алдыңғы шепке айналып, асығы ылғи алшысынан түсіп келген бұл аймақ кеніш іздеп, кенезесі кепкен батыстық дәуірлеудің азуына алдымен ілікті. «Еділде тұрып оқ атса, Жайықта оғын жоғалтып, Жайықта тұрып оқ атса, Еділде оғын жоғалтып» алшандап қалған арда жұрт үшін еркіндеген Ер Заман өтіп, кеңкілдейтін Кер заман келді. Әуелі босып Сыр ауды. Одан безіп қыр ауды. Алатауды айналды. Сары Арқада сандалды. Екі ғасыр сенделіп, ескі жұртқа оралды. Оралса — Еділге көшкен Сақмар су, Шора кеткен Нарын құм, Сидақтан қалған Қобан су, Телағыс ауған Боқсақ сай, Қазтуған қашқан Дендер дөң, Орманбет өткен Аңқаты, Қарт Қожақ қонған Қалдығайты, Қарасай өлген Ақтөбе, Асан безген Қорғанша — бәрі-бәрі жат қолда. Ескі арнасына ұмтылған еркедариядай ел көңілі қанша шапшығанмен, кеткен дәурен келмеді. Тіпті Әбілхайыр, Жәнібек, Бөкенбай, Есет қолдары Аштарханға талай аңсарлары ауып, Бозанға дейін сан келіп, күркірегген зеңбіректерге дәттері шыдамай, сан рет кері қайтты. Хан тындырмағанды тындырмақ болған

Исатай мен Махамбет те қанды қанжарға қармалды. Батудан қалған Көк сарай, Беркеден қалған Ақ Сарай, қасқа жолды Қасымды қосқанда жеті бірдей хан жерленген Сарайшық сыртта су мен жел тонап, іштен тышқан мен суық қол тонап, алда төмпекке айналды. Көрінген жалдың басындағы көне үйік ауған бақ, аунаған тақ, өшкен дәуренді еске салып, көзді өртеп тұрғанда қалайша қамнан қаперсіз табақ тауысып, саба сарқып, жайбарақат жүре алмақсың! Көшпенділердің екі мың жылдық әлемдік дәуірлеуі тұсында арғыдағы алты таңба алаштың да, бергідегі үш таңба қазақтың да бағы аумаған байтағындай болған Еділ-Жайық, Атырау-Арал алабы жанартау боп атылып, бір жарым ғасырдай бұрқағы басылмай, лапылдады да жатты. Құрманғазыдан бұрынғы Сырым, Көктемір, Асау, Барақ, Тіленші, Жоламан, Арынғазы, Қара, Атақозы, Қаратайларды былай қойғанда, Құрманғазы тұсындағы Исатай, Махамбет, Өтен, Төремұрат, Мыңбай, Тұрлан, Есет, Бекет, Иса, Досандар ереуілі кеудесінде жаны бардың делебесін қоздырады. Ит мініп, ирек қамшылаған күйкі тірліктің кез-келген келеңсіздігі сахараның қай пұшпағында да кешегі дәуренді еске салып, зығырданды қайнатты. Қырда Кенесары мен Наурызбай, Сырда Жанғожа мен Бұқарбайды, Қаратау мен Алатауда Тентек пен Байзақты, Сұраншы мен Саурықты, Тойшыбек пен Байсейітті атқа қондырып, арпалыстырып жүрген де сол еді. Ел ереуілдеп жатқанда, тіл бөгеле алар ма?! «Қырымның қырық батыры» сол тұста жырланды. Әубәкір, Абыл, Шернияз, Есет, Нұрым, Қалнияз, Қашаған, Ізім, Бала Ораз, Жастабан, Ақтан, Шынияз «Үш қияннан», «айта берер ақыр заманның» келгеніне егіле отырып, баяғы ноғайлы заманындағы Доспамбет, Шалкиіз, Қазтуғандардың көкейіне басып, «ертеде өткен ерлердің» аруағын шақырды. Сыпыра Жырау-Дастан мен Асан қайғы-Зар көмейге бірге оралды. Домбыраның шанағы да — Ер-Заман мен Кер Заманды салғастырып сарнады.

Саз Әлеміне Құрманғазы дейтін әлеуметтік-эстетикалық құбылысты әкелген тарихи уақыт, тарихи орта, тарихи ахуал, міне, осындай еді. Сондықтан да, ол тұстағы қозған делебе, қайнаған зығырдан, тасыған жігер, жасыған көңіл, удай ыза өмірде қандай лапылдап, қандай сапырылысып жатса, Құрманғазы күйлерінде де сондай лапылдап, сондай сапырылысты. Он бармақтың

ұшынан бір адамның емес, Күллі Заманның Шері шертілді. Мұңы мұңдалды. Ызасы қайнады. Ақылы алас ұрды.

Жылдар өтті. Ерлер өлді. Жалын сөнді. Талай арман күйреді. Талай күдер үзілді. Ал Құрманғазы күйлері әлі аттан түскен жоқ. Атойлап тұр. Өйткені, көреген талант өз тұсындағы өткіншіден өмірбақи тиылмайтын-тоқталмайтын күретамыр дүрсіліндей өзекті мән-мағынаны дәл тауып алды. Бұл ретте күллі далалық көркем ойда оған арғыдағы тарихтан тек Иассауи мен Қорқыт, Асан Қайғы мен Бұқар, бергі тарихта тек Абай ғана шендесе алады. Ол да әлгі аты аталған ұлы Отандастары сияқты бір ұлттың тек бір ғасыр емес, әлденеше ғасырларға созылған қырсық пен қиянатқа толы тағдыр-талайының, ештеңені қалт жібермеген, ештеңені беттен қалқымаған, бәрінің де тұңғиығына тұқшия үңілген ең толық, ең дәл, ең шынайы заманалық кескіндемесін жасады. Тағдыр оның талайына ең күрделі, ең қиямет кезенді тап қылды. Өзін жаратқан түркі-қыпшақ дүниесінің бәрін дағарадай қылған дәуренді кезеңмен қимай қоштасты, оның өзі түгілі ізін опыра-жапыра келген жаңа кезенді қинала қарсы алды. Бірақ, Заманақыр келсе де, Заманғайып болмауы, Күн сөнсе де, жарық өшпеуі, Қиянат жеңсе де, Әділет өлмеуі, Үрей торласа да, Үміт жоғалмауы керектігін ұқтыра білді. Күйлерінде бірі жүрген жерде бірі жүре алмайтындай зар мен жігер, мұң мен шаттық, ыза мен мейір қиялға сыймастай үйлесім тауып, үйірлесіп жататындығы да сондықтан. Бұл жағынан алғанда, ұлттық көркемдік санада өзіне дейінгі суреткерлердің ешқайсысында мұндай мол мөлшерде болмаған көпқырлылық пен мол ауқымдылықтың, қайшылыққа толы тауқымет тағдырдың қай күрделі шындығына да тайсалмай бара алатын жұлын жұтқан көзсіз ерлік пен сөзсіз шеберліктің үздік үлгісін көрсете алды. Оған да тек тарихқа жүгініп, даусыз көз жеткізуге болады.

Шекарасын — айдаған малының тұяғы, астанасын жайлаған көлінің құрағы, береке-бірлігін — ауызекі уәде, тәртібі мен тәрін ауызекі уәж ешіп, дәулеті — төрт аяғына, әулеті — екі аяғына жалынған көшпенді қауым ішіне ала, іргесіне шала түскен кездің бәрінде де ошарыла құлдырап, ойсырай дағдаратын зар заманға ұшыраған да отырған. Ол әуелі бір-біріне қыр көрсететін, бірін-бірі өгейсітетін қырғиқабақтықтан басталып, кейін

көлденеңнен киліккен көк аттының әлімжеттігімен аяқталған. Демек, біздің әуелі құлқымыздың бұзылуына, кейін дәуреніміздің аууына мынау ашық-тесік далаға сыртқы ықпалдың, Еуразия деп аталатын ұланғайыр кеңістіктегі саяси күштер арасалмағындағы өзгерістердің әсері тым күшті болғанын аңғартады.

Біздің дала соңғы мыңжылдықта ондай дәуренді төрт рет бастан кешті. Қырдан қыпшақ, ойдан оғұздың басы қосылып, қағанаты құлағалы тауы шағылғандай болған түркі әлемі еңсесін енді түзей бастағанда ел ішін әлгіндей әрекет жайлады. Ағайын екі жарылды. Ауыздар әр жаққа қисайды. Ондайға жол бермейміз деп, иман ұясы мешітте көпке уәжі өтпеген хазіреті Иассауи жер астына тірілей сүңгіп кетті, билік ордада бекке уәжі өтпеген Қорқыт барар жер, басар тау таба алмай, ел ақтап кетті. Бұл — біздердің күні бүгінге дейінгі желісін үзбей келе жатқан дәстүрлі рухани тарихымыздағы **ең бірінші зар заман** еді. Ол заманнан ботадай боздап, аруанадай аңыраған қобыз сарыны қалды.

Қаратауда іріген ұйтқы Еділ бойында қайта ұйысты. Бас-аяғы бес ғасырға созылған далалықтардың жаңа дәурендеуінің түбіне ұрынарға қара таппағандай Таяу Шығысты уысында ұстай бастаған Баязит пен Еуропаға ендеп кіре бастаған Тоқтамысқа барып киліккен Ақсақ Темір жетті. Сол-ақ екен, екі құрлықтың басын бір кеудеге сыйғызып келген ақ сауыттың көбесі сетінеді де жүре берді. Тарихтың дөңгелегі кері айналды. Әуелі хан мен хан, сосын сұлтандар мен бектер, одан бектер мен бектер ұстасып, іргедегі ата жауларын қалай күшейтіп алғандарын өздері білмей қалған көшпенділер бірінен соң бірі жат құлқынға жұтыла бастады. Аран ауыздан алысырақ қоныс аударып аман қалудан басқа амал таба алмаған Асан Қайғы желмая мініп, жер кезді. Бұл — біздің тікелей бабаларымыз кешкен **екінші зар заман** еді. Одан ноғайлының налымалы саздары «науайылар» мен еңкілдеген «Ел айырылған» қалды. Быт-шыт Алтын Орданың екі сынығы мен Моғолстанның бір сынығынан қосылып, Қаратау бойында өз хандығына ұйысқан қазақтардың төбесіне тағы да қиқу төнді. Үш арыс әуелі қайдан келсе, сондай бытырап, тағы да басымыз шатылды. Бұл — **үшінші зар заман** еді. Одан «Елім-ай», «Қайын сауған» мен неше сала, неше тармақ «Кертолғаулар» өрбіді.

Дәурені тасқанда көршілерді ықтырып, дәрмені басылғанда бос жатқан қоныстарға ығысып, әйтеуір, кең жүріп, кең тұрғанға үйренген түздіктерге ауып қона салар адыра қоныстар мен бөрікпен басып алар бос белбеу көршілер де қалмады. Өзгенікі түгілі өз жер, өз суың мұң болды. Ата-қонысыңның шөлі сенікі де, көлі — басқаныкі, шаңдағы — сенікі де, шалғыны — басқаныкі, бетіндегі қылтанақ түгі — сенікі де, астындағы алтын қойма қазынасы — басқаныкі заман туды.

«Қайда барсаң — Қорқыттың көрі», — дейтіндей заман енді келді. Дархан көңіл далалықтар бұрын-соңды тап бұлай жігері құм болып көрмеген-ді. Ақсауытты, ақ найзалы ат үсті нояндық қой боғындай қорғасынның алдында дымы құрыды. Ер үстінде ереуілдеген еркөңіл үрдістен уақытылы безінбесе, жер бетінен жойылып кету қаупі туды. Ер заманнан біржолата күдер үзіп, Керзаманға біржолата көндігу кімге оңай тиген еді. Бірақ, тұқымыңмен тұздай құрып кеткенде де кімді мұқалтасың?! Ежелгі Римнің бір кезде иудейлерге тудырған зобалаңы енді түздіктерге төнді. Қауымның бір парасы өліспей беріспеуге бел байласа, бір парасы келер күннің алдын орап, кейінгі ұрпақтың жолын қырықпай, ығысын тауып іс қылуды ыңғайлады. Күллі ұлысыңмен ұлытып жіберетіндей нағыз үлкен **Зар Заман** осы болды. Жұрттан алабөтен дәурендеу түгілі жұрт болып қалудың өзі екіталай еді. Жерің, суың, байлығың, кенің былай қалып, сүйекке сіңген елдік үрдісіңе, дәстүр-дәбіңе, тіпті қолқандағы тіліңе дейін қол салынды. Жер бетіндегінің бәрін жым қылып, азды да, көпті де астына жығып келе жатқан оспадар озбырлық заманының лаңына лағнат жаудырғаннан басқа амал қалмады.

Дәл сондай ойсыраған тұста серіліктен емес, шерліліктен қолына домбыра алған Құрманғазы да әуелі ер-тоқымын бауырына алып тулады. Тығырықтан шығар жол таба алмай мұңайды. Күдер үзіп күңіренді. Сосын бәрібір өлгеннің артынан өлмек жоқ, өткенді қуып жетпек жоқ екенін мойындады. Бірақ, мойымады. Өзін өзі қайрады. Өксудің орнына өртене ызалантар өжеттіктің күйін толғады. Жұлыныңды үзілтіп, жүрегінді мүжілтіп отыра, кенет намысыңа от тастай, жүрегіңе шоқ тастай лапылдады. Сол арқылы қанша бір қырғын келсе де, намысты құртып алмауға, неше бір топан басса да, жігердің отын сөндіріп алмауға үндеді. Ел қатарлы ес жинай алмайтын қауымның ел қатарлы ел де бола

алмайтынын ұқтырды. Ежелгіні сол қалпында оралтамыз деп ойлау — есіріктік. Бірақ өткенде қандай ел болсаң, ертең де сондай іргелі ел бола алатындығыңнан күдер ұзу — ездiк. Құрманғазы күйлері есіріктікке де, ездiкке де бірдей қарсы. Сондықтан жылатады да, жұбатады да, шамыңа тиіп, шабытыңды қайрайды да... Сол арқылы өз тілеуіңді өзің кесуден, өз үмітіңді өзің үзуден, өз уайымыңа өзің уланып, өз деміңе өзің тұншығудан сақтайды. Өзінің осалдығын жеңе алған халық өзгенің озбырлығын да жеңе алады. Құрманғазының сонау кері кеткен кер заманның өзінде жер болып жентектеліп бара жатқан ұлттық сананы желпінтіп, қайратына қайта мінгізердей дауылпаз күйлер шалқытатыны да содан.

Сөйтіп, көп тінді, көп түйінді Құрманғазы күйлері бізге қандай болғанымызбен қоса, қандай болмағымызды да айқындап берді. Қазіргідей алмағайып кезеңде ұлы күйшінің біз үшін баға жетпес рухани медет бола алғандығы да осыдан. Намыс пен жігердің жеке адам тағдырын қандай тұрлауландырып бере алса, жалпақ қауымның да тарихы қарекетін тап солай тұлғаландырып, өркештендіріп бере алатындай жасампаз күшін жарқыратып жайып сала білетіндігінде. Талай нәрсе тапшы, талай қасиет қат болып тұрған қазіргі кезеңде де тәуекелден тайғызбас, тағдыр талқысынан мойытпас намыс қайрап, жігер шыңдайтын өміршең өнер өте-мөте қажет-ақ. Алайда, оның орнына тарих талқысының бәрін тек тар заман ғана деп ұғып, оңды-солды гөй-гөйлей жөнелер күйреуіктік күшейіп бара жатқаны байқалады.

Иә, тағы да тар жерге келгеніміз рас. Тұрмыстың тауқыметі көбейіп бара жатқаны даусыз. Бірақ, бұрын да ылғи жұмақта жүрмегеніміз белгілі ғой. Талай жерде аштан өліп, көштен қалып едік қой. Соларға да шыдап, сары уайым сапырмай, сабыр сақтап едік қой. Оның қасында қазір көңілге медет бар емес пе?! Енді еркіндік көреміз бе, жоқ па деп етектері тола еңіреп өткен бабалардың талай ұрпағының көз жасын тәңірім бүгін көріп, ел қатарлы ес жиып, ел қатарлы ел болып кетуге қам жасауға мүкіндік алып отырсақ, тарих пен тағдырдан бұдан артық тағы қандай тарту-таралғы дәмете аламыз?! Бұл — бүгінгі жер басып жүрген ұрпақтың басына қонған айрықша абырой ғой. Сондай барша-мыздың басымызға орнап тұрған ортақ баққа қуанып, оны ақырына дейін іс қылып шығару жолында не қиындыққа төзе білу — жеке алғанда, әрқайсымыздың

адамгершілігіміз бен азаматтығымыз, жалпы алғанда, еліміздің елдігі сыналар жауапты іс. Тек осыған тәуекел тұра білген ел ғана тәуелсіздікті дегеніне жеткізе алады. Әйтпесе, біздің ғасырда мұндай дәуренге жетпеген халық аз. Соның бәрі де бірден күрп ете қалған жоқ. Тек төзе білгендері ғана аяғынан тік тұрып кетті. Төзе алмағандары, баяғы таз қалпына қайта түсті. Көбіне-көп жас тәуелсіздік пен демократияға алғашқы 10—15 жыл аса сын. Өйткені, Әлеуметтік-экономикалық ахуал бірден орныға қоймайды. Қоғамның мүдделестік жіктелуі күшейеді. Сол екі ортада ұрпақ ауысып, саяси белсенділік тобы жаңарады. Жас мемлекетке сыртқы қысым да аз болмайды. Оған іштегі жікшілдік пен жігерсіздік қосылса, тәуелсіздіктің тағдыры қандай болмағы айтпай-ақ белгілі. Кешегі тоталитаризм мидай араластырып кеткен қырық құрақ қоғамға жаңа жағдайда тек табан жұрт қана ұйтқы бола алады. Егер ол ә дегеннен жалына қол апартпай әуекілікке ұрынса, не жаңа мүмкіндіктерге уақытылы икемделмей, оралымсыздық пен жігерсіздік көрсетсе, не тарихи жауапкершіліктен туындайтын өзара ынтымақ пен ықпалдастықты топтық, таптық өркөкірекке жем етсе, тәуелсіздікті тәрк етіп алған елдердің кебін құшады. Амал не, кешегі тоталитаризм тұсындағы тұншығып қалып, енді алабұрта оянған албырт әлеуметтік бұла белсенділігіміз бастан кешіп отырған кезеңнің ондай талма тұстарын ескермей, кейде жас тәуелсіздікті бірден алқымнан алатын мінез байқатып қалып жатады. Көбіміз ең әуелі елімізді ел қылып алудың орнына ең әуелі «мен болып алайын, мен көрініп қалайын» деуді көбірек күйттеп жүрген сияқтымыз. Қолыздан келетініміз де, келмейтініміз де саяси баққұмарлыққа бой алдырып бара жатқан секілдіміз. Соның желігінен, тарыдай шашылып кеткен басымызды жиып алудың жолдарын қарастырудың орнына бұрынғы бөлінуіміз аз болғандай, бір уыс жұртымызды енді далада туғандар мен қалада туғандарға, анауша оқығандар мен мынауша оқығандар, оқығаннан туғандар мен оқымағаннан туғандарға, бұрын тойынғандар мен қазір тойынғандарға жіктеп-жіліктейтін қисындар шығара бастадық. Егер әрқайсымыз өз басымыздағы ондай-ондай азғантай айырмашылықты былайғылардан үстем тұрғызар артықшылыққа айналдырамыз деп, **рухани масықтыққа** бой алдырсақ, онда жас тәуелсіздігіміз бен демократиямыздың бұғанасын бекітіп, қабырғасын қатыра ма деген

кезекті сайлауларымыз баяғыдағы төтеннен соқтыққан бөтендердің сойқанынан кем сойқан, кем соққы болып шықпауы мүмкін. Сондай-ақ, біреу біліп, біреу білмей, біреу түсініп, біреу түсінбей жатқан қазіргі өтпелі кезең қарбаласын пайдаланып, аузымыз жеткенше асап, қолымыз жеткенше қармап қалатын **рухани пасықтыққа** бой алдырсақ, ол онсыз да шашыраңқы қатарымызды одан сайын шаша түспесе, қоса түспейтіні даусыз. Ал енді өз тәуелсіздігімізді өзіміз көпсініп, анау қолдан келмейді, мынау бойға сыймайды, анда барсақ — арба сынады, мында келсек — өгіз өледі деп, **рухани жасықтыққа** жеңістік берсек, тарихтың өзі ауызға салып беріп отырған асты әрі қарай талмап жұта алмаған су мұрын сүмелектің өзі болып шығар едік.

Бұл тұрғыдан келгенде, бұрын да айтқанбыз, қазір де айтамыз: өліп-талып қолымыз зорға жетіп отырған тәуелсіздіктің қадірін білмей, өйтіп шолжаңдайтындай біздің қазақ құдіреті күшті құдайдың не туған құдасы, не қарын бөлесі емес. Мынау жарық дүниедегі өз түтінін өзі түтетіп жатқан қалған халықтан нені көрсе, соны көруі тиіс, нені білсе, соны білуі тиіс. Әйтпесе, әуелі өзге елдер не істеп жатса, соны істеп үйренбесе, елге ие бола алмайды; өз несібесіне біткен бақ пен дәулетті өзі игеріп үйренбесе, жерге ие бола алмайды. Онсыз өз ырысын өзі теуіп, өз бағын өзі тәрк етеді. Өйкені: бағалай білмегенге бақ тұрмайды, қуана білмегенге құт қонбайды; табына білмеген қауымға пайғамбар бітпейді, бағына білмеген қауымға басшы түтпейді; бірлік содан азып, береке содан тозады. Ол екеуі жоқ жерде тәуелсіздіктің тасы өрге домалайды. Ал егер тәуелсіздігімізді тәрк етер болсақ, онда біздің кешегілердің киесі ұрып, ертеңгілердің қарғысы атады. Тарихтың қолы онсыз да тараң. Қайта-қайта желеп-жебей бермесі хақ. Болсақ — осы жолы боламыз. Болмасақ — осы жолы біржолата бордай тозамыз. Жоқтан өзгеге күйгелектеніп, күңірене де бермей, әлі арнасына түсіп болмаған аунақшыма заманның ауанына көзсіз еріп, аусарлыққа да ұрынбай, жан-жағымызбен жақсы, өз ішімізде жарастықты болып, өз абыройымызды өзіміз үстеп, өз ырзығымызды өзіміз көбейтіп, өз мерейімізді өзіміз тасыта алсақ қана болып-толамыз. Әуелі ел бола алсақ қана — бәрі болады. Ел болып алмай тұрып, ешкімнің де жұлдызы жанбайды. Сондықтан өтпелі кезеңнің өткінші ауыртпалығына шыдай алмай, кешегі сүрлеулерге қарай кежегелері

тартып тұратын пиғылдардың бәрінен аулақ болуымыз керек... Әйтпесе... Тәуелсіздіктің жолы онсыз да тар. Онсыз да тайғақ. Біздің бота тірсек тәуелсіздігіміздің жолын тарылтар ор онсыз да қазылып қойылған. Ол — кешегі отаршыл экономикалық байланыстардың аяқ-қолымыздан бірдей андыған тұсауы мен матауы. Өзгеге қарай ауыз ашып қалған өз дәрменсіздігіміз. Бірақ одан бір күнде арыла алмаймыз. Бар тұзақты бір-ақ жұлқып үзе алмаймыз. Егер соның бәрінен «бір-ақ секіріп түсеміз, бір-ақ қарғып шығамыз» десек, онда да қазулы тұрған аранға өзіміз барып құлаймыз. Өйтпес үшін шыдай білу керек. Шыдай білсек — боламыз. Шыдай алмай, ши шығарып алсақ — өз ауыз омыртқамызды өзіміз үзіп, бордай тозамыз. Оның бәрі де **намыс пен жігерге** байланысты. Біздерге қазіргі қиын өткелектердің бәрінен аман-есен өту үшін Құрманғазы күйлеріндегідей лапылдап тұрған намыс пен жігер керек.

Жақсыдан шарапат деген де сол... Дүйім жұртыңа тар жерде таяу, тайғақ жерде тіреу бола алғаннан асқан қандай шарапат болушы еді?!

Жұмыр басты пенделер, мына біздер, мынау жарық дүниеге бұйрықты несібемізді теріп жеп, дәм таусылған күні өз жөнімізді өзіміз табу үшін келеміз...

Ал көзі барда өзі, көзі жоқта өнері қауымының басына сүйесін, қолтығына демесін болатын ұлылар дүние тұрғанша тұру үшін туады.

Құрманғазы да солай... Дүние тұрғанша тұрады...
Ықыластарыңызға алла разы болсын!

ҚОШ, АЯУЛЫ АЗАМАТ!

Әнуар Әлімжановпен қоштасар сәттегі сөз

Ардақты ағайын!

Аяулы Әнеке!

Мына бір қырыс қабақ құба сұр күн өмірдің аңғал, өлімнің аяр екеніне көзімізді тағы да жеткізіп, жүрекке жара, көңілге нала салып тұр. Ес біліп, етек жапқалы «елім» деп, «шындық» деп шырқыраумен өткен асау жүректің дегеніме енді жеттім бе дейтіндей дер шағында кенет тоқтағаны жанға батып тұр. Қиямет-қайым кезінде де қияға ұмсынған қыран көңілдің аңсарлы биігіне енді самғап шыққан сәтінде қанатынан қайырылып, топшысынан майырылғаны қабырғаны қайыстырып барады. «Есіл ерім-ай! Асыл арысым-ай!»,— деп талайдан тамсанып, емешегін үзіп келе жатқан Ел шіркіннің де тап мұндайда тарпа бас салған кесел мен дертке қылар қайранының жоқтығы, алқымдаған ажалға амал таба алмай, аңырап қалатындығы еңсемізді езіп, тауымызды шағып тұр. Бәлкім, «Елім» деп еңіреген Ер шіркін мен «Ерім» деп елжірейтін Ел шіркіннің әуелден де маңдайларына жазылғанының бар болғаны осы-ақ шығар. Бірін-бірі қия алмай ойран-ботқасы шыға опыну ғана шығар.

Жә, бұның бәрі — қиналғанның, қимағанның әңгімесі ғой. Әйтпесе, бұл ғасырда бұл далада бір кісі мағыналы өмір сүрсе, ол өзіңізсіз, Әнеке! Қаршадайынан жетім қалып, әке мен ананың бауырында жатып, балбырап ұйықтап, балғын бала дәурен кешіп көрмесеңіз де, халқыңызға әуелі қалтқысыз ұл, сосын қамқор аға бола білдіңіз. «Елім»,— деп соққан жүрегіңіздің лүпілін күллі жарық дүние түгел түсінген-ді. «Әділет! Азаттық! Бостандық!»,— деп қиқулаған ұраныңызды күллі әлем естіп, түгел қолдаған-ды. Атыңыз аспан астын түгел шарлап, айтқаныңыз әлде де талай ұрпақтың көңіліне майдай жағатын өнерлі де, өнегелі ғұмыр кештіңіз. Ұлтыңыздың ұмытқанын есіне, жаңылғанын жадына

салып, мәңгүрттік пен аңғырттыққа жем болмауына Сіздей еңбек еткен азамат кем де кем. Қылқандай бозбала басыңызбен қылтұзаққа түскелі тұрған ұстазыңыз Әуезовті құрық жетпеске аттандырып, құтқарып жіберген кезіңізден бермен қарай қазақ жұртының басына күн тағдырына сын түскен қай тұс, қай сағатта да Сіздің жан-айқайыңыз алдымен естілді. Ол еңбегіңіз зая кеткен жоқ. Өнеге тұтқан асыл ағаларымыз бен абзал ұстаздарыңыздың көре алмағанын көрдіңіз, жете алмағанына жеттіңіз. Соңғы үш ғасырдың ішінде мына қара жердің үстінен астына «Артымда азат ел қалды»,— деп аттанып бара жатқан азғантай қазақтың бірі Өзіңізсіз. Атақ пен даңқ та, абырой мен лауазым да таңсық емес. Сізге тағдырдың тартқан ең үлкен сыйы да осы болды. Ондай дәуренге жетуімізге де Сіз көп сарбаздың бірі емес, аз сардардың бірегейі бола білдіңіз. Әсіресе, күні кешегі Егемендік пен Тәуелсіздік жолындағы саяси сайыстарда нағыз сайыпқырандық таныттыңыз. Сіздің өзіңіздің де, сөзіңіздің де орны бөлек еді. Оның қадірін бұрын да білетінбіз. Енді біле түсетін шығармыз. Жақсылықтың табалдырықтан аттағаны рас. Бірақ, әлі төрімізге шығып, жайғасып үлгере қойған жоқ. Өткелектің бәрінен өтіп болған жоқпыз. Тар жер, тайғақ кешулердің де тауыстырар түрі көрінбейді. Елге Ер керек, Ерге Ел керек болатын қиын тұс, қилы кезеңдердің талайы әлі алдан тосып тұр. Соның қай-қайсысында да Сізді еріксіз еске алармыз. Опырайып тұрған орныңызды сипап өкінерміз. Бірақ, кескекті жерде кескілескен келбетіңіз тұрар көз алдымызда. Өр де өжет пікірлеріңіз оралар ойымызға. Тағдыр қимаған ұзақ ғұмырды Сізге тарихтың өзі қиғанына сонда жетер көзіміз. Соны шүкір етерміз де, жер бетінде болып кеткеніңіздің өзіне тағдыр мен тәңірге мың мәртебе: «Тәубе, тәубе!»,— десе-серміз.

Қорғасындай ауыр: «Қош!»,— деген сөзге аузы құрғыр қиысар емес.

Пайғамбардай іс бітіріп жүргенмен, тоқтыншақтың ғұмырындай ғана жасап, тоқтасып үлгере алмай кетіп барасыз. Бұл дүние өтпейтіндей, бұл дәурен таусылмайтындай, ылғи етекте кеңге салып жүріп, көбіміз Өзіңізбен шеріміз тарқағанша сырласа да алмай қалыппыз. Ол үшін бір-бірімізге: «Кешір! Кеш!»— деселік.

Жаныңыз жанатқа самғағанмен, Сөзіңіз, Ойыңыз, Пікіріңіз ақ қағаздың бетінде, қара жердің үстінде қалып барады ғой. Соларды Өзіңіздей, Көзіңіздей көріп, әлі талай сырласармыз, мәслихаттасармыз.

Өйткені, алар асуларымыз қиындап барады. Шығаршындарымыз биіктеп барады. Қатарларымыз сиреп барады. Қалғандарымыздың ендігі жерде қалай болса, солай қажасып-қағытып, айтысып-алжасып жүруге қақымыз жоқ болса керек. Бәріміз түскен ақ жол, оң сапар бір-бірімізге тіптен сергек, тіптен әділ болуды талап етер түрі бар. Сол бір ұйтқылы істе де Сіздің рухыңыз бізбен мәңгі бірге болады.

Сол үміт, сол сеніммен арманда қалып бара жатқан ел-жұртыңыздың Өзіңізбен ақтық қоштасар азалы жиынын ашық деп жариялауға мәжбүрміз.

1983.

ҚАЙСАР ТАЛАНТ

*М. Әуезов атындағы академиялық театрда
1993 жылы жазушы Т. Ахтановтың жетпіс жасқа
толған мүшел тойында сөйленген сөз*

Айналайын ағайын!

Ораздының отыз қонағы бір келеді деген осы шығар. Тәуелсіздік алғалы іргемізден ат, төрімізден той тарап көрген емес. Үш жылда үш ғасырдың белесіндегі талай жақсымыздың атағын тірілтіп, аруағын тербедік. Осы көңіл, осы ықыласымызды көбіне көздерінің тірісінде көрсете алмағанымызға көкірегіміз қарс айырылады. «Жақсының жақсылығын айт — нұры тасысын, жаманның жамандығын айт — құты қашсын», — депті ғой атам қазақ. Жақсының жақсылығын бетіне айтқаннан тек оның ғана емес, күллі қауымның нұры тасатыны рас. Өйткені, сүйінерге сүйініп үйренеді. Ал, жаманның жамандығын бетке айтқаннан оның құты қаша ма, жоқ па — оны бір алла біледі, бірақ бүкіл елдің құты қашатыны айдан анық. Өйткені, аяқтан шалмаса, жағадан алмаса, көрінгеннің омырауынан ұстап, ойбайға баспаса, жаманның аты жаман болар ма еді... Жағаласқаннан, жармасқаннан, жанжалдасып-жамандасқаннан ешкімнің көсегесі көгермейтініне көз жететіндей уақыт болды. Ендеше, жаманның құтын қашырудың жалғыз жолы — жақсының нұрын тасыту. Тек әділдік бар жерде ғана елдік бар. Елдік жоқ жерде жаманның иығы шығыңқы, жақсының еңсесі түсіңкі жүретіні бесенеден белгілі. Ондайда ер сорламайды, ел сорлайды. Егер біздер мен біздің бабаларымыз әуелден осы жағын мықтап ыждаһаттағанда біздің нәсіліміздің асқан асуының қазіргіден бір қадам болса да ілгерірек, шыққан тауының бір елі болса да биігірек тұрары сөзсіз еді.

Жә, өткен ереуіл, қалған салауат. Ендігімізге береке берсе де, ойдағымыздың болып, оязымыздың толары анық.

Жақсылыққа бет, жаңалыққа жол түзеп отырған қазіргідей кезеңде күллі қауымымыз болып неміздің бар,

неміздің жоқ екенін әділ түгендей алсақ қана дәрменіміздің неге жетіп, неге жетпейтінін дәл бағамдай аламыз. Тек сонда ғана бұрыстан уақытылы бұлттарып, дұрысқа уақытылы тәуекел ете аламыз. Әйтпесе, әрлі-берлі аунақшыған замана толқынымен жаңқадай жағаласып, әр нәрсеге бір ұрынғаннан ұшпаққа шығып жатқан ешкім жоқ. Жел басылғасын қобырсыған қоқыр-соқыр боп кез-келген жыра-жықпылдың түбінен табылады. Тек жоғын ғана айтып, жоғалтқанын ғана санап, аузын қу шөппен сүртіп, күні-түні аш белін таянып, аһ ұрып отырғандар да қаралай жолынан қалғаннан басқа ештеңе бітірмейді. Жыламсақтықпен бақыт, сұрамсақтықпен нәсіп тауып, бүйірің шыға қоюы мүмкін емес. Тек барын бағалай, базарлай білген қауымның ғана бағы ашылмақшы.

Бұл жағынан келгенде, құдайға шүкір, құралақан емеспіз. Батпан-батпан байлық тек жер көкірегінде ғана емес, ел көкірегінде де тұнып тұр. Сүйінерге жарайтын жақсы мен жайсаң тек жер астында жатқан жоқ, жер үстінде де жүр. Әйтпесе, артында тігерге тұяқ қалмаса, мына даламен заманында алдына қара салмаған қазанаттар шапты дегенге кім сенер еді?! Соңында ерінің тұшынып сүйетіндей ұлан тудырар ұрпақ қалмаса, заманында аяқтыға жөн, ауыздыға сөз бермеген айдынды азаматтар өтті дегенге кім сенер еді?!

Тәубе, тәубе... Сан-сапалақ күн кешіп, сан-сапат қиындық көрсек те, тап олай күйзелетіндей күнге жеткен жоқпыз. Тарих пен тағдырдың тауқыметі тұйықтарына талай-талай кептелсек, өз аяқ-жөнімізді өзіміз таба алмағандықтан емес, өз бұйдамызды өзімізге ұстатпағандықтан кептелдік. Өз арнамыздан ауытқып, өзге айдынға біржола қосылып кете жаздасақ, аусарлығымыздан солай болған жоқпыз, көлденең киліккен топан судың жер жаһанды түгел жауып кете жаздаған жойқындығынан солай болдық. Бірақ, соның қай кезеңінде де қазақ жұртының рухани дариясы өзінің табан арнасын тастап кетпеске жанталасып бақты. Заманның қай жұтының тұсында да қазақ рухының ыққан жылқыдай айдалаға лағып кетпеуіне, құздан ұшып, құрдымға батып, біржола құрып кетпеуіне бірде ашық, бірде астыртын баскөздік еткен қайсар күш табылды. Ол адамзат адамзат болғалы талай қауымды тағдырдың тәлкегіне тастап кетпей, қай парасаттың тұсында да қақпайлай отырып, тарихи келешек кеңістігіне шығара білетін халықтық парасат

еді. Ұлтымыздың сондай сара санасының қиын-қыстау заманның қай тұсында да өркенін жая білген бірден-бір өрісі әдебиетіміз болды десек, күмән шақыра қоймаспыз. Халықтық болмысымыз жолында тап әдебиетіміздей табанды күрескен басқа құбылыс бізде кем де кем. Ендеше, сондай тұрлаулы өнерімізге ерекше уыттылық, өжеттік дарытуға жан аямай үлес қосқан жандардың бірі көзін мұнар, жүзін әжім, сақал-шашын қырау шалып төрімізде отыр.

Жақсының жақсылығын бетіне айту керек болса, соған айтайық. Ол оған әбден лайық. Егде Әуезовтің екі дүние арасында тұрып, алды-артын шолғанда, «базарға келе жатқан буыннан» ең алдымен Ахтанов, Нұрпейісов, Қабдолов, Шаймерденовтерге көзінің түсуі, кейінгіге айтар өсиетін сол төртеудің ішінде Тахауи Ахтановқа арнауы тіпті де тегіннен-тегін емес. Ол басқа уақытта да естен шығармайтын, ал бүгін баса айтпай кетуге болмайтын басы ашық ақиқат.

Көзіңізге бір сәт о дүниенің есігін қағып тұрғандай, оташының пышағына түсуге пейіл боп, жарық дүниеге сенер-сенбесін білмейтіндей, сергелдең хәлдегі кемеңгер суреткерді елестетіңізші. Оның мына дүниедегі ең соңғы бітірген шаруасы — шәкірт інісінің жаңа кітабын оқығаны, ең соңғы көрген қызығы — содан алған шынайы ләззаты. Сол бір сәттегі оның жан тебіренісіне құлақ түрелікші: Менде бір қуанған, сүйсінген ойлар ұдайы қатар жарысып отырды. Ол — сенің өзіме сонша етбауыр, шабытымен іні-бауыр екеніңді сезіне отыру шақтары. Мен сенің мақалаларыңнан, көң тынысты романыңның да кей бояуларынан «осы менімен туыстас-ау» деп ойлап жүруші ем. Кейде тіпті өз сезімдерімді, сырларымды саған жаздырып, соған барынша сеніп, еліге еріп, риза боп отырғандаймын. Әрине, әрбір шыншыл шығарма солай еліктіреді де, ал ол өз жүрегіне ұқсап соққан жан-тамырды жан-бауырдай сезбеске шараң жоқ».

Мың жылдап, миллион жылдап қара жерді қатар басып жүрсе де, біреу біліп, біреу білмейтін қара борбай қазақ жұртын кердең дүниеге, жалпақ әлемге аз жылда-ақ тегіс танытып, түгел мойындатып үлгерген замана сәуегейі Мұхтар Әуезовті тап бұлайша толқытып, тап бұлайша шалқыту үшін қандайлық даусыз дарын, қандайлық заңғар талант керек екендігін айтпай-ақ түсіне беруге болатын шығар.

Оның үстіне: жарты ғасыр бойына тек Абаймен ғана сырлас, Абаймен ғана мұңдас болып келген Әуезовке кемеңгерлік, жиырмамыншы ғасырда адамзаттың маңдайына біткен хас жүйріктермен түгелге дерлік табақтас, түгелге дерлік мәслихаттас болып келген Әуезовке кемелділік, баяғы Әлихан, Ахмет, Мағжан, Жүсіпбектермен тізелес отырып, үзеңгілес өскен Әуезовке халқы үшін қабырғасын сөгіп берер елдарлық еш таңсық еместігін қосыңыз.

Ол аз десеңіз: әлгі хаттың алпыс бірінші жылдың жиырма бірінші маусымында Мәскеудегі Кунцевода жазылғанын ескеріңіз. Ол да қоғамдық ісім оңға басып, оңғарылам ба деп отырған шағы еді. Қоғаммен бірге әдебиет те атымен жаңа сапалық өзгерістерге ұшырайды деп дәмеленген тұс-тұғын. Ол өзгерістердің қандай болатындығы жайында ұлы суреткер әлем құлағын елеңдетердей келелі толғамдарын әлденеше рет ортаға салған-ды. Өзі де тәтті арманға беріліп, мазасыз ізденіс үстінде жүрген-ді. Туған әдебиеті замананың тап сондай өрелі сынына төтеп бере ала ма? Ондай асқар биік талаптардың үлесінен шыға алардай үздік тұлғалар қазақ топырағында бар ма? Қаншама қан талауға түскенмен, салихалылығын жоғалтып көрмеген сахара жұртының қиындықпен ілгері басқан адымын кері жібермей, алға бастап келе жатқан рухани алтын көпір өзімен тұйықтала ма? Тарих мұхитының ең терең, ең жауапты тұсына келгенде, оны кілт үзбей, алыс армандар жағалауына қарай жалғастыра тартып әкете алатындай тегеурінді таланттар табыла ма?

Өмір мен ажал арасында арпалысқа түскен асыл азаматтың, абзал ұстаздың жанын ең көп қинаған бейдауа дертпен қоса осындай-осындай бейжауап сауалдар еді. Сонда әлгіндей дағдарған жүректі дауа боп тыншытқан бүгінгі мерейгер Тахауи Ахтановтың «Махаббат мұңы» кітабы-тұғын.

Кемеңгер ұстаз өзі бастап берген нар тәуекелді кім жалғастырып әкететініне көзі жетті. «Сен шын қызығарлықтай соныға түсіпсің. Оған күш-құдыретің де, мейлінше жетеді. Ілгерілей, ірілей түс, тереңдік таныта түс, тарта бер...», — деп шабыттана бата берген-ді.

Ол кезде бар болғаны бірер кітап шығарып үлгерген Ахтанов ғасыр мен адамзатты тегіс аузына қарата алған ақыл-ой алыбын басқа пенде болса, көрер жарығының қанша қалғанын біле алмай мұң болып, қөз басымен

қайғы болып кететіндей дәнденай сәтінде де тап осынша тебіреніп, тап осынша тамсантайындай, не сиқырымен баурап алды?! Бұл сауалдың жауабын да әлгі айтылған хаттан табуға болады: «әрбір шыншыл шығарма солай еліктіреді», — дейді ұлы жазушы.

Демек, гәп шындық пен шыншылдықта... Шындық та еліктіре алуы мүмкін. Егер адамзат көксеген арман-мұраттардың бәрі айнала қоршаған әлеуметтік болмыспен айқұшақ қауып аймаласып жатса... Бірақ, қиял мен шындық, болмыс пен сана арасында бірін-бірі бірден ерітіп-еліктіріп әкететіндей ондай қапысыз жарасым бұл дүниеде әлі орнай қойған жоқ. Ал әлгі әңгіме болып отырған кезеңге келер болсақ, ол біздің қоғамымызға бүгінге дейін кетіп болмаған әлеуметтік кесірлердің кесепатты тоңының тіпті әлі жіпси қоймаған тұсы еді. Тек жылтырап күн көрінгенінің өзіне ғана мәз болып жүргенбіз. Көркемдік. Көркемдік таным мен әлеуметтік пайымда боямашылдық пен бұрмалаушылықтың мықтап орныққаны сонша, ең сауатты, саналы дегендеріміздің өздері де ештеңені өз атымен атап-түстей алмайтындай күйге жеткен-ді. Ақты ақ, қараны қара деп иландыру әлдеқайда оңайға түсетін еді. Күні кеше ғана көзапара үштен бірінен зорлықпен айырылған біздің нәсілдің ақсақал-қарасақалдары көпке дейін дос-жаранның дастарханының басында «бізде жеке адамға табынушылық орын алды» дегенге дау айтып, қызыл шеке боп таласып келгендері де — соның бір куәсі шығар. Ата буыны әбден соққыға жығылып, мерт тауып, аға буыны әбден аузы күйіп, дерт тауып, бала буыны тумай жатып өтірік естіп, ненің шын, ненің жалған екенін айыра алмай, естен танып, есеңгіреп қалған қоғам көргеніне емес, естігеніне, қасындағының емес, алыстағының айтқанына сеніп үйреніп, ғылыми дүниетанымнан адамзаттың балаң кезіне тән дәлелден гөрі дақпыртқа, деректен гөрі қисынға, ақиқаттан гөрі лақапқа ыңғай тұратын мифологиялық санаға қайта құлдырады. Жоқтан өзгеге сеніп, жоқтан бар жасаймыз деп даурығып, жоқтан тақілет дәурен кешіп келді. Ондай қауымға жүдеу тіршіліктің ең жоқ-жітігін байқатпайтындай, кесір құбылыстардың кесепатын аңғартпайтындай қып, жоқты бардай, барды нардай қып көрсету — әлеуметтік құлық қалыптастырар барша қызметтің бәрінің де бірден-бір міндетіне айналды. Соған бейімделген әлеуметтік және көркемдік таным сәл шындықтың өзіне де үркек жылқыдай құлағын қай-

шылап тұратынды шығарды. Ондай жағдай тек әркім өз қамын өзі қамдап, өз күнін өзі көретін табиғи үрдістен күштеп айырылып, жұрттың бәрі бір қолдың шашқан жеміне қарап, жаппай кіріптарлыққа ұшыраған қоғамдарға ғана тән болса керек. Қысы-жазы қолға қарап, қорада қамалып қалған мал сырттағы желдің уіліне емес, жем шашушы мен су тасушы кіріп-шығатын қарағай есіктің сықырына көбірек елеңдейді ғой. Егер сондай қораның есігі өртеніп, іргесін тесіп, жол салсаң да, басыр болып қалған мақұлықтар бәрібір сол есікке ұмтылып, қып-қызыл отқа өздері түсіп үйтілер еді. Рухани басыр болып қалған қоғам да солай... Кесірлі соқпақ кесепат жолдан әбден аузы күйіп, өз еркімен айнығанша әлденеше жылдар өтеді. Сондайда соныға қарай бастай білетін рухани серкелер табылса ғана, күллі қауымның бағы ашылмақшы.

Әл үстіндегі Әуезовті баурап алған да Ахтанов шығармаларындағы әлгіндей соны сарын, соны бағыт еді. Шынайылық пен шыншылдық еді. Жалған мен қиянаттан көресіні әбден көрген майталман қаламгер көкірегі қыж-қыж қайнаса да, айналасында болып жатқан кесір мен кесепатқа қарсы үн көтере алмай, бүгінгі күннің тақырыбы дейтіннен біржолата безініп, баяғы заман шындығына түпкілікті көшіп алған-ды. Өз көкірегіміздегі шер мен зарды да Абайдың аузымен ақтарған-ды. Аттаған сайын аяғынан шалып жүрген Алматыны да Алатаудың етегінен сонау кәрі Шығыстың бөктеріне көшіріп әкеткен-ді. Оның «Абай жолынан» бастап, талай шығармасы ескі реакция тұсындағы басқа елдерге барып, айтарын сол жақта жатып айтатын дәстүрдей, бұл заманнан ол заманға ойша «жер ауып» барып, сырын ақтарған «алыстан жазылған хаттары» сияқты еді. Бірақ шын жүйріктің тұсауда тұрып, шапшығанда, шын шешеннің турасын айтпай орағыта оспақтағанға айызы қайдан қана қойсын! Алпысыншы жылдары өз тұсынан егжей-тегжейін зерделеуге зейілі мықтап құлап, ыждаһатпен еңбектене бастағанда, айықпас дертке шалдықты. Өртеніп, өшіп бітпеген өркеннің қайта өскіндегенін көрем бе деген үмітінен күдер үзе алмай, жан-жағынан жалғас іздегенде талант жағынан «туыстас», шабытымен «іні-бауыр», «етбауыр», «іні-дос» ізбасар табылғанға жүрегі жарыла қуанды. «Махаббат мұңын» оқып, тартыссыздықтың соқасымен тапталып, боямашылдықтың бораздасымен шимайланып,

тапшылдық пен топшылдықтың (партияшылдықты айтам.— Ә. Қ.) улы қисындарымен суарылып, әбден ит сілікпесі шыққан әдебиет егінжайынан әлгінің біріне де бой бермей, өжеттене өркен жайып тұрған шындық танабына тап болып, азаматтық адалдық пен суреткерлік шынайылыққа мейірі қанып, сондай бал татыған маржан дән өсіріп жатқан ержүрек диханға аса риза боп хат жазды. Ол тек бір ғана қаламгерге ғана емес, кейінгі ұрпақтардың бәріне берілген бата, бәріне айтылған өсиеттей боп естілді.

Шындап келгенде, қазіргі жер басып жүрген қазақ қаламгерлерінің бәрі дерлік Әуезовтың алдын көрген, сөзін тыңдаған, кітабын оқыған. Демек, түгел дерлік Әуезов мектебінің түлегі. Солардың бәр-бәрі әлгіндей ақ батаны ақтап, аталы өсиетті орындай алды ма — ол өз алдына әңгіме. Ал Ахтановтың өз қара басының ол батаны ақтап, ол өсиетті ойдағыдай орындап шыға алғанына ешкімнің дауы жоқ болса керек.

Сондағы Әуезовтың Ахтановқа «қызығарлықтай соныға бой ұрыпсың» деп жүрген жаңалығы не еді?

Ол үшін ол тамсанған «Махаббат мұңы» кітабын, ол ескеріп-елеп отырған кең тынысты роман «Қаһарлы күндерді» қайта ақтарып көрген дұрыс. Сонда не аңғарар едік? Ешкімнің де көзіне түспеген құбылыс, қаламына ілікпеген оқиғаны емес, солардың тасасында жатып, тек Ахтановқа ғана ағынан жарылған ақиқат сырды аңғарар едік. Шыншыл шығарманың еліктірмей, еліттірмей қоймайтын құдіретінің де сонда жатқанын түсінер едік. Әйтпесе, ол кездің әдебиеті мен өнерінде, әсіресе, экранында не көп — ерні кеппей, біріне-бірі сүліктей жабысып, шөпілдесіп сүйісіп жатқан махаббат, қаны кеппей, бірін-бірі қынадай қырып, қырқысып жатқан соғыс, аузы кеппей, бірінің жағасына бірі жармасып, айтысып, таласып жататын ескі мен жаңаның тартысы көп болатын. Ахтанов та аяғы салбырап аспаннан түскен жоқ. Басқаны емес соларды, көбіне-көп, махаббат пен майданды жазды. Бірақ, үйреншікті із қуаламай, соныға омбылады. Дүрбісін тұяқ кешті шиырлардан аударып, ту жатқан тың тұстарға туралайды. Қашқан аңын да содан тапты. Жаттанды идеология қайзалап тастаған қақпыш қисындарды місе тұтпай, болмыстың сілекейлене қоймаған сілемдеріне ой жүгіртіп еді, ақ сылаң ақиқат та сол тараптан қылаңытқандай болды. Сол арқылы оқырмандарын да әдеби талғаммен әлеуметтік сананың неден

қасаңданып, неден дағдаратынын абайлата алды. Төңірекке жаппай мойындалған, не жаппай мойындатылған жалпының көзқарасымен қарасаң, елең еткізерлік бірдеңе таба қоюың екіталай. Қасаңдық пен самарқаулық та, ала қызба белсенділік пен алып ұрма әулекілік те содан өрби жүрсе керек. Ал қай нәрсе, қай құбылысқа да жалпының ығына жығылып, жалпылдай бермейтін жалқының ту түсінігі, тың сезімімен қарасаң лайытқан санаңды тұндырып, жабы тартқан жаныңды жадыратар, көмескі тартқан көңіліңді көбеңдетер соны сыр, тосын сипаттар тани аласың.

Әуезовтың «Махаббат мұңына» айрықша аузы тұшуының себебі де сол еді. Ол кездегі әдебиет қалыпты мөлшердегі қалыпты қисындарды қалбырға салып жөңкіліп жатқан консерві цехындай еді ғой. Соның кенеусіз дәмінен әбден мезі болған Әуезовтей талғампаз оқырманның жас жазушының жаңа кітабындағы бір повесть пен бірнеше әңгіменің әрқайсысынан бұлқынттып бір-бір тірі дуадақ ұстап алғандай, таптаурын болмаған шынайы тағдыр, шынайы мінез тауып алғанына балаша қуануы да сондықтан.

Өліп бара жатқан әдебиетті өйтіп қайта тірілткен күш — қиялдағы мен қисындағыдай болуға тырыспай, өмірдегінің өзіндей болуға ұмтылу еді. Ол үшін мейлінше асқындап кеткен әсірелеушілік пен дәріптеушіліктен, қиын құмарлық пен дақпыртшылдықтан саналы түрде бас тарту керек болды. Тахауи Ахтановтың, міне, оған тәуекелі де, ыждаһаты да әбден жетті.

Ол әлемдік әдебиеттің алтын арқауы болып келе жатқан заматтық салихалылық, өз тағдырың алдындағы өз жауапкершілігің, өз тізгініне өзі ие бола білу тақырыбына тек қазақ әдебиетінде ғана емес, кешені көп ұлтты кеңес әдебиетінде де ең алғаш қайта оралғандардың бірі болды. Бұл — Ахтанов шығармашылығындағы көп тақырыптың бірі емес, бірден бір тақырыпқа айналды. Өз тізгініне өзі ие бола алмау — адам, қоғам, ұлт, мемлекет басына түсер барша тауқыметтің бірден-бір төркіні. Сондықтан да, жазушыны ең тұңғыш «Күй аңызы» хикаясында тас емшек болып кеткен нар маяны қайта иіткен адам сенбестей алапат сиқыр күшке ие кәрі күйшінің таңғажайып өнері емес, сондай сиқырдың арбағанына берілмей, кәрі шалға емес, өз теңіне бұйырғысы кеп, әлдеқашан иіп тұрған желінді уысынан шығармай, бөгеп тұрған қаршадай қыздың қарапайым

ақылы баурады. Өзіңе де, өзгеге де обал жасамаудың жаңғыз жолы — өз нәпсіңе өзің құл болмау. Өйтпедің екен, дүниені қаран суға алдыру, өзің қарабет боп шыға келу оп-оңай. «Алыстан жеткен сарыннан» басталған бұл әлеуметтік әуен кейін жазушының бар шығармасының да негізгі арқауы боп өрмек тартты. Бір сәттік тояттың жолына тосқауыл қоя алмаған хан қызы отанын отқа салды («Алыстан жеткен сарын»). Ұшқары қауымның аузындағы ұшқалақ бағаның желігіне желпінген даңғой ақын жазықсыз жандар мен кіршіксіз махаббаттың обалына қалып, ақыр аяғында өз тағдырын өзі тонады («Махаббат мұңы»). Даңқ қуалап, өзімен-өзі боп кеткен суретші шыр айнала қоршап тұрған шырайлы сұлулықты, бауырына тығылып тұрған балапан махаббатты байқамай, өз талантының шамын өзі сөндіре жаздады («Қызғаныш»). Бейбіт күндегі баққұмарлық қайтадан біреуді қаралай өлімге айдаудан тайынбайтын қара жүректікке, өзімшілдік біреудің обал-сауабына қарамайтын мейірімсіздікке айналады екен («Қаһарлы күндер» мен «Боран»). Осының бәрі де нәпсіден. Тойымсыз нәпсі — тек жеке адамның ғана емес, күллі адамзаттың тағдырын зобалаңға ұшыратар бірден-бір топалаң. Түптеп келгенде, барша халықтар, барша адамзат бастан кешіп келген тақсыреттер мен тауқыметтердің түп бастауында сол жатыр. Тойымсыз құлқынды толтырудың талай тәсілін тауып, табиғи хайуандықтан — тағылықтан арылған адам нәсілі тойымсыз нәпсіден арылудың жолын әлі күнге таба алмай отыр. Сондықтан да зорлық-зомбылықты, қылмыс пен қиянатты қойша қоздатқан «әлеуметтік хайуан» қалпынан әлі күнге тапжылар емес. Ал мұндай «әлеуметтік хайуандық» бір кездегі көп болса бір тоғайдың ішін дүрліктірер «табиғи хайуандықтан» — тағылықтан әлдеқайда қауіпті. Тойымсыз нәпсі, құрдым құлқыннан гөрі көбірек қиратып, көбірек бүлдіреді. Қаласа, бүкіл әлемді астаң-кестең етіп, күллі адамзатты қара суға алдыра алады. Әлеуметтік нысапсыздық бар жерде азаттық, әділет, ізгілік сынды асқар биік мұраттар түгілі жұрт қатарлы жұмыр жерді басып, жарық күнді көріп жүретін қарапайым тіршіліктің басынан қатер кетпейді. Бұл шындықты жеріне жеткізе аша алған шығарма — «Шырағың сөнбесін». Бір кезде күллі кеңес әдебиетінде көп жазылып, көп шиырланып жатқан соғыс тақырыбын атымен кереғар жаңа арнаға бұрып әкеткен «Қаһарлы күндер» мен «Боран» сынды

толайым туындылар тудыра білген сүлей суреткер әлемдік әдеби тәжірибенің Э. Ремарк, Э. Хемингуей, Г. Бель, Борхерт сынды саңлақтардың атын шығарған «тәрк ұрпақ», «зая тағдыр», «окоп шындығы» сынды айтулы дәстүрлерін жаңа қырынан дамыта жалғастырған еді. Ал соңғы туындысында ойда жоқта соғыс қыспағында қалған жаңа босанған ана мен жас нәрестенің тағдырын бүге-шігесіне дейін зерделей суреттеп, табиғат пен болмыстың құпиясына неғұрлым тереңдей қаныққан сайын солғұрлым жыртқыштана, солғұрлым қорқаулана түскен жаңа нәсіл — қайтадан аң болып кетудің аз-ақ алдында тұрған бүгінгі адамзат жайында уақытылы дабыл қаққан, әділін айтсақ, тек ұлттық әдебиетімізде ғана емес, күллі әлемдік әдеби процесте оқшаулана көзге түскен бірегей шығарма жазып шықты. Бұл, әрине, тек суреткерлік табыс қана емес, үлкен азаматтық ерлік еді.

Өйткені, бүгінгі таңда ерліктің ең үлкені — тойымсыз нәпсінің топалаңын қайтадан көксей бастаған тоғышар тобырды тәубесіне келтіру, кешегі қиянатты түзетеміз деп жүріп, жаңа қиянаттарды балалата бастаған жаңа әлеуметтік әулекілікке тосқауыл қойып, азаматтық ақыл-ойды сабасына түсіру.

Мұндай міндетті Ахтанов қаламынан шыққан қай шығарма да абыроймен атқарып шыға алады. Өйткені, ол шындық пен шынайылықтың бағын байлайтын қос тұсау — әспетшілік пен әшкерешілдіктен әуелден аулақ тұра білген бірден-бір қаламгер. Өйткені, ол өз төңірегіндегі келеңсіз шындықтың сол қалпында қала бергенін қаламайды. Ал өзгерту үшін әуелі нені өзгерту, неге өзгерту керек екендігін анықтап алу керек. Ол үшін ештеңеге де алдын-ала кесіп-пішілген ұшқары ұғыммен үңілуге болмайды. Ұшқарылық ұшқалақтықты өрбітеді. Ұшқалақтық шалағайлыққа ұрындырады. Шалағайлық қырсықты көбейтпесе, азайтпайды. Бұл дүниеде бүгінге дейін үстемдік құрып келе жатқан қырсыздықтың бәрі ізгі ниеттің бәрін әуелі дұрыстап түсініп алмай жатып, арзан ұрандарға айналдыра қоятын асығыс ауыздар мен сол ұрандарды ести сала, ұмар-жұмар әрекетке кірісе кететін асығыс қолдарда. Ақырын ойламай іс қылуда. Күллі жиырмасыншы ғасырдың бағын жандырмай келе жатқан да осы. Соның қырсығынан небір абзал идеялар ақырында апатқа әкеп соқтырып жүр. Бәрінің де көсегесін көгертпей жүрген пайдакүнемдік көзқарас.

Пайдакүнемдік атомдардың бөлінуінен туындайтын алапат энергияны қырып-жойғыш қару жасауға жұмсады. Пайдакүнемдік жер жаралып, су аққалы жұртшылықтың көкейін тесіп келе жатқан әлеуметтік әділет идеясын жақ-жақ боп, тап-тап боп мүйіздесіп, қызыл қырғынға зая кетті. Пайдакүнемдік ел мен елдің, халық пен халықтың, адам мен адамның арасында ежелден бар достық пен татуластықтың өзінің тонын теріс айналдырып, бірінің есебінен бірі дәурендейтін, сөйтіп бірі зорға, бірі қорға айналатын қара ниет кіріптарлыққа ұластырды. Адамзат қауымына не тауқыметті тудырып отырған осы бір тылсым сырдың пенделік төркінін және қалай өрбіп, қалай жүзеге асатын әзәзіл жүйесін жеріне жеткізе талдай зерделеп берген «Боран» романы — осы заманғы қазақ прозасының философиялық қарымы мен психологиялық жітілігін, азаматтық уыты мен әлеуметтік тұрлаулығын қапысыз таныта алатын саңлақ туынды. Оның жарыққа шығар-шықпаста әлденеше тілдерге аударылып, халықаралық әдеби құбылысқа айналуы да бұрын белгісіздеу жатқан жұрттағы белгісіздеу кәсіптің жәй-жапсарын суреттегенінде емес, жаңа адамдық болмыс жайлы әбден қызып жатқан әлемдік мәслихатқа байыпты көзқарасымен, байсалды байламымен өз үнін қосып, өз сөзін айта келгендігінде. Туысында бірінен-бірі өте келісті де көрікті, «менің бауырым болсын»,— дейтіндей екі құрдас Қоспан мен Қасболат тағдыры адамдық болмыстың барша нәзік сырын жайып салады. Гуманист жазушы олардың бірін ақтаудан, бірін қаралаудан аулақ. Екеуін де әуре-сарсаңға салып жүрген әзәзіл уақыт. Ал уақытты мінезсіз тайдай мөңкітіп жүрген зыр-зия әлеуметтік әулекілік. Ал оны өршітіп жүрген сол баяғы тойымсыз нәпсі. Соның тепкісіне шыдай алмай, қырық бұлтаққа түскен Қасболат ақырында арын тонатып, жанын жүдетсе, ненің болса да, ақырын ойлап, нысаптан аттамай, азаппен күн кешкен Қоспан бәрінен айырылып, бәрінен ажыраса да, үмітінен ажырамайды. Біреуінің ары жаралы, біреуінің жаны жаралы қос бейбақ тағдыр жер үстінен ырзық айыра келген ар иесінің шын сират көпірден о дүниеде емес, бұ дүниеден өтетіндігінен, тауқыметтен жалтарып, бақ тапқанмен, абырой таба алмайтындығынан сес бергендей.

Тахауи Ахтанов кейіпкер екеш кейіпкерлерді де «ақ» пен «қызылға», «жағымды» мен «жағымсызға» жіктейтін

таптық эстетика үстемдігі тұсының өзінде де кейіпкерлерінің біреуін ішке тартып, біреуін кеудеден итермей, бәрінің тағдырынан адамдық сырын, адамгершілік тағылымын таба білді. Сол арқылы оқырманын уақыт қуыршағына айналдырып жібермейтіндей рухани салауаттылыққа шақырды. Бұл ретте, әсіресе, ол жасаған Қоспан бейнесінің орны ерекше. Осы бір бірде қызметкер, бірде жұмысшы, бірде жауынгер, бірде тұтқын, бірде шопан, өзі жүрген ортаға бірде сенімді, бірде сенімсіз, құбылмалы тағдыр кешсе де, өзі бір қалып, бір құлықтан жазбайтын, қайда тұсап кетсең, сонда жайылып тұратын, арқасынан жүгі аумайтын, шаңырақ артар қара нардай орнықты азамат бір тағдырына бір халықтың бір ғасырлық тарихын сыйғызып жүргендей. Оған қалай тап болғаны белгісіз кер заман да, қайдан шыққаны белгісіз кесір заң да, оқыстан тиген озбыр жау да, төбеден түскен содыр бастық та зорлық пен зомбылықты жасаудай-ақ жасап бағыпты. Алдындағы малына да, кеудесіндегі жанына да, қойынындағы жарына да сумаңдаған сұғанақ қолдар сұғынып-ақ бағыпты. Білдіріп те, білдірмей де тонапты. Дос боп көрінген қас, бақ болып көрінген сор, қоштау боп көрінген мошқау, қолдау боп көрінген зорлау, аялау боп көрінген арбау — міне, Қоспанның талабына тап болған тағдыр сыйының сиқы. Соның бәріне де шыдапты. Жетесіздіктен емес жетеліліктен шыдапты. Жақсы атақ алайын, жайсаң абырой табайын деп шыдамапты. Жаман атым шықпасын, азғантай абырыдан айырылмайын деп шыдапты. Өзім жетпегенге балам жетер, өзіміз көрмегенді ұрпағымыз көрер деп шыдапты. Ұрпақ үшін жау жеткенде өлімге бас тіксе, жау кеткенде бейнетке бас тігіпті. Төзе берген. Көне берген. Көрге кіргенше содан айнымауға бел байлаған. Өйткені, санымен күш бермейтін молды, әлімен күш бермейтін зорды тек уақытпен одақтас боп қана жеңе аласың. Ал уақытпен одақтастықтың аты — сабыр мен төзім. Жалғыз бен малсыздың, шарасыз бен әлсіздің сабыр мен төзімнен басқа тірегі жоқ. Сондықтан да, үндемей жүріп ұрандап, кіжінбей жүріп күресіп өтуге мәжбүр. Түптің түбінде, уақыттың төзімнің жағына, сананың, сабырдың жағына шықпай тұра алмайтынын бәрібір біледі. Қоспанның басқадан айырылса да, үміттен айырылмауының себебі де сол. Өйтпей, өз басындағы сордың себебін басқалардан іздеп, көрінген көп аттымен кикілжіңдесе, онсыз да

өртең кете жаздап тұрған дүниедегі өшпенділікті одан сайын өршітіп, онсыз да көп қиянатты онан сайын балалатып алған болар еді. Ақырын ойлап іс қылған Қоспан арттағы ұрпақтың уақыт құлы Қасболаттың емес, уақыт ұлы өзінің соңына еруге пейіл екенін көрді.

Таптық антогонизм, әлеуметтік расизм, саяси кекшілдік аспандата дәріптеліп, кешірім мен рақым, сабыр мен төзім, артын ойлап іс қылатын абайшылдық пен ыссылай сұғынбайтын ынсаптылық «буржуазиялық сүлесоқтық» саналып мансұқталып жатқан тұста азаматтық дегеніміздің өзі — ең алдымен, адамгершілік екендігін тайға таңба басқандай ұқтыратын «Боран» сынды шығарма жазу екінің бірінің қолынан келмейтін ерлік еді.

Әлеуметтік әулекілік рухани тағылыққа қайта оралтатынын ұқтыратын мұндай өнер қазіргідей өтпелі кезеңде өте-мөте қажет. Осы заманғы адамзат қоғамындағы барлық пәле әуелі өзін түзетіп алмай тұрып, күллі дүниені түзетіп алғысы кеп, өзгелердің жағасына жармаса жөнелетін өшпенділік пен өлермендікті әлеуметтік әділет жолындағы күрестің бірден-бір түрі деп әспеттеуден өрбіп жатыр. Ал, бұл шын мәнінде, зорлықшылдық пен қиянатшылдықты тойтару емес, масайрату болып шығатынын өмірдің өзі көрсетіп беріп отыр. Жер басып жүрген жұмыр басты пенденің бәрін бір-біріне жұдырық ала жүгіруге баулып, сол арқылы бәріміз жаппай зорлықшыға, жаппай қиянатшыға айналып, жер бетіне тамұқ орнатпасақ, жұмақ орната алмаймыз да. Ондай жолмен ұшпаққа шығатын болса, бір ғасырда екі бірдей дүниежүзілік соғыс, әлденеше әлемдік революция, мыңдаған, тіпті миллиондаған ереуіл жасап, жарғақ құлағы жастыққа бір күн тыныш тиіп көрмеген бүгінгі жер басып жүрген ұрпақ шетінен пейіштегі періштедей қағанағы қарқ болып жүрер еді ғой. Қаншалықты қарқаралы бола алғанымызды әрқайсымыздың ішіміз біледі. Әлі күнге таласып келеміз, тармасып келеміз. Жағаласып келеміз, жармасып келеміз. Жағалай тіс қайрасып, жағалай тіл сұққыласып, жағалай бармақ кезескеннен бір қоғамның мүйізі шықса, біздің өмір сүріп келген қоғамымыздың мүйізі әлдеқашан қарағайдай болар еді. Солай бола алмағандықтан да балапан басына, тұрымтай тұсына быт-шыт бытырап кеткен жоқпыз ба?! Ендеше, ондай бірінің қолы бірінің жағасында жүретін үрдістен өз алдымызға отау тігіп, өз мұңымызды өзіміз

мұндайтын тұста арыла алмасақ, кешегі өгіздің басына келген күннің ертең бұзаудың да басына келуі мүмкін. Ондай таз телпекті кимес үшін жаппай белдеспекті қойып, жаппай елдеспекті мықтап ыждаһаттайтын уақыт жетті. Ол үшін болары болып, бояуы сіңіп қойған далабалардың бықсықтарын қайталап қаузай бермей, ертең не болатынымызды көбірек уайымдап, көбірек қамдасайық. Кешегі қит етсе, екі етек боп елбеңдеп жоғарыға қарай жүгіретін даукестікті де, бүгінгі қит етсе, көстендеп көшеге қарай жүгіретін даукестікті де тастап, әрқайсымыз әуелі өзімізді түзеп алуға, өз нәпсімізді өзіміз тежей білуге үйренейік. Өйткені, қиянат пен қиындық та қырсызға үйір. Жебірдің де тісі тек жігерсізге өтеді. Бәлкім, жаппай өз қамын өзі жеп, өз тізгінін өзі ұстап үйренген қауымдарда әркімнің әділет пен бақытты да, абырой мен байлықты да көзжетпестегі тәңірден де, көзкөрімдегі өмірден де дәметпей, өз еңбегі мен өз ыждаһатынан іздейтіні де сондықтан шығар.

Рас, бұл жағынан біз әлі ұяттымыз. Сосын да сөзден ұпайымызды жібермегенмен, істен ұпайымыз кетіп жатыр. Қызды-қыздымен жүргенде, қызғанғанымыз қызыл итке жем болмаса қайтсын... Біз ел қатарына қосыла түскен сайын, қаралай пейілдері тарылып бара жатқан күштер аз емес. Пәлен ғасырдан бері алғаш рет ұлттық ақша шығарғанымызға у ішкендей тулап жатқандар қанша?! Сырттағы болашақ губернаторсымақтардың қиқулап жатқаны анау... Ауыздарынан ақ ит кіріп, көк ит шығады. Сөйтіп, қаралай шаптығып, шамыңа тиіп, өшпенділік өртін түтетіп, соны сөндірген боп, қайта баса-көктеуді көздейтін жымысқы есептен туындап жататын мұндай саяси қаныпезерлікке арандап қап, асығыс іс қылғандардың ауыздарының қалай күйіп жатқанын көріп отырмыз. Ондай ашықауыздық алауыздықтан өрбиді. Ынтымақсыз қауымда қырағылық қайдан жүрсін?! Соның бәрін көріп-біліп отырып, біз мына жақта бір-бірімізге иліге қоймаймыз. Ел түгендей алмай жатып, дау түгендесеміз. Тіріні қойып, өлінің құлағын шулатамыз. Азаттығын баянды еткісі келген халық мұндайда: «өткен өреуіл, қалған салауат»,— деп ант-су ішісетін еді. Бір-біріне атасының құнын да кешетін еді. Ал біз жаңа таластарымыз аз болып жатқандай, көне таластарды қайта қозғаймыз. Сонда бұндайда бірікпеген аузымыз қашан бірігеді? Бұндайда бітпеген пәтуа бізге қашан бітеді? Әлде құдайдың өзі әкеліп берген

тәуелсіздігін өзіміз қадірлей алмай, ертең «құр ойбай, жер ойбай» кепті тағы киеміз бе? Мұндай тұста басу айтқан кейуана сөзге құлақ аспай, арыз бен ашу қоздатқан диуана сөздерге еріп, қаралай от басып қалуымыз мүмкін ғой. Соның бәрі әлі де болса рухани салихалылыққа салғырт қарап келе жатқандығымыздан. Ар қиналмай жан қиналмайды. Жан қиналмаған кімді жарылқайтын еді, нені жарылқайтын еді... Ендеше, ар мен жанның тізгінін ұстайтын әдебиетіміз тарих талқысында тұрған тәуелсіз қоғамымызды тезірек есейтетін естиярлық жаршысы болуға тиісті. Назырқанқы намысты жігерге толтырып, сапырмайым сананы сабырға шақырып, әр-сәрі дәурен кешіп жатқан абыр-сабыр дүрмекті әулекілікке ұрынтпай, ұрпақтар үмітінің үлесінен шыға алатындай арлы қауымға айналдыра білу — біздің алдымызда тұрған бірегей міндет. Өйткені, жалқымызды тоғышарлықтан, жалпымызды тобырлықтан тезірек құтқарып алмай тұрып, жандарымызға жақсы үміт егіп отырған жас өскіндерімізді әлі оң мен солын танып болмаған шалағайлық пен солақайлықтың табанында арылдық деп айтуға болмайды. Бұл істе зиялы ақыл-ойымыздың ыждаһаты мен ынтымағын нығайта білудің мәні зор. Тек сонда ғана «сөз түзелді, тыңдаушы сен де түзел», — деп айта аламыз.

Әдебиетімізді сондай арлы биіктерге бастай білген ардақтар бізде әрдайым болған. Әлі де бар. Соның бірегейі — өзімен қоса халқының да атын айдай әлемге шығара білген, бүгінгі күллі қауым боп жұмыла кірісіп жатқан көшелі әңгімені кешегі қытымыр заманнан да қыңбай бастап берген айтулы суреткер, абзал азамат Тахауи Ахтанов.

Тағдыр оның жанына жамандық бермегей.

Ес білгелі еселі еңбегін жолына сарп қып келе жатқан ел-жұртымен бірге көретін қуаныш-қызығын көп қылғай...

САҢЛАҚ

Шәкен Аймановтың туғанына
сексен жыл толуына орай

Ағайын, расымды айтсам, дәл бүгін дәл мына сахнадан сіздердің жаудыраған көздеріңе қарап, сөз сөйлеу маған онша оңайға тиіп тұрған жоқ. Өйткені, бүгін тап мына сіздерді тап мына залға әншейін жиынқұмарлық жетелеп әкелмегеніне сенімім кәміл. Қайсыңыздың да жанарыңыздан соншалықты бір қимас жанға деген соншалықты бір шексіз ықыласты, шексіз сағынышты көргендеймін. Көбіңіздің көз алдарыңызда — Оның жарқылдаған жүзі, құлағыңызда — Оның саңқылдаған үні тұрғанына еш күмәнім жоқ.

Содан да ма екен, «Шіркін-ай, қазір мынау барқыт шымылдықтардың ар жағынан аршындай басып, Оның Өзі шыға келсе ғой... Қажыңқы жүзіне мейірімді күлкі үйіріп, қарлығыңқы үніне мейірбан діріл жүгіріп, мынау аңтарылып отырған әлеуметпен шүйіркелесіп бір амандасса ғой», — деп армандап тұрмын.

Иә, бүгінгідей күні естияр қазақ қауымына мынау қашанғы қара орда орнымыздың қасиетті төрі түгілі, қала толы киножайларымыздың, үй басына самсап тұрған теледидарларымыздың самала айналары да, тіпті сапырылысқан көшелеріміздің өзі де Шәкен Аймановты еріксіз еске түсірері даусыз. Өйткені, ол бүкіл дүниені бір өзі толтырып жүретіндей ерекше ересен тұлға еді ғой.

Кәні, бір сәт күні кешегі сылдыраған бұлағы құлағының құрышын қандырып, үйлері терегінен, терегі желегінен бой асырмай, жасыл масаты жамылып, жайнап тұратын жәйбарақат астанамызды көз алдымызға әкелейікші. Данагөйлері мен шалағайлары, атақтылары мен шатақтылары, ұстаздары мен шәкірттері, ұлықтары мен кішіктері бірдей жаяу-жалпылап, бір дастарханның басынан, бір мәслихаттың ортасынан табылып, мидай араласып, бірге жүретін дәуренді жадымызға оралтайықшы... Егер жұрттың бәрі қоғадай жапырылып, құрақ ұшып жатса — топтың ортасына не Қаныш Сәтбаев, не

Мұхтар Әуезов, не Ахмет Жұбанов келгенін, ал жадырай күлісіп, жамырай сөйлесіп мәз-мәйрам боп жатса — не Сәбит Мұқанов, не Қалыбек Қуанышбаев, не Серке Қожамқұлов әңгіме айтып отырғанын, ал сол алқалы топ кенет шетінен аяғының ұшынан басып, ауыздарын бағып, бәйпектей қалса — қақ ортада таяғын жерге, мұртын көкке шанши қадап, қайсар Бәукең, полковник Бауыржан Момышұлы қасқая қарап тұрғанын бірден біле қоймаушы ма ек!

Несін айтасыз, ол кезде Алматының желегі мен майсаңы қандай көп болса, жақсысы мен жайсаңы да сондай көп еді ғой. Алшайып алқалы төрге жайғасатын ақсақал-қарасақалын былай қойғанда, табақ тартып, шарап құйып жүретін бала-бажырының өзі қазір ұлттық рухани шежіреміздің бір-бір тарауын иемденіп, тарих қойнауына бір-ақ шықты емес пе?! Сондай базарлы заманның өзінде де Аймановтың орны айрықша бөлек еді-ау...

Көшеде келе жатып, алдыңыздан бастарына қай-қайдағы дағара қалпақ, делдима телпек, шелтима тақия, селтима бөрік киіп, езулерінде ұзынды-қысқалы калияндары бұрқырап, біреулері далаңдаған балақтарына сүрініп, біреулері сидаңдаған сирақтарын тізеден асыра түрініп, мойындарына сытырлаған-сатырлаған, жылтыраған-жарқыраған асай-мұсайларын асынып, әлдекімді қаумалай қоршап ап, асығып-үсігіп келе жатқан әлем-желем айғыр топ адам көрсек, қазіргідей: «бұл келіп қалған қай мемлекеттің басшысы болды екен?» ,— деп басымызды қатырмаймыз, бірден: «пәлен жаққа фестивальға кеткен Шәкен аға ауылға аман-есен оралған екен ғой»,— дейтінбіз. Егер алда-жалда не көшеден, не алаңнан құжынасқан қарақұрым халық көрсек, бүгінгідей: «дүкенге не түсіп жатыр екен?»,— деп ентелемейтінбіз, не: «апырай, тағы қай көсем тағы қандай дауды бастап, митинг өткізіп жатыр екен?»,— деп қаралай күпті болмайтынбыз. «Е, Шәкен аға және бір жаңа фильм түсіруге кіріскен екен-ау!»,— деп қуанатынбыз. Иә, қай құлық, қай қылығымен де ол ылғи көптің алдында жүрді. Иә, қай құлық, қай қылығымен де ол ылғи көптің көңілінен шыға білді.

Өйтіп, қай құлық, қай қылығымен де жалпының жанын жадыратып жүру тек ілуде біреудің, онда да, шарифаттың тілімен айтқанда, әуелден құдайдың сүйген құлы, пайғамбардың сүйген үмбеті, шадиярдың сүйген

сәруары болып, бізше айтқанда, тал бойына талай сирек сипаттар мен ерек қасиеттер жинап туған ерекше жандардың қолынан келсе керек еді.

Шәкен Аймановтан да тағдыр мен тарих айрықша шарапатын аямай-ақ баққан сияқты. Тіпті ұлы актердің өзі де 1974 жылы Мәскеуден шыққан «Өзім туралы, өнерім туралы» кітапшасында да өз талайының талай бұлтарыста қалай оңтайын тауып, оңынан орала білгеніне таңғала жазады.

Расында да қалай таңданбассыз... Ала шаңы аспанға шығып жатқан байтақ даланың қақ төрінде қаттап жиған жүктей боп ғажайып тау орнапты. Баурайы — ну, етегі — мөлдіреген көл. Шын пейіштің өзі. Жарық дүниеге ол сол бір жұмақ қойнауда келіпті. Маңдайына құдай Кенжетайдай дәулескер күйші әкеп беріпті. Ол аз болғандай, туған жездесі де Қали Байжановтай теңдесі жоқ әнші болып жолығыпты. Сондай ортада өсіп, өнерден ерте ауызданып, жер-көкке сыймай жүрген жеткіншек інісін көзқарақты ағасы Қажымұрат қызмет бабымен Зайсанға көшкенде бірге әкетіп, орыс мектебіне орналастырады. Кейін Семейдегі халық ағарту институтына түсіреді. Сонда жүріп, өнерпаздықтың жолына түскен жас жігіт 1933 жылы Алматыдан арнайы шаруамен келген Ғабит Мүсіреповтың көзіне ілігеді. Сөйтіп, институттың үшінші курсында оқуын тастап кеткен әуесқой өнерпаз бірден кәсіби театрдың сахнасынан бір-ақ шығады. Бірнеше жыл қатарынан көпшілік сахнада салпақтап, зейілі тарқай бастаған ол алғаш рет аңсап жүрген басты рольге қолы жетеді. Әуелден де жолы оңғарылып туған жас артист Мәскеудегі бірінші онкүндікке бара жатып, жол-жөнекей Жамбыл ақынға ұнап қалады. Үлкен қалаға алғаш келген қария мейманханаға орналасқанда оны қалап алып қасына жатқызады. Сөйткен Шәкен Аймановқа кейін «Жамбыл» фильмі түсірілерде жәреуке ақын Шаймұхамбеттің ролі бұйырады. Бірақ, әзірлік кезінде ол сценарийдегі өлеңдерді ұнатпай, басқа бір өлеңдерді оқып береді. Сонысына риза болған режиссер Дзиган бастапқы шешімін өзгертіп, ұлы ақынды отыз алты жасар жас артистке ойнатуға тәуекел етеді. «Оның бет әлпеті, көздері, қолдары, сөз саптасы мен жүріс-тұрысы соншалықты дәл, соншалықты сенімді. Көрермен бүкіл фильмнің өне бойында орындаушы актерды атымен естен шығарып, өз халқының ұлы, отаншыл азамат, ақын, данагөй қария, тірі Жамбылды көріп

отырғандай елтіп қалады»,— деп жазды кейін Айманов жасаған бұл бейне жайында айтулы актер, режиссер Сергей Бондарчук.

Нағыз бағы жанғандық деген осы-ақ болар! Бірақ, бармақтай бақтың бұлай жануы үшін таудай талантпен қоса талмас талап керек екендігіне де Шәкен Аймановтың тағдыры куә.

Кішкентайынан ауылдың алдындағы Серектастың басына жалғыз шығып ап, қараптан-қарап жылап отыратын қиқар баланы сөлекет көргендерді Кенжетайдың ағасы Аббас: «Тимеңдер, оған... Тегін жылап отырған жоқ. Өнер қысып жылап отыр»,— деп тиып тастайды екен.

Есін біле-ақ, өнер қыстай бастаған Шәкен тәуекелге бел буды. Тәуекелге бел бумаса, ел асып, жер асып бара жатқан ағайынға ілесіп, оқу іздеп кетер ме еді?! Тәуекелге бел бумаса, мұғалімдікке оқи жүре, бір қолынан домбырасын, бір қолынан мандолинасын тастамай, бір күні ана клубқа, екінші күні мына клубқа, кезек жүгіріп мұрнынан шаншылып жүрер ме еді?! Нар тәуекелден қаймықпайтындай жүрегінде түгі болмаса, Семейдің үйірмелерімен қоса Риддерден келген жұмысшы жастар театрының сахнасында ойнар ма еді?! Астанадан келген атақты драматургтың шалғайына ілесіп, маңдайға тигізер жалғыз ұлттық кәсіби театрдың құрамына қосылудан шындап дәмету үшін де нағыз тас жұтқан нар тәуекел керек шығар.

Ондай нар тәуекелге тек өзіне-өзі кәміл сенгендер ғана бел буа алады. Өзіне сену деген — еңбегіне сену деген сөз. Өнердегі еңбек — күндіз күлкісінен, түнде ұйқысынан қалып мігірсіз іздену. Қиындыққа мойымау. Қырсық пен қасіретке шыдай білу.

Айманов та солай етті. Жігітке жеті өнер де аз деген ата-баба ғұрпын өз ғұмырының басты қағидасы тұтындай, сәби кезінде бірде әншінің, бірде күйшінің, бірде ертекші мен хиссашының қасынан шықпады, жас өспірім кезінде бірде ән мен күйдің, бірде европалық музыканың, бірде бидің, тіпті сахара жұрты бұрын-соңды салт етіп көрмеген театр өнерінің соңына түсті. Қазақша труппаны былай қойып, орыс труппасының ойынына қатысты. Кәсіби өнерге келгесін де сол елгезектігінен танбады. Шәкірттіктен жалықпаған бір кісі болса, ол Шәкен Айманов шығар. Кешке көпшілік эпизодтарына қатыса жүріп, күндіз театр жанындағы студияда оқып, драма

актерының шеберлігін шыңдады. Оны місе тұтпай, музыкалық театрдың артисі болуға дайындалды. Тіпті, опера өнерімен әуестене бастады. Басқа театрларға барып, тәжірибеден өтетін топ ұйымдастырылса, оған ең алдымен Айманов сұранды. Басқа республикаға барып, үлкен өнер мектебінен өту үшін қайтадан партаға отыруға тура келсе, оған да елден бұрын Айманов тілек білдірді.

Осы бір білімге деген тойымсыздық, жаңаға деген құмарлық оны көркем өнердің барлық саласында, барлық жанрында бағын сынап көруге итермеледі. Алматы түбінде «Аманкелді» туралы кино түсіріле бастағанда өз аяғынан сұранып барып, эпизодқа түсті; сұранып жүріп, сол фильмге тұрмыс жөніндегі кеңесшілік етті. Сөйтіп, кино әлеміне аяқ басты.

Сырттай қарағанда, бәрі де өз-өзінен орайласа кеткен сияқты. Ал түптей келсек, бәрінің де тап солай болуы әбден заңды.

Өйткені, бұның қай-қайсысы да ұшқалақтықтан, әр нәрсемен бір әуестенген әуейіліктен туындап жатпағанды. Қайта, дегеніне жетпей қоймайтын табандылықтан тап осылай қисыны жоқ жерден қисын тауып, өз-өзінен қиюласып жатқанды. Аббас ағамыз айтқандай, «өнер қысып» бара жатпаса, осының бірін де істемеуге болар еді ғой. Онда тек бір ғана Шәкен Айманов емес, барша қазақ өнері мықтап ұтылар еді. Егер оған табиғат пен тағдыр қиған таудай талантты барша қырынан жарқыратып ашу жолында жалықпай күресетіндей ынта-жігер, ыждаһат пен тәуекел де бірге дарымағанда, бір суреткердің ғана емес, күллі қазақ мәдениетінің даму жолы атымен басқаша өрістеп, атымен басқаша қалыптасуы мүмкін еді.

О заман да бұл заман талай ойшылдың басын қатырып келе жатқан: «Тарихта жеке адам не істеп, не бітіре алады?»,— деген әйгілі сауалға Шәкен Аймановтың ғұмыр жолы-ақ өте тұрлаулы жауап тауып бере алғандай. Ең ғанибеті, оған осынша шексіз мол дарын қиған табиғат қайрат-жігерді де соншалықты аямай сыйлапты. Ол сахнада қырықтан астам жаңа тұлға жасапты, он бестей спектакль қойыпты. Экранда жиырмадан астам рольде ойнап, он төрт фильм түсіріпті. Бұған академиялық драма театрының, киностудияның көркемдік жетекшілігін, шығармашылық ұйымның бірінші басшылығын, ондаған комитеттер мен жюрилердегі,

актер тәрбиелеудегі, қоғамдық-саяси өмірдегі мігірсіз қызметті қосыңыз. Қандай өнікті және кеңқұлашты, алуан қырлы және абыройлы еңбек десеңізші...

Қазақ сахнасының ең кенжесі боп көрінген балғын талант араға он жыл салмай жатып ұлттық театр өнерінің мақтанышына айналды.

Тәжірибеден өтіп, тағылым алуға келген шәкірт санаулы жылдарда ұлттық кино өнеріміздің көшін бастады.

Бір кезде оқуын аяқтамай кеткен студенттер әлемдік театр мен кино өнерінің ең саңлақ өкілдерімен бірге планетамыздағы осы заманғы мәдениеттің табыстарын таразыға салатын бас сарапшылар қатарына ілікті. Ұлттық, аймақтық көркем ой аумағынан шығып, әлемдік көркем ойдың салихалы да сарабдал тәлімгерлігіне жетті. Қандай қарышты самғау!

Егер біреу менен: «Шәкен Айманов қандай өнерді айрықша қадір тұтқан?»— деп сұраса, мен: «Барлық өнерді де өте-мөте қадір тұтқан»,— деп жауап берер ем.

«Қай жанрды айрықша ұнатқан?»,— деп сұраса, тағы да солайша жауап берер ем.

«Актер Айманов қай амплуаны өзіне айрықша бейім санаған?»,— деп сұраса, тағы да соны айтқан болар ем.

Бұл қалай? Суреткерлік табиғатына қайшы келмей ме? Жоқ, қайшы келмейді. Егер тәңірдің өзімен тайталасып, күллі дүниені өзінше қайта құрып, өзінше қайта жетілдіруді аңсамаса, суреткер суреткер болмас еді. Оның ізгілік пен сұлулыққа, тіпті атақ пен даңққа да соншама тойымсыз болатындығы да осыдан. Егер олай болмаса, тоғышарлыққа ұрынып, тоқмейілсуге бой алдырады. Онда сәйгүлік боп суырыла озбай, тұғыжым тұғыр боп, тойған жерінде жайылып қалады. Өнердегі қанағатсыздық өзіңе деген талапшылдықтан, ал ол өмірге деген талапшылдықтан өрбиді.

Егер Айманов осының бәрін өзімшілдіктен істесе, ол өзіне оңтайлы бір-ақ жанр, бір-ақ амплуаны таңдап алар еді де, соны қапысыз шыңдап бағар еді. Сөйтіп, ештеңеден сыр алдырмай, ешқандай сәтсіздікке ұрынбай, бір биіктен бір биікке өрмелей беретіндей мейлінше сенімді жолды, мейлінше қауіпсіз сүрлеуді таңдар еді. Өнерде олай еңбектенетіндерді де сөкеттеуге болмайды. Өз ісінің шебері болған адам қай тұрғыдан да қалтқысыз қастерлеуге тұрарлық Әлемдік мәдениеттегі не бір саңлақ шеберлер солай қалыптасып, солай танылған. Ал,

бірақ шын суреткерлік, шын ойшылдық — көбіне-көп рухани максимализмнен туындайды. Ондай жан болмыстағы қай құбылысқа да, қай сыр-сипатқа да назар аудармай тұра алмайды. Барға қанағат етпейтін талапшылдық жоқты бар етіп тынбай тыншымайтын тағатсыздыққа бастайды. Түптеп келгенде, өнер-білім дегенді өрістетіп жүрген де сол тағатсыздық. Ізденімпаздық та — сол тағатсыздықтың бір түрі. Ізденістегі тағатсыздық еңбектегі табандылықпен табысып барып, дегеніне жетеді.

Айманов талантының ең басты екі сипаты да осы: ізденістегі тағатсыздық пен еңбектегі табандылық. Оған бір оқуды тастатып, екінші оқуды бастатып, бір мамандықтан екінші мамандыққа, бір қызметтен екінші қызметке, кейде тіпті бірден екі-үш қызметке қатарынан ұрындырып жүрген де әлгіндей тағатсыздық пен әлгіндей табандылық.

Ойлап қараңызшы: мұғалімдік, театрдағы артистік, театрдағы режиссерлік, театрдағы ұйымдастырушылық пен басшылық, кинодағы актерлық, кинодағы режиссерлік, кинодағы ұйымдастырушылық пен басшылық, қоғамдағы көсемдік ықпал, өнердегі ұстаздық ықпал, жалпы планеталық мәдени байланыс, кино өндірісі, театр экономикасы... Шәкен Айманов қамытын арқалаған осы қызметтердің әрқайсысы бір-бір ғұмырды сарп етуге тұрарлық емес пе?! Таңғалатын нәрсе: соның бәрі бір-ақ ғұмырға сыйыпты. Соның бәріне керек қабілет бір-ақ кісінің бойынан табылыпты.

Шәкен Аймановты бір жанрдан бір жанрға, бір ампуладан екінші ампулаға ауытқытып жүрген де осы бір тағатсыздық пен осы бір табандылық.

Егер ол экранда «Алдар көсені», «Біздің сүйікті дәрігерді», «Ән шырқадыны», «Тақиялы періштені», сахнада «Шегіршінді тоғай» мен «Қылжақбастарды» қойып, Петручионы, Хлестаковты, Алдаркөсені ойнаса да, комедияның теңдесі жоқ шебері ретінде өнер тарихынан өте сыйлы орын иемденер еді.

Егер ол тек Отелло мен Ақанды, Қобыланды мен Есенді, Щадрин мен Тихонды ойнаса да, қазақ сахнасының ең үздік трагедиялық, ең үздік әлеуметтік қаһарманы ретінде көрермен қауымды мәңгілік баурап алар еді.

Бірақ, ол сахна мен экранда қаншама сан қырлы, сан бояулы кейіпкерлердің толыққанды бейнесін жасады. Шәкен Аймановтың актерлық палитрасында адам

болмысында қанша мінез-құлық болса соншама сыр-сипат, қоғам болмысында қаншама құбылыс, қаншама қайшылық болса, соған лайық соншама ыза мен уыт, әжуа мен мысқыл, қайрат пен жігер табылатыны шексіз.

Алайда, актер Айманов пен режиссер Аймановтың әлгіндей тақырыптық, жанрлық, пайымдық бағыттарының әралуан болуын тек қана мол дарынмен, суреткерлік табиғатының көп қырлылығымен ғана түсіндіру аздық етер еді.

Біздіңше, Аймановтың өнердегі ізденісіне өмірдегі елгезектігі, суреткерлік көп қырлылығына азаматтық тұрлаулылығы да аз ықпал етпеген сияқты. Оның тағатсызданып жүргені — тек өнер қыстап жүргендігінен емес, өмір де қыстап бара жатқандығынан. Тек өнер қыстап бара жатса, өзін, өзіндегі өнерді қызықтап өтер еді. Бірақ, ондай адам біреудің шалағай шығармасын жөндеп, өз басына өзі азап тілеп алар ма еді? Ондай адам жарым-жарты қаржысы шығындалып, жабылып қалған жарымжан фильмді бастан-аяқ қайта түсіріп шығам деп, өз жанын өзі отқа салар ма еді? Тек өнер қыстап бара жатқан адам намысшыл болса болар. Бірақ, көптің қамын ойлап, тақырға отыруға айналған өнер ұжымын құтқарып қалу үшін өз абыройын өзі өйтіп көрер көзге қатерге тігетініне күмәніміз бар. Жоқ, ондай көзсіздік өзім десе, өгіз қара күші бар, біреу десе, бітпейтұғын ісі бар, өз көлеңкесіне өзі сұқтанған өзімшілдің қолынан ешқашан келмейді. Қарабасының бағы асса болды, қалған қара орман халқы түгел өртеніп бара жатса да, қыңқ ете қоймайтын «өнер қыстаған» өзімшілдерді талай жерде көріп жүрміз ғой. Ал, Аймановтың әлгідей жанпидаға бір емес, сан рет бара алғанына театр куә, кино куә... Қажет десеңіз, тап мұндай көзсіздік, тап мұндай жұлын жұтқандық — оның әрқашанғы өмірлік дағдысы.

Оны соны салаларға, соны салаларға, соны жанрларға, соны бағыттар мен тақырыптарға елден бұрын тәуекелге байлатып, бой ұрғызып жүрген де, ең алдымен, елдің қамы, өнердің қамы-тұғын. «Өзгелердің қолынан келіп жатқан біздің неге қолымыздан келмейді?», «Өзгелердің игере алып жатқанын біз неге игере алмаймыз?» — деген намыс еді. Туған ұлты мен туған мәдениетінің намысы еді. Ол сол жолда неге болса да бас тігуге пейіл болды. Майлықтың да, сулықтың да жолында қатар жүрді. Қай сынға да, қай қиынға да төтеп бақты.

Сырт қарағанда, Шәкен Аймановтың бүкіл өмірі сән-салтанат, қуаныш-шаттық, той мен жиында өткен сияқты.

Байыбына барсақ, тіпті де олай емес... Ол ылғи сынақ мен қиында жүрді. Қапелімде, өз тізгініне өзі ие бола алмай келген театр өнерімізде ұлттық режиссураның біржолата орнығуына Айманов қойып, бұрынғы Кеңес Одағының Мемлекеттік сыйлығын алған «Абай» спектаклі өлшеусіз қызмет атқарды. Айманов қойған Шекспирдің «Отеллосынсыз», Мүсіреповтың «Ақын трагедиясынсыз» ұлттық драма өнеріміз дәл қазіргідей еңселі, дәл қазіргідей ересен көрінбес еді. Әсіресе, қазақ шексприанасын жасауда жазушы Әуезов пен актер, режиссер Аймановтың еңбегі елден ерекше. Ол да өзінің ұстаз ағасындай Шекспир әлемін өз жұртының рухани әлемімен туыстыра, тұтастыра еңбек етті. Шекспирді қазақ ұғымына жақындатсам деп қарабайырлыққа ұрынбай, қайта ұлттық парық пен ұлттық мінезге Шекспир көзқарасымен үңіліп, олардың бұрын байқала бермеген талай-талай шын асыл сипаттарын ашып берді. Сөйтіп, ұлттық рухтың тек төл топырақ, төл табиғатпен шектелмей, адамзаттық мәдениеттің ұланғайыр галлактикасына батыл қадам жасауына бірден-бір себепші болды.

Бұл ретте актер Айманов та, режиссер Айманов та әлемдік шексприанаға сүбелі үлес қосты. «Асауға тұсаудың» қойылуы ұлттық актерлық мәдениетіміздің, шын мәніндегі, ең шырқау мерекесі болды. Қазақ театрының омырауына тағылғын қос інжу-маржандай Катарина-Бөкеева мен Петруччио-Айманов таланттары барша қырынан жарқырай ашылып, барша шұғыла-нұрымен жарқылдап бақты. Көрермен көңілінің мұншама кенелуі әлемдік театр тарихында тіптен некен-саяқ шығар. Ұлы драматург бұл шығармасын әуелден де қыз бен жігіт тартысын қызықтап, қыз бен жігіт айтысын тыңдап өскен қазақ артистері мен қазақ көрермендеріне арнап жазғандай. Қазақ театрының өзінде де одан асқан «қазақы» спектакль болған емес. Сахнада — азаттық пен еркіндік мерекесі. Ештеңеден тауы шағылып, ешқашан сағы сынып көрмеген асау ару, арда жігіт. Бір-біріне әп дегенде-ақ көңілдері бітіп, бірін-бірі әп дегенде-ақ ұнатып қалады. Бірақ, жүрекке оқыс түскен ол ықыласты бірден мойындауға еркелік пен өжеттік ырық бермейді. Сүйе тұрып, сүймегенсіп, мойындай тұрып, мойындамағансып бағады. Жігіттің қиқарлығына қыздың

қайсарлығы жеңістік берер емес. Қыздың тәкаппарлығына жігіттің жүрек жұтқан өктемдігі де қайрансыз. Шекелей қараған мардамсу сыр тартқысы келген қалжыңға, қалжың ашуға, ашу дәрекілікке ұласады. Бірақ, екеуінің де өр көңілі мен өжет мінезі өршелене тайталасқан сайын бір-біріне қызыға, құмарлана, ынтыға түседі. Сол құштарлық бір-бірінің шын қасиетін тануға ұмтылған шынайы ықылас, ыстық пейілге алмасады. Ол пейіл ақыр аяғында қалтқысыз адал махаббатқа ұласады. Кім жеңді? Кім жеңілді? Жігіт қызды баурап алды ма? Қыз жігітті арбап алды ма? Ол арасы белгісіз. Белгілі нәрсе — өжеттікті махаббаттың жеңгені. Асау мінезді қаяусыз сезім тұсап тастағаны. Нағыз адал махаббаттың тек нағыз азат адамдардың ғана арасына желі жая алатындығы.

Қазақтың «кітәби» әдебиетіндегі сүйген жардың жолында не қорлықтың бәріне пейіл болатын «мәжнүн» махаббатты «ауыз» әдебиетіндегі баққа да, сорға да бірдей шыдап, бірге көріп алатын терезесі теңдер махаббаты мансұқтап жатушы еді. Жібек пен Төлеген махаббаты қандай қылықты, қандай ерке? Қозы мен Баян махаббаты қандай аянышты, бірақ қандай асау...

Шекспир шығармасындағы романтикалық коллизия қазақ сахнасында сондай нанымды, сондай дәл реалистік коллизияға айналады. Олай болуына әр қимыл, әр сөзінен еркін даланың еркін мінезінің исі бұрқыраған Айманов ойынының шешуші ықпал еткені өз-өзінен көрініп тұрады. Бостан табиғат, бұла мінез, бұлғақ қылықтың соншама сұлулығын, соншама абзалдығын ондай жеткізе алған суреткер кем де кем шығар. Айманов пен Бөкеева ойнаған «Асауға тұсау» азаттық пен абзалдықтың гимніндей шабытқа, шаттыққа бөлейді. Отелло махаббаты Айманов орындауында атымен жаңа мазмұнға ие болды. Талай Отелло алданғандықтан отқа түсіп жүрсе, Айманов-Отелло арланғандықтан отқа түсіп жүреді. Ол жат қоғамның жадылығына жастайынан қаныққан-ды. Сондықтан да намысшыл, баққұмар боп өсті. Тегіне қарап, менсінбейтін өркөкіректердің өздерінен де асып түсу үшін қиын өнердің сырын меңгерді. Қиын шайқастарда көзге түсті. Жұрттан асып атағын шығарды. Жұрттың бәрінің қолы жете алмай жүрген аруға да жұрттан асып түсу үшін ғашық болды. Дездемона махаббаты — мавр Отеллоның былайғылармен тең екендігінің емес, олардың бәрінен асып

түскендігінің куәсіндей еді. Аяр Яго намысшыл жүректің осы бір осал жерін бірден тапты, дөп басты. Дездемона ойда жоқта жоғалған орамалын ұрғашы жыныстың дәстүрлі мекерлігінің емес, өзге нәсіл өкіліне деген табиғи немкеттілігінің нышаны қып түсіндірді. Отеллоның өз жеңісі жайындағы нық сенімі бірден күйреді. Жұртты жеңгенмен өзін жеңе алмады. Өзіңе деген сенімді жұрт күдігі емес, өз күдігің тәрк етеді екен. Табиғаттың көзсіз көбелегі Дездемона болмай өзі боп шықты. Табиғаттан ауытқудың көзсіз көбелек жендеті де, құрбаны да өзі болып шықты. Айманов-Отелло ұрғашының ұшқалақтығынан емес, өз аңғалдығынан опық жеді. Азаттықтың асқақ болмауға, адалдықтың аңғал болуға қақысы жоқ екен. Аршыл емес азаттық өз-өзінен құлдыққа итермелесе, аңғал адалдық өз-өзінен құрбандыққа шалдырады екен.

Аймановтың бұл пайымы — рух азаттығының, рухани азаттықтың ең бір көкейкесті тылсым сырларын шертетін үлкен азаматтық пәтуа еді. Әсіресе, қазіргі таңда кешегі отаршылдық психология біреулерімізді жаман атқа жал бітсе, жанына торсық байлатпас дейтіндей әсіре шалдуарлыққа ұрындырып, екінші біреулерімізді жұрт сенгенге өзің сенбейтіндей, өз дәуреніңді өзің көпсініп, өз қағыңнан өзің жерініп, өгей ене жарамсақ өзгенің күйтін күйттеушілікке ұрындырып жатқан тұста мейлінше шұқшия зерделеуге тұратын шұрайлы көзқарас. Шама-сы, өзгенің ұшқарылығынан азат болудан гөрі өзіңнің ұшқарылығыңнан азат болу әлдеқайда қиын секілді. Ол үшін қандай қарлы қаратау күн туса да, басқадан айырылғанмен, намыстан айырылмауға тырысу керек екен. Әйтпесе, өзіңді өзгеден бұрын өзің жатсырап, өзгеден бұрын өзің жаусынып шығуың оп-оңай екен. Тек намыс қана елді ездiктен де, есерлiктен де сақтай алады екен.

Кешегі бір замандарда Аймановтай таланттарға таудай талап қуғызып, әр қияға бір салдырып жүрген де сол ел қамын ойлаған намысшылдық екен. Ол қазақ театр өнерінің қаз басуына қатардағы өнерпаз болып қатысса, есейіп еңсе көтеруіне көреген көшбасшы боп атсалысты деп батыл айта аламыз.

Түптеп келгенде, оны атымен соны кино өнеріне де тап сол намысқойлық алып барса керек. Ұлттық театрдың белді қайраткері, беделді басшысы басымен басқа өнердің қолбала қызметтерінен бастап, бас

қолбасшылығына дейінгі ауыр да ұзақ жолды қимай-тындар ондай қылыққа өлсе де барар ма?! Айманов барды. Көнбеске көнді. Шыдамасқа шыдады. Айтысып-тартысып емес, ізденіп, үйреніп, еңбек етіп күресті. Шын намысқой күрес сондай болса керек. Әйтпесе, айқай-ұйқайдан, ойбай-байбайдан заман түзеліп, іс оңғарылып кетер болса, әлдеқашан қой үстіне бозторғай жұмыртқаламас па еді?!

Сабырсыздық ауыз күйдірмесе, абырой алып бермейді. Бір ғана Шәкен Аймановтың табандылығы мен сабырлылығы есігінен қарай алмайтын бейтаныс мекемені көп ұзатпай ұлттың жаңа бір рухани ұясына айналдырып берді. Ол жаңа саладан тек өзіне ғана жол ашып қоймай, туған мәдениетіне тың өріс тауып берді. Оның табыстарынан шабыттанған қазақ жастары экранда да бағын сынап бастады. Алғашқы кинорежиссерларымыз, киноактерларымыз шыға бастады. Көпшілігін қолынан жетектеп жүріп, Шәкен Айманов шығарды.

Даңқтың жолы даңғыл, абыройдың жолы арналы болмайтыны белгілі. Жеңіске жеткізетін жол қашан да жіңішке келмек.

Шәкен Айманов сол жіңішке жолды жападан-жалғыз өтпей, соңынан лек-лек жеткіншектерін ілестіріп бақты. Ол қойған әр фильм бірнеше жаңа есімдерді дүниеге әкелді. Ол тек өз өнерін ғана танытып қоймай, өзгелердің өнерін де насихаттап бақты. Ол қойған «Біздің сүйікті дәрігер», «Ән шақырады», «Тақиялы періште» сияқты музыкалық фильмдер ұлттық өнерімізді күллі дүние жүзіне кеңінен танымал етті. Рас, жаңа жолдың ой-шұқыры көп. Шәкен де бірден қарыштай қадымдап кете алмады. Опық жеген тұстары да аз болмады. Алайда, аталмыш фильмдермен қоса «Алдар Көсе» комедиясы, тың поэтикалық лебімен, гуманистік мәнділігімен баурай алған «Атамекен» фильмдері ұлттық киноөнеріміздің кемелденуіне айтарлықтай әсер ете алды. Әсіресе, «Атаманның ақыры» фильмі Қазақстанда толыққанды актерлық мектеп, қапысыз шыңдалған режиссерлық шеберлік бар екендігіне жұртшылықтың көзін даусыз жеткізді.

Өкініштісі, ұлы суреткер жаңа өнердегі табысының шырқау шыңына енді жетіп тұрғанда мерт тапты. Еліміздің етектегі басын төрге шығара білген, мәдениетіміздің мерейін асырып, әлемдік аяда мәшһүр ете білген күллі азаматтық дәрежедегі кемел қайраткерден айы-

рылып қалғанымызға сонда түсініп, қапаландық. Көз алдымызда жүрсе де, жете зерделене қоймаған заңғар таланттың бүгін мен болашақтан алатын алып асқартаудай орнын да сонда аңғара бастадық. Содан бері талай рет: «Әттең, Шәкен болғанда ғой...»,— деп аңтарылған жерлеріміз аз болған жоқ.

Қай-қай үлкен суреткерлер сияқты Айманов та ойлаған ойының көбін жүзеге асыра алмай арманда кетті. Арманда жүргені көзінен де көрініп тұратын. Тыңға тереңдеп енген түреннің ізіндей тым жиі, тым қазылыңқы әжімдер, миығына мәңгібақи ілініп қалғандай жұмбақ мысқыл мен жұмбақ әжуа сол жеткізбей келе жатқан мақсаттың, орындала қоймаған арманның көзге ұрып тұрған салдарлары сияқты еді. Алдаркөсе боп ойнағанда да жұртты күлдіргенмен өзі күлмейтін-ді. Тіпті жұрт қыран-топан күлкіге батып жатқанда да, өзі кемсеңдеп, іштей жылап тұратын. Комедиялық фильм тап солай аяқталатын.

Мен сол бір эпизодтан ұлы актер, ұлы режиссер, ұлы азаматтың кейіпкерінің емес, өзінің түбегей сырын, түпкілікті ахуалын аңғарғандаймын.

Тақсыретті заманда туып, тауқыметті өнер майданында өмірбақи арыстанша алысып өту кімге оңай тиеді дейсің. Қаншама зор бақтың ар жағында соншама зор азап тұрары сөзсіз. Әсіресе, Айманов өмір сүрген орта мен дәуір үшін бұл тіптен бұлжымас қағида еді. Әсіресе, өзге дегенде емешегі үзіліп тұратын қауымыңның елім, жерім деп екі етек боп жүргеніңде қос аяқтап өзегіңнен тебетіні жанға батары анық. Әуелден де тобаға тілін тигізіп, пайғамбарларын тірілей отқа салып, ашаға асып, данышпандарына тас атқызып үйренген екі аяқты нәсілденбіз ғой. Ондай-ондай үшін бір ғана өз ұлтымызды, өз дәуірімізді жазғыру әділетке сыймас. Алайда, әркім түзей алса өз қауымын, өз дәуірін түзеудің жолында әлектенері рас. Жуырда архивтен алпысыншы жылдар ортасында Аймановтың республика басшылығына жазған хатын оқып, оның да ары мен жанын қуырдақтай қуырған талай сырға түгел қаныққандай болдым. Елін танымай жатып, билік құру, тілін білмей жатып ақыл үйрету, жанына бойламай жатып, жазғыра жөнелу өндіріс пен шаруашылықты былай қойып, әдебиет пен өнерге де желі тартқанына алдымен ашынғандардың бірі Айманов екен. Ол заңды да еді. Мал екеш мал да төрт аяғын ала арқан буғанда: «Сойсаң да қасапшыға

сойғызшы... Пышақ ұстай білмеген жанымды бекер қинайды ғой», — деп бақыратын көрінеді ғой. Қазақ өнері жолында шыбын жанын шүберекке түйіп жүрген шын шеберді де ызаға булықтырған осы ақиқаттың көрер көзге аяққа басылуы еді. Бірақ, ондай-ондай жанайқайға кім қашан елең етіп көріп еді?! Қазақ өнерінің қол-аяғы буылмай бауыздалуының алды мен арты жаңғыз Пясталовтың ғана тұсы емес қой... Соны ойласаң, айдарларынан жел есіп жүргендей көрінетін Аймановтай арыстарыңның: «асау той, тентек жиын, опыр-топыр, ішінде түсі суық бір жан отыр», — дегендей, неге қараптап-қарап, ішіне мұз, сыртына сыз жиып, сарсаң-кесектеніп алатынына қаралай түсіне бересің.

Талаптың тауы жығылып, таланттың сағы сынатын тұстар Айманов тұсында да аз болмаған сияқты. Ұлы режиссердің өз ұлтының ондай шерменде ахуалына терең бойлауына жәрдемдесетіндей кемел драматургия тумады. Туса да, ол кездегі бекітулі, тұсаулы қалпымен бәрібір алысқа шапшып бара алмасы белгілі. Ұлы актерды әлемдік драматургияның кәусарына емін-еркін шомылдырып, тал бойындағы саф алтындай талантының барша шұғыла-нұрымен жарқырай көрінуіне жағдай жасайтындай жайсаң режиссура және табылмады. Сөйтіп, жомарттың қолын жоқтық байлап, бір ғасырда бір рет тууы мүмкін ұлы талант бойындағы барының тек жүзден бірін, бәлкім, тіпті мыңнан бірін беріп үлгеріп, дүние ауып жүре берді.

Ол кезде мыңдаған, миллиондаған жандар ерлік жасай алғанмен, тек ілуде біреуге ерлік жасауға рұхсат етілетін-ді.

Ол кезде мыңдаған, миллиондаған жандар шындықты айта алғанмен, тек ілуде біреуге шындықты айтуға мүмкіндік берілетін-ді.

Ол кезде шын шедеврлар жасай алатын талай-талай таланттар табылғанмен, бәр-бәріне ондай жағдай жасала қоймайтын.

Шәкен Аймановтың «Атаманның ақырын» қойған кезі сондай айрықша жағдайға қолы енді-енді жете бастаған тұсы еді. Соны түсінген ол көптен бергі арманы — «Абай жолы» эпопеясын экрандауға мықтап бел буған-ды. Бірақ, оны құдай көпсінді. Ол да орындалмаған арман боп қалды...

Иә, арман қашан да ұзақ... Ғұмыр қашан да қысқа. Талант арманға табынады. Өмір мүмкіндікке бағынады.

Қауым азаматын: «Ананы неге істемедің? Мынаны неге бітірмедің?», — деп қинай алады. Бірақ, азамат қауымын: «Сол айтып тұрғандарыңды жүзеге асыру үшін маған қандай мүмкіндік жасап едің?», — деп күстәналай алмайды. Талай боздақтың арманының ішінде кететіні де, бармағының тістеулі кететіні де осыдан. Сондай ардақтың бірі — Шәкен Айманов.

Біздің өткенді көксейтініміз — жоғалтқанымыздың көптігінен. Ертеңді көксейтініміз — дәметкеніміздің көптігінен. Құдай тек көксейтінімізді көп қылғай. Күдерді күзеп, үмітті үзіп тастағаннан сақтағай. Осы арада, жуырда ғана оқып шыққан «Абайдың жастық шағы» атты сценарий ойыма түсіп тұр. Ұзағынан сүйіндіргей дейтіндей талантты туынды. Авторлары — Шәкеннің немерелерімен тұстас ұл-қыздар. Ат тұяғын тай басты, ата арманы жалғасты деген осы.

Кім арманына түгел жетіп кете алған? Өзі жетпегенге елі жетсе, болмай ма? Аймановтың көкейін тескен көптеген алыс армандар біздің бүгінгі қауым үшін қазір қолға алмай болмайтын өзекті міндеттерге айналып отыр. Мұндай тұста, шіркін, оттай маздап ортамызда жүргенің жақсы еді, Шәкен аға! Бірақ, сізге басқаның орайын талай келтірген тағдыр тап мұның орайын келтіре алмапты. Алайда біздің бүгінгі кескекті күресіміздің қай-қайсысына да Сізге тән батылдық, Сізге тән қайсарлық, Сізге тән намысшылдық пен нар тәуекел әбден керегіп-ақ тұр. Бізді өзіңіз болмағанмен, өнеріңіз бен өнегеңіз демері хақ. Соған да мың шүкірлік, мың тәуба дейміз.

1994 жыл.

ВЕЛИКАН ИЗ ЦАРСТВА ПОЭЗИИ

Джамбул... Так называется гора на прибалхашских просторах. В одном из его ущелий полтора века тому назад в лютую зиму родился поэт, чье имя потом на весь мир сделало известным не только эти горы, но и весь казахский народ.

Имя человеческое... Всего одно только слово. Но в нем огромная магическая сила. Она ни на минуту не дает тебе забыть то, что ты есть ты. Напоминает на каждом шагу и о том, чего именно ждали от тебя люди, давшие тебе когда-то такое имя, а не другой. Не раз, видимо, над этим задумывался и сам поэт. Ведь есть же у него строки: «Джамбул — так меня зовут люди, но мое настоящее имя — народ».

Джамбул — это древнее монгольское слово, внедрившееся в казахскую топонимику в известный период истории. Потому и в сознании степняков до неузнаваемости стерлось его первоначальное значение. Ныне по-разному толкуют его смысл. Одни говорят, что означает заранее засылаемый в стан противника боевой дозор, другие утверждают, что это — неприступная крепость. Гора Джамбул вполне может в этой открытой со всех сторон степи служить и засадой на пути наступающего войска и местом укрытия для отряда боевого дозора.

Но как бы парадоксально ни выглядело сугубо лингвистическое недоразумение, и то, и другое толкование этого слова из средневекового монгольского военного лексикона, в смысловом отношении, не так уж далеки от истины, когда речь идет о Джамбуле, об этом литературном уникале, обратившем на себя внимание всего читающего мира и при своей жизни, и после смерти.

Много легенд о нем. В том числе и об его столь громкой славе и общепленетарной популярности.

Говорят, что была, вроде, команда из самого Кремля привезти на декаду казахской культуры, проводившейся в Москве в 1936 году, представителя устной нацио-

нальной поэзии, чтобы он был в преклонном возрасте, свидетелем двух веков, двух разных социальных строев, этот воскресший каким-то чудом «степной Гомер» должен был вдохновенно воспевать с высокой сцены мировой столицы перед всей общественностью планеты сбывшуюся мечту человечества — т. н. «социалистический рай».

Судачат и о том, что вряд ли был бы удостоен такой чести Джамбул, если он не жил в ста километрах от столицы Казахстана — Алматы, а где-нибудь в степной глуши...

Подобные кощунственные слова часто раздавались в последние годы, когда все и вся подряд подвергались сомнению, как раз там, где ровно пятьдесят лет тому назад все стоя аплодировали седобородому старцу из далеких степей как явившемуся народу новому мессии. Переусердствовали в этом как раз те, кто ни одну Джамбульскую строку не читали или не слушали на языке оригинала...

Нет, как бы не лезли из кожи вон подобные ново-явленные злопыхатели, которые, якобы, почти целый век были в неведении по отношению всего на свете и вдруг в один миг каким-то чудом постигли все окончательные истины о ком угодно и о чем угодно, с Джамбулом и его поэзией ничего сверхестественного не произошло.

Джамбул — не дитя политического очковтирательства большевиков. Не он примазывался к новым властям, а последние к нему. И тут нет ничего удивительного.

Слишком был велик авторитет слова в казахских степях. Тем более поэтического. На тысячи и тысячи верст простирались степные просторы. С одного края до другого не долетали даже птицы. Но меткое слово, изреченное сегодня кем-то на Востоке, на завтра непременно было на устах у всех на Западе. Без такого чуткого слуха на изящно произнесенное к месту и ко времени мудрое слово кочевой народ, ни от чего не зависимый, кроме вегетативного поля, ведущий весьма мобильный образ жизни, разбежался бы на все четыре стороны света в поисках благодатной погоды и тучного травостоя, насовсем забыли бы откуда они родом, и не имели бы никакого представления ни о том, что с ними происходило в прошлом и происходит сейчас. Не допустила этого именно магия слова. Не делали степняки культа из богатства. Не оттуда подувший сильный ветер мог сдуть

с лица земли бесчисленные стада овец и табуны лошадей. Не боготворили и богатырскую удаль. Ибо, как поется в дастанах: «И удалых сразила пуля из овечьего помета». Только мудрое слово для них имело неотразимую силу. Оно может быть услышанным не только современниками, но и последующими поколениями потомков. Оттого и слово — символ бессмертия. Потому казахи и считают, что можно отрезать дерзкую голову, но не дерзкий язык.

У степняков о человеке судили по его словам. И об его уме, смелости и благородстве. Этим и обусловлено то, что и батыры, и бии, и ханы — и полководцы, и судьи, и властелины — непременно отличались красноречием, даже были поэтами. Ибо по представлению степняков: кто не владеет словом, тот не владеет ничем. А поэзия — это уже самое высшее чудодейство. А акыны — эти уже сверхлюди, которым не внимать, не прислушиваться нельзя. На них никогда ни у кого не поднималась рука. Не только учили они, но как следует поучали, когда надо, даже ханов. Легендарный Майхы — самого Чингиз хана; Коркут — своенравного Огузского бека; Асан Кайгы — пресвятого Жанибека; Бухар-жырау — доблестного Аблая; Махамбет — горделивого Жангира. Одно только доброе слова акына в адрес любого было высшей наградой, а слово нелестное — это уже позор на всю жизнь. С этим не могли не считаться и властодержцы.

А Джамбул как раз из этого гордого племени акынов. Любимый ученик самого Суюнбая — бесстрашного обличителя всего косного и несправедного, не раз затыкавшего рты спесивым властелинам степи. Джамбул по-настоящему обожал своего наставника. Прежде чем состязаться на поэтических турнирах, публично молился его духу. И этот неотразимый победитель всех поэтических турниров, каждый раз свою победу относил за счет особой благосклонности к нему бессмертного духа Суюнбая.

Да, Джамбул не уронил чести гордой профессии и степной школы импровизационных поэтических дебатов-айтыс, без которых не проводилось ни одно празднество. Нет, это — не конкурс острословов, а прежде всего экзамен на социальную отвагу, своего рода народная поэтическая Ассамблея, где все наиболее болезненное на душе у общества выдавалось на суд публики устами самых достойных людей-акынов.

Народная память не сохранила на одного случая поражения Джамбула, этого непревзойденного виртуоза поэтического поединка. Зато помнит, что на знаменитом айтысе, проведенном в 1916 году в городе Верном, в честь 300-летия дома Романовых, куда со всей степи были приглашены все именитые представители народного творчества, упрямый Джамбул вместо воспевания венценосной династии беспощадно обличал злодеяния ее сатрапов на местах. Также стала притчей во языцех и история, о том, как старый акын решил поздравить своего родственника, ставшего крупным руководителем новой советской власти. И охрана, плотно оберегавшая юрту, где сидел высокопоставленный гость, не пропускала его. И тогда он прямо на улице, среди толпы, сочиняет стихи, выражая свое недоумение большевикам, провозгласившим свободу, равенство простых людей и в то же время оградившихся от них, как прежние вельможи, людьми с оружием в руках. Все его гневные слова дошли до ушей столь высокопоставленного мужа. И он в тот же час вскочил с места, вышел на улицу, обнял старого акына, стоявшего у входа, просил у него прощения и пригласил в юрту, любезно уступив ему самое почетное место, где раньше он сам сидел. Это был легендарный герой народно-освободительного движения казахов Ораз Жандосов, которого потом большевики репрессировали за принципиальные разногласия в вопросах свободы и равноправия ранее угнетенных народов.

Вот как и раньше широко популярный акын вновь появился на литературной арене в советское время. Да, тогда он был в преклонном возрасте. Да, на самом деле новые власти подняли его прямо с постели. Но не он расстилался дорожкой по ногам у новых властодержцев, а степные чинодралы у него, чтобы благодаря его авторитету и таланту набрать очки у новых хозяев Кремля. Но хитроумного сикофанта в лице Джамбула все равно им не удалось заиметь. Старый поэт, конечно, был польщен всеобщим вниманием во многомиллионной державе. Был рад горячему интересу к его творчеству со стороны многонационального общества. Искренне верил в преобразующую жизнь силу солидарности простых честных людей и народов, ранее одинаково испытавших всю горечь колониального гнета. И ничуть не сомневался громким заявлением о том, что будет покончено с эксплуатацией людей и кабалой народов. Но выдавший виду мудрый и своенравный акын не потерял голову от столь ошеломительной славы. Ухитрился, говорят, даже

при вручении ему в Кремле правительственной награды невзначай допустить при ответной речи не всем замеченную непочительность в адрес того, из рук которого только что получил орден.

Естественно, неуместно сегодня задним числом очернять его из-за того, что он не стал диссидентом и верил в то, во что верили в то же самое время многие, ходившее с пылающе красными галстуками, неистовствующие ныне хулители его славы. Во что верил тогда девяностолетний безграмотный степняк, в то верили тогда и именитые интеллектуалы, такие, как Максим Горький, Николай Бухарин, Лион Фейхтвангер, Ромен Роллан, Давид Сикейрос, Пабло Пикассо и многие другие. И это вовсе не от того, что лукавым большевикам удалось вскружить голову седобородому упрямцу, никогда не робевшему ни пред кем сказать правду-матушку в лицо. А просто оттого, что многое из того, что обещала тогда новая власть, в большинстве совпадало с его же собственными мечтами и надеждами о счастливой доле сполна мыкавшего горе своего степного народа.

Свобода, равенство, справедливость были изначально золотыми жилами его могучего творчества, у истока которого стоял неувядаемый героический эпос тюркских народов. Джамбул наизусть знал и сутками пел многотысячестрочный киргизский эпос «Манас», тюрко-азербайджанский эпос «Кероглы», дастаны из казахского героического цикла «Батырлар жары». Своим бессмертием эти неувядаемые шедевры во многом обязаны таланту таких превосходных виртуозов-сказителей, как Джамбул, чей поэтический гений неизмеримо обогатил их художественное достоинство и углубил социально-философское звучание.

Они не только распространяли древние сказания, в то же время развивали своим творчеством эти добрые традиции родной литературы. Героические поэмы самого Джамбула «Сураншы батыр» и «Утеген батыр» прочно вошли в золотую сокровищницу казахской поэзии. Герои этих произведений спасают свой народ не только от иноземного гнета, но и от социальных бедствий, порождаемых людской алчностью к богатству, славе и власти. Утеген — герой одноименной поэмы странствует по белому свету в поисках края, где народ не знает никакого горя. Побывав везде и всюду, убеждается он в том, что в мире нет края, где народ не мог бы жить безбедно. Но этому мешают какие-то неуловимые силы, на вид ничем не похожие на людей, но по поведению и

действиям ничем не отличающиеся от подонков, которые не дают никому спокойно жить. Из-за их козней самые благодатные края пустеют. Их население либо терпит унижения от всякой мерзкой скверны, либо мытарствуется, избегая их козней. И везде бесстрашный Утеген батыр одерживает победу, вступая в поединок с этими чудищами, которые только на вид этакие неподступные великаны, а на деле оказываются ничтожествами, преследующими самые низменные цели. Но победоносный витязь все равно возвращается в свои родные места, твердо удостоверившись в том, что можно найти счастье и дома, если не поддаваться злой воле алчности. И спасителем всего может стать человек, способный победить свою корысть и предвзятость.

Глубоко верящий в неизбежность победы добра над злом, света над мраком, разума над предрассудками, старый акын всерьез воспринимал метаморфозы своего времени как установление желанной новой жизни по законам добра и справедливости, не раз воспетых им в своих стихах. Если не оправдались его ожидания, то в этом нет никакой личной его вины, как нет вины его жизнеутверждающей поэзии, во всем излучающей свет оптимизма и свободолюбия.

Джамбул и в советское время оставался самим собой. Не перестал воспевать все то, что и раньше ему было по душе: добро, любовь к родной земле, труд, стремление к счастью. По-прежнему люто ненавидел он все то, что унижает человеческое достоинство и делает его рабом неприятия существования. Особенно несправедливость. Людей к людям. Народов к народам. Душою восстал он против фашизма, нацизма, войны. Особо яростно звучал его голос, морально поддерживая миллионы людей, сражавшихся на поле брани, всего двуногого племени, оказавшегося заложником в руках небывалого человеконенавистничества. Его слова, наполненные мужественным неприятием смерти, стали для миллионов мужчин и женщин, жестоко ввергнутых в водоворот невзгод и лишений, утешительным наставлением родного отца. Будто бы теплая ладонь его поэзии все эти годы военного лихолетья нежно гладила по голове все сиротливо бедствующее человечество. Его книги и стихи, напечатанные в газетах, насквозь простреленные фашистскими пулями, найдены в нагрудных карманах многих погибших солдат. Он призвал людей не воевать меж собой, а дружить и сотрудничать.

Искренней человечностью и состраданием подкупают его стихи военных лет. Настоящим талисманом для жителей города, пережившего страшную блокаду и голод, служили знаменитые строки Джамбула «Ленинградцы, дети мои». Нет, не было это идеологическим ослеплением, а глубоким духовным прозрением — постижением истиной сути человеческой жизни, бессмысленности жестокости и насилия, приводящих к чудовищному взаимоистреблению.

Заставила обливаться слезами тысячи и тысячи мужчин и женщин скорбная песнь Джамбула «К смерти сына Алгадая» — этот, возможно, один из самых потрясающих реквиемов, сложенных о жертвах прошлой страшной войны.

Да и сам Джамбул — жертва. И он был смертельно сражен пулей фашизма, превратившего миллионы и миллионы людей, в том числе и его любимого сына в пушечное мясо. И он был смертельно унижен жестокостью тирании, превратившей его бескрайнюю степь в сплошной концлагерь, где нашел свою гибель и томился в муках весь цвет далеких и близких народов, в том числе сотни близких его сердцу людей, славные сыны его многострадального народа. Да, все вокруг на глазах теряло свой смысл. В том числе давнишние мечты старого акына о свободе и счастье. Его столь неожиданная и ошеломительная общепланетарная слава. Все пущено на ветер не признающими ни меры, ни предела человеческой алчностью и гордыней, сумасбродством всевластвующего обывательского тщеславия — столь презренного для столетнего мудреца, постигшего всю тайну всей прелести и срамности земного пребывания, никчемность головокружительных взлетов и падений в этом суетном мире.

Этот великан из царства поэзии, чья популярность при жизни уступала разве только полумифическому Гомеру, как никто тонко понимал драматизм своей судьбы, трагизм своего времени, комизм положения и расчетов тех, кто пытался использовать его талант для идеологической корысти и карьеристских умыслов.

Народная молва говорит: акын, посетив писательский клуб, увидел свой портрет и усмехнулся: «Ишь, ты куда взобрался, старый хитрец. Эти недотепы тебя так недосягаемо возвысили, что потом никак невозможно будет им тебя низвергнуть!».

Это — конечно, смех сквозь слезы. Но акын не раз и не в шутку угрожал местному начальству, что он уйдет в холодные горы и там погибнет, если все эти безобразия будут продолжаться. Устрашил их гневом Сталина, который де непременно будет строго спрашивать их: «Где мой Джамбул?».

Да, акын, как и многие другие, верил в то, что все пакостное вокруг творится не по воле верхов, а из-за козней рядом находящих подонков, неузнаваемо извращающих да их премудрый указ.

Да, Джамбул не во всем вписывался в свое время. Нередко выглядел человеком из другой эпохи. Искал добра и героизма не там, где их следовало бы искать. И был жестоко обманут. В таком поистине трагичном, только с виду смахивающем на комичное, положении тогда находился не только он один. И, вообще, так не раз было и будет пока удастся политиканствующим лицемерам в своей корысти легко надуть миллионы людей, искренне жаждущих свободы, равенства, справедливости, но не имеющих ясного представления о том, как их добиться.

Цинично было и тогда, когда политический наив миллионов и миллионов людей преднамеренно использовался в корыстных целях.

Цинично и теперь, когда вместо того, чтобы извлечь надлежащие уроки из столь горестного прошлого, беспощадно и желчно издеваемся над ошибками предшественников, ничуть не задумываясь при этом над тем, насколько мы стали гарантированы от того, что и нам не придется попасть, как они, впросак.

И больно, что каждый раз берет верх духовное ликвидаторство, которое под горячую руку готово поднимать топор на все подряд. Злословие в адрес Джамбула — тоже проявление такого социального умопомрачительства.

На подобное безоглядство могут дерзнуть только те, кто знают его либо понаслышке, либо по десятку расхожих стихов, кочевавших свое время из учебников в учебники.

А те, кто знают его богатое и разнообразное наследие в полном объеме, кто глубоко понимает титанический труд Джамбула и его школы в возрождении национальных традиций в новой литературе и воскрешении из небытия миллионов и миллионов строк устного

поэтического творчества прошлых веков — те, даже в мыслях не допустят такого кощунства.

На то, на что в свое время не осмелились миллионы людей, не смог, естественно, осмелиться и Джамбул.

Но чуткое сердце старого поэта чем дальше, тем больше чувствовало всю мерзость происходящего вокруг. После московской декады и юбилея Шота Руставели он сознательно сторонился всякой политической кампанейщины.

Да, больше его не трогала искусственно раздуваемая эйфория строительства новой жизни. Вновь возобладала в его стихах тема борьбы добра и зла, тема сострадания людской беде.

Он умер в знойное лето, когда еще не высохли слезы, еще не перестал жестоко сосать голод безрадостные сердца детей страны поголовной безотцовщины... А газеты ликовали о победе над фашизмом.

Он погиб, как герои его дастанов, в стране неопознанных чудищ и недобитых негодяев, подло сраженный пулей зла, но глубоко веря в то, что оно равно будет побеждено.

Недаром ему дали такое явно старинное, но несколько странное имя... Об истинном смысле которого до сих пор жарко спорят. Но в любом случае акын Джамбул сполна оправдал и свое имя, и ожидания людей.

Как отважный боевой дозор, неожиданно ворвавшийся в чужой стан, его имя и стихи не только пленили сердце и душу читающего мира, но и, благодаря им, во всех частях света многие впервые узнали о казахах, об их стране, где поэтическое слово ставится превыше всего.

Как неприступная крепость, отразившая все ярые атаки и злые умыслы захватчиков, его феноменальный талант неизмеримо способствовал тому, чтобы его многострадальный народ смог выдержать многовековую осаду открытой экспансии и глубоко замаскированного зломыслия, стремившегося к его исчезновению с лица земли, теряя все больше не только культурное своеобразие, даже язык...

Он до конца был верен себе. Воспевал добро, отвергал зло. В его творчестве, как птица Феникс из пепла, во весь рост и в своей превозданной красоте воскрес дух его свободолюбивого степного народа. И этим заставил разучившийся удивляться мир невольно восхищаться живучестью древних культур и их носителей. В этом, возможно, и есть суть его бессмертия, его величия. Этого чудодея из страны легенд, из царства поэзии.

БАС АНЫҚ

«Азамат, сені сақтадым бір мүддәма керек деп». Қайран Махамбет... Айтқан ғой... Айтпай қайтсін, көресіні әбден көргесін.

Көретіннің талайын көріп жатырмыз. Жалқының көріп жатқаны ештеңе емес. Жалпының көріп жатқанының жақсылығын берсе деңіз. Бірақ, жалпы шіркін көріп жатқаны мен шегіп жатқанының түп мәніне түсініп, түбегейлі шешім қабылдай алатын болса, жалпы деп аталмас еді ғой. Жалпының ісіне пәтуа, ойына парасат бітіру үшін де жалқы керек екен. Сондай салихалы жалқыны ғана атам қазақ азамат деп таныған ғой. Әйтпесе, бөрік кигендер бұрын қандай көп болса, қалпақ кигендер қазір де сондай аз емес. Бірақ солардың қайсысы мүддәлі жерімізден табылып, мүддәлі мақсатымызды қорғасып, бұрысымызды түзесіп, дұрысымызды қолдасып жатыр?! Астарына ат мінгізбесең, ақыл қоспайды. Тақ мінгізбесең, ел тағдырына ортақтаспайды. Атсыз, тақсыз ел сөзін сөйлегендерді жетесіздік көреді. «Босқа шауып, Бөгенбай болып, соған не жоқ», — дейді. Кекиме кергімелікті кемеңгерлік санайды.

Керек кезде, керек жерде табылатын кемелділік, кез келгенімізден кездесе бермейді.

Мұхтар — сондай сирегіміздің бірі еді. Керек заманда туып, керекті шаруаға ата қосылып, келелі іс тындырып кете алған ардағымыз еді.

Ақтөбе жері — құнары мол құйқалы топырақ. Шүйгіні де, ақ оты да, қара оты да жетерлік. Астығы тағы бар. Жер қойнауы да жер-жаһанның таңдайын қақтырған.

Ақтөбе елі де — арзымсыз қауым емес-тұғын. Дешті Қыпшақ пен Ноғайлының көне тарихы кез-келген төмпегінен көзге ұрып тұратын. Асан Қайғы мен Қобыландының қонысы. Он сегізінші ғасырдың бастапқы жылдарында Қарақұм құрылтайынан басталған қазақтардың Ұлы Отан соғысының бас қолбасшылары Әбілхайыр, Бөкенбай, Есет, Серкелердің ерлік дастандарына куә өлке. Бар қазаққа бірдей батырларды әр тарапқа тартқылап, бірін әсіре әспеттеп, бірін әдейі ұмытып жататын

ала пиғыл, ала қолдылығымыз болмаса, ежелгі қазақ тарихының кіндік өлкесі. Жазғаның оқылмай, айтқаның естілмей, қасақана қағыс қалдырылатын қырсығымыздан арылып біткен жоқпыз. Аңсаған азаттығымызға жетсек те, соның жолында күрескен жақсыларымыз бен жайсаңдарымызды түгел айта алмай, түгендеп атай алмай жатырмыз.

Бұдан ондаған жылдар бұрын бұл өлкенің түкпір-түкпірін аралап, ұмыт жандар мен ұмыт жерлер, ұмыт оқиғалар мен ұмыт тұлғаларды түгендесуге тікелей ат салысқан адам ретінде, өлгеніміз тіріліп, өшкеніміз жанып жатқан кезде сол адамдардың бір де біреуін ел болып, елете алмай жатқан ағайынға қаралай қайран қалып жүргенімізде Есет батырдың тойы аталып өтетін болды. Бастамашысы — облыс басшысы Шалбай Құлмаханұлы мен пединститут ректоры Мұхтар Арынұлы дегенді естігенде бір сүйсіндік.

Бұйығы боп қалған елге серпін бітірген сергек азаматтарымыз жердің перзенттері емес, елдің перзенттері болып шықты. Кіндік қандары мұнда тамбаса да, мұнда туғандардан асыра қимылдап, арға шапты. Олай ойлап, олай әрекеттенбесек, елге ие бола аламыз ба?! Жерге ие бола аламыз ба?! Әркім өз қойын өзі бағып алсын деп кергісек, қотанды адыра қалдырамыз. Әркім өз жақсысын өзі бағалап алсын, өзіміздікінен басқаға мойын бұрмайық десек, Отанды адыра қалдырамыз.

Осыны мықтап ұғына да білген, ұғындыра да білген Мұхтар еді. Ол бұл жағынан тек жеткіншек буынға емес, бүкіл әлеуметке ұстаз еді. Ол барғасын Ақтөбенің көптен бойкүйез тартып қалған рухани өмірі бірден жанданып, жадырап қоя беріп еді. Тіл қозғалысы, тарихи зерде қозғалысы, дәстүрлі тәрбие қозғалысы кеңінен қанат жайып еді.

Бір кезде Ахмет Байтұрсынов, Бақытжан Қаратаев сынды сабаздардың тағлымын көрген өлке есеңгірегенінен арылып, ес жинай бастап еді. Мұхтар сол соқпақтың ай қасқа айдын жолға айналуына күш салып еді.

Сондай азамат барын алыстан естіп, сүйсініп жүретін едік. Бір күні сол азамат халық қалаулысы болып сайланып, ортамызға келді.

Жақсылықты басшылықты өзгертумен ғана тындыра қойғысы келгендердің дегеніне көнбей, ойда жоқта басталып кеткен тарихи процесті үделі жеріне жеткізуді көксейтіндер көп болып шықтық. Әуелі азғантай ұлттық

ғылыми, суреткерлік зиялы ортаның көкейін тескен ол мұрат-мүддені елдің басы-қасында жүрген басқа азаматтарымыз да тартынбай қолдады. Алдымен тілдің жағдайы қолға алынды. Сосын егемендік жолында тәуекелге бел буылды. Арты тәуелсіздік жариялауға ұласты. Сол бір тұстарда ғасырлап күткен ұрымтал тұсты уақытылы әрі ұтымды пайдаланудың орайын келтіруге тырысқан ойлы азаматтар болмаса, бәрі де неғайбыл нәрсе еді ғой... Егер Жоғарғы Кеңестің сыртында да, ішінде де, тиісті дүмпу жасай алған күштер болмай, елдің ең соңы боп та егемендік жариялап үлгермесек, тамыз зобалаңының тұсында қырық құрақ біздің еліміздің жағдайының қандай болатынын кім білген?! Егер Беловежье келісімін ести сала, бірер күннің ішінде парламентшілердің белгілі тобы Тәуелсіздік туралы арнайы заңды жазып, қабылдап үлгермегенде, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы болар ма еді, жоқ, Горбачевтің бес облыс жайлы қиқуынан басталатын басқа бір қиқулар белең алып кетер ме еді? Күллі адамзат дербес мемлекет деп таныр ма еді, жоқ па еді?!

Егер оқиғалардың ізін суытпай, алғашқы Ата Заңымызды қабылдап үлгермесек, Елбасына уақытылы ұлттық ақша шығаруға, күрделі уақыттың бұлтарысты оқиғалары тұсында ұрымтал әрекетке баруға алдын-ала рұқсат бермесек, Мәскеудің Ақ Үйі атқылаудан басталған кешегі кеңестік кеңістіктің бұралаң кезеңінде біздің сүрлеуіміз қайда бұрылып кетерін кім білер еді?! Мемлекетіміздің тегін, тіліміздің мәртебесін, жеріміздің иегерлігін қайтадан таласқа салғысы келетін атжалмандар Егемендігіміздің қалтылдақ қайығының қай тақтайын ойып алып, қандай қаран суға батыратын кім білген?!

Сол бір жылдары ұлттық парламентіміздің ұйтқылы кезеңі еді. «Біріңнің бірің сөйле сөзің тосып»,— дейтін қағиданың қалтқысыз жүзеге асқан тұстары еді. Небір шытырман да шырғалаң таластар тұсында айтпай-ақ ақыл табысып кетіп жатушы ек. Бір-бірімізді демей сөйлеп, дерегімізге дерек, дәлелімізге дәлел қосысып, баршамыз болып, ұпай асырып кетуге тырысушы ек. Бір-бірімізді бақайдан қаққанды білмеуші ек.

Сондай ұтырлы әрекеттің арқасында ғана уақытылы ұпайымызды түгендеп алып едік. Сондай ұтырлы қимылдап, ұтқыр сөйлейтіндеріміздің бірі де Мұхтар еді. Алабұртпай, ала қызбай, діттеген жерден шыға білуші

еді. Ғылыми тереңдікке азаматтық парасат қосылып, талқыға салихалылық бітіруші еді.

Іштей сүйсініп отыратынбыз. Ғұмыр таусылмайтындай көрінуші еді. Бір-біріміз туралы не ойлайтынымызды ортаға салуға асықпаппыз. Ортақ мүдденің жәйін айтып, пікірлеріміздің орайлас шыққанына мәз болыппыз.

Пәтуасыз уақыт сабырлыны тонап, саналыны арытады екен. Содан да ма екен, ол арадан ерте кетті. Орны опырайып қалды.

Қазір қарасақ, қаншама орын үңірейіп тұр. Ел әлі мән беріп үлгере қоймаған мәселеге ең алдымен мән беріп сөйлейтін елгезек мінез Әнуар... Басып айтып, батыра сынамаса, пәтуаның уыты кететіндей, ұрымталдан ұмтылатын Балғабек... Ұтымды ұсыныстың ұрыншақ көрінбеуі үшін дәлел мен дәйектен қапы жібермейтін Мұхтар...

Бәрін сағынып отырасың. Жоқтап отырасың. Құлазып отырасың. Олқы соғып, оқыс қимылдап жатқандай, ошарылып отырасың. Сол жылдарғы ұйтқымыздың ерте шайқалғанына өкінесің.

Бақ түгендейтін, тақ түгендейтін, атақ пен ат түгендейтін заман ба? Ел қамы жолындағы егесте, тарихи болашақ жолындағы таласта ой-пиғылың бір жерден шығатындай бастас түгендейтіндей кезеңге келдік. Аттан ауып түскен ақырет емес. Тақтан ауып түскен тақсірет емес. Өз басыңнан бақ ауса да, ел басынан бақ аумасын. Халық жолында, қауым жолында баяғының батырларындай аттан аударып әкетсе, жаяу жүріп жағалас салатын заман. Ел игілігіне керекке түгел жете алмасаң да, қолыңа түскенге бекем боп, беліңді берік буатын заман.

Мұндай тұста баяғыдағыларды былай қойғанда, күні кешегі жақсыларымыз бен жайсаңдарымыздың жоқтығы жанымызға батудай-ақ батып тұр-ау.

Соның ең алдыңғы санатында Мұхтар бар. Айтулы ғалым. Ұлағатты ұстаз. Аты да абыройы да зор еді. Аз ғана жасап, ортамыздан ойып алған орны орасан зор екен.

Ел пәтуасы — бес анық деп еді-ау.

Ең басты анық — азаматтық екен ғой.

Азамат еді-ау...

СЫН ВЕКА

*Речь, произнесенная на собрании
общественности Москвы в Колонном Зале,
посвященном 100-летию Мухтара Ауэзова*

Дорогие москвички и москвичи!

Вот уже третий раз за последние годы, в одно и то же время, в одном и том же, беломраморном, величественном зале, воздаем должное памяти выдающихся деятелей нашей литературы, которые как сказал поэт, возвысили степь, не унижая чужие горы.

Потому и мне, прежде всего позвольте от Президента Республики Нурсултана Абишевича Назарбаева, правительства и общественности Казахстана передать вам низкий поклон и искреннюю признательность за оказываемую высокую честь нашему народу и нашей культуре.

Виновник в самом лучшем смысле этого слова сегодняшней встречи не раз сам, с этой сцены взирал на добрые лица москвичей с особым расположением духа и глубокой благодарностью.

Да, многое связывало его с Москвой. Возможно, для него не было другого благодатного уголка земли, чем этот многомиллионный город. Здесь его страждущая душа, сполна испившая горькую чашу всех земных испытаний, не раз находила успокоение, понимание, поддержку и дружбу, нередко и избавление от тревог, сомнений и травли, преследовавших почти до последней черты его земного пребывания.

Именно здесь в Москве переводились, издавались и переиздавались, находили дорогу к читателям на других языках его неповторимые произведения. Именно здесь ровно тридцать шесть лет тому назад была вручена ему высокая премия за его главную книгу, подвергавшуюся долгое время настоящему ostrakizmu. Тем самым он взял верх в долгом изнурительном поединке с тоталитаризмом. Наконец, сам режим гонения и притеснения официально признал его победителем. Но, к сожалению, ему

не пришлось пожинать плоды этой долгожданной победы. Вскоре, опять же здесь, в одной из тихих чашоб подмосковного леса, на больничной койке, рано перестало биться его беспокойное сердце, истерзанное беспощадными ударами реакционной эпохи и бесконечными укусами человеческого коварства, которые в конце концов обернулись для него роковой неизлечимой болезнью.

Горько и больно оттого, что не ему, а только нам, безмерно благодарным почитателям его неповторимого таланта, посчастливилось увидеть поистине триумфальное шествие его многострадального творчества по многоязычной планете. Словом, чрезмерно сложную, напряженную, но плодотворную жизнь прожил этот выдающийся человек, который как никто другой вправе называть себя сыном века. Судьба была к нему по-особому благосклонна и в то же время неслыханно придирчива, порой жестока по отношению к этому, с рождения редкостному для казахских степей человеку, чье происхождение берет начало с аравийских пустынь - самого осевого времени восточной истории, с самого высокопреосвященного пророческого дома, с династии, сыгравшей решающую роль в приобщении далеких туранских окраин к мусульманской и тем самым общепланетарной цивилизации. Да, его предки были знатными и прославленными людьми; они выдвинули из своей среды многих мировых авторитетов, в том числе и Ходжу Ахмеда Ясави — выдающегося поэта, философа, родоначальника целой мировоззренческой школы. Но гнесеологию ауэзовского гения, все-таки, необходимо искать в других корнях. Тут уместно сказать, что Ауэзов не стал бы великим писателем Ауэзовым, если бы судьба не столкнула его с Абаем. Как говорили в свое время, Байрон не стал бы Байроном, не столкни его судьба с Вольтером. Может быть это и не совсем благозвучно для слуха, но это истина. Судите сами — вот лишь два факта, имевшие место в 1897 году в одной и той же местности. В том году осенью на берегу степной речушки Каскабулак, где несколько ранее родился великий поэт, раздавался плач новорожденного — еще одного будущего титана казахской литературы. И в то же самое время неподалеку шла настоящая расправа родичей над Абаем, которая заставила его отчаянно вопрошать: "Как мне жить после такого позора среди вас? Уйду куда глаза глядят".

Бросившимся вдогонку и схватившим его за стремяна аульчанам он проронил, рыдая: "Не смогу жить среди вас, исчезну, сгину", колотил себя в грудь, разрывая одежду...

Да, так было. Да, так Ауэзов пришел в тот же самый мир, в ту же самую среду, в то же самое время, от которых великий Абай не знал куда податься.

Только успев родиться, он услышал не только и не столько стихи Абая, сколько душевную боль и отчаянный гнев Абая.

К слову сказать, мы — студенты Казахского университета — во время лекции как-то спросили у Мухтара Омархановича: "Вы видели Абая?" И в ответ услышали следующее... Существовала традиция, по которой аул Ауэза (деда писателя) ежегодно в начале зимы привозил Абаю гостинцы из конских деликатесов, называемые у казахов "согым сыбага". В одну из таких зим за своей матерью, собравшейся в аул Абая с гостинцами, напросился Мухтар. Было ему в ту пору года четыре-лет пять. И он смутно помнит человека в изреженной бороде с проседью и взглядом, излучавшим холодное спокойствие, которому представили Мухтара как внука Ауэза. Старик позвал мальчика к себе, но тот не принял ласки незнакомого доселе человека, стесняясь прижался к матери и так просидел до конца. К вечеру мальчик запросился домой к себе, захныкал и тогда хозяин дома, сокрушаясь, как мог утешал его мало внятыми словами...

Сокрушенный, но несмотря на это, старавшийся как мог утешить малое дитя — Абай... Мог ли тогда он знать, произнося "бата" — слова благословения младенцу, — что перед ним сидит тот малыш, который через десятки лет восславит его на весь мир! Какие слова благословения мог тогда произнести Абай, сломленный грузом печали и безысходной тоски?...

И затем всю оставшуюся жизнь перед взором Ауэзова стоял этот смутный и грустный эпизод.

И только тогда, когда окончательно сокрушенный Абай навсегда закрыл свои очи и навсегда замолк, и степь, пережившая и пережившая многих и многое, слышавшая многих и многое тоже надолго замолкла, терпеливо вынося зависть, ложь, клевету, наветы и прочие людские низости. Только тогда люди поняли, какое огромное место в их духовном пространстве занимал

Абай и его слова, в которых всем своим противоречивым многоцветьем ожила степь, заставляя думать людей о былом, настоящем и будущем. Как Абай ушел в мир иной, так и вся степь онемела, словно всецело погрузившись в небытие. И не могли стерпеть это как раз там, где раньше не давали Абаю и рта раскрыть. Как раз там больше всего ждали появления в степи того, кто мог бы воспроизвести в слове былую жизнь. Прекрасную и яростную. Вчерашние противники слова сегодня снова жаждали нового властелина дум. И они поняли, что избранник истории не рождается часто и целыми выводками, как из яиц кур-несушек, а являются на свет редко и в единственном роде как дитя царственной львицы. И пуповину такого особого дара, сотворенного в чреве самой истории, разрезает необходимость времени, в котором он рождается. Подобно тому, как дети не рождаются без родителей, никто не в силах сотворить что-либо без веления времени.

Именно Мухтару Ауэзову суждено было самым временем стать творцом такого всепокоряющего слова. В наикритический час истории ему выпала судьба родиться, жить и творить на стыке двух веков, двух общественных формаций, когда его народ переживал великие испытания, потеряв свою государственность, традиционные институты правления, территориальную целостность. Искушенный колониализм, лишив его исторических корней, искусственно сдерживал его развитие, насильно загоняя в раздробленные резервации давно пройденного примитивно-патриархального уклада. Всемерно стимулировался внутриэтнический разлад. Всячески поощрялись традиционные распри, навязывалось не совсем органичное для степной общины классовое расслоение. Вместо национального возрождения преднамеренно обострялся социальный реваншизм. Степь раскололась на антогонистические станы. На красных и белых. На новых и старых. На друзей и врагов народа. Род пошел на род. Брат пошел на брата. Безбожно смешивались патриархальный раздор с новоявленной классовой неприязнью. На глазах кочевое общество превращалось в пороховую бочку. Всюду верховодила социальная злоба.

Молодой Мухтар Ауэзов собственными глазами видел все это. Видел и всей душой понял великую печаль Абая. Безоглядного его бегства в никуда. Увидел родную

степь истерзанной, и кровью обливалось сердце. Всюду бросалось в его глаза одно и то же: псевдоделовитость, ложные посулы, продажность, склоки, самоспекуляция, вместо самоуважения и самореализации, темная ненависть низов к верхам, бездумная гордыня и презрение верхов к низам, — словом угрожающе взрывоопасный социальный хаос, вместо вековой дремучей инфантильности. Все это можно было вытерпеть лишь стиснув зубы, проглотив язык. Такой сверхзловещей предстала Ауэзову родная степь на момент начала его писательского пути.

Со всех сторон атаковали его молодое вдохновение своры социальных неурядиц и нравственных мразей. Беззащитность... Обездоленность... Алчность... Лихоимство... Мрачная тень пережитков прошлого... Не менее омерзительная новь... И мало что делается для борьбы с этими смрадными явлениями, теми, кому открылись глаза на мир через знания: их хватает только на то, чтобы фиксировать все это и возмущаться вхолостую. Ими также движут далеко не бескорыстные идеалы. Находясь на примете у общества, они старались всячески угодить либо верхам, либо низам, либо красным, либо белым, тайно лелея мечту любой ценой вознестись на вершины власти. Никто не стремился служить нации и стране. Кругом царили бездуховность, мелкие расчеты, карьеризм, самодовольство. Миражи. Тихие склоки. Громкие слова вместо конкретных дел. Провалы и падения во всем. Радения некоторых якобы о народе и стране на поверку оказывались лишь заботой о собственном благе. Чванство и мздоимство словно коррозия разъедали все и всех. Всюду воцарилось деление на своих и чужих, на врагов и друзей, въелось в кровь доносительство. Разразились скандалы. Расшумелись вовсю ярмарки тщеславия... Все это предстало перед взором молодого Ауэзова, точно в том виде, как в свое время видел все это Абай. Словно и не было между ними изрядного количества лет. Как не удивиться такому! Как не поражаться тому, что и в этой богом забытой степи все поражены недугом древних греков и римлян, приведшим их в конечном итоге к окончательной утере былой славы и достоинства. Оказывается ни время, ни пространство — не помеха для эпидемии безудержного самооглупления обществ и людей. Как быть? Как продвигаться вперед? Как расстаться с темным прошлым?

Он мучительно искал ответы на эти назойливые вопросы жизни. Брался за все, чтобы облегчить душу своих современников, терзаемых сомнениями и колебаниями, разочарованием и озлоблением. Создавал театр, учил детей, выпускал газеты, организовывал политические партии, занимал государственные посты. Везде и всюду разворачивал активную деятельность во имя своего народа. Бросался в любой бой, вступал в любой спор по любому вопросу. Полемист и публицист Ауэзов в начале века мало походил на Ауэзова шестидесятых лет, умудренный гонениями и страданиями степенный романист и ученый. Молодой Ауэзов больше походил на байроновского Корсара, чем на гетовского Фауста. Было ему почему вдруг убежать в степь, скрываясь от пытливых глаз городских надзирателей, затем в Петербург на учебу — подальше от степных распрей, в Ташкент или в Москву — назло единокровным коллегам-завистникам. А в родной степи никогда не было ему ни покоя, ни поддержки. То засаживали в тюрьму, то навешивали страшные ярлыки, то изгоняли из общества словно паршивую овцу из стада... Вспоминали и признавали лишь тогда, когда кому-то требовался отзыв для защиты диссертации или рекомендации для центральных издательств.

Но безрадостная личная жизнь не мешала ему всем сердцем любить свой многострадальный народ. Ведь народ не в состоянии одаривать тем, чем не располагает он сам. Поголовная обездоленность и есть предпосылка поголовной вражды и ненависти, точно сформулированной Гоббсом как «война всех против всех». Только благодаря ей преуспевает тоталитаризм, насаждая социальный антагонизм и человеконенавистничество. А питает их предвзятость, опять-таки порождаемая дефицитом справедливости. Так жизнь превращается в заточение, а человек — в узника. Разве жизнь для поэта — вольнодумца Абая — не плен, а для свободолюбивого волка лютого — не сплошная облава?! Разве бунтарствующие герои "Лихой години" не рассматривают свою только на вид раздольную пастушью жизнь как пожизненное пребывание в темнице? Разве не заложником случайностей и обстоятельств чувствуют себя сирота, находящий приют в одинокой могиле в степи; беззащитная девочка, собственной смертью спасшая свою, случайным путником поруганную честь или рано

овдовевшая красавица из-за темных вожделений тела отдавшаяся старому уроду-бедолаге?!

Мухтар Ауэзов словно искусный хирург точно вскрывал болевые точки всех трагедий степного бытия и творчески верно прокладывал путь художественного решения таких общечеловеческих проблем как гуманизм, общность народных судеб, преходящие и непреходящие ценности эпохи. В его столь беспощадно правдивых творениях очень нуждалось общество, переживавшее тяжелейший переход от старой формации к новой. Неслучайно сосредоточием всех его произведений явились обманутая надежда, поруганная честь, исковерканная судьба. В людях была великая вера в то, что социализм на самом деле принесет долгожданное благо не только угнетенным социальным массам, но и всем угнетенным народам. Но и это оказалось общественным самообманом. Известно, что даже при самых благоприятных условиях новое само по себе не одолеет все старое и все косное. Чтобы всепреобразующие процессы добились своего, должны в одинаковой мере самомотивироваться как объективные, так и субъективные факторы. А в казахском обществе, перешагнувшем целую историческую эпоху, образовалась глубокая пропасть в диалектическом развитии. И подобное явление в первую очередь нуждалось в художественном осмыслении. И за это решительно взялся Мухтар Ауэзов. Такую трудоемкую задачу перед собой ставят только истинные творцы, способные органично соединить воедино веление времени и чаяния народа. Только им это по силам.

И Мухтар Ауэзов более чем убедительно доказал, что такой масштабный, поистине титанический труд ему по плечу. И перед его пытливым взором вновь и вновь вставал Абай. Если в свое время поэт-мыслитель Абай одиноко проторял путь из тьмы к свету, теперь такой путь предстояло пройти всему народу вместе. Только так народ мог освободиться от оков прошлого и приблизиться к осознанию нового. Так начинался путь, некогда проложенный Абаем. Путь Абая. Это не только художественная энциклопедия о жизни нашего народа на протяжении более чем одного века, а философское творение, в котором широко охвачены изначальное единство, органичная сплоченность помыслов и поступков, людей и народов. Это и грандиозная сверхправдивая летопись, в котором без каких-либо прикрас говорится о

том, что есть в жизни, чего нет и что должно быть в будущем. Это и беспощадный общенациональный самоанализ, наглядно убеждающий в том, что нельзя все время считать правым только себя и винить во всех смертельных грехах только других. "Лучше быть сыном человечества, чем быть сыном только своего отца" — это философское воззрение и моральное кредо Абая. Убежденный борец за высшую справедливость Абай больше всего ненавидел то, как люди стараются возвысить себя, унижая при этом других, замечают соломинку в чужом глазу, не видя при этом и бревна в собственном глазу. "Нам надо учиться овладевать знаниями для того, чтобы влиться в ряды других народов и знать то, что знают они". Вот — путь Абая... Это гуманный путь, по которому сумеют пройти свою жизнь только те, кто способен следовать не только наставлениям своих предков, но и человечества в целом; быть сыном не только своего народа, но и сыном своей эпохи; уметь делить беды и радости всего мира. Это свидетельство того, что нельзя стать вровень с другими, если не смог быть равным среди своих; нельзя требовать справедливого отношения к себе от других, если сам не справедлив с другими. Это главный жизненный вывод борца-одиночки Абая, который он вынес из перипетий своей нелегкой судьбы. И в новое время Ауэзов, следуя по пути Абая, сам убедился в правоте этого на своем собственном опыте.

Мухтар Ауэзов доказал неразрывную слитность жизненного и творческого искания истинного художника. Доказал, что шедевры рождаются не в "момент мистического экстаза", а в результате мучительных поисков, как квинтэссенция всего им лично пережитого, выстраданного и осознанного. Такое поистине прометеевское начало присуще только подлинным титанам духа, напроочь отвергающим самодовольство и самолюбование.

"Путь Абая" Мухтара Ауэзова — многоохватная сверхуглубленная расшифровка многовековой тайнописи общечеловеческого этноса, гармонии и дисгармонии в людском мире, пренебрежение, которое приводит не только к разладу, а к крушению всего Универсиума. В этом отношении эта эпопея — творение подлинно инновационное, тонко и глубоко интегрировавшее сугубо казахскую национальную действительность с многогранным общечеловеческим опытом. И ее значение в

условиях современного мироощущения людей и обществ будет все больше возрастать, гарантируя завидную перспективу еще одной бессмертной общепланетарной книги.

Художник с общечеловеческим мышлением, думающий с высоты своей эпохи, о чем бы ни писал, он все равно творит в русле исторического развития, действует вровень с веком. Он живет болью и тревогами своего времени. Приведу лишь один пример. Когда в шестидесятые годы разгорелся писательский спор о современном романе, Мухтар Ауэзов с присущими ему спокойствием и уверенностью настаивал на том, что в романе важно не то, что он событийный или психологический, а то, насколько правдиво и верно показана жизненная позиция героя. Ибо жизнь многих людей пуста и тускла, ее одушевляют лишь мысли, заключенные в жизненных позициях отдельных особо активных людей. Именно такие люди и должны выдвигаться в центральные герои. Это особенно важно в условиях тоталитаризма, когда только искусство в силах вести борьбу против обидных форм бытующей обыденной жизни, тем самым призывая людей к самомобилизации и духовности. И что самое главное — он стремился доказать это не только на словах, но и собственным творчеством. В своем последнем романе "Племя младое" Ауэзов на авансцену вывел героя, видящего мир не узким привычным всем нам взглядом, а смотрящим широко, масштабно и вдумчиво. Человека неравнодушного, личность, никак не приемлющую всяческую ложь. Таких произведений, в которых ярко было бы выражено стремление кардинального переосмысления бытующей действительности, не так уж и много было тогда в нашей литературе. Этот роман классика казахской литературы был задуман в русле идейно-философского отрезвления художественного сознания 60-х годов. Читая роман, чувствуешь, что при его написании автор сполна воспользовался своим богатейшим писательским опытом, накопленным в работе над исторической эпопеей об Абае. Тем самым показал, что историческая достоверность, философские углубления, острота социального анализа на вещи столь же важны при написании художественного произведения на современную тему, сколь они необходимы при создании исторического романа. Особая заслуга Мухтара Ауэзова в нашей литературе состоит в том, что

именно он на примере личного творчества показал высокие образцы изображения народной жизни без каких-либо прикрас с широким охватом событий, глубоким проникновением в тему, создания не ходульных, а реалистичных образов художественных героев, действующих в непростых условиях жизненных реалий. Но безвременная смерть не позволила писателю сполна воплотить свой замысел. И мы ведем о нем речь не как о состоявшемся творческом акте, а как попытке разработки темы борьбы за высшую справедливость в условиях еще не отступившего от своего тоталитаризма. Если в первом романе Абай только мог мечтать о лучшей доле для своего народа, то герой второго романа уже в другой эпохе восстает против скольжения по инерции, против социального инфантилизма. Даже одна только эта параллель более чем красноречиво говорит не только о народности, эпохальности, безмерной широте творческого диапазона, но и гражданской последовательности Мухтара Ауэзова. Он до конца боролся с идейным крепостничеством, с деспотией мировоззренческих косностей, калечащих судьбу не только людей, но и целых народов то при помощи идеологических десантов со стороны, то доморощенных идейных фанатов, превращающих свои нации в самоликвидирующиеся массы, не критически подхватывающих спускаемые сверху директивы и лозунги. И последний его роман об уходящей в небытие степи, о самоисчезающей нации, о всеусиливающейся экспансии бездуховности на всеобывателизирующуюся жизнь и быт казахов, где самобытность интересует только посторонних начальствующих особ, чем представителей самой нации. Это написано не со злорадством, а с глубокой болью, желанием каким-то образом заставить опомниться свой народ, вернуть ему самосознание, самовыражение и самоуважение. Его не без основания объявили певцом далекого прошлого. Тем самым он выразил свое несогласие с духовным обезличиванием своего народа. Эта же черта в полной мере присуща и его драматургическим, новеллистическим, публицистическим, литературоведческим произведениям, исследовательским трудам и документальной прозе. С присущим его творческому креду национальным колоритом, интеллектуальной мощью, широтой социального видения он зримо познакомил мир с казахами и столь же зримо представил казахам всю нашу

планету. Тем самым он наводил мост между литературой древнейших времен и литературой нашего времени, невиданно обогатил свою национальную культуру мировым опытом. Такого богатейшего вклада, внесенного Ауэзовым, казахская литература не знала и не знает доныне. Немало усилий им сделано для духовных взаимодействий евразийских народов. Весом его вклад в теорию и практику художественного перевода. Много сил было отдано гуманистом Ауэзовым в укрепление мира и дружбы на земле. Его голос с трибун Москвы и Дели, Токио и Нью-Йорка свидетельствует о рождении новой эры в человеческой цивилизации. Эры всеобновления, всебратания. Всем нам понятна его глубокая по содержанию речь на открытии Ташкентской конференции. На всю оставшуюся жизнь запомнили участники того форума судьбу человека, пережившего три общественные формации за свою короткую жизнь. К этой теме он возвращался и в своей пьесе "Дос - Бедел - Дос". Он глубоко вникал в драматическое и трагедийное изображение ускорения истории. Где нет равенства, там не может быть и справедливости. А где нет справедливости, там не следует ждать материального благополучия и духовного благоденствия. А без всего этого невозможно равноправное развитие народов и равнозначное развитие культур. Феномен Ауэзова и состоит в том, что он показал миру: если во всех краях земли создать необходимые общественно-социальные условия, то любой народ и любая культура могут достичь невиданных доселе высот. И тем самым опроверг миф о неизменности различий в уровне развития народов и культур. Наряду с этим феномен Ауэзова свидетельствует и о том, что любой творец любой культуры ни в коем случае не должен замыкаться в рамках собственного творчества, должен постоянно и с искренним вниманием изучать творческий опыт других и только тогда он может рассчитывать на собственный творческий рост и общественный успех. В этом и заключается высшее гражданское значение ауэзовского феномена — постоянном стремлении сближать народы и культуры.

Поэтому Ауэзов — особо яркое явление нового взлета духа, опирающегося на богатейшее культурное наследие всего человечества. Мы по праву гордимся творческим подвигом Мухтара Ауэзова.

Пример Ауэзова, рожденного из народной среды и по праву вознесшегося на пьедестал эпохи, учит нас: любя свой народ, не надо жалеть любви для человечества, борясь за идеалы человечества, используй все свои силы для расцвета творческих возможностей родного народа; стремись не к скорым результатам в жизни; старайся служить не дню сегодняшнему, даже и не завтрашнему, а будущему, то есть служи справедливости и честности. Говоря другими словами, служи тому обществу, высшими идеалами которого являются эти две ценности.

Творчество Ауэзова манящей вершиной сияет в современной мировой литературе. Она зовет всех нас идти вперед к новой жизни, заветным целям человечества, совершенствовать свой духовный мир, волю и талант, полной грудью, как свежий весенний ветер вдыхать ароматы всеобновляющейся жизни, активно и плодотворно участвовать в исторических переменах, происходящих вокруг нас.

Да будет услышано всеми его честное слово!

Да будет вечно его доброе и светлое имя!

Спасибо за внимание!

Апрель, 1997 год.

ОН БЫЛ УЗНАВАЕМ КАК ПОЛЯРНАЯ ЗВЕЗДА НА НОЧНОМ НЕБЕ

Я о Нурмухане Жантурине могу судить только как кинозритель. Если подойти к его феномену с этой точки зрения, то невольно вспоминаешь свои школьные годы, когда на экране появился фильм «Поэма о любви» («Козы Корпеш и Баян Сулу»). Этот фильм, основанный на самой популярной легенде казахов, сразу завоевал сердце казахского зрителя. Причина – прежде всего в магии поэтического слова. Легенда широко популярна у казахского народа. И поэтому казахские зрители с большим вниманием отнеслись к фильму и характерам персонажей.

Но кроме этого, я думаю, одним из сильных импульсов, который сразу завоевал сердце зрителя, была талантливая игра наших мастеров казахской сцены. Даже можно сказать, что вся золотая плеяда казахского кино вышла в этом фильме на экран. Но этот фильм стал фильмом прежде всего Нурмухана Жантурина. Потому, что на следующее же утро, когда мы вышли на улицу, ребята стали показывать друг на друга и говорит: «Кодар! Кодар!» Самыми популярными людьми тогдашних аулов стали мальчики «Кодары» – смелые, решительные, крепкие телом, с заметными физиономиями. Обаяние Баян, благородство Козы Корпеша, весьма колоритное скудоумие Карабая, очевидно взрослое лукавство и хитрость Жантыка – все отошло на второй план. Над всеми встал Кодар. С этого фильма яркой Полярной звездой засияла слава Жантурина.

Тогда мы не знали, что он – Жантурин – сравнительно недавно пришел в театр, вчерашний студент Ташкентского театрального института. Мы учились в Алма-Ате и старались не пропускать спектакли Казахского академического театра. Познакомившись ближе с театром, мы узнали, что Нурмухан Жантурин был еще молодым актером. Но от этого наше восприятие Жантурина, как актера, как личности не померкло, и

каждая его театральная роль воспринималась с большим интересом. И покоряла своим искусством.

Я долго размышлял, в чем тайна душевного магнетизма Нурмухана Жантурина?

В связи с этим могу вспомнить эпизод, когда мне пришлось провести несколько дней с Жантуриным. Это было в начале 70-х годов, в Ташкенте проходил II Международный кинофестиваль стран Азии и Африки.

Мне до сих пор вспоминается Ташкент своеобразной ярмаркой национального тщеславия. Это в хорошем смысле. Большой съезд творческой интеллигенции стран Азии и Африки, в которых шел процесс становления национального искусства. Люди, впервые освоившие язык киноискусства, представляли свои работы. Творческая яркость, радость, карнавальность фестивальной программы оправдала ожидания.

Ташкент тогда прогремел на весь мир своим страшным, грандиозным землетрясением. Город еще не оправился, и раны его зияли. Но несмотря на это, яркое, фестивальное действие состоялось, и жители города, как бы желая духовной компенсации, с большой радостью принимали гостей.

Я помню это весьма яркое событие. На фестивале были представлены делегации самых разных стран, а также и советские кинематографисты. Среди этого творческого фейерверка советские актеры, режиссеры, операторы были заметны, но бедно выглядели казахские кинематографисты. Наша делегация была представлена людьми разных профессий. Это были и организаторы производства, и творческие люди, и менеджеры. Сам принцип отбора делегируемых был противоречивым, алогичным, не столько творческим, сколько политическим. Это был интернациональный конгломерат, где преобладал сугубо идеологический момент над остальными. Поэтому наша делегация во многом уступила другим. Внимание зрителей было отдано другим кинематографистам.

Среди яркого карнавала национальных физиономий в фойе, холлах большого ташкентского отеля, заполненных участниками фестиваля, я не видел лица казахского искусства. Рестораны, бары воссоздавали европейскую, американскую атмосферу. И даже меню мало отражало все то, что происходит в Азии, Центральной Азии. По шуму, гаму, визгу, дыму – все напоминало те панорам-

ные планы, где снимались битвы Ватерлоо, Бородино. Но как выйдешь на улицу, опять-таки встречаешься с многокрасочным, наивным, привлекательным миром, этнографической планетой. Там легко можно было найти африканскую саванну, индийскую деревушку, туркменскую обу, узбекский кишлак, но только не казахский аул, казахскую степь.

Этот момент национальной безликости нашего кинематографа очень угнетал. Было одиноко и тоскливо. Так продолжалось 2–3 дня.

... И вдруг утром в своем номере я вижу, что на рядом стоящей кровати спит незнакомец. А лицо у него такое родное и знакомое. Я встал, оделся, открыл форточку, опять посмотрел на спящего соседа и вижу, что это – Нурмухан Жантурин... Тогда он снимался в фильме где-то в Сибири и приехал прямо со съемок в Ташкент, где он должен был представлять свою картину, снятую им в качестве кинорежиссера – «Лесная баллада» по повести Ади Шарипова. Для меня это был сюрприз. Наверное самый праздничный день всей фестивальной программы. Я, несмотря на казахский этикет, сразу кинулся с рукопожатием к спящему Нур-ага. Он проснулся и говорит: «Я знал, что ты здесь, видел твою фамилию в списках делегации. Я прилетел ночью, мне предлагали комнату, но я знал, что у тебя есть место и решил поселиться с тобой».

Мы провели с ним несколько дней, и самое радостное было то, что, как только мы вышли на улицу, Ташкент сразу же обратил на нас внимание. Если раньше мы были ходячей безликостью, то теперь наша делегация обрела лицо – лицо Нурмухана Жантурина. Внимание публики к Жантурину ни с чем не сравнимо, не походило на то внимание, какое оказывала публика другим звездам, облаченным в золото и серебро киноискусства, лауреатство многих фестивалей и другие регалии. У Нурмухана Жантурина ничего этого не было. Он ходил в полуспортивном, можно сказать, маргинальном костюме, потому что только приехал со съемочной площадки. Но, несмотря на это, к нам сразу подошли, но не с объятиями и обильными цветами, а с добрыми словами и сердечными приветствиями. И было ощутимо неподдельное, горячее, искреннее внимание к Жантурину

и давало знать, что его популярность из другого разряда. Я долго не мог сформулировать это явление.

Потом я понял, что наше казахстанское кино стало популярно благодаря в основном двум актерам. Шакену Айманову и Нурмухану Жантурину. Но их популярность была абсолютно разной, контрастной. Если искать понятные для казахского уха аналогии, то можно популярность Айманова сравнить с популярностью салов, сере прежних лет. Такой красочной, яркой, шаловливой бывает любовь, которой обычно награждают родители самых избалованных ребят. Он везде и всюду обращал на себя внимание как любимчик. Оправдал себя и принес славу, очень теплое, благородное внимание не только к своему творчеству, но и казахскому искусству. В этом плане можно сказать, что Шакен Айманов – некий Биржан сал. А у Нурмухана Жантурина популярность и внимание были абсолютно другого плана. Любое его появление у зрителей вызывало не только интерес, не только внимание, но и какую-то глубинную радость. Эта радость напоминала, опять-таки, если искать аналогии из казахского наследия, ту радость, которую, наверное, испытывали стар и млад Жатакского аула, когда одинокий Камбар возвращался со своей очередной рискованной охоты из мест, где он сражался со страшными хищниками, прибалхашскими тиграми... И вот он подъезжает на своем коне, все сразу смотрят на него, с нетерпением ждут его приближение, а некоторые даже на конях выезжают ему навстречу. Вот приблизительно таким вниманием у зрителя пользовался Нурмухан Жантурин. И приблизительно такую реакцию я заметил у ташкентской публики. И все его знали, все его ценили. И я заметил, что зрители питали к нему не только любовь, но и какое-то сострадание.

И потом я понял, в чем дело. Жантурин – художник, актер трагического плана, который находится вечно в страдании. Его страдания видны всем, но мало, кто способен ощутить их. Его можно сравнить с героем греческого мифа. Прометей был обречен на страдания за то, что бросил вызов богам. Будучи и сам богом, он, прикованный к скале, был отдан на растерзание хищникам, и любая хищная тварь могла напасть на него, нанести раны. Он терпел на виду у всего мира, но он вытерпел и не был сражен, не унижил, не предал себя.

Вот примерно так мне видится судьба Жантурина. Ему всю жизнь сопутствовало страдание. Хотя его бесспорный и оглушительный успех в искусстве начался с первых шагов, первых ролей в театре и кино. И если обобщить тот большой творческий образ, который создан личностью и актером Нурмуханом Жантуриным, то опять-таки вспоминаешь не только степного Камбара, душевного, доброго, сильного, простодушного, простоватого охотника степей, но прикованного Прометея, который мог состязаться с самими богами. Вот это равенство с богами не позволяло ему спускаться с высоты и унижать себя и тем самым унижать ожидания зрителей.

И еще. Этот момент, думаю, является ядром всех образов, которые им созданы на сцене и экране. Будь это образ злодея, простоватого чудака, многострадального крестьянина или отвергнутого обществом интеллигента или озадаченного своей судьбой и озадачившего ею других ученого – во всех этих творениях он оставался самим собой и не терял своих человеческих качеств. Но скажу, что он узнаваем. Узнаваем, как самая яркая звезда, безусловно. Сегодня вряд ли имеет смысл в этом коротком очерке перечислять образы, созданные им на сцене и экране. Но они имели большое значение в формировании нового человека, нового менталитета, новой психологии у зрителей, у людей его нации.

Но был несчастливym человеком, потому, что он был актер, который зависел от творческих способностей драматурга, от ума режиссера, от мудрости менеджеров искусства, от зависти коллег, от культуры своего зрителя. Он был зависим от всего. Есть закон великих судеб – чем ярче художник, чем крупнее, чем нестандартнее, тем он больше страдает. Он может уйти, но может и нести свой крест. Он может покорить, но это будет физическое покорение, он может духовно подчинить себе. Это два мерилa творца, которые в творчестве Нурмухана Жантурина находятся в магическом сопромате и притяжении одновременно.

Тогда в нашем социальном мире был неплохой меценат, но он, к сожалению, слабо разбирался в искусстве. Его восприятие было субъективно.

Говоря о Жантурине, каждый раз вспоминаешь небо. Степное июньское звездное небо. Тогда у каждого был свой телескоп. У центра, в Москве, был мощный

большой, но регулируемый телескоп. Его всевидящее, всепроникающее око могло рассмотреть даже самые незначительные звездочки. Но не каждый раз этот телескоп направлялся туда, куда надо. А надо исходить из потенциала творца, потенциала актера, художника. А они смотрели туда, куда они хотели смотреть и видели то, что им нужно было увидеть и выбирали, какую звезду изучить. Это зависело от того, кто смотрел. Жантурин, конечно, был виден всем, заметен. И светил ярче всех, как Полярная звезда. Но изучать Полярную звезду кому-то было и неинтересно. Она и так ярко светит. Его талант, его человеческий потенциал всегда привлекал, он был в центре и светил ярче всех, но он всегда находился в зависимости от своенравия оптических телескопов. Эти же телескопы существовали и в республиках, на местах и они тоже смотрели, разыскивая мелкие звездочки. Но эта тема каверзная...

Но мне очень жаль, что Жантурин так рано ушел со сцены. Потому, что тогдашний театр мог очень много ему дать. У театра – богатый, испытанный репертуар. Он может брать и Шекспира, и Мольера и других великих драматургов. В интерьерах пьес Розова, Арбузова актеру Нурмухану Жантурину было бы тесно, не говоря о наших казахских драматургах. Он актер Эсхила, Софокла, Шекспира. Экран таким репертуаром не обладал и не будет обладать. Он ушел на экран, а экран – все же сезонное, нестабильное состояние художника. Бывают урожайней времена и бывают простои. Все зависит от сезона.

Вот это первая его драма. И вторая в том, что он, ярко выраженный художник мирового значения, был столь же глубоко национальным актером. Именно это национальное нутро художника тогда никем не оценивалось. Тогда все, кто хотел завоевать внимание другого, старались походить на кого-то другого, но только не быть самим собой. Вот это – «не быть самим собой» – абсолютно, на сто процентов не соответствовало ни нутру, ни нраву Нурмухана Жантурина. И поэтому, можно сказать, мы не доценили Нурмухана Жантурина. Я в этом убедился и думаю, что он был слишком сильным, слишком величественным, слишком благородным для своего времени и окружающих. Для самого яркого художника хватило бы сполна и одного из этих качеств.

О таких людях думают: он не пропадет, с ним ничего не случится, потому что он – Нурмухан Жантурин. Такое представление было у его коллег и у его зрителей. Я понял, что это восприятие ошибочное и может роковым образом сказаться на судьбе человека. Об этом подумал опять-таки на Ташкентском кинофестивале. Однажды мы выехали на Сарыагачский курорт, который находится недалеко от Ташкента. Местные люди и отдыхающие организовали для нас пикник на лоне природы с обильным восточным угощением. Было очень жарко, многие купались и отдыхали. И долго купался Нурмухан Жантурин. Вдруг он – не то хохочет, не то визжит, словом, издает какие-то странные звуки. Люди отдыхали, играли, лакомились кто шашлыком, кто еще чем-то и всем казалось, что он шутит и балуется. А там, оказывается, воронка и его затянуло в нее... Мы удивлялись его шалости... И только потом догадались, что с ним. Побежали туда. Было такое страшное состояние. Но он, к счастью, физически сильный человек, поймал веточку тальника рукой и попытался вытянуть себя. Люди поняв, что с ним, бросились к нему, кто с полотенцем, кто с палкой, кто рукой пытался помочь... И, словом, вытащили его. Хорошо, что он остался жив, но потом он три дня серьезно болел в гостинице.

Вот тогда я понял, что одинокий, героический человек в любой день может попасть в такие водовороты судьбы. И при этом даже находящиеся рядом не окажут ему помощи. До сих пор этот эпизод зримо живет в моей памяти. Я думаю, что все же страшный, злой водоворот судьбы забрал с собой Нурмухана Жантурина, лишил нас его.

Но его имя, его образы, созданные на сцене и экране, его человеческий облик, понимание им жизни и искусства займут свое место в памяти народа, в казахском искусстве.

Конечно, сейчас, размышляя о Нурмухане Жантурине, нам становится неудобно от осознания того, что мы упустили такое громадное явление, такое мозное светило, которое пролетало мимо нашего бытия. Такой свет шел от него: он насквозь пронзил все наше нутро. Это его свойство до сих пор поражает! Такие яркие люди не часто встречаются в казахском искусстве.

Я всю жизнь прожил рядом с ним, но мы мало соприкасались – другие интересы, другое поколение,

разные профессии, хотя я и работал редактором на киностудии. Но мысль о том, что Жантурин, если не сегодня, то завтра получит все, что ему причитается, если не сегодня, то завтра засияет с новой силой – эта уверенность была не только у меня. К несчастью, наши ожидания не оправдались. Он не испытал то счастье, которое дает осознание пика своей жизни.

Да, каждый раз все, восхищаясь мощью его актерского таланта, думали: «Его главная роль впереди. Он еще покажет, что с ним шутить нельзя». Но никто не подозревал, что всегда скрытый и лукавый режиссер по имени Судьба не любит заранее делиться тем, по какому сценарию собирается действовать...

Великие не только сами испытывают безмерные страдания, но и оставляют в душе своих современников неизгладимые печаль и горе, переходящие потом в светлую грусть.

АҚ НИЕТТІҢ АДАЛ ЖЫРШЫСЫ

Біздің қазақ өзін жылқы мінезді жұртпыз деп түсінеді. Онысы өзін-өзі мақтағаны емес, сынағаны. Жылқы тез арып, тез семіретін жануар. Арыса — арса-арса боп, сықпыты қалмайды. Семірсе — жалына қол апартпай, кекірейіп кетеді.

Неге екенін білмеймін, жарықтық ата-бабаларымыз әйтеуір өз тіршіліктеріне өздері риза болмай, өрекіп өткен сияқтанады да тұрады.

Ежелгі Майқы мен Сыпырадан асқар таудай ат қалғанмен, алақандай хат қалмапты. Олар пәлен жылы пәлен жерде пәлен кептің үстінде пәлен депті дейтіндей дерек жоқ. Алайда, атам қазақтың өзіне қарап өзі осқырынған, өзіне қарап өзі мұңайған талай-талай таусынды сөздерінің арасында олардың да аузынан шыққан талай сөз, талай тіркес бүгінде мақал-мәтелге айналып, күніне тілімізге қырық үйіріліп жүруі ғажап емес.

Одан берідегі Қорқыт пен Асанның қалай күңіреніп өткендері, сірә, белгілі.

Одан кейін — зар заман. Аласапыран дәуір, көкзапыран қайғы-мұң.

Одан өте — Абай. Шертілмеген шер қалмағандай. Әшкере болмаған сыр қалмағандай.

Ғасыр басында — Сұлтанмахмұт, Мағжан, Ахмет, Міржақып, Шәңгерей, Ғұмар, Нарымбет... «Кең дала кеберсіген кер бетеге, мұнда да бала туып, ержете ме; суырдай іннен шыққан сүмірейіп, дариға-ай, мекенінен ел кетер ме?! Атқан оқ қайта оралмас бір атқан соң; батқан күн қайта оралмас бір батқан соң; жаныңды жадыратар заман қайда, қорғанын көңіліңнің құлатқан соң?!»... Талайымыз осылай зарлап, ел ауып, жер ауып кете бардық. Талайымыз осылай зарлап, өткен дәулеттің көнін бағып, өткен бабалардың моласын күзетіп, адыра мекенде аңырайып қала бардық.

Туасы уайымшыл қазақ жырының қан қақсап, қабырғасы қақырай сөгіліп, еңірегінде етегі толып, аһ ұрар дәуірі шындап келген сияқты еді.

Бірақ, олай болмады. Отызыншы жылдардан бермен қарай сонау алпысыншы жылдардың ортан беліне дейінгі аралықтағы ұлттық поэзиямыздың сарынына құлақ түрсек, «ұрттап алған» кісінің сөйлегеніндей. Тым желкілдек, тым желпілдек. Лапырған, лепірген, сапырған бірдеңе. Қазақтан өткен жағасы жайлау халық жоқтай. Күйрете күйзелтпек түгілі, шымбайына батырып, шымшып алғандай бір де бір құқай көрмегендей. Күңіренбек түгілі, күңкілдеген сыбыс шықпайды. Бұрын-соңды адамзат кешпеген мамыражай заманға тап болғандай. Отан, партия, көсем, жорық, жеңіс... Қит етсе, алақанын ұрып, санын шапақтап жатқан шат-шадыман... Өзімізді айтсақ — іш киіміміздің ауы жыртылып кетердей дәліріп, өзгелерді айтсақ — әкеміздің құны кеткендей, ежірейіп сала беретін бір әңгүдік дәурен... Басқаны қойып, баяғыдан бері тәңірі тұтып, табынып келген зеңгір көктің өзіне қарап жұдырық түйіп, кие тұтып келе жатқан жеранамыздың өзіне аяғымызды жалатқымыз кеп, тоқал қатынымыздай ақырып-шақырып, тепсініп бақтық.

Әлеуметтік делқұлыққа, рухани нақұрыстыққа, саяси қояншықтыққа әбден бой алдырғанымыз сонша, желбіреген тудан басқаға, будақтаған түтіннен басқаға, от түкірген мұржадан басқаға көзімізді, зіркілдеген зеңбірек пен азынаған гудоктан басқаға құлағымызды тікпейтін болдық. Жайқалған гүлді жырласақ, арзан әсемпаздыққа, жауқазындай жарымыз бен бүлдіршін сәбиімізді жырласақ, күйкі үй-ішілікке, дос-жар ортасын жырласақ, томаға-тұйық тоғышарлыққа бой алдырған болып шықтық.

Ондайға құлқымыз құлап, аяқтан шалдырып алсақ, басқамызды былай қойып, «Серінің сертке таққан семсеріндей өлеңнің өткірін» сомдаған Қасым екеш Қасым басымызбен, амалсыз: «Ей, Қасым, адасуға қақын бар ма, адасу зәкүн бе екен ақындарға, адассан, арашалап қалатұғын Мұхтар, Сәбит, Ғабиттей атың бар ма?!» — деп, іле-шала өз жағамызды өзіміз ұстап, «асакет алла, ақ тобалап», тәубемізге келіп, абайсыз жазылған бір интимдік лириканың айыбын «күн көсем», «қызыл әскер», «ұлы жеңіс», «дала гудоктарын» жырлайтын көшқұлаш дастандар жазып, зорға ақтап алатынбыз.

Ол заманда да талай дүлдүл ақындар болды. Талайы тұсаулы аттай көсіліп шаба алмай, біресе партияның көңілін аулап, сол иығындағыға күлімсіреп, оң иығындағыға күңіреніп: «айта алмастан мен кеттім, айтар бір

сырым бар еді, атар бір оғым бар еді, ата алмастан мен кеттім»,— деп ойнап айтқан боп, шындап мұңайған Сырбай ағамыздай, сырты бүтін, іші түтін қалпы арманда кетті.

Темірқұрсау тоталитаризм әлеуметтік бүгежектікке ұрындырды. Әлеуметтік бүгежектік саяси көлгірлікке ұрындырды. Саяси көлгірлік эстетикалық алақолдылыққа ұрындырды. Ондай қыл тұзақтан қатардағымыз түгілі, көш басындағы алыптарымыз бен ұлыларымыздың өздері де құтыла алмады. «Абай жолы» мен «Қилы заманды» жазған қаламның «Түркістан солай туған» мен «Алма бағын», «Күйші», «Күй», «Құлагерді» жазған қаламның «Дала» мен «Жаңа туғанды», «Жыр туралы жыр» мен «Мен қазақпынды» жазған қаламның «Қыран дала» мен «Селді» жазуға мәжбүр болғандығы да сондықтан еді. Бірақ, біз олардың сондай қарлы қаратау заманда да халқының көңілі мен жүрегінде ғасырлап қалатындай қалтқысыз шығармалар қалдырып кете алғандығын кейінгі ұрпақтар мәңгілік қарыздар боп өтетіндей ұлы ерлікке балағанымыз لازم. Өйткені, ол заманда шырылдаған шындықты айту от шашқан дзоттың амбразурасын көкірегіңмен басып тығындау сынды жүрек жұтқандық еді. Ондай ерлікті Сұлтан да, Боран да, Матросов та өмірлерінде бір-ақ рет жасады. Ал, ақынға ондай көзсіздікке ұрымын тауып, өмірінде бірнеше рет баруға тура келеді. Бірақ, одан күн сайын сондай көзсіздікке бар деп талап ету тек тоғышарлардың ғана қолынан келетін жүректік болар еді. Әрине, жер қара, күн ашықта қалай көсілсең де қиын емес. Мықты болсаң, көк мұз, ала боранда қарға адым жерге ұзап көр! Кейінгі жетпіс жылдың ішінде де қазақ әдебиетінің талай сүлейі амалын асырып, ұзақ ғұмырлы сүбелі шығармалар жасай алды. Күнделікті саясаттың тар ауқымында қалмай, адам бар жерде айтылмай қалмас тақырыптарға бой ұра білді.

Рухани дүние сала-сала, тақырып-тақырыпқа бөлініп, қайсысы туралы қанша мөлшерде айтуға болатындығы қапысыз межеленіп қойылған қытымыр заманда қайыранға қарамай, егінжайға қарай жүгіретін қозы-лақтай әу бастан-ақ тиырым атаулыдан аттап өтуге тырысып туған айрықша бір ұрпақ болды. Ол сонау алпысыншы жылдарда әдебиетке келгендер еді. Жоқтық пен жетімдікті, соғыс пен күйзелісті көріп өскен бұл ұрпақ тез отықты. Майданда болып, мина алаңын кешіп келген

ұрпақтың абайлап аттаған бағыттарына бұлар анталай жүгірді. Саяси қасаңдықтан безініп, рухани бостандыққа ұмтылды. Бірақ, «Тәйт-тәйттен» олар да құтыла алмады. Алайда, олар табандылық таныта білді. Әлеуметтік анайылыққа бармады. Ешкімді жағасынан алмады. Бірақ, мал табудың, атақ алудың оңай жолы осы екен деп, қызыл саясаттың иегінің астында кетпеді. Саяси сіреспеліктен гөрі сезім шынайылығына көбірек бой ұрды. Парторг туралы роман, комсорг туралы поэма, партияға деген шексіз махаббат жайында лирика жазған жоқ. Соның арқасында әдебиет қырманьында желге ұшып жатқан сел топанның арасында бадана дәндердей боп, аршылып түсті.

Сондай маңдайы ашық, бағыты оң ұрпақтың алғашқы соныға із тастаушыларының бірі Тұманбай Молдағалиев еді. Сонау 1957 жылы оның «Студент дәптері» дейтін тұңғыш кітабы шықты. Оған дейін саясаттан іргесі аулақ жекелеген шығармалар болса, болған шығар. Бірақ, тұтасымен саясаттан іргесін аулақ салған кітаптар кездеспеген еді. «Студент дәптері» — біздің жыр өлкесіне тұңғыш рет қанат қаққан жақсылық қарлығашы сияқты еді. Кеше ғана ауылда өсіп, бүгін астанаға келген уыз жас жігіттің уылжыған көңіл күйін сол қалпында жеткізген кішкене кітап — өз кезіндегі әдебиетке атымен соны тыныс, тың сүрлеу әкелді. Кітап ашса болды, не оқтың астына тап болып, не зырылдаған станоктардың қасына қамалып, көк түтінге қақалып өскен қазақ оқырманы, бір сәт алма бауын аралап көргендей, дені жайылып жүре берді. Кітаптан кітапқа, фильмнен фильмге көшіп жүрген жаттанды қылықтар мен құлықтардың емес, кәдімгі адамдар арасында бола беретін қарабайыр қарым-қатынастың өз жарасымы мен өз кемелділігін көріп тамсанды. Өңшең шеңгелдің ортасына шыққан жалғыз жауқазындай сол кітапша қазақ жыр алабының жаңаша көктеп, жаңаша құлпыруының басы сияқты болды. Соғысты, соғыстан кейінгі жоқшылықты көріп, шындықтың ащы дәмін ала бастаған көзқарақты қауым казарманың қара нанынан кейін ақ бауырсаққа қолдары жеткендей, кітап көрсе, мерзімдік басылымдардың бетін ашса, Тұманбайдың өлеңдерін іздеп, құрағыта қарайтынды шығарды.

Балағынды ошаған қамап, тірсегінді теріскен тістеп, адымыңды аттатпайтын ит тұмсығы өтпес қалың жыныстың арасынан із шығарып беру — қиынның қиыны. Із

шығардың-ақ, әуелі сүрлеуге, артынша айдын жолға айналып сала береді. Ол жолы да сүйтті. «Студент дәптерінен» соң тап соған ұқсаған жұқалтаң кітапшалар көбейді. Сырттарында жаңа есімдер тұрды. Еркеш Ибраһим, Сағи Жиенбаев, Қадыр Мырзалиев, Өтежан Нұрғалиев, Еркін Ібітанов, Әділбек Абайділданов, Жүсіп Қыдыров, Құдаш Мұқашев... Із соңынан із түсті. Кітап соңынан кітап шықты. Жыр арнасы айдынданып сала берді. Ақжарма күйдей ағыл-тегіл төгіліп, Төлеген Айбергенов келді. Аспан астын жырға қалқытып Мұқағали Мақатаев желпінді. Тұңғыықтан сыр тартып, жыр Байкалы — Жүмекен Нәжімеденовтың мөлдір айдыны тұнған үстіне тұнып бақты... Енді жақсы өлеңге жақсы өлең, жақсы кітапқа жақсы кітап ілесіп қоймай, жақсы лекке, жақсы лек, талантты буынға талантты буын ілесетін болды. Атыраудан Фаризаның, Торғайдан Кеңшіліктің, Серіктің, Сырдан Жарасқан, Иранбек, Шөмішбайдың, Тарбағатайдан Марфуға, Несіпбектің, Шағадамнан Дүйсенбектің, Алтайдан Ұлықбек пен Гүлнәрдің, Жизақтан Есенғалидың, Жетісудан Жұматайдың, Маңғыстаудан Темірхан, Светқали, Сабырдың келуі туған поэзиямыздың бағын ашқан қуанышты құбылыс болды. Идеологиялық кіріптарлық пен саяси басыбайлылықтың ондаған жылдар бойы құбыладан шығып тұрып алған қызыл желінен әбден тандыры кеуіп, құба шөлге айнала бастаған ол кездегі құбатөбел әдеби аймағымыздың әр пұшпағынан бір-бір гейзер атқылап, рухани ақ тақырымыз айдын шалқарға айналып сала берді. Соншама рухани шалқуға бастау болған тұма бұлақ — Тұманбай Молдағалиевтің әлгі бір балауса кітабы сияқтанады да тұрады маған.

Әрине, бұл арада дау айтатындардың да табылмай қалмайтынын ішім сезеді. «Қан майданда оқ жұтып, қан түкіріп жүріп жырлаған Қасым буынын қайда қоясың?» — деуі мүмкін олардың. Рас. Ондай буын болды. Одан Қасым, Сырбай, Жұбан, Қалижан, Хамит, Тоқаш сынды саф таланттар сараланып шықты. Олармен жарыса Қуандық, Ғафу, Ізтайлар суырылып алға озды. Бірақ, олар көптің арасынан айрықша көрінген некен-саяқ құбылыстар еді. Кенезесі кебе жаздап жатқан рухани кеңістігімізге жеке-жеке нәр беріп жатқан дара-дара арналар еді.

Ал Тұманбайдың тұма бұлағымен қатар шапшып шығып, бүкіл бір буын боп жарыса жөңкіген жаңа

жүлгелер бірте-бірте арналары кеңейіп, бүкіл рухани болмысымызда жаңа бір дархан дария жасап берді. Оның айдынының көрер көзге ұлғайып, тұңғиығының тереңдей түсуі ұлттық поэзиямыздың өзге буындарына да түрткі болды. Көп жылдар бойы көк ала бұлттың астында көк мұнар оранып, тым-тырыс жатып-жатып, кенет бір бұрқ етіп, содан бері лапылдап сөнбей қойған жаңартаудай Әбділда ақсақал бастаған аға буын өкілдері де тың тақырыптар мен тың мүмкіндіктерді игеруде жеткіншек ұрпақ өкілдерімен жарыса қалам сілтесті. Біздің саяси-экономикалық өміріміздегі қайта құру кейін басталып, әлі тыңғылықты нәтижеге жеткізе алмай, шабан өрістеп келе жатыр. Ал рухани өміріміздегі, әсіресе, әдебиеттегі қайта құру әлдеқашан қолға алынып, көңіл тоятарлықтай нақты нәтижеге жеткізіп үлгерді. Ол сонау алпысыншы жылдардағы жас поэзия бастап берген суреткерлік ізденістерден бастау алған-ды. Ол — қасаң қағидалардың иегінің астында жүре бермеу. Танып айтуға, тауып айтуға тырысу. Таптаурын үлгілердің тар қалпынан шығып, өмірлік шындықтың өзімен сәйкестілікке ұмтылу. Сыршылдық пен шыншылдықты діттеу. Мазмұнға бола көркемдікке қиянат жасамау. Әлеуметтік салиқалылықты эстетикалық сындарлыққа қарсы қоймау. Сезімнің шынайылығына, ойдың өткірлігіне, әсердің өміршеңдігіне құлаш сермеу. Сол арқылы рух азаттығына, сана бостандығына дем беру.

Алпысыншы жылдар басындағы жас поэзияның бұл ұмтылыстары келе-келе өзге жанрларымыздың да басты мұрат-мақсаттарына айнала бастады. Әдебиетімізде философиялық тереңдік, психологиялық үйірімділік, әлеуметтік уыт күшейді. Қазақ қаламгерлерінің сол жолда талаптанған талайлы шығармалары тек ұлттық аядан шығып, әлемдік танымалдылыққа ие болуы жиіледі. Бұл ұлттық санамыздың өрісін кеңейтіп, серпінін күшейтті. Қалай десек, олай дейік: қазақ әдебиетінің жазба өркениет әдебиеттеріне лайық сыр мен сипаттың бәріне тегіс ие болып, әлемдік әдеби процеске тікелей ат салыса бастауы — біздің ғасырымызға ғана тән құбылыс. Өткен ғасырда тек Абайға тән болған эстетикалық сипат енді күллі ұлттық әдебиетімізге ортақ сипатқа айналды. Ендеше, қазақ әдебиетінің алтын ғасыры — бәрібір, жиырманшы ғасыр. Аса ірі әлеуметтік сілкіністер дәуірі. Ғылыми-интеллектуальдық самғаулар кезеңі. Содан туындайтын қуаныштардың да, күйзелістердің де заманы.

Осының бәрін ойға алғанда, жадыраған жазды бастап келген жыл құсындай көзге ерекше ыстық елестейтін бір тұлға, ірі тұлға — Тұманбай Молдағалиев. Рас, Тұманбай Молдағалиев әдебиетке айқайға басып, атой салып, ат ойнатып келген жоқ. Талайдан бері тоңы жібімей қоңторғай жатқан мұзарттың әлдебір күнгей маңдайын жіпсітіп, тырс-тырс тамшы боп басталып, бірте-бірте ұлғайып, көк мұздың көбесін мүжіп, етектегі ерні кезерген жазиралардың ындынын қандыратын рахым кәусарындай шарапатты шабытымен көпшілік көңілін баурап алды.

Көкірегінді тістейтін, көңіліңді қажайтын, құлақ тырнайтын дөкір бір сөзі жоқ жаймашуақ жырлар жаныңды жайдарылыққа шақырады. Көзшоланды кеңейтіп, төңірегіндегі жақсылықты көбірек аңғаруға, жайсаңдықты тереңірек ұғынуға, жаратылыстың жарасымдылығына жән-тәніңмен елтіп, құлшына құмартуға ұмтылдырады. Ақын тілін бал мен удан жаратқан деседі ғой. Тілінің балы басым ақындар да, уы басым ақындар да болады. Екеуін үйлестіре алатындар да, үйлестіре алмайтындар да табылады. Екеуінің арасындағы шек пен шекараны білетіндер де, білмейтіндер де жетерлік. Тұманбай — тілінің балы басым ақын. Ешкімнің бетіне жел боп келмейтін қыз мінезді ақпейіл ақын. Адам түгілі ағын су мен жайқалған жапырақтың көңіліңе қарайтын сезімтал ақын. Жанашырлық жаршысы, бауырмалдық дәріпшісі.

Оны, әдетте махаббат жыршысы деседі. Десе дегендей. Оның барлық кітабының да негізгі мазмұны — махаббат. Махаббатсыз дүние қандай тұл болса, әдебиетте сондай тұл. Қазақ әдебиеті де, құдайға шүкір, махаббатты ренжітіп көрген емес. Атақты «Қырымның қырық батырының» қай дастанын алсаңыз да, ер жігіт, ару қыз, аяулы ана, қимас қарындас алдыңыздан шыға келеді. Батырлық дастандарымыздың бәрінің де өзек өртер өтімділігі — ерлік пен махаббатты өрмектің тініндей өрелестіре жырлайтындығында. «Тауда болар тарғыл тас, тарықса шығар көзден жас, тар қолтықтан оқ тисе, шығады сүйреп қарындас»,—дейтін де сол батырлар жыры. Ол аз болғандай, ғашықтық жырлары — ұлттық лироэпосымыз және бар. Бірақ, бұл екі саланың екеуі де адам сезімінің алтын өрмегін эпикалық жанрлар табиғатына лайықтап кісілік мінез, қылық, құлық, сол арадан туындайтын коллизиялар арқылы бейнелейді. Адам жан-дүниесінде өз бетінше желі салып, өрмек құрған өрбімелі рухани құбылыстың өзін оқшаулап алып, дара

қарастыру, бәрін сезім логикасының өз драматургиясына құра білу арғы-бергідегі тек Абайда ғана бар болмысымен көрінген-ді. Тіпті Ақан, Біржан, Естайлардың өзі де басынан өткізген махаббат қуанышы мен драмасын не бопса-базына, не тұспал-жұмбақ, не жоқтау арқылы ғана көрсетіп еді. Бұл әлі инсанға бөліне қоймай, қауымдық құлықтың шырқын бұзбай, өз сезімін көлегейлей сөйлейтін ұлттық әдептен туындаған құбылыс.

Тұманбайдың махаббат лирикасы әдебиетіміздің төл дәстүрлерін әлемдік әдебиет дәстүрлерімен шебер үйлестіре білді. Сөйтіп, аса нәзік тақырыптың дөрекіленбей, дөкірленбей, жадағайланбай, жан-жақты жарасымды ашылуына айрықша зер салды. Оның жырларында махаббат — адам өмірінің айрықша жоғары құндылығы, саф асыл қасиеті, күллі тіршіліктің негізгі мән-мағынасы ретінде сан салалы толғаныс тапты. Ол жырлар әркімнің өз жан сырындай, өз жүрек діріліндей сезіледі. Олардың жаппай әнге айналып, жалпының аузында жүруі де сол себептен-ді. Егер сонау алпысыншы жылдарға дейінгі поэзиядағы махаббат тақырыбының, негізінен, тракторшы, сауыншы қыздардың өздеріне емес, омырауларындағы ордендеріне қызығушылықпен шектелгенін ескерсек, сол дәуірге іле-шала шыққан Тұманбай жырларында махаббаттың адами болмысқа қайта көшкені айта қаларлықтай оқиға еді.

Махаббат лирикасы, әдетте, тек қыз-қырқынға ғана арналған жырлар деп ұғылады. Тұманбай ақын лирикасында әйел тек ғашық жар ғана емес, абзал ана, сүйікті қарындас, қимас құрбы ретінде де адамгершілік сүйіспеншілік пен сыйластық нысанасы ретінде көрініп, адамдық болмыстың ең бір нәзік, ең бір тұңғық тереңдерінен сыр шертеді.

Егер Төлеген ақын қаяусыз көңілдің, терең адамгершіліктің бірден бір таразысы ретінде сағынышты бірінші орынға қойса, Тұманбай әлгіндей, өзекті өлшем ретінде қимастықты ерекше қастерлейді. Дүниенің дәнекері — қимастық. Жар мен жардың, ана мен баланың ғана емес, адам мен адамның арасын жымдастырып, адами әлемді тұтастыққа айналдырып тұрған да сол. Сондықтан да, ақын жар ретінде де, әке ретінде де, аға ретінде де, замандас ретінде де көңілде қаяу қалдырмайтын қимастық сарынында сөйлеп, ағыл-тегіл ақтарыла сыр шертеді. Тұманбайдың тек ана, жар, қарындас, құрбы сынды әйел затына бағышталған жырларында

ғана емес, ағаларына, достарына, інілеріне, замандастарына арнаған жырларында да айрықша ақпейілділік пен биязылықтың лебі еседі. Өзінен өзге біреудің жер басып, тірі жүргеніне қуана білуден асқан адамгершілік жоқ. Тұманбай Молдағалиев шығармашылығына айрықша сән беріп, ерекше бір жұғымды қып тұрған да осы бір жұлынды қасиет. Онда біреудің насырына тию, міні мен кетік-кемісін тізбелеп бағу, кекеп-мұқап, біреуге оқырына қарау атымен ұшыраспайды. Оған салсаңыз, дүние тек кіл періштеден тұратын пейіш сияқты. Өмірге махаббат дегеннің өзі де — барша тіршілік иелерінің бәріне деген сүйіспеншілік пен мейірім деген сөз.

Өмірдің өзі тауып бере алмайтын бұндай шарапатты қасиетті өнер тауып беруге тиісті. Әйтпесе, ол онсыз да күнә мен кемістіктен арыла алмай жүрген адам пақырды әділет пен адалдық, ізгілік пен инабатқа бастай алмас еді. Онсыз да ойқы-шойқысынан адалана алмай жүрген адам көңілін табашылдыққа, шамшылдыққа, қатыгездікке бастайтын әзәзілге айналар еді. Ондай әзәзіл құбылыстар өнерсіз де толып жатыр. Өнер адамды аяу мен аялауға баулымайынша өзінің рухани ұстаздық қызметін ойдағыдай атқара алмайды. Өзінің әу бастағы гуманистік табиғатына қиянат келтіреді.

Біз өмір сүрген орта — әлеуметтік алалаушылықты, тіпті әлеуметтік өшпенділікті айрықша қастер тұтқан таптық идеологияның, әлеуметтік расизмнің әсіреңкісіне көп ұшыраған орта. Сондықтан да біреудің біреу туралы жаман айтып тұрғанына оп-оңай сенеді де, жақсы айтып тұрғанына көбіне-көп күдікпен қарайды. Қоштай сөйлегенге емес, мұқай сөйлегенге қыбы қанады. Аялай сөйлегенді аярлық, табалай сөйлегенді адалдық, батылдық, батырлық санап, өз әулие тұтады. Қиқарлықты қайсарлық, есерлікті ерлік деп таниды. Жөнге жүріп, жөн сөйлегенді ездікке балайды. Сондықтан да ең бір талантты деген ақындарымыздың өзі әкесінің өзін сақалынан алып, сабап салатындай, шаптыға сөйлегенге машықтанады. Күллі әлеуметке өгей баласына ұрысқан өктем әкедей боп, өжектей сөйлеп, әкіреңдей тіл қатуға құмар. Қытыққа тиіп, қитықтанып бағады. Намысқа жармасып, насырды қасып айту мұратқа айналып барады. Оны азаматтық уыт, әлеуметтік батылдық деп есептейді. Өнер табиғи бауырмалдылығынан, кеңпейілділігінен айырылып барады. Жат бауырлыққа, қытымырлық пен қазымырлыққа әнтек бой ұрып барады.

Қысылтаяң қытымыр өмірдің қыршаңқы өнер тудыратыны рас та шығар. Бірақ онсыз да жеткілікті қатыгездік пен қазымырлықты көбейте түсетін өнердің қажеті қанша?! Өнердің ана көкірегіндей ақпейіл, әке жүрегіндей абзал, ата ақылындай асыл болмысқа қақысы жоқ.

Тұманбай осыны айнымас шарт деп ұғады. Жақсылық атаулыға жырын шашу қып шашуға асығады. О да дұрыс. Бірақ, орынсыз шашыла бермеген де жөн. Жөнсіз жомарттың көжесі сұйылып кетеді деген де сөз бар. Алайда, болмысынан ақпейіл ақынға ақтарыла сөйлеме деп ешкім айта алмайды. Өйткені, оқырман — адам. Тобырдың дегенімен жүрер тоғышар емес, өз жөнін өзі іздейтін сара сана иесі — дара инсан. Ондай адам — қашан да жалғыз, қашан да жалқы. Поэзия — жаратқан иенің әмәнда жалғыздық торындағы пенделерімен пейіл-дессін, пікірлессін деп әдейі жаратқан ақ қанат періштесі. Демек, адамдарға аяушылықпен қарап, аялап сөйлесе алар адамгершілік жаршысы. Жан-жағынан шарапат күтіп, шапағат дарытқысы келетін арлы жалқының, арманшыл жалғыздың сөзін сөйлесіп, мұңын мұңдасар рақым иесі. Ол тобырдың да, тоғышардың да сөзін сөйлей алмайды. Тобыр мен тоғышардың сойылын соққан сөз заманды күземесе, түземейтінін талай рет көрді. Сондықтан да, жалқыға болысып, жалпыға жақсылық жасай алады. Жалқыға сөзін өткізіп, жалпыға ықпал ете алады. Жалқының ниетін түзеп, жалпының бағытын оңғара алады. Сондықтан да, ақын жалпыға қарап емес, жалқыға қарап тіл қатуға міндетті. Басына сөйлемей, ашыла сөйлеуге парыздар, бопса емес сыр айтуға міндеткер.

Шын ақын өз ұлтының рухани әкесімін деп емес, ең кенже перзентімін деп санайды. Қалтқысыз махаббатымен баурайды. Кісілігімен, кішіктігімен баурайды.

Сонда ғана замандасының мерейін асырып, заманының пиғылын түзей алады.

Ендеше, асқаралы асуларды артқа тастап, ел ардағына айналса да, әлі күнге балапан жүрек, періште көңіліне қылау тигізбей, ақ пейіл мен ақ ниеттің сөзін сөйлеп келе жатқан абзал ақынға әрдайым сәт тілейік.

ӘУЕЗОВ ТУРАЛЫ СӨЗ

Аса құрметті Президент мырза!

Қымбатты отандастар!

Қадірлі меймандар!

Ұлы жазушы, данышпан ойшыл, ғұлама ғалым, асыл азамат Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің бүгінгі мерейтойы — тәуелсіз еліміздің рухани өміріндегі айтулы оқиға.

Рас, әйгілі отандасымыз құрмет пен ыстық ықыластан ешқашан кенде болып көрген емес. Көзі тірісінде көп ұлтты әлемдік мемлекеттің ең жоғары сыйлықтарының иегері болды. Дүниежүзі классиктері санатынан мәңгілік орын тепті. Әдебиет аясының әйгілі сарапшылары оның дүбірлі даңқына дүркірей қол соқты.

Алайда, бүгін атағы соншама жер жарған саңлақ жазушының мерейтойы тұңғыш рет халықаралық деңгейде, әлемдік дәрежеде тойланып отырғанын ерекше мақтанышпен айтуға тура келеді. Бұл үшін және кейінгі жылдары азат қазақ халқының рухани мұраларын кеңінен насихаттауға мол үлес қосқаны үшін ЮНЕСКО ұйымына, оның Бас хатшысы Федерико Майор мырзаға шексіз ризашылығымызды білдіреміз.

Дүниеге қазақ перзенті болып туып, адамзат перзенті болып аттанған М. Әуезов тағдыры — талай ақиқатқа қапысыз көз жеткізетін тағлым мектебі. Заманмен бірге тебіреніп, мәңгілікпен үндесе білудің айқын өнегесі.

Ол талай жер теңселтіп, ел сенделткен әлеуметтік сілкіністердің, қиялды қысыратып, сананы тоқыратқан түбегейлі өзгерістердің, жаппай теңдікке ұмтылып, елдікке құлшынған рухани буырқаныстар кезеңі болып, тарих қойнауына аттанғалы отырған жиырмамыншы ғасырмен жарық дүниеге бірге келіп, ол кешкен ғаламаттар мен тауқыметтерді де табандылықпен бастан кешіріп, дүниеден өтті.

Оның көкірегіндегі шалқар шабытты да сол бір ұлы дүмпулер оятты. Ғасыр басында қазақ топырағында да ұлт бостандығы мәселесі күн тәртібіне батыл қойылғаны мәлім. М. Әуезовтің азаматтық, жазушылық тағдыры

қазақ халқының ұлттық сана-сезіміндегі осынау түбегейлі өзгерістермен тікелей байланысты болды.

Әлденеше мыңжылдықтар бойы теріскей Евразияның ұлан-ғайыр жазықтарында арда емген асау тайдай азат дәурен кешкен қазақ жұрты еркіндік тізгінін ешкімге бергісі келмей, алысқанмен алысып, жұлқысқанмен жұлысып бақты. Бірақ, жердің үстіндегіге місе тұтпай, астындағысына көз алартқан отаршылдық XVIII ғасырдың ортасына таман оның да мойнына бодандық қамытын ілді. Соған да қарамастан, әрідегі тынымсыз жаугершіліктен қолы босаған бір-ақ ғасырдың ішінде туысынан рухы өжет бұл жұрт өнерін өркендетіп, әдебиетін дамытты. Бодан ғасырдың өзін өнер мен әдебиет үшін өзінше алтын ғасырға айналдырды. Махамбет, Шортанбай, Дулат, Мұрат, Құрманғазы, Тәттімбет, Дәулеткерей, Қазанғап, Біржан, Ақан, Сегізсері, Мұхит, Мәди, Ықылас... Тек қана алтын ғасырлардың ғана маңдайына сиятын алып тұлғалар емес пе?! Ақыры қазақ халқы жаңа XX ғасыр табалдырығынан Абай секілді хас данышпанды алдына салып аттады. Осынау зорлық көрген сайын молыға түскен өнер қуаты, соның шырқау шыңына айналған Абай мұрасы ұлттық санамызды мейлінше кемелдендіріп, жаңа рухани ізденістерге жігерлендірді.

Елдің тағдырына қатысты күрделі мәселелерді алға тартты. Ұлттық сезім ұлттық санаға айналды. Ғасыр басындағы Алаш қозғалысы осылай өрбіп, осылай бой көтерді. М. Әуезов те тап осы топырақта өркен жайды.

Елді өркениетке жеткізудің тәуелсіздіктен басқа жолы жоқ екенін дұрыс түсінген сындарлы қоғамдық санадан бастау алды.

Ел тағдыры қызыл империяның қолына біржола көшкен кезде «Алаш» қозғалысына алдымен тұзақ түсті. Ұлттық мүдде мен тәуелсіздік мұратына біржола құрып кету қаупі төнді. Оны жойып алмаудың жалғыз ғана жолы бар еді. Ол — осынау өміршең мұратты жүректеріне мықтап еккен арыс азаматтардың қандай зобалаңды да елмен бірге кешіріп, бірге көріп алуға тәуекел етулері еді. Осының бәрін терең түсінген, заман мен қоғамға әріден қарай білген, ойлы да зерделі Әуезов 1932 жылы баспасөз бетінде өзінің райынан қайтқанын айтып, кешірім сұраған хат жариялатуға мәжбүр болды. Соның арқасында алыптар тобының қиямет заманға қалдырып кеткен жалғыз аманатындай болып, түрмеден босап, тірі

қалды. Ел арасында бұны жазушы бұрынғы әріптестерінің айтуымен істеді деген де әңгіме бар. Қайткен күнде де бұл сорымызға емес, бағымызға қызмет еткен әрекет болды.

Тарих — тек өз кезеңі тұрғысынан қарасаң ғана сырын ашатын тылсым жұмбақ. Байтұрсынов 1920 жылы неге коммунистік партияға өтуге арыз берді, Әуезов неге кешірім сұрап хат жазды деген заманалық сұрақтарға тек тірі қалу қажет болды деген дәлелмен жауап берсек, әрине, тым біржақты кетіп, жалаңдыққа ұрынар едік.

Елін сүйген азаматқа ең үлкен қайғы — өз халқының тағдырынан тыс қалу. Ол кезде кеңес өкіметі бұқара-халық мүддесін, әлеуметтік теңдік мәселесін оңды-солды желеу етіп, алдап-арбап немесе қорқытып, әйтеуір үстемдікке біржолата жетіп алған кезі еді. Ондай бұлтартпас ақиқатты мойындамай, бұлғақтай беру өз халқыңмен бірге болудан бас тарту деген сөз болатын.

Тап сондай талайлы кезеңде отаршылдық пен басыбайлылық жағдайында өмір сүрген Рабиндранат Тагордың: «Құдай немесе аң ғана қоғамнан тыс бола алуы мүмкін»—деуі де тегіннен-тегін емес шығар. Адам құдай да емес, аң да емес. Оған қоғамнан тыс қалу, өліммен бірдей. Сондықтан алтынның сынығындай «Алаштан» қалған жалғыз тұяқ Әуезов азапта да, тозақта да халқымен бірге болуды жөн көрді. Бұл ретте Әуезов, Павлов, Тимирязев, Бернадский, Коненков, Ахматова, Шостакович сынды айтулы замандастарының талайлы тағдырларын еске салады. Егер кескілес кезеңде осынау кемеңгерлер де төзім арқауын үзіп алса, әлемдік ақылсана қаншалықты ойсырай мешеулеген болар еді.

Әуезов өмірі мен еңбегінің халық үшін қаншалықты маңызды болғанын кейін тарихтың өзі дәлелдеді. Ол аласапыран кезеңдерде халқымыздың талай рет үзіліп қала жаздаған мәдени-рухани арқауына, ұлттық сана-сезіміне дәнекер болып, кешегі күннен бүгінгі күнге аман жетуіне себепкер болды.

Егер ол бір адамның ғана емес, бір елдің тағдырына септігі тиетіндей сол бір төтенше әрекетке бармағанда, сөз жоқ, қызыл империя «Қилы заманның» авторын ешқашан да кешпейтін еді.

«Қилы заман» — қандықол отаршыл империяның қорлығына көнбей, басын оққа байлаған азатшыл ел туралы реквием. Езгіде отырса да ездiк жасамай, өз намысын өзі жыртқан өршіл жұртқа деген мадақ дастан.

Зорлықшыл саясатты жеріне жеткізе әшкерелеп, оған қарсы бас көтеріп, аяусыз қырғын тапқан қайсар елдің қайғы-қасіретін ет жүрегі езіле шерткен азаматтық сыр. Қазақ деген жұрттың үмітсіз күрестегі ерлігі мен өрлігін шексіз махаббатпен үздіге жырлаған мұндай туындының қадірі мен қасиеті барған сайын биіктей бермек. Осы шығарманы дүниеге келтірген отыз жасар Мұхтар Әуезовтің ұлттық ой-санасының кемелдігі, қазақтық мәселені адамзаттық өреде, әлемдік масштабта толғаған парасаты кімді болса да таң қалдырғандай.

Патшалық Ресейдің қиянатын көрсету арқылы санамызға қозғау салған бұл туынды кеңестік жүйенің де ең бір талмау жеріне тиіп, көп жылдар бойы жарық көрмей келді. Отаршылдық құлдық, ұлыдержавалық үстемдіктің аты өзгергенмен, заты сол күйінде қалғанының айқын бір көрінісін осы «Қилы заман» романының қиын тағдырынан танимыз.

Жеке адамдардың ғана емес, тұтас халықтардың иманын қасым қылған қанды қуғын-сүргін жаппай үрейді дүниеге әкелді. Ол үрейді бастан кешпеген бір де бір азамат жоқ. М. Әуезов те сол үрейден өле-өлгенше арыла алмай кетті. Сол себепті де ол көкейін тескен азаматтық идеясы туралы, сол жолдағы қанды көйлек үзеңгілестері туралы жұмған аузын аша алмады.

Бірақ аяулы Мұхаң өз жүрегіндегі сәулелі шырақты ешқашан сөндірген жоқ. Өзінің дүниеде барлығымен, кескін-келбетімен, қабағымен, жанарымен, аузынан шыққан әр сөздің алты қабат астарымен, айрықша парасатты рухымен әу бастағы жанына серт қылған алтын арманына адалдығын айтпай-ақ айқын аңғартып өтіп еді. Оған жеткіншек ұрпақтар сөнген Везувийдей көріп, күйзеле қарамай, әлі атылмаған жанартауға қарағандай үміттеніп қарайтын. Ал саяси билік оған өле-өлгенше үрейлене, күдіктене көз тігумен өтті.

Қызыл империя патшалық Ресейден әлдеқайда қу, әлдеқайда қауіпті болатын. Онымен ашық күресу қазақ секілді шағын ұлттың шама-шарқына шақ келмес жүрек жұтқандық болар еді. Сондықтан өз ұлтына жасаған қиянатпен, зорлықпен М. Әуезов өз ұлтының көлденең көз көре алмай жатқан қадір-қасиетін жан-жақты ашып көрсету арқылы күресті. Сол арқылы әлем таңданарлық ұлы жеңіске жетті. Ол жеңістің аты — әйгілі «Абай жолы» эпопеясы еді.

Ұзақ жылдарға созылған терең ізденістің, қат-қабат шырғалаңдардан адаспай тура жол тауып, ұлы мақсаттан ауытқымаған зор шығармашылық қажыр-қайраттың нәтижесінде дүниеге келген төрт томдық эпопея дүние жүзі әдебиетінің көркін асырып, кемел төрінен орын алды. Тек түркі тілдес әдебиеттерде ғана емес, күллі шығыс әдебиетінде, бүгінгі әлемдік кітапханада ұлттық болмысты ғана емес, көшпелі өркениет пен шығыстық психологияны, оның философиялық төркіндері мен әлеуметтік астарларын «Абай жолындай» кен қарымды жеткізген басқа шығарманы әлі күнге таба алмайсыз. Ол тек эстетикалық сындарлығымен ғана емес, әлеуметтік өрелілігімен де батыс классикасының ең үздік туындарымен үзеңгілес тұра алады. Бұл шығарма қазақ мәдениетінің даңқын аспандатты, төрткүл әлемге қазақ деген халықтың асыл жанын, ізгі жүрегін, ұлттық қадір-қасиетін паш етті. Кең байтақ даламыздың қайталанбас, ешкімге ұқсамас ерен болмысын қапысыз әйгіледі.

Әуезов есімі, оның «Абай жолы» романы қазақ халқының жүрегінде бірте-бірте қоламтадай сөніп бара жатқан өз ұлтына деген мақтаныш сезімін қайта қоздатты. Ұлттық мақтаныш дегеніміз — өзіңді өзгелерден артық қою, астамсу емес. Бұл, ең алдымен, мынау жарық жалғанда басқалармен қатар адымдап, алға ұмтыла алар қауқарыңды қапысыз сезіну, өз халқының адамзат қауымындағы тиесілі орын, өзгеше мәдени болмысын тану деген сөз.

«Абай жолы» қазақты әлемге танытып қана қойған жоқ. Ең бастысы, қазақ халқы «Абай жолы» арқылы өзінде тереңірек түсінді, жақсырақ таныды. Өзінің адамзат қауымындағы өзгеше болмысын, қадір-қасиеттерін пайымдады. Романдағы Абай өз елінің, өз жерінің бүкіл асылы мен ажарын, биік ойы мен ақық сезімін, арман-мұратын, рухани қуатын бойына жинақтаған ұлы тұлға десек, Әуезов сомдаған қазақ болмысын адамзат өркениетінен лайықты орын иемденуге тиісті тұтас бір әлемнің тұңғыық шежіресі деп бағалауымыз керек.

Өткен ғасырдың өзінде қилы себептермен даламыздың дәм-тұзын татқан әр түрлі елдердің озық ойлы ұлдары қазақ халқы туралы тамаша пікірлер айтқан. Бір-бірінен мыңдаған шақырым қашықтықта, ұлан-ғайыр даланың әр қиырын жайлап жатқан елдің еш өзгеріссіз

бір тілде сөйлеуі және әдет-ғұрыптарында айырмашылық болмауы әлемде сирек кездесер, таң қаларлық құбылыс екенін жазған. Қазақ тілінің байлығына, сұлулығына, әуезділігіне сүйсінген. Қазақтың мінезіндегі, тұрмысындағы, қарекет-тіршілігіндегі бостаншылық пен еркіндік сүйгіштігіне назар аударған. Ой-санасы тұнық, сергек, дарынды да меймандос халықтың болашағына, тамаша мүмкіндіктеріне зор сеніммен қараған. Міне, сондай халықтың қат-қабат болмысын, көлденен жолаушының көзімен емес, төл перзенттің жүрек жарды сезімімен жарты ғасырлық уақыт аясына сыйғыза көсіле суреттеп, шабыттана толғаған кемеңгер жазушы ұлттық ой, көркемдік сананың талай ғасырларға ұласар ұланғайыр өрістерін де көрсетіп бергендей.

Әрине, ұлы шығарма — қашанда өзінің мәңгі көкейкестігімен ұлы. «Абай жолы» романындағы өжет рух пен алғыр ойды, дарын мен күш-жігерді ел бірлігіне емес, өзімшілдікке, ұлттық намысқа емес, жікшіл есептерге тәрк етіп жүрген рухани сергелдеңдердің бүгінгі күнге еш қатысы жоқ десек, қателескен болар едік. Эпопеядағы әлеуметтік астары мол көріністер қазіргі заманның ең өткір мәселелерімен тереңнен ұштасып жатады.

Олай болса, Әуезов мұрасынан алар тағылым ұшан-теңіз.

Ең бастысы — елдің өткен жолынан өшпейтін өнеге табу, бүгінгімен ұласып жатқан жалғастықты тану, кешегіні көксеуге емес, келешекке құлшынатын намысшылдықты қалыптастыру. Сол арқылы бүгінгі біз ұстанып отырған мұраттарымыздың тарихи дәйектілігін дәлелдеу. Бұндай өрелі іске де бәрімізден бұрын Әуезов жұмылыпты. Ол ұлы Абай бейнесін сомдау арқылы кешегі мұңдарлығымызды ғана емес, ертеңгі сындарлығымызды да жан-жақты байыптай алды.

Әуезов Абайды тану арқылы өз халқының тыныс-тіршілігін терең білді, қам-қарекетін, қайғы-қасіреті мен шаттығын, аяулы арманы мен нұрлы үмітін, тарихи болмысы мен бүгінгі бітімін терең ұғынды. Әуезовті әлемдік биіктерге жетелеген де, бағыт сілтеген де — Ұлы Абай! «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» дейді. Ендеше, осындай ғаламат өнегені өз басынан кешірген сезімтал суреткердің Абай туралы төрт томдық ғажайып эпопея жазуы — тарихи заңдылық десек, шындықтан ауытқымаймыз.

Міне, сондықтан болар, «Абай жолын» оқығанда, араға ғасыр салған, күннен-күнге алыстап бара жатқан дәуірдің ащы зарын өз құлағыңызбен естисіз, ауыр арпалысын өз көзіңізбен көресіз, алуан адамдардың тұрмысы мен толғанысына ортақ боласыз. Заманның осындай күрделі тарихи-рухани болмысын бұлжытпай жеткізіп, мұқият кестелеген, көркемдігі үздік шығарманың басынан аяғына дейін көктеп өтетін алтын арқау бар. Ол — ақын Абайдың өзіне тән шыншылдық пен сыншылдық рухы. Езгідегі халықтың еңсесін тіктеу рухы. Өз мінін өзі танып, өзгелерден кейін қалмау жолындағы өрелі күреске жігерлендіру рухы!

Осы рухпен шабыттанған Мұхтар Әуезов шығармашылығы — ХХ ғасырдың әсемдігімен ғажайып, әсерлілігімен сиқырлы, қайталанбас ұлы құбылысына айналды. Кезінде А. С. Пушкин поэзиясы славян тілді әдебиетке қалай әсер етсе, М. О. Әуезов шығармалары түркі тілдес әдебиеттерге дәл солай әсер етті деп айтуға толық негіз бар.

Өйткені күллі әлем оқырманы тек қазақ халқы емес, көшпелі түркі жұртының өткені туралы ең алғашқы кең ауқымдағы мағлұматты «Абай жолынан» алды. Бұлт ұшырған асқар таулар мен сағымы көлкіген сайын далада күн кешкен қарапайым қалың елдің көкірегіндегі барша адамзатпен үндес мұраттар мен ізгіліктерге де сол эпопеяны оқу арқылы қапысыз қанықты.

Осыны ойлағанда, бүгінгі біздер маңдайы жарқыраған жарқын дидарлы Әуезовіміздің тарихтың тар қылтасынан, тайғақ кешуінен аман өтіп, осы заманға жеткеніне шүкіршілік дейміз, қолымызды кеудеге қойып, тәуба етеміз.

«Абай жолынсыз» қазақ әдебиетін, халқымыздың рухани-көркемдік әлемін көзге елестету тіпті мүмкін емес. Расында да, бір кезде марқұм Тахауи Ахтанов шабыттана айтқандай, «Абай жолы» халқымыздың өз көкірегіне ғасырлап жинаған інжу-маржанын кенет дарқан таланттың жомарт қолымен уыс-уыс шашып жібергеніндей өркөкірек өркениет дүниесі ауызын ашып, таңдайын қаққан таңғажайып оқиға болды.

Жиырмамыншы ғасыр әдебиетінің не бір сүлейлерінің ол туралы тек тамсана, табына тіл қататындығы да сондықтан.

Әрине, жақсыны тану үшін де парасат керек. «Ит маржанды не қылсын»,— дейді ұлы Абай.

Қазақтың тілін кемсітіп, өзінше менсінбей сөйлейтін қайсыбір оқыған надандарға Әуезов әліге дейін ашылмаған Америка. Оған өзіміздің жақсы сөзімізді тірі түгіл өліге қимайтын іштарлығымыз бен ауызды қу шөппен сүрте сөйлейтін жыламсақтығымыз да аз себепші болып жүрген жоқ. Құдайдың бергенін білмейтін қанағатсыздық өз қанатымызды өзіміз қырқатын мешеулікке ұрындыруы да мүмкін екендігін ешқашан естен шығармаған жөн. Ауыспалы кезеңде арттағыға мұрын шүйіріп, алдағыны қара суға алдырып сөйлейтін зарлауық нигилизм мен түпсіз скептицизм көсегені көгертпейді. Егер Әуезов өзінен бұрынғы әдебиетке місе тұтпай қараған болса, онда туған өнерін жаңа биікке көтерудің орнына өзі де құрдымға құлаған болар еді. Барды бағамдай білетін байыптылық қана оны асқар таудың басына алып шықты. Сол байыптылық оған тек өзімізде барға ғана емес, өзгелерде барға да жіті көз салғызды. Шығыстың да, Батыстың да арғы-бергі әдебиетінің тарихын көсіле толғайтын Әуезов зердесіне Батыс пен Шығыстың талай ғұламасы тәнті болып, сүйсіне жазды.

Осы тұста Мұханның бұрынғы Кеңес кеңістігіндегі әріптестерімен айрықша достық қарым-қатынаста болғанын атап өтпеу қиянат болар еді.

Біз сонау 50-ші жылдары қуғын-сүргіннің соңғы толқыны басталған кезде өмірі тағы да қыл үстінде қалған М. Әуезовке қол ұшын созған мәскеулік зиялы қауымның мәрттігін бүгін аса бір ризашылық сезіммен еске аламыз.

Біз қызыл империяны қанша сынағанмен, небір түнек кезеңдердің өзінде де кеселдікке, кесірлікке бой алдырмаған орыс-қазақ зиялыларының шынайы достығын, Абай бағалаған орыс мәдениетінің нұрлы шапағатын ешқашан да ұмыта алмаймыз. Және сол ынтымақтықты тәуелсіздік жағдайында нығайта түсуге барынша күш салуымыз керек.

Өйткені, Қазақстанда орнықтылық пен татулық бар жерде ғана қазақтар ғасырлар бойы аңсаған арманына жетіп, басқалар өздері мен ұрпағының келешегіне зор сеніммен қарай алады. Тек сонда ғана ісіміз өрге басып, уақытша қиындықтардан тездетіп өте аламыз. Біз үшін

бүгін таңда тәуелсіздік қандай қымбат болса, ұлтаралық татулық та сондай қымбат.

М. Әуезов, шын мәнінде, өз елінің рухани тұрпатын, Шығыс пен Батыс мәдениетінің әр шағын қиырынан тани алған ұлттық ой-сананың аса жарқын құбылысы. Осынау шалқар өріс, зор таным — Мұханның өз өмірінде жасаған рухани, азаматтық ерліктеріне берік негіз болды. Осы таным мен парасат биігінен ол шығыстану мен түркітануға өлшеусіз зор үлес қосты. Өзге халықтар мәдениетінің насихатшысы, қамқоры, жанашыры бола білді. Мұса Жәлел, Расул Ғамзатов, Шыңғыс Айтматов, Абдолла Қаһар сынды інілерінің кеңінен танымал болуына ұстаз, ғалым, сыншы Әуезовтің сіңірген еңбегі аз емес еді. Бұл одан елгезектікпен қоса нағыз ерлікті де талап етті. Талай қиын-қысталаңда бауырлас әдебиеттің талантты өкілдері мен асыл қазыналарын тоталитарлық сананың зорлық-зомбылығынан арашалап қала алды.

Өз ұлты мен әдебиетінің келешегін ойлаған кемел ақыл өзге мәдениеттер тағдырына да енжар қарай алмайды. Өмірінің соңғы кезінде, 55-56 жылдары жазылған «Индия очерктеріндегі» мына бір пайымдары да еріксіз назар аудартады. Үнді халқы өнерінің бәрі де «өзінің терең тамырларын аса көне арғы ғасырлардан алатынын, үнділіктердің отаршылдар алып келген үлгілерінің көбін әдейі қабылдамай қойғандай көрінетінін» айта келіп, ұлы Мұхаң «Ағылшындардың ұзақ уақыт санаспай, тұрпайылықпен басып, қорлап, таптап келген зор халықтың өнері, енді сол халықтың азат өріске шығып, жаңадан өсер шағында әуелі ескі тамырларымен өз байланысын нықтап тұрып тұтастырып, жалғастырып алмақ шығар» деген ой тербейді. «Азат өріске» шығып, бүгінде өсер шағына келген біздің қазақ мәдениеті үшін де ұлағатты пайым! Қазіргі, бүкіл әлемге есік-тереземізді ашып тастаған, өзімізге де ұлан-ғайыр кеңістіктің ашылған кезеңінде өзге елдердің жақсысынан да, жаманынан да дәстүрімізге, мінезімізге келетінін де, келмейтінін де, ұлттық болмысымызға жарасатынын да, жараспайтынын да талғамай қабылдап жатқан сияқтымыз. Сондықтан өзге мәдениеттердің, бөтен ықпалдардың көлеңкесінде қалып қоймау үшін, ең алдымен, кешегі отаршыл тоталитаризм мен тапшыл космополитизм тұсында ойсырай зардап шеккен түпкі дәстүрімізді нығайтып, тамырларымызды мықтап бекітіп алуымыз

керек. Бұл — қазіргі әлемдік өркениетке, адамзат қауымына өз бет-бейнемізбен, өзгеше болмысымызбен кірігудің басты шарты.

Халқымыз — бүгінде өз жерінің қожасы, өз тағдырының иесі. Қайдан үлгі адамыз, кімнен нені үйренеміз десек те, ешкім қолымызды қақпайды. Бірақ, соның бәрі де өз бейнемізді, ұлттық рухани ұстындарымыз бен құндылықтарымызды сақтап, дамытумен ұштасқанда ғана нәтижелі, мағыналы болмақ. Әуезовтің бізге қалдырған ұлан-ғайыр ұлағатының бірі — осы.

Иә, Мұхтар Әуезов жайында айтылар сөз көп. Әр дарынның табиғаты әр басқа. Мұхтар Әуезов табиғаты тіпті ерекше. Ол — 1917 жылы жазған «Адамдық негізі — әйел» деп аталатын публицистикалық мақаласының өзінде елдік, мемлекеттік үлкен ойлар айтыпты. «Ел боламын десең — бесігіңді түзе!» деген М. Әуезов сөзін қазақтың әрбір шаңырағы өз маңдайшасына ойып жазып қойса, жарасарлықтай.

Жиырмамыншы жылдары жазған «Еңлік-Кебек», «Қарагөз» пьесаларында, «Қорғансыздың күні», «Қаралы сұлу», «Ескілік көлеңкесінде» атты әңгімелерінде, «Қилы заман» повесі мен 1928 жылы жазылған «Қазақ әдебиеті» зерттеуінде халқымыз бойындағы кемшіліктер мен жақсылықтарды қатар көрсете отырып, отаршылдықтың қазақ халқын ұлт ретінде құртып жібере жаздағанын ашына суреттеп, елдігімізді сақтап қалуға шақырған да Мұхтар Әуезов болатын.

Осылардың бәрі түптің түбінде ақыры қайырлы іс болып шыққанмен, кезінде ұлы Мұханның жанына қыруар қасірет әкелген оқиғалар еді. Сол күйзелістердің шырғалаңында жүріп, қазақ халқының қуанышына айналған, ғажайып туындылар берген Әуезов еңбегін теңдесі жоқ рухани ерлікке балаған жөн. Мұндай ерліктің түп төркіні, сөз жоқ, өз ұлтының ертеңіне деген шексіз сенімде десек, еш қателеспейміз. Әуезов жасаған рухани ерліктің терең сыры да осында жатыр.

Биылғы М. Әуезов жылын «Жалпыұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы» деп атауымыз да тегіннен-тегін емес.

Біріншіден, Әуезов — азаттық тағын аңсаумен ел үшін құрбан болған асыл ұрпақтың өкілі. Әуезов тағдыры — ел тағдыры.

Біз сол тағдырдан ғибрат алуға тиіспіз. Ол үшін тарих шындығын толығымен қалпына келтіріп, сабырмен пайымдап, әділ бағасын беруіміз қажет. Сонда ғана біз жаңа қателіктерге ұрынбаймыз.

Екіншіден, халық басына түскен азапты жылдар оның мінез-құлқына, қадір-қасиетіне, қалпына әсерін тигізбей қоймайды. Қолдан ушықтырған тап күресі, саяси қуғын-сүргін қазақ зиялыларының арасына араздық ұрығын аямай сепкен болатын. Соның зардабы әлі күнге дейін қылаң беріп отырады. Жанға түскен жараның жазылуы оңай емес.

Одан құтқаратын жалғыз жол — М. Әуезов секілді рухани бәйтеректердің түбінде табысқан өзара татулық, бірлік, кешірім және ұлтаралық келісім.

Үшіншіден, сол тұстағы тарих тұманында әр қалай адасып, бір-бірімен дауласқан, жауласқан, бір-бірінің мерт болуына себепші болған, артынан өздері де мерт тапқан жандардың ешқайсысын біз бүгін табалай алмаймыз. Әркім талқылы заманды өзінше түсінеді. Олардың бәрі жетістігімен де, кемшілігімен де тарихтан өз орындарын әлдеқашан иемденді. Біздің де жүрегімізден оларға орын табылады.

Үйткені ұлттық жаңаруға — жаппай келісім мен кешірім ғана жағдай туғыза алады.

Біз қазір уақытша қиыншылықтарды бастан кешіп отырмыз.

Әдебиет пен өнер — әрбір ұлттың рухани уызы екенін, уыз ішпеген сәбидей әдебиет пен өнерсіз, ұлттық мәдениетсіз өркениеттің сәні кеті, нәрі азаятынын бәріміз де білеміз. Мемлекет қордаланған сайын ұлтты ұлы ынтымаққа бастайтын, Қазақстан халықтарын бірлікке үндейтін, ізгілікке тәрбиелейтін Әдебиет пен Өнерге назар аудару ең шешуші мәселеге айналады. Әйтпесе, әдебиетіміз бен өнерімізде қиындықпен қалыптасқан дәстүрді үзіп алсақ, Мұхтар Әуезов секілді ұлыларымыздың аруағы бізді кешпейді.

Бұл ретте әдебиетімізді ілгері дамыту үшін бүгінгі қалам тербеп жүрген жазушылардың алдында үлкен мүмкіндіктердің тұрғанын да айта кеткіміз келеді.

Біріншіден, «Абай жолы» эпопеясы — қазақ әдебиеті қайраткерлерін алға шақыратын, болашағына бағыт сілтейтін жарық жұлдыз! Сөздің сиқырын меңгерем деген, көркем шығарманың қасиетін қолмен ұстағандай терен

ұғынғысы келген, шеберлік шындаймын деген дарынды жас қауым үшін ғажайып әдеби үлгі, әдеби мектеп, әрине, ешбір озық туынды дайын үлгіге қарап, дүниеге келмейді. Жаңа заманның классикалық туындысы өз тұсындағы тарихи-философиялық толғаныстарын кемел бейнелегенде ғана өз биігінен көріне алады. Бұл — айтуға оңай болғанымен нардың нары, суреткердің суреткері ғана жүзеге асыра алатын аса күрделі абыройлы шаруа.

Екіншіден, қаламгер үшін ең қымбат нәрсе бостандық болса, шығармашылық үшін бүгінгідей қолайлы кезең болған емес. Ендеше қазіргі еркіндікті дер кезінде пайдаланып, бұрын айта алмай келген, айтқызбай келген толғаныстарымыз болса, терең парасатпен, кемел байыптылықпен ортаға салған жөн деп ойлаймыз. Алайда, біз замана зор жомарттықпен сыйлап отырған сөз бостандығын, пікір бостандығын жаңалықты жағадан алғысы келетін рухани кертартпалыққа, билік жолындағы таласта жас тәуелсіздіктің өзін тәлкекке салғысы келетін саяси әулекілікке, ағайынның арасын ашатын, ілгері-кейінгі азаматтардың бетіне күл шашатын, енді ұйып келе жатқан ұлттық татулығымызға, ұлтаралық жарастығымызға, халықаралық ықпалдастығымызға іріткі салатын күйкі пиғылдағы дау-дамайға жұмсауға хақымыз жоқ. Бұл бостандық бізге рухани жаңаруға, қатарымызды түгендеп, санатқа қосылуға берілген. Оны рәсуа қылу — орны толмас өкінішке әкелуі мүмкін. Тарих бізге ондай күпірлікті кешпейді. Өйтсек, Абай тағылымын, Әуезов тағылымын аяққа басқандық болар еді. Бодан кездегі кісі арасынан қиқым іздеген тауық мінезді қойып, бостан кезде дәуірлік процестердің қарқынды арнасы мен күрделі иірімдерін замана биігінен қапысыз шола алатын қыран мінезге көшкен дұрыс. Сонда ғана оқырман сенімін, тарих үмітін ақтай аламыз. «Абай жолы» эпопеясын туғызған елдің жазушыларына сондай өршіл талап, өрелі мінез ғана жарасады. Халқымыз туралы кемел де келісті, терең толғаған туындылар ғана ұлы Мұханның аруағын риза ете алады!

Әуезов ең бір өрескел замандарда түнек ғасырлардың түнерген қойнауларын жаза отырып та келешектен күдер үзген жоқ. Күйзеле сөйлесе де, қорына, торыға сөйлеген жоқ. Ендеше, азаттық алған мемлекеттердің қалыптасу жолында болмай қоймайтын қиындықтарға бола ақыр заманды төндіре сөйлейтін негізсіз күйрек-

тікті, жаңа «зарзаманшылдықты» құптау қиын. Тәуелсіздік туының астында жігер қайраудың орнына жігер жасытатын шайпау ділмарлық, әлеуметтік бейпілдік әдебиеттің де, суреткердің де бағын ашпайды. Тек туған халқының оңы мен солын танып алуына адал қызмет ете алатын әдебиет пен суреткердің ғана маңдайы жарқырамақ. Мұхтар Әуезов тағдыры — соның айғағы. Тәуелсіздік біз үшін қандай зәру болса, тәуелсіздік үшін біздің еңбегіміз сондай зәру. Ендігі біздің тағдырымыз өзімізге байланысты. Бұл үшін Абай мен Әуезов тағлымын терең зерттеп, терең меңгеруіміз қажет. Дер кезінде айтылған сөз — тарихи ерлік, тындырылған шаруа — тарихи әрекет. Тек сондай өрелі ізденіс қана туған халқыңды босағада қалдырмай, тарих төріне алып шыға алады. Дәстүрлі шаруашылықтан индустриялық дамуға көшер тұстағы — Қаныш Сәтбаевтың ғылымдағы, фольклорлық санадан шын мәніндегі өркениетті көркемдік санаға көшер тұстағы Мұхтар Әуезовтің әдебиеттегі, бүгінгі текетірес ахуал көрер көзге құлап, азат ұлттар мен тәуелсіз мемлекеттердің бір-бірінің теңдігі мен мүдделерін құрметтей отырып, жүзеге асатын жаңаша ықпалдастығына көшер кезеңіндегі баршамыздың көзі тірі замандасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың саясаттағы жанқиярлық ізденістері тек сондай өрелі мақсатты көздейді. Ендеше ондай ел көсегесін көгертетін өрелі ізденістерден ешқайсымыздың қалыс қалуға хақымыз жоқ. Әрқайсымыз өз орындарымызда, қолымыздағы өз қаруымызбен, өз мүмкіндігімізбен ортақ істің өрге басуына өзіндік үлесімізді қосуға тиістіміз.

Тәуелсіздік — тәтті сөз ғана емес, ұлттық жауапкершілік. Әрқайсымыздың өзімізге-өзіміз қатаң талап қоя білушілігіміз. Онсыз бостандық тек әншейін бейпілдікке айналады. Бейпілдік алауыздық туғызады. Алауыздық жаңа отаршылдықтың не жаңа озбырлықтың сойылын соғады. Ғасыр басындағы тәуелсіздік қозғалысын тәрк еткен де зиялыларымыздың алауыздық, бұқарымыздың саяси бейпілдік пен әлеуметтік өшпенділік шырмауынан шыға алмағандығы еді. Ондай жағдайда ұлттық жаңаруға бірден-бір керек рухани тұрлаулылық пен биік жауапкершілік тоғышарлық пайдакүнемдік пен әлеуметтік күйкілікке жем болады. Әуезов олардың жолына гуманистік максимализм мен эстетикалық талғампаздықты тосқауыл қып қоя білді. Сүйтіп, қатаң

тиырым жағдайында да шындықты айта білудің қиын өнерінің үздік өнегесін көрсетті. Ол жазған «Абай жолы» — түнектен жарыққа ұмтылудың, ой кіріптарлығынан ой бостандығына талпынудың, идеялық басыбайлықтан жалпы адамзаттық сананың даңғыл арнасына жалғасудың жолы еді. Ол жолда оған әр буынның талантты өкілдерінің жаңа лектері ілесе білді. Сүйтіп, ұлттық көркемдік санамыз Әуезовтің арқасында әлемдік деңгейге көтеріле алды. Біз жас тәуелсіздігіміздің тарихынан түгел өтіп болмаған қазіргідей тұсында жуық тарихымыздың жаңағыдай тақсіретін, оны еңсерудегі Әуезовтің әлгіндей тағлымын әрдайым есте ұстауымыз керек. Рас, бүгін азат елміз. Талайлар үшін асқар белміз. Асқар таудың құлжасы аз болмайды. Бірақ, солай екен деп, азу білеспей, ауыз біріктіріп, шыңдағы еріміздің тілегін тілесіп, ойдағы еліміздің жағдайын түзесіп, жарастық арқауын ширатқан үстіне ширата берсек қана, еліміздің бағы қайтпайтын, еріміздің сағы сынбайтын үдерісті даму жолына түсе аламыз. Өйтпесек, кешегі келеңсіздіктердің кесірлі сүрлеулеріне қайтып оралу қаупін азайта алмаймыз.

Елдің ел болып сақталуына, оның өркендеп өсуіне азаматтарының тарихи жауапкершілігі шешуші ықпал еткен. Оның қалыптасуына әдебиеттің қосқан үлесі аз болмаған.

Егер данышпан Абай қазақ халқының рухани шыңдалуын мұрат тұтса, ұлы Әуезов сол ұлттық құндылықтарды адамзат мәдениетінің асқаралы шыңдарымен жалғастырған алтын көпір болып тарихта мәңгі қалды. Олай болса, Әуезовті тану — ұлтты тану деген ұлы ұғыммен ұштасады. Ал ұлтты тану — ұлттық дамудың негізгі шарты.

Әуезовтің ұлан-ғасыр тағылымы оның биік азаматтық өресінен туындайды. Әуезовтің азаматтығы — елге деген жанпида еңбектен тұрады. Шен-шекпенге таласқан дау-шар, бақай күрес емес, халықтың дәулетін, рухани байлығын арттыратын жасампаз еңбек қана азаматтық парызының өтеуі болмақ. Азаматтықты осылай Әуезовше түсінгенде ғана біз бір елдің мақсаты бір, тілегі бір перзенттері болып үлкен істерге жұмыла аламыз.

Ұлы тұлғаны уақыт аласарта алмайды. Жаңа мерейтойында бұрынғыдан да биіктей түскен Әуезов бейнесі осыған куә. Келер ғасырда да кемелдене беретін

кемеңгер М. Әуезов — тек сіз бен біздің ғана емес, әлі дүниеге келмеген жаңа ұрпақтардың да сарқылмас игілігі, өлшеусіз бақыты.

Үйткені, М. Әуезов құдіреті оның елге деген шексіз махаббаты мен сенімінде жатыр. Осы бір ақиқатты сезіну мына біздерге, бүгінгі тәуелсіз мемлекеттің іргесін нығайтып жатқан ұрпаққа қажымас қайрат, жасымас жігер қосады.

Бұл — ұлы Әуезов қашанда бізбен бірге деген сөз.

Қадірлі халайық, бүкіл әлемді талантымен табынтқан, сол арқылы халқымыздың атын ғасырлық-ғаламдық деңгейге көтерген, ұлы мұраттарымыздың жойылып кетпеуіне құрыш қорған болған, біздің бүгінгі және ертеңгі өрелі ізденістерімізге өнеге көрсетіп отырған кемеңгер жанның — ұлы қаламгердің рухына көрсетер ең биік құрметіміз — елдігімізді нығайту жолындағы ерен еңбегіміз бен жігерлі күресіміз болмақшы. Тек сонда ғана ойымыз ойға, тойымыз тойға ұласып, ісіміз өрге баса бермекші...

АБЗАЛ АЗАМАТ

Ол ылғи күлімсірей қарайды. Университет қабырғасында алғаш көргенімде де, даланың күнге тотыққан нағыз өндірдей қара торы жігітінің көзінен төгіліп тұрған мейірім шуағына айрықша тәнті болғанмын. Мұндай нұрлы көздермен ұшырасып қалған жанарда жарқыл, көңілде ықлас оянбауы еш мүмкін емес. Содан ба екен, арасында ол жүрген орта әрдайым жайраң, әрдайым жадыраңқы сезілетін.

Құдай пейілге береді деген сөз рас болар. Ол жылдарғы университет — от шапшып жатқан отпан шоқының басындай еді. Талай жыл талмаурап жатқан даланың көкірегінде тұншыққан бұла күш бұлақтай лықып, шалқи төгіле жаздап жатқан кез еді. Қай өлкеден келген қай жасөспірімнің де жанына жолап кетсең, шабыт жалыны шарпып қоя беретін. Ештеңеден қаймықпай ақтарыла жөнелетін. «Қоғам бұл қалпында қалмайды, бәрібір өзгереді», — дейтін нық сенімді ешкім өлтіре қоймаған алпысыншы жылдардың басы еді ол. Біреулер әйгілі астанаға ешкімге қолынан жетектетпей, ешкімнің қалтасын бұлтитпай, тек қана өз күштеріне сеніп аттаған өрен буынға қызыға қарайтын. Кейбіреулер секем алатын. Ал, біреулер «өңкей аш бөрілер» деп ашық жек көретін. Олар ешкімді ағалап та, жағалап та жатпайтын. Егер аға буын өкілдері оларға ықлас танытып, мейірім көрсетсе, өз-өзінен бауырыңа кіріп тұратын үйірсектігі немесе қойыныңнан кіріп, қонышыңнан шығып тұратын жылмаңтөстігі үшін емес, өздеріне деген сенімдері үшін, батылдығы мен қабілеті үшін жанасатын. Сондай дүлей ұрпақ көп ұзамай көз тасаға кетті. Диплом алып, жер-жерге қайтқандарының арасындағы талай ауыздарымен құс тістегендер қарабайыр өмірдің қара жаяу аяңына мүдіріп, манди алмады. Астанада қалғандары да ұзақ уақыт «қосалқы құрамның ойыншыларындай» алаңға шығар сәтті күтті. Талайы соңдарынан келіп, алдарына шыққан жолы болғыштардан қаймығып, қалтарысқа кетті. Талайы өздері іздеп келіп жанасқан жанашырлардың күйкі есептерінің тар ауқымынан шыға алмай,

күйкі күй кешті. Қайсыбірі қай талқыға да шындап, қайсарлық танытып бақты. Қайсыбірі маңдайынан ыстық алақан сипады екен деп аспай, желкеменен суық жанар, теріс қабақ қадалып тұр екен деп саспай, бала күнгі ақ пиғылы мен адал арманынан адасып қалмауға күш салды. Өз қабілеті мен адамгершілігіне сенімін жоғалтпады. Жолда шаңдаққа аунатып кеткісі келгендердің екпініне төтеп тұра алды. «Пәлен жерде сен өйтіп едің, сен бүйтіп едің»,— деп, артынан шаужайларына жармасып, шаптыққан да жоқ.

Осындай инабатты ыждаһат пен ізгілікті жігер иесінің бірі — Мырзатай Жолдасбеков. Ол, рас, тағдырдан өзгелерден асырып көп шапалақ жей қойған жоқ. Әлеуметтік бақ-дәреженің ұзын шұбақ кезектерінде де көзін сатып көп тұра қойған жоқ. Университетке уақытылы түсті. Аспирантураға қалдырылды. Ғылыми дәреже алу оңай болмайтын. Өзгелер сияқты диссертация қорғаудың «майлық-сулығының» бәрінен өтті. «Бүк болмаса, шік болсын, әйтеуір, балаларға сүт болсын»,— деп, күлді-көмеш тақырыпта күлді-көмеш диссертация жаза салған жоқ. Төл әдебиетіміздің ешкімнің тісі тие қоймаған соны алқабына — ежелгі кезеңін зерттеуге бой ұрды. Қазақтың рухани әлемін көне түркілер дүниесімен салғастыра зерттеуді алғаш қолға алғандардың бірі болды. Даңғазалық пен дарақылыққа ұрынбай, байыпты зерттеді. Қит етсе, жерден жеті қоян тапқандай, қоқиланып шыға келетін қораз мінезден аулақ тұрды. Қазақ фольклорын тану мен тарихтандыруда айырықша үлкен еңбек сіңірді. Қазір көбірек сөз болып жатқан орхон-енисей жазуларының әдеби-тарихи астарларын саралау мен жүйелеуде сарабдалдық та, салиқалық та таныта алды. Көркем шығармамен қоса әдебиеттану ғылымында да ағымдағы өмірге ат құрғатпай үн қосуды талап ететін тоталитарлық саясат тұсында бүйтіп ортақ әуеннің ықпалына түспей, бөлек жайылу да оңай болмайтын. Саясаттың мейірімі түсе бермейтін тарихи тақырыптарда жазу, баяғыны қопсыту, ресми зәрулікке ие емес мәселелерге үйірсектік бүгіндері әлеуметтік қайсарлық саналғанмен, ол күндері рухани қиқарлық көрінетін. Басқа біреу болса: «Көрдiңдер ғой, мен не iстеп жатырмын?»— деп мадиықтанатын жерде Мырзатай бар зейiнiн iзденiс пен еңбектенуге жұмсады. Әдейi қиқар боп, батырсынуға жол бермедi. Оның қиқу шығармаса да, екiнiң бiрiнiң қолынан келмейтiн шаруа тындырғанын

парасатты қауым өздері-ақ біліп жатты. Студенттер аудиториясында сүйкімді лектор саналды. Зерттеушілер арасында табанды маман ретінде танылды. Қабілет пен сүйкімділікті, еңбек пен жарастықты, ыждаһат пен ықыласты терең қабыстыра алған жас оқымысты шәкірттер ортасында да, ұстаздар ортасында да құрмет-беделге ие бола бастады. Ғалымдық табандылыққа, педагогтік ұстамдылық, адамгершілік ізгілік қосылып, Мырзатай нағыз ұйымдастырушылық өреге көтерілді. Ол ректор болған жылдары бұрын біреу біліп, біреу білмейтін облыстық дәрежедегі қоңырқай оқу орны кеңінен танымалдылыққа ие болды. Жетісу аймағының ірі мәдени-ағарту орнына айналды.

Ізденіс пен ізгілік, мейірбандық пен кішіпейілділік бағаланбай қалуы мүмкін емес. Еліміздің тарихындағы ең бір шешуші кезеңде Мырзекеңнің үлкен саясат сахнасына шығуының басты сыры да, міне, осында сияқты. Онсыз да буырқанып жатқан әлеуметтік құштарлықтар тасқынында онсыз да қаулап жатқан отты үрлемейтін салиқалы ақыл, сара парасат керегерірек еді. Ғалым-педагог Жолдасбеков аласапыранданып жатқан саясат әлеміне алабұртқан аудиторияға салмақпен кірген тәжірибелі ұстаздай сабырмен аттады. Немен бітері белгісіз әлеуметтік өзгерістер тұсында желөкпелік пен желпініске берілмей, қай мәселеде де істі насырға шаптырып алмауға тырысты. Бәрібір өз дегеніне жетпей қойматын құбылыстардың аңғарын алыстан байқап, сол жолда болмай қоймайтын қиындықтардың алдын алуға тырысты. Бұндай тұста кімді де болса енжар қалдырмайтын мәселелерге бас-көз болу үшін терең білім, мол тәжірибемен қоса үлкен адамгершілік қажет еді.

Мырзатай Жолдасбековтың бойында соның қай-қайсысы да жеткілікті болып шықты. Оған дәл сол жылдары біресе қоластында, біресе қатарлас, әйтеуір қоян-қолтық қызмет істескен менің көзім қапысыз жетті.

Бұрынғы идеология арнасында қоғамды қайта құру процесі орнығып қалған үрдістен атымен бас тартуға ұласты.

Одақтық қатынастарды либерандандыру егемендік пен тәуелсіздікке жеткізді.

Өткендегі кемшіліктерді сынау қоғамдық дамуды түбегейлі қайта қарау мен қайта ұғынуға әкеп тіреді.

Ұлтсыздықтан безіну шынайы ұлттық сана қалыптастыруға итермеледі.

Сырт көзге ғана өз-өзінен бола салғандай көрінетін бұл өзгерістер саналы бағыттау мен үйлестіруге бәрібір жүзеге аспасы белгілі. Ондай шешуші бетбұрыс Қазақстан жағдайында республика басшылығындағы «колбиншілдіктің» тәмамдалуымен тығыз байланысты болды. Желтоқсан оқиғасын желеулетіп, республикалардың «масылдығы» өлтіре сыналса, Жаңа Өзен оқиғасынан кейін орталықтың экономикалық озбырлығы ашық сынға алына бастады. Тіл туралы талас арнайы заң қабылдаумен аяқталды. Ақтаңдақтарды қалпына келтіру процесі әуелі солақай әлеуметшілдікті, сосын таптық идеологияны түбегейлі жоққа шығарумен жалғасты. «Қазақ ұлтшылдығы» туралы жексұрын құжаттың күшін жойғызу тек Желтоқсан оқиғаларына ғана байланысты емес күллі тарихымызды қайта қарап, күштеп ұмыттырылған тарихи қайраткерлеріміздің бүкілхалықтық дәрежеде қайта мойындалуына жол ашты. Компартияның билігін саналы түрде шектеп, билікті саналы түрде кеңестерге қарай көшіру егемендік пен тәуелсіздік алуға, билік институттарын жаңа демократиялық қатынастарға ыңғайлауға мүмкіндік берді. Сөйтіп, болашақ тәуелсіз мемлекеттік құрылымымыздың байыптамалық мәселелері сол кездің өзінде-ақ республика басшылығының басты назарындағы мәселе ретінде басты маңызға ие бола бастады. Оған демократиялық жолмен баламалы негізде сайланған тұңғыш парламенттің бастапқы кезеңі мен алғашқы жылының күн тәртібіне қойылған мәселелер жеткілікті дәлел бола алады.

Ондай заманалық маңызы бар тарихи мәселелердің бізде революциялық сипат алмай эволюциялық жолмен шешілуі қазір жұрт көп айта беретін саяси-экономикалық орнықтылық ахуалын жасақтауға жағдай туғызып берді. Мемлекеттік идеологияда билік институттарының өз арасында және қоғамдық институттармен байланысында «баррикада» тұрғызумен шұғылданбай, бір ыңғайлы шешім табуға оңтайлы түсіністік арналарын сақтай білу, ең алдымен, ел басшылығының кемелділігінің, сосын оның аппаратының жұмыс стилінің басты сипатына айналды. Бір жағынан ауызы қызып алған көшедегі көпшіліктің, екінші жағынан күнінің өтіп бара жатқанын біліп, республикалық бунақтардың қолына қасық ұстатып, сабынан қарауыл қараған орталықтың қысымына қоса бірдей төтеп беріп, қоғамдық өмір қайығын төңкеріп алмай, әлеуметтік тепе-теңдік ахуалды

сақтай білу біздің көпұлтты, көптілді, көпдінді, көпқұрылымды елімізде оңайға түскен жоқ. Мұндай жағдайда отаншылдық ұйтқы жасақтау тіпті күрделі. Сондай ұйтқы болады дейтін қандастарымыздың өзінің ауызын алалап, басын қоспай, жікшілдікке ұрындыруға ұмтылған орталық саясаты аттаған сайын қылаң беріп тұратын. Жариялылықты жамыра даңғазылыққа ұластыра, жаппай жойымпаздық желігіне айналдыра қоюға құштар күштер де аз болмайтын. Жоғарыдан түйілген жұдырық пен төменнен түйілген жұдырықтар ортасында қоғамды өзіне-өзін төмпештетіп тастамай, саяси салиқалық арнасына біртіндеп көшіру кесте тоқығандай шытырман шаруа еді. Бір жіп шатысып кетсе, бәрі бүлінетіндей қауіпті еді.

Сол жылдары рухани дүниеде шолақ белсенділіктің белең алып кетпеуі ел тағдырын ойдағыдай шешуге оңықпалын тигізді.

Ол саясат сахнасына дер кезінде шықты. Министр, жетекші бөлім меңгерушісі, президент кеңесінің мүшесі, Мемлекеттік кеңесші, Вице-премьер сынды лауазымдар сатысынан аз жылдарда жүріп өтсе де, көзінің еті өскен жоқ. Бала кезінен жанарына тұнған мамыр айының шуағындай майса нұрды жоғалтқан жоқ. Жүректің жұмсақтығы көзқарастың табандылығына зақым салған жоқ. Еліміздің егемендігі мен рухани жаңғыруымыздың мұраттарын жанын салып қорғап бақты.

Иранда елші боп жүргенде де халқымызға ежелден тән мәмлегерлік дәстүрді кәсіби дипломатия талаптарымен шебер үйлестіре алды. Батыс білімі мен шығыс тәрбиесін жарастыра алған жайсаңдық оған шет елде, жаңа ортада үлкен абыройға ие болуына жәрдемдесті.

Мырзатай ел тарихының ең бір күрделі кезеңінде аянбай ат салысты. Халық қадірін білді. Қазақстанның қай пұшпағына барсам да, оның есімін ізетпен атап, жақсы лебізін аямай айтқан жандарды көп кездестірдім. Артының сұрауы бар, аузының дуасы бар, абыройлы азамат деген осы болса керек. Оған табиғатында азаматтық оты мен адамгершілік абзалдығы бірдей мол жаратылған жарастықты жандар ғана жете алса керек.

Ғұмырлы бол! Ғұмырың қанша ұзақ болса да, көңіліңнен от, көзінен нұр таймасын, жайсаң дос!

ТЕЛЕГЕЙ ТЕҢІЗ ЖЫР ЕДІҢ

Иә, сүйтіп біздің әдебиеттің үлкен ауылы түп-түгел тарих төріне көшіп алуға айналды. Кешегі лапылдап арамызда жүрген Хамаңның дауысы бүгін антологиялар мен хрестоматиялардың төрінен күркірейді.

Енді, міне... Біздің бала күннен санамызға қонақтаған әйгілі бестіктің — Мұхтар, Сәбит, Ғабит, Ғабиден, Әбділданың — ең соңғысы қаздар қайтар қоңыр күзде туған сахарасымен қимай қоштасып, мәңгілік құбыласына бет алды. Арманның күйін шалғандай қалай сұңқылдай үн қатып, сыздыра ән салып келсе, тап солай тамсандыра, таңғалдыра аттанып барады. Жүрегі деміксе де, даусы қарлықпай, көзі бұлдыраса да, санасы самаладай маздаған қалпы аттанып барады. Күн сайын аспан аунап жерге түсіп, асқар тау күйреп, көкке ұшып жатқан аламан-асыр заманда тірлік кешіп, от пен судың ортасында жүрсе де Пегасының тұяғы кетілмей, қанатының қияғы шарпылмай, жұлдыздай ағып, өтіп барады. Нартайдың сырнайындай саңқылдап, Қорқыттың қобызындай күңіреніп, күй төгумен, жыр төгумен өтті. Тоқсанға келгенше оның көкірегіндегі бұлақ Ниагардың сарқырамасындай лақылдата сыр төгумен өтті. Сарқылудың орнына сарқырай, таусылудың орнына тасқындай түсті. Қырда туып құм кешсе де, телегей құмар еді. «Мен де сонау әуел бастан Әбділда боп жаралмастан толқын болып туғанымда, құл боп кетпей қу қарынға жатпас па едім сенше ырғалып, жатпас па едім, толқынданып, тұрмас па еді жұрт таңғалып...» «Жағасында буырқанған дүлейдің, түн жамылып жылап тұрып тілеймін. Өлеңіңнің өлшемін бер, жүрегіңнің бөлшегін бер. Оны азсынсаң, өзімді де ал, толқыныңа аямай сал... Иә қирайын күл болайын, йә толқынға айналайын», — дейтін ол.

Иә, Әбеке, бір сәт тыншымай, тебірене буырқанған дүлей толқын боп өтіп ең, енді күйкілердің күмілжі көңілін көбігіңмен сөндіріп, қайсарлардың қиқулы қиял-

дарын дауылпаз қып самғататын телегей мұхитқа айналдың.

Қазақ әдебиеті айдынында қиядан көзге шалынар құз жартастай асқар тұлға едің, енді алға бастап, алысқа сілтейтін асқақ туға айналдың, Абыз Ақын, Ақын Абыз!

Енді сенің сарыныңды алыстан естіп, жақын сезініп, терең түсінетін жағада қалған халқыңа амандық тілейміз.

1998 жыл.

СЕҢ СОҚҚАНДАЙ СЕРГЕЛДЕН

Алыстағы базардан асыл мен таңсық іздеп кеткен керуенші қандай олжамен оралар екен деп, екі көзің төрт болады ғой. Жаңа шығармаға кіріскен жазушы да тап солай тағатыңды тауыстырады екен. Әбдіжәміл Нұрпейісов — әлгіндей сапарлардан дәйім олжалы оралып, әбден дәндетіп тастаған суреткеріміз. Бұл жолы да жаңа романын қашан бітірер екен деп, тықыршып жүргенбіз. Көп күткізген қолжазбасының соңғы нүктесі қойылыпты. Оқып шықтық. Жаңа кітаптың жақсысы — ескі досың сияқты екен. Қай-қайдағы еске түсіп, шер тарқатады екенсің. Бұл жолы да қабырғамыз сөгілердей қамырығып қалдық. Иә, мынау жарық жалғанға кімдер келіп, кімдер кетпеген? Нелер болып, нелер өтпеген? Бірақ, содан шығып жатқан пәтуа қайсы...

Осы бір қаламгер ылғи осылай жазады... Дәйім осылай, қаймықтырып, қамырықтырып тастайды. Жер астына тірілей бір түсіп шыққандай, желпілінді әбден сап қылып, желігінді мүлде басып тастайды. Әдейі, аптығыңды басып, ақылыңды шашу үшін жазатындай. Бәлкім, сонысы дұрыс та шығар. Жазушы дегеніміз де қанша қақырайтқанымызбен, пайғамбар емес қой... Көңіліндегі бар түйткілді бірден серпілтіп, санаңды самғататындай сара жолды қайдан нұсқап бере алсын?! Бірақ, самарқау ақылыңды апшытып, тоғышар көңілінді толқытып, семіре бастаған сезімді сергелденге түсіріп, даусыз ақиқат көріне бастаған даңғой ұғымдар мен дабыра гәптерге секем шақыртып, ойсырата ойланта алса, әбден жарағаны емес пе?!

Тіпті, ең алғашқы тырнақалдысы — «Курляндиясын-ақ» алайықшы. Өз басымыз оны Жеңіс туралы желпіністің әлі басылмай тұрған кезеңінде оқыдық. Жүрек жұтқан партизандар мен бетқаратпас қолбасшылар, «алтын жұлдызды жігіттермен» аймаласқан аңсарлы арулар туралы романдар тасқыны әбден асқынып тұрған кезде оқыдық. Сонда ылғи шәрбәт ішіп отырып, кенет тұздық ұрттап қойғандай, тосын әсерге тап болдық. Бір тайлаққа

жүк болғандай батпан кітаптың ол сиқырын кейінірек түсіндік. Тахауи Ахтановтың «Қаһарлы күндері» шыққанда тағы қайран қалдық. Обалы не керек, ұлттық әдеби сын да, одақтық әдеби сын да екі романның екеуінде соғыс тақырыбындағы елеулі туынды ретінде бағалады. Бірақ, несімен ерекшеленетіндіктерін айтпады. Көп ұзамай, алпысыншы жылдар келді. Талай қапас қақпаларды шалқасынан айқара ашып тастаған айтулы «жылымық» кезең келді. Батыс әдебиетіндегі пенде шіркінді шыбын жанын қоярға жер тапқызбай көзсіз көбелекке, дәрменсіз қуыршаққа айналдыратын соғыс сияқты сойқан құбылыстың бойынан ешқандай ерекше сипат, ешқандай романтика іздемейтін, ондайды күпірлік санайтын «зая ұрпақ» жайындағы романдар біздің де қолымызға түсе бастады. Кеңес әдебиетінде де майдан тақырыбын қайта қарап, қайта пайымдауға тырысатын шығармалар жиілеп кетті. Жеңіс желпінісінен гөрі, адамдардың тағдыры мен арына, жалпы халықтың басына түскен тауқымет пен қасірет басым айтыла бастады. Аталмыш екі қазақ романы осы ағымды бастаушылардың сапында болды. Бұған бәріміз шүкіршілік еткеніміз жөн.

Әсіресе, қазіргідей ұлттық көркем ойымыздың баяғысын тозғындық, кешегісін азғындық, бүгінгісін солғындық, ертеңгісін беймәлім санап, бейпілдікті батылдық көру бел алып тұрған кезде бұндай-бұндайды оқтын-оқтын еске түсіріп қоюға тура келеді. Өйткені бүгінгі «жойылсындап» өректің әлеуметтік әулекіліктің кеше «жасасындап» жалындағанында қандай ұшпаққа жеткізгенін көргенбіз. Сондықтан, тарихтың қай талма тұсында да салиқалы ақыл иесі саяқ жүруге тырысқан. Топ алдына шығам деп, тобырдың сойылын соғу үшін өнердің де, білімнің де еш керегі жоқ.

Сырт көзге сыздап суық шырайлы көрінетін Нұрпейісовтің шығармашылық, азаматтық тұрғысында да сырбаздық барын ешкім жоққа шығара алмаса керек. Бірақ, ондай салқын қандылық ештеңеге елікпейтін енжарлықтан емес, жоқтан, өзгеге желп ете қалмайтын естияр санадан, үлкен жауапкершіліктен, тіпті рухани қайсарлықтан туындап жатса керек. Ол үшін аз құқай көрмеген де сияқты. Алпысыншы жылдардағы «Жұлдыз» әлі есімізде. Тұсында Әуезов жанын жадыратқан «жыл келгендей жаңалық» лебі, сол лепті әкелген жастар легі әдебиет табалдырығынан аттай алмай, қанша жүрді?

Әр басылымның әр пұшпағына бір жылт еткеннің өзіне төбелері көкке жеткендей қуанды. Әдебиет сахнасына шыға алмай, іркіліп тұрған иінтірескен лектің алдынан қақпаны айқара ашып салған да сол «Жұлдыз» еді.

Оның бас редакторы Әбдіжәмил Нұрпейісов еді. Сол үшін бір жылға жетер-жетпесте орынынан алынды. «Жас ұрпақты аға ұрпаққа қарсы қойдың»,— деп сөгіс алды. Жамандап айтылмаса, жақсылап айтылмайтындай, «ана-фемаға» да ұшырады. Ол заманда жылт етері бар жақсы көрінсе, өз бауырына тартып, өз сөзін сөйлетуге тырысатын үстем саясат ол ыңғайға көне қоймағандардың құйрығына қоңырау байлап бағатын. Нұрпейісовте де ондай қоңырау аз болған жоқ. Қазір ара-тұра әңгіме болып қоятын сол алпысыншы жылдардың талқы-таластары да жылымықтан соң жаз шығады деп дәметкен рухани ұрпақтың, әлеуметтік, әдеби сананың тез есейіп, эстетикалық деңгейдің тез кемелденуіне асыққан рухани максимализмнен өрбіген әңгіме еді. Бірақ, сол тұста Мәскеудегі үлкен жиналысқа барып келген бір ағамыз: «Соншама даурығатындай ештеңе жоқ екен. Барған бойда қонақ үйдің балконына шығып қарап ем, Кремль орнында тұр екен. Төбесіндегі жалауы да сол баяғы Қызыл ту екен»,— деп айтқандай, көп ұзамай бәрі де таз қалпына түсті. Көн тартылып қалыбына келгендей болды. Әлгіндей максималистік ағымның басы-қасындағы үлкен-кіші баяғыдай жер ауып, тескен тау өтіп кетпегенмен, ауыл арасының құқай-сұқайына аз ұшыраған жоқ. Дегенмен, сол кезде шығып, көзге түскен буынның талантты өкілдері көз-апара кеше өзі мансұқтаған тенденцияларды қайта мойындап, саяси конъюнктураға беріліп, «өндірістік роман», «шаруашылық роман» қуалап кете қойған жоқ. Заман туралы шындықты адам туралы шындықтың ауқымынан асырмауға тырысты. Соның арқасында, баяғы Абай мен Мағжаннан кейін бағы жанбай келген қазақ лирикасының бағы жанды. Қазақ прозасындағы әлеуметтік-психологиялық талдау тереңдей түсті. «Абай жолынан» кейін ешкім беттей алмай қалған тарихқа бетбұрыс күшейді. Өнер ешқашан ресми идеологиямен есептеспей де отыра алмаған, бірыңғай соның ырқына көніп те кете қоймаған. Таза «әлеуметтік тапсырыспен» талай таңғажайып тудырған Рафаэль, Микеланджело, Рублев, Врубель, Фирдоуси, Науаилер өмірі — соған куә. Көпұлтты кеңес әдебиетінің алпысыншы жылдардан

бермен қарай әлемдік сахнадан молынан көріне бастауының сыры да сонда. Тек ашық дау-дамай туғызған шығармалар ғана емес, орнықты ағым өкілдері де шетел оқырмандарының ықыласына ілікті. Өйткені, әдебиеттің, өнердің өктемдікке қарсыласар әлуеті тек жалаң жанжалшылдықпен шектелмейді. Жанжалшылдық та, түптеп келгенде, мадақшылдық сияқты уақытша ғана атақ шығаратын баянсыз құбылыс. Өнер тарихында тұсында жаппай дабыра туғызған шығармалардан гөрі тек талғампаз қауымның көңілінен шыға алған некен саяқ шығармалардың ғана өмірлі бола алатындығы да сондықтан. Өйткені, адамзат қашан да бір енін ішінде ұстауға мәжбүр болған. Өнер де сол адам өмірінің көзге көрініп тұрған сырт нобайын емес, іште бүгіп қалған рухани құлтасына бойлай алатындығымен мақсатына жеткен.

Сонау алпысыншы жылдардағы әдеби таластардың көздегені де көркем ойды өзінің төл арнасына көшіру еді. Сондықтан оның жазушылар арасында бола беретін жәй әншейін бақталастықпен шатыстыруға болмайды. Ол үйреншікті дағдыдан шыққысы келмейтіндер мен соныға соқпақ салғысы келетіндердің арасындағы көзқарас кереғарлығынан туындаған-ды. Жеке адамға табынушылықты сынау рухани құндылықтарды қайта бағамдау талабын туғызды. Қоғамдағы құндылықтар жүйесі түбегейлі қайта жасақталады деген үміт күшейді. Бәрін қайта қарап, бәрін кемеден лақтыру керек дейтін ғасыр басындағы солақай нигилизмді тағы да оятқысы келгенде де болды. Өйтіп, түбінен қопармай, ендігі жерде жаңа бағытпен жүруіміз керек дейтіндер де болды. Қазақ әдебиетінде соңғы сарын басымдау түсті. Жаңашылардың өзі Абай мен Әуезовке құдайдай табынды. Көзі жоғалып кеткен жазушылардың шығармаларының қайта оралғанына қуанды. Әлі оралмай жатқандарының оралатынына да сенді. Сирек қорлардан тиым салынған шығармаларды оқуға, олардың авторларын, астыртын да болса, дәріптеуге бой ұрды. Әдебиетшілер әулетінде туған сәбилерге Мағжан деп, Әлихан деп, Ахмет деп ат қою көбейді. Жылымықты пайдаланып, жаңаға бет бұру, озғын ойлы тәжірибеден үйрену, етек-жеңімізді жиып, бар-жоғымызды түгендеп алу керек деп ойлайтындар жастар арасында да, үлкендер арасында да аз болмады. Қажет десеңіз, Мүсірепов пен Мұстафин прозасындағы

өткенді өзгеше толғау, Тәжібаев, Мәуленов, Бердияров лирикасындағы тақырып жаңалығы мен түр тосындығы, Жұбан Молдағалиев дастандарындағы өжет уыт, Соқпақбаев, Тәкен Әлімқұлов, Қуандық Шаңғытбаев шығармаларындағы саясаттан адалдық тап сол жылдары ерекше көрініп, аға буынды да жаңа ізденістерге бастап берген-ді. Ол кездегі күресті «әкелер мен балалар», ескі ұрпақ пен жаңа ұрпақ тайталасына жору да ретсіз. Жау іздеушілік те болған жоқ. Алайда, «жылымыққа» жол берген партиялық билік одан арғыға тәуекел ете алмады. Таза стиль мен жанр туралы эстетикалық көзқарастар таласының өзіне идеологиялық сипат беруге тырысты. Н. С. Хрущев өнер қайраткерлерін шақырып алып, үсті-үстіне ұрысқан соң, Қазақстанда да абстракционистер іздеу, диссиденттер табу талабы бой көрсетіп қалды. Бірақ, қазақ топырағындағы жаңашылдық модерншілдік деңгейге көтеріле қойған жоқ-ты. Кеңес диссиденттігі көбіне-көп сыртқы дүниемен жең ұшынан жалғасуға мүмкіндігі бар орталар мен орталықтарда етек жайды. Қазақстанда ондай мүмкіндік жоқ еді. Сондықтан ресми саясат барымен базар қыла тұруға тырысқан сияқты. Шет ел әдебиетінен шеберлік мәселесін үйрену керек дегендер «болашақ синявскийлер» саналып, ақын Олжас Сүлейменовтың тілімен айтқанда не «таза солдатщинаға, не киностудияның қара жұмысына айдалды». Дәстүрлі буын ырғағын бұзып, ақ өлең жазумен әуестенушілер «жаңалықшылдар» емес, «жаңа былықшылдар» атанды, өндірісті жазбай, интимдік тақырыпты ыңғай тұтқандар «төсек төңірегіннің жыршылары» боп сипатталды. Бұндай солақайлықпен оңай келісуге болмайтын еді. Таластар әдебиетшілер үйінен орталық комитеттің қабырғасына көшіп қонды. Сол таласқа білек сыбанып көп кіріскен және көзге түскен екі қалың журналдың редакторлары Әбдіжәміл Нұрпейісов пен Иван Шухов болды. Сөйтіп, Қазақстанда Дудинцев пен Солженицин табылмағанмен, Твардовский мен Симонов табылды. Әдебиеттің аузындағы тұмылдырықты босатуға күш салған редакторлардың соңынан Мәскеуде қиқу көбейе бастағанда, Алматыда орындарынан біржолата алынып тасталды. Гәптің шын астарын ішке бүккен ресми билік бұл жазаға қарабайыр түсініктеме беруге тырысты. «Аға ұрпақ пен жас ұрпақты қарсы қою», «топшылдық», «жікшілдік», «бақталастық» дейтін айыптаулар солай шықты. Ол

әдебиет төңірегіндегі тоғышарларға майдай жақты. Қашан да тұлпарынан тұғыры көп өнер дүниесінде азға қалай жабылуды, қалай күш көрсетуді жақсы білген. Оларды ала тайдай аластап жіберуге әбден жетілген. Үрдістегі шошындырма қоңыраудың біреуін мойынына таға салады да, сосын қайда барса да, соңынан қиқулайды да отырады.

Ондай кепті кигендер қазақ топырағында да аз болған жоқ. Отызыншы жылдардағы сергелдеңге тек ең таңдаулыларымыздың ілінуі сондықтан. Елуінші, алпысыншы жылдардағы айқастарда да тек соларға құрық түсуі де тегін емес. Тоқырау тұсындағы бас жұтпаса да, жүйке құртқан құқай-сұқайлардың тек санаулыларымызды шыр айналдырып төңіректен алуын да сонымен түсіндіруге болады. Сол себептен төмпешті көп көрген бір қаламгер болса, ол — Нұрпейісов. Тіс тиген тұлпардың да қыршаңқы мінез шығаратыны сияқты, ол да әдебиеттің дау-дамайынан көп қыңа қоймайтын болып алған. Үлкен үйдегі бір таласта марқұм Бердібек Соқпақбаев екеуіміз қатар отыра қалыппыз. Әдетте мұндай дау-дамайдан аулақ жүретін Бекең сол күні Әбдіжәміл әріптесіне қатты тәнті болды: «Айтып тұрғаны дұрыс па, бұрыс па білмеймін. Әйтеуір, қайсар екен. Әсіресе маған Бюро мүшелерінің біреуіне ауыз аштырмағаны ұнайды. Тап берсе, шап береді. Бетті екен. Асқар екеуің Тахаңды «көкбет шал» дейсіңдер. Нағыз көкбет шал мынау ғой. Иә, құйрығыңды қысып, жайыңа қарап жүру керек. Ал күрестің екен, осылай күрескен дұрыс. Әйтпесе, ауыз ауыртып не керек?» — дегені бар. Бірақ, мен Нұрпейісовтың ондай тікбақайлығын онша дәріптей алмаймын. Әсіресе, өзі тұрғылас кесек тұлғалармен кермар сөйлескенін қаламаймын. Алайда, үлкен түйенің кенесі де үлкен деген ғой. Оның үстіне бұқа сүзістірмей, бура шайнастырмай жүрмейтін мінез тағы бар. Талай рет: «Буырқана беріп қайтесің? Онсыз да құлағыңды аз сарсытып жатқан жоқ қой. Осы жолы басыңнан асыра салсаң, нең кетеді?» — дегенімде: «Зейнолла екеуіңнің-ақ бет моншақтарың үзіледі де тұрады екен. Біз — бәрі бір ит жыртқан қара теріміз. Ең болмаса, тіс тигенде үн шығарып қалайық. Жұтса да, қақалып жұтсын», — деп кейде күлетін, кейде қолын бір сілтеп кетіп қалатын. Айлап көріспей қойған кездеріміз де болып тұрды. Не де болса, жиырмасыншы ғасыр қазақ әдебиеті кеңістігінде

ерекше көзге түсер осы бір елеулі тұлғаның кейде кедір-бұдыр, кейде ойқы-шойқы көрінетін орасан бітіміне назырқай қараған да, масаттана қараған да тұстарым бар. Назырқайтыным — «егер жігіт жаман болса, онда оның замандастарының бәрі виноват» дейтін Абай сөзін жиі ұмытып кететіндігіміз. Масаттанатыным — жасымайтын жігері мен қайсарлығы. Азаматтық қайсарлығына да аз тәнті болғам жоқ. Ал, шығармашылық қайсарлығына қатты таңғаламын. Көңілінен шықпаса, бұл жолы ойлағанда болмаса, келесі жолы болар деп, көне салмай, бітіп тұрған үйді құлатып, бастан-аяқ қайта қалап шығудан жүз жанбайтындығы. Оған аудармашы болғандар азар да безер болады. Редактор болғандар қашып кетеді. Өйткені, күн сайын қайта қаратып, қайта бастатады. Оның қайта жазып, қайта аудартпаған бір де бір кітабы жоқ. Қашан ойындағыдай болып шыққанша өзі де тыным таппайды, өзгелерге де тыным тапқызбайды. Ол жолда неден де болса тайынбайды. Дүние астан-кестен болып жатса да, елең етпейді. Қайта басына іс түскен сайын шығармашылық қайсарлығы күшейе түседі.

Басқалар болса, алпысыншы жылдарда тауы бір шағылған бағытқа енді қайтып беттей алмас еді. Жұртқа ілесіп ұрандатып кетпесе де, бейтарап тақырыптар төңірегінен аспас еді. Талай қопарылған қоңды тақырыптардың қайшылықты қитұрқы қабаттарына жоламай, бетінен қалқыр еді. Онда әдебиет бір ені ішіндегі адамзаттың өзін өзі жете білуінің құралына айнала алмас еді. Онда ол кемелденудің емес, кер кетудің, рухани түлеудің емес, тоқыраудың сойылын соғып, адамдар сана-сезіміне жасайтын оң ықпалының бәрінен де айырылып қалар еді. Құдайға шүкір, қазақ сөз өнерінде ондай саңылау ешқашан біржола бітеліп қалған емес.

Біздің әдебиетіміздегі сондай іштей түлеу арнасының кеңейе түсуіне мейлінше табандылықпен үлес қосып келе жатқан азғантай тұлғаларымыздың бірі — Әбдіжәміл Нұрпейісов. Әдебиеттегі сонылықты біреулер ешкім жазбаған тақырыпты жазу деп түсінсе, біреулер қай тақырыпта жазсаң да, өзіңше жазып, өзгелер бармаған астарларды ашып, өзгелер байқамаған құпияларды паш ету деп біледі. Әбдіжәміл Нұрпейісов соңғы топқа жататын қаламгер. Сондықтан да ол қай шығармасының да төркін-төсегін Арал деп ұғады. Тіпті «Күткен күннің» өзін

соғыс туралы роман деп түсінбейді. Ойда жоқта қанды топанның ортасына түскен алыстағы Арал қазағының көргендері мен сезінгендері жайлы кітап деп ұғады. Қиян өлкеде туып, әкесімен, ағасымен бірге майданға аттанып, самсаған ағайын-туысқанның көбін бөтен өлкелердің бапағының астына тастап, жалғыз өзі аман оралған офицер ештеңені елең қылмай, жазу столына отырды. Кешегі шайқасты күндердің әлемтапырық әсері естен шығып кетпей тұрғанда қағаз бетіне түсіруге асықты. «Курляндия» дүниеге солай келген. Жұрт жақсы қабылдағанмен, жазушыға кейін бір қайнауы ішіндегі шығарма сияқтанған да тұрған. Орысшаға аударылып басылайын деп тұрған кітабын да тоқтатып, қалам, сияға қайта ұмтылып, қайта жазып шыққан-ды.

Сондай өз дегені болмаса, ештеңеге көне қоймайтын қайсар қаламгердің, кешегі редактордың жүген-ноқтасын сыпырып, қызметтен қалай босап келгені әлі есімде. Өз тұстастары мен бірен-саран жас қаламгерлер көңілін аулап, бірге болдық. Кешегі, сол күнгі түске дейінгі соңынан шұбап жүретін қалың лек бір кеште-ақ сейілді. Дәм арасындағы үзілісте шетел журналдарының бірін қарап отырып, айтулы графиктің бір суретіне көзі түсті. Сол-ақ екен: «Таптым, таптым»,— деп орнынан ұшып тұрды. «Мынаны алдағы наурыз айындағы әйелдерге арналатын нөмірлеріміздің сыртқы мұқабасына беру керек»,— деді мәз болып. Біз: «Әбе, оған жаңа редактордың басы ауырар. Енді сен редактор емессің. Сен де біз сияқты көп сұрамсақ авторлардың бірі ғанасың. Одан да қолыңды жу да, дастарханға жүр»,— деп қалжыңдадық. «Туу, черт побери, солай екен ғой»,— деп кеңкілдей күліп орнынан тұрды.

Дәл сол күннің ертесіне қасына Герольд Бельгерді ертіп Аралға жүріп кетті. Іштей табалап, сырттай жан ашитынситын өтірік тілеулестердің де, жаутандасқаннан басқа жан себілі жоқ шын жанашырлардың да көз алдында жүрмей, тасаға кеткісі келді де тұрды. Поездің екі билетіне ғана ақша тауып, Аралдың вокзалына көк тиынсыз түскендерін кейін Герольд Бельгер күнделігінен білдік. Екеуін Алматы вокзалынан шығарып келе жатып, Асқар Сүлейменов екеуіміз Әбдіжәміл Нұрпейісовтің үйіне соқтық. Марқұм Сағира апайдың бидай көжесін ішіп отырып, ендігі Шамалған, Ұзынағаштың біріне жетіп қалған жолаушыларымызды әңгіме еттік.

Сондай қатты толқып, тебіренгенде ішін алдыртпау үшін әдейі қиямпұрыстанып, қисық сөйлейтін Асқар Сүлейменов: «өй, ерің-ау, сол бетпақ-ау, бетпақ»,— деп күлді. Мен де жымыған болдым. Сағира апай орамалының ұшымен көзін сүртті. Сырт көзге қиқарлық көрінетіндей осы бір қылықтың аржағында үлкен рухани қайсарлық жатыр еді.

Нық басып, нығыздап сөйлейтін Нұрпейісов сол қайсарлығын жәй әншейін қиқарлық, кейде тіпті әпенделік сияқтандырып елеусіз істейді.

Ұмытпасам, 1958 жыл. Бұрынғы Үкімет үйі университеттің бас корпусына айналып, мәре-сәре боп жатырмыз. Біздің әдеби бірлестікке жаңа романын талқылатуға Нұрпейісов келетін болды. Бұрынғы бюро мәжілісі өтетін салтанатты зал. Жиһаздары сол қалпында. Әр кісіге жеке қойылатын көк мауытымен көмкеріп, қалың шынымен жапқан көк шытыра үстелдер ұзын шұбақ тіркелмей, ирек-ирек қойылған. Жайлы орынға жайғасқан студенттер айтатындарын жалтармай жайып салуда. Мәжіліс басқарып отырған мен қасымдағы қызыл қоңыр костюмді сұйық шашты суық жүзді кісіге оқтын-оқтын қарап қоям.

Сыр бермей, жайбарақат тыңдап отыр. Талқылау соңында шығарып сап тұрғанымызда: «Ау, көне күпінің аш битіндей жабылдыңдар ғой»,— деп, тісін ақситып, еріне жымыды. Маған бұрылып: «Жаңағы баяндамаңызды беріңізші. Бір аптадан кейін Мұстафиннің алдындағы Роза апайға барыңыз. Қолжазбаңызды сол кісіге қалдырып кетем»,— деді. Арада бірер ай өткесін: «Келіп кетпес пе екен?»— деп шақырғасын үйіне бардым. Жаңа пәтерге көшіп келген екен. Үй-іші әлі жайғаспаған. Ол түпкі бөлмеде қоқырсыған кітап бумаларының арасында қақырайып үстелде отыр. Үстінде құстандай салып, шымырып тоқыған қызыл-қоңыр түйе жүн шекпен. Басында шаңғышылар киетін тоқыма бөрік. Қағазға көп қарап, жасаурап кеткен көзін жеңімен сүртіп, қобырап жатқан қолжазбадан анадай жерге оқшау қойған көк қағазды қолына алды. Анадағы баяндамам. Бояулы қарындашпен асты сызылмаған сөйлем қалмапты. Мен онша көп сын айта қоймаған сияқты едім. Мына кісі он бес-он алты ескертпе тауып алып, оны нөмірлеп қойыпты. Қоңыр дауысын соза түсіп, сырбаз қалпын бұзбай сөйледі: «Анада тыңдап отырғанда

аңғармаппын. Айтқандарыңыздың жаны бар екен. Әйеліме көрсетіп едім. Бұлқан-талқан болды. Зейнолла мен Тәкеннің де айтқандары бар еді. Баспаға барып, қолжазбамды қайтып алдым. Енді осылардың үстіне отырмас бұрын, өз ауызыңнан тағы да пысықтап алайын деп отырмын»,— деді. Содан сол кітап біз университет бітіргесін де баспаға әлі қайта тапсырыла қоймаған-ды. Редакторлықтан түскен Нұрпейісов өз еркімен Барсакелмес ауып барып, бітіріп қайтты.

Жаңа шығарма бірден көзге түсті. Әлемнің барлық басты тілдеріне түгел аударылды. Шетелдік, одақтық әдеби сын бірауыздан жақсы бағалады. Ал өзімізде бәйгеден озып келген атқа айтылатын ауыл арасының күйдіргі күдік-күмәні аз күңірсіген жоқ. Шаш арасынан сірке іздейтіндер де ұшыраспай қалған жоқ. Романды автордың өзі емес, аудармашысы жазып берді деген лақап миға қонбады. Ескі қазақ ауылы түгілі қазіргі Қазақстанда бір жыл тұрып көрмеген басқа ұлттың жазушысымың жерден Шекспир мен Толстой болса да, басқасын былай қойғанда, тап «Қан мен тердегідей» қанық бояулы қазақ тұрмысы мен психологиялық аяны жасай алмас еді. Ол Нұрпейісовтен басқа қазақ жазушыларының бәрінің қолынан келмегенде, айдаладағы мәскеулік жазушының қолынан қайдан келеді? Қазақ сыншыларының ең бір дәл түскен кемшілігі — кітаптың жағымсыз кейіпкерлерінің біреуінің аты-жөнінің сол кездегі одақтық Жазушылар ұйымының бірінші басшысының аты-жөнімен дәл келетіндігі екен. Бірақ, Аралда Марков деген көпестің балық саудасымен айналысқанын айғақтайтын нақты құжат расында да бар боп шықты. Арызшылар кітапқа дербес сыйлық бергізбей, сол бойынша қойылған спектакльмен бірге бергізгеннен басқа ештеңе бітіре алмады. Сонда кітапты соншама тіміскілеген «қырағы» сыншылар шығарманың сол кездегі ресми саясатпен кереғар түсіп жатқан «кемшілігін» көре алмады. «Қан мен тер» соры ашылмаған қазақ даласының Октябрге дейінгі кезеңде де бастан кешкен күлді-көмеш өмірін еш боямасыз бейнеледі. Революциядан кейін барша мұратымызға жеттік деген қандай өтірік болса, революцияға дейін айдарымыздан жел есіп тұрып еді деген де сондай өтірік-тұғын. Олай болмаса, Абай күңіреніп, Сұлтанмахмұт буырқанып, «Алаш» тебініп атқа мінер ме еді. «Қан мен терде» халық басындағы

қасіретке шыдай алмай, таптық күрес, әлеуметтік өшпенділік жолына түскен Еламан мен Қален ерте үзіліп, тірілей қара жердің астына көміліп, өз көздеріне өздері құм құяды.

Ондай сойқандыққа мойын ұсынбай, бірақ өз халқын тығырықтан шығарар жол іздеудің орнына өз басын оздыруға ғана тырысып, әлеуметтік астамшылдыққа ұрынған Тәңірберген ақыр аяғында өз ауылына өзі жау бастап апарып, өз шаңырағын өзі ортасына түсіріп, өз ұясын өзі қаран суға алдырады. Қаңтардың қақаған түнінде қораланып туған ай сияқты, сақырлаған таңында құлақтанып шыққан күн сияқты осы бір әнтек көзге ұрып тұрған трагедиялық символға ешкім назар аудармайды. Жақсыдан жақсының етегіне жармасып, ұрпақтың маңдайын жарқыратам ба дейтін ұрғашылық түп-түйсікпен біресе ана шаңырақтың, біресе мына шаңырақтың астынан өріп, біресе ана қойынға, біресе мына қойынға кіріп жүрген айдай ару Ақбаланың бейбақтық сергелдені — тек адам тағдырының ғана емес, тек әйел тағдырының ғана емес, бағы ашылмаған пақырына халықтың тағдырының да тұспалдамасы еді. Кемшілік іздеп баққан кесір сыншылар көктен іздегендері жерден табылып тұрса да, көре қоймады. Оған әлеуметтік сананың саяздығы, эстетикалық талғамның төмендігі себепші болды. Күрделі шығарманы бетінен қалқып, адам бейнелерінен тек типтік шындық іздеп, коллизиялық өрімді концепциялық тұрғыдан сараптауға шамалары жетпеді. Ал, кітапты мойындағандар, ең алдымен, революция деп аталатын әлеуметтік қанқасаптың дәл осындай қолдан топан су алдыратын жексұрын табиғатын жетік түсіндіргені үшін, қазақтардың әлі де бақталайы ашыла қоймаған тақсіретті ахуалын тұрпайылатпай терең жеткізгені үшін жоғары бағалады. Роман дүрбелеңді сергелденмен, сергелденді дүрбелеңмен тамамдалған-ды. Сол сергелден мен дүрбелең сонымен бітті ме? Бұл, ұғынықты оқырманды ойлантпай қоймайтын сауал еді.

Қайдан бітсін?.. Бұл Әбдіжәміл Нұрпейісовтың тек романшылық шығармаларында ғана емес, көсем сөздерінде де бір сәт желісін үзбей келе жатқан тақырып. Бұл сарын оның атақты «Туған жер» толғауында лирикалық әуезбен әдіптелсе, талай рет арындап арна бұзып, азаматтық ашуға да айналып кетіп отырады. Қайта

құрудан көп бұрын, тоқыраудың тоңы жіпсімей тұрғанда, жоқ-жітігімізді көзінен тізіп айтып беріп-ақ, абырой-атақ ала қоюдың әлі салтқа енбей тұрған кезінде Нұрпейісов «Литературная газетаның» бетінде одақтық сахнадан радиактивті уға бөккен Абай мен Әуезов атамекені жайында, толстойшылдық альтруизмді қазақ даласына да дарытып, адамгершілік арылуды діттеген ұлы гуманист Шәкірімнің ұмыт боп бара жатқандығы жайында қазақ қаламгерлерінен алғашқы боп, сөз қозғаған-ды.

Басқасын былай қойғанда, желтоқсан оқиғасынан дәл бір апта бұрын Мәскеудің Әдебиетшілер үйінде Кремль өкілдері мен одақтық жазушылар ұйымының басшылары алдында «жүз тілді планета» атанған Қазақстанға байланысты жүргізіліп отырған жүзіқара ұлт саясаты туралы қасқая тұрып айтқан да, басқа емес, Әбдіжәміл Нұрпейісов болатын. Бірдеңені бастаса, түбіне жетпей қоймайтын қазымырлығына басып, бажайлап бергенде, сол арада отырғандар қоштай жөнелу түгілі қалай тыңдай берудің ретін таба алмай, қипақтап қалған-ды... Қазір ғой, сүйтіп дүрбелеңдетіп келген Колбиннің ізін пышақтамайтын жан жоқ. Бірақ, ол әлі тағында отырғанда ешкім оған «Сен қайдан келдің?», — деп айта қоймаған.

Базыналарын да әуелі жан-жағына көпшік қойып, күпсітіп алып барып, айтқан. Ал Мәскеудегі үлкен жиында Колбиннің атын атап, түсін түстеп, оның Алматыда отыруы қазақ халқына көрсетілген айырықша сенімсіздік екендігін, сондықтан оны жіберген орталық кері қайырып әкету керектігін айдай жұрттың алдында ашық айтқан да Нұрпейісов еді. Ол сөзін «Литературная газетаның» соңынан қалмай жүріп, бастырған да еді. Кейін дәл осы ұсынысты Халық депутаттарының алғашқы құрылтайында Шыңғыс Айтматов қостап сөйлеген-ді. СОКП Орталық Комитетінің белгілі пленумында Нұрсұлтан Назарбаев бүкіл бір ұлтқа жапқан қиянат үкімді бұзуды үзілді-кесілді талап еткен-ді.

Күні өткен шовинизм қайта бас көтеріп, қазақ құрамаларын ұйымдастыру туралы ұсыныс ресми басшылар арасынан да кейбіреулердің қолдауын тауып, дүрбелеңдеп жатқанда Кеңес Одағының Президентінің бұл мәселеге қалай қарайтынын айтуды талап еткен де Әбдіжәміл Нұрпейісов еді. Михаил Горбачев жазушы

сөзін естімегенсіп, көлдей «Правданың» көлеңкесіне тығылып баққанын Абай атындағы опера және балет театрына жиылған дүйім жұрт түгел көрген-ді.

Соның бәрі қазіргідей аузың азат, аяғың бостан кезде істелген жоқ-ты. Ондай әңгімені ол кезде қазіргідей екінің бірі айтса, ертеңіне-ақ құрыққа ілініп шыға келер еді. Сол мінбеде тұрғаныңда-ақ, ауыз ләміңді байқаған төрдегі біреу не залдағы жандайшап: «Не көкіп тұрсың?»— деп жекірсе, қол соғып қуып түсірмесіне кім кепіл? Сондықтан, ондай төтен батылдыққа тек ресми биліктің өзі ресми мойындаған айтулы тұлғалар ғана тәуекел ете алатын. Әйтпесе, көп бәдіктің біреуі айтқан бәлду әңгіменің бірі, ерсі қылық боп саналып кете барар еді. Осындай оңай емес тәуекелге Әбдіжәміл Нұрпейісовтың қандай дайындықпен барғанынан, ерекше шырығып жүріп әзірлегенінен де хабарымыз жоқ емес. Жұбан Молдағалиевтың да бәріміздің есіміздегі айтулы сөзіне қалай тәуекел етіп, қалай дайындалғаны әлі жадымызда. Өйткені, саналы түрде жанын шүберекке түйіп баратын тас түйін ерлік жасау ешқашан оңай болып көрген емес. Басқасын былай қойғанда, бұрқанталқан сезімнің бұйдасын іркіп, бір арнаға түсіріп, халыққа ес кіргізетіндей, билікке сес көрсететіндей, шымыр қалыпқа келіп алу да оңай емес-тін. Тіпті сатырлаған талай жиында талай жарып шығып жүрген Шыңғыс Айтматовтың өзінің қабырғасына аяздай батқан «қазақ ұлтшылдығы» жайындағы нақақ қудалауға беделді мінбеден қайтып ұрымтал тойтарыс берудің жолын ойлап, қандай ізденістерде жүргенін өз көзімізбен көргеніміз бар.

Ел тағдырын шешетін түйінді мәселелердің тұсында тек белді бекем буа алған нар тәуекел аз. Тойтара алмас дәлел, айбындыратындай парасат-пайым, қарсыластың мысын құртатындай қайсар төзім керек. Әйтпесе, әулекі әумесерлік, бажылдақ байбалам, ұртоқпақ ұраншылдықтың істі қалай насырға шаптыратыны да көрмей-білмей жүрген жәйт емес. Ал енді жүйесін тауып айтқан жүйелі сөз талай шиіе байланған шетін мәселелерді жібек арқандай есілтіп қоя беретініне де талай куә болғанбыз.

Жаратқан иенің басы жұмырдың бәріне ақыл бере бермегені сияқты, аузы тесіктің бәріне пәтуа бұйыртпай, сөз екеш сөздің де сұрауын бар қып жаратқаны да тегін емес шығар. Ал сөзінің сұрауы бар азаматтың айтқанын дос та, қас та түгендеп отырады. Оның жұрттың бәрінің

жабыла айтып жатқанын айтпай қалуы да қайсарлық. Жұрттың бәрінің айта алмай отырғанын айтуы да қайсарлық. Әбдіжәміл Нұрпейісовтың бойынан осы екі қайсарлықтың екеуі де молынан табылады.

Ол — өзінің туған өлкесі Аралдың айдыны азайып бара жатқанына алғаш қабырғасы қайысқан адам. Ол тұрасында өз ауылымызда ғана қыңқылдап қоймай, одақтық баспасөзде әлденеше рет сөйледі. «Огонек» журналында Аралдың сарқылуына тікелей кінәлі адамдарды лауазымына қарамастан жағасынан алды. Сол кезде әдетте оның істемегенін істеді деп қаралай күйдіретін әдебиетші қауым енді істеп жүргенін көзапара көрмей, істемеді деп күйдірді. Арал тартылып жатқанда, Нұрпейісов жұмған ауызын ашпай отыр деп тиісті. Журналдағы, радио-телевизиядағы сан-сипат сөздері түгілі жазып жатқан романын да құлаққа ілмеді. Ол аз болғандай, оның ана сүтімен бірге еміп, бойына бірге дарытқан төл тақырыбына көрінгеніміз жүгіріп, әрліберлі сілекейлеп бақтық. Сондайдан іштей шамырыққаны болар, ауылдағы көз көрген кәрияларын көп әңгімелеп отыратын жазушы: «Біздің бір ағамыз маңайдағы көлтабанның қалың біткен құрағын көріп, әбден балбырап бабына келсін, шалғымды шар болатта қайрап келіп, жас нәрестенің қарын шашын алғандай қып, әдемілеп орып алам деп жүргенде, олақ біреу орақ салып, ала-құла қылып кеткенін көріп: «Қолынан келмейтін найсаптың есіл құрақты арамдап кеткенін қарашы», — деп, күйіп пісуші еді. Әдебиетте де сондай найсаптар көбейіп барады», — деп талай күйзелген-ді.

Сол күйзелістен бе, кейін Аралға байланысты саяси науқан ашылып, сөз тасқыны селдетіп қоя бергенде, Нұрпейісов қайтадан үнсіз қалды. Сол қабырғамызға батты ма, бір жолы кездескенімде: «Ақсақал, жаңа кітабыңыз қашан бітеді? Сұқақтанып шетін көрсетіп, бәріміздің тамағымызды ісіріп қойдыңыз. Баяғыда бітіретін нәрсені қайта-қайта ұлтарап, тым созғылап барасыз. Әлде қолыңыз тимей ме? Тимесе, көптің алдына көлеңдей беріп қайтесіз? Жиын сізге не керек? Жиналыс сізге не керек? Біз болсақ, көз ашқаннан осы көштің соңына салпақтап ілесіп, нан айырып келгенбіз. Енді орта жолдан не оңға, не солға бұлтара салсақ, күн көрістің өзі уәйім болады. Ал сіздің әуелден жайылған өрісіңіз оңаша, су ішкен суатыңыз оңаша...

Баяғыдай Аралға қашып барып, кітабыңызды аяқтамайсыз ба?»— дегенімде, жайбарақат ақсия күліп тұрған тістерін тез тасаға әкетіп, қабағы шытынып, шаңқиған көзілдірігін жұлып алып, жаңа жұмсарып тұрған жанарының шыңырау түбінде шөгіп жатқан шыңылтыр мұзын дереу бері лықсытып, безірейе бір қарап, иығымнан ап-ауыр қолымен нұқи ұстап біраз тұрды да, селдір шашын сіліккені екені, сипағаны екені белгісіз, қолын кілт шеке тұсына апарып, бір секең еткізіп, нығырлай басып, есікке беттеген.

Жуырда қайта келді. Есіктен күлімсіреп аттағандай болып еді, жақындаған сайын жүзінің нұры азайып, сыздана сөйледі: «Ал, мен бітірдім. Слушай, тек секіртпей, дұрыстап оқы»,— деді де, батпан сүйретіп бара жатқандай, байпаңдай басып есікке қайта беттеді. Батпанситын да жөні бар екен. Дүниеге жаңа шығарма кепті. Қазақ даласына алыстан мен мұндалап тұрар тағы бір сенгір біткендей, қазақ әдебиетіне де көрмесен, көзін шығатындай тағы бір елеулі туынды туыпты. Оқыдым да, қобалжыдым. Қобалжыдым да, ойландым. Өзі жазушы адамға көзі тірі әріптесіңнің қолжазбасын не кітабын оқып шығу тап анау айтқандай оңай шаруа емес.

Ұнамаса — көз танысыңның көйлегінің астында сенен көз таса ұстап келген бір кемшінін көріп қойғандай, байқасаң да, айта алмай, қаралай бет моншағың үзіліп бітеді. Ұнаса — өзіңнің де көзің түсіп, көңілің құлап жүрген бойжеткен көршіңе келін боп түсіп, бақыт тапқанын көргендегідей, әрі қиналасың, әрі қуанасың. Қиналатының: тап осы жақсылықты мен неге жасамадым, тап осы жақсы маған неге бұйырмады,— деп ойланасың. Өйтпесек, пенде боп жер басып емес, періште боп аспанда ұшып жүрер ек қой. Қуанатының, сен де қимайтын жақсының өз орынын тапқаны, саған да қымбат жақсы ойдың ойдағыдай іс болып шыққаны.

Әбдіжәміл Нұрпейісов бұл жолы да қолына алған шаруасын ақыры іс қылып шығарыпты. Қызыға отырып, қызғана отырып, қуана оқитындай кітап бітіріпті.

Алғашқы сөйлемдерін оқығанда-ақ Нұрпейісовтың көзқанық әлеміне қайта оралғандай боласың. Таныс табиғат. Таныс орта. Таныс мінездер. Үлкен суреткерлердің қай-қайсысы да осылай. Тәңір жаратқан ортақ әлемнің үстіне әрқайсысы өзі жаратқан жеке дара өз әлемдерін орнатып алады. Нұрпейісов те солай. Арал

төңірегiнен тағы бiр кесек суреткер туып, ол да Арал туралы жазса, бәрiбiр Нұрпейiсовтың Аралстанын оқырман көз алдынан қалтарысқа әкете алмас едi. Нұрпейiсовтiң Аралы — кесек мiнездер мен кескектi тартыстардың қорығы сияқты. Ондағы сирек кескiн-келбеттiң өзiн ешкiм қайта сомдай алмайтындай. Аруларының өзi ақпанның ақтүтек боранындай долы.

Момындарының өзi әлi атыла қоймаған жанартаудай дүлей. Арзымсыз қып суреттейтiн алаяқтарының өзi басқаның ақ сүйектерiне бермейтiндей сырбаздыққа, сарабалдыққа ие. Басқалар жазса, өңшең бiр шабақтар жүзгендей айдын Нұрпейiсов жазғанда ең кемi шортандар ғана ойнақ сала алатын тұңғиыққа айналып қоя бередi. Сарқылып қалды деп отырған шалшығының өзiнен мұхиттың сұсын танысың. Туған табиғатқа деген осынша махаббат айнала тiршiлiкке деген терең көзқарастан ғана туындай алса керек. Шабақтың ойыны бiр басқа, шортанның ойыны бiр басқа болатыны сияқты, Нұрпейiсов суреттейтiн тағдырлар да тым өркештенiп шыға келедi.

Жаңа романындағы санаулы тұлғалардың өзi ежелде тартылып кеткен ескi мұхит орынында қалған ихтиозаврлардай ересен елестейдi. Олардың арасында тұтанған алапат құштарлықтардың ақтүтек дауылы үйреншiктi өлшемдер мен түсiнiктердi желге ұшырып әкететiндей. Баяғыда кiтап оқуды ұнататын бiр досым көшеде Нұрпейiсовтi көрiп қалып, анадай жерге ұзап кеткен соң барып: «Осы кiсiнiң кейiпкерлерiн дәл қазiр мына көкбазардың iшiнен көре қалсам, бiрден жазбай танып, жүгiрiп барып сәлемдесе кететiндеймiн»,— деген едi.

Иә, адам бейнесiн сомдауда монументалист мүсiншiдей кесек кескiнге жүгiретiн жазушы адам психологиясын талдағанда ең бiр нәзiк құпия сырларды да сары майдан қыл суырғандай шеберлiк танытады. Кемел суреткердiң ытқырына ұмтылғанмен, ышқына шаппай, кең көсiлiп отыратын кең тынысты қалам сiлтесi адам баласының ең бiр талма тұстарда тап болатын тақсiреттi шақтарын алға тосады. Шеттегi балықшы ауылға ойда жоқ тап болған тосын бикеш бiр жылы туып, бiрге өскен екi жiгiттiң де тағдырын кездейсоқта шортан түсiп кетiп, дүрлiктiрген көлшiктей, арнасынан асырып, аласапыранға түсiредi. Екi жiгiт, бiр қыз. Екi еркек, бiр әйел.

Сонау Абыл, Қабыл заманынан белгілі гәп. Әлемдік әдебиеттің бар өрмегінің тіні болып келе жатқан осы үштік күллі ұлттық дәуреніміздің қазіргі ахуалының ұтымды кескіндемесін жасап беретіндей ұтқыр шешім тауыпты. Сырт қарағанда ғана, бір-біріне атымен кереғар антиподтар сияқты көрінетін екі еркек, түптеп келгенде, бір-бірінің дәл баламасы. Екеуінің таласып жүрген әйелі де, тек сырт көзге ғана екеуіне де ұқсамайтын ерекше тұлға. Түптеп келгенде, ол да, бар болғаны, үшінші балама ғана. Жалпылай алсақ, үш дара тұлға деп жүрген үш адамымыздың жеке-жеке бастан кешіріп жүргендері де, бәрі бірігіп, бір-бірімен бірде табысып, бірде кетісіп, бірге бастан кешіріп жүргендері де — бір тағдыр.

Өздерін өздері алдаусыратқан далбаса тағдыр. Адал жүріп, адал тұрып, абырой табам; адал жүріп, адал тұрып, ортаға жағам; адал жүріп, адал тұрып, туған жерімді гүлдетем; адал жүріп, адал тұрып, Аралды аман алып қалам. Бұл — Жәдігердің болмысы. Некелі жарынан бастап, көз таныстарының бәрі еңбек ері деп кекететін еңбек адамының болмысы. Адал жүріп, адал тұрып дегеніме жетем деп жүргенде айдыны сарқылады, ағайын-аумағы жел қуған қаңбақтай жан-жаққа бытырап кетеді, еңбегі еш болады, нақұрыс бала сүйіп, опасыз жар құшады, ошағы ортаға түсіп, бейуақта бет алды лаққан сеннің үстінде бейнетпен жан тапсырады. Адал жүріп, адал тұрып, арам өледі. Оза шауып, бәйге алып, сұлуды құшам; оза шауып бәйге алып, атақ алам. Оза шауып, бәйге алып, абырой асырам. Оза шауып, бәйге алып, туған жерімді гүлдетем. Оза шауып, бәйге алып, ауылымның атын шығарам. Оза шауып, бәйге алып, туған халқымның атын шығарам. Бұл — атаққа тойымсыз айтулы ғалым Әзімнің болмысы. Оза шауып, бәйге алам деп, досын алдап кетеді. Оза шауып, бәйге алам деп сүйген қызын құрбандыққа шалады. Оза шауып, бәйге алам деп, ағайын-тумадан алшақ кетеді. Оза шауып, бәйге алам деп өзі туған өлкені, өзі шомылған Аралды саудаға салады. Оза шапқызып, бәйге алғызып дәндеткен алдамшы құштарлық ақыр аяғында оның өзін орға жығады. Үйінен бездіреді. Күйінен бездіреді. Өлен төсегінен бездіреді. Қызметінен қуып шығады. Беті ауған жаққа лағуға пейіл қылады. Сүйтіп жүріп, баяғы еліне келеді. Баяғы ағайынға қауышады. Тастап кеткен қызына оралады. Жел айдаған қаңбақтай алабұртып жүріп, өзі

құрбандыққа шалған Аралдың төсінен бір-ақ шыққанын білмей қалады. Өзі сатып кеткен досының кебін қалай бірге кигенін білмей де қалады. Ақыры тағы да қасындағы серіктерін тастап, бетімен лаққан сеңнен бейберекет қашып шығады. Теңіздегі сеңнен құтылғанмен өмірдегі сеңнен құтыла алар емес. Ертеңі — неғайбыл. Таусылмаған сергелдең. Тауыстырмаған далбаса. Бұл қатарынан озып, жүлде алып, үздік туған Әзімнің тағдыры. Ал екеуінің ортасындағы Бәкизаттың да бағын байлап жүрген сол баяғы далбаса үміт. Кешкені сергелдең өмір.

Жігіттің сұлтаны сұлудың сұлуына ғана бұйырады деп ойлайтын өзімшіл қыз озат шәкірт Әзімнің қолтығына ұмтылады. Өзімшіл Әзім өз күйкі есебіне бола, одан безініп кетеді. Сұлудың сұлуына күштінің күштісі бұйырады деп ойлап, денесі алып, мінезі ауыр, төзім мен сабырдың жиынтық құймасындай Жәдігердің етегінен ұстайды. Ол күні-түні көк теңізді кешіп, көк терге малшынған, можантопай тірлік құрғанымен қоймай, оны да ешкім білмейтін ауылдағы ешкім көрмейтін сұлу әйелдің күлдікөмеш тұрмысының тұтқынына айналдырды. Асау арудың арыны басылғанмен ұрыншақ ұрғашының ұры желігі басылмайды. Көне иісті сағынып, баяғы көзтанысты артынан іздеп барып, азды-күн қызыққа батады. Сөйткен аңсарын арзымсыз заман өз аяғынан айдап әкеп, өз бауырына қайта қуып тығады.

Дегеніме енді жеттім бе деп тұрғанында, аяқ астынан ауа райы бұзылып, ыққан сеңнің үстіндегі қашқан күйеуінің қасынан қайта барып шығады. Сең үстінде қалған үшеу меңіреу табиғатпен бетпе-бет келгенде бірінен бірі өткен дәрменсіз боп шықты. Өз өмірлерін ойша қайта шолып, қайта таразылаудан басқа амалдары қалмады. Үшеуінің де ұстанып келген қағидалары далбаса боп шықты. Үшеуі де қысыр қиял қуып жүрген өздерін өздері алдарқатып жүрген алаңғасарлар екен. Тіпті, бір-біріне артар кінәсі де жоқ боп шықты.

Бір-бірінің бойынан кешірмейтіндей күнә де таба алмайды. Түптеп келгенде, әр қайсысы өзін өзі жазғырды. Бірақ, қайтадан қауышып та кете алмайды. Арман қуып, алаңғасарланып жүріп, бір-бірінің көзіне шөп салыпты, көңілін қалдырыпты, сатыпты. Тіптен, ондайдан аулақ Жәдігердің өзі орынсыз тоңмойындық жасап, талай жерде бітіскелі тұрған көңілді бітістірмей,

жазылғалы тұрған жарақатты жаздырмай тастапты. Қонатын бақыт қонбай қапты. Орнайтын жақсылық орнамай қапты. Өйткені, арман деп қуып, мұрат деп тұтынып келген қағидаларының бәрі «бәлду-бәлду — бәрі өтірік», — дейтіндей бәдік әңгіме болып шығыпты.

Ондай далбаса қуалағандардың опат болмауы еш мүмкін емес екен. Кім неғұрлым жан-тәнімен берілсе, сол алдымен опат болады екен. Жел өтіндегі сең үстіндегі сергелдеңде ең сенімпаз, ең төзімпаз Жәдігер ең алдымен мерт табады. Өзі қуып жүрген өзекті мақсаттың өзінен ойда жоқта айнып кетуден тайынбайтын аяр Әзім бір амалын тауып сең үстіндегі сергелдеңнен де сытылып шығады. Бірақ, өзін қуалаған масқарадан бәрібір құтыла алмайды. Қай нәрсеге де жан тәнімен құламай, қай уақытта да өзін астам қойып, қалған дүниенің күштісі де, келістісі де, бақыттысы да тек менікі деп ойлайтын тәкаппар Бәкизаттың төзімі бәрінен күшті болып шықты. Қырық шырақты қыз шіркін қиямет көрсе де, бар болғаны, бір ғана шырағын өшіргендей.

Құшағында серейіп өліп қалған Жәдігердің тонының омырауынан табылған жұлым торғайдың көкірек тұсы бүлкілдеп қоя бергенде, оның да көкірегі лүпілдеп қоя береді. Әуелі кешегі безіп кеткен күйеуінің кеудесіне жан оралған екен деп үміттенеді. Сосын жаңа ғана сенделіп жүріп, жағалауға бір соқтығып, соны пайдаланып Әзімнің қашып кеткені есіне түсіп, сондай ұрымтал сәт тағы да бір қайта оралар деп дәметеді. Одан жоқ қарап жүріп, төбелерінен азық-киім тастап кеткен ұшақ хабарларын айтар, құтқарушылар кеп құтқарар деп дәметеді. Өмір сүруге баяғыдай құштарлығы да шамалы. Бірақ, жағалаудағы елде жаутаңдап қалған ұлы мен қызын ойлағанда, алақанындағы бір шөкім тірі мақұлықтың жүрегінiн лүпіліндей нәзік үміт, түсініксіз үміт күшейе түседі. Иә, лайсаң көктемдегі аласапыран теңізде қайда барып тоқтары, қай жағадан шығары, не болмаса, өзі секілді қаңғалақтап келе жатқан екінші бір сеннің астында қап, тұңғиыққа шөгіп кетері белгісіз тоқымдай мұздың үстінде баяғы көрік, баяғы өрліктің бәрінен айырылған тірі мүскіннің көкірегіндегі арман деуге де, қиял деуге де, өтініш деуге де келмейтін күмілжі сезімдермен қай-қайдағыны ойлататын қасіретті хикая тамамдалады.

«Сондай да бір күн өткен», «Сондай да бір түн өткен» дейтін екі кітаптан тұратын диалогия жанрлық-стильдік бітімі жағынан да, концепциялық өзекті ойы жағынан да ұлттық прозамыздағы бүгін таңдағы оқшау құбылыс. Ол — біздің жаңа әдебиетіміздің жаңа арнасын салып беретін алғашқы мұз жарғыштай. Біздің прозамыз бен драматургиямызда жаңа бір ағым басталатындай. Оған «зая ғұмыр әдебиеті» деп ат қойсақ жарасатындай.

Расында да, әлгінде ғана біз шолып өткен үш ғұмырдың үшеуі де, шындап келгенде, зая кеткен өмірлер ғой. Осы кітаптағы қай кейіпкердің тағдыры да зая ғұмырдан өрбіп жатқан жоқ па? Бас құрылысшы ма... Үлкен кісі ме... Саршая ма... Жуан Жақайым ба... Кәрі қақсал ма... Қайсысы? Бәрі де, Арал түбіндегі құмға шөккен кемелердей қазірдің өзінде қайырлап тұрған жоқ па? Тек сол бір балықшы ауыл ғана емес, күні кеше күн көсемдер мен үлкен кісілердің дегендерін екі етпей, біреуі адал жүріп, адал тұруға тырысып, біреулері халқының атын шығарып, елінің даңқын асыру үшін оза шауып, бәйге алуға тырысып, біреулері бақытты жар, бақытты ана атануға тырысып, арам өле жаздаған күллі қоғам ойда жоқта бауыры құмға тірелгендей, қайырлап тұрған жоқ па?

Оны сондай тығырықтан шығарып аламыз деп тызақтағандарымыздың өздері сең үстінде ыққандай сергелдең хәл кешіп жатқан жоқ па? Тіпті: «Осының бәрі неден болды?»— деп ойлануға да мұрша келмей жатқан жоқ па?... Алаңғасарланып, қысыр қиялды қуа берсең, бір далбасаның соңынан бір далбасаға, бір сергелдеңнен соң бір сергелдеңге ұрынып, есіл ғұмырды еш қыласың... Бір өкініштен соң бір өкінішті кеше бересің... Кеше бересің...

Романда баяғы «Қан мен тердегі» жар басындағы балықшы ауыл қайта жолығады. Сенделіп жүрген сең соның қасына кеп, бір ұстаса жаздап, қайтадан көк теңізге лағып кетеді. Сол тұста қашып шыққан Әзім ескі жұрттың үстінен шығады. Еламанның жер қазбасы... Сүйеудің жер қазбасы... Қаленнің жер қазбасы... Солардың, Тәңірберген мен Ақбаланың зая ғұмырының іздері... Кей тұста Жәдігердің, Әзімнің, Бәкизаттың басынан кешіп келе жатқан сергелдең бір кезде, басқа бір заманда Еламан, Тәңірберген, Ақбала кешкен сергелдеңдерге ұқсап кетеді... Сонда бұл не? Ұрпақтар жалғастығы ма? Олар кешкен соразаптың да әлі күнге желісін үзбей жалғасып келе жатқаны ма? Өмір сол баяғы бір орнында

тұрғаны ма? Сори ашылмаған қазақ сахарасы үшін ештеңенің өзгермегені ме?..

Иә, дәл солай сияқты. Дәл сол кездегідей, адал жүріп, нан табам дейтіндеріміз өзгелерге деген өшпенділігімізді өшіре алмай келеміз. Өзі-өзімізден түтіндей бықсып, іштей тұншығып, Жәдігердің кебін кешеміз. Жоқты бар қыламыз деп жүріп, қолдағы бардан айырыламыз. Қарық боламыз деген сайын ғарып бола түсеміз. Оза шауып, бәйге аламыз деп, әлеуметтік өзімшілдікке беріліп, өзімде бар өзгелерде болмасын деп жүріп, бір күні тап сол өзгелердей өзіміз де сазға отырамыз... Қанағат, мейірім жоқ жерде махаббат жоқ. Махаббат жоқ жерде әділет жоқ. Әділет жоқ жерде асылың жасық, алтының тас боп көрінеді. Адамзат жоғалтқан қасиетіне қайта қауышса ғана абзал атын ақтай алуы мүмкін. Соны кеш түсінген Бәкизат Жәдігермен қайта қауышып, қайта бақыт табар сәтті кезеңнен кеш қалып қойды.

Бұл — баршамыздың басымызға түскен зауал. Әлеуметтік тойымсыздыққа бәріміз де белшеден баттық. Әулекілікке ұрындық. Әліміз жеткенше іс қылып, жарығымыз таусылғанша дәурен сүрудің орнына қой үстіне боз торғай ұялататын мамыражай заманға жапатармағай ұмтылдық. Жаппай баққұмар, жаппай өркөкірек, өзімшіл боп кеттік. Бір-бірімізді аяқтан шалдық. Ғайбат сөйлеп, аярлық қылудан тайсалмадық. Арымыздан айырылып, ұятымызды ұмыттық. Бір кезде екі бірдей дүниежүзілік соғыс ашып, жаһанды жаулап алам деп, көрер көзге астамшылық қияпатын шеккен Батыстың киген таз телпегін енді біз де киіп отырмыз.

Қалған дүниені қаскөй санап, абзалдықтың бәрі тек бізде деп көйіттік. Күллі әлемге өнеге боламыз деп жүріп, ақыр аяғында күлкі болуға айналдық. Ол алаңғасарлықтан қазіргі көзі тірі жүргеніміздің бәрі аман емеспіз. Бәріміздің бетіміз шіркеулі. Әділет пен адалдықтың алдында айыптымыз. Сүйтіп жүріп, бір-бірімізге ауыз саламыз. Озбырлық жасамасақ жүре алмаймыз. Сол қысастық түбімізге жетті. Бір-бірінің қанын арқалаған ұрпақтан өрбігендер бір-бірінің көз жасынан сескенбейтіндей боп тас бауыр боп өсті. Талас туа қалса, бірін-бірі тапап тастайтындай шап беруге әзір тұрады.

Қазір де қай-қайдағыны сылтауратып, ілінісе кетер желеу іздеуге құмармыз. Қиянатқұмарлық түбі қияпатқа ұрындыратыны ежелден белгілі. Тағдыр қысастық

біткен құтыла алмайтын сол қияпатына бізді де ұшыратты. Ендеше, бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін басталып, екінші дүниежүзілік соғыстан кейін кеңінен етек алған арылу тақырыбы бізде де желі тартары сөзсіз. Оны сол тауқыметті бастан кешкендер өрбітсе ғана өрісті болмақ. «Зая ұрпақ» әдебиетін жаһандық соғыстардың қан-қасабын бастан кешкен Ремарк, Хемингуэй, Борхерт, Белль, Ленцтер ғана табысты өрістете алды. Солар жазғандықтан да «зая ұрпақ» әдебиеті рухани «арылу» әдебиетіне айнала алды.

Біздің де кешкеніміз зая тағдыр. Әлеуметтік озбырлықтың айдағанынан шыға алмай, асыл мұраттардың өзін асыра сілтейтін алаңғасарлыққа айналдырып алдық. Соның салдарынан да еткеніміз еш зая ұрпаққа айналып отырмыз. Кейде әділ, кейде нақақ талай сөзді естуге мәжбүрміз. Біз көргенді өзіміз бастан өткерген біздер жазсақ қана арылу әдебиетіне айналмақшы. Ал бізден кейінгілер жазса, ұрпақтар өшпенділігін өршітетін, онсыз да көсегемізді көгертпей келген әлеуметтік кекшілдік өртіне май құятын, табашылдық ағымы қаулауы ғажап емес. Оған жол бердік деген сөз, бас-аяғымызды түгендеп, екі қолымызды төрт етіп, егемен ел, азат қоғам боламыз деген дәмеміздің көзіне өзіміз құм құйғандық болып шығар еді. Ондайдың бетін аулақ қылғай.

Сонымен, зая ұрпақ тақырыбы өрмегін құрды. Арылу әдебиеті желі тартты. Естияр қауым мен кемел мәдениет қана үлкен адамгершілікпен өрістете алатын күрделі рухани процесс басталып кетті. Сол бір тың алқапқа алғашқы түрен салған кешегі өткен бейнетті жолдың ащы-тұщысын бірдей тартқан кәнігі дихан болғаны қандай жақсы. Алғашқы адым аршынды басталса, кейінгі сапар қарқынды өрістемек.

Бір ғасырда дүниені екі рет қаран суға алдыра жаздаған батыс құрлықтың жаңа әдебиеті жеке адам тағдырын бірінші орынға шығарып, жеке жауапкершілікті сөз ететін жаңа ағымдар мен бағыттар туғызуы жаппай әлеуметтік әулекілік пен желөкпеліктің жолына тосқауылды қоюдың қамы еді. Кесек эпиканың орнына аз адамдардың, тіпті бір ғана кісінің жан дүниесіндегі алай-дүлей ахуалды ежіктейтін жаңа роман келді. Кең қарымдылықтың орнына терең талдау үстемдік құрды. Шытырман оқиғалардың орнына шырғалаң сезімдер билік алды. Әдебиет белгілі бір дәуірде болып өткен

оқиғалардың көркем шежіресінен соларды бастан кешкен адамның жан дүниесінің кескіндемесіне айналды. Әдебиеттің табиғаты өзгерді. Эстетиканың мұраты өзгерді.

Бұл жайында қазіргі жеткіншек буынның кейбір талантты өкілдерінің айтып жүргендерімен есептеспеске болмайды. Бірақ, жаңа әдебиеттің қарыштап кетуі үшін де «жан драмасы» керек. Ол үшін талайды бастан өткеріп, тауқымет дәмін татуға тура келеді. Ендеше, сезім сергелдеңдері мен сана сапырылысына, рух шамырығуы мен ар арпалысына, ойдағы ойран мен көңілдегі түйткілдерге иек артатын жаңа ағымды қалыптастыруда аға ұрпақтың азулы өкілдерімен бірге ізденіп, бірге қайрат көрсетуге тура келеді.

Ендеше, сол бір өрелі ізденісті бірінші боп бастап берген, бұрын да рухани қайсарлық пен суреткерлік кемелдіктің өнегесін танытып келе жатқан замандас ағаға тағы бір бас иеміз.

1998 жыл. Қаңтар. Ақмола.

ЕЛ АҒАСЫ

Біз бірін-бірі жақсы білгісі келсе, бір-бірінен: «Еліңде кімің бар?» деп сұрайтын жұртпыз.

Құдайға шүкір, мұндай сауалдың тұсында сақал сипап қалған жеріміз жоқ. Жау бетке — білектімізді, дау бетке — біліктімізді, жарастыққа — жақсымызды жұмсаған халықпыз.

Жоралыда жолдан ұтылмауға тырысатын халқымыз егемендік туын көтеріп, адамзат санатында қабырғалы ел атанып жатқан тұста, арғы-бергіден де, көзі тіріден де: «Кіміміз бар еді?»— деп қатар түгендескеніміздің еш айыбы жоқ деп білемін. Сонда: «Жақсың кім еді?»— дегенде ауызға алдымен түсер абыройыл тұлғаларымыздың бірі және бірегейі Бәйкен Әшімұлы Әшімов екендігі даусыз. Мәртебелі ғимараттар мен мәртебелі азаматтардан алысырақ жүретін жасырақ кезімізде сол тараптарда болып қайтатын көзтаныстарымыз ол кісіні көбіне-көп сүйсіне әңгімелейтін. Біліктілігін, орнықтылығын, сабырлылығын сөз ететін. Ол кездің басшыларындай жер тәңірімсімейтіндігіне қайран қалатын. Алғырлығы мен іскерлігі жағынан одақтас республика үкімет басшыларының бәрінен ілгері, бәрінен беделді десетін.

Содан да ма екен, үлкен жиындарға барғанда төрде отырғандардың қақ ортасындағы осы бір келісті кескінге көбірек көз тоқтататынбыз. Бет-әлпетінен, отырысынан аса бір тектілік танып, қаралай марқайып қалатынбыз. Кейін тағдыр олай алыстан қарамай, жақын тіл қатысып, жағдай сұрасып, амандық-саулық біліп жүретіндей күйге де жеттік. Сол кезде баяғы естігендеріміз тек лақап не ел үстіндегі кісіге айтыла берер көп қошаметтің бірі емес екендігіне көзіміз әбден жетті.

Болған азаматқа толғана тілеулес болу да мерейлінің қолынан келеді деседі. Бұған әбден көз жеткізетін бірер сәтті біздің де бастан кешкеніміз бар. Ондайда құттықтаушылар, қуана құшақтаушылар көбейіп кетеді. Аспаннан гүл жауып, айнала қоңыраулатып, үн салып қоя береді. Есікке де тыным болмайды. Бойыңды билеп, сөзің мен сезіміңнің тізгініне бекем болу да оңайға түспейді.

Сондай күндердің бірінде «Бәйкен Әшімұлы келіп еді» деген хабарды естігенде қатты сыйлайтын сырбаз ұстазына алғаш рет емтихан тапсырғалы тұрған албырт шәкірттей абдырап қалдым.

Маңдайы жарқырап, маңғаз басып, кіріп келе жатқан Ел ағасының алдынан шығып, құрақ ұшып, құрмет көрсетіп жатқан інілік ізетіме күлімсірей рахмет айтып, сұхбат бұрышына жайғасып жатып, жан-жағына көз салып:

— Әбіш, мынау қабырғалар мен терезелер менің де талай жылыма куә болды. Сол орынға өздеріңдей жеткіншектердің келгеніне қуанышты екенімді білдіре келдім. Оның үстіне жаңа ел болып жатырмыз. Жаңа жолға түсіп жатырмыз. Елдік осындай орындардан басталатындығын, мұндағы бір-бірімен түсінісушілік пен тілеулестіктің бүкіл елге даритынын осы бастан ескертіп қоюға келдім,— деді.

Ұзақ ырғап, кең толғап жатпайтын кемел аға басын кішірейтпей, сөзін ұсақтатпай, шақтап сөйлеп, нақтап ұғындырып, орынынан тұрды.

Содан бері бірқатар уақыт өтті. Жұрт есінде қалатындай бірталай оқиғалар өтті. Дәуреннің өткінші, жұрт көңілінің құбылмалы екендігіне жеткілікті түйсіңтер жәйттер де болды. Сондай бір мезгілде жақын бір достың басына төтен тап болған қайғының тұсында қалың жиынның төрінде отырған Бәйкен аға есіктен енді кіріп келе жатқан мені көріп қалып:

— Ә, Әбішжан, бері кел... Бері қарай, бізге қарай кел,— деп өзінің қасына шақырды. Ұзын шұбақ жайылған қаралы дастарханды сыртынан айналып өтіп, ағаның қолын алуға ұмсындым. Бір топ ақсақалдардың ортасында отырған Бәкең сырбаз көтеріліп, жайдары бұрылып, құшағын ашты. Бауырына қысып: «Айналайын...,— деп үзіліс жасап ап,— аман жүрсің бе?»— деп сұрады. Сол бір айлар мен сол бір күндерде тек өз әкең мен туған ағаңнан ғана дәметуге болатын осы бір ықыласты күллі қазақтың маңдайға тұтқан тұлғасының аузынан естігеніме төбем көкке жетіп тұрса да, көңілімді іркіп, «шүкіршілік» айтып жатырмын.

«Қолы жомарт айтулының айтулысына айда-жылда бір ат мінгізе алады, көңілі жомарт құдайдың құтты күніне қырық пенденің төбесін көкке жеткізе алады», деген осы екен-ау?»— деп ойладым ішімнен.

Осы жуық арада да Бәкен сөзден сөз туып: «Әбішжан, енді бірер жылда сендер де демалысқа шығасыңдар. Сонда бір ескеретін нәрсе: кінәмшіл болмау, сынампаз болмау. Бұрынғыдай емес, ылғи топ ортасында жүре бермейсің. Қалтарыс қалатын, қағыс қалатын тұстар да аз кездеспейді. Сондайда, кешірімшіл болмасаң, өкпе-бопсаның жетегінде кетесің. Елдікті де, кісілікті де сол бұзады», — деді.

Асыл ағаның жүзіне сүйсіне қарадым.

Кісілік деген өнер емес, ғылым екен-ау деп ойладым. Ізетті екен десін деп, иіліп-бүгілуге, зиялы екен десін деп ыздиып-сыздиюға бәріміз де жетіліп қалдық қой. Бірақ, соның бәр-бәрінің ар жағында, үлкен адамгершілік, кемел кісілік табыла бермейтінін талай байқап жүрміз. Кісіліктің бірден бір белгісі — елдікті қаншалықты қас-терлей алатындығымен өлшенсе керек. Ол ел мүддесін өз мүддеңнен қаншалықты жоғары қоя алатындығымен анықталса керек. Бұл әсіресе төрдегілердің айрықша инабаты мен парасатын талап етеді. Елдіктің жолында өзіңнен зорды құрметтей білу — биік адамгершілік. Елдіктің жолында өзіңмен теңге құлақ асып, қызмет етіп, тілек тілесе білу — ұлы адамгершілік. Артта қалған әлденеше онжылдықтар бойына осы бір ұлағатты қағиданы айна қатесіз ұстана білген бірден-бір адам Бәйкен Әшімов десем қателеспейтін шығармын.

Қазақстанға құрағыта қарау ол кезде де аз болмайтын. Ондай елдің жалының биік болғанын жақтырмайтындар ол кезде де жыртылып айырылатын. Бұл өлке елден ерек көркейіп кеткенге ешкім де ықыласты емес еді. Үлкен державаға керекті байлықты игермеске болмайтын еді. Бірақ, соның өзін бұлдап, бұратаналығыңды бетке басқысы келіп тұратындар да жеткілікті еді. Соның көбіне төтеп беру үшін де терең білікпен қоса, биік кісілік керек еді. Оның үстіне Кремльдің кергіме есіктеріне бір елден екі азаматтың қатар кіріп, қатар шығып, екеуі де абыройлы, ақ жүзді болып жүре алуы ол кездегі үрдістем сирек құбылыс еді. Ауызға ала салуға, араға шала салуға тырысатындар да мол ұшырасатын еді. Соның желігіне елігіп, жоқ жерден жік тауып, желпілдей, елпілдей жөнелетіндер де кездеспей қалмайтын. «Ойбай, анау елдің ана басшысы мен мына басшысы ұстасып қалыпты», — дейтін дүбірлер дүңқ-дүңқ жетіп жататын. Бірге жүріп, бір-біріңнің үстериңнен сөз шығармай,

тыныш жүрсең — жігерсіз жасық, ал бір-біріңнің ізінді пышақтап, пыш-пышты көбейтсең — жігерлі пысық атанатын үрдістер сол дәуірлерден қалған-ды. Сондай арзымсыз құлықтың, ел басына төнер алапат апаттың жойқын тасқыны жолындағы жотасы мығым мықты бөгет бола алғандайдың бірі Бәйкен Әшімов еді десек, ақиқаттың ауылынан табылармыз. Сол мінезінен ол іс басында жүргенде де айнымады. Іс басынан кеткен соң да айнымады. Шиқан біткеннің аузын жаппай шабақтаған шиқыман кездердің өзінде де сыр бермейтін сырбаз мінезінен танып көрген емес.

Енді, міне, ол егемен ел болған кезімізде, өз тізгініміз өз қолымызға тиген кезімізде ел болуға жеріміздің байлығы жетпейді екен деп сескенбейді. Халқымыздың мәдениеті мен білім деңгейі жетпейді екен деп сескенбейді. Сол барымызға көз тимесе екен деп уайымдайды. Салиқалы санатымызды сөз бұзбаса деп уайымдайды. Соны, ең алдымен, ел ұстайтын естияр қауымымыз естен шығармаса екен деп уайымдайды.

Асыл ағаның саясат төңірегіндегі адамның басында болатын әлгіндей әр қилы жағдайдың тұсында өз ауызынан айтқан әлгі бір үш ақылы маған осыны ұқтырады.

Мұндай уайым тек ұлы көкіректерге ғана ұялай алса керек. Тарихтың талай өткелегін көрген кемел көкіректерге ғана ұялай алса керек. Сол шырғалаңдарға шырмалып қалмай, шынығып, шыңдалып шыққан көкіректерге ұялай алса керек. Бәйкен Әшімов те сондай асыл көкірек, абзал пиғыл иесі. Сондықтан да, мен оны әр көрген сайын: «Бұл кісінің алдында тарих ұятты болса, ұятты шығар. Ал бұл кісі — тарихтың бетіне тура қарай алатын адал азамат», — деп ойлаймын. Үйткені, оның жасында «бұлар қайтер екен» деп бұта арасынан сығалап жатуға да болады. «Қап, бәлем, солай ма екен!» — деп айыз қандыруға да болады. «Пәтшу, бүйте ме екен!» — деп сәл нәрсені шиге шаншып, шикілік іздеп жүруге де болады. Олай ету кез келген пенденің қолынан келеді. Олай етпеу тек шын текті, шын кемелдің ғана қолынан келеді. Сондықтан да, әр қилы әлеуметтік құштарлықтар итжығыс түсіп, бет шарпысып жатқан бүгінгідей өтпелі кезеңде арамызда орнықтылық пен тұрлаулылық туындай болып, мұндай кісілердің жүргеніне тәуба дейміз. Оның қашан көрсең де, бір пиғылынан жазбай, ел басындағы азаматтарға жалғыз-ақ салмақ салатынына — алауыздықтан аулақ болуға үндейтініне сүйсінеміз. Үйткені,

қазақ: «Төріңе күңкіл кірсе, іргеннен қиқу кетпейді»,— деп бекер айтты дейсің бе?! Сондайға ұшырап сормаңдай болып жатқан жұрттар төңірегімізде аз ба?! Күні кешегі елден ала бөтен тиген ала дауылдар тұсында қанша дегенмен, құдай қолдап, ел төрінен текті тұлғалардың да табылғанының арқасында ғана есіктегі күліміз төрімізге шашылмай, аман қалып ек қой... Жаратқан тек төріміздің сондай құты мен сондай сыйынан айырмағай. Ол үшін соны ұқтыратын, елдікті ешқашан естен шығартпайтын, елін де қадірлей алатын, еліне де қадірлете алатын жайсаң азаматтарға ұзақ ғұмыр бергей деп тілейміз.

Ежелден бері еңселі елдікті көксеп келе жатқан халқымыздың әр таңды: «Әуелі азаматты аман қыл. Қатарын түгел, аузын бүтін қыл»,— дейтін ақ тілеуден бастауы да талай жерде аузы күйгендіктен, талай жерде маңдайы тасқа тигендіктен өрбіген әдет шығар...

Сол өнегенің асыл өрмегін үзбей, өз басымен үлгі көрсетіп, арамызда жүрген абзал азаматқа, күллі ұлттық пейіл түгелдестігінің тізгінін ұстап келе жатқан ұлағатты ақсақалға, шын мәніндегі Ел ағасына — Бәкеңе Тәңірдің көрсетер жарығы, жамағаттың көрсетер жақсылығы көп болғай!

1998 жыл.

ЕКІ ДҮНИЕДЕ ДЕ НҮРЫ ШАЛҚИ БЕРГЕЙ!

Нұрғиса Тілендиевпен қоштасар сәттегі сөз

Қадірлі қауым!
Аяулы Дариға жеңгей!
Бауырлар!

Баршамызға қазақтың жүрегі тарс жарылардай, қара жердің көкірегі қарс айрылардай қайғы тап болды. Ұлт пен рухтың ең тылсым сырларын шерткен ең дүлдүл қара домбыраның ішегі үзілді. Түзде жел суылынан, көлде құрақ ызыңынан, айдында аққу сұңқылынан жаңылып, дүние кенет меңіреу тартып, төбесімен көк тіреген тәкаппар Алатау да басы айналып, аунап бара жатқандай көрінді. Әлемді әнге бөлеп, дүниені күйге кенелтіп жүрген саз мұхиты әп-сәтте сарқылып қалғандай, сана мен сезім сандалысқа түсті. Дүниеден ұлы суреткерлер өткенде ғана тіршілік тап осылай есеңгірейді.

Міне, арамыздан Нұр-ағамыз, Нұрғиса ағамыз кетіп барады. Кейбірімізге тәңірідей құдіретті, кейбірімізге ертегінің ғайып ерендеріндей алапат көрінетін ғаламат талант иесі де өзіміздей жұмыр басты пенде болып шықты. Жабысып алып шықпай қойған сырқатқа дес берді. Уақыттың межесінен аттамай, мерт болды. Бірақ, көз жұмғанның бәрі марқұм, көмілгеннің бәрі өлік емес. Тәнді көз таса ете алатын қара жер, әнді көз таса ете алмайды. Оның үстіне, бір дүйім жиында Ахмет Жұбанов айтқандай: «Қара жүрек қатыгез біреу табылып, Нұрғисаның бір саусағын кесіп алып, лақтырып тастауға дәті барса, сол саусақтың шоршып жерге түспей, ойнақтап әуеде билеп жүргенін көріп, төбе шашы тік тұрып, өзімен өзі пұшайман болар еді»,— дейтіндей құдіретті ән мен күйге уақыт не істей алмақшы! Күшті-күшті дегенге өлім мен уақыт та, тиісер кісісен білмей тиісіп, бекерден-бекер мыстары құрыр. Нұрғиса халқымен бірге мұңдасып, ұрпақпен бірге сырласып, әнін салып, күйін тартып, қара жердің бетінде қазағымен

бірге бәз-баяғысынша жүре берер. Тек бұрынғысынан да бетер асқақтай, аспандай түсер, жан біткенге жақын тарта, жүрек біткенге ділгер тарта түсер.

Көреген ұстаз көне Алматының бір тәпәне үйінің төбесінде шалқасынан түсіп, домбыра безілдетіп жатқан жерінен жетектеп әкеп, қазақ сахнасына арда емген асау құлындай азат аттаған Нұрғиса бұл дүниеден де сол жүген құрық көрмеген бұла қалпында кетіп барады. Әлемдік саз мұхитының қақ төрінен қазақ сыры мен қазақ шерінің, қазақ арманы мен қазақ пейілінің басқа ешкімге де ұқсамайтын, бірақ кім-кімді де сүйсіндіріп, табынтпай қоймайтын пейіштей әсем тұтас бір құрлығын орнатып кетіп барады. Ол орнатқан күй әлемі дүние тұрғанша тұрады. Тек қана өзі жетпейтін болады. Домбырашы Нұрғисаның қолына домбыра тисе, теңіз төрінде дауыл көтерілгендей, алай мен дүлейдің аласапыранына түсіп, дирижер Нұрғисаның қолына оркестр тисе, Алатау жапырылып, Атлант сапырылып кеткендей, аламан-асырдың астында қалдырып, композитор Нұрғиса билік алса, аспан ашылып, шуақ шашылып, дүние жарқырап жүре беретін қазіргі дәуренімізді көре қалғандардың өксімей ести қалғандардың көксемей өтуі еш мүмкін емес. Жүректің ділгеріне, қиялдың қиырына, арманның тұңғиығына ондай терең бойлай алатындар тым сирек еді-ау.

Әй, несін айтасың, жаратқанның да бір өзіне өзі көңілі бітіп, қарқалази отырғанда, қамырықты күй кешкен қазақты қарқ қылып тастағысы кеп жарата салған Нұрғисасы «орныңа кімді қояйын» деп қиналтатындай, «ой бауырымдататындай» орасан бақ, орасан мерей еді ғой.

Осыдан жиырма үш жыл бұрын елуге толған тойында інілік жасап: «Нұр-аға, сіздің бойыңыздағы бар өнер мен бар қасиетті әділ бөлісіп ала алса, қырық қазақтың қатарынан бағы жанып, қырығы бірдей ұлы атанар еді-ау» дегенімде, тайлағын тарпи-қарпып аймалайтын нар түйедей, тапап тастардай тарпа бас салып: «Айналайын сенен»,— деп тап құлағымның түбінен сүйіп еді.

Тіл аузымыз тасқа! Нағыз сөздің зілі өтер, көздің сұғы өтер сирек құбылыс, Нұрғиса жер бетінде жетпіс төрт жасап аттанып барады. Ел-жұрты етінен ет кесіп бермеді демесек, құрметін, ізетін, махаббатын аямапты. Қара жердің қойнына жұлдыздай жанған жақсымызды жұлдыз құшақтатып аттандырып отырмыз. Сол арқылы

жаратқанның жақсылығын бағалай алатын халық екенімізді таныттық.

Нұрғисадай ұлы талантты қиып, ұрпағымыздың рухани ырысын арттырған бір тәңірге мың мәртебе рақмет айтамыз.

Бақилық даңққа ие бола тұра, фәнилік біздердің ортамызда болып, мұң-шерімізді бөліскен ұлы сазгерге мың мәртебе алғыс айтамыз.

Дүниемен ғұмырлас, халқымен тағдырлас, тәңірмен пейілдес елден еректерді көзі барында мүсіркеу, көзі жоғында жоқтау күпірлік.

Осы жуырда ғана ақкөкірек ағамыз Айдай жұрттың алдында: «Біз өлгенде жыламаңдар. Біз, Абай айтқандай, дүние есігін әнмен аштық, әнмен жабамыз»,— деп еді. Баршамызды баяғыдан бері: «Бұл адамдар күліп келіп өмірге, кетерінде жылай да алмай қалады»,— деп шырқатып өтіп еді.

Ол жылай да алмай өте шыққан тіршілікте қалып бара жатқан біздер көкірегімізді жарып бара жатқан ащы жасты жүрегіміздің басына домалатып, ол мұраға тастап кеткен арманшылдық пен аңсарлық жырын асқақтата береміз.

Құдай артында қалған халқына әрдайым дәл өзіндей желпілдей де желкілдей ән салып өтер жақсылық дәурен жазғай!

Ана дүниеде де артынан жақсы хабар естіп, аунап түсіп жатардай, аруағын үстем қыла көргей!

Тәңірдің өзің тәнті ететіндей таңғажайып талант еді, екі дүниеде де нұры шалқы бергей!

Қаралы қауым!

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың және Үкімет комиссиясының атынан марқұмның отбасына, туған-туысқандарына, ізбасарлары мен әріптестеріне, өнерсүйгіш қазақстандықтарға, бүкіл қазақ халқына шын жүректен қайғырып көңіл айтамыз!

Қазан, 1998 жыл.

ҰСТАЗ ҰЛАҒАТЫ

*Аса көрнекті мемлекет қайраткері, жазушы, ғалым,
ағартушы Ахмет Байтұрсыновтың туғанына 125 жыл
толуына байланысты салтанаттағы сөз*

Ардақты Елбасы!

Қадірлі қауым!

Біз бүгін қилы заманда туып, қиямет кешіп, мерт тапқан ғазиз жанның атын ардақтап, аруағын ұлықтауға жиналдық. Ол бізді кешегіні күйзеле еске алып, келешекті толғана пайымдауға мәжбүр етеді. Оның үстіне, адамзат бір ғасыр таусылып, жаңа мыңжылдық басталар тұсты тым дегбірсіздене күткендей. Ол түсінікті де. Қай межеден де қапы қалмастай боп, абайлап аттағанның айыбы жоқ. Ондайда: «Қайтпек керек!»— дейтін сауал «Бұрынғылар қайткен екен?»— деген сауалға ұласады. Сонда төл тарихыңда қобалжыған көңіл алаңын толымды жауаппен тойтара алатындай тұрлаулы тұлғалар табылғаны қандай ғанибет!

Құдайға шүкір, қазақ даласы қай заманда да ондай марқасқаларға кенде болмапты. Солардың ішінде дәл осы ғасыр басындағы аңтарылыста жұртына жоралылық көрсете алған жолбасшы топтың өмірі мен өнегесі біз үшін тым қымбат. Өйткені, ол ұрпақ пен бүгінгі ұрпақ, түптеп келгенде, бір арқанның екі ұшын ұстап тұр. Ол — жиырманшы ғасыр деп аталатын қазіргі жер басып жүрген ұрпақтардың барған сайын ширыға түскен шытырман тіршілігінің арқауы.

Иә, жиырманшы ғасыр адамзатты елеңдетіп келіп еді, елегіздіріп кетіп барады. Елеңдеткені — қашаннан қордаланып қалған талай түйін шешілсе, енді шешілер-ау деген үміт мол еді. Елегіздіретіні — соның көбі сол баяғы тылсым жұмбақ күйінде қалып барады. Шүкір ететін нәрсе: жиырманшы ғасырға қандай қалыпта аттаса, тап сондай қалыпта қалып қойған бірде бір халық жоқ. Қазақ та солай! Оны ұқпасақ, бүгін аруағына тәу ете келген ұлы тұлғаның ұлылығының неде екенін ұқпағанымыз болар еді.

Ол — кескекті кезеңде келелі істер тындырған кемелер. Кемеңгер. Ұлы тағдырларды ұланғайыр тарих кеңістігінің ұшан қиырларына үңіліп барып ұғына аласың. Сөйтсек, ол кешкен ахуал адамзат басынан әлденеше рет өтіпті. Олардың қай-қайсысы да үйреншікті үрдіспен тіршілік айыру мүлдем мүмкін болмай қалатын тығырық кезеңдерге тап келіпті. Бұл — айрықша асқындап кеткен алапат қайшылықтар амалсыз алып баратын асқан батыл әрі тым шетін әрекеттер кезеңі еді. Ондай нар тәуекелден іс шықса — күллі дүние күйлейтін, іс шықпаса — күллі дүние күйзелетін. Ал дағдылы жолды місе тұтып, әлгіндей бейнетті ізденістерден қалыс қалғандар оның зейнетінен де көп уақытқа дейін қағыс қалатын. Ұлттық дамудың озғындығы мен тозғындығы осыдан өрбитін. Сондықтан, қалыс қауымды алысқа озып кеткен өркениет көшіне жетелеп апарып іліктіруге тәуекел ету үшін елден ерек ер жүректік керек еді. Біз сөз еткелі отырған адам да — сондай сирек сүлейлердің сойынан-тұғын. Оның азаматтық тағдырының қаншалықты ересен қиындықтарға толы болғанын аңғару үшін ұлттық тарихпен шектелмей, ғалами тарихқа көз жүгіртуге тура келеді.

Санап шығу мүмкін емес көп уақыт бұрын ғарыш төріндегі әлдеқандай төтен жарылыстан сындарлы галактикалық жүйе түзіліпті. Оның ішкі қуат алмасуынан тіршілік пайда болыпты. Құбылмалы дүниенің құйқылжыма ықпалымен өніп-өрбу қажеттігі сананы қалыптастырыпты. Соның арқасында тіршілік бірте-бірте алыс-алыс кеңістіктерге аяқ басыпты. Үйірлестік пен үйішіліктен туындаған әлеуметтесу этникалық, мәдени-өркениеттік, саясимемлекеттік әр алуандыққа жол ашыпты. Сөйтіп, адамзат бірте-бірте әуелдегі бір тектен өрбігенін естен шығарып, жүре келе пайда болған айырмашылықтарына басты мән беріп, әуелі бірін-бірі жатырқайтынды, артынан бір-бірімен жауласатынды шығарыпты. Планетаның біртіндеп ойкуменаға айналу кезеңінен бастау алатын. Бұл үрдіс, әсіресе, дағдылы ырзық айыру әбден дағдарған тұстарда тіптен өршіп кететінге ұқсайды.

Күші жеткендер жаңа кеңістіктерге ұмтылса, күші жетпегендер ырзық айырудың жаңа тәсілдерін іздестіруге мәжбүр болды. Келе-келе соңғылар алдыңғыларды басып оза бастады. Олар жер үсті игілікпен қоса жер асты байлықтарды да игеруге көшті. Ол аумақ пен тұрғындардың ара-қатынасын атымен өзгертті. Аумақ-

экономикалық қамсыздықтың бірден бір кепіліне айналды. Белгілі бір кеңістікті тұрақты иемдену қажеттілігі туды. Ұлт, ұлттық мемлекет солай пайда болды. Бұл сонау XV—XVI ғасырлардан бастап, жер асты игіліктерін игеру мен индустриялық даму жолына алдымен бет бұрған батыс Европа елдерінде кеңірек етек жайды. Көп ұзамай технологиялық үстемдікке де солар ие болды.

Бес құрлықтың біреуінің болмашы пұшпағына ғана шоғырланған технологиялық басымдық қалған дүниені қауқарсыздандырып шыға келді. Былайғы дүние әлі игерілмеген кеңістік ретінде қарастырыла бастады. Ондағы халықтарды бұдан арғы тарихи дамуға қауқарсыз бүгін бар, ертең жоқ уақытша тұрғындар деп санаушылық бел алды. Оларды неғұрлым тезірек мемлекеттік дербестік пен ұлттық сипаттан айыруды көздейтін басқыншылық саясат күшейді. Күллі адамзатқа дүниежүзілік соғыстар мен әлеуметтік революциялар ахуалы күштеп таңылды. Оны біреулер өркениет қамын, екінші біреулер езілген тап мүддесін көздегендік деп түсінді. Шын мәнінде, жер бетіндегі халықтардың көбіне — ұлт ретінде жойылып кету, мемлекеттерге — тәуелсіздігінен айырылу қаупі төнді. Бұған төтеп берудің жалғыз жолы — өркениеттің жаңа жетістіктерін өз еркіңмен меңгеріп, халықаралық тиімді еңбек бөлісуге тікелей қатысуға тезірек жетілу еді. Мұндай жағдайда біреулер дүние жүзілік соғыстарға бой алдырса, біреулер — ұлт азаттық қозғалысын қоздыруға мәжбүр болды. Өйткені, өзінде бар экономикалық ресурсты басқалармен тиімді бөлісіп, өркениет игілігіне қол жеткізу үшін, сол арқылы өз отандастарының саяси-экономикалық мүдделеріне жауап бере алатындай кемелді асуға ие болу үшін, ең алдымен, ұлттық езгіден арылу, мемлекеттік дербестік пен тәуелсіздік керек еді. Алайда, оза дамыған дүниенің идеологтары азды көпке, әлсізді күштіге біржолата жығып беру арқылы жаһандық жарастыққа тезірек жетісуге болады деп санады. Жарастықтан гөрі үстемдік көбірек күйттелді.

Бірақ, бұл қай жақ, қай тап үшін де аса қауіпті ахуал еді. Өркениетті жалпы адамзаттық құндылық деп қарамай, оның белгілі бір бөлігінің басыбайлы монополиясы деп ұғатын жаңсақтықтан түбегейлі арылмай, аздың да, көптің де, әлсіздің де, күштінің де құлағынан қиқу кетпейді. Ондай көзапара өгейсітушілік көзапара жатырқаушылық туғызары хақ. Тек бір тарап өгейсі-

тушіліктен, екінші тарап жатырқаушылықтан үзілді-кесілді арылған жағдайда ғана ортақ жарастыққа қол жетпекші. Ол ұлттық факторды жоққа шығармай, қайта ұлттық дамуды өркениет жетістіктермен үйлестіре өрбіту арқылы ғана жүзеге аспақшы.

Жалпақ адамзат әлі түгел және түпкілікті мойындап үлгермеген... Бұл ақиқатқа осы ғасыр басында-ақ қанығып үлгергендер қатарында қазақ қауымы да бар еді. Оған таңданса да, таңданбаса да болады.

Таңданбайтынымыз: Қазақстан отаршылдық құрығынан ең соңы боп құтылғанмен, оған ең алдымен ілікті. Екі ғасырдай мігірсіз бұлқыныс мойындағы бұғалықты одан әрмен тарылта түсті. Талай сабаздар болмайтыннан дәметіп, мерт тапты, сенбейтінге сеніп, дерт тапты. Ғасыр басындағы әлемнің барша әлеуметтік жанды жараларының бәрі бірдей талаурап, бәрі бірдей бебеулеген ең ұшынды аймағы да — қазақ даласы еді. Оның үстіне, екі ғасырдан астам езгі дербес ел ретінде жұтылып кетуге керекті айла-шарғының көбін әлдеқашан жүзеге асырып үлгерген-ді. Дала уалаяттарын билеудің үш дүркін реформасы ұлттық бүтіндіктен, аумақтық тұтастықтан, дәстүрлі билік институттарынан әбден жұрдай қылғанды. Көрші төрт губернияға бөлініп берілген қазақ аймақтарының төртеуінде де этникалық бедерсіздендіру саясатты қауырт қолға алынған-ды. Ішкі аймақтардан жаңа қоныстанушылар көптеп әкелінді. Құнарлы жерлерге солар орналасты. Байырғы халық метрополияға тақау аймақтарда этникалық азшылықтың, ал қиян далада дағдылы шаруашылық пен үйреншікті тұрмыс ауқымына күштеп қамалған резервацияның күйін кешті. Индустриялық революция оларды бұл күндеріне де зар қылуға бағыт алды. Метрополиядан ағылатын қоныстану тасқыны пайдалы қазбаларға бай шөл аймақтарға да лап қойып, қазақтар өз жерінде өздері азшылыққа айналып, жаппай кірме күйге түсетін қауіп төнді.

Мұндай жағдайда ең болмаса, сойылатын тоқтының соңғы тұяқ серіпкеніндей бір қарсылық боларын әркімақ ұғар еді. Бірақ, таңданатынымыз: бұл жолы бұрынғыдай қиқулап атқа мініп, зеңбірекке қарсы шауып, қанға бөккеннен мән шықпайтынын, ұрымтал кезде жан-жақты қамдастырылған жүйелі күреспен қарсы тұру керектігін түсінетін кемел тұлғалардың кенеттен қалай табылғаны? Ұлттық төл элита әлі қалыптасып үлгермеген еді. Оқығандар шашыранды жұрттан шық-

қандықтан бас қосып, күш біріктіруге құлықты емес еді. Мұндай жағдайда әлгіндей тәуекелге бел байламақ түгілі, ол жайында ойланудың өзі ақылға сымас батылдық еді. Соған айдаладағы ауыл мұғалімінің қалай жүрегі тұрғанына қанша таңғалсаң да көптік етпейді.

Бұл жағынан келгенде, Ахмет Байтұрсынов — ұлттық тарихымызда ешкіммен салыстыруға болмайтын ерекше тұлға.

Бәлкім, біреулерге Бұл орынсыз тамсану боп көрінер. Оған дейін де Бұл далада Фараби, Яссауи, Қорқыт, Асанқайғы, Ыбырай, Шоқан, Абайлар да өтті ғой десер.

Ол рас. Бірақ, Ахмет Байтұрсынов оларға ұқсайды да, ұқсамайды да. Ұқсайтыны: ол да аталмыш алыптар сияқты ұлттық дамуымыздың үрдісі мен қарқыны қалған дүниедегі даму үрдісі мен қарқынына сәйкес келмей кенде қалып, көрер көзге тығырыққа тірелген халқына адастырмас жол іздеді.

Ұқсамайтыны: Ахмет Байтұрсынов ондай жол Қорқыт пен Асанқайғыдай үйреншікті үрдісті аман сақтап қалатындай жаңа қоныс іздеумен табылады деп түсінбеді; Фараби мен Яссауидей өз тұсындағы кең жайылған антикалық немесе исламдық дүниетанымға уақытылы көшу арқылы барлық мәселені шешуге болады деп ұқпады; Абай, Шоқан, Ыбырайлардай теңдікке жетудің жолында тек ағартушылықпен шектелгісі келмеді. Оның үстіне, Бұлардың ешқайсысын да Ахмет Байтұрсыновтың рухани қалыптасуына тікелей әсер етті деу тым асыра айтқандық болар еді. Ол кезде жұрттың көбі Фараби мен Яссауидің заты түгілі атына қанық емес еді.

Шоқан Уалихановтың атына қанық қазақ оқығандары еңбектерімен соншалықты таныс емес еді. Ал, Абайдың атына да, затына да Байтұрсынов тым беріде, өз таңдауын жасап, сол үшін айыпты боп, Семейге ауып барған кезде қанығыпты. Ал бала жасынан жақсы білетін Ыбырай өнегесінің жаңа кезең жағдайында жеткіліксіз екендігіне бастапқы жылдары-ақ көзін жеткізіп үлгерген-ді.

Біз бұл арқылы рухани дамуымыздың ойдағыдай өрістеп кете алмауының себебі тарихи сабақтастықтың қайта-қайта үзіліп қала беретіндігінен, соның салдарынан әрдайым тыңнан бастап, өткендер біліп үлгерген ақиқатқа қайтадан өз күшіңмен жетуге тура келетіндігінен, сөйтіп көп-күш жігердің босқа сарып болатындығынан екенін айтқымыз келеді. Алайда, бұдан

Ахмет Байтұрсынов алдыңғылар салған соқпақты қайта шиырлап шықты деген қорытынды тумаса керек. Ол — ешқандай таланттардың иығына шықпай-ақ, бұрынғылардың көздеріне іліге қоймаған соны көкжиектерге көз жеткізе білген көреген. Ол, бар болғаны алты-ақ жыл оқыпты. Екі жылын Торғайда, төрт жылын Орынборда оқыпты. Екеуінде де өз заманының интеллектуальдық өрісін толық таныта алған ордалы оқу орынын, өнегелі ұстаздар ортасын көре алмапты. Ендеше, Ахмет Байтұрсыновтың ендігі тағдыры қыл үстінде тұрған халқының қамын ойлап, жанкешті жолға түсу мен азаматтық кемелділіктің мұншама шырқау биігіне көтерілуінің сырын тек туысынан ерек қабілет пен абзал жүрекке ие азаматтың айрықша ыждаһаты мен мігірсіз ізденістерінен іздегеніміз орынды. Ол бір басының тәуекелімен бүкіл бір ұлттың тәуекелінің түгел оянуына түрткі болды. Бір өлеңінде ол: «оқ тиіп он үшімде ой түсіріп, бітпейтін жүрегімде бар бір жарам, алданып жегеніме оны ұмытсам болғандай жегенімнің бәрі харам»,— деп жазды.

Расында да, оның өз басына жасалған сол бір көзапара зорлық ел басына түскен көзапара қорлықтың түп-төркінін түгел бажайлап тануына себепші болған сияқты.

Ол сонау сахараның көкірегіне шыққан қағынды шиқандай сойқан елестейтін содырлы әкімшілік ордасы Торғай қаласының түскейінде, жапан түздің қонышынан кіріп, қойнынан шығып, сумаңдай ағатын Жыланшық өзенінің аяғында дүниеге келіпті. Еділден есіп өтіп, Жайықты кешіп өтіп, туын Торғайдың суына, Тосынның құмына әкеп шаншыған ала тайлы Шақшақ пен ақ найзалы Әйдеркенің, қаһарынан қамал құлап, хан ыққан қара палуан Жәнібектің арты ауыл арасының дауын даулап, кіріптар күн кешетін, аруақ арып, қасиет қарыған заманда ес біліп, етек жинапты. Тәңірден басқаға тәйт дегізбеген тәкәппар әулетке тентек ояз Яковлевті әкесіндей әкіреңдетіп қойғанын көріпті. Соған апшыған Байтұрсынның содыр бастықты солаң еткізіп, атынан аударып, топырақ қаптыра мытқанын көріпті. Сол қылығы үшін қолда бұғау, аяқта кісен, Сібір айдалып бара жатқан сорлы әкенің: «Менің көзім ашық

болса, Бұл кепті кимес едім. Мендей болмайын десең оқы», — деп, нұқи айтқанын естіпті.

Сол бір найзадай түйрелген намыс сөзі көкірегіне мәңгібақи қадалып қапты. Оқуға аттандырған да намыс. Оған қанағаттандырмаған да намыс. Елің теңелмей тұрып, өзің теңелмейтініңді ұқтырған да намыс. Жат оқудың жады пиғылын аңғартқан да намыс.

Көршілес екі халықтың мәдениеттері үзбей байланыста болуы нәтижесінде әлсіз әлдісінің ықпалына жығылып, бастапқы айырмашылықтарының бәрінен айырылып, ақыр соңында бір ұлтқа айналады дейтінді қисын бел алып кетпей тұрғанда, апаттың алдын алу жолында аласұртқан да намыс. Әрі мәдениетке жетілу, әрі өз қалпынан айырылып, өзге болып кетпеу сияқты аса шытырман мәселенің төңірегінде ойын он саққа, қиялын қырық саққа жүгірткен де намыс.

Мұндай жағдайда әйтеуір, «оқыңдар» дейтін ағартушылық отаршылдық сойылын соғу болып шығарын түсіндіріп, қазақ даласындағы білім беруді қайта жүйелеу туралы ойларымен Омбыдағы Алекторовқа барып жолықтырып жүрген де намыс. Бірақ, үкіметтің ондай оң қадамдарға бара қоймайтынын біліп, күдерін үзіп қайтты.

Ендігі жол — үкіметтің емес, халықтың өзінің көзін жеткізу еді. Елді түзеудің баланы оқытуды түзеуден, ұлт болудың қазақша оқуды жолға қоюдан басталатынын ұғындыру еді. Сол мақсатта әрекеттену үшін метрополиядан шалғайырақ жатқан Қарқаралыға барды. Жанын жегідей жеп жүрген уайымдарын жан-жағына жасырмай айтып көрді. Оны естімейтін құлақтар естіп қойды. «Жуылып тазармаған» Қарқаралыдан аласталып, Семей абақтысына қамалды. Ұлт тізгіні ұлттың өзіне тимей тұрып, ұлттық даму жүзеге аспайтынына көзі біржола жеткендей болды. Енді бостандық жолында ашық күресуге тура келді. Жоғарыда келтірілген бір шумақ өлең де сонда жатып анасына жазылған хаттан алынған-ды. Демек, дәл сол кезде баяғы он үш жасында жүрегіне қадалған оқ ақыр аяғында ұлттық тәуелсіздікті көксейтін айықпас дертке айналды. Нені бастап, нені қолға алса да, сол өзек күйдірген арманнан бастау алатын еді.

Бұл арада басын аша кететін бір жәйт бар. Байтұрсынов ықыласы ауған қай салада да ең үлкен беделге ие болды. Әдеби мұрамызды жазуда, зерттеуде,

насихаттауда арғы-бергі айтулы шығыс танушыларымен қатар тұрады. Өнер мен мәдениет теориясын жасақтауда күллі түркі дүниесінде ең бірінші боп батыл қадымдарға бара алды. Оның «Әдебиет танытқышы» енді қаз тұра бастаған көбең әдебиет түгілі әлем мойындаған кемел әдебиеттің өзіне де көрік қоса алатын сүбелі еңбек еді. «Маса» мен «Қырық мысал» өткелекте тұрған ұлт өмірінің ең зәру мәселелеріне ең дәру жауаптар іздеді. Ол бұрын ұтқыр да өткір шешен сөзге ғана құлақ асып қалған жұршылыққа енді істің байыбына барып, мәселенің мәйегін аршып, еліктіре сөйлеудің орнына ежіктей сөйлейтін шынайы көсем сөздің үлгісін көрсетіп берді. Ағарту ісінде көп мәселеде әлемдік тәжірибеден алға оза әрекеттенді. Көп халықтарда енді талқылана бастаған жәйттерге ол сонау ғасыр басында-ақ өз тұжырымын айтты. Кейінгі тәжірибе оларды дұрысқа шығарды. Қазақ тілінің дамуына жер жаралып, су аққалы бергі қалған қазақтың қосқан үлесі бір пара да, Байтұрсыновтың бір өзінің сіңірген еңбегі бір пара. Сол арқылы түркітануға да келелі үлес қосты. Жаңа жазу. Жаңа әліппе. Тұңғыш емле. Тұңғыш фонетика. Тұңғыш грамматика. Тұңғыш синтаксис. Тұңғыш терминология мен әдістеме. Тіл ашарлар. Тіл танытқыштар. Тіл жұмсарлар. Ұлттық тіл біліміне түпкілікті темір қазық болар мәңгілік үлестер. Кейде күллі бір ұлттың талай ұрпағының қолынан келе бермейтін келелі істерді бір-ақ адамның тындырғаны таңданбасқа болмайтын жәйт. Кейде, шіркін, сол сабаз қазір тіріліп келсе ғой дейсің. Бізге ұят болғанымен, ең үлкен мәртебеге енді ие боп, соны әлі дұрыстап игере алмай жатқан сорлы қазақ тілінің сауабына бір қалар еді-ау деп ойлайсың. Бұл мәселедегі, бір кездегі өзі айтқан, «торғайға атып, шырғайға тигізіп, шырғайды атып, торғайға тигізіп» жатқан талай олқылықтарымызды күйзелсе де, түзетіп, күйінсе де, үйретіп берер еді-ау деп армандайсың. Бір ғана «ш» дыбысы мен «ш» әрпіне қанықтыру үшін: «мынау сорлы шал, бойына назар сал, сақал-шашы ақ; қайраты шақ, баладан ада, қарадан таза, ауқаты-шабақ, сусыны-шалап, аяқта-шарық, қатқан аш, арық, шабақтан, шалаптан болсын ба қарық?»— деп, әлеуметтік тұрмыстың күллі бір эпопеясын көз алдына көлденең тартатын, тіл таныта отырып, тіршілік танытатын әліппелері, «бақ-бақ еткен текені қыс келгенде көрерміз, батырсынған жігітті іс келгенде көрер-

міз», «кісі бір көргенде бұлан, екі көргенде құлан, үш көргенде адам», «ексең егін, ішерсің тегін», «түбі бірге түтіспейді», «ойнаңдар, ойлаңдар» деп жататын тіл ашарлар, шіркін, салт өзгеріп, сана өзгеріп жатқан қазіргі заманда да көптеп шықса ғой. Ахандар қазір арамызда жүрсе баяғы «қызыл әскер тіл ашары» сияқты «Кәсіпшінің тіл ашары», «Іскерлік тілашары», «Тәуелсіздік тіл ашары», «Демократия тіл ашары», «Әділет тілашары», «Кеңсе тіл ашары», «Билік тіл жұмсары», «Құқ әліппесі» қосылмасына, тіл тану құралдары, тіршілік тану, заң тану, адам тану, қоғам тану құралдарына айналмасына кім кепіл? Сондай мемлекеттік тілдің жолындағы талай психологиялық тосқауылдың өз-өзінен аласталмасына кім кепіл? Ал, осы ғасырдың басында Ахмет Байтұрсынов та от басында омалып қалған ана тіліміздің жоқ-жітігін айтып, күні-түні зарлап, қол қусырып қарап отырып алса, қазақ тілі мен ол туралы ғылымның әлі күнге кіндігі кесілмей, шырылдаған шарана халде жатпасына кім кепіл? Егер Ахмет Байтұрсынов осының бәрін сол кезде дүниеге келмек түгіл, әлі ешкімнің қиялына да келе қоймаған ұлттық мемлекет орнап, сол жасап берсін деп, отырып алса, ұлттық мектеп, ұлттық баспасөз, ұлттық тіл тану, ел тану, өнер тану, өзін өзі тану бүгінге дейін болар-болмасына кім кепіл?

Иә, Ахмет Байтұрсынов — ұлттық дамудың талай жыл әбден тот басып қараусыз қалған, тіпті қараң қала жаздаған тегершігін бір өзі айналдырып көріп, мігірсіз қозғалысқа қосып берген, ертегінің ерлеріндей ерен тұлға. Туған халқының рухани жаңғыруының сырын тап ондай біліп, сол жолда қалтқысыз еңбек етіп, мәңгі ескірмейтін ағыл-тегіл мол үлес қоса алған қайраткер қазақ топырағында оған дейін де, одан кейін де болған емес. Неліктен ол мұншалықты жанкештілікке барып жүр? Бұның жауабын оның арман мен арпалысқа толы өмірінің ең шынайы шежіресі — өлеңдерінен ізделікші.

Мақтағандықтан ба? Онда: «Әзірге қолдан келген осы барым, қомсынып, қоңырай ма, құрбыларым, бабы жоқ жұмыстағы мен бір арық, күн қайда үздік шығар топты жарып, бар болса сондай жүйрік, қызар деймін, естілсе құлағына дүбір барып: әйтпесе, арық шауып оңдыра ма, жүргенде қамыт басып, қажып-талып», — деп қайғыра қаймығар ма еді?

Масаттанғандықтан ба? Өйтсе: «қалтылдақ қайық мініп еспесі жоқ, теңізде жүрміз қалқып кешпесі жоқ,

жел соқса, құйын қуса жылжи беру, болғандай табан тіреу ешнәрсе жоқ; бұл күнге бүгін емес, көптен кірдік, алды-артын аңдамаған бетпен кірдік, жат жақты жаратқанға күзеттіріп, жақынмен ырылдастық, иттей үрдік... білдірдік елдің сырын, ердің құнын, еліріп ерегіске екі-үш күндік... кіреді тентек есі түстен кейін, мүшкілін халіміздің енді білдік...», — деп күйзелер ме еді.

Даңқ құмарлықтан дейін десең: «Жанға көңіл қалып тұр, жан бұл күйге салып тұр: тәнге көңіл қалып тұр, тән шыдамай арып тұр; жұртқа көңіл қалып тұр, жұрт жалғанға нанып тұр, өтірік өрлеп, күшейіп, шын жеңіліп, талып тұр; жала деген төбеті балтырыңды қауып тұр; табалаған жаманның шаян тілі шағып тұр; жаны ашыған жақынның жасы көзден ағып тұр...» — деп айтқаны рас болса, кімге сеніп атақ іздейді, кімнен даңқ дәметеді.

Сонда мұншама сарп болып сарсылуда не мән бар? Сөйтсе, мән бар екен: «Адамдық диханшысы қырға шықтым, көлі жоқ, көгалы жоқ — құрға шықтым; тұқымын адалдықтың шаштым, ектім, көңілін көтеруге құл халықтың»..., «рахатсыз өтсе де өмір-жасым, бұл жөнімнен құдайым айырмасын... шалдығатын, шаршайтын жерлер де бар, ...шыққызбайтын жолыңда өрлер де бар... ел бұнымды білемін ұқпайтынын, көтермеге қалғанда шықпайтынын, шалыс басып аяқты жығылғанда, «жатқаныңнан тұрма» деп мықтайтынын ... мен өлсем де, өлемін жөнімменен, тәннен басқа немді алар өлім менен,... тән көмілер, көмілмес еткен ісім,... ойлайтын да мен емес бір күнгі ісін, жұрт ұқпаса, ұқпасын, жабықпаймын, ел-бүгіншіл, менікі ертең үшін...»

Міне, гәп қайда?! Шын азаматты пендешілікке, шын ерді есерлікке жібермейтін де осы: ертеңге деген сенім; келешек алдындағы жауапкершілік.

Ендеше, әңгіме әлі келе қоймаған бостандық, орнай қоймаған тәуелсіздік жайында болып отыр. Өйткені, басқа бір өлеңінде: «Кім біліп, ер еңбегін сезіп жатыр? Кім шыдап жолдастыққа төзіп жатыр. Кешегі кеңшілікте керек қылған бостандық болмаған соң безіп жатыр», — дейді. Осыған қарап-ақ, оның көп қырлы қызметінің қай саласына басым маңыз бергенін аңғарамыз.

Олай болса, Ахмет Байтұрсынов бірінші кезекте халқының азаттығы, елінің тәуелсіздігі мен ұлттық мемлекеттілігі жөнінде жан аямаған күрескер. Бұлай болатын жөні де бар еді.

Ол оқу тауысып, мұғалімдік қызметке кіріскен кез патша әкімшілігінің қазақ даласын билеуде 1822 жылғы Сібір жарғысының, 1868 жылғы Уақытша Ереженің күшін тиып, 1891 жылғы Дала Ережесіне көшкен тұсына тап келді. Алғашқы ереже қазақтарды аталастыққа қарай ауылға, руластыққа қарай болысқа, тайпаластыққа қарай округке бөліп, қылмысты істі сот арқылы, дау-шарды билер арқылы шешіп, дәстүрлі үрдіске жақын үрдісте қалдырды. Екінші ереже үй санына қарап ауылға, болысқа бөліп, әрқайсысының қонысын белгілеп, әлеуметтік істерді орыс шаруаларынша шешіп, жартылай дәстүрлі үрдіске көшірді, ал соңғы ереже бойынша қазақтар ендігі жерде ішкі Ресейге өте-мөте жақын үрдісте басқарылатын болды. Бұл деген сөз әлі күнге көшпелі ауыл қалпында қалған қыр қауымы саны жағынан да, дамуы жағынан да, көк пен жердей үстем тұрған қауыммен бірдей талап қойылып төтен бәсекеге төтеп бере алмай, басымен қайғы боп өтсін деген сөз еді. Ол аз болғандай, сайлау мен партияшылдықты күштеп танып, онсыз да әр губернияға кірме боп кеткен қазақ енді ауыл арасында да ағайындықтан айырылып, тоз-тоз боп кетсін деген есеп еді. Мұндайға Ұлт болып ұйымдасып қарсы тұрудың еш мүмкіндігі қалмаған-ды. Оған қажетті дәстүрлі институттардан түгел айырылып біткен қауымға саналы түрде жаңа үрдіске бет бұрып, жаппай ширап шыңдалудан басқа амал жоқ еді.

Бұндай тұста ағартушылықты тек сауат ашумен шектемей, ең алдымен заман танытуға бағыттау керек болды. «Қамсыз жатқан қазақтың көңіліне соңғы кезде ғана қайғы кіре бастады, басқа келген нәубәттің қайдан келген, кімнен болғанын біле алмай, әр кімнен көріп өкпеледі. Қазақтың өкпелеуінің жөні бар ма, жоқ па?»— деп толғанады бір мақаласында Ахмет Байтұрсынов. Бұл жайында толғана-толғана келген қорытындысы: «өзімізге өкпелемесек, өзгелерге өкпелер рет жоқ... Талабы жоқ, үміті мол халықпыз... Қатерлі жерде қаперсіз отырды... өткен өтті, іздегенмен таптырмайды, қуғанмен жеткізбейді... Ендігі әңгіме; өткенді көксемей, сары уайым сала бермей, сағым қуып, сандала бермей, шала жансарланған шаруаны түзету... Жеке кісі түгілі жалпақ ел заманның бұйдалап жетектеген түйесі. Енді заманның жетегінде жүрмеген шаруаның мұрыны жырылмақ». Мұрынды жырдырмау үшін не істемек керек? Оған айтар жауабы: «...Ақысын жібермейтін дәрежеге жеткенше

қазаққа қай жағынан да болса теңдік жоқ. Бұл заманда қолы жетпегенді теңдікке жеткізетін... өнер — білім. Сол өнер-білімге мезгілі өтпей тұрғанда үйренсек, тұрмысымызды түзетіп, басқалардың аяғы астында жаншылмас едік. Біз де өз алдымызға бір жұрт екендігімізде білдірер едік. Осыларды істей алып отырған жұрттың бәрі де сондай болмаған. Бұлар да басында біздей, ...бізден де өнерсіз болған. Халық жүре, оқи, талаптана келе осыған жеткен...» «Ендігі істейтін іс: ай мен күндей әмбеге ортақ білімді меңгеру... білгісі келгенге білім табылады... білім үшін әуелі керек қылу шарт, екінші жаһат ету шарт...» бұдан бүгінгі біз үшін шығаратын қорытынды: тіршіліктің үйреншікті үрдісін заманға лайықтап түбегейлі жаңғыртпақ шарт... Ұлттық сананы заманға лайықтап түбегейлі жаңғыртпақ шарт... Ұлттық сананы заманға лайықтап қайта қалыптастыруға жұрт боп жұмылмақ шарт. Өйткені, біз өкпеледі екен деп, өз өзегін үзіп бере қоятын, бопсалады екен деп болатынды болдыртпай қоятын заман бәрібір жоқ. Ұстанған бағытыңды сен өзгертпесең, ол өзгертпейді. «Қатыны өлген еркек қызы бар үйге қарап дауыс етеді» дегендей, басқаларға көзінді сатып та қарық болмайсың. Енді бір ұлтты бір ұлт жеткізбек түгілі біреуді біреу асырайтын заман емес.

Сөйтіп, Ахмет Байтұрсынов күллі адамзаттың даму үрдісі түбегейлі өзгеріп жатқан тұста қазақ халқына басқалардан өзгеше заман болмайтынын ескертіп, одан да қамсыз қалмауға үндейді. 1912 жылы Орынбордан басылып шыққан тұңғыш әліппесіндегі: «Құлақ екеу, ауыз біреу. Ол не үшін бұлай? Көп тыңдап, аз сөйлеуге жаратқан оны құдай. Ауыз біреу, көз екеу — ол не үшін бұлай? Көп көріп, аз таңдануға жаратқан оны солай. Ауыз, біреу, қол екеу — ол не үшін бұлай? Көп жұмысшы, аз жеуші — жаратқаны ол солай», — дейтін бопса өлең сәбилерге емес, күллі әлеуметке бағышталған тұспал ұран еді.

Жұртшылыққа ұсынар дәрістері де қызық. Өрбу заңы... Шаруа жайы... Жер жалдау... Егін егу... Оқу мен оқыту... Олақтық пен салақтық... Тән саулығы мен жан саулығы... Сүтті сиырдың белгілері... Дағдылы жол мен айлалы жол... Земство... Сот... Араб әліппесі... Партияшылдық. Рушылдық... Қазақ салты... Дүние қандай, біз қандай... Уақ қарыз... Жәрдем комитеті... Кооперация... Қазақтың өкпешілдігі Һәм түрлі мәселелері...

Қысқасы, қазақ қауымына не қат, не қажет болса, соның бәрі жәйлі...

Өйткені, құба даланың бұла перзенті боп ұзақ жүрген көшпелілер, Ахмет Байтұрсыновтың сөзімен айтсақ, «мал бағу мен барымта жасаудан» басқа кәсіп көрмегендіктен көп кәсіпке шорқақ. Оны меңгеруге сауат жетпейді. Сауаттан гөрі де құнт жетпейді. Өйткені, сол кездің өзінде, «қазақта хат білушілердің проценті мұжықтардан жоғары» болыпты. Алайда, сауаттылар саны: «Алты миллион қазаққа алты ат жегіп, тарта алмадың деп өкпелеу жөн бе?»— деп Ахаңның өзі айтқандай, әлі де болса аз еді.

Оның үстіне, ол сауат қазақтың қам-қарекетінен аулақ жатқан әуейі сауат еді. Олай болатыны, орыс оқуының көксейтіні — қол астындағы жұрттардың жазу-сызуы, тілі, діні бір болғаны. Мұсылман оқуының көксейтіні: бір алланың шарапатынан басқа ештеңеге алаң болмауға баулу. Сондықтан да, қазақша оқымай, қазақ өзіне керек ғылым үйренбейді. Бұны айтқаны үшін Байтұрсынов пен әріптестері екі тараптан да құқай көрді. Патша өкіметі: айып салып, абақтыға қамаса, мұсылманша оқығандар: «қазақша деген қайдан келді» деп үркіп, «орыстың сорпасын ішіп, шошқаның жілігін кемірген орысша оқығандар... мұсылманша оқығандарды масқара қылмақ»,— деп ғайбаттап, ағайынмен араздастырды. Сонда екі жаққа да қазақша оқу қажетсіз боп шығады. Неге бұлай? Әркім өзіне керегін күйттейді. Көптің керегін әркім өз шаруам деп емес, біреудің шаруасы деп санайды. Ол үшін біреулерге өкпелеп, біреулерді сынайды. «Қазақ балалары қазақ жұмысына қолынан келгенше қарап тұрмай кірісіп істей берсе, ұлт жұмысы ұлғайып толықпақшы. Іс қолынан келмейтініне сөз жоқ, іс қолынан келетіндері де қарап жатыр... Алға басып жұрт қатарына кіру керек. Басқадан кем болмас үшін біз білімді һәм күшті болуымыз керек. Білімді болуға оқу керек. Бай болуға кәсіп керек. Күшті болуға бірлік керек. Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек»,— деп ренжиді Ахмет Байтұрсынов.

Байтұрсынов бөліне-жарылушылық атаулыға атымен қарсы боп, бәрін де ұлттық жаңарысқа жұмылдыруға тырысты. Ол өтпелі кезең жағдайында кездеспей қалмайтын дәстүршілік пен жаңашылдық тайталасында жаңаруды жақтады. Жаңару жаппай жұмылмаса жүзеге аспайды. Жиғанды тойға, білгенді дауға шашып, ауыз

бірікпейді. Олжалы жердегі үлес пен жоралы жердегі жол да тек білімдіге ғана емес, біріккенге бұйырады. Ұлт мүддесі — үлкен міндет. Үлкен іске көп кісі керек. Көпті күшті билік жияды. Өз ісің өз билігіңді өз қолыңда бекем ұстай алсаң ғана өнеді. Ол үшін ұлт әуелі өз ахуалын өзі терең түсініп, оны түзетуді бірлесе ойластырып, бірлесе қамдастырмақ шарт. А. Байтұрсынов жан-жақты әдеби-ғылыми шығармашылығы мен ұстаздық-қоғамдық қызметін қандастарына осыны терең ұғындыруға арнады. Бұл оның ұлттық мемлекет билігі жолындағы жүйелі күресіне керекті білім, тәжірибе, бедел жиып бере алды.

Ол сөйтіп ұлт тәуелсіздігі жолындағы «Алаш» қозғалысының орталық тұлғасына айналды. «Алаш» партиясын құрысты. Тәуелсіздікке жетудің стратегиясы мен тактикасын жасақтасты. Бұл жағынан «алаштықтар» асқан елгезектік таныта алды. Жаһангерлік саясатта опа бермес олқылықтарға ұрынып, ойсырай күйзелген халықаралық ахуалды қапы жібермеуге тырысты. Бірінші дүниежүзілік соғыс ірі де іргелі мемлекеттерді алауыздыққа ұрындырды. Бодан халықтар бой көтерді. Шығыс Европа елдері өз тәуелсіздігін ресми түрде мойындатуға кірісті. Ресейдің батыста да, шығыста да масқара боп жеңілуі шет аймақтардың метрополияға қарсы, ал метрополияның самодержавиеге қарсы наразылығын күшейтті. Монархия биліктен кетуге мәжбүр болды. Мұрагер таққа отыруға тәуекел ете алмады. Биліктің бүйтіп өз-өзінен мүжіліп біткенше өзгермеуі ескіден уақытылы жирене алмай, жаңаны уақытылы игере алмай оралымсыздыққа ұрынған қоғамдарға тән болса керек. Ондай қоғам әлгіндей дағдарыс тұсында бірден сара жол таба алмай, әрқилы елірме күштерге бел алдырып шөре-шөре ахуал кешетін түрі бар. Ырықтан шыққан оқиғалар жетегіндегі Ресейдегі билікке таласқан күштер ауызға ілігер олқылық іздеп, қол жалғасар одақтас іздеп алас ұрып бақты. Сонау декабристерден соң ауызға ілікпей кеткен ұлттар теңдігі қайтадан сөз бола бастады. «Алаш» тап осы тұста атқа мініп, ұлттық автономияға қол жеткізіп қалуға тырысты. Бұл мәселені де бірінші болып ресми талқыға салуға мұрындық болған Ахмет Байтұрсынов еді. Ол Міржақып Дулатовпен бірігіп, 1917 жылдың шілдесінде Орынборда өткен жалпықазақтық бірінші құрылтайда «автономиялы тәуелсіз қазақ мемлекетін» құруды ұсынды. Бірақ, құрылтай Әлихан Бөкейхановтың «демократиялық,

федеративтік және парламенттік Россия құрамындағы қазақтың ұлттықтерриториялық автономиясы болуы» жәйлі ұсынысына көбірек ден қойды. Алайда, оқиғалардың одан арғы даму барысы бұл үміттерді де әлсірете түсті. Уақытша үкімет тегеурінсіз болды. Демократияшыл күштердің беделі кеміп, аралық күштер солқылдақтыққа ұрынды. Солшыл күштер, әсіресе большевиктер еңсе көтерді. Байтұрсынов басшылығындағы «Қазақ» газеті: «Мұндай лайсаң заманда закон жоқ, жол жоқ, қорғалайтын пана жоқ. Әркім өзін өзі қорғайды. Әуелі өлмеске, екінші мал-мүлкімізді талауға бермеске, үшінші осы лаңның ішіне кірмеске қолдан келген күшімізді, ісімізді сарп етуге керек. Данышпандар білімін, азаматтар қайратын ұлты үшін аямай жұмсайтын орын осы»,— деп дабыл қақты. Құдайдан басқадан қорықпай, бұрынғы айтыстарды ұмытып, халық бірлігін нығайтуды бірінші кезекке қойды. Сонда ғана ұлт тізгіні қолға ілігіп, оны бекем ұстауға болатынын ескертті.

Алайда, метрополияда өте күшейіп кеткен әлеуметтік жіктеліс шет аймақтарды да қамти бастады. Соны тілгетіек еткен «Үш жүз» партиясы: «қазақтар «Я Сібірмен, я Түркістанмен» бірге қосылып, бас қамдарын қылмаса, өз алдымызға автономия болғанымыз қатер»,— деп мәлімдеді. Оның үстіне қоңсылас әр губернияға телініп, аумақтық бытырауға ұшыраған қазақ даласының әр аймағында өз элитасы нышан беріп, бәрі де билікке тырмысып, ортақ өгіз бұйырмаса, оңаша бұзауларынан айырылғысы келмейтін сыңай байқатты. Біреулері тарихи тағдырлары орайлас, мәдени тамырлас Түркістан халықтарымен бірігіп, автономия құруды жақтады. Екіншілері метрополияға қарсы күресіп жатқан Сібірдің құрамында автономия алуды қалады. Үшіншілері, қазақтың дербес өз автономиясын құруды мақұлдады. Төртіншілері, оған тек ішкі Ресеймен іргелес губерниялардың қазақтарын кіргізуді жөн көрді. Бесіншілері, ондай автономияға Түркістандағы қазақтарды да қосуды қажет деп тапты. 1917 жылдың желтоқсанындағы екінші жалпықазақ құрылтайы ұзақ таластан соң соңғы шешімді қолай көрді. Оқиғалар беталысы бұған да тосқауылды көбейтті. Сібірдегі Колчак үкіметі либералдықтан гөрі таза монархиялық сипат танытты. Семейдегі Алаш үкіметін жаптырды. Түркістан автономиясында аз ұлттардың өзара қырқысы қоздады. Ондағы

Уақытша үкімет басшылары Мұхаметжан Тынышбаев пен Мұстафа Шоқай елден аластатылды. Батыс Алашорда мен Дутовшылар мәмілесі де ұзаққа бармады. Большевиктер үстемдігі тарихи шындыққа айналды. Ұлттық автономиядан не атымен қол үзу, не большевиктермен келіссөз жүргізу керек болды. Бұған дейін автономия төңірегіндегі кереғар пікірлерді үйлестіруге үнемі ұйытқы боп келген Ахмет Байтұрсыновқа бұл міндетті өз мойнына алуға тура келді. Ағарту ісіндегі, әдебиет пен ғылымдағы, әлеуметтік қызметтегі табандылығы, білімдарлығы, бірлікшілдігі арқасында түрікшілердің де, орысшылдардың да, қазақшылдардың да, либералшылдардың да тапшылдардың да алдында үлкен беделге ие айтулы қайраткермен келіссөзге большевиктер де пейіл болды. Қайта бұл оқиғаның төңірегінде үлкен даңғаза жасауға тырысты... Ұлттық автономия идеясын су түбіне жібергісі келмеген Ахмет Байтұрсынов 1920 жылы кеңес мемлекеттік басшыларының тікелей қолқасымен Коммунистік партия қатарына өтуге мәжбүр болды, бірақ бір жылдан соң енжарлығы үшін шығып қалды. Ол мұндай қатерлі қадымға бармаса, тек қазақтардың ғана емес, күллі Түркістан халықтарының мемлекеттік дербестігі көктей солатын еді. Уақытында жасаған мәміле арқасында қазақтарға көпұлтты Ресей құрамында таптық негіздегі автономия берілді. Қалған Орта Азия халықтарына Түркістан республикасы құрамында автономия берілді. Кейін Қазақ автономиясы Ресейдің құрамынан шығып, дербес республика боп жарияланды. Оған Түркістан республикасының құрамындағы жерлер қайтып берілді. Сөйтіп, таптық негізде болса да, қазақ жері аумақтық тұтастығын қалпына келтірді. Қазақ халқының дербес мемлекеттікке қақылы екендігі заң жүзінде мойындалды. Бұның бәріне де Ахмет Байтұрсынов тікелей еңбек сіңірді. Ол үшін дұшпанның жаласына да, достың табасына да төзуге тура келді. Бұл — шын мәнінде, халқының алдындағы үлкен ерлік еді. Кейін біздің егемендік алып, тәуелсіздік жариялауымызға да сол бір жанқиярлықпен жүзеге асқан жағдай бірден бір құқықтық негіз болды. Әрине, Ахмет Байтұрсынов өзі армандаған ұлттық-аумақтық мемлекеттілікке қол жеткізе алмады. Бірақ, біз қиял дүниесінде емес, нақты тарихи аяда өмір сүріп отырмыз. Осы ғасыр басында өз тәуелсіздігі жолында қазақтардан кем күш жұмсамаған, бірақ шартты да болса, әлгідей мәртебеге

қол жеткізе алмай қалған бауырлас халықтардың тағдыры әлге дейін дұдамал күйде екенін ұмытпауымыз керек. Ендеше бұл тағдырымызға да тәубе деп, соның жолында аянбай еңбек еткен аяулы азаматтарымызды алғыспен еске алуымыз қажет. Солардың ішінде, ауызымызға алдымен Ахмет Байтұрсыновтың ілігуі әбден заңды. Өйткені, ол бұл мақсаттың жолында мүмкін нәрсеге де, мүмкін емес нәрсеге де тәуекел ете білді. Осы ғасыр басында ұлттық дербестік пен саяси-әлеуметтік және экономикалық жаңару жолына әуелден де айта қаларлық мәдениетке ие Шығыс Европа халықтары, әлем мойындаған дербестікке ие түрік, жапон мемлекеттері ғана тәуекел ете алды. Қалған халықтардың көпшілігі тек екінші дүниежүзілік соғыстан соң ғана бұл мәселелерді қолға алды.

Ахмет Байтұрсынов өз арманы жолында арыстанның аузына, зымыстанның түбіне бара жүріп, халқына қалтқысыз еңбек сіңіре білді. Елдің арасына алалық кіргізетін айтыс-тартыстан аулақ тұрып, тек қана ұлттық мүддеге қызмет етті. Кеңес үкіметімен мәмілеге де сол үшін барды. Ақ пен қызылға бөлініп, бір бірін бүріп тастағалы тұрған үзеңгілестерін аман сақтап қалғысы келді. Бай мен жарлыға бөлініп, барынан айырылып қалғалы тұрған халқының ұйытқысының бұзылмағанын көздеді. Патша кезінде де жан аямай қолға алған ағартушылық реформаны жаңа жағдайда жалғастыра беруге тырысты. Сол үшін де ағарту комиссары болуға келісті. Сол арқылы ұлттық оқу-білім, мәдениет, өркениетті дамыту ісіне ешқашан естен шықпастай мәңгілік үлес қосып үлгерді.

Бірақ, тапшыл идеология өліара кезең өткен соң түбегейлі үстемдікке ұмтылды, кешегі уәделер ұмытылды. Ұлттық автономиялар уақытша шарттылыққа айналды. Бір кезде самодержавие үлгере алмай кеткен аздарды ұлтсыздандырып, көптің сойылын соқтыратын саясатқа көшті. Оған қарсы болатын күштер алдын ала есепке алынып, олардың алдынан арандар қазылды. Халықтардың тарихи қалыптасқан әлеуметтік қатынастары жаппай тапшылдық арнаға көшіріліп, ұлтішілік алауыздық ашық қолдау тапты. Ахмет Байтұрсыновтың үзеңгілестері жаппай жер аударылды. Олар жоқта ауылды зорлап ұжымдастыру, байларды тап ретінде жою, отырықшыландыру, асыра сілтеу жүзеге асып, жердің, малдың ортақтастырылып, иесіздендірілуі кеше-

гі кеңесті жақтаған зиялылар арасында да наразылық туғызды. Адамдар теңдігі бұрмаланып, халықтар теңдігі аяққа басылды. Жаппай тексіздендіру етек жайды. Байырғы халықты ежелгі аумағының түп иелігінен түпкілікті айыруға тікелей бет бұрылды. Не болып, не қойып жатқандығының арғы астарын аңғарады-ау деген естияр қауым абақтыға қамалды. Атылды. Асылды. Солардың арасында ұлттар теңдігіне, халықтар жарастығына, сол арқылы жүзеге асатын экономикалық-әлеуметтік, саяси-рухани жаңарысқа ұмтылған адамгершілік диханшысы Ахмет Байтұрсынов та арманда кетті. Содыр солақайлықтың наны жүрді. Гуманизмнен тапшылдықты, азаматтық келісімнен әлеуметтік кекшілдікті, саяси плюрализмнен саяси текетіресті, бейбіт бәсекеден бітіспес бақастықты артық қоятын әлеуметтік жыртқыштықтың үстемдігі орнады. Ол бабалардың атағын өшіріп, ұрпақтардың жадын жадағайландырды. Санамызды саяси байбаламшылдықпен уландырды. Бірақ, сол кезде де талай баланың аты Ахмет қойылды, авторы аталмаса да, ол негізін салған тіл ғылымы өркендеді. Ол жасаған терминология мен грамматика негіздері өмір сүрді. Тіпті ол аударған мысалдар мен өлеңдерді талай шәкірт жаттап өсті. Халық көкейінде ол сепкен ұлы мұраттардың дәні көз таса көктеп жатты. Ұрпақтар жүрегінде жатқан сол бір құпия махаббат әділет сағатын күтті.

Ол сағат Байтұрсынов ақырына дейін адал қызмет еткен тәуелсіздік жеңісімен бірге соқты. Жетпіс жыл бойы тұншықтырылған егемен мемлекеттілік бәрібір жүзеге асты. Оны баянды ету үшін де бір кезде Ахандар айтқандай, тағы да қапы қалмастай боп, бір құдайдан басқадан қорықпай, араға жік салар айтыс-тартысты ұмытып, халық бірлігін нығайта беруге тиіспіз. Сол арқылы өзгеріске толы дүниеде өзгелерден кем қалмайтындай боп, өз орнымызды иемдену үшін бір кезде олар бастап беріп кеткен түбегейлі жаңарысты жаңа қарқынмен жалғастыруға міндеттіміз.

Бұл да бұралаң жол. Тәуелсіздік төбеден түспейді. Отаршылдық оңай шегінбейді. Соған байланысты өтпелі кезең айырықша оралымдылықты, жітілікті талап етеді. Қалыптасып отырған жағдайды елең етпейтін сыңар езулік ақыр түбі жарға жығады. Біздің жас мемлекетіміз жартасы көп ағыны қатты тар бұғазбен алғаш алыс сапарға шыққан кеме сияқты. Тұмсығымыз тасқа тірел-

мей, ілгері басып келеміз. Соны қамтамасыз ете алатындай сындарлы саяси ақыл табылғанына, оны ұғып құптай алатын ұғымтал халқы барына тәуба дейміз. Алдағы құрбан ұрпақтың зая тағдырының ащы тағылымы бекер кетпепті. Соны нәзік сезініп, жіті түсінер алғыр ұрпақ бар екен. Соның арқасында кешегі кеңестік кеңістікте лапылдаған ұлтаралық жанжалдар мен саяси бейбастықтар өртінен аман шықтық. Бүгінгі күллі дүниені қамти бастаған экономикалық және саяси дағдарыстың дауылына килікпей, алдын ала қам жасалып жатыр. Былтыр қолға алған реформамыздың алыс көкжиегіне дейін анық мөлшерлеп, айқын межелеп беретін ұзақ мерзімді Стратегияға ие болдық. Биыл есік қағып тұрған жиырмамыншы ғасырдың табалдырығынан қалай аттап, одан арғы көздеген мақсатымызға қарай қалай батыл қадымдаудың байыпты тактикасына ие болып отырмыз. Екеуінің өзегінде де бір кезде асыл арыстарымыз армандап өткен қалған адамзаттан еш кем емес жоралы жұрт болу. Жаңа ғасырда жалпы өркениет әлемінің қалың ортасынан табылу. Құдайға шүкір, оны қамтамасыз ететіндей бай табиғи, моральдық ресурс, алыс-жақын әбден танып, оң бағаланған саяси бедел бар. Көп боп бітетін шаруаны керек кезінде кемел жарастық таба алған қоғам ғана іске асыра алады. Ол үшін өз арасымызда да, қалған адамзатпен де оңай тіл табыса алатын өркениетті қарым-қатынас керек. Сондықтан да тәуелсіз мемлекетіміздің тұңғыш Президенті бір жылды түгелімен тұтас халық боп тоталитаризмнің жиіркенішті табиғатын танып білуге, бір жылды көп ғасырлық тарихи тәжірибеміздің жетісі мен кемісін пайымдауға арнады. Сөйтіп, әлемдік ахуалдың арғы-бергісін шолып, жаңа ғасырда тек адамзаттың басым көпшілігінің үрдісіне айналған саяси экономикалық қатынастарын жете меңгерген халықтар мен қоғамдардың ғана бағы жанатынына әбден көзі жетіп, бәрімізді аса зор серпіліске шақырып отыр. Оның жаңа Жолдауы іште де, сыртта да қолдау табуда.

Мемлекет пен азаматтық қоғам, билік пен халық арасындағы ықпалдастықты нығайтатын демократиялық өріс кеңейді. Кеңейе бермек. Сол арқылы азамат — қоғам — мемлекет кескіндемесіндегі барлық бунақтың саяси жасампаздығына жаңа қарқын бітері даусыз. Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Қазақстан жағдайында авторитаризм өрге бастырмайтын, тұйыққа тірейтін кесапатты

жол екенін ашық айтты. Сол арқылы жиырмамыншы ғасыр басындағы дүрбелең тұсындағы тақсіреттің жиырма бірінші ғасыр басындағы тарихи өткелекте еш қайталанбайтынына көзіміз жете түсті. Бұл — барша-мызға қазіргідей тарихи өткелек тұста ауадай қажет оптимизм. Оның нақты нәтижесін бәріміз үшін саяси көрегендік пен азаматтық тұрлаулық емтиханы болғалы тұрған жаңа Елбасы сайлауы ойдағыдай көрсете алатынына кәміл сенеміз.

Біздің кемеміз үміт жағалауына жақын қалды. Бұндай кезде жауапкершілік бұрынғыдан да арта түседі. Өйткені, сын кезең әлі өткен жоқ. Тарихтың алдан қанша талқысы тосып тұрғанын ешкім білмейді. Сонда қалтылдақ қайықтың кебіне түспес үшін тәуелсіздік алғаннан бергі аз жыл ішінде жинақталған тағылым мен тәжірибені жете байыптап, әділ бағалағанымыз, бұдан ары қарай да тізгінімізді сол талай тығырықтан аман алып өткен саяси реализм мен мемлекеттілігіміздің, демократия мен реформаның мүдделерін қорғаудағы азаматтық табандылықтың сенімді қолына бекем ұстатқанымыз дұрыс болары даусыз.

Тек сонда ғана осындай аса бір жауапты кезеңде бәріміздің басымызды маңызды мәслихатқа жиып отырған Ұлттың Ұлы ұстазы аруағы алдындағы шәкірттік арымыз таза, иманымыз кәміл болар еді.

Ол, бүгін расында да мынау бостандықтың бозала таңында ақ бозға мініп, қыр басынан көрінген Хызыр Ілияс сияқты. Алдынан жүгіріп, аяғын құшқымыз келеді. Үзеңгісіне жабысып, әкеден балаға ауысып келе жатқан сағынышымызды басқымыз келеді. Қайтадан ақ жол үстіндегі бүгінгі ұрпақ ол жазып кеткен адамгершілік пен азаматтық, жаңартушылық пен жасампаздық әліппесін жетік меңгеріп, жемісті жүзеге асырарына сендіргіміз келеді.

Сонда рухани піріміз Ахаң көк аспандағы көлеңдей желпілдеген көк туымызға көзі түсіп сүйсінер. Өздері көре алмай кеткен тарихи дәуренге біздің жеткенімізге еміренер де тебіренер. Бір кезде «Қазақ» газетінде берген батасын берер: «Төңірекке қарасаң, түнерген бұлттар әлі бар... Түбі қандай болады деп қобалжымалық... Дауылды жауын ету қолымыздан келмесе де, үйімізді үй етіп, шашылмай қалудың қамын желік... Дүниенің төріне ұмтылғандар төрден орын алып жатыр. Ұмтылмағандар есікте қалып жатыр... Қалмайық десек, қарап жат-

палық... Көп ісіне көп болып жабылайық... Қолымнан не келеді деп қорынбайық. Ұлтына қызмет етуге ниет болса, жұмыс табылады. Көп жұмыстың ауыры да, жеңілі де болады. Қазақтың бітіп, тынып тұрған нәрсесі жоқ. Әркім әлінен келер жұмысын алсын. Жадымызда болсын, аз нәрсе көпке сеп болмақшы. Сәл демеу зорға сүйеу болады. Ұлы іс ұсақтан ұлғаяды... Ұлт үшін деген күштің ұлғаюына үлес қосу қазақ баласына міндет.

Қай ісіміздің де құдай сәтін салғай! «Әумин» деп қол жайып, «Әуп» деп күш қосып, «Алла!— деп іске кіріселік»,— дер.

Бүгін бұны жете ұғынып, терең сезініп отырған халық та бар, қоғам да бар, азамат та бар. Сондықтан ұлтымыздың кешегі де, бүгінгі де, ертеңгі де ұлы ұстазына: «Ләббәй, тақсыр! Айтқаныңыз болсын!»— деп басымызды иіп, тағзым етелік!

Рахмет!

Қазан, 1998 жыл.

ӨМІРЛІ ӨНЕГЕ

— Өз-ағаң!..

Мен ол кісіні осылай атағанды жөн көретінмін. «Өз ағам» деу тым өзімшілдік сияқты сезілетін.

Иә, ол кім де болса: «Өз-ағаң!» — деп өнеге тұтқыза айтуға әбден лайық азамат еді.

Рас, сырт қарағанда — құз басындағы құлжадай айдынды көрінетін. Қаралай айбынтып тұратын. Қас-қабағында, өңінде кісі қаймықтырар сұс болатын. Бәлкім, ол мұғалім болғандығынан, үлкен қызметке мектептен келгендігінен шығар. Сырт көзге сыр шаша қоймайтын сырбаз еді. Мейірімін де тым тереңге бүгіп ұстайтын. Содан да ма екен, мұғалімдердің жолын кеспей өскен біздер алғашқы кезде алдына барғанымызда бөркімізді қолымызға алғымыз келіп, иба етіп тұратынбыз. Шиыршық атып жататын тып-тығыз жатаған бұйра шаштардың арасындағы шашылып жатқан майса шуақты, шүйліге қарайтын тікенек кірпік өткір көздің бір қиығындағы жұмсақ нұрды, мүсіншінің қолынан шыққандай анық бедерімен айқын көзге ұрып тұратын түріңкі еріннің бір миығындағы жұмбақ күлкіні біраздан соң барып аңғаратынсың. Тіл қатыстың-ақ — арқан кеңіп сала беретін.

Несін айтасыз, жапан түзге жеке біткен көк сеңгірдей дара тұлға еді. Өтіп бара жатқан ғасырда қазаққа талай-талай мүйізі қарағайдай ұл сыйлаған жомарт құдайдың бір бердім деп берген перен перзенті еді.

Расында да, талай рет топалаңға ұшыратып, талай рет қу толағай бастандырып баққан озбыр ғасыр әуелі әр он жыл сайын түп-тамырымызды түгел қопарып, түк қалдырмай түгел отап кету үшін кетпенін әбден сайлап, шалғысын әбден қайрап келмеп пе еді? Он алтыншы... Жиырмасыншы... Отызыншы... Қырқыншы жылдар... Тіпті, бел ортасынан ауған соң да тажал тарих біз дегенде талай рет тісін шақырлатпап па еді... Елуінші, алпысыншы, тіпті кешегі сексенінші жылдар баяғы қасапшы мінезін ұмытпағанын сездіріп, теңселіп тұрған миуамыз

бен тербеліп тұрған масағымызды қырыққысы келіп талай рет ұстара жылтылатпап па еді?..

Қанша дегенмен, құдай қарасып бақты ғой... қанша рет өртеңге ұшырағанымызбен, артынан бәрі бір алшындап қаулап өніп-өстік қой... Әлгі топалаңдар «жоқ», «жоқ» деуге аузымызды үйретіп тастаған. Әйтпесе, құдай көпсінбесін, тап ауызды қу шөппен сүртердей халде емеспіз ғой.

Жиырманшы ғасырда әлемдік сахнаға қазақ өнері аз шықты ма? Оның қай саласының да дүниеге мәшһүр тұлғасы жоқ па?!

Қазақ ғылымының талай саласында әлемдік бәсекеге төтеп бере алар талай саңлақ жетілмеді ме?!

Қазақ спорты бұл ғасырға дейін әлемдік сайыста түйдек-түйдегімен додаға түсіп, түйдек-түйдегімен жүлде алып көріп пе еді?!

Қазақ кітабының бәр-бәрі ауыл айналып, үй күшік боп қалып па?!

Қазақ саясаты қазіргідей екі талай кезеңде күн сайын жауырынымен топырақ қауып жатыр ма?

Әлде, бұның бәрі өрге басқаныңнан гөрі өмірем қапқаныңа пейіл екенін талай рет ашық көрсеткен озбырлық жүйенің жомарттығы ма?

Жоқ, жиырманшы ғасырда қытымыр дүниенің пейілі кеңіп, бәрі оңайлап кетті ме?

Бәлкім, бұл жиырманшы ғасырда қара тасты жарып шыққандай қайсар қазақ рухының қай кездегіден де тереңірек суарылып, кемелірек шыңдалып, кеңірек танылғандығының арқасы шығар. Біздің топырағымыздағы сонау Қорқыт, Фараби, Яссауи заманынан рухани ұстаздық дәстүрінің үзілмей келе жатқандығының арқасы шығар.

Расында да, тіпті ең бір түнек кезеңдердің өзінде де ұстаздық шырағданы өшпепті ғой...

Тығырыққа тірелген халыққа рухани шыңдалудан басқа жол жоқ екенін ұқтыруға тырысқан Ыбырай, Шоқан, Абайлар болмаса ғасыр басындағы өз бетімен омбылап сүрлеу салуға тырысқан Алаш сардарлары шығар ма еді?!

Олардың өнегесі өздерімен бірге өлсе, көз көрмеске әкеткен көр топырақтары жасырылмай жатып, қазақ баласын Ғани Мұратбаев сынды мектепке, Темірбек Жүргенов сынды сахнаға, Қаныш Сәтбаев сынды

ғылымға жетелеп шығарып, тәй басқызып жүрген тәлімгерлер туар ма еді?!

Мен Өзбекәлі Жәнібековтің тарихтағы орнын сол санаттан іздеймін. Маған біздің дәл күні бүгінгі ғалымдағы, мәдениеттегі, спорттағы, саясаттағы, басқару ісіндегі қай қайраткеріміздің де тұсауын сол қиғандай боп көрінеді де тұрады.

Алпысыншы жылдардағы рухани жандану жастардан басталды дейтін болсақ, сол кездегі жастар ұйымын Өзбекәлі Жәнібеков басқарды. Жаңа есімдердің көрінуі жастар сыйлығын алудан басталатын. Музыкадағы Еркеғали, Ғазиза, Шәмшілер, әдебиеттегі Әнуар, Олжас, Қадыр, Жүмекен, Тұманбай, Мұхтар, Оралхан, Сайындар, спорттағы Әбдісалан, Әбілсейіт, Темірлер қоғамдық сахнаға тап осылай аттаған-ды. Ол дәстүр кейін жемісті жалғасып, күні бүгінге дейін елең еткізерлік елеулі дарындардың бәріне ортақ тағдырға айналды. Хрущевтың «жылмық кезеңі» бітерде, әдебиет пен өнердің қайтадан үсікке іліге бастаған жас өскіндерін жастар ұйымы қанатына алды. Тап сол жылдары жастар газетінің әдебиет пен өнер бөлімін басқарғандықтан мен оның қыр-сырын жақсы білемін. Өзбекәлі Жәнібеков, Михаил Есенәлиев, Кәркен Ахметов, Сәнжар Жандосов, Камал Смайылов, Әбдісаттар Бөлдекбаев, Шерхан Мұртаза сынды жастар жетекшілері панасына алмағанда талайымызды көктей солдыруға құлықты пиғылдар ол жылдары да ап-айқын көрінген-ді. Тағдыр бізді жетпісінші жылдардың аяқ тұсында қайта жолықтырды. Ол Торғайдан Орталық Комитетке келді. Есенәлиев басқаратын мәдениет бөлімінде істейтін Сайын Мұратбеков екеумізді көрген сайын сонау албырт жылдардың әлде бір тұстарын естерімізге салып: «Әй, абайлаңдар, баяғыдай алдарыңнан өтіп бара жатқан біреулерді құйрықтан теуіп жүрмеңдер», — деп қалжыңдайтын.

Қазақстан экономикасының жаңа салаларында да ұлттық жасақ қалыптастыру сол жылдардағы жастар ұйымынан басталды. Әсіресе, индустриялық еңбекпен ауыздануымызға да сол жылдарғы жастар жетекшілерінің бастамашылдығының атқарған қызметі айырықша.

Ұлттық мемлекеттілігіміздің қайтадан қалпына келтіріліп, тәуелсіз даму жолына түсуіне де өз-ағаңның сіңірген еңбегі ерекше.

Күні бүгін мемлекеттік билігіміздің ең шырқау биігінен бастап барлық деңгейінде де сол жылдардағы жастық ізденістер мектебінің түлектері отыр.

Оны былай қойғанда, қайта құру жылдарындағы дүмпулі, ең талма кезеңде Өзағандай көреген саясатшы әлеуметтік құштарлықтар арнасын ақ таңдақтарды толтыру, тарихи зердені қалпына келтіру, мәдени мұраларды қорғау, тіл мәртебесін көтеру, отаншылдық тәрбиені жолға қою, жас ұрпақты заманға лайық кәсіптерге баулу сынды өрелі істерге уақытылы бұра білді. Бұның қай-қайсысы да бүгін таңда егемендігіміз бен тәуелсіздігімізді нығайтудың ең басты бағыттарына айналып отыр.

Бұл мақсаттарын жүзеге асыруда да қолғабысшыларды баяғы өзі құлын кезінен көре қалғандарынан іздеді. «Ұйқыдан оянған ару» деген кітабым шыққанда келіп, бір сағаттан астам отырып, тарих пен мәдени мұралар жайында емін-еркін әңгімелесіп едік. Кейін ол өз басыма «тауан» болды: Өз-ағаң мәдениет министрі орынбасарынан басқа қызметте ауысып бара жатқанда: «Орынына кім лайықты?» деп сұрағанда мені атапты. Жаңа Өзен оқиғасы тұсында Мақтай Рамазанұлы Сағдиев екеуі Ақтауға ұшып бара жатып, қызметкерлеріне маған хабар беруді тапсырыпты. Артынан Әбдіжәміл Нұрпейісов, Зейнолла Қабдолов, Әнуар Әлімжанов төртеуіміз ұшып бардық. Сондай дүрбелең күндері бізді көріп қатты қуанды. Сол бір мазасыз жазда ең бір шетін оқиғалар тұсында қайта-қайта пікір алысуға, Арқалық, Орал, Орда, Атырау, Астрахань, Ақтауға бірге сапар шегуімізге тура келді. Іш жарысып, сырласудың сәті сол тұста келді. Жақсы ұйымдастырушы, кемел басшылығымен қоса, терең ғалым, мейірбан аға, елі мен жері жолында ештеңеден аянбайтын елжанды азамат екендігіне қапысыз көзім жетті. Колбин кетіп, ел басшылығына келген Нұрсұлтан Әбішұлы іздеп таптырып, шақыртып алып: «Ертеңгі пленумда жаңа бөлім ашамыз. Меңгерушілігіне сен ұсыныласың. Ұлт саясатымен бізде қазақ азаматы шұғылдануы керек. Жағдай айтудың қажеті жоқ», — деп тұқырта айтты. Сол кеште театрда көргенімде Өзаған: «Басшы сені таба алып па еді? Қайда жүресіңдер, түге!» — деп, түксие түсіп, күліп жіберді. Мырзатай Жолдасбеков, Сейіт Қасқабасов, Сауытбек Әбдірахманов, Ербол Шәймерденовтер: «шал шақырып жатыр», — деп, шапқыласып бұрын-соңды ол

қабырғада талқыланып көрмеген талай әңгімені тірілте бастағанбыз. Сол бір шабытты мәжілістерде Өзағандай құз жартастардың ығының қандай жаймашуақ болатынын әбден көріп едік. Мырзатай Президент Кеңесіне, мен Жоғарғы Кеңеске ауысатын болып, аппаратпен қоштасып келе жатқанда лифт аузында Қуаныш Сұлтанов екеуі шығарып салып тұрып: «Қап, әлі біраз бірге бола тұрғанда болатын еді», — деген сөзі есімнен шықпайды. Одан кейін де бәрібір бірге жүрдік. Бірақ, бұл үлкен жүректің түбінде бұғып жататын бір нәзік сезімнің ауыздан абайсыз шығып кеткен ұшқыны екенін түсінгенде көңіл абдырап қоя береді.

Ол өзі көре қалған, ести қалған азамат ағалары жайында әрдайым тебірене әңгімелеп отыратын.

Бәлкім, сондай құймақұлақ әрі жұқа жүрек шәкірт бола білгендігінен де соншама өнегесі мол кісілікті ұстаз бола алған шығар.

Өзі де, міне енді сол өзі тамсанатын ұлағатты ұстазға айналды.

Қазақ даласының оның қолы тимеген киелі тасы жоқ.

Талайлардың маңдайында оның аялы алақанынын табы жатыр.

Елі мен жері туралы жүрекжарды сырлары мен ойларының көпшілігі көкірегінде кетті. Бір парасы ғана қағазға түсіп, кітап боп қаланып қалды.

Ортамызда жүрмесе де, мерейі үстем, өнегесі өмірлі бола бергей.

Ақпан, 1999 жыл.

МАҚАЛАЛАР

Хасен ӘДІБАЕВ

БИІК МҰРАТ

«Тасбақаның дауылының басылғаны таяуда ғана емес пе еді. Бес күн бойы қарсы алдынан тандырдың деміндей бет шарпыған қызыл жел ұрған да тұрған. Әлде қандай долы дүлей қара жерді талқанын шығарып, күл қып уатып, сосын бір алапат табаққа салып ап, елеп, кебегін желпіп, ұшырып жатқандай, жер мен көк түгел шаңға айналып кеткен-ді. Қара құрым қалың қол бірін-бірі көре алмай, кеуделерінен төмпештей ұрғылап, кері итеріп баққан қызыл желді бетке ұстап, ілбіген де отырған. Күллі дүние түлен тигендей, тулап шыға келген-ді. Аспан қайда, жер қайда, ешкім ажырата алмастай. Құлақ сарсытып ұлып тұрған жел. Күллі кеңістікті бір өзі иемденіп, асыр салып ойнақтап жүрген шаң-тозаң... енді дүние қайта орнына келместей... сол бір шаң тозаңға айналған қалпы біржола күлі көкке ұшатындай. Әумесер жел Алмас хан мініп келе жатқан сары күймені де жер бетінен жұлып ап, төбесінде бедірейіп жатып алған сұп-сұр кеңістіктің әлдебір тұңғиығына жытырып жібергісі келгендей, екілене жұлқылайды...»

Осы бір қуатты жолдар — дауыл-табиғаттың «қызыл жел» Алмас ханның ұлып жатқан көкірегімен қосыла от өмірдің тынысындай әсерлендіреді. Жанды сурет оқушы қауымының жазушы Әбіш Кекілбаевқа деген ықыласының бір сырын да ашқандай. Туған әдебиетімізге тың тақырып, өзіндік көркемдік өңір әкелген қаламгер өмірге деген өзгеше көзқарасы, айтар сөзімен де оқшауланады. Талант — қашан да дара қасиет. Әбіш кейіпкерлері мейлі тарихтан келсін, мейлі аңыздан келсін, тартыс өтінде тіршілік етіп, арман-мақсаты үшін шыбындай жанын шүберекке түйіп, күреске шығады. Осынау жандардың ой-сезімі мен теперішке толы тағдыры қатал-қатыгез болмыстың бейнесін қазіргі оқушылар, біздерге, бәз-баяғы қалпында жеткізіп жатады. Алмас хан, Жаппар, Кіші ханша («Аңыздың ақыры»), Дүйімқара, Мәмбет-

пана, Жөнейт («Күй»), Шыңғыс хан («Ханша дария хикаясы»), тағы басқалар сол бір сағымға сіңген дәуірдің асау, адуын тұрпатымен қатар жан түршіктірер заманамен тілдестіріп тұр. Заман зулай өтіп жатқанымен жаңа ұрпақтың алдына қайта оралып, қоғамның, адамның қасиетін ашатын мәңгі проблемалар болады. Өткен ғасырлар тереңінен бүгінгі күнге дейін тамыр тартқан Әбіш шығармалары сол ұрпақтар алдынан қайта-қайта шыға беретін сол сұрақтардың сыр-сымбатын ашып отырады.

Бүгінгі таңда Әбіш қаламынан бір өлең, бір сын кітабы, бір роман, алты повесть, әңгіме, сапарнама мен очерктер туыпты. Сонымен бірге жазушы Мопассанның «Өмір», «Пьер мен Жан» романдарын, Шекспирдің «Король Лир», Ибсеннің «Үрей», М. Кәрімнің «Ай тұтылған түн» трагедиясын, Карлы Гоццидің «Турандот хан жайлы», Макс Фриштің «Дон-Жуанның думаны» комедиясын, Л. Толстойдың, И. Буниннің, Ш. Айтматовтың жекелеген әңгіме, повестерін ана тіліне аударады. Лев Толстойдың «Соғыс және бейбітшілігін» аударуға қатысқаны тағы бар.

Әбіштің жекелеген шығармалары орыс, неміс, поляк, венгер тілінде жарық көрді.

Әбіштің «Күй», «Бәсеке», «Шыңырау», «Аңыздың ақыры», «Ханша-дария хикаясы» сынды шығармаларының құрылыс-бітімі де, шешімі де өзара жақын. Оқиға ағысы, сюжет серпіні үнемі нақтылы, деректі тарих аясында қалмайды, бірақ одан шығармалардың реалистік сипаты төмендеп жатқан жоқ. Тарихи аңыз-әңгімелер қаламгер қиялымен шарпысып, өмірдің өзекті проблемасын көтереді. Әдеби тілмен айтқанда, «Мәңгілік тақырыптар» төңірегінде ой қозғаған қазақ жазушысы әлем әдебиетімен ағымдас, арналас шығып жатады.

Бұл шығармаларды әлеуметтік-психологиялық туындылар десе дұрыс. Түрлі ыңғайда жазылған әрбір шығарма үздіксіз өзгеріс үстіндегі болмысты әр қырынан бейнелейді. Егер бір шығарманы автордың өзі баяндаса, енді біреулері бас қаһарманның зердесінен өткен. Құлашты эпикаға бой ұратын қаламгер кей сәтте оқиғаны лиризмге бөлеп, бойына ыстық қан жүгіртіп, Жаппар сынды жандардың сезім тұңғиығын шымырлата ашады. Өткен шындық жаңа уақыт биігінен екшелендіктен шығарма айдыны кеңіп, өткеннің бүгінгіге қатысы

айқындала түседі. Енді бір сәттерде тағдырдың ызғырық желіне тап болған кейіпкерлердің жан күйзелісі автордың көңіл-хошы, дүние танымымен астасып жатады. Тартыс-күресті шегіне жеткізе бұрайтын қаламгер шарықтап шыққан кульминация үстінде болмыстың да, бейнесінің де тереңде жатқан сырын атқарады. Мысалы, «Күй» повесінде Женеит пен Күйшінің соңғы беттесуі, рухани шарпысуы — шығарманың әрі шарықтау шегі, әрі идеялық түйіні. Адуын күштің алдында адамдықты ту етіп көтерген күйшілер мерт болып кетуі мүмкін, мерт болып кетеді де. Бірақ, рухани жеңіс, келешек әрқашан да долы, дүлей күштен жеңіліс тапқан адал жандар жағында. Реализмнің мықты фундаментінде бой жазған Әбіш кейіпкерлеріне асқақ романтика жат қасиет емес. Бұл кейіпкерлерді тұлғаландырып жібереді: тағдырдың тезіне түскен дарынды жандардың қиял құсын, ізгі тілегін көреміз, болмыс философиясы, кейіпкерлер психологиясы ашыла түседі.

Әбіш Кекілбаевтың әдебиет көкжиегінде көрінуі есте қалды. Сын семсерін де сермеді, ақын болып та жарқылдады, ақыры проза саласында тыңғылықты орын тепті. Жастыққа тән жалыны сүйсіндірді. Барлық жанрда да өз ой-сезімімен бой көрсетті. Талғамды, талапты жан екендігін байқатты. Әбіштің сол көкөрім шағы көз алдымда өткендіктен бе, әйтеуір, осы қаламгерге ерекше бір ықылас-мейіріммен қарайтынымды жасыра алмаймын. Балғын қаламнан туған «Бір шөкім бұлт» кеше ғана автордың көзі көрген аға-жеңге, бауырларына деген сағыныш пен сүйіспеншілікке бөленген шығарма еді. Повесть кейіпкерлерінен соғыс запыраны тұншықтырған жас қауымды көргендейміз: күрделі, қиын уақыттың ұңғыл-шұңғылына бойлап суреттемегенмен, дәуір шындығы жатыр. Тұңғыш туындысы жарық көре салысымен, автор өз шығармасының жетістік-кемістігін жақсы түсінді. Бір әңгімеде: «Мен енді басқаша жазамын», — дегенді. Жас жазушының осыншама сергектігі кезінде қатты сүйсіндіргені әлі есімде. Аржағы айтпай-ақ түсінікті еді: кемерінен аса төгіліп жатқан кейіпкерлерінің сезім селін бір сығып алып, реализмнің қатал тезіне салу қажет еді. «Бір шөкім бұлттан» кейін із суытпай, бірінен соң бірі жарық көрген «Дала балладасы», «Бір уыс топырақ» ішкі бұлқыныс-иірімі мол қатал шындық тезінен өткен, ше-

берліктің белесіне көтеріліп келе жатқан Әбіш талантын аша түскені даусыз.

Творчествоның түп қазығы қашанда өмірде жатады ғой. Әр ғасырдың жыры да, сыры да әртүрлі, әртүрлі қаламгердің ой-сезімі де сан алуан. Тақырып жағынан оқшаулау тұрған Әбіш шығармаларының түп қазығы өмір жолында жатса керек. «Менің азамат қаламгер ретінде қалыптасуыма, рухани ержетуіме, — деді бірде Әбіш, — айрықша ықпал еткен екі күш — туған өлкем мен өткен соғыс деп есептеймін.

Мен өсіп, ер жеткен ауылдың аты: қалмақша — Оңды, түрікпенше — Қызылтам. Ауылдың дәл алдындағы кебір жал — Ноғай төбе. Күн батысында — Күйік төбе. Күн шығыста — Үлкен Қырғын, Бұлақтар — Шон, Оңды, Дойдан, Қызылтам, Қойлан, Құйжақ, Өңеже... Сәскелік жердегі қара жалдар — Қарауыл, Күмбет, Ақ үйік, Желкеде — Жезді, Көкбұлақ, Бескемпір, Барыс, Шағала»...

«Күй» повесінде қақпақтың шөлін кезген Сырымның автормен жақындығы сезіліп-ақ тұрады. Әбіштің бүгінгі әңгімесі мен Сырымға дала сырын шерткен Құрбан ақсақалдың әңгімесі ауылдас-ақ: «Әнебір қалың бұйырғынның қақ ортасында қалып, айналасына құмырсқа илеу салған көк тастың аты — «Қанжар жанған», ал ана бір жалғыз қылауықтан тоқымдай кебірдің аты — «Көл қырылған»...

Ақыры оны әдебиетке деген құмарлық жеңіп, жастық шақтағы тарихқа деген жақындығына, үйірлігіне алып келген еді. Соғыс тұсында жетім-жесір, қария мен қарның арасында өткен жыртық өкпе балалық шақ арманшылдықпен қоса адамды түсінуге деген ыждаһатқа, әсершілдікке, сезімталдыққа баулығаны да сөзсіз. «Бала кезімде көрген кісілерім шетінен жақсы адамдар еді, — дейді Әбіш, — қазір қазақ прозасында қаптап жүрген қамшысынан қам тамған басқарма мен бригадирдің, бармақ басты, қөз қысты көп қайнаға мен келіннің ешқайсысын көре алмаппын. Әкесінің қаза тапқанын естірткенде, жіліншігім сынып, шыбын жаным көрме көрінгенде, жалаң аяқ қар кешіп, бір қыс, бір жаз ауырып қалғанда, аттан, түйеден жығылып, жылан шағып, шаян шағып, қызылша шығып, қарамық шығып, көкжөтел тиіп, талай рет өлім аузынан қалғанымда асты — үстіме түскен аяулы жандардың аяулы алақандарының маңдайымда әлі күнге кетпей тұрған ыстық табы маған

ол кездің адамдарының ғана ісі емес, қазіргі адамның да қай кедір-бұдырын көрсем де кесіп-пішіп, үзілді-кесілді баға беруден тартынтып тұрады. Мен адамнан, әсіресе, аға ұрпақ өкілінен көп жақсылық көрдім. Азғантай өмірімде адамдар істеген талай-талай рухани ерлік, мәрттікке куә болдым. Олардың алдында менің өтелмеген азаматтық, қаламгерлік қарызым өте көп». Шындығында да, аңыз-әңгіме негізінде жазылған «Дала балладасы» мен «Бір уыс топырақтағы» халық қазынасы қаламгерге құнарлы топырақ, көңіл көрігінде түлеген ойды қалың көпшілікке қызғылықты жеткізер тартымды сюжет қана. Аңызға айналған бір мықтылар ажарынан айырылып жатса, енді бір азаматтар адамгершілік биігінде көрінеді — тамұқ заманның болмысы ашыла түседі. Адам қандай күрделі, қандай тылсым деген ойға тірейді. Шыңырау құндықтың шебері Еңсепті шексіз даңққұмарлық шыңырауға батырады, Жөнейт ханды кектің шыңырауы тұншықтырады. Шынғыс хан мен Алмас ханды шексіз атақұмарлық пен менмендік сенімсіздіктің тұңғиығына батырады. Осынау жандар тіршіліктің шынайы қасиетін аяқасты етіп жеке бастарының шексіз құмарлығының құрандығына айналады. Мынау фәни жалғанға бас идірдім, білгенімді істедім деп, кеуде қаққанмен, жеме-жемге келгенде өздері де ет-сүйектен жаралған қайшылығы жеткілікті жұмырбасты пенде ғана екен. Дегенмен қолдарында аз билік болмапты: бір қауым елді бір қауызға сиғызған мықтылар кең дүниені тарылтуда аз еңбек етпепті: жауыздық пен жақсылық ғасырлар бойы талмай шарпысып келе жатыр ғой.

Тарихи оқиғалар жазушыға тек сыртқы фон, арпалыс арена ғана, өмір туралы ой толғап жатқан — өнер иелері. Бақыт деген не? Қуаныш деген не? Махаббат бар ма? Автор осынау ойларды философиялық өреде негіздеп, әдебиетімізге таптаурын бола қоймаған тартысты таңдайды.

Рас, Әбіш романда көптеген философиялық толғау, пікір, эссе айтады. Ой, болжам, меңзеу дегеніміз әдетте автордың аузынан айтылғаннан көрі шығарманың астарында жатқаны ұтымды. Ұсақ фактіге қызығуды қысқартыңқырап, публицистиканы тарта қолданған да дұрыс болар еді.

Тарих межесіндегі оқиғалар романда эпикалық орамда көркем бейнеленеді: түрлі символика, антитеза,

гипербола реалистік суреттермен сәтті жымдасып, қисынын тауып жатады. Сондықтан да тарихи фон құлпырып, жанданып тұр — алдымызға астар-астар ой тартылады.

Айшықты тіл иесі Әбіш табиғат суретін де шебер салып, өмір құбылысын зерлі бейнелейді.

«Төңірегiнiң бәрі көк майса. Құрақ басындағы түнгі шық әлі түгел кеуіп үлгермеді. Қалың құрақтан бойларын асырып, ентелей қарап тұрған ақыр-шұқыр шыңдар да түнде біреу шомылдырып кеткендей тап-таза».

Туған жер болмысы, адам, табиғат суреті көз алдымызда тұнып тұрады. Атақты Маңғыстау түбегінде туғанмыздай әсер аламыз. Жазушы бізді тарих-өмір саяхатына бастап кеткендей. «Шыңырау» «Бәйгеторы» сынды қос повесть сол өңірдің өткен бір тіршілігін баяндайды. Атақты шеген құдықтың шебері Еңсеп тағдыры әсерлі де аянышты. Талай жиырма құлаш құдық қазған шебер ақыры құдық түбінде қаза табады. Еңсеп — аңызға да, трагедияға да лайықты қаһарман. Ақ шағылды елдің және бір символикалық бейнесі — Бәйгеторы да Әбіштің туған жерінің тірлік болмысына деген перзенттік сүйіспеншілігінің сәулесіндей. Құс қанатты тұлпарды халқымыз қатты қадірлеген ғой. Бәйгеторы төңірегінде халық дәстүрі ғана емес, халықтың мінез-құлқы, рухани келбеті де елес береді. Халық көңілінің символындай Тәкен Әлімқұловтың Ақбозаты, Жайсаңбектің — Бөртесі, Сәкеннің — Құлагеріне енді Әбіштің — Бәйгеторысы қосылды. Тас тұяқты тұлпарлар — ер қанаты, көңіл қанаты, сыры мен сыйы мол символ, көркем бейне көркемдігі мол өрнек — зер.

Соңғы уақытта жариялана бастаған Әбіш Кекілбаевтың «Тасбақаның шөбі», «Міне керемет», «Ақырғы аялдама», «Керек адам» сынды әңгімелері жазушының өзекті тақырыбын өрістетіп, ары қарай дамытып, қазіргі заманның кейбір көрініс-құбылысын рухани өреден бағалайды. «Тасбақаның шөбіндегі» Оңай мен Қарабала қақтығысынан сол өзеуреген өзімшілдік пен адамгершіліктің тағы бір шарпысуын көреміз.

Әбіш үздіксіз өсу үстіндегі қаламгер. Сондықтан да оған қояр тілек-талабымыз да жоғары болуы керек. Кей шығармаларында характерді сомдай түсу қажеттігі байқалады. Шығарманың барлық тұлға бітімінің тұтастығы, тас түйіндей шымырлығы — шеберліктің биік белгісі.

Мысалы, «Аңыздың ақырындағы» — Жаппар үйшінің жастық шағы мен негізгі тартыстың арасы алшақ жатқанын байқау қиын емес. Әбіште ішкі қуаты аз, шымырлығы мен тереңдігі жетпейтін болдыр-босаң сөйлем, тіркестер, қайталаулар, басы артық суреттер кездесе береді.

Иә, Әбіш Кекілбаев — тұңғыық жүректің иірімін әзірше көкжиекке сіңген тарих көшінен тауып жүр. Талай қауымды отқа қақтап өткен дүбірлі сәттерден жазушы мазасын алған ойдың ұшығын іздейді. Әбіштің қызық та тартымды творчествосынан қазіргі әдеби процестің кейбір негізгі тенденциясын, жемісті бағыт-бағдарын, биік мұрат бедерін көргендейміз. Олар: шын өмірдің шыншыл бейнесін жасау, тіршілік иіріміне бойлау, зейінді ой түйіндеу, тіл кестесін құлпырту тәрізді қуантарлық қасиет болса керек.

«Лениншіл жас», 22 август, 1978 жыл.

КУЛЬТУРНЫЕ АРХЕТИПЫ СОВРЕМЕННОЙ КАЗАХСКОЙ ПРОЗЫ

Соотношение литературного и лиро-эпического кодов в структуре художественного текста.

(Т. Ахтанов, А. Кекильбаев, О. Бокеев, С. Санбаев)

1

Не во всякую эпоху возможно прямое авторское слово, не всякая эпоха обладает стилем. Современная казахская проза отмечена активным возрождением культурных кодов и архетипов. «Архетип – одно из ключевых понятий аналитической психологии К. Г. Юнга: содержание коллективного бессознательного, предсуществующая форма, являющаяся частью наследованной структуры психического бытия»¹. Понятие культурного архетипа необходимо нам для аргументации исходной мысли о казахском романе, имеющем не только свою историю, но и предыстоки, уходящие вглубь национальных жанров словесного искусства. Одновременно это позволяет современной казахской прозе рефлексировать свой собственный художественно-эстетический опыт. Архетипы лежат в основе общечеловеческой символики. Присутствие притчевых и мифологических сюжетов в современной прозе требует своего объяснения. Насколько оно продуктивно и оправдано?

К. Г. Юнг в этой связи: «Любая связь с архетипом действует..., она освобождает в нас голос более могучий, чем наш собственный. Тот, кто разговаривает первообразами, говорит тысячу голосами; он постигает, преодолевает и вместе с тем возводит обозначаемое им из единичного и преходящего до сферы вечно сущего, он возвышает личную судьбу до судьбы человечества»². Архетипы проявляются в сказках, мифах, притчах в форме устойчивых мотивов, выражая собой определен-

¹ Энциклопедический словарь по культурологии. М., 1997. С. 36.

² Юнг К. Г. Проблемы души нашего времени. М., 1994. С. 59.

связи казахский фольклор, являясь основной частью свода национального культурного архетипа, представляется активно действующим фактором в жанровой «памяти» современной казахской прозы.

Какое значение имеет фольклор в развитии казахской литературы? Какие жанры и стилевые опыты фольклора оказались наиболее актуализированными в 70-ые и почему? Как элементы фольклора вписываются в контекст литературных произведений? Какова их роль в структуре произведения? Такому кругу вопросов посвящена эта часть книги.

Под своеобразием жанровой системы в данном случае понимается не сумма формальных приемов и конструкций, но специфические способы образного моделирования действительности, вытекающие из особого сочетания в прозаических жанрах литературных и фольклорных традиций.

Современное состояние развития казахской прозы начала 70-х годов свидетельствует о процессе внутренней борьбы этих традиций, о пересмотре и переоценке фольклорного наследия в системе теперь уже развитой жанровой структуры литературы. Поэтому представляется целесообразным остановиться на узловой проблеме, без постановки которой попросту невозможно понять национальное (не только жанровое) своеобразие казахской литературы – на проблеме взаимоотношений национальных архетипов и литературы на уровне жанра и стиля. Процесс этот одновременно отражает овладение стилевой организацией художественного произведения, что способствует продолжающему развитию жанровой системы казахской прозы.

Фольклор и литература, и это сегодня не нуждается в доказательствах, образуют единое пространство словесного искусства. Опыт литератур Средней Азии, например, доказывает, что литературное произведение существует наряду с фольклором в один и тот же исторический момент, демонстрируя два взаимосвязанных полюса словесного творчества. Это две эстетические системы, два разных способа восприятия мира, две интерпретации действительности. Фольклор предшествовал литературе, но сегодня в поэтике современной казахской прозы обнаруживается соотношение этих двух способов народного творчества, осуществляется

синтез фольклорных традиций в новом контексте литературных жанров и индивидуальных стилей. Речь идет о новом синтезе культурных архетипов.

Фольклор для современной казахской прозы – лишь один из истоков, но необходимый и одновременно преодолеваемый ею. Это действенная форма народного самосознания. Потому вполне естественно, что взаимоотношения литературы и фольклора в казахской литературе несколько иные, нежели в русской литературе, где фольклор давно ушел в подпочву письменной литературы.

Под современной казахской прозой подразумевается период, начало которого идет, примерно, со второй половины 60-х годов. Литература рубежа 70–80 г. – это не просто сумма индивидуальностей, но литературный процесс, который имеет свои внутренние закономерности развития.

Шагнув в поток мировой литературы с развитыми жанрами (в том числе и русской литературы), молодая казахская проза начала с активного усвоения не только жанровых правил, но и современных форм художественной речи. Осознание развитого художественного опыта русской литературы осуществлялось двояко – «чужая», русская литература воспринималась как образец для подражания, уже оформленный и устоявшийся во времени (так было в 30-е годы XX века в творчестве С. Муканова и Б. Майлина)³. Но в то же время, этот «эталон» был творчески переработан в творчестве Ж. Аймауытова, М. Ауэзова. Уже в конце 50-х годов стали активно проявляться и новые национальные стилевые и жанровые тенденции. Казахская литература на рубеже 50-х – 60-х годов остро почувствовала несовпадение национальных особенностей русской литературы и собственных национальных традиций, поэтому и пыталась преодолеть «чужой», хотя и высоким образом организованный опыт.

Если в момент зарождения контактов с русской литературой молодая казахская проза вбирала «чужой» опыт (через переводы), недооценивая свои прозаические традиции (в основном только фольклорные), то на более

³ Подробнее об этом: Макпыров С. Творческая история романа «Ботагоз» С. Муканова. Автореф. канд. дис. А., 1975 Ергобеков Н. 30 жылдардағы Қазақ әдебиеті // 20 – 30 жылдардағы Қазақ әдебиеті. А., 1997.

позднем этапе этого процесса (стадиально более позднем) от казахских писателей потребовалось максимальное использование прежде всего «своего» опыта, как жанрового, так и стилевого.

Свои классические примеры художественности – роман Ж. Аймауытова, поэзия М. Жумабаева, проза Ш. Кудайбердиева, были официально запрещены. Казахские писатели 60-х годов формировались без знания своей традиции. В это время мало упоминались и ранние рассказы М. Ауэзова, акцент делался на романе-эпопее «Путь Абая», который объяснялся с позиции воинствующего тогда соцреализма. Без учета философской прозы Шакарима, без трепетных лирических строк М. Жумабаева, без классического романа «Акбилек» Ж. Аймауытова сформировалось поколение казахских писателей конца 60-х, сумевших, несмотря ни на что, поднять казахскую прозу на новый уровень художественности, соответствующий мировым стандартам. Это еще раз подтверждает имманентность развития литературных форм, имеющих способность пробуждать свои внутренние потенциальные возможности.

Только сегодня становится ясным, откуда вдруг появился феномен М. Ауэзова, проза которого просто требовала присутствия в контексте поэзии М. Жумабаева и классической прозы Ж. Аймауытова. Научное наследие М. Ауэзова подтверждает нашу мысль о том, что он дописал то, что не успели его талантливые современники. Писатель создавал литературоведческие работы, продолжая научные мысли А. Байтурсынова, писал роман, имея перед собой «Акбилек» Ж. Аймауытова. Он в этом смысле явился мостом, связывающим поколение запрещенных имен с нашей современностью. На самом деле, ему пришлось осуществлять все это с завязанным ртом в буквальном смысле слова. Восхищаться высокой поэзией М. Жумабаева, помнить о движениях чувств Акбилек и философских размышлениях Ш. Кудайбердиева и не иметь голоса сказать обо всем этом вслух. В этой связи роман «Путь Абая» – это, очевидно, попытка писателя высказаться обо всем этом. Поэтичность образов Айгерим и Тогжан состоялась не без влияния интимной лирики М. Жумабаева, продолжившего развитие этой стороны классического стиля А. Кунанбаева.

Появление новой волны казахских прозаиков было подготовлено исторически. На их глазах было возвращено запрещенное ранее наследие С. Сейфуллина, Б. Майлина, И. Жансугурова. Они знали, что такое политический запрет и имели представление о сталинских репрессиях. Именно поэтому для выражения своих мыслей, казахские писатели 70-х искали новые формы условности, иносказаний, испытывая потребность в эзоповом языке. А. Кекильбаев углубляется в «исследования» психологии правителей и ханов, раскрывая суть вечных взаимоотношений человека и общества, повелителя и простого зодчего. О чем горюют, чем недовольны вечно размышляющие про себя герои О. Бокеева? Персонажи казахских произведений 60–70-х – это разочарованные, усталые «молчуны», все время рефлексирующие про себя и вслух о сути происходящих событий. Это поколение не только художественно обогатило современную казахскую прозу, но и сами были ее «объяснителями». Новые произведения требовали новых критиков. Так появилось творчество А. Сулейменова (1938–1992), соединившего в себе сразу качества писателя и критика. Наши «шестидесятники» действительно заслуживали такого судью, не терпящего профессиональной фальши. Не случайно и то, что родились наши «шестидесятники» в конце 30-х, когда физически уничтожалась лучшая часть казахской интеллигенции. Всем им характерно чувство восстановления «времен связующей нити». Этим выражением Мурат Ауэзов удачно обозначил втнуренную тему своих современников⁴. Об этом же писал позже А. Сулейменов, выразив чувство внутреннего дискомфорта: «...над нашим поколением давило генетическое понятие страха... Если иметь в виду действия в жанре, и внутри жанра, наше поколение (А. Кекильбаев, К. Искаков, З. Сериккалиев) пусть на короткое, летучее время, внесло в казахскую критику понятие легкости, раскованности, этической агрессии и чистоплотности»⁵.

Важные перемены во всех областях общественной жизни республики в начале 60-х годов закономерно поставили человека, личность в центр как поэзии, так и

⁴ Ауэзов М. М. Проблемы национального своеобразия современной казахской прозы. Автореф. дис....канд. филол. наук. М., 1960.

⁵ Сулейменов А. Лицом к лицу с бытием // Новое поколение. 1994 13 мая. С. 6, 14.

прозы. Рост национального самосознания, усилившийся в послевоенные годы, получил новый импульс. Именно в этот период, внешне отмеченный обращением к исторической теме с целью найти «времен связующую нить», начал совершаться переход казахской прозы на новые рельсы. И связано это было прежде всего с новым видением мира, требовавшего и нового способа повествования. Так возникла потребность в слове, которое преодолело бы стиль публицистической информативности (как это было в ранних рассказах и повестях Д. Досжанова «Города под песком»), чисто внешних патриотических деклараций первых повестей на исторические сюжеты.

Одновременно начался процесс переосмысления прежних жанровых канонов. Уже начало 60-х годов свидетельствует о поисках нового способа повествования. Первой сигнализировала о появлении новой манеры изображения действительности поэзия. Апрель 1961 года ознаменовался в казахской литературе выходом в свет поэмы О. Сулейменова – «Земля, поклонись человеку». Каждый век, эпоха, даже десятилетие создают некий доминирующий тип поэтической личности по которому мы узнаем время. Появление недекларативной, сложной по форме, близкой к прозе поэзии русскоязычного О. Сулейменова стало свидетельством тяготения казахской поэзии к новым способам художественного познания жизни.

Кружись, айналайын, Земля моя!
Как никто,
Я сегодня тебя понимаю,
Все болезни твои
на себя принимаю.
Я кочую, кружусь по дорогам твоим⁶, –

писал поэт. Ему принадлежит возрождение слова «айналайын» в новом контексте, буквально «кружусь вокруг тебя», смысловые переводы «принимаю на себя все твои болезни», «любовь моя». Слово это, как мы помним, имелось еще в лексиконе древнего баксы, который, совершая обряд лечения, изгоняя «нечисти» из больного, приговаривал магическое слово «айналайын». Считалось, что этим он вылечивал человека от всех невзгод, вбирая при этом в себя все его беды и болезни.

⁶ Сулейменов О. Определение берег. А. 1976. С. 151.

Тогда О. Сулейменову было присуще новое чувство своего родства с предшественниками («Я бываю Чоканом, Конфуцием, Блоком, Тагором! но жив Абай, разоблачавший тупость и чванство девятнадцатого века»). Поэт чувствует себя их духовным преемником. И это не случайно.

Так совершалось отрицание поэтом деления традиций на «чужие» и «свои». Спустя двадцать лет О. Сулейменов сказал об этом: «Сейчас я думаю, насколько символичен был этот стык древности и современности – двух знаков скорости – в начале моей творческой судьбы. Критики не заметили еще этого параллелизма и не использовали его в биографии моего поколения. А этот схлест и параллелизм, – в начале моей творческой судьбы. Критики не заметили еще этого параллелизма и не использовали его в биографии моего поколения. А этот схлест и параллелизм, – в начале моей творческой судьбы. Критики не заметили еще этого параллелизма и не использовали его в биографии моего поколения. А этот схлест и параллелизм, – подчеркивал далее поэт, – означает по сути качественно новый этап в развитии нашей культуры и общества»⁷. Эта мысль была точным обозначением новых тенденций в литературе начала 60-х годов. Эти тенденции обнаружили себя и в творчестве молодых тогда прозаиков Т. Алимкулова, А. Кекильбаева, А. Алимжанова, М. Магауина, Д. Исабекова, Ш. Муртазы, К. Искакова, К. Жумадилова, С. Жунусова, С. Муратбекова, Б. Момыш-Улы, С. Санбаева, О. Бокеева, Д. Досжанова, А. Тарази. Последние выступили в литературе одновременно с О. Сулейменовым.

Новое поколение писателей обостренно дорожило чувством «стыка» своей древней культуры (кочевников) и культуры современной. Не случайно именно в 60-е годы выходят необычные по жанру книги Д. Досжанова «Город под песком» (1967) и «Полынь и цветы» (1966). Это повести-новеллы о древнем городе Отраре и его жителях, раскопки которых начались в 60-е годы. «Полынь и цветы», по сути, представляет собой цикл отдельных новелл «Фараби», «Отрар» и др. Если первая повесть посвящена раздумьям автора о жизни известного философа из Отрара – аль-Фараби, то «Отрар» отражает события 1219 года, когда полчища Чингизхана сравняли с

⁷ Писатель и время. А., 1983. С. 269.

землей древний центр цивилизации на территории нынешнего Казахстана.

Произведения эти еще не претендуют на высокую художественность. Но они свидетельствуют о новой литературной атмосфере, о стремлении к переосмыслению старых канонов в сочетании с вновь приобретенными жанровыми и стилевыми приемами. «Конец 50-х начало 60-х годов были для молодых литераторов временем поиска, открытия самих себя. С одной стороны, молодые как бы заново, углубленно знакомились с творчеством зачинателей советской казахской литературы – С. Сейфуллиным, Б. Майлиным, И. Джансугуровым, с другой – в это же время началось повальное увлечение западной литературой – У. Фолкнером, Э. Хэмингуэем, Ф. Кафкой. К счастью, время поверхностного подражания быстро прошло»,⁸ – размышляет О. Сулейменов о раннем этапе творчества Д. Досжанова. Вопрос о том, «что» повлияло на обращение к «чужому» опыту, в том числе и западно-европейскому – это особая тема исследования. Но несомненно то, что самостоятельному и зрелому отношению к «чужому» образцу предшествовал этап стилизации, именно он был началом перехода к освоению новых способов изображения, новых форм повествования.

«Не во всякую эпоху возможно прямое авторское слово, не всякая эпоха обладает стилем, ибо стиль предполагает наличие авторитетных точек зрения и авторитетных и отстоявшихся идеологических оценок. В такие эпохи остается или путь стилизации, или обращение к внелитературным формам повествования, обладающим определенной манерой видеть и изображать мир. Где нет адекватной формы для непосредственного выражения авторских мыслей, приходится прибегать к преломлению их в чужом слове»⁹. Чтобы выразить свои мысли, авторы прибегают к применению двуголосого слова. Казахские прозаики начали с освоения разных голосов, разных точек зрения в структуре повествования. И это оказалось продуктивным.

Пришло новое поколение писателей, с творчеством которых связаны качественные изменения в казахской прозе 60-х годов. Они начали с интенсивного поиска

⁸ Предисловие О. Сулейменова к кн. Досжанов Д. Трудный путь. М., 1974.

⁹ Бахтин М. М. Проблемы поэтики Достоевского. М., 1979 С. 223.

средств и способов иного, чем было, путей изображения жизни. Естественно, что фольклор при этом является одним из источников ее обогащения, хотя сами писатели это не осознавали тогда.

Психологическая интерпретация фольклорных жанров и фольклорной образности – доминирующий способ художественности в современной казахской прозе. Элементы народной сказки или фольклорного образа трансформируются, вливаясь в индивидуальный стиль писателя. Образ традиционного коня не только деканонизируется в повести А. Кекильбаева «Призовой бегунец», но и деформализуется. Писатель говорит о «предмете» «языком» самого предмета. В повести «Призовой бегунец» (1964 г.) более четко были запечатлены новые стилевые достижения.

События повести возникают как бы в воспоминаниях бывшего призового бегунца о своей жизни: начало жизни среди людей, успех в соревнованиях – победы одна за другой, и, наконец, переход в категорию второстепенных, доживающих. Новым в повести является не столько событийный уровень, сколько взаимодействие голосов: повествующего и гнедого. При этом читатель чувствует себя рядом с персонажами. Автор ни на минуту не сомневается в том, что нами будет понята эта еще одна «грустная история» о судьбе призового бегунца. Слияние голосов повествующего и героя необходимо Кекильбаеву для выражения основной идеи повести о том, что жизнь – это не только постоянная борьба за существование, но и вечные изменения, смена поколений: молодости и старости. Заявка на эту тему содержится уже в первых предложениях повести: «Гнедой, без труда узнал старого сеиса. А тому даже и в голову не пришло, что эта захудалая, искусанная аульными собаками и верблюжатами кляча, с выдерганным хвостом и клочковатой гривой и есть бывший призовой бегунец»¹⁰. Эти слова звучат как экспозиция к событиям повести. Они принадлежат повествователю, близкому другу «гнедого». Второе же предложение содержит в себе, наряду с голосом повествователя и отзвуки голоса сеиса: случайно приехавший в эти места старый сеис вряд ли остановил бы свой взор на этом замученном

¹⁰ Кекильбаев А. Призовой бегунец // Степные легенды. М., 1983. С. 211. Перевод с казахского И. Шухова.

животном. Это уже другая точка видения: «...захудалая, искусанная аульными собаками и верблюжатами кляча».

Но и гнедой дан в отношении к хозяину – это ясно с первых же строк. Это гнедой думает о нем: «...Хозяин, опутывая лошадь, по давнишней привычке, внимательно осмотрел, ощупал голень, волосяные щетки у запястья, копыта». Только ему, его бывшему любимчику, известна последовательность действий старого сеиса. Взаимодействие голосов часто выступает в форме несобственно прямой речи: «Теперь сеиса скоро не жди, догадался гнедой». Сеис привел с собой очередного подающего надежды серо-пегого жеребца. Он заходит в дом, а гнедой наблюдает холеного серо-пегого и вспоминает то время, когда и его также увозили в большую жизнь, в большие скачки. Перед нами проходят события «взросления» гнедого: вспоминая о матери, о том, как люди его приучали для верховой езды. «Он скакал с упрямством, ожесточением, ничего не видя от ярости. Летел вихрем, со злорадством, думая, что умчит этого двуногого упрянца, впившегося в его спину, умчит далеко-далеко от аула, от кургузого чалого, от овец, пасшихся врассыпную в горах. Удила раздирали губы, не знавшие ничего, кроме мягкой травы, липкая кровавая пена падала хлопьями... Скакал и скакал – и в гору и долиной, преодолевая лощины и ручьи» (216). Рефлексы сказочного повествования, повторы, образующие ритм и характеризующие стилистику повести, напоминают лиро-эпическую поэзию. Финальную сцену мы наблюдаем вместе с гнедым и повествователем. Случай еще раз свел бывшего призового бегунца с его тренером, но первый из них уже не тот, что был прежде. «Гнедой тихо заржал. Сеис круто обернулся. Глядел, глядел и, кажется, узнал. Подошел. Он тоже потянулся ноздрями. Знакомые до каждой мозоли ласковые ладони погладили его лоб, скулы, обгрызенную гриву»¹¹.

Голос повествователя сливается с голосом гнедого, переходя в несобственно-прямую речь последнего. Короткие предложения в начале приведенного абзаца относятся больше к повествователю, свидетелю этой последней встречи. Последнее слово за главным персо-

¹¹ Переводчик пишет «обгрызенная грива», а в оригинале же: «жалының орны», т. е. буквально: «он провел рукой по шее, где когда-то была грива». «Когда-то» имеет большее смысловое значение, чем просто «обгрызенная грива».

нажем. Но в нем слышатся поддержка и сочувствие повествователя: «В ушах когда-то знаменитого бегунца глухо стучало, и он не мог сейчас различить, что это было». А. Кекильбаев в первой же написанной им повести сделал заявку на осмысление философско-этической проблемы вечного возрождения жизни, поставил вопрос о смене поколений, о вечном преодолении препятствий, которые напоминают бег с барьерами на длинные дистанции, как в скачках. «История» лошади необходима была писателю для подтверждения своих мыслей о вечно меняющемся мире. Это была новая проза.

Казахские писатели 70-х годов пытались преодолеть силу инертности, засилье декларативных штампов в языке, характерных для литературы предшествующих лет. Поэтому главный, «всеведающий» автор уступает свое место повествователю, свидетелю происходящих событий, человеку из народа, теперь его видение мира выдвинуто на первый план. «Книжность» «правильность» художественной речи стала ощущаться как преграда к освоению действительности. Приобрела новый смысл ориентация на слово героя, выражающая себя в интенсивном использовании разных речевых уровней изображаемой среды. Персонажи обретают свой «голос» не только в форме диалога, как это было в творчестве Б. Майлина и М. Ауэзова, но и с помощью несобственно-прямой речи. Кекильбаев в упомянутой выше повести, едва ли не первым среди своих коллег по перу, зафиксировал эти новые отношения между словом автора и словом героя. Процесс преодоления «книжности» был не простым, потому что казахская проза еще с 20-х годов стремилась к литературности, к овладению стилевыми и жанровыми канонами «книжной» литературной речи. 60-е годы были отмечены освобождением от хрестоматийных жанровых правил: соблюдения хронологической последовательности развертывания событий, внешнего соблюдения жанровых атрибутов, предполагающих эпилог, пролог и т. д. Не случайно А. Кекильбаев в «Призовом бегунце» выбрал центральным персонажем гнедого. Писателю важно было показать новое, нетрадиционное видение человеческой жизни глазами одного из древних спутников казаха-степняка. Именно это сознание и символизировал гнедой жеребец.

Проза 70-х годов, оттолкнувшись от традиционно-повествовательной манеры письма с главенством всезнающего автора, продолжила эту работу.

Всезнающий, вездесущий автор, который всюду присутствует в одно и то же время, который в один и тот же момент видит внешний вид и их оборотную внутреннюю сторону, который наблюдает движение чужого сознания и заранее знает исход событий – такой автор исчезает в произведениях Т. Ахтанова, А. Кекильбаева, С. Санбаева, Д. Исабекова, С. Муратбекова, О. Бокеева, Т. Абдикова, К. Искакова.

В 1965 году появляются повести «Состязание» А. Кекильбаева и «Буран» Т. Ахтанова. Анализ этих произведений позволяет понять, как развивалась тенденция к свободному (не прикрепленному к традиционной прямолинейной описательности) использованию жанровостилевых средств, как традиционных, так и современных.

В чем же это проявилось?

А. Кекильбаев обращается к жанровым фольклорным источникам как к отстоявшейся модели некоей истины и как бы заново «разыгрывает» эту схему. Поэтому его повести, и ранние, и те, о которых речь пойдет ниже, представляют собой разработку известных из легенд и преданий исторических сюжетов. Такова была потребность в эзоповом языке.

«Состязание» – так назвал свою повесть-сказку А. Кекильбаев (1965 г.) «Бәсеке» (букв. завистливый) – так звучит название повести, оно более соответствует форме и ее содержанию. Сюжет сказки, возможно, и не имеющий конкретного аналога в фольклоре, стал развернутым сюжетом реалистической повести. Интерес представляет именно трансформация фольклорной фабулы в сюжет, внутренне развивающийся в пространстве повести. Из фабулы казахской бытовой сказки о том, как один бай выдавал замуж свою единственную дочь, писатель строит сюжет художественного произведения, который с фольклорным аналогом ничего общего не имеет. Сюжет повести внешне напоминает сказочную фабулу: единственная дочь бая Балпана Ажар достигла возраста невесты не выданье. Нарушается обычный порядок жизни бая: сначала многозначительные взгляды русского чиновника, затем многочисленные сваты, покушающиеся на его родное дитя, – все это вызывает воспоминания старика Балпана о своей

молодости, о начале своей жизни. «Да, отец, у которого на выданье единственная красавица дочь чувствует себя как всадник на ворованном коне», – соглашается повествователь с Балпаном. Ассоциации со сказкой – чисто внешние: персонажи почти сказочные – бай Балпан, жена его Маржан, дочь Ажар, прочие баи и волостные, судьи и юродивый Есен. Но как только эти сказочные герои начинают говорить, думать про себя, строить планы, – сходства с фольклорным сюжетом исчезают. Перед нами не сказочные, отдаленные от нас эпической дистанцией персонажи сказки, а реальные люди. Вместе с повествователем, свидетелям этих событий, мы оказываемся включенными в совершающиеся события.

Как уже говорилось, перевод заглавия повести «Состязание» не совсем соответствует казахскому варианту «Бәсеке» – буквально: конкуренция, «завистливый»; еще более точный смысл перевода – «возгордившийся». «Состязание» – слишком нейтральное слово в данном случае. Казахский читатель воспринимает заглавие «Бәсеке» как некий код, который будет раскрыт для него в повести. Повесть Кекильбаева является переходным звеном к той реализации жанрово-стилевого синтеза, который впоследствии будет воплощен в романе писателя «Конец легенды». Писатель пытается оторваться от созданной им в повести «Призовой бегунец» одной «зоны» – «зоны» главного персонажа, с которым повествователь временами сливает свой голос.

В «Состязании» А. Кекильбаев с самых первых фраз обнаруживает другую установку. На первый взгляд, действие и здесь прикреплено к главному герою, к баю Балпану, о чем свидетельствуют первые строки повести: «Да, верно говаривали в старину: коль подрастает дочь, готовься к напастям. Будь это не так, жил бы себе бай Балпан в свое удовольствие и в ус не дул». Но «призвук» голоса повествователя обнаруживает себя иначе, чем в «Призовом бегунце». Там голоса сливались, теперь же повествователь с любопытством, с иронией, потом даже зло наблюдает за ходом событий.

В повести А. Кекильбаева мы встречаем то же явление, о котором писала Н. А. Кожевникова применительно к русской прозе 70-х: «В разных типах контекстов – в повествовании о персонаже и в повествовании, организованном его точкой зрения, – стилистически окрашен-

ные средства, подчерпнутые из обихода героя, играют разную роль: в повествовании о персонаже они могут употребляться иронически по отношению к персонажу, в то время, как в повествовании с точки зрения персонажа они лишены иронии».

Речь бая Балпана отличается от голоса повествователя так, как отличается речь социально разных людей, находящихся на разных ступенях лестницы феодальных отношений. Балпан занимает положение более высокое, чем повествователь, свидетель событий. Речь бая, выступающая часто в формах несобственно прямой речи или речи косвенной, переходит в следующих предложениях в голос повествователя, выражающего свое отношение в данной ситуации. «И с начальством, благодарение аллаху, бай Балпан ладит. Когда-то щедро подмаслил его, без труда прибрал к рукам долину между двумя полноводными реками, зимой и летом текущими наперегонки, не задыхаться же, в самом деле, в пустыне!» Речь человека, окрашенная пословицами, опирающаяся на устойчивые обороты народного обихода, который помнит и аллаха в своих деяниях, – пока ни о чем не говорит. Но вот бай Балпан вспоминает очередной приезд своего начальника, «чиновника белого царя»: «Прикатил в сером фазтоне, такой важный и спесивый: что от его спеси, казалось, даже оглобли фазтона задрались». И тут же повествователь иронически замечает: «Но Балпеке человек с дальним прицелом».

Далее он перечисляет, как услужливый богач забросал чиновника своими дарами., И опять на первый план выступает отношение повествователя, а не богача: «Ясно, что после такого улук скорее позабудет родного батюшку, чем степного богача Балпана»¹². Старик Балпан не может называть отца чиновника «батюшкой», и о себе не может сказать как о «степном богаче», – это речь другого человека, наблюдающего за всеми его делами. Переводчику не удалось передать сам тон повествования, который меняется в зависимости от того, кто ведет повествование, персонаж или повествователь. На казахском языке в повествовании о персонаже «стилистически окрашенные средства» («қарыны шұрқыраса» и «ө, бәлемнің») более ироничны по отношению к персонажу,

¹² А. Кекильбаев «Шынырау» (Колодец) А., 1982. Стр. 249, пер. В. Панкиной.

и в то же время, когда герой говорит сам о себе, – это совсем не иронические слова.

Подключая читателя к повести, Кекильбаев пытается создать зону главного героя и зону повествователя, по-разному оценивающих события. Сам же автор, сконструировав таким образом повесть, убеждает себя и читателей в том, что зазнайство, гордость, что бы ни лежало в их основе, всегда губительны. Выделившись из толпы, будь последователен, не зли толпу, иначе тебя ждет расплата. Такова идея повести, вынесенная в название «Бәсеке» – зазнайство (возгородившийся).

Теперь интересно проследить, как жанровые каноны фольклора – бытовой сказки, преображаясь, превращаются в реалистическое действие повести.

Известно, что еще В. Я. Пропп установил в сказке твердые и однозначные отношения между персонажами и их функциями. Речь идет о жанровом законе, характерном для фольклора: герой и его действия отличаются стабильной определенностью, остаются таковыми раз и навсегда. Отсюда и конкретность, однозначность действий персонажей. Повесть во второй части смыкается с другой разновидностью жанра сказки – мотивом свадебных испытаний женихов. Устроив состязание между женихами, Балпан поступает как в сказке. Может показаться, что вся повесть (если иметь в виду Ажар, основную виновницу всех событий) является подтверждением народной пословицы – «көп іздеген тазға жолығады», букв. «привередливой невесте достанется плешивый муж». Но на самом деле ее основная мысль гораздо шире, не в том дело, по Кекильбаеву, что Ажар в мужья достался душевно больной, плешивый Есен, волею случайности выигравший все три (как положено в сказке) этапа состязания. Состязание оказалось в повести случайно (в сказке оно обязательно). В повести мотивировка вырастает из реальных отношений людей и не отделена от жизни перегородкой эпической дистанции. Балпан отказывает женихам не потому, что женихи неподходящие, а потому, что отказав одному, бай вынужден отказывать и другим, чтобы не занять лишних врагов. Конфликт обусловлен социально: отказав волостному правителю, Балпан автоматически действует и далее. Но писатель следует фабуле сказки, устраивая состязание женихов. Балпан, как в сказке, доверяет случаю судьбу дочери, надеясь при

этом, что испытания женихов выдержит достойнейший из них. В сказке это завершилось свадьбой, где участвовал бы сам повествователь, подобно сказочнику. Но совсем иное происходит в финале повести, размыкающем сказочный благополучный конец. Состязание выигрывает слабоумный, плешивый, но предусмотрительный Есен.

Он напоминает героя, аналогичного Иванушке-дурачку из русского фольклора: в казахском варианте он также проявляет необыкновенные способности и ум, чем побеждает всех врагов и даже всемогущего хана. В повести ассоциации Есена с Тазшой только внешние. В финале оказывается, что это заурядный персонаж. Происходит видоизменение канонического дурачка – он превращается в обыкновенного земного человека, далекого от позитивного сказочного стереотипа. Люди могут в реальной жизни изменять и нарушать честность состязаний, чтобы проучить зазнавшегося Балпана. Повествователь, цитируя народное возмущение, воспроизводит «коллективную точку зрения» и тут же сам как бы присоединяет к ней свой голос: «Даже те, кто и видов-то никаких не имел на дочь Балпана, разъярились и грозились проучить гордеца».

Как уже было упомянуто, речь Балпана социально ориентирована – это не архаизированная сказочная речь абстрактного «некоего бая», перед нами речь реального человека, со своими мыслями и помыслами.

Изображение чувств, мыслей человека – все это, разумеется, в разных формах выступает в фольклоре и в литературе. В сказке показ внутреннего состояния героя обычно передается через внешнее проявление человека – описание его действий, мимики, жеста, позы, речи. Поэтому в сказке – «дрожь берет, дух захватывает». В повести Кекильбаева эти сказочные атрибуты изображения человека, не более, чем реминисценции для убеждения читателя в достоверности ситуации. Сказочные аксессуары в повести психологически развиты и это очень важно. Традиционные детали обрастают реакциями персонажей и повествователя, реагирующих на ту или иную ситуацию. Если мысли Балпана обрываются неожиданными поворотами, типа: «Тут-то нежданно-негаданно, и нагрянули два незнакомых гостя...», то далее как рефлексия на этот визит, идет поток мыслей Балпана. «В голове Балпана лихорадочно проносились

мысли о том, что сейчас он богат и знатен, и без того завистников у него хоть отбавляй, так зачем же давать повод для сплетен да наговоров». Сказочный герой так не будет рассуждать по поводу сватов, тем более, когда речь идет о человеке, который стоит выше Балпана на социально-иерархической лестнице.

Отношения Кекильбаева с традициями жанра сказки более сложные, чем кажется на первый взгляд. Писатель не только нарушает и переосмысливает ее каноны, одновременно он верен и стилистике сказки. Так, изображая состояние персонажей, писатель соблюдает традиционные эпические приемы «По спине Балпана пробежала дрожь, он не в силах был передвинуться на почетное место».

Финал готовится постепенно. Вначале он только произнесен (слышится в людском осуждении Балпана). Этапы состязания женихов – певцов, борцов и лучших наездников (все постепенно, как в сказке) собирают недоброжелателей, которые, объединившись, и проучили бая за его зазнайство. Эти недоброжелатели подстраивают события так, что все три этапа выигрывает плешивый Есен. Когда в сказке жениху, прошедшему все этапы испытания, достается царевна и полцарства впридачу, – наступает улучшение положения героя, вначале, как правило, недостойно униженного. А в повести? Оказывается, наоборот: улучшение положения героя; который впрочем и не был обижен материально (сын богача), оборачивается для всех ухудшением ситуации, ибо он достигает этого при помощи «злых» сил: недоброжелателей Балпана. В повести герой достигает своей цели не прямо, сам направляя силы для этого, а опосредованно, благодаря не своим достоинствам, как в сказке, а реальным отношениям с другими людьми.

В современной казахской прозе продолжают существовать фольклорные традиционные роли, типологические модели. Но существование их теперь в корне преобразовалось, функции сознательно нарушены. Кекильбаев в поисках нового способа повествования преобразует существовавшие, открытые еще в фольклоре жанровые схемы, запечатлевшие определенное видение мира и человека. Но эти схемы обретают новую жизнь в атмосфере современной повести.

В казахской литературе активизируется процесс осмысленного обращения к поискам национального

художественного своеобразия. Поэтому Кекильбаев и обращается к народной сказке. Важно понять, что это происходит не потому, что литература не располагает своим арсеналом жанрово-стилевых средств. А. Кекильбаев обладает собственным стилем и отразил в повести «Состязание» то, что важно было для духовной ситуации эпохи 60-х годов. Сказочная фабула о том, как бай Балпан выдал свою дочь замуж, для писателя лишь изобразительный материал, который он подчиняет логике волнующих его социально-нравственных проблем современности.

Казахские писатели 70–80-х гг. все больше изображают личность «в своем кругу», но с выходом в проблемы общечеловеческие: человек и время, человек и обстоятельства. В такой прозе описательно-изобразительное воспроизведение жизни, характерное для романа – эпопеи, оказалось бы искусственным, неестественным. Такой стиль был бы слишком созерцательным, не мобильным, если говорить об изображении внутреннего мира современника. Возникает потребность в повороте от изобразительности к выразительности, к экспрессивным началам в стиле. Пластическое описание уступает место экспрессивному, эмоционально-направленному повествованию.

Авторитетное слово всеведающего автора уступает место слову героя, которое нередко приобретает решающее значение. Это слово простого человека, со своим голосом, отличным от речи повествователя, автор вместе с читателем не только прислушивается к его голосу, но и живет жизнью персонажа в пределах всего произведения.

Таким образом, стремление к активности стиля в современной казахской прозе совпало с общесоюзным литературным движением 60–70-х годов от «нейтрального стиля» к стилю, ориентированному на план персонажа. Об аналогичной ситуации в литовской литературе писал А. Бучис, который четко определили модель новой литературой ситуации: «слова просил сам герой»¹³. Это было движение прозы к раскрепощенному стилю. Об этом пишет Г. Белая: «В процессе общественного и литературного развития, в процессе выработки новых внутренне убедительных слов, обособленная

¹³ Бучис А. Роман и современность. М., 1978. С. 175.

фраза стала полюсом по отношению к живой развивающейся народной речи и ее носителю. Именно это противостояние обозначает направление движения художественного сознания прозы последних двух десятилетий»¹⁴.

Восстановление в правах «чужого» слова в современной казахской прозе явилось важным фактором ее развития. Народная речь до этой смены стиля выступала в казахской литературе часто как локальная сфера (как языковая краска в изображении казаха-батрака в речи Дайрабая и Мыркымбая в творчестве Б. Майлина). Но слово героя о самом себе и о мире в прозе 70-х в казахской литературе было качественно иным. Казахские прозаики осознанно пришли к словесному самораскрытию персонажей. Как говорил М. М. Бахтин: «Чужой идеологический мир нельзя адекватно изобразить, не дав ему самому зазвучать, не раскрыв его собственного слова. Ведь действительно адекватным словом для изображения своеобразного идеологического мира может быть его же собственное слово, хотя и не одно, а в соединении с авторским словом»¹⁵. Теперь народная речь выступает как форма художественного воплощения жизни в ее целостности. Этому предшествовал длительный путь развития казахской прозы: А. Кекильбаев «осваивал» психологию то призового бегунца, то сказочного бая Балпана, то притчeveго Чингизхана; С. Санбаев «оживлял» персонажей легенд и притч, при этом каждый из них говорил своим голосом. Неудивительно, что в творчестве О. Бокеева, более позднем по времени, чем произведения А. Кекильбаева, мы встречаем еще более сложное, но органичное воплощение народной речи. Это отчетливо выявляется на фоне одновременно появляющихся произведений традиционной прозы, с ее литературной речью всеведающего автора, подменяющего собой всех своих персонажей. Для таких писателей слово человека из народа было декоративным украшением, часто функционирующим в отрыве от чувств персонажа; автор выбирал слова, которые (как он считал) наиболее подходили его герою, поэтому они и проявились в форме прямой речи. Все это создавало в произведении схематического героя: положительного или отрицательного, и это было ясно уже с первых страниц произведения.

¹⁴ Белая Г. Художественный мир современной прозы. М., 1983.

¹⁵ Бахтин М. М. Вопросы литературы и эстетики. М., 1975. С. 148.

Часто это было следствием нетворчески усвоенных фольклорных традиций, что приводило к появлению неживого (неговорящего) персонажа и упрощенному изображению самой жизни только двумя красками: черной или белой. Писатель, как и читатель, наблюдает за чужой жизнью, следит за действиями героя извне. Поэтому такая проза малоубедительна: описанию веришь меньше, чем живому голосу персонажа. Герои вроде бы говорят убедительно, как правило, это положительные герои, но они не запоминаются ни своими переживаниями, ни своими мыслями. Они действуют по заранее отрепетированной программе, а читатель (впрочем, как и сам репетитор) – пассивный зритель, которого вскоре утомляют знакомые, но искусственные поступки действующих лиц.

Другая ситуация возникает при чтении прозы О. Бокеева¹⁶. Завязка, начало повести: «Уже за полночь переваливало, а он и не мог сомкнуть глаз. Мысли, одна тяжелее, тревожнее другой, так и наплывали на него. Он ворочался с боку на бок и наконец, измученный бессоницей, усталый от изматывающего лежания, поднялся и вышел из дома.

Степь – она все та же: невозмутимая, молчаливая, строптивая, лежит куда ни кинешь взгляд. Вот только поезда, с грохотом проносящиеся мимо, нарушают ее покой...» Перед читателем поэтическое изображение действительности. Подобный принцип обобщения (как и у А. Кекильбаева) восходит в своих истоках к народным, кодовым образам. Здесь и поэтические повторы, нагнетающие настроения («мысли, одна тяжелее, тревожнее другой»), и лирические инверсии, создающие особенное восприятие картины: «степь – она все та же...». Стремление подключить читателя к происходящему – основное отличие лиро-эпического стиля Бокеева. Отсюда и авторский лиризм, и субъективность выражения, которые доминируют над достоверной «объективной» пластикой. Как правило, могут отсутствовать мотивировки, что было бы не характерно для другой прозы. Этот тип художественного мышления обладает определенными закономерностями, которые обнаруживают себя и в образах, и в построении сюжета, и в композиции произведения, и в системе его художественных деталей.

¹⁶ Бокеев О. Поезда проходят мимо // Бокеев О. Поющие барханы. М., 1982. С. 3 – 4.

В приведенном отрывке ясно видно иное соотношение компонентов в системе «автор – герой – читатель». Взаимодействие голоса автора и голосов персонажей становится важным источником энергии художественности в произведениях А. Кекильбаева и О. Бокеева.

Как уже говорилось, на рубеже 60–70-х годов в казахскую литературу пришло новое поколение писателей, с новым историческим самоощущением, с тяготением к новому синтезу современности и своих национальных традиций. Понятно, что новые стилевые изменения наиболее, заметно выступили в поэзии (в стихах и поэмах О. Сулейменова, К. Мырзалиева, М. Макатаева). В прозе же от традиционного потока «большого эпоса», где действовали герои разных социальных слоев, судьбы которых непосредственно связаны с движением истории (где доминировала позиция автора, всепонимающего, всеведающего, пытающегося представить изображаемое им в «объективной» форме), – от такого типа теперь четко отделяется иное стилевое направление. Для него характерным становится большее доверие автора к слову героя, ориентация автора на слово персонажей, которое при этом порой господствует, подчиняя себе даже авторскую речь (до сих пор за нею всегда оставалось решающее слово).

Эта проза не случайно была представлена писателями молодыми. Они явились проводниками нового стиля как содержательной формы художественного произведения, своеобразие которого создается свободным использованием своих жанровых и стилевых средств так и опыта всесоюзной литературы.

В этом плане казахская проза 70-х годов, как это уже было отмечено, проходит путь аналогичный общесоюзному процессу (имеется в виду стилевое направление, представленное произведениями Л. Трифонова, В. Шукшина, Ч. Айтматова, В. Распутина, В. Белова, И. Друцэ, Г. Матевосяна), развивая слово живое, созвучное чувству и мысли героя, помогающее ему сформулировать и выразить свою вызревающую мысль.

Как протекал этот процесс?

Казахские прозаики шли от потребности своего читателя, от своего стремления создать образы живых героев, отражающих взгляд народа на происходящие события. Опыт таких писателей, как Ю. Трифонов, В. Шукшин, В. Распутин воспринимался не как новое явление, чуждое

и несоответствующее своим традициям: он ассоциировался с потребностями своей национальной жизни. Не случайно главный герой повести «Чертов мост» О. Бокеева ассоциируется с Иваном Африкановичем В. Белова, хотя и речи не может быть о подражательстве казахского писателя. Объективной предпосылкой этих переключек явилась общественная ситуация 70-х годов, породившая ориентацию литературы на видение человека из народа, с которым автор не только считается, но и включает его голос в повествование, подчас делая его главенствующим.

В 20-е годы сказ был необходим писателю для изображения логики сознания человека из народа в послереволюционное время. В произведениях Б. Майлина, например, сказовое повествование было откликом казахской прозы на новую действительность после революции 1917 года. Так, в его рассказе «Начало раздора – корова Дайрабая» (1930) народная речь Дайрабая-бедняка была средством изображения персонажа. Повествователь только воспроизводит его диалоги, и этого, казалось, было достаточно. В 70-е годы, вновь возникла острая потребность ориентироваться на народ, но теперь на его мироощущение и мировосприятие. В рассказах Б. Майлина обращение к речи героя было требованием новой эпохи, жизнь требовала раскрытия отражения социального сознания батрака-казаха, закабаленного и пытающегося теперь осознать свои права. Показательны и имена персонажей: Азамат Азаматович из неоконченного одноименного романа писателя – букв. перевод: «Гражданин Гражданинович», Мыркымбай и Дайрабай – самые что ни есть простонародные имена, и говорят они живым народным, метким языком.

Обилие сказуемых, устные обороты речи, живой язык, сказовость повествования – все это в произведениях Б. Майлина 30-х годов было обусловлено воздействием новой эпохи. В стиле писателя ощущалось воздействие и эпических традиций: монолог одного из героев (Дайрабая) напоминает жанр казахского устного рассказа – «әңгіме», с его перволичным повествованием, интерпретацией событий.

В 30-е годы освоение фольклорно-эпических жанрово-стилевых традиций было характерно для прозы немногих писателей. Казахская литература продолжала

вырабатывать литературный язык и литературную манеру повествования. Это казалось тогда более актуальной задачей, чем погружение в стихию народно-разговорной речи. Хотя А. Байтурсынов в «Әдебиет танытқыш» призывал при этом брать за образец только богатый народный язык.

Иное явление представляет современная казахская проза с ее стремлением говорить о предмете «языком самого предмета», поэтому и с вторжением разговорного, повседневного языка в язык художественного произведения. Особенность такого типа произведений в том, что в нем последовательно выдерживается точка зрения центрального персонажа, которая распространяется на все конструктивные элементы произведения. Такая проза напоминает рассказы В. Шукшина, повести Ю. Трифонова, В. Распутина, Ф. Абрамова, В. Белова. Их отмечает особое тяготение к субъективной многоплановости в произведениях, когда выделяются сферы разных персонажей, точка зрения которых организует большие повествовательные фрагменты.

В повествовательной структуре казахской прозы в творчестве А. Кекильбаева, О. Бокеева, Т. Абдикова, Д. Исабекова, К. Исакова, К. Жумадилова, А. Тарази, произошли существенные изменения. Сложнее стали формы выражения авторской позиции, напряженнее – отношения голосов автора и героев. Взаимодействие голосов автора и персонажей стало основным источником новых стилевых процессов. В этих произведениях вмешательство автора резко ограничено, оно появляется лишь эпизодически (например, у О. Бокеева), часто оно вообще отсутствует. Отношение автора к персонажам прямо не выражается, повествователь то и дело подчеркивает относительность своего взгляда, своей оценки событий или отношения к герою. При этом в современной казахской прозе, как и во всесоюзной тогда литературе 70-х годов, обнаруживается тенденция, к расширению возможных точек зрения на изображаемое для того, чтобы преодолеть замкнутость и субъективность индивидуального сознания (авторского). Это позволяло изображать одно и то же явление в разных ракурсах, что раздвигало рамки изображения, давало возможность высказаться разным персонажам.

Новые процессы оказались настолько интенсивным, что начавший писать в традиционной классической

манере Д. Досжанов (автор исторического романа «Шелковый путь») вскоре стал создавать произведения в русле нового стиля, новой проблематики. Об этом свидетельствуют его повести «Да свершится мое желание», «След тулпара», «У тигра своя тропа».

Появление в 1983 году романа «Половодье» А. Нурпеисова, автора трилогии «Кровь и пот» (историко-эпического панорамного романа), свидетельствует также о фактах ломки прежней традиционной повествовательной манеры писателя. Слово автора не только ориентировано на речь Жадигера – героя-протогониста, но и временами исчезает вовсе; автор предоставляет слово самому становящемуся в романе сознанию героя.

В чем отличие нового стиля от традиционного способа повествования? Насколько продуктивной оказалась для казахской прозы его природная эпическая поэтичность?

О произведениях, перечисленных выше художников (А. Кекильбаева и О. Бокеева), критика писала: «В их творчестве казахская повесть, родившаяся недавно, обрела формулу и силу. Необычайный сплав повествовательности и лирики требует специального анализа». И еще: «Сплав этот отнюдь не случайное явление, а плод национально-специфического образа художественного мышления. Национальная манера повествования от первого лица в народных сказаниях, манера понимания вещей и событий, поэтическая интерпретация их глашатаями – сказителями, жырау, жырши, акынами нашла свое оригинальное преломление в казахской повести»¹⁷. Далее критик отмечает особую роль повествователя в новой прозе: «Как и древние сказители; авторы современных повестей выступают как бы очевидцами описываемых событий. Эффект присутствия даже в исторических повествованиях достигается интонацией повествования, прямой политической стратией, точностью психологических реалий: мысль, но не картина, символ, но не линия, – главный конструктор поэтического синтаксиса казахской повести: условные формы художественного выражения щедро черпаются из исторических эпосов, сказаний, легенд, айтысов»¹⁸. Не случайно столь подробное цитирование. Это было пророческое предсказание.

¹⁷ Никитин С. Энергия художественного мышления // Простор. А., 1977. № 5. С. 115.

¹⁸ Там же.

Мысль критика подтверждается реальным анализом казахской прозы 70-х годов.

Современная казахская проза в целях расширения числа возможных точек зрения на события (чтобы показать его в разных ракурсах) прибегает к изображению одного и того же героя в разных пространственно-временных плоскостях. Это заметно отличает новую прозу от традиционной, прежней. При этом в современной казахской прозе происходит творческая трансформация «бессюжетного» лиро-эпического жанра толгау. В прозаических жанрах, имеющих свою фольклорную предысторию, выражаясь словами М. М. Бахтина, «...на протяжении веков их жизни накапливаются формы видения и осмысления определенных сторон мира». Поэтому «для писателя-ремесленника» жанр служит шаблоном, большой же художник пытается пробудить заложенные в нем «смысловые возможности». Видимо не случайно в 70-е–80-е годы в казахской литературе появляются жанрово-стилевые переосмысления сюжетов древних легенд и притч. Современные казахские прозаики не только используют фабульные жанры фольклора, но пробуждают огромные сокровища «потенциальных смыслов», которые в фольклоре не могли быть раскрыты и осознаны в своей содержательности. Лиро-эпические стилевые приемы толгау, открытие в фольклоре, только в современной прозе получают подлинное развитие. Писатели подключаются к «памяти» жанра, извлекая самое содержательное в ту или иную эпоху. «Кекильбаев, – писал Е. Сидоров, – в своей исторической прозе идет по другому пути. Но это не историческая романистика в ее традиционном эпическом варианте (А. Толстой, В. Ян, С. Бородин, И. Есенберлин, А. Алимжанов, П. Кадыров). Это поэтическая проза, основанная на локальном конфликте, чуждая панорамного развития темы, острых сюжетных повторов, многофигурных, детально проработанных композиций»¹⁹. Е. Сидоров дал точную характеристику лиро-эпического стиля А. Кекильбаева. Внутренней темой А. Кекильбаева, отличающей его от многих других прозаиков, является исследование психологии человеческой природы. Как соотносятся заложенные в человеке добро и зло, в чем сила, честь и достоинство

¹⁹ Сидоров Е. В поисках истины. Статьи и диалоги о литературе. А., 1983. С. 259.

человека? Этот круг вопросов присутствует во всех его произведениях, получив углубленное решение в романе «Конец легенды».

События, сюжеты многих произведений А. Кекильбаева известны в народном представлении из фольклора, но стилевые и содержательные акценты, интонации уже резко окрашены его индивидуальным видением мира.

В «Состязании» (1965 г.), а еще раньше в «Призовом бегунце» (1964 г.) писатель тоже искал примеры «доброты», «уроки» истории. Появившиеся через два года повести «Баллады забытых лет» и «Хатынгольская баллада» углубили интерес к этим проблемам. Не случайно в заглавиях повторение слов «баллада»: настроение лиро-эпического жанра соответствует тону обеих повестей. Лиро-эпичность проявляет себя в сюжете эпического повествования, в его эмоциональности идущей от поэтических форм. Внешне — это орнаментальная проза с поэтическими инверсиями, экспрессией, повторяющимися символическими рефренами, что создает почти стихотворный ритм в прозе.

Известно, что время и пространство изображаемого мира в произведениях художественной прозы, степень их реалистичности, зависят от точки зрения повествователя. А. Бучис, говоря о литовской прозе, отмечает изменения, связанные с заменой «всезнающего» повествователя (повествователь от третьего лица) повествователем субъективным (от первого лица). При этом исследователь подчеркивает сдвиг в структурной доминанте произведения. Процесс этот характерен и для современной казахской прозы, когда, как и в других литературах, на место хронологической цепи многоплановых событий «характерной композиционной доминанты» должно было выдвинуться «духовное саморазвитие отдельного человека, психический процесс, который не сочетался ни с традиционным понятием художественного времени, ни с прежним панорамным пространством романа, ни с фабулой»²⁰. Психический процесс героев повестей А. Кекильбаева не просто получает развитие во времени и пространстве, но он не подчинен хронологической последовательности событий. Читателю, как и повествователю, понятно внутреннее саморазвитие персонажей, и естественный ход мыслей. В повести, как в

²⁰ Бучис А. Роман и современность. М., 1977. С. 177.

романе, происходит сближение разных временных пластов. Лиро-эпичность в современной повести способствует нарушению хронологической последовательности событий – прошлое всплывает в сознании персонажа (Жонеута, Чингизхана) по ассоциации с настоящим, как внутреннее связанное с ним.

В современной казахской повести происходит сгущение жизненного материала в пределах небольших повествовательных форм (рассказа, повести), что ведет к романизации этих форм. Это отличает действенность повестей Д. Исабекова, К. Искакова, А. Тарази.

Убедительность стиля, подключенность читателя и самого повествователя к происходящим событиям достигнуты А. Кекильбаевым прежде всего сложной дифференциацией «голосов» персонажей и повествователя, а также особым характером «голоса» повествователя. Речь его – это голос свидетеля событий, что находит отражение в форме несобственно-прямой речи, господствующей в стилистике повести.

Уже первые строки в повести «Баллады забытых лет» предвешают приближение чего-то трагического: «Нет конца-края раскаленной от сухого жара равнине. И не за что зацепиться взору – ни холмика, ни бугорка...» – так повествователь, находящийся рядом со своими персонажами, видит окружающий пейзаж их глазами. Чтобы понять переплетение голосов в повести, обратимся к характерному фрагменту текста. Повествователь думает: «Пленникам все в диковинку. Забыв про горькую долю и зудящие раны, они с мальчишеской любознательностью глазают вокруг». Далее без перехода мы слышим «голоса» героев: «Вот оно как туркмены справляют поминки. Ни тебе раздолья, ни шумной суеты». Далее опять вступает сам повествователь: «Долго ли вариться мясу годовалого верблюжонка? Окутанные паром куски уже на плоских деревянных подносах. А вот уже пустые подносы. Опять молитва, опять Коран». Повествователь – человек литературный, поэтому его речь отличается от речи простых персонажей, для которых характерны просторечные обороты: «вот оно как», «ни тебе раздолья, ни шумной суеты», «куда ни глянь». Стиль меняется, когда «солируют» персонажи: он становится орнаментальным, кроме того, мы встречаем здесь и повторы, и инверсии: «чужой народ, нравы чужие», «не раздастся звонкий смех, не вспыхнет спор, не разразится

музыка». Так в повести происходит взаимоотражение голосов персонажей «Жонеута, музыканта и повествователя».

Временами повествователь вторгается в ход событий, интонируя и оценивая тем самым появление нового персонажа: «Пришел час назвать его имя – Жонеут. И просить читателя запомнить это имя. Ибо Жонеут пройдет пешком, промчится вскачь сквозь всю мою балладу. А когда в терзаниях испустит двух, я закончу свой сказ». Из этих фраз читатель еще не может понять, положительный или отрицательный персонаж появляется на сцене. Акцентируется только его появление, но не авторская этическая оценка. Далее повествование переходит к Жонеуту – вождю туркменов. И вновь в форме несобственно-прямой речи перед нами раскрывается история героя, все то, что предшествовало сегодняшним событиям. Один за другим погибают в набегах лучшие люди казахов и туркменов. Жонеут потерял брата, теперь последнего сына; «Жонеут не мог сказать, сколько времени он пробыл у Аннадурды. Может быть, долго, а может, быть недолго. В памяти остались разрозненные подробности». Далее изображается сознание убитого горем человека, воспринимающего только внешние передвижения в пространстве, но отключенного от самой сути совершающихся похоронных обрядов. «Вбегает возбужденный старик, что-то сбивчиво говорит, тычет пальцем в сторону бледно-оранжевого заката... Жонеута опять поднимают под руки, ведут... И он идет. Бессмысленно, слепо. Почему так трудно идти, точно он в дороге неделю, месяц? Почему так плохо подчиняются ноги? Ему надо быть впереди других, а он с немощными стариками плетется в хвосте...» Повторение отдельных слов, вопросительные интонации, – все это рисует состояние человека, подавленного сломленного горем утраты. В повести чередуются картины, изображающие разное восприятие этого события: самим Жонеутом, казахом-музыкантом, повествователем и свидетелями – старейшими туркменами, передающими коллективную точку зрения.

Одной из особенностью развития казахской литературы на современном этапе является актуализация внесловесных форм авторской позиции. В повести А. Кекильбаева «Баллады забытых лет» происходит не только

переосмысление фольклорного жанра притчи-кюй (фабульный музыкальный жанр казахского фольклора), но и соприкосновение, взаимоотражение жанров фольклора и литературы. Повесть деавтоматизирует фабулу, кюй, более того, наполняет жизнью мертвую схему фольклорного жанра. Сказитель или музыкант-кюйши, исполняя кюй, рассказывающий о трагической гибели музыканта из-за межнациональных войн, как знаток фольклора, воспроизвел бы сам притчевый жанр. Он был бы подключен к фольклорной памяти, как представитель народной среды и знаток фольклора. А. Кекильбаев создает свою интерпретацию этого жанра, создав образ жестокого воина и простого человека, но не обратившись при этом ни к одному из существующих в народном творчестве вариантов. В пределах фольклора жанр повторяется, сохраняя все свои «правила»: «кюйши-музыкант – талантливая жертва, Жонеут – «жестокий тиран». Таково черно-белое (положительно-отрицательное с самого начала) изображение фольклорного жанра. В повести образ Жонеута качественно отличается от фольклорного прототипа. А. Кекильбаева волнуют не сами факты драматического сюжета притчи-кюй, а предыстория, генетический и психологический код личности, сама человеческая потенция, которая делает возможным тот или иной поступок. Герои А. Кекильбаева – это этико-психологические модели сложнейшей художественной конструкции. В повести персонажи (музыкант, Жонеут, повествователь) как бы диалогизируют с контекстными образами (фольклорными), с жанровой традицией, отталкиваясь от своих прототипов, но интерпретируя их. Если в «Состязании» писатель интериоризировал фабулу фольклора в сюжет повести, то теперь отношения писателя с фольклором стали еще более глубокими, опосредованными. Писатель подключает неживые схемы фольклора к токам живой жизни, переосмысливая при этом не только смысловые сокровища фольклора, но и жанровые потенции притчи. Переосмысление фабулы фольклора оказывается возможным только в большом времени, в пространстве прозаических жанров письменной литературы. При этом притча не только не оттесняет возможности жанра, но только в пределах повести получает некоторую завершенность и осознанность.

Кроме того, писатель, обыгрывая притчу, создает иллюзию сиюминутности ее исполнения, одновременно с которым совершается процесс развития внутренних мыслей персонажей в форме внутреннего монолога. Фольклорный жанр при всем своем своеобразии входит в единый повествовательный процесс в современной повести, он подключен к новому поиску истин в пространстве повести. В этой связи вспоминаются слова А. Жубанова, теоретика музыки, о внутренней структуре кюй: «Пленник начал кюй постепенно, не спеша, излагая основную тему во втором голосе, что обещало слушателям повествование, имеющее развернутый сюжет, на основе которого и был сложен кюй... Проходили две темы на двух струнах, обе своеобразные и четкие в своих очертаниях»²¹. «Две темы» мы видим и в повести – это темы самого музыканта и Жонеута: каждый думает о своем, это две разные рефлексии на музыку, которая рождается тут же на наших глазах.

Музыка подчеркивает их мысли, параллельно развивающиеся: «Свершилось чудо. Горечь обиды, боль, отчаяние – все разом обрушила домбра на Жонеута. Она низвергла водопад звуков, и каждый пронизывал сердце». Эти воспоминания-речи потом получили новую оркестровку, соответственно менялась и музыка: «Меж тем домбра запела на новый лад, глухо, печально. Ее вздохи перемежались тихим всхлипыванием». Музыка домбры становится как бы еще одним «голосом» повествования. Одновременно с внутренними монологами Жонеута развиваются думы пленного домбриста: «Пела не домбра, а степь. Оттуда, издалека, ветер приносил мелодию». Повествователь сближает свой голос с голосом домбриста, свое видение мира с его точкой зрения. Поэтому повторяются ключевые слова в речи домбриста («недолгая жизнь человеческая», «человек тот, кто думает»), в которых слиты эти голоса, ибо они выражают итоговую этическую оценку автора. Жонеут оплакивает под эти же звуки бывшие победы в межродовых схватках, гибель своих близких. Иначе думает невольник; играя, он мысленно обращается к сидящим: «Не спеши считать себя венцом творения. Откуда твоя спесь? Кто тебе дал право считать себя лучше соседа и вершить суд над ним?». Естественно, что

²¹ Жубанов А. Струны столетий. А., 1958. С. 208.»»

голос домбриста отличен от хода мыслей Жонеута: Жонеут вспоминает, повествователь свидетельствует. Это уже иное соотношение голосов, чем в системе «повествователь и домбрист». В отрывке, начинающемся со слов: «Выходит, враг тоже человек», разные сознания (домбриста, Жонеута и присутствующих) вдруг соприкасаются, и над ними как высшая истина звучит мысль о том, что человеческая жизнь – короткая, недолгая, поэтому научить думать, прежде чем совершить зло над другими. «Домбра взывала, молила о чем-то. Отвечая ее струнам, звучали струны человеческого сердца – самые потаенные, самые тонкие. Такие, о существовании которых человек не всегда догадывается».

Сцена игры на домбре – самое большое художественное достижение писателя в повести. Прозаическая реализация кюй в структуре современной повести остается за А. Кекильбаевым.

Дифференцируя «голоса», Кекильбаев проникает во внутренний мир персонажей. В его повестях поведение легендарных героев уже ничего общего не имеет с фабулой легенды. Последняя глава организована по поэтическим традициям: казнь и душевные терзания Жонеута, от которого после казни музыканта отвернулись соплеменники, не простив ему его жестокости. В финале повествователь полностью отдает повествование Жонеуту. И это более убедительно, чем последнее, априорное слово всезнающего автора.

В повести А. Кекильбаева «Хатынгольская баллада» так же, как и в предыдущем произведении писателя, лирико-эпическое начало является внутренним принципом организации повествования. Его структура синтезирует в себе жанровые признаки и лирической баллады, и повести. В произведении взяты отдельные сцены из жизни персонажей, как в лирике; но внутренний масштаб постижения жизни персонажей характерен для развитого эпического повествования. Стилистика прозы сливается с языком поэзии, пропитывается фольклорными, песенными началами (как мы помним, так было и у О. Бокеева). Писатели сознательно вводят в прозу стиховые принципы: ритм, лирические повторы, экспрессивность речи, инверсию.

В «Хатынгольской балладе» А. Кекильбаеву важно не только возвращение к персонажам давнего исторического предания о покушении на Чингизхана, ему

важна идея притчи – мысль о нестигаемости человеческого достоинства перед лицом жестокости. Повествователь, ранее открыто присутствовавший (как в «Балладе забытых лет»), теперь исчезает, лишь интонационно отзываясь в речи персонажей. Отношение автора к персонажу, каково бы оно ни было, прямо не выражается. Повествователь – не информатор, он свидетель событий. «Психологический анализ у него заметно опирается на достижения русской и европейской классики. Писатель прививает к древу национальной традиции черенки мирового художественного опыта и делает это с чувством меры, бережно сохраняя корневые пласты казахского национального мироощущения»²², – пишет Е. Сидоров о прозе А. Кекильбаева. Критик уточняет: «Особенно наглядно такая связь проступает во внутренних монологах персонажей – прием достаточно распространенный сегодня в исторической литературе, но у Кекильбаева еще и очень ограниченный, позволяющий раскрыть потаенные глубины характера. Таковы переходы от сна к яви, от сознания к подсознанию. При этом никакой архаики, никакой стилизации»²³. Е. Сидоров точно характеризует особенности стиля произведений писателя. Проникновение в глубины человеческой психики, требующее изображения «переходных» состояний, – это и есть отличительные черты «исторических» повестей Кекильбаева, отличающие его прозу от произведений Д. Досжанова, и А. Кекильбаеву эти исторические сюжеты нужны постольку только, поскольку они в зашифрованном виде содержат этические идеи, схемы персонажей. Но в современной повести они исследуются по законам реалистической прозы. Кекильбаеву важно было оживить не столько притчу, сколько оживить голоса и мысли социально разных персонажей, с их разными точками зрения, с разными представлениями о человеческой жизни.

В «Хатынгольской балладе» писатель акцентирует внимание преимущественно на детально изображенных потоках сознания человеческой психики. Повествователь пытается обнажить тайное тайных психологии героя – грозного Чингизхана: «В одиночестве, когда можно не бояться постороннего глаза, он долго разглядывает

²² Сидоров Е. В поисках истины. Статьи и диалоги о литературе. А., 1983. С. 259, 261.

²³ Там же. С. 261.

свои жилистые, в набухших сосудах руки, словно видит их впервые, по очереди ощупывает все десять пальцев, униженные дорогими перстнями, будто радуясь, что никто не отрубил их во время сна». Слова: «словно видит», «будто» и др. подчеркивают незавершенность психологических представлений персонажа. Читатель наблюдает за ходом воспоминаний героя, видит «истории» каждого из перстней. Кекильбаеву важно использовать эту деталь притчи для того, чтобы композиционно организовать воспоминание персонажа о каждом из событий. Писатель совершает как бы непроизвольную встречу в одном высказывании двух социальных сознаний: «Он не мог победить не только бесстрашную гордость, но и ненасытную жадность. Однажды – это было на базаре Гермеза – какой-то купчишка на его глазах лихорадочно стянул с пальца и мгновенно проглотил перстень. Он приказал своему нойону проткнуть поганое скупердяйское брюхо и вытащить перстень. Вот он, тот золотистого цвета яхонт». Отдельные слова в тексте («проткнуть поганое скупердяйское брюхо» и др.) принадлежат скорее самому персонажу, чем свидетелю-повествователю, который вводит слова героя, обрамляя их своими словами, отличными от языкового сознания персонажа. Автор стремится индивидуализировать речь персонажа, слова действительно соответствуют его социальному языку и в то же время контрастируют со спокойными, почти бесстрастными интонациями повествователя. Такова тенденция повести.

Речь персонажей – не повествователя – оснащена устойчивыми оборотами, взятыми из народного обихода сравнениями. Так Чингизхан говорит о людях – «черни», «чьи головы будут трястись, как хвост чесоточной годовалой козы»; или о своем стрелке Кахаре «способном за версту поразить в глаз дикую козу и услышать в ночи шорох бегущего муравья»; или об отчаянных храбрецах, «сердца которых обросли шерстью». Три «голоса» слышны в финале, когда речь идет о смерти центрального персонажа, три разных сознания одновременно, по-разному, реагируют на происходящее: сам главный герой, Кахар – его верный слуга, и повествователь, наблюдавший со стороны, но находящийся тут же. «Чингизхан налил в ярко расписанную китайскую чашу какой-то напиток, протянул его Кахару, сказав, чтобы он выпил половину, а остальное вернул ему (подчеркнуто

мной – А. И.). Кахар удивился, однако не мог не исполнить приказание своего господина. Он выпил ровно половину загадочного напитка и тут же передал чашку маленькому сгорбленному старику, сидящему на пышной постели. И едва передал он из рук в руки чашку, как повалился к ногам хана. Но он еще успел увидеть, как великий Повелитель, чьей грозной воле подчинялась половина мира, залпом выпил из китайской чашки то, что осталось после него, недостойного стрелка, всю жизнь по горам и ущельям, гонявшего диких архаров. Кахар успел еще звучно цокнуть языком, чтобы выразить удивление, и это было последнее удивление охотника Кахара поступкам своего великого Повелителя». «Маленький сгорбленный старик, сидящий на пышной постели», – таким видит повествователь Чингизхана, он же видит, как падает удивленный Кахар. Придаточное предложение в первой фразе принадлежит языковому сознанию Чингизхана – это его поведение. Только Кахар о себе может сказать, как о «недостойном стрелке», но не Чингизхан, и не повествователь.

Запоминаются словесные самораскрытия и других персонажей повести (Гурбельжин и Шидурги). Герои Кекильбаева думают, переживают, открывают для себя постоянство ценностей человеческой жизни, неистребимых в людях никакими насилиями и унижениями.

Стиль становится в повести формой сложной, посредственно выраженной оценки мира. В отличие от притчи, писатель говорит не о герое, а с героем. Он изображает то, что входит в кругозор героя, он вводит нас в мир его идей, воссоздавая его точку зрения.

Присутствие повествователя, активно вторгающегося в сознание и психологические состояния своих персонажей, рождало у критиков сомнение в качестве художественности. И. Юшкова писала о том, что повести А. Кекильбаева – «это попытки найти особую синтетическую форму, соединяющую в себе художественность и публистичность»²⁴. Более подходящим, на наш взгляд, представляется другая точка зрения. Так Е. Сидоров отмечает: «Он доверяет истории, не заискивая перед ней, и он судит ее, освобождая от глянца внесоциальных легенд и характеристик. Его не устраивает часть правды, часть песни. Ему надо учесть и слезы женщин, и

²⁴ Юшкова И. Послесловие // Кекильбаев А. Баллады забытых лет. А., 1980.

победные клики воинов, и нищету неимущих масс, и безмерное богатство ханов. Ему важно расслышать в жестокой и величественной музыке восточного средневековья порвы человеческой души к небу, стремление народа к социальному и духовному освобождению»²⁵.

Балладность повестей А. Кекильбаева, сказовость произведений О. Бокеева – все это свидетельствует о том, что смена стиля в современной казахской прозе стала продолжительным процессом, втягивающим в себя все новое число писателей. В процессе творческого переосмысления писателями традиций фольклора и накопившихся собственно литературных традиций самым продуктивным началом оказалась для прозы 70-х годов традиция казахских лиро-эпических жанров. Новое переосмысление их с точки зрения современных прозаических жанров, новый синтез этих двух традиций и сделали возможным переход казахской прозы на качественно новый уровень художественности.

Казахские писатели расширяют привычные представления о «диапазоне» жанров прозаических и поэтических, собственно литературных и фольклорных. Писатели сознательно вводят лирические приемы, добиваясь особой экспрессивности, возрождая фольклорные образы-символы, с заложенными в них национальными «смыслами» и кодами. В этом смысле современная казахская проза напоминает «орнаментальную» русскую прозу 20-х годов. «Орнаментализм, – отмечает Н. В. Драгомирецкая в статье «Стилевые искания в ранней советской прозе», – дополнительная нагрузка на речь, «повышение» ее тона (в чем бы оно ни выразилось – в напряженности речи, ее украшении, подчеркивании, введении в речь стиховых принципов, сказа и пр.) – следует рассматривать, во-первых, как явление переходной эпохи в развитии литературы, причем не только русской»²⁶. Внешняя орнаментальность современной казахской прозы действительно напоминает опыт русской прозы, но это явления разнокачественные. Единственное, в чем они совпадают, – это в поисках новых стиливых качеств, в стиливых исканиях, в попытках преодолеть инерцию стиля.

²⁵ Сидоров Е. В поисках истины... С. 261.

²⁶ Драгомирецкая Н. В. Стилевые искания в ранней советской прозе // Теория литературы. Стил. Литературное развитие основные проблемы в историческом освещении. М., 1965 стр. 132.

Возникает вопрос, является ли орнаментализм современной казахской прозы ее давней древней традицией?

Конечно, нельзя догматически связывать мышление той или иной нации с орнаментально-романтическим или реалистическим типом мышления. Еще В. Жирмунский указывал на историко-типологические сходства поэзии западных и восточных литератур²⁷. Н. Конрад говорил о «ренессансном» романтизме», отмечая при этом типологическое сходство рыцарских поэм итальянского Ренессанса и героических поэм средневекового Востока²⁸. Современные исследователи также правомерно говорят о доминировании элементов романтизма или реализма в художественном мышлении нации или целых регионов.

Так, стала привычной мысль о романтической доминанте в художественном мышлении народов Востока. Одни исследователи говорят о проявлении «романтического идеала»²⁹, другие – о романтическом стиле восточной поэзии, «как национальной стилевой традиции, которая неизменно сопутствует литературному развитию»³⁰, третьи говорят о романтизме, как о ведущем методе некоторых восточных литератур³¹. При этом под «восточной классикой» подразумевается ирано-таджикская и тюркоязычная лирика средневековья.

Для казахской прозы восточная классика является не прямой «своей» традицией. Поэтому вряд ли правомерно говорить об исконной орнаментальности национального стиля, зарождение которой относится к концу XIX и началу нынешнего века. Классический стиль Абая не только утвердил реализм, но значительно определил собой все последующее развитие казахской литературы. Разумеется, ориентальное мироощущение имело какие-то особенности восприятия мира. Но представляется, что это связано не с какими-то константами в художественном мышлении народов Востока. Правомерно будет

²⁷ Жирмунский В. Литературные отношения Востока и Запада как проблема сравнительного литературоведения // Жирмунский В. М. Сравнительное литературоведение. Л., 1979. С. 18 – 46.

²⁸ Конрад Н. «Витязь в тигровой шкуре» и вопрос о ренессансном романтизме // Н. Конрад. Запад и Восток. М., 1972, С. 99.

²⁹ Азаде Р. «Правда жизни» в классической азербайджанской поэзии // Проблемы реализма в литературах народов Советского Востока. Баку. 1974. С. 67.

³⁰ Ломидзе Г. И. Единство и многообразие. М., 1960. С. 197.

³¹ Хайимбетова А. Творческий метод Навои, Автореф, докт. дисс. Ташкент. 1985. С. 52.

говорить о специфике фольклорных традиций с их восточным, витиевато-кружевным слогом. Для литератур Среднего Востока в целом реализм стал реальностью только в начале нынешнего века, до этого господствовала фольклорная ориентальная и изустно-авторская стилистика, которая больше всего напоминала романтический стиль в литературах Запада. Отличием является классическая ирано-таджикская и тюркоязычная лирика средневековья.

Проза – явление иного порядка, нежели поэзия, ей более присуще синтезировать, оперативно отбирая из предшествовавшего развития словесности нужные элементы. Современный орнаментализм казахской прозы представляет собой «снятую», художественно переосмысленную традицию стиля лиро-эпических жанров национального словесного творчества.

Лиро-эпическое начало в современной прозе демонстрирует собой возможность национального жанрово-стилевого своеобразия в освоении романного, прозаического видения и воспроизведения действительности.

Поэтому говорить о некоем неизменном стилевом спутнике литературного развития представляется не совсем убедительным. Национальные стилевые традиции (лиро-эпическое в казахской прозе, орнаментально-романтическое в других восточных литературах) не являются раз и навсегда данными константами стиля. Традиция фольклора является для казахской прозы одной из традиций, не единственной, потому и доминирующей только в отдельные периоды ее развития. Были бы стилевые постоянные, были бы, возможно, сугубо специфические восточные и европейские типы романа. Но это не так однозначно.

Казахская проза, имея перед собой с самого начала образец русской классической литературы, преодолевала инерцию своей фольклорной традиции (ориентально-витиеватой). Только современный этап развития прозы позволил своеобразный синтез своих (фольклорных) опытов видения мира и опыт предшествовавшего развития собственно-литературных традиций. Для казахской прозы орнаментализм – традиция фольклорная, проза же самого начала имеет другой ориентир – на реалистическое повествование, заданное в «Бахытсыз Жамал» М. Дулатова.

То, что орнаментальный стиль не является специфической только одного национального стиля, демонстрирует С. Л. Каганович в содержательной монографии «Русский романтизм и Восток»³². Исследователь осуществляет диахронное рассмотрение на уровне стиля, русского романтизма и восточной классической лирики.

Лиро-эпичность и соответствующий ему стиль казахской прозы представляет собой явление другого характера, чем традиционный ориентальный орнаментализм. В данном случае можно говорить о доминировании стилевых особенностей национального фольклора, в структуре современной казахской прозы, актуализированных писателями, неосознанно воскрешающих «память» жанра.

В конечном счете, все зависит от художника, от его умения пробуждать «память» жанра в этом или ином ее звене. Силевые особенности являются все-таки периферийными, более динамичными, потому и не постоянными особенностями литературы. Целесообразным представляется поэтому ориентироваться и на категории более стабильного характера, каким является категория жанра. В развитии любой литературы важно видеть становление и рост жанрового костяка литературы. Современный казахский роман на данном этапе своего развития интериоризирует лиро-эпическое начало национального словесного творчества. Но это не константа на все времена. Одновременно осуществляется другой, более глобальной и существенный процесс – происходит дальнейшее формирование жанрово-стилевой системы казахской прозы. Но язык современной казахской прозы ничем не напоминает витиеватую традиционную описательность восточной прозы. В этом ее главное приобретение. Стиль современной казахской прозы – это художественный синтез народных словесных традиций и традиций современного романа, рефлексизирующего весь предшествовавший жанрово-стилевой опыт.

Репертуар средств, которыми передается точка зрения персонажа в современной казахской прозе, расширяется. Активизируются средства художественности, достигнутые литературой предшествовавшего периода (60–70-х годов). Так получает развитие харак-

³² Каганович С. Л. Русский романтизм и Восток. Специфика межнационального взаимодействия. Ташкент, 1984.

терологическое повествование, в котором выражается собственный голос героя. В таком повествовании осуществляется принцип широкого использования социальноречевых стилей изображаемой общественной среды в качестве ее собственного речевого самоопределения, связанного с ее бытом, культурой, ее историей. В. В. Виноградов подчеркивал при этом и принцип воспроизведения «социальных характеров с помощью их собственных «голосов» как в формах диалога, так и в формах «чужой» или непрямой речи в структуре повествования»³³. Именно в этом смысле отличаются произведения А. Кекильбаева и О. Бокеева от произведений с установкой на нормативность, литературность повествования. В одних произведениях (часто только в повести) литературное и характерологическое повествование сочетаются в пределах одного персонажа (например, в повестях О. Бокеева «Поющие барханы», «камчигер», в «Призовом бегунце» А. Кекильбаева). В других случаях, например, в романе А. Кекильбаева «Конец легенды», – подобное характерологическое повествование, на фоне литературного, закрепляется за отдельными персонажами и за изображением определенной социальной среды (так организованы главы о Повелителе, зодчем и юной ханше).

Как осуществляется характерологическое повествование в современной повести?

В повестях А. Кекильбаева ассоциации движут ход событий, причем это те ассоциации, которые возникают только у определенного социального типа (жестокий воин-тиран Жонеут, Чингизхан, или бедный музыкант, колодекопатель Енсеп).

Роман – сложноорганизованное жанрово-стилевое единство. В 70-е – 80-е годы казахские прозаики достигли изображения целостности мира в его живом и противоречивом развитии.

Движение к жанру психологического романа в современной казахской прозе – это одновременно подытоживание своих фольклорных, изустных, и приобретенных литературных традиций. Другими словами, происходит процесс репродукции романа, то, что называется «памятью жанра», без чего невозможна связь с национальными традициями.

³³ Виноградов В. В. О языке художественной литературы М., 1959. С. 475 – 476.

Но роман – не просто жанр, напоминающий развернутую, многоплановую повесть. Это становящийся жанр новой эпохи и новой литературы. Природа собственного развития романа требует и усвоения достигнутого до него опыта повествовательности и «снятия», преодоления изживших себя достижений отдельных жанров. Это относится и к отношениям современного казахского романа к повести. Происходит диалог этих жанров, что способствует становлению и росту жанрового костяка казахской литературы. К этой борьбе жанров казахская литература пришла только теперь, когда новые жанры прозы были освоены и стали для нее органичны. Дистанция между «Несчастной Жамал» М. Дулатова (1910) и романом А. Нурпеисова «Половодье» (1983) – оказалась достаточной для выявления сложных диалогических отношений жанров повести и романа в казахской прозе.

Какие же процессы происходили в казахском романе 70-х–80-х?

В повестях «Баллады забытых лет» и «Хатынгольская баллада» А. Кекильбаева проявилась лиро-эпическая «собранность» художественного образа, характеры предстали как единство обособленных друг от друга героев. Психологические состояния героев высвечиваются автором как различные возможности человеческого характера вообще. Писателя интересовала не только идея притчи, но и осмысление заключенной в ней идеи самими (и разными) персонажами. Но в повестях А. Кекильбаева эти разные характеры психологически не раскрывались, скорее можно говорить об осуществлении почти лирической исповеди, о проникновении писателя в одну человеческую душу, в характер центрального героя (например, Жонеута или Чингизхана). Достижения в раскрытии главного героя осуществлялись за счет сужения изображаемого кругозора остальных персонажей: все повествование было стянуто в один узел, и многие персонажи со своими точками зрения как бы обслуживали характер главного героя. А. Кекильбаеву важно было в обеих повестях раскрыть возможности одного типа характера – властолюбивого «недочеловека» (З. Кедрина).

В основе сюжета романа «Конец легенды» (1974 г.) лежит фабула, взятая из притчи: история последних

месяцев жизни жестокого Тимур-хана, прозванного в народе «железным».

Приехав из очередного похода, Повелитель обнаруживает минарет, построенный в его отсутствие (в его честь) по воле младшей ханши. Но до него доносятся вести о дерзости молодого зодчего, осмелившегося влюбиться в юную ханшу. Ослеплен зодчий, в опале молодая неповинная ханша. Но беспокойно Повелителю. Только в последние минуты жизни он убеждается в своем бессилии перед законами жизни: силой любви и вечным возрождением жизни. Казалось бы, ничего нового в событийной основе романа нет. Те же притчевые антиподы: Жонеут и юный музыкант, Чингизхан и «слабая» женщина Гурбельжин, сумевшая противостоять деспоту (в романе – это Повелитель и младшая ханша, Повелитель и зодчий). Но писатель осложняет систему взаимоотношений персонажей, героя притчи, например, он делает Повелителем, обозначая собирательность образа, его общечеловеческую обобщенность. В этом смысле образ Повелителя не только вобрал в себя черты предшествовавших героев писателя – Жонеута и Чингизхана, – но и вырос до более широких масштабов. Образ Повелителя в романе соткан из «сцепления» множества психологических состояний, но теперь они соединены еще и опосредованными связями, которых не могло быть в повести.

Изменились и стилевые краски в романе: «Как ни старался Повелитель, вступив в Великую пустыню, отвести взгляд от всепожирающего сыпучего песка вокруг, однако никак не мог избавиться от гнетущего ощущения его беспредельной ненасытности...»³⁴. Густая, подробная речь персонажа – это не только реакция на окружающее, но и на самого себя. Повторяющиеся обороты: «как бы ни», «и каждый раз» и др. подчеркивают состояние утомленного героя – героя с беспокойной совестью. Голос повествователя, незримо присутствующего, дополняющего речь персонажей, отличен от лирической позиции автора в прежних повестях А. Кекильбаева (например, «Балладах забытых лет»).

В романе повествователь как бы уходит за кулисы, предоставляя слово самими участникам событий. Он

³⁴ Кекильбаев. А. Конец легенды: Роман // Кекильбаев А. Степные легенды. М., 1983, С. 246.

присутствует только для «дополнительных» функций. Так, в начале романа повествователь дополняет размышления героя, изображая природу, окружающую героя: «Ранняя, чахлая весна. Скучная, убогая равнина, и нынешней зимой обделенная снегом, утомляла глаз». Безрадостные эпитеты подготавливают появление последнего предложения о стыке зимы и весны – букв. «Өліара». Слово это появляется ключом к образу Повелителя. Переходность времени года, когда уже не зима, но еще и не весна, это рождающееся заново, но и умирающих ее состояние земли: возводится в символ совершающихся в романе событий, с их главной идеей – только в такие «өліара» совершаются перемены и в природе, и в человеке. Автор как бы подготовил читателя этим словом к тому, что близки перемены, но не совсем добрые, поэтому и важны писателю эпитеты «чахлая, ранняя весна».

Стиль романа – представляет собой смещение двух социальных языков в пределах одного высказывания, «встреча двух разных, разделенных эпохой и социальной дифференциацией языковых сознаний»³⁵. В языковом образе романа явно присутствуют два сознания изображаемое и изображающее. Они уступают друг другу, слово повествователя часто переходит в несобственно-прямую речь персонажей. Языковая зона Повелителя охарактеризована так: «Вокруг, куда ни посмотри, горбатились бурные барханы...» Это живая речь героя с оборотами: «куда ни посмотри», «не вычитаешь», обращена как к себе, так и читателю, для того, чтобы вызывать его сопонимание. Речь персонажа переходит в лирико-философские рассуждения, к которым тоже оказываются подключенными и повествователь, и читатель. Перед нами поток сознания Повелителя, размышляющего о бессмысленности суеты самой жизни, о своем прошлом, которое тоже позабылось. А. Кекильбаев дает возможность выговориться персонажам, даже Повелителю, который считал, что «он не позволял себе передумывать то, что было однажды решено».

Нам важен в данном случае общий стилевой принцип А. Кекильбаева, утверждаемый им стилевой статус жанра романа. Глава «Минарет» начинатся с речи дру-

³⁵ Такое смешение языков Бахтин назвал гибридизацией // Вопросы литературы и эстетики. М., 1975. С. 170.

гого персонажа – зодчего. Слово героя выражает его мысли, его восприятие событий. Разговоры Жаппара о себе отличаются от рассуждений и речей Повелителя. В воспоминаниях юноши разворачивается жизнь бедного народа, семьи мастера, обучившего сына своему нелегкому ремеслу.

Так, А. Кекильбаев, сопрягая разные речевые голоса (принцип, найденный им еще в повести) пытается изобразить взаимосвязь разных судеб, «разветвить» повествование. В третьей главе («Любовь») события воспроизведены с третьей точки зрения – Младшей ханши. Теперь это размышления о семье Повелителя, о сложных взаимоотношениях между женами. «Она старалась ни о чем не думать. Но беспорядочный рой мыслей помимо ее воли, словно назойливые мухи, мельтешил перед ее глазами...» Этот «беспорядочный рой мыслей» приводится постепенно в порядок на протяжении всей третьей главы романа.

Стилевой рисунок А. Кекильбаева включают в себя спектр детализаций, полноту описания, чем и отличается от повести. Писатель сознательно развивает и обогащает, наполняет самой жизнью ситуации, занимающие в фольклорной притче второстепенное место. В притче важна была главная идея; в романе важно все, что составляет внутреннюю жизнь персонажей; их внешнее поведение, в отличие от поведения героев притчи, не всегда соответствует их внутреннему состоянию.

В романе «Конец легенды» расширяется сфера применения и несобственно-прямой речи: она выступает в ином, нетрадиционном качестве. Обычно возникающая как реакция персонажа на какое-либо событие или явление, несобственно-прямая речь становится скрытым ответом на реплику в диалоге.

Усложнение функций несобственно-прямой речи в современной русской прозе отмечает лингвист Н. А. Кожевникова. В стиле романа А. Кекильбаева мы видим отражение тех же процессов, что и в русской прозе 70-х годов: «Несобственно-прямая речь, передающая воспоминания персонажа, включает в себя и повествование, и описание, и диалог, который утрачивает свою природу, превращаясь в факт сознания персонажа»³⁶. В структуре романа 70-х годов, как уже было отмечено, автор

³⁶ Кожевникова Н. А. О соотношении речи автора и персонажа, С. 36.

«вмешивается» в сюжет. В отличие от сказителя притчи, автор теперь выступает не бесстрастным повествователем, не «пленником» канона жанра; он – активный инициатор, расставляет акценты, оценивая то или иное явление всем ходом сюжета, интонацией и т. д. При этом форма романа оказывается самой убедительной оценкой содержания. В романе А. Кекильбаева этическая оценка изображаемых событий создается всем «организмом» произведения.

Писатель «с помощью художественной формы занимает некоторую активную позицию по отношению к содержанию». Говоря словами М. Бахтина, «все элемент стиля (романа) выражают основную социальную позицию автора»³⁷.

От поучительного дидактизма, от которого активного избавляется современная казахская проза, в романе нет ни одной интонации. Дидактизм ушел вглубь целостного единства художественного произведения. Писатель самым выбором сюжета совершает очередное, теперь романное, «поучение».

В романе А. Кекильбаева цельность мыслей «говорящих» персонажей достигается таким же единством авторского отношения к ним, как в толғау. Но заметим: в романе нет ни одного негативного слова по отношению к Повелителю. Автор достигает характеристик персонажей анализом взаимных оценок друг друга и их саморефлексией. Даже по отношению к положительным героям в романе нет прямой авторской характеристики. Они даны в восприятии других персонажей (Повелителя, ханши).

Персонажи А. Кекильбаева, как правило, не имеют готовых ответов на вопросы жизни, они ищут и находят их в самом процессе жизни. Роман запоминается не внешним сюжетом, не искусной живописностью, но именно внутренним движением психологических состояний персонажей. А. Кекильбаева интересует сама структура психологического процесса, ее звенья. В романе человек несравненно более широкий и сложный характер, чем были, например, Повелитель, зодчий и жена Повелителя в притче. Объектом исследования стали причинно-следственные связи явлений жизни. Перед нами вырастает проблема: как жанровые законы романа

³⁷ Бахтин М. М. Слово в жизни и слово в поэзии. С.259.

вливают на стиль писателя? Жанр погружает писателя в море определенной литературной традиции. Возможности романа размыкают каноны жанра и стиля. Все решает личное мастерство писателя.

В романе А. Кекильбаева, по сравнению с его повестями, связь психологического и сюжетного планов принимает характер опосредованной, не прямой связи. В таких проиведениях проглядывается особое соотношение персонажей, что образует еще один «внутренний» сюжет, который имеет свою логику.

Если сравнить повести и роман А. Кекильбаева, то нельзя будет не согласиться с С. Г. Бочаровым в том, что «в романе сетка сюжетных взаимоотношений героев не только есть прямая проекция вовне линий их внутреннего развития, но последние могут быть спроецированы, ибо они представляют особые миры со своими специфическими закономерностями, миры, бесконечно более широкие, чем внешние проявления действующих лиц, их видимая жизнь, миры, далеко не исчерпывающиеся и не покрывающиеся поступками». Далее исследователь пишет о специфике романного стиля. «Связь психологического и сюжетного планов принимают характер опосредственной, сложной, не прямой связи. Вернее, внутренние соотношения персонажей образуют особый, «внутренний» сюжет, обладающий своей собственной логикой, сюжет, сплетения, пересечения, узловые точки линий которого далеко не прямо соответствуют сплетениям и пересечениям внешних судеб тех же персонажей в ходе действия»³⁸.

Вывод С. Г. Бочарова вырос из наблюдений над романами Л. Н. Толстого. Сравнение Л. Н. Толстого и А. Кекильбаева, безусловно, не входит в нашу задачу. В настоящей работе речь идет о принципе романских связей, их типе. Стиль романа «Конец легенды» доказывает, что у современного казахского романа есть большие жанровые возможности для постановки и решения проблем человеческого существования.

Смена стиля, таким образом, охватывает в 70-е годы все жанры казахской прозы. В этом смысле роман А. Нурпейсова «Долг» (1985), писателя-традиционалиста, пред-

³⁸ Бочаров С. Г. Психологическое раскрытие характера в русской классической литературе // Социалистический реализм и классическое наследие. М., 1960. С. 106.

ставляет собой веху, достигнутую казахской прозой в ее движении одновременно от инерции эпического наследия и от нейтральности стиля к двуголосому слову с героем-протогонистом. А. Нурпеисов продолжает писать об Арале, как это было в трилогии «Кровь и пот». Писатель теперь осмысливает жизнь своих земляков – современников. Одним из первых А. Нурпеисов еще тогда обнажил проблему исчезающего моря, продемонстрировав два разных отношения как к Аралу, так и к своей человеческой истории. Азим – типичный образ преуспевающего функционера, которого беспокоят личные корыстные цели. Иначе относится к жизни Жадигер, честно, из одня в день молча делающий свое дело, внутренние нуждающийся в этом. Слово Жадигера о жизни – это слово, тесно связанное с работой его внутренних мыслей. Роман начинается с раздумий Жадигера, директора рыболовного совхоза, вдруг остановившегося и пытающегося осмыслить то, что его привело сюда. «Как же все это случилось? Почему он теперь здесь? Один?», – так начинает размышление герой-протогонист А. Нурпеисова. И только перевернув последнюю страницу романа, читатель поймет нынешнее состояние героя. Внутренние монологи героев дают возможность писателю создать впечатление, что история героев не описывается, а совершается перед нами, события предстают не так застывшее прошлое героя, уже получившее свой смысл, значение и место в целостной истории судьбы героя, а как настоящее развертывающееся действие.

Роман «Долг» изменил классическую ситуацию традиционного повествования, когда повествователь рассказывает публике историю своего героя, которая произошла и закончилась раньше момента рассказывания. Стиль романа А. Нурпеисова – это стиль двуголосого повествования, где сочетаются два голоса: голос повествователя и голос героя-протогониста, местами они переплетаются, чему служит стилистическая структура несобственно-прямой речи.

Особенностью современного казахского романа является стремление избавиться от эпической динамичности быстрого развивающегося событийного сюжета и замена его усложненной, психологизированной композицией. В своих литературных истоках эта

тенденция восходит к лиро-эпическому мироощущению. Однако хотелось бы заметить, что в современной лиро-философской прозе мы встречаемся со вторичным функционированием лиро-эпического слова. Сложная композиция романа А. Кекильбаева и повестей О. Бокеева при, казалось бы, простом сюжете, напоминает ассоциативность устной индивидуальной поэзии. Но в современном романе невозможно ограничение только старой традиционной поэтикой. Нереально лишь средствами толғау достоверно передать мысли и действия современного человека. Поэтому «мифологичность» современного романа, равно как и использование отдельных стилистических приемов и кодов фольклорного жанра, – это не просто воскрешение стародавних народных представлений, связанных с обрядами, древними символами: это форма выражения современной авторской концепции мира.

Мифологема в современном казахском романе выступает как метафора, как обозначение некоего художественного способа включения современной действительности в контекст общего человеческого морального опыта. Поэтому и происходит переосмысление образов народно-поэтического творчества с заложенным в них нравственным опытом. Поэтика мифа обогащает изображение современного мира глубинной временной перспективой, расширяет фонд действующих культурных метафор и ассоциаций. Происходит «оживление» поэтических формул (архетипов), когда-то уже зафиксировавших свой смысл. Как отмечал А. Н. Веселовский: «Поэтические формулы – это нервные узлы, прикосновение к которым будит в нас ряды определенных образов, по мере нашего развития опыта и способности умножать и сочетать вызванные образом ассоциации»³⁹. В формуле «Не погаси огня» О. Бокеева спрессован моральный опыт не одного поколения человечества. Этот «нервный узел» имеет поэтому огромную смысловую энергию, которая заново, каждый раз по-новому, может открываться разным эпохам.

Подобное повествование и позволило писателю подчеркнуть в Повелителе «простого» мужа и «просто» отца. Это и было писательской целью, что и отличает

³⁹ Веселовский А. Н. Историческая поэтика. Л., 1940. С. 376.

героя притчи от героя романа (вряд ли эпический Повелитель вспоминал бы о себе как о несчастном отце или нелюбимом муже). В романе А. Кекильбаева произошло распадение эпической целостности притчевого человека, акцент переходит на изображение принципиальных отличий между внешним и внутренним человеком. Предметом исследования становится субъективность персонажей.

Герои Кекильбаева в романе, каждый по-своему, открывают для себя «суету земной жизни, где происходит вечная борьба между добром и злом, отчаянием и надеждой». Но все они чувствуют, когда «настает пора твердых решений». И тогда каждый из персонажей, следуя своему ходу мыслей, совершает тот или иной нравственный выбор. Повелитель велит ослепить Жапара, завидуя и не прощая ему его молодости, его дерзкой мечты о Младшей Ханше; она, в свою очередь, пытается спасти ни в чем не повинного зодчего, обрекая себя на вечную немилость. Соблюдена верность концовке притчи, но в романе за финальной схемой встают судьбы реальных конкретных персонажей.

Писатель акцентирует внимание читателя на пограничных состояниях в психологии персонажей, когда идет процесс переоценки ценностей, но еще не найдено верное решение. Поэтому часто это состояние между сном и явью, предсмертная агония, цепляющаяся за еще живую мысль. Финал романа – смерть Повелителя и его внутренние муки перед совестью – напоминает финал повести «Баллада забытых лет», когда Жонеут, услышав звуки дутара, в предсмертном бреду пытается противостоять этим звукам. В романе найдено иное решение. Повелитель наблюдает предсмертную агонию птахи в пустыне, которая «отчаянно цеплялась за свою крохотную жизнь». Фольклорный герой не обратил бы внимания на подобные картины природы. «Любой другой порыв, любая другая цель в сравнении с этим – бессмысленны и ничтожны», – так перед смертью Повелитель обнаруживает иллюзорность своих прежних представлений о жизни, о своем вечном всемогуществе. Писатель в отличие от своих же решений (в повести) – в романе подчеркивает, то речь идет о реальной жизни, о реальном человеке, который еще в силах видеть, то происходит вокруг.

Роман «Конец легенды» А. Кекильбаева, как и «Долг» А. Нурпеисова – и это было характерно для казахской прозы 70-х годов – держатся не столько внешним сюжетом, внешним движением событий, сколько внутренним развитием «говорящего» человека в романе. В казахских романах 70-х годов изображение неповторимого духовно-нравственного мира героя осуществляется через его собственное слово, но взятое не само по себе, а в соединении с авторским словом. Все это необходимо писателям для вскрытия структуры психологического процесса в сознании современного человека. От человека условного или узко-профессионального к нравственному духовному миру человека – так углубляется анализ личности в современном казахском романе.

ТҮСІНІКТЕР

«Өрісін тапқан талант». «Қазақ әдебиеті» газетінде 1963 жылдың 16 маусымында, кейін «Дәуірмен бетпе-бет» (1972) кітабында шыққан.

«Жыр мерейі». «Лениншіл жас» (26 сәуір 1964 жыл) газетінде, «Дәуірмен бетпе-бет» кітабында басылды.

«Мұратына жеткен адам». 1966 жылдың 16 қазанында «Лениншіл жас» газетінде, «Азаттықтың ақ таңы» кітабында шықты.

«Өртке тиген дауылдай». «Мәдениет және тұрмыс» журналының 1971 жылғы 10-санында, «Заманмен сұхбат» (1996) кітабында басылды.

«Сарабдал суреткер». «Мәдениет және тұрмыс» журналының 1972 жылғы 11-нөмірінде, «Азаттықтың ақ таңы» кітабында шықты.

«Орман кезіп, олжалы оралған Оралхан». «Жұлдыз» журналының 1973 жылғы 7-нөмірінде басылды.

«Өрге бастар өнеге». 1999 жылғы 26 тамызда шыққан «Заң» газетінің «Академик Жолдасбеков» атты арнаулы басылымында жарияланды.

«Қадірлі Хасен аға!» (автопортрет). Сыншы Х. Әдібаевқа 1997 жылғы 2 сәуірде жолданған хаттың мәтіні. Бұрын жарияланбаған.

«Қүдірет». 1978 жылдың 9 қыркүйегінде «Социалистік Қазақстан» газетінде, кейін «Заманмен сұхбат» кітабында жарияланды.

«Өнегелі өмір, өміршең өнер». 1982 жылдың наурызында «Қазақ әдебиеті» газетінде, «Заманмен сұхбат» кітабында басылды.

«Өлмес өнеге». Б. Майлиннің 90 жылдығына орай салтанатта сөйленген сөз. «Заманмен сұхбат» кітабына енді.

«Ақиық ақын». «Егемен Қазақстан» — 3 маусым 1984 жыл. «Заманмен сұхбат» кітабына енді.

«Ақиқат айдынындағы ақ шағала». «Қазақ әдебиеті» — 25 қаңтар 1985 жыл. «Заманмен сұхбат» кітабында шықты.

«Қалтқысыз сыр, қайсар жан». Ақын Ж. Нәжімеденовтың 1985 жылы шыққан бір томдығына алғысөз. «Заманмен сұхбат» кітабына енді.

«Өлмес, өшпес, өжет жыр». «Қазақ әдебиетінің» 1987 жылғы 6 ақпандағы нөмірінде, кейін «Заманмен сұхбат» кітабында басылды.

«Өнердің өрен жүйрігі». «Заманмен сұхбат» кітабына енді.

«Мәңгілікпен үндестік». 1988 жылы «Жалын» журналының 3-нөмірінде, «Заманмен сұхбат» кітабында басылды.

«Алда тағы асқар таудай асу тұр». 1988 жылдың 23 желтоқсанында «Қазақ әдебиетінде», кейін «Заманмен сұхбат» кітабында басылды.

«Сардар». 1991 жылы сәуір айында М. Әуезов атындағы театрда өткен мүшелтойда сөйлеген сөз. Алғаш 1991 жылдың 15 мамырында «Лениншіл жас» газетінде жарияланып, «Заманмен сұхбат» кітабына енді.

«Аты да, заты да Асқар еді...» Асқар Сүлейменовпен қоштасу сөз. «Қазақ әдебиетінің» 1992 жылғы 22 мамырдағы нөмірінде жарияланды.

«Сандуғаш ән, сандуғаш ғұмыр». Роза Бағланованың мерейтойындағы сөз. Алғаш 1993 жылы 16 ақпанда «Халық кеңесі» газетінде, кейіннен «Заманмен сұхбат» кітабында басылды.

«Жаны жомарт, ісі мәрт». «Егемен Қазақстан» газетінің 1992 жылғы 5 қыркүйектегі нөмірінде басылып, «Азаттықтың ақ таңы» кітабына енді.

«Жыр сұлтаны». 1993 жылдың 6 шілдесінде С. Торыайғыровтың 100 жылдығына арналған салтанаттағы сөз. «Егемен Қазақстан» газетінің сол жылғы шілдесіндегі нөмірінде жарияланып, кейін «Заманмен сұхбат» кітабына енді.

«Күй-құдірет». Автордың 1993 жылдың қыркүйегінде жазылған «Күй-құдірет» мақаласы мен 15 қыркүйегінде Абай атындағы театрдағы салтанатта сөйлеген сөзі — «Күй тәңірі» негіз етілген қос шалқыма. «Егемен Қазақстан» газетінің сол жылғы 11 қыркүйек және 16 қазан күнгі нөмірлерінде жарияланды. «Күй тәңірі» кейін «Заманмен сұхбат» кітабына енді.

«Қош, аяулы азамат». «Қазақ әдебиеті» газетінің 1993 жылғы 19 қазандағы нөміріне шығып, «Заманмен сұхбат» кітабына кірген.

«Қайсар талант». 1993 жылы Т. Ахтановтың жетпіс жасқа толған мүшелтойында сөйленген сөз. «Заманмен сұхбат» кітабында жарияланды.

«Саңлақ». «Қазақ әдебиеті» — 7 ақпан 1995 жыл. «Заманмен сұхбат» кітабына кірді.

«Великан из царства поэзии». Мәскеудің Бағаналы залында Жамбылдың 150 жылдығына орай өткізілген салтанаттағы сөз. Орысша «Жамбыл Жабаев» фотоальбомында және «Мысль» (1965 жылғы 6-нөмір) журналында, қазақшасы «Егемен Қазақстанда» (20 сәуір 1995 жыл) басылды. «Азаттықтың ақ таңы» кітабына енді.

«Бас анық». М. Арын туралы «Бес анық» атты (1995) кітаптағы мақала. Кейін «Азаттықтың ақ таңы» кітабына енді.

«Сын века». М. Әуезовтің 100 жылдығына байланысты Мәскеудегі Бағаналы залда өткен салтанатта сөйленген сөз. «Казахстанская правда» — 8 мамыр 1997 жыл.

«Он был узнаваем как полярная звезда». 1997 жылы «Атамұра» баспасынан жарық көрген, «Я — актер, я — человек, высшее достижение создателя» кітабында басылған мақала.

«Ақ ниеттің адал жаршысы». «Егемен Қазақстан» — 12 қыркүйек 1996 жыл.

«Әуезов туралы сөз». «Егемен Қазақстан» газетінде 1997 жылғы 30 қыркүйекте жарияланды. «Азаттықтың ақ таңы» кітабына енді.

«Абзал азамат». 1997 жылы М. Жолдасбековтың кітабына жазылған алғысөз. Кейін «Азаттықтың ақ таңы» кітабында да басылды.

«Телегей теңіз жыр едің». Әбділда Тәжібаевпен қоштасу. 1998 жылы жазылды.

«Сең соққандай сергелдең». Ә. Нұрпейісовтың «Парыз» романына алғысөз. («Жазушы», 1998). «Азаттықтың ақ таңы» кітабында басылды.

«Ел ағасы». Бәйкен Әшімовтің кітабына жазылған мақала. (1998).

«Екі дүниеде де нұры шалқи бергей!» 1998 жылдың 18 қазанында Нұрғиса Тілендиевпен қоштасқан азалы жиындағы сөз. «Егемен Қазақстан» — 20 қазан 1998 жыл.

«Ұстаз ұлағаты». 1998 жылдың қазанында Алматыдағы Республика сарайында өткен А. Байтұрсыновтың 125 жылдық салтанатындағы баяндама. «Егемен Қазақстан» газетінің сол жылғы 15 қарашадағы нөмірінде жарияланды.

«Өмірлі өнеге». 1999 жылы «Арыс» баспасынан шыққан «Өзбекәлі Жәнібек» кітабында басылды.

ТОМ СОҒЫНА берілген мақалаларға түсініктер

Хасен Әдібаев. «Биік мұрат». «Лениншіл жас» газетінің 1978 жылғы 22 тамызындағы нөмірінде шыққан Ә. Кекілбаевтың жазушылық портреті.

Айгуль Исмакова. «Культурные архетипы современной казахской прозы». «Ғылым» баспасынан 1998 жылы шыққан «Казахская художественная проза» кітабынан.

МАЗМҰНЫ

Көңілдегі көп дидар

Өрісін тапқан талант.....	5
Жыр мерейі.....	14
Шын сүйері халықтың.....	23
Мұратына жеткен адам.....	28
Өртке тиген дауылдай.....	34
Сарабдал сүреткер.....	40
Орман кезіп, олжалы оралған Оралхан.....	44
Өрге бастар өнеге.....	51
Қадірлі Хасен-аға! (автопортрет).....	53
Құдірет.....	61
Өнегелі өмір, өміршең өнер.....	73
Өлмес өнеге.....	88
Ақиық ақын.....	98
Ақиқат айдынындағы ақ шағала.....	109
Қалтқысыз сыр, қайсар жан.....	122
Өлмес, өшпес өжет жыр.....	133
Өнердің өрен жүйрігі.....	148
Мәңгілікпен үндестік.....	159
Алда тағы асқар таудай парыз тұр.....	171
Сардар.....	176
Аты да, заты да Асқар еді.....	192
Сандуғаш ән, сандуғаш ғұмыр.....	194
Жаны жомарт, ісі мәрт.....	197
Жыр сұлтаны.....	200
Күй-құдірет.....	214
Қош, аяулы азамат!.....	244
Қайсар талант.....	247
Саңлақ.....	262
Великан из царства поэзии.....	277
Бас анық.....	286
Сын века.....	290
Он был узнаваем как полярная звезда на ночном небе.....	302
Ақ ниеттің адал жыршысы.....	310
Әуезов туралы сөз.....	320
Абзал азамат.....	335
Телегей теңіз жыр едің.....	340
Сең соққандай сергелдең.....	342
Ел ағасы.....	365
Екі дүниеде де нұры шалқи бергей.....	370
Ұстаз ұлағаты.....	373
Өмірлі өнеге.....	394

Мақалалар

Биік Мұрат.....	401
Культурные архетипы современной казахской прозы.....	408
Түсініктер.....	457
Том соңына.....	462

Әбіш КЕКІЛБАЙҰЛЫ

Он екі томдық шығармалар жинағы

Редакторы

Г. Мұқышева

Көркемдеуші редакторы

Т. Ильяшев

Тех. редакторы

А. Мұқышева

Компьютерде безендірген

А. Құрманғалиева

Теруге берілген күні 04.11.99. Басуға қол қойылған күні 25.11.99.

Формат 84x108¹/₃₂. Шартты баспа табағы 24,36.

Есепке алынатын баспа табағы 29. Таралымы 3000 дана.

Тапсырыс № 3069. Бағасы келісімді.

«Өлке» баспасы:

480002, Алматы қаласы, Достық даңғылы, 7 үй.

Тел.: 33-22-21, 26-09-13.

Қазақстан Республикасының Мәдениет,
ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің
Республикалық «Кітап» өндірістік бірлестігі,
480009, Алматы қаласы, Гагарин даңғылы, 93-үй.

